Келісемін
«Балбөбек» шағын
орталығының меңгерушісі
________Касенова А.Ж.

Бекітемін
Атамекен ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
________Зикирин Ж.Е.

# 2022-2023 оқу жылына арналған «Балбөбек» шағын орталығының «Балапан» тобының циклограммасы

**Орындаған: Касенова А.Ж.**

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01,02.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты", | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері: қолдағы ойыншықтың атауын сұрап, ойын бұрышына апартқызып қойғызу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен және жапырағының беті тегіс болуын байқату, қолмен сипату. |
| | | | | **Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері: | **Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруға үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң - жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. | балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан? |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою. Ойыншықтарды өздері ұстап, қолмен сипап көруі. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері: балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. **(музыка, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | **"Балабақшаға саяхат" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)** Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, онда не істейтіндерін үйрету; сурет арқылы тілдерін, ой-өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру; үлкеннің сөзі мен іс-қимылына қызығушылық тудыру, құрметтеуге тәрбиелеу. **Доппен ойын.** Мақсат-міндеттер: Допты алдыға лақтыру және қағып алуды үйрету. Ойын барысы: педагог балаларға допты лақтырады. Балалар допты қағып алуға тырысады. Қағып алған допты педагогке кері лақтырады. Ойын кезекпен ойналады. **(сөйлеуді дамыту, дене** | **Дене шынықтыру** "Қуыршақ дене шынықтырады". Мақсат-міндеттері. Балалардың белсенді қозғалуы үшін жағдай жасау, қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсартуға бағытталған әрекеттерге ынталандыру; балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жердің үстімен жүру (екі сызықтың арасында). Қимылды ойын. «Маған қарай жүгіріңдер». **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел бізбен ойнамақ,<br>Оңға, солға жасырынбақ.<br>Жапырақтар да ойнайды,<br>Күннің көзіне жылпыңдайды.<br>Д. Ахметова<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?<br>- Жел жапырақтарды тербетіп, бізбен ойнап жүр.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруде жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мақсат-міндеттері: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | **Сенсорикадан ойын-жаттығу.** "Түрлі түсті шарларды домалату". Мақсат-міндеттері: балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту. 1. Балаларға бір ойыншықпен ойнауды үйрету, іс-әрекеттерді орындау, педагогтің көрсеткен қимылдарын: шарларды домалату, шардың домалап бара жатқанын түсіну. 2 . Қолдың ұсақ моторикасын; сөйлеуді, зейінін, логикалық ойлауын, есте сақтауын, қиялын дамыту. 3. Эмоционалдықты тәрбиелеу және ойнауға қызығушылықты арттыру. **(сенсорика,** | **"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру. Құрал: топтағы ойыншық. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығулы тұрған ойыншықты табады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** **"Себеттегі шарлар".** Мақсат-міндеттері: себеттегі шарларды көру және зерттеу. **(сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Керемет бөтелкелер» визуалды тренажеры.** Мақсат-міндеттері: бейімделу кезеңіндегі психо-эмоционалды стресстен арылуға, визуалды қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету.<br>Балалар бөтелкені сілкілеген кезде моншақтар мен гүлдердің суда бірқалыпты қозғалатынын қуана бақылайды. **(сенсорика, дене шынықтыру)** | **Күшік ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері: балаларды ойыншықтың бейнесіне, оны жіптен тартып қозғалтуға қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады.<br>- Күшігім-ай, күшік-ай!<br>Неге жалғыз қалдың ай?<br>- Мен ешқайда кетпедім,<br>Үлкен үйді күзеттім!<br>- Қайтіп екен?<br>- Ап-ап-ап! Абайлаңдар!<br>Ап-ап-ап!<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | **«Балық аулау» ойыны.** Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластиктен | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау.<br>- Алдымызда ұзынша, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жасалған ойыншық балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты беріп (балықтарда темір құлақшалар болса), оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем сөз, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсаты: балалардің қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**Мүсіндеу**: дөңгелек<br>Мақсат-міндеттері: ермексазбен дұрыс жұмыс істей білуге және алақан ортасымен дөңгелектеуге үйрету. **(мүсіндеу)**<br>**«Қоңырауым қайда?» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды сигнал бойынша белгілі бағытта жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан»** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.Ж.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09 - 09.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,** | "Ойыншықтарды жинақтау" Мақсат-міндеттері. Ойын | "Ойыншықтарды жинақтау" Мақсат-міндеттері. Ойын | "Өсімдіктермен танысу, күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту. **(сөйлеуді дамыту)** | бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстап, қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады")<br>**(сөйлеуді дамыту)** | өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистра жапырақтардың жалпақ, үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аудартү; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, көркем** | **Саусақ жаттығуы «Ормандағы кірпі»**<br>Мақсат-міндеттері. Саусақ жаттығуы арқылы, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Орманға кірпі келеді<br>(екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>(саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>Кездесті, міне, керегі:<br>(бір саусағын көрсетеді)<br>Саңырауқұлақтарды себетке салады.<br>(Себетке салғандай қимыл жасау) | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | **Байлау ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: байлау ойыншықтары.<br>Бауларды ұштарынан алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық.<br>**(сенсорика)** | **«Моншақтарды тізу» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Негізгі түстерді ажыратуға және дұрыс атауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табандылыққа тәрбиелеу.<br>Бір-бір моншақ алайық,<br>Жіпке оны тізейік.<br>Әдемі моншағымызды,<br>Анамызға сыйлайық.<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөз, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2. "Шапалақтаймыз"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалға ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ырғақты әуенжазбасын қосу.<br>Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар!<br>Күніміз бізге күлімдейді:<br>Сәлем, сәлем! - дейді.<br>Д. Ахметова<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Дана қуыршақпен бірге жаттығамыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс | **Музыка**<br>"Үйімізде кім бар?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалармен танысу.<br>Ұйымдастырылған іс- | **Дене шынықтыру**<br>"Құстар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың белсенді қозғалыстары үшін | **Дене шынықтыру**<br>"Мысық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүруді сигнал бойынша | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Отбасы туралы санамақ".<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын жетілдіруге бағытталған қимылдар мен әрекеттерге баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін сигнал бойынша жүру қабілетін бекіту, шектеулі жерде жүру (екі сызық арасында). **(дене шынықтыру)** **Қимылды ойын. "Маған қарай жүгіріңдер".** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-біріне кедергі келтірмеу үшін, барлығы залдың бір жағында тұрады. Педагог залдың қарама-қарсы жағында тұрады. Педагог балаларға: «Бәрің маған қарай | әрекетке қызығушылықтарын арттыру, музыка тыңдауға, қарапайым қимылдарды жасауға, өз денелерін сезінуге үйрету. Әртүрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру: нәзік, баяу, және көңілді. Балаларды қол шапалақтау арқылы қатты және ақырын естілетін музыкаларды ажырата білу. Дыбыс шығаратын ойыншықтарға қызығушылықтарын арттыру. **(музыка)** | жағдай жасау, олардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған жаттығуларға баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жерде жүру (екі сызықтың арасында), қимыл ептілігін үйлестіру; жердегі іздерді өздерінің аяқтарының іздерімен салыстыра отырып, жол бойымен жүруді үйрету, қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттыру. **Қимылды ойын. «Маған қарай жүгіріңдер».** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір | бастауға, белгілі бір сигнал бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектеу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту. Қимылды ойын: "Мысығым". Мақсат-міндеттері: балаларға мәтінге байланысты қимыл-қозғалыстарды жасауды үйрету. Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. **(дене шынықтыру, көркемсөз)** | Педагог баланың көркемсөзді тұтас қабылдауының бастапқы формаларын қалыптастырады: эмоционалды жауап беру, қарапайым мазмұнды түсіне алу. Шағын өнер түрінің қарапайым элементтерін қабылдау қабілетін дамыту. Оқылған мәтінді мұқият тыңдауға баулу. **Дидактикалық ойын "Кімге не керек?"** Мақсат-міндеттері: көрсетілген фото және бейнематериалдарға сүйеніп, отбасы мүшелерінің әрқайсына керекті затты сәйкестендіреді. Бұл ойын лото түрінде немесе ламинатталған суреттерден құралған пазл түрінде де жасалады. Отбасы мүшелері мен оларға тиесілі затты жіппен байланыстыру арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіріңдер!» Балалар құшағын ашып тұрған педагогке қарай жүгіреді. Педагог балаларды қуана құшақтайды. Балалардың бәрі педагогтің қасына жиналғаннан кейін, ол залдың қарама-қарсы жағына барып, тағы да «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» белгісін береді. Ойын басталмас бұрын педагог: «Маған қарай жүгір!» белгісін бергеннен кейін ғана жүгіруге болатынын ескертеді, бір-бірін итеруге, кедергі келтіруге болмайтынын түсіндіреді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-біріне кедергі келтірмеу үшін, барлығы залдың бір жағында тұрады. Педагог залдың қарама-қарсы жағында тұрады. Педагог балаларға: «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» Балалар құшағын ашып тұрған педагогке қарай жүгіреді. Педагог балаларды қуана құшақтайды. Балалардың бәрі педагогтің қасына жиналғаннан кейін, ол залдың қарама-қарсы жағына барып, тағы да «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» белгісін береді. Ойын басталмас бұрын педагог: «Маған қарай жүгір!» белгісін бергеннен кейін ғана жүгіруге болатынын ескертеді, бір-бірін | | ойнатылуы да мүмкін. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | итеруге, кедергі келтіруге болмайтынын түсіндіреді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: шкафтан көше аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрауды ауызша айтуды, шешінетін бөлмеде өзін сабырлы ұстауға үйрету.<br>Жазда серуендеу ережелері:<br>- серуенде басына қалпақ немесе орамал кию;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнау (верандада, көлеңке астында);<br>- ешқашан күн көзіне тура қарама, өйткені бұл сенің көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуенде тек жеке ыдыстан қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуендеу кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қолдар лас және оларда ауру тудыратын микробтар көп. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйін көрсетіп, құрғақ құмның себелеп қол арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету, тәжірибе жасату.<br>Дымқыл құм | ***Желді бақылау.*** **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге, | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді.<br>Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан- | қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там- | сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса -<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға, алысырақ лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, алысырақ лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық. | Жұлқылайды бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... | болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлiген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! | там" (алақанды саусақпен соғу). | | Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Отбасы" (Қоршаған ортамен таныстырудың ойын-жаттығулары)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Отбасындағы жағымды қарым-қатынасты, өзара көмекке, барлық | **«Ұяшықтарға ұсақ заттарды орналастыру» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі ойыншықтар мен заттарды басқаруды үйрету. Ойынға мұзды қалып немесе палитра алуға қолдануға болады. Балалар өздерінің | **"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында | **"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті | **"Саусақтар" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br><br>**"Шарлар дөңгелекте"**<br>Мақсат-міндеттері. Алақанның ортасымен ермексазды домалақтау. Түрлі түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Саусақ ойыны «Отбасы».<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармағым – Атам!<br>Балаң үйрек – Әжем!<br>Ортаң терек – Әкем!<br>Шылдыр шүмек – Шешем!<br>Титтей бөбек – Мен!<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз!<br>Балалар сергіту сәтін педагогпен бірге орындайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қайда біздің қолдар?» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың шеберлігі мен қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету. Балалар қолдарын дәнді дақылдар салынған | ұяшықтарына ұсақ малтатастарды, түймелерді немесе кез келген басқа заттарды қояды (ойынға біркелкі затты алу керек, яғни тек түймелер немесе тек малтатастар).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Әжеге арналған бауырсақ"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ермексазбен таныстыру.<br>Ермексазбен жұмыс істеуді үйрету.<br>Алақанның айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасау, дөңгелек пішінді елестетуді қалыптастыру. Ұсақ қол маторикасын, ынтасын дамыту.<br>Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту.<br>Саусақ гимнастикасы | тұру).<br>Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). **(дене шынықтыру, көркем сөз)** | жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>Көктем мерекесі – Аналар мерекесі.<br>Әже, әпке, қыздарға Сыйлыққа не дайын?<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | шарлар жасау.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ыдысқа түсіреді, жұдырықтарын қысып, босатады, дәндерді алақандарына ысқылайды.<br>Тышқан шықты інінен, (саусақтарын үстелдің үстіне жүгіртеді)<br>Сағат неше болды деп. 1, 2, 3, 4, 5. (шапалақтайды)<br>Даңғырлады барлық жер, (саусақтарымен сілкейді)<br>Қорыққаны соншалық, (қолдарын кеудесіне қойып, қорыққан кейіп көрсетеді)<br>Тышқан зытты ініне. (қолдарын артына тығады) **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Бауырсақ".<br>Бауырсақ, бауырсақ.<br>Кеттің қайда домалап?<br>(Сол қолымыздың алақаны үстелдің үстінде ашық тұрады, оң қолымыз сол қолдың үстінде дөңгелек пішінін айналма қозғалысымен жасаймыз).<br>Бауырсақ, бауырсақ.<br>Қайда кеттің домалап?<br>(енді оң жақ қолымыздың алақаны үстелде ашық тұрады, сол жақ қолмен дөңгелек пішінін айналма қозғалысымен жасаймыз). **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мүсіндеу)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Қуыршақ ойыншығымен дұрыс | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»**<br>Мақсат-міндеттері. Саусақ жаттығу арқылы қолдың ұсақ | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Топта және сапта жүруге бейімдеу | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл жаттығуын орындау арқылы дыбыстарды дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнау алу керектігін үйрету.<br>Ойыншығым қуыршақ,<br>Не берсем де жемейді.<br>Еркелігі соншама,<br>Көтермесем жүрмейді.<br>**(көркем сөз)** | моторикасын дамыту.<br>Орманға кірпі келеді<br>(екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>(саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика)** | арқылы тақпақ жаттау.<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз)** | дыбыстауға және есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там". **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау, ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күзге байланысты ән жаттату. **(музыка)**<br>**«Көбелек» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: ашық түсті 2-3 қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу) Қараңдаршы, балалар, енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(дене шынықтыру, сенсорика)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш\о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09 - 16.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика,** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика,** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен танысу)** | туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **қоршаған ортамен танысу)** | **ортамен танысу, сенсорика)** | **танысу, сенсорика)** |
| | **«Қайсы үлкен және кіші?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды үлкенді-кішілі өлшемдері бойынша ажыратуға және топтастыруға үйрету; үлкенді-кішілі заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топқа бөлу арқылы жинау.<br>Құрал-жабдықтар: үлкенді-кішілі өлшемді ойыншықтар.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Мысық ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>"Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма).<br>Біздің мияу,<br>Тоны қандай тамаша!<br>таң қаласың,<br>Талдап мұртын тараса.<br>Көзі шақпақ,<br>Тісі аппақ.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».**<br>Мақсат-міндеттері. Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау.<br>Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру)<br>Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау)<br>Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы)<br>Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **«Біз мұнараларды текшелерден жасаймыз» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір жерге жиналып ойнауға, текшені текшеге қоюға, «істе», «мұнара» сөздерін түсінуге үйрету.<br>Ойыншығым құрастырғыш,<br>Көрсетеді көмегін.<br>Кімге көлік, кімге үй,<br>Құрастырам керегін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту.<br>Жабдық: жұқа қағаз парақтар.<br>Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды кесіп алып, баланы «жапырақтың түсуін ұйымдастыру», алақаннан жапырақтарды үрлеуді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу, көркем сөз)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар!<br>2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш».<br>- Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар оянып, қанаттарын қағады. Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Сәлем, көздер, ояныңдар,<br>Сәлем, құлақтар, ояныңдар.<br>Сәлем, қолдар, ояныңдар,<br>Сәлем, аяқтар, ояныңдар.<br>Қайырлы таң, достар! **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күшік"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауды, белгілі бір сигналға бойынша | **Музыка**<br>"Қанекей, билейік!"<br>Мақсат- міндететрі.<br>Музыкаға деген қызығұшылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы | **Дене шынықтыру**<br>"Дана мен Ая қуыршақтарға жаттығуды үйрету"<br>Мақсат-міндететері.<br>Балаларды жүру және жүгіру кезінде | **Дене шынықтыру**<br>"Бізде қонақта орман бағбаны"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты | **"Ғажайып қап" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды табиғаттағы тіршілік иелерімен таныстырып, оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимылды ойын: "Мені қуып жет!"**<br>Мақсаты: қимыл шапшаңдығын дамыту, сөздік нұсқау бойынша қимылдауды үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сабина, Миша, мені қуып жет!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп барып, балаларға өзін қуып жетуге мүмкіндік береді. Қайталап | түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталап әндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз бен қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тану, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу.<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын."Сылдырмақ".**<br>Педагог:<br>- Керемет биледіңдер! Жарайсыңдар, балалар! Даңғырамыз көңілді ойналды. Сендер сәл шаршап қалдыңдар ғой деймін? Олай болса, балалар, кілемге отырыңдар. Қораптың ішінде тағы не бар? (қораптан сылдырмақты алып шығады) | көрсетілген бағытты ұстануға үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.<br>**Қимылды ойын: "Қуыршақтарға қонаққа барамыз".**<br>Мақсат-міндеттері: белгілі затқа дейін жүгіріп баруды және кері қайтуды үйрету. Балалар орындықтарға отырады. Оларға қарама-қарсы қабырғада қуыршақ немесе басқа ойыншықтар бар. Педагогтің белгісі бойынша барлығы қуыршақтарға қарай жүгіреді, олармен сәлемдеседі. Басқа белгі берілгенде олар өз орындарына қайта жүгіреді. Ойын қайталанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.<br>**Музыкалық ойын. "Орындыққа кім бірінші отырады".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кеңістікте еркін (жүгіріп, жүріп, билеп) қозғалуға үйрету; кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, белгі бойынша орындыққа келіп отыруға машықтандыру. Балалар әнге байланысты қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br>Педагог балалардың бір-бірін итермей жүруін қадағалайды.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | атауды үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; ұйымдастырылған іс-әрекетке, бір-бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. "Ғажайып қап".**<br>Мақсат-міндеттері: қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру.<br>Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды.<br>Балалар затқа қарағанда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның аяғында барлық балалар педагогті қуып жетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | - Балалар, бұл қандай аспап?<br>- Сылдырмақ!<br>- Дұрыс. Қараңдаршы, балалар, сылдырмақпен қалай ойнауға болады? (педагог сылдырмақта ойнап көрсетеді, қалай ұстау керектігін түсіндіреді) Барлық балаларға бір-бірден сылдырмақтарды таратып береді.<br>Қолымызда сылдырмақ,<br>Қоңырауы сылдырлап.<br>Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,<br>Сөйлейтіндей былдырлап.<br>Педагог сылдырмақта ойнау тәсілін көрсетеді. Биік көтеріп ойнауға, аяқтың тізесіне ұрып, алақандарына соғып ойнау. Қазақ халық әні "Қамажай" әуенін қосып, балаларға қарапайым би | | | қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | элементтерін көрсетіп билейді. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Күн жарықты сыйлайды,<br>Сәулелері көп,<br>Бір аулаға сыймайды,<br>Барлық жерге тиеді,<br>Барлығына жетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге | **Аспанды бақылау.**<br>Мақсат-міндететтері.<br>Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болып тұрғанын, оның түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br><br>**"Саппен жүру жаттығуы".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жайдары, шуақты күні түрлі түсті жапырақтарға назар аударту. Түсіп қалған жапырақтарды аралап шығуды ұсыну, олардың аяқ астында сықырлап жатқанын тыңдату.<br>Жапырақтарды жинатып, әр баламен түстерді нақтылау (қызыл, сары), жапырақтар дың көлемін анықтау (үлкен, кішкентай).<br>Жапырақтардан гүлшоғын жинату.<br>«Біз күні бойы ойнаймыз» жаттығуы.<br>Балаларды жаттығуларды орындай білуге баулу, оларды жаттығудың оң | **Қоян ойыншығын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың назарын қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын | **Бұлтты аспанды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкін екенін байқату.<br>"Жауын"<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)<br><br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды"күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркемсөз арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тәжірибесін алуға талпындыру.<br>Ойыншықпенен денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз.<br>Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | құлақтары бар.<br>Қоян құлықтарымен былай қимылдайды.<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды.<br>Сендерді бірге ойнауға шақырады. **(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян | қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы | **«Үйрекке жол» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту, текешелерден қатар тізуді үйрету.<br>Тәрбиеші кез келген ойыншықты баланың алдына қойып (үйрек), оған апаратын жолды текшелердің көмегімен салуды ұсынады (тапсырманы қиындату үшін «жолды» белгілі бір түсті алып салуды | **"Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні.<br>Күн ойынына ұқсап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" | **Ойын-имитация. "Қонжық".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қонжықты ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық. | **"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кішткентай ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | ұсынады). Мысалы, сары текшелер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | (шапалақтау).<br>Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру),<br>Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ермексаз"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары.<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | **"Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойын жаттығу арқылы дыбысты дұрыс дыбыстауды үйрету.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау.<br>Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру)<br>Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау)<br>Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы)<br>Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық) | **"Ойыншықтар әлемі"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойыншықтар әлемі тақпағын жаттатқызу арқылы заттың сын-сипатын анықтау.<br>Мынау ойыншық әлемі,<br>Ойыншықтары әдемі.<br>Таңдап алып біреуін<br>Бөпеме алғым келеді.<br>Сынып қалса бір жері<br>Жөндеп бергім келеді.<br>Жылатпаймын бөпемді<br>Үлкенмін ғой себебі.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту.<br>Жабдық: жұқа қағаз парақтары.<br>Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды қиып алып, баланы «жапырақтың түсуін» алақаннан жапырақтарды үрлеу арқылы үйрету.<br>**(қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **қоршаған ортамен танысу)** | **танысу, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан»** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09 - 23.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?" | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын ойын бұрышында тұрған ойыншықтарға аудару, ойыншық атты атап, оны қолмен ұстау және сипау, аттың шығаратын дыбыстарына назар аудару. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Арнаулы бұрыш" Мақсат-міндеттері. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый түріндегі жалауының түсіне, құрылымына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| | **Арба ойыншығымен ойын.** Мақсат-міндеттері. Арбаның жылдамдығын және бағытын өзгерту арқылы оның қозғалысын басқаруға үйрету. Арбаны қалай домалату керектігін көрсету. Кішкентай балаға ойыншықты мақсатсыз домалату жеткілікті, ол әрекеттің | **«Түрлі түсті шарларды домалату» ойыны** Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету. Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп | **«Ойыншықтар» саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамытады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарды орындайды, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастырады. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол | **«Құпия» ойыны** Мақсат-міндеттері. Тактильді қабылдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кішкентай ойыншықтарды дәнді дақылдар салынған ыдысқа немесе балалардың ойыншығы киндерға жасырып, «құпияны» табуды ұсыну**.** **(сенсорика, қоршаған** | **«Менің шарым» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Терең дем алуды, күшті, ұзақ дем шығаруды дамыту; еріннің бұлшықеттерін белсендіру. Жабдық: шарлар. Балалар әуе шарларын мұрнымен жұтып, оны аузынан баяу шығарып үрлейді. Педагог балалардың іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзіне қызығады. Ересек балаға ойыншықты «үйге» апаруды ұсынуға болады. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа. Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр**».** **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | менің.<br>Босқа тізіп қоймайын,<br>Келе ғой дос, ойнайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | әрекеттерін тақпақпен сүйемелдейді:<br>Менің шарым әдемі<br>бір, екі, үш.<br>Маса сияқты жеп-жеңіл,<br>Мен мұрныммен дем аламын, асықпаймын,<br>Мен тыныс алуымды бақылап отырамын.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар!<br>2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш».<br>- Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар ояныр, қанаттарын қағады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Күніміз қандай тамаша!<br>Көңіліміз де тамаша!<br>Қанекей, шеңберге жиналайық,<br>Шапалақтайық та айтайық:<br>- Тамаша!<br>Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Орман бағбанына қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері: Балалардың шектеулі зат үстімен жүру қабілетін бекіту; арқанның астынан өтуге, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйрету, шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыка**<br>"Әлди-әлди "<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын қалыптастыру, таныс әндерді білу; ересек адамға еліктеу, дағдыларды ары қарай үйрету жолдарын жалғастыру; көрсетілген қимыл-қазғалыстарды қабылдау және қайталау.<br>Музыкалық-дидактикалық ойын | **Дене шынықтыру**<br>"Қуыршақ Дана мен күшікке қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері. Белгіге әрекет етуге қабілеті мен зейінің дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрттағандап еңбектеуді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтерілу және төмен түсуді, затты оң | **Дене шынықтыру**<br>"Алға Қазақстан!"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық тақтада ересек адамның көмегінсіз жүруге үйрету; тепе-теңдікті сақтауды үйрену; балаларда ептілік пен жылдамдықтарын дамыту; дененің, қолдың және аяқтың бұлшық еттерін дамыту; дене тәрбиесіне деген сүйіспеншілікті | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Бәйтеректің шары"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын қалыптастыру, алақанның айналма қозғалысымен ермексазды есуді білу, домалақ пішінді заттарды мүсіндеуді бекіту. Мүсіндеуге қызығушылық білдіруге тәрбиелеу.<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Саусақ гимнастикасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: "Қоян мен қасқыр". Мақсат-міндеттері: ереже бойынша бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту. Педагог: - Қараңдаршы, балалар, біз ну орманға келдік. Мұндай орманда әртүрлі жануарлар тіршілік етеді. Олар: қасқыр, қоян, түлкі. Мен сендерге бір оқиғаны айтайын. Көңілді қояндар ну орманда өмір сүріпті. Олар таңертең қырыққабат жеуге шабындыққа шыққанды ұнататын. Қояндар секіріп ойнайды, дәмді жапырақтарды іздейді. Бұл орманда қу түлкі де өмір сүріпті. Ол осы шабындыққа келіп, бұталардың арасына тығылып, кішкентай қояндарды аңдиды. | "Сылдырмақ". Мақсат-міндеттері: сылдырмақты белгі бойынша сылдырлатуды үйрету. - Балалар, енді қуыршақ Айгеріммен тығылмақ ойнайық! Музыка ойнаған кезде бәріміз сылдырмақтарда қатты ойнаймыз, ал музыка тоқтаған кезде, сылдырмақатарды артқа жасырамыз. Айгерім іздеп көрсін. Келістік пе? Олай болса, балалар, бастайық! (ойын бір неше рет қайталанады) Сылдырмақтарды дұрыс ұстауларын педагог қадағалап тұрады. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** **Сенсорикадан ойын-жаттығу.** "Матрешка" Мақсат-міндеттері. Жиналмалы ойыншықпен | және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; сабаққа деген қызығушылықтарын және өз бетімен жаттығa білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сенсорика)** *Қимылды ойын.* «Үлкен ит». Педагог: - Балалар, қақпалармен қалай ойнау керегін көрсеткендеріңе Ақтөс қуанып тұр. Ақтөс күшік сендермен ойын ойнағысы келеді. (2 рет) Мақсат-міндеттері. Балалардың шашыраңқы жүгіру дағдыларын нығайту, балаларға мәтінді тыңдауды және белгіні естуді үйрету. Ойын шарты. Бір бала күшіктің рөлін орындайды. Ол ойын | тәрбиелеу. Жаттығу. "Тербеледі ағаштар". Мақсат-міндеттері: табиғи құбылыстардың дыбыстарына еліктеуді, баяу қимылдарды асықпай орындауды үйрету. Педагог интербелсенді тақтадан «Тербеледі ағаштар» бейнебаянын көрсетеді. Балалармен бірге желге тербелген ағаштың кейпіне ену. Жапырақтардың сыбдырлаған дыбысын келтіру. - Балалар, жел соққанда ағаштар қайтеді? Ағаштар желге тербеледі. Жапырақтар сыбдыр қағады. Жарайсыңдар, балалар! - Балалар, бір-бірімізден шашыраңқы тұрайық! Бәріміз ағаштың желге тербетілгенін | "Отбасы". Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді. Мына саусағым - атам, Мына саусағым - әжем, Мына саусағым - әкем, Мына саусағым - анам, Мына саусағым - мен. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар, қояндар саққұлақ қой, олар түлкінің дыбысын естіп қалып, үйлеріне қарай қашады екен. Сендер осындай ойын ойнағыларың келе ме? **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | (матрешкамен) әрекет жасауды үйрету, шамасына және жағдайына байланысты біріктіру; балалардың саусақтарын дамыту; "үлкен-кішкентай" ұғымдарын енгізу; матрешкалармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру.<br>Дидактикалық жаттығу. «Кімнің дыбысы?»<br>Мақсат-міндеттері: ойыншықты дыбысынан тануды және оған еліктеп дыбыстауды үйрету.<br>- Мұқият тыңдаңдаршы, балалар, бұл ненің дауысы?<br>- Көліктің!<br>- Көлік «би-бип!»<br>(Балалардың жауаптарын тыңдау.)<br>**(сенсорика, музыка, сөйлеуді дамыту)** | алаңының бір шетіндегі орындықта ұйықтап жатқандай болады. Қалған балалар бөлменің арғы жағында орналасқан үйде тұрады. Олар күшіктің қасына үнсіз келеді.<br>Педагог:<br>- Ақтөс күшікке барайық. Оны оятайық. Күшік оянады. Ол үре бастайды. Балалар үйге жүгіреді, сызықтан асып кетеді. Содан кейін күшіктің рөлін басқа бала ойнайды. Ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, сенсорика)** | көрсетейік.<br>Қолымызды жоғары көтереміз. Тамаша! Саусақтың арасын ашамыз. Екі қолды ары-бері тербейміз. Жапырақтардың дыбысын келтіреміз. Ш-ш-ш! Ш-ш-ш! Жарайсыңдар, балалар!<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен, жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)**<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа. | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жайдары, шуақты күні түрлі түсті жапырақтарға назар аударту. Түсіп қалған жапырақтарды аралап шығуды ұсыну, олардың аяқ астындағы сыбдырларын тыңдату.<br>Жапырақтарды жинатып, әр баламен түстерді нақтылау (қызыл, сары), жапырақтары үлкен, кішкентай.<br>Жапырақтардан шоғыр жинату. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**«Біз күні бойы ойнаймыз» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жаттығуларды орындай | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұл не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады.<br>Қараңдаршы, балалар!<br>Көшемізде мұнара бар.<br>Бойы биік, зор болып | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br><br>**"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. **(дене** | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды оларды қоршаған ағаштармен таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)**<br><br>**"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | білуге баулу, оларды жаттығудың оң тәжірибесін алуға талпындыру.<br>Ойыншықпенен денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз.<br>Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | тұр,<br>Ақшыл бұлтты тіреп тұр. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ... | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, жайқалып. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Түрлі-түсті шарларды домалату» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету. | **Текшелермен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдап отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, мұнара тұрғызуға үйрету.<br>Қызыл, сары, көк текше,<br>Әрбіреуі ерекше. | **Саусақ жаттығуы "Көңілді саусақтар"**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру.<br>Мына саусақ орманға | **«Сәлем!» мультфильмін қарау**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | **«Ботқа пісіру» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы саусақтарымен заттарды ұстап, қасық ұстап, қолмен айналмалы қозғалыстар жасауға үйрету.<br>Құралдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (кішкентай), балаларға арналған тағамдар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр». **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. **(қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | барды, Мына саусақ саңырауқұлақ тапты, Мына саусақ оны қуырды, Мына саусақ қуырды, Мына саусақ барлығын жеп қойды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | бұршақ. Тәрбиеші: «Айжан мен аю бізге қонаққа келді. Біз оларды ботқамен емдейміз». Тәрбиеші бұршақты қасықпен жинап,қазанға салуды көрсетеді, бірақ бұршақтарды үстелге шашып алады. Балаларға бұршақ жинауды ұсынады (шымшу арқылы). Тәрбиеші бұршақты қалай дұрыс жинау керектігін көрсетеді (шымшу арқылы). Бала бұршақ жинайды. Содан кейін тәрбиеші «ботқаны» қасықпен араластыру қимылдарын көрсетеді (бала қайталайды). **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құпия» ойыны** Мақсат-міндеттері. Тактильді қабылдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **"Ермексаз"** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Топта және сапта жүруге бейімдеу | **«Менің шарым» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Терең тыныс алуды, күшті, ұзақ дем | **«Әтеш» (жаттау)** Мақсат-міндеттері. Үлкендермен бірге ойнауға жағымды эмоционалды қатынас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кішкентай ойыншықтарды дәнді дақылдар салынған ыдысқа немесе балалардың ойыншығы киндерге жасырып, «құпияны» табуды ұсыну.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Жапырақтар".<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | арқылы тақпақ жаттау.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>**Алдымызда ұзынша,**<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | шығаруды дамыту; еріннің бұлшықеттерін белсендіру.<br>Жабдық: шарлар.<br>Балалар әуе шарларын мұрнымен жұтып, оны аузынан баяу шығарып үрлейді.<br>Педагог балалардың іс-әрекеттерін тақпақпен сүйемелдейді:<br>Менің шарым әдемі бір, екі, үш.<br>Маса сияқты жеп-жеңіл,<br>Мен мұрныммен дем аламын, асықпаймын,<br>Мен тыныс алуымды бақылап отырамын.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** | қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Әдемі әтеш,<br>Таңатпай тұрыпты.<br>Ойқастап жүріпті,<br>Жаң –жақа қарапты.<br>Айдарын тарапты. |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **Доп ойыншығымен ойнау «Добым, добым, домала!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау; ойлауды, зейінді дамыту.<br>Допты алып, балаға: «Біздің доп бүгін зерігіп, көңілсіз күйде жатыр. Онымен ойнайық!». Баланың қарсы алдына отырып, допты оған қарай итеру: «Допты ұста!», бала допты ұстап алғаннан кейін, допты артқа итеруін сұрау. Іс-әрекеттерді әзілмен сүйемелдеу ұсынылады, мысалы: «Қандай көңілді доп, оған домалаған ұнайды». **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан»** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09 - 30.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | 26.09.2023 | 27.09.2023 | 28.09.2023 | 29.09.2023 | 30.09.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған ортадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, құрап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күннің көзінде тұрғанына көңіл аудару; күннің нұрына адам ғана емес, өсімдіктердің мұқтаж екенін байқату; өсімдіктердің жапырақтары күннің көзінде жылтырап тұрғанын байқату. **(сөйлеуді дамыты, қоршаған ортамен танысу)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту және суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Конструктор жинау" Мақсат-міндеттері. Конструктордың қорапта жиналғанына назар аудару; бөліктер шашыраңқы болса, қорапқа сыймайтынын ескеру. (**сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Баулар" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындарының сөресінде шашылған бауларға назар аудару; ойыншықтарға баулардың қаншалықты әдемі байланғанын іс жүзінде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| | **«Ұшты талдан жапырақ» ойыны** | **«Балық аулау» ойыны** | **Байлау ойыншығымен** | **«Балға және қазықтар» ойыны** | **«Жаңбыр» саусақ гимнастикасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Сөйлеу барысында тыныс алуын дамыту, сонымен қатар балада негізгі түстер туралы ұғымды бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, сары және жасыл түсті үш қағаз. (Ұзындығы 13-15 см таяқшалар үшін 6-7 жолақты жұқа түсті қағаздарды жабыстыру немесе байлау. Жолақтың ұзындығы 4-5 см, ені 0,5 см).<br>Педагог балаға желпуіш жапырақтар ұсынып, оларға үрлейді. Үрлеу арқылы олардың қалай қозғалатынын | Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластик балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға магниті бар қармақшаны беріп (егер балықтарда темір құлақшалар болса) және оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бау байлауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br>Құралдар: байлау ойыншықтары.<br>Бауларды ұштарынан алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық. | Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау; әртүрлі тығыздықтағы материалдарға (құм, жұмсақ саз, қар) балғаларды соғып, балғамен қолдана білуге жаттығу. Балаға әртүрлі өлшемді қазықтарды қалай таңдау керектігін көрсету, балғамен қазықты қалай соғу керектігін көрсету. **(мүсіндеу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, педагог көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін мәнерлеп айту қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, музыка)**<br>Жаңбыр, жаңбыр жаумашы,<br>Тереземді соқпашы.<br>Тырс, тырс, тырс, тырс, тырсылдап,<br>Жаңбыр жауа бастады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетіп, балаларға үрлеуге ұсынады. («Жапырақтардан» баланың ерніне дейінгі арақашықтық шамамен 8-10 см болуы керек). Бала желпуіш жапырақтарға үрлейді, демалады және қайта үрлейді. Содан кейін педагог қызыл, сары және жасыл жапырақтардың «ағаштарда» қалай сыбдырлағанына қарап, тыңдауды ұсынады. Сонымен бірге, ол баланың ауаны тек аузынан шығаратындығына, ұзақ уақыт (бір секундтан артық) үрлегеніне, ауа алмайтындығына, иығын көтермей | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныс шығаратындығына көз жеткізеді. Егер бала әлсіз дем шығарса, ойын тағы бір рет қайталанады. **(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қош келдің, Алтын күз!<br>Алтын жапырақты күз!<br>Біздің қолдарымыз жапырақтардай.<br>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Жалауды жоғары көтереміз" Мақсат-міндеттері. Белгіге әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрттағандап еңбектеді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтерілу және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; сабаққа қызығушылықтарын және өз бетімен жаттыға білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Музыка** "Шапалақтайық та ойнайық" Мақсат-міндеттері. Ән айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мияу-мияу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, ән салатын нақыштарды қалыптастыру; балаларды жаңа ырғақтық қимыл-қозғалыспен таныстыру; таныс әндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" көңілді және | **Дене шынықтыру** "Жалаушаны жоғарыға көтереміз" Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық тақтада жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуге жаттығу, қораптан жоғары және төмен түсу, төрт аяқтап еңбектеу және арқанның астымен жүруді үйретуді жалғастыру, затты оңға және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, сабаққа деген қызығушылық және өз бетімен жаттығуға тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Жаттығу. "Тербеледі ағаштар". Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстардың дыбыстарына | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Дана қуыршақ Қазақстан туралы әңгімелейді" Мақсат-міндеттері. Балалардың өздері тұратын ел туралы түсініктерін қалыптастыру; қызығушылықты, байқағыштықты, сөйлеуді, есте сақтау қабілетін дамыту; өз отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Қимылды ойын. "Арқан түю" Мақсат-міндеттері: ептілікті, зейінді дамыту. Ойын барысы: балалар шеңбер құрып тұрады. | **Дене шынықтыру** "Түлкінің сыйлықтары" Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық қабырғаға көтерілуге, тепе-теңдікті сақтауға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және белгі берген кезде жауап беруге әрекет етуге үйрету, затты белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыра білуге жаттықтыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Қимылды ойын. "Қу түлкі". Мақсат-міндеттері: бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу)**<br>Жаттығу. "Тербеледі ағаштар".<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету, баяу қимылдарды асықпай орындауды дамыту.<br>Педагог интербелсенді тақтадан «Тербеледі ағаштар» бейнебаянын көрсетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балалармен бірге желге тербелген ағаштың кейпіне ену. Жапырақтардың сыбдырлаған дыбысын келтіру.<br>- Балалар, жел | баяу музыканы ажыратуды үйрету.<br>Қозғалмалы ойын. "Тығылмақ".<br>Мақсат-міндеттері. Музыкалық белгі бойынша қимылдау және тыныштталу әрекетін үйрету.<br>Музыка естілгенде балалар алақандарын көтеріп, саусақтарымен билейді, ал музыка тоқтағанда алақандарын жасырады.<br>- Жарайсыңдар, балалар, жақсы ойнадыңдар! Қуыршағымыз шаршап қалды. Қуыршағымыз демін алсын. **(музыка, дене шынықтыру)**<br><br>**Сенсорикадан ойын-жаттығу.** | еліктеуді үйрету, баяу қимылдарды асықпай орындауды дамыту.<br>Педагог интербелсенді тақтадан «Тербеледі ағаштар» бейнебаянын көрсетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балалармен бірге желге тербелген ағаштың кейпіне ену. Жапырақтардың сыбдырлаған дыбысын келтіру.<br>- Балалар, жел соққанда ағаштар қайтеді? Ағаштар желге тербеледі. Жапырақтар сыбдыр қағады.<br>Жарайсыңдар, балалар! | Қолында арқаны бар педагог топтың ортасына шығып, балаларға ойынның басталғанын хабарлайды.<br>Педагог арқанның түйілмеген басын ұстап, шеңбер бойымен айналады. Арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқанның үстінен аттап тұрады. Кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалатын болса, ол бала өз өнерін көрсетуі керек болады. Тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | шапшаңдығын дамыту.<br>Педагог:<br>- Әй, қу түлкі, көзіңді жұм. Біздің балаларды іздеп таба аласың ба?<br>Педагог түлкінің рөлін ойнайды. Балалар қаша жөнеледі. Балалар залдағы орындықтардың артына тығылады. Түлкі балаларды іздейді.<br>- Ау, ау! Қайдасыңдар? Қазір, мен бәріңді тауып аламын.<br>Балалар тығылған жерлерінен жүгіріп шығады. Балалар мен түлкі көңілді би билейді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соққанда ағаштар қайтеді? Ағаштар желге тербеледі. Жапырақтар сыбдыр қағады. Жарайсыңдар, балалар!<br>- Балалар, бір-бірімізден шашыраңқы тұрайық! Бәріміз ағаштың желге тербетілгенін көрсетейік. Қолымызды жоғары көтерміз. Тамаша! Саусақтың арасын ашамыз. Екі қолды ары-бері тербейміз. Жапырақтардың дыбысын келтіреміз. Ш-ш-ш! Ш-ш-ш! Жарайсыңдар, балалар!<br>Тербеледі ағаштар, Алдымен, жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, | "Күзгі жолдың бойымен"<br>Мақсат-міндеттері. Саусақ қимылдарының үйлесімін дамыту, ойыққа төлкені алып-салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтастыруды бекіту; қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>Ойын жаттығуы "Саңырауқұлақтарды жина".<br>Мақсат-міндеттері. Аталған заттарды ғана себетке | - Балалар, бір-бірімізден шашыраңқы тұрайық! Бәріміз ағаштың желге тербетілгенін көрсетейік. Қолымызды жоғары көтерміз. Тамаша! Саусақтың арасын ашамыз. Екі қолды ары-бері тербейміз. Жапырақтардың дыбысын келтіреміз. Ш-ш-ш! Ш-ш-ш! Жарайсыңдар, балалар!<br>Тербеледі ағаштар, Алдымен, жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі!<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жапырақтар" | | **таныстыру, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үп-үлкен боп өседі! | жинауды үйрету. Жаттығу үстел басында ұйымдастырылады.<br>- Балалар, жаңбыр көп жауыпты, көп саңырауқұлақ өсіпті. Әрбір балаға қалташалар (екі себет кескіндерінің үстіңгі жақтары жапсырылмаған, шеттері мен ұстағыштары жапсырылған) және саңырауқұлақтардың кескіндері, гүлдер табақшада беріледі.<br>- Балалар, алдарыңдағы саңырауқұлақтарды осы себет қалташаларына салып, жинайық. Гүлдерді салмаймыз (сұқ саусақты көрсету). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | Мақсат-міндеттері. Қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және күз мезгілі туралы түсінік беріп, ондағы жаңа сөздерді дұрыс айтуды үйрету; белсенді сөздікті байыту, еліктеу сөздер мен дыбыстарды жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру, заттар мен іс-әрекеттерді білдіретін жаңа сөздерді енгізу, пассивтік сөздік қордағы сөздерді айтуды үйрету; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ортамен танысу, сенсорика)** | Сергіту сәті "Жаңбыр".<br>Жаңбыр, жаңбыр<br>там-там-там,<br>Жерге тырс-тырс<br>тамады.<br>Сарғайған<br>жапырақтар,<br>Жерге су боп түседі. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету**. (сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсуін бақылау; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог:<br>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар? | **Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың назарын жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін бақылату.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз<br>соғады.<br>Тыным бермей<br>ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін<br>де.<br>Үзіп жатыр, | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз<br>соғады.<br>Тыным бермей<br>ешкімге,<br>Жұлқылайды | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай әртүрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не? | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Жапырақтарды көріп тұрмыз.<br>- Жапырақтар жасыл ма?<br>- Жапырақтар сары. Педагог жапырақтардың түсіп жатқанына көңіл аударады.<br>- Қараңдаршы, балалар, жапырақтарға не болды?<br>- Жапырақтар түсіп жатыр.<br>М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда. **(сөйлеуді** | Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Саябаққа шығайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саябаққа шығайық, жиналайық,<br>Сап-сары жапырақты, теріп алайық,<br>Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық,<br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br>- Мінеки, балалар, | бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br><br>Түріп жатыр,<br>Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br><br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде құрап,<br>Желге көніп, амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br><br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету;<br>бұлшық еттерді, | - Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып | **ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Аспанды сұр бұлт қаптады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>**"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.**<br>Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, өлеңнің мәтініне сай қимылдарды көрсетеді.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.<br>Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға тербелуді, орнында айналуды, жерге шоқайып отыруды, тұруды, қимылдарды | жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жүр, жерге қонып жатыр!<br>Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу**. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** | кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар!<br>Педагог үш жалаудың бір түсін кезекпен атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылып | алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика, көркем сөз)** | жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталауды көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | қалмауын ескертеді, балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Қоңырау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалар орындықтарға жартылай шеңбер құрып отырады. Тәрбиеші ортада қолына қоңырау ұстап тұрып: «Мен кімді шақырсам, сол қоңырау соғады». Бала тәрбиешінің орнын алады, қоңырау соғып, басқа баланы шақырады, оны атымен атайды (немесе қолымен көрсетеді). **(сөйлеуді** | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). | **Саусақ жаттығуы «Құлып».** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, педагог көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастыру. Ілген есік сыртына, Ұқсайды ма құлпыға? (екі қолыңнын саусақтарын құлпыға ұқсатып айқастыру.) Ашқың келсе аямай, | **«Киінуді үйрену» мультфильмін қарау.** Мақсат-міндеттері. Басты кейіпкерлердің қимылына еліктеу, әннің сөздерін қайталату; киіну тәртібін есте сақтау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, дене шынықтыру)** | Қатты тартып жұлқыла (екі қолды екі жаққа күшпен тартып, құлыпты ашуға тырысу) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | | Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Балық аулау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластик (ойыншық) балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты (ойыншық) беру | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің қимылдарын бірге қайталап, саусақтармен қимылдарды жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса, біз тұрмайық жай ғана, (саусақтармен үстелге соққылау, | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам | **«Жапырақтар».** Мақсат-міндеттері. Ермексаздың бір бөлігін тұтастай қысып алуды жаттықтыру. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Ұшты талдан жапырақ» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуын дамыту, негізгі түстер туралы ұғымдарын бекіту. Құрал-жабдықтар: Қызыл, сары және жасыл түсті үш қағаз. (ұзындығы 13-15 см таяқшалар үшін 6-7 жолақты жұқа түсті қағаздарды жабыстыру немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (егер балықтарда темір құлақшалар болса) және оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолшатырдық алайық қуана (шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)<br>Қолшатырдың астына отырайық (алақандарымен бастың төбесін жабу).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>(Д. Ахметова) | | байлау. Жолақтың ұзындығы 4-5 см, ені 0,5 см).<br>Педагог желпуіш жапырақтарды үрлейді, үрлеу арқылы олардың қалай қозғалатынын көрсетеді, балаларға жапырақтарды үрлеуді ұсынады. («Жапырақтардан» баланың ерніне дейінгі арақашықтық шамамен 8-10 см болуы керек). Бала желпуіш жапырақтарға үрлейді, демалады және қайта үрлейді. Содан кейін педагог қызыл, сары және жасыл жапырақтардың «ағаштарда» сыбдыр қаққанын тыңдауды ұсынады. Баланың ауаны тек аузынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шығаратындығына, ұзақ уақыт (бір секундтан артық) үрлегеніне, ауа алмайтындығына, иығын көтермей тыныс шығаратындығына көз жеткізеді. Егер бала шығарған демінің күші әлсіз болса, ойын тағы бір рет қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы бүлдіршінге арналған ойыншықтар», «Балаға қоршаған ортадағы заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері». | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ |
|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | ( **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | КАсенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10 - 07.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтетін тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекет (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды шүберекпен сүрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | ылғалды жүберекпен сүртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза). **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | бөлмеге сән беретінін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| | **«Үйде кім тұрады?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланы әрекетке шақыру, оған оң нәтижелерге қол жеткізуге және көптеген жағымды эмоциялар алуға көмектесу. Жабдықтар мен материалдар: қағаздан немесе картоннан жасалған үйлер (сары, қызыл, көк, жасыл), әр түске сәйкес келетін 16 карточка (әрқайсына 4 зат: мысалы, сары тауық, қызыл қызанақ, | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Көктеп ерте шырмалып, Өсемін мен бүр жарып. Атым – қияр, теріп ал, | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақ пішіндерін сипаттау арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақ пішіндері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, сенсорика)** Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен: | **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістердің атауын айтуға ынталандыру, нақпішіндерін сипаттау арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем сөз)** Құралдар: жемістердің нақпішіндері. Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: | **«Пойыз» ойыны** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу барысында тыныс алуын дамыту. Құрал-жабдықтар: ойыншық пойыз немесе оның суреті. Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көк қоңырау, жасыл жапырақ).<br>Баланың алдына екі үй қою, мысалы, қызыл және сары түстерге сәйкес келетін барлық карталар. Педагог: «Әр затты және оның түсін атайық, ол тұратын үйді көрсетейік».<br>Үйлердің санын және сәйкесінше карталарды көбейтуге болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем әдебиет)** | Жиі - жиі суғарып. | Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ.<br>Педагог:<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. | тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br>Мен жүремін,<br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br>Ал вагондар зулайды.<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды шоқайтып отырғызып алып, жаттығуды бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аюға қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шектеулі зат үстімен жүруді, педагогпен бірге ойын түрінде допты алға қарай итеруді (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, алға қарай еңбектеуді), жүргенде тепе-теңдікті сақтауды, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға ұмтылысты тудырады.<br>**Ойын жаттығуы. «Допты домалату».** | **Музыка**<br>"Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық".<br>Мақсат-міндеттері. Бір ғана ойыншықпен ойнай білуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, "ки", "шеш", "сақина" сөздерін түсіну, басқа заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. **(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **Дене шынықтыру**<br>"Шуақты шалғында".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен педагогке қарай домалатуды үйрету, балаларды төрттағандап (4 м қашықтықта) еңбектеуге жаттықтыру, балалардың бір-біріне соқтығыспай педагогтің соңынан үйір болып жүру және жүгіру дағдыларын бекіту, жаттығуға қызығушылықтарын арттыру және барлығымен біріге жаттығулар жасауға ынталандыру,ептілікке, зейінділікке, төзімділікке баулуға талпындыру. **(дене** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Күзгі бояулар"<br>Мақсат-міндеттері. Күз туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; бақыт, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; тілдерін, шығармашылық талғамын, қимыл-қозғалыстарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Дидактикалық ойын "Жапырақтарды жинайық"**<br>Мақсат-міндеттері: үш түрлі ағаштың жапырақтарын сыртқы пішіндеріне қарай бөліп жинау. Балалар | **Дене шынықтыру**<br>"Қақпаға дәл көзде"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануға дағдыландыру, бірге тату ойнауға үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын "Мені қуып жет!"**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жерде жатып домалатуды үйрету, ептілікке дағдыландыру.<br>Балалар кілемге бір-бірінің қасына отырады. Педагог өз қолындағы добын жерде итеріп көрсетеді. Әр бала допты 2-3 рет домалатады. | | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қимылды ойын. «Аюмен ойнайық».<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру.<br>Ойын барысы:<br>Педагог:<br>- Қазір аюмен ойнаймыз. Бұл Аюдың үйі болады. Ол ұйықтап қалды. Біз құстар сияқты ұшайық. (көңілді аудиожазба)<br>- Ой, аю оянып кетті! Құстар ұяларыңа қарай ұшыңдар! Аю тағы ұйықтап қалды, ұшуға болады, абай болыңдар! Ол ешкімді ұстай алмады.<br>Педагогтің қалауы бойынша «Мен сені қазір қуып жетемін» музыкалық ойынын | жапырақтарды үш түрге бөліп, үш себетке жинайды.<br>Педагог:<br>- Балалар, күз ханшайымының орманын жинастырып берейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика)** | барып: «Әмір, Сәбирә, Миша мені қуып жет!»- деп айтады. Аттары аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық балалар педагогті қуып жетеді.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойнауға болады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қарға, көгершіндер, торғайлар).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың атауларын, дене көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету.<br>Педагог:<br>- Құстар не істейді: ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастар. Құстарда не бар: тұмсық, қауырсын, қанат, көз, аяқ. Қарға үлкен, маңызды. Торғай кішкентай, жылдам. Көгершін үлкен, сабырлы. | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Саябаққа күз келсе,**<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br><br>**"Бау-бақшаға** | **Аула сыпырушыны бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру. Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br>Педагог:<br>- Не істейді: жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды.<br>Сыпырушының қолында не бар (сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене** | **Гүлдерді бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. Гүлзарлардағы гүлдерді бақылау. Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі. Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Аз қимылды ойын. «Көгөністер мен жемістер».**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br>Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе алаңда отырады.<br>Тәрбиеші: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де алаңның қарсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы да: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де қарсы жаққа қарай жүгіреді, балалар оны қайтадан қуалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып демалады. Одан кейін ойын қайта | **барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру.<br>Педагог тақпақты бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету),<br>Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу).<br>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру),<br>Қорапшаға салайық (отыру, қайта тұру).<br>Д. Ахметова | **шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту.<br>- Күн жарқырап тұр, балалар серуендеп бара жатыр.<br>- Күн жасырынды, жаңбыр жауа бастады, балалар үйлеріне кіріп жатыр (қолдарын төбеге қояды).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыруғ көркем әдебиет)** | сипау)<br>Бақта (еңкею, еденге қолды тигізу (жинау)<br>Бақшада (тұру, қолдарын созу (жинау)<br>Мен оларды табамын. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоцияналды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталады.<br>Ойынды шағын топпен өткізген дұрыс.<br>Балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы қарап тұрады, одан кейін балалар рөлдерімен ауысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | | алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>Д. Ахметова |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **«Ашу - жабу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Қоянға арналған дәм".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексазды алақанның ортасына салып, түзу | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Бақшаға кім барады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда көгөністер | **«Пойыз» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық пойызы | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | мүмкіндігін жасау.<br>Жабдықтар мен материалдар: әртүрлі типтегі бекіткіштері бар тұрмыстық заттар жиынтығы (әмиян, қол сөмкелер, қораптар).<br>Кішкентай ойыншықтарды қораптарға салу, оларды бекіту (жабу), содан кейін балаға қорапты ашып, ойыншықтарды алуғды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)** | қозғалыспен таяқшалар есуді, қызыл түсті ажырата білуді үйрету, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**Саусақ гимнастикасы "Сұр қоян".**<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Ұзын құлақ, сұр қоян (қолымызды басымызға құлақ сияқты қоямыз).<br>Қызыл танау (сұқ саусақпен танауды көрсету).<br>Күлкілі мұрты да бар (сұқ саусақты көлденеңінен еріннің үстінен қою).<br>Қатты қолдарымен (өз денесін құшақтау),<br>Сәбізін алып жейді (қолымызды айқастырамыз).<br><br>**"Көгөністер" дамытушы ойыны.** | мен жемістер туралы түсінік қалыптастыру; кейбір жемістер мен көгөністерді табиғи түрінде және суреттерде тануды үйрету; зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br><br>**«Себеміз, құямыз» дамытушы жаттығуын жасау.**<br>Мақсат-міндеттері. Сусымалы материалдарды әртүрлі құрылғылардың көмегімен құюды, қазуды, араластыруды үйрету. Баланы шелектегі құмды қасықпен жинауға, оны шелектен қалыптарға құюға, жарманы ыдыстан саптаяққа қасықпен немесе | немесе суреті.<br>Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап бара жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br>Мен жүремін,<br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br>Ал вагондар зулайды.<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! | нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністердің атауларын атауға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>- Тамаша! Жарайсыңдар! | шөмішпен салуды жаттықтыру. Балаға қолындағы қасықты ұстауға көмектесу, құм баланың көзіне де, аузына да кіріп кетпеуін қадағалау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін | **«Бақшада сәбіз өсті» аз қимылды ойын**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес қимылдар жасауды үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді** | **Тақпақты мәнерлеп оқу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | **дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Өсіретін бойыңды,<br>Дамытатын ойыңды,<br>Қоянға да азықпыз –<br>Сәбіздерміз жазықсыз. | шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев | дамыту, есте сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу)**<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. | қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сенсорика, мүсіндеу)**<br>Көктеп ерте шырмалып,<br>Өсемін мен бүр жарып.<br>Атым – қияр, теріп ал,<br>Жиі - жиі суғарып. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | Аралас топ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | КАсенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.10 - 14.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2023 | 11.10.2023 | 12.10.2023 | 13.10.2023 | 14.10.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында сөренің шаңын, пластиктен жасалған Бауырсақ ойыншығын сүрткеннен кейін, бетінің таза, жылтыр болғанына көңіл аудару. **(дербес** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру; қауыршақтарды орындықтарға отырғызуға шақыру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау, суару. **(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет)** | **әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| | **Саусақ жаттығуы. "Көңілді саусақтар".** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем әдебиет, музыка)** Мына саусақ орманға барды, Мына саусақ саңырауқұлақ тапты, Мына саусақ оны қуырды, | **«Құстардың ұшуы» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ауызбен ұзаққа бағытталған, біркелкі ауа шығаруды дамыту. Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами). Бала үстел басында отырады. Педагог балаға құсты үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады. **-** Сенде қандай әдемі құс бар! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилеткізу арқылы алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, музыка)** Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, | **Тышқан ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауға үйрету, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз )** Ойыншық болмаса, суретін көрсету мүмкін. | **"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға дөңгелек пішінді түрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту. Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табақшаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мына саусақ қуырды,<br>Мына саусақ барлығын жеп қойды. | Мұрынмен дем алып, ауаны шығар.<br>Мінекей, құс ұшып кетті! **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке<br>(С. Әлімқұлов) | Тықыр-тықыр тықырлап,<br>Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден тесіп.<br>Көрейік оны, барлап.<br>(Д. Ахметова) | қағаздан немесе пластиктен қиылған мөлшердері бірыңғай геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қояды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық».*<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз».* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау).<br>*«Шалғынға қояндар келді».*<br>Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күзгі орманда".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың алға қарай екі параллель түзудің (ұзындығы - 2,5 м, ені - 25 см) арасында бірінен соң бірін жүру қабілетін бекіту; негізгі қимыл | **Музыка**<br>"Күз бізге не әкелді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне | **Дене шынықтыру**<br>"Біз теп-тегіс жолмен жүреміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды түзу жолмен жүруге (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м), таяқтан аттап өтуді, шектеулі беткеймен жүруді | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Орман алқабында"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Саусақ қимылдарын үлесімін дамыту, тесікке төлкені алып-салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтауға үйрете | **Дене шынықтыру**<br>"Нан болса - ән де болады"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып, шектеулі жерде жүру қабілетін жақсарту; тепе-теңдікті сақтауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрлерін дамыту; икемділік; жәй жүру; бұлшық еттің негізгі топтары; бір-біріне деген сенімділікті қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты және құрметпен қарауды ынталандыру; жаттығуларды қайталау арқылы балалардың оқу әрекеттерін нығайту. **(дене шынықтыру, қоршаған оратмен танысу, сөйлеуді дамыту)** Қимылды ойын "Кім жылдам?" Мақсат-міндеттері. Балаларға кедергілерден өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіруді үйрету. Белгі бойынша әрекет ету қабілетін, | баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнер түріне қызығушылықтарын ояту, бала өнерінің дамуына ықпал ету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | және еңбектеуді, доптарды домалатуды, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинап, оларды өз беттерімен себетке салуды (қорап), бөренеден аттауға үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Ойын «Себетке алма жинайық» Педагог: - Балалар, бізге үлкен жүк көлігімен күздің сыйлықтары келді. Алмалар жерге шашылып, жан-жаққа домалап кетті. - Оларды қайтадан жүк машинасына жинап салайық. Балалар алмаларды (кішкентай доптар) көңілді әуенмен жүк көлігіне қайта жинайды. | білуін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу) **Ойын жаттығуы "Саңырауқұлақтарды жина". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Саңырауқұлақтарды тауып, себетке жинау. Педагог саңырауқұлақтың бас киімін киіп, өлең жолдарын оқиды: Өз қалпағын жасынан Тастамайды басынан. Бір аяғымен тұрады, Саңырауқұлақ деп | жаттықтыру; жаттығу кезінде физикалық белсенділікті арттыру;ептілік пен жылдамдықты дамыту; ағзаның дұрыс дамуы мен жақсаруы үшін күнделікті тұтынатын тағамның маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу мүшелерінің жұмысына тиімді әсер ету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Ойын «Жинау». Мақсат-міндеттері. Қапшықтан доптарды шығарып тастауды және қайта жинап алуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимыл жылдамдығын дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Ойын алаңының бір жағында 4-5 бала тұрады. Қарама-қарсы жақта (арақашықтық 12-15 м) орындықтардың үстінде күзгі жапырақтар жатыр. «Бір, екі, үш! Жүгір!» белгісі берілгенде балалар жүгіріп барып жапырақтарды жинайды. Бірінші болған баланы атап өту керек. Содан кейін балалар орындарына барады, келесі 4-5 бала шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған оратмен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Дәмді бауырсақ "<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күнделікті жеп жүрген нан және азық атауларымен таныстырып оларды дұрыс атауды үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; есту, қайталау, еске сақтау, зейіндерін дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу.<br>Сергіту сәті "Доп". | аталады.<br>- Балалар, бізге саңырауқұлақтарды мына әдемі себеттерге жинау керек.<br>Балалар саңырауқұлақтарды жинайды.<br>Педагог:<br>- Көңілді ойын ойнады, саңырауқұлақтарды да жинадық.<br>- Балалар, біз себетке қанша саңырауқұлақ жинадық?<br>- Көп.<br>- Ал енді, балалар, саңырауқұлақтарды орнына қояйық.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала дайындалған кішкентай доптар мен қапшықтарды таратады. Бірінші топ заттармен жүріп бара жатқанда қапшықтардан кішкене доптарды алуы керек. Екінші топ осы түскен кішкентай доптарды жинауы керегін түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтауын қатаң қадағалайды, әр баланы сақтандырады. Шашылып жатқан кішкене доптардың саны аз болуы керек. Кішкентай доптарды жылдам және көп жинаған топ жеңімпаз болып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *(көңілді аудиожазба қосу)*<br>Доп, доп,<br>Топ, топ.<br>Доп жоғалды,<br>Доп жоқ.<br>Қап, қап.<br>Тап, тап.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем сөз, )** | | саналады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күндер бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға | **Сары жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жергі түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу,** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>- Аспанда сұр бұлттар ұшып барады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. | қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>(М. Әлімбаев)<br>Балаларға көркемсөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын | **көркем әдебиет)**<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>(Қ. Мырзалиев.)<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Педагог:<br>- Балалар, мен | қараңдаршы, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>"**Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға | Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! | толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі | желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқи алады. | ынталандыру;<br>шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру;<br>жаттығуларды жасауда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>**Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),**<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру;<br>алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>(Д. Ахметова) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды пішіндерді ажыратуды үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары | **"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмдегі бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну | **«Құстардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауыздан біркелкі, ұзақ дем шығаруды дамыту.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті геомтриялық пішіндер.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек). | театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | рәсіміне еруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | Бала үстел басында отырады. Педагог баланы мүмкіндігінше ұшып кетуі үшін құсты үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады.<br>- Сенде қандай әдемі құс бар! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. Мұрынмен дем алып, ауаны шығар. Мінекей, құс ұшып кетті! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ермексаздан шарды илеу "Бауырсақ"**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жұбын тап" үстел ойыны.**<br>Балаларға әрбір заттың жұбын табуға үйрету, ойын екі бірдей заттың көп болуын қамтамасыз етеді, мысалы, екі | **«Құстардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзақ бағытталған тегіс ауызша дем шығарудың дамуы.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі | Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов) | "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Ей, Бауырсақ!<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қызыл алма, екі сары алмұрт, екі сәбіз, екі қияр, картоп және т.б. шамамен 20 түрлі көгөніс пен жеміс (10 жұп) болған жөн. Біз заттардың жартысын сөмкеге саламыз, екінші жартысын үстелге қоямыз. Баланың міндеті- затты сөмкеден алу және оған үстелде қойылған заттардың ішінен жұбын табу**.** | түсті құстар (оригами).<br>Бала үстел басында отырады. Педагог балаға құсты ұшыру үшін үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады.<br>- Сенің құсың әдемі екен! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. Мұрынмен дем алып, ауаны шығар. Мінекей, құс ұшып кетті! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі!<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | КАсенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10 - 21.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2023 | 18.10.2023 | 19.10.2023 | 20.10.2023 | 21.10.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат | "Үстел үсті бұрышы" Үстел ойындарының бұрышындағы | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | бұрыштарындағы ойыншықтарды тізімдеп қоюға шақыру; еңбектің нәтижесі ретінде балапанның балаларға келуіне көңіл аудару. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл түсіне, құстардың жасыл өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығарытын сұрау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына | **"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап, (қатар отырған екі бала бірігіп) | **Балапан ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық"** Мақсат-міндеттері. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | **"Торғай не істейді?" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп (отыр, ұшты, шоқыды) немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Қораз! Қораз!<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(Д. Ахметова) | ойыншықты үстел үстімен жүргізіп,"құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру.<br>Педагог балаға балапан ойыншын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапан ойыннан шаршады,<br>Балапанның қарны ашады. | еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ. | **ортамен танысу)**<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>- Тауықтың ішіне не жасырынған?<br>- Қандай пішіндерді жинап алған? | қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды. Балаларға сурет көрсетіліп, сұрақтар қойылғанда жауаптарды қайтарады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Торғай бізбен ойнайды,<br>Торғай бізден сұрайды:<br>- Мен не істедім?<br>Жауап беріңдер,<br>Орындарыңнан тұрып көрсетіңдер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Не айтамыз балапанға?<br>- Анаң күтіп қапты,<br>Бас аяқты! | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық»*.<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз»*.<br>Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау).<br>*«Шалғынға қояндар келді»*.<br>Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Күн суық,<br>Жаңбыр жауады.<br>Жылы жаққа құс ұшады,<br>Қанаттарын кең жаяды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қош!" - деп айтады.<br>"Қош!" - деп айтады. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Тышқанға дән жинаймыз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету.<br>Қимылды ойын "Тышқанға арналған дәндер".<br>Мақсат-міндеттері: доптарды жинап алып, шеңбердің ортасына тастауды үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, тышқан қысқыға көп дән | **Музыка**<br>"Бізге ән салып берші, Қораз"<br>Мақсат-міндеттері. Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.<br>"Ас атасы - нан" мақалының мағынасына қатысты түсініктерін кеңейту.<br>Ойын "Тығылмақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балалар әуен | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қалай домалатамыз?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету.<br>Ойын "Біз бидай егеміз".<br>Мақсат-міндеттері: доптарды себетке жинауды үйрету.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала пісірілген бидай мен дорбашаларды таратады. Бірінші топ | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Үйрекке арналған қиыршықтар."<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бөліктерін үзіп алуға, алақанның ортасына салып айналма қозғалыстармен есуді үйрету; оларды кесекке айналдыруды білуді жетілдіру; дайын жұмыстарды ұқыпты орналастыруға, мүсіндеуге ынтасын ояту, құстарды жақсы көруге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Саусақ гимнастикасы.<br>Қолымда добым бар (оң қолға допты | **Дене шынықтыру**<br>"Секіріп үйренеміз!"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды таспа (лента) мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, белгіге жауап беру қабілетін жетілдіру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын "Мені қуып жет!"<br>Мақсат-міндеттері: балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету.<br>Ойынның барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинайды. Қазір тышқандар сияқты дән жинап ойнайық.<br>- Тышқандар қандай дыбыс шығарады? Кім біледі? (пи-пи) Педагог залға ұсақ дәндерді (доптарды) шашып тастайды. Балалар сол дәндерді гимнастикалық шеңбердің ортасына тастайды (тышқанның іні). Тышқандар ініне дән жинайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ырғағына қарай қоңырауларда ойнайды, музыка тоқтаған кезде қоңырауларын артқа тығады. Әтеш іздейді. Музыканы еркін түрде таңдауға болды. **(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қарлығаш".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Фольклорға деген қызығушылықты ояту, зейінін шоғырландыруға үйрету, ертегілер мен тақпақ-жаттамақтардың мазмұнына эмоционалды жауап беруге ықпал ету.<br>Дидактикалық ойын. | бидай егіп жатқанын, ал екінші топ шашылған заттарды жинап жатқанын түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауын қатаң қадағалайды. Ойын кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Шашылып жатқан бидай мөлшері балаларға егін жинауға ыңғайлы болуы үшін аз болуы керек. Бидайды жылдам жинап алған топ жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | қояды),<br>Жұдырығымды жұмамын (қатты қысамыз),<br>Жіберемін, қысамын (алақанды ашамыз),<br>Алақанмен есемін (допты алақанмен есеміз).<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Кішкентай құстар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қоныс аударатын құстар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, құстарды бақылау. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту және құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құстарға | Сабина, Миша мені қуып жетіңдер!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып, педагогті қуалай бастайды. Біраз жүгіргеннен кейін, педагог балаларға өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық бала педагогті қуып жетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Күзгі күн шуақтары". Мақсат-міндеттері: күзгі табиғатты сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Таспалардан жасалған күннің шуақтарының ұшына күз мезгілінің балаларға түсінікті белгілері бейнеленген суреттер бекітілген. Шуақтарын ашып, күздің белгісін айтып береді. Мысалы: жаңбырдың суретін көріп, жаңбыр жауады. Жапырақтардың суретін көріп, жапырақтар түседі немесе сарғаяды деп айтуы керек. Педагог балаларға бағыттау сұрақтарын қою, сөздерді | | қамқор болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** «Қай құстың қауырсыны екенін анықта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: зейінді дамыту, түстерді бекіту. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, құстар жылы жаққа ұшқан кезде қауырсындарын жоғалтып алыпты. - Мына қауырсындар қай құстың қанатынан түсіп қалғанын анықтайық. - Қарақұс қандай? Қарақұс қара түсті, ал | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қайталату арқылы көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | аққу ақ түсті. Сендер мұқият қарап, ақ қауырсындарды аққуға, ал қара қауырсындарды қарақұсқа бекітулерің керек.<br>- Жарайсыңдар, балалар! Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Құстарымыз өте әдемі шықты.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, | **Ұшқан құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі | **Ұшқан құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Шиқылдап жатқан нелердің дыбыстары? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! **(сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | олардың қимылдарын анықтауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша | жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет, музыка)**<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар топқа жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп, жарайсыңдар.<br>Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" | бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>- Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. | жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар топқа жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп, жарайсыңдар.<br>Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ... | белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді.<br>"Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдармен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан кейін балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>Торғай, торғай , | Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br><br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; | Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. | Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br><br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету;<br>жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>(Д. Ахметова)<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып кетіңдер!<br>Ойын екі рет қайталанады.<br>Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. | | қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас, | | педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Арпа менен бидай шаш. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-имитация. "Балапандар".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар бетпердесін (маска) кигізу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың. | **«Қораз» саусақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қораз, қораз қоқылдақ<br>Ерте-тұрар-қоқылдап<br>Алтын айдар басында<br>Ән салар үй қасында<br>(алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашу, жоғары қарату) | **«Қауырсынды аулау» жаттығуы**<br>Құрал-жабдықтар: қауырсындар.<br>Мақсат-міндеттері. Педагог қауырсынды алып, оны ұшып кететіндей етіп үрлейді және баланы оны ұстап алуға шақырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **«Үй құстары» саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-мсіндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>«Қаз».<br>Қаз тоқтамай қаңқылдайды<br>Жақындасаң шаңқылдайды (білек тік, алақан түзу, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балапандар!<br>Балапандар!<br>(орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар!<br>Қайталаңдар!<br>(орнында адымдау)<br><br>Қатарларға тұрайық,<br>(аяқтар иық енінде,<br>қол белде)<br>Қанаттарды соғайық.<br>(тізе сәл бүгулі,<br>алақанмен жаңбасын<br>қағу)<br><br>Оңға созып<br>мойынды, (қолдар<br>белде, оңға еңкейіп,<br>мойын созу, қарама-<br>қарсы аяқтың ұшына<br>тұру)<br>Солға созып<br>мойынды, (қолдар<br>белде, солға еңкейіп,<br>мойын созу, қарама-<br>қарсы аяқтың ұшына | Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың<br>дана.<br>(Д. Ахметова) | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұру)<br><br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу**)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мақсат-міндеттері. Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"**<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балапан ойыншығымен ойнату.<br>Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы. "Балапан".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балапан туралы саусақ жаттығуын жасату арқылы оның сыртқы бейнесі мен қылықтары жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; педагогтің соңынан қайталап қимылдарды саусақтармен жасау кезінде жағымды | Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемді илеу әдісін игерту. "Құстарға жем".<br>Жидектерді жұламыз,<br>Себеттерге жинаймыз<br>Себетіміз толғанда,<br>Құстарға таратамыз.<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | эмоцияларға бөленуге қызықтыру.<br>Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: "Шиық-шиық".<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Бала өз ойыншықтарын жинағысы келмейді», «Жас балаларға саусақ ойындарының әсері», «Балаға серуендеудің пайдасы». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | Аралас топ |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-** | КАсенова А. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **жөні** | | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22, 26.10 - 28.10.2022 ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.10.2023 | | | 26.10.2023 | 27.10.2023 | 28.10.2023 |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене қимылына, қоректену тәсілдеріне көңіл | **(24 қазан 22 қазан сенбіге ауыстырылады)** | **25 қазан - Республика күні.** | "Ойыншық бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(сөйлеуді** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | тазалықты сақтау туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | **дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкелу. Бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады. **(сөйлеуді** | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балалардға қуыршақ ойыншығын әлдилету арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка, көркем әдебиет)** С. Әлімқұлов |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, қоршаған ортамен танысу**)<br>Бұл ненің дыбысы?<br>Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп!<br>Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді? | | | Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады). Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа | "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>ұшып кетеді?»<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</td><td></td></tr>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="6">(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею,<br>"Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="6">Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім,<br>Алтын жапырақ<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>(Д. Ахметова) | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Торғай сияқты секіреміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспадан (лента), арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; | | | **Дене шынықтыру**<br>"Біз мергенбіз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспа (лента) арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура | **Музыка**<br>"Құстар қалай шиқылдайды?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алуын қалыптастыру.<br>Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Доптарды лақтыруды үйренейік"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көлденең<br>нысанаға тура<br>лақтыру, белгіге<br>әрекет жасау<br>қабілеттерін<br>қалыптастыру;<br>ептілікті дамыту;<br>тәуелсіздікке,<br>достық қарым-<br>қатынасқа<br>тәрбиелеу. **(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту)**<br>«Ұядағы<br>балапандар»<br>қимылды ойыны.<br>Мақсаты: бір<br>орында тұрып<br>секіруді және<br>арқанның ішіне<br>қарай секіруді<br>үйрету.<br>Ойын барысын<br>түсіндіру.<br>Педагог арқанмен<br>кеңдеу шеңбер<br>жасайды.<br>Педагог: | | | лақтыру, белгіге<br>әрекет жасау<br>қабілеттерін<br>қалыптастыру;<br>ептілікті дамыту;<br>тәуелсіздікке,<br>достық қарым-<br>қатынасқа<br>тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Торғайлар».<br>**(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған<br>ортамен танысу)**<br>Мақсат-<br>міндеттері. Бір<br>орында және<br>әртүрлі бағытта<br>қозғалып секіруді<br>үйрету.<br>Балалар торғай<br>болып ойнайды.<br>Торғайлар<br>ұяларында<br>отырады. Олар<br>ұйықтап жатыр. | Қимылдардың<br>нақты көрсету<br>шеберлігін<br>дамыту. Өзін<br>еркін ұстауға<br>тәрбиелеу. Құстар<br>туралы түсінік<br>беру. **(музыка,<br>дене<br>шынықтыру)**<br>"Әлди-әлди"<br>әуеніне<br>балаланың<br>эмоцианалды,<br>жағымды әсер<br>алуын<br>қалыптастыру.<br>Дауысты біркелкі,<br>әндетіп шығаруға<br>үйрету, сөздің<br>екпінді<br>буындарын созып<br>айтуға үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, мен<br>бүгін сендерге<br>музыкалық<br>жұмбақтарды | қабілетін<br>жетілдіру,<br>лақтыру<br>қабілеттерін<br>кеңейту; дененің,<br>қолдың және<br>саусақтың<br>бұлшықеттерін<br>дамыту; лақтыру<br>кезінде ептілік<br>пен дәлдік<br>дағдыларын<br>дамыту. **(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын.<br>«Допты ұстап ал».<br>Мақсат-<br>міндеттері.<br>Балаларды<br>педагог лақтырған<br>допты ұстап алып,<br>оны кері<br>лақтыруға<br>жаттықтыру.<br>Ойын барысы.<br>Балаға қарама-<br>қарсы 1,5-2 м |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, шеңбер құрып тұрайық. Мен жерге арқаннан шеңбер жасап саламын. Сендер арқанның бойымен тізіліп, шеңбердің сыртында тұрасыңдар.<br>- Арқанның іші біздің ұямыз болады.<br>- Мен сендерге: «Торғайлар көңілді!» деп, белгі берген кезде сендер бір орында секіресіңдер. «Ұяға!» белгісін бергенде сендер шеңбер ішіне секіріп кіресіңдер. Жаттығу екі рет қайталанады.<br>- Тамаша! Арқанға демалыс берейік. Содан | | | Педагог:<br>- Торғайлар ұяда тіршілік етеді. Олар таңмен ерте тұрады. Балаларға ұйқы бермейді. Балалар (торғайлар) көздерін ашып, дауыстайды: «Шиқ-шиқ, шиқ-шиқ!». «Барлық торғайлар көңілді секіреді» деген сөздерден кейін балалар (торғайлар) орындарынан тұрып, алаңда әртүрлі бағытта қозғалып, екі аяғымен секіреді. Педагогтің:<br>- Торғайлар секіргісі келмейді. Олар ұяға жылдам ұшып кетті. Торғайлар | жасырамын. Музыканы ойнаймын, ал сендер өздерін қандай музыка, қандай ән екенін тауып айтасыңдар. (Педагог өтілген музыкалық шығармаларды аспапта немесе грамжазбада ұсынады, балалар жауап беру керек)<br>- Тыңдаймыз! 1- ("Әлди-әлди" орындайды) Балалар жауаптарын айтады.<br>- 2- "Бала-бала, балапан" әнді орындайды.<br>- 3- "Қамажай" әуені.<br>- 4- "Жапырақтар" әнін орындайды. | қашықтықта ересек адам тұрады. Ол допты балаға лақтырады, бала допты кері қайтарады. Осы уақытта педагог: «Ұста, лақтыр, құлап қалма!» сөздерін айтады. Допты лақтырғанда осы сөздерді айтады. Бала допты ұстап, оны қайта лақтырып үлгеруі үшін сөздерді баяу айту керек. Ұстау мен лақтыру дағдыларын игерген кезде бала мен педагог арасындағы қашықтықты арттыруға болады. Екі бала допты бір-біріне |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | кейін тағы ойнаймыз. Жарайсыңдар! | | | орындықтарына отырады. Педагог жақсы секірген және өз орнына бірінші оралған балаларды атайды. Ойын жалғасады. | (әрбір аталған шығармадан кейін оны бірге орындайды.) Педагог: - Жарайсыңдар, балалар! Барлық әуендерді тауып дұрыс жауап бердіңдер! Тамаша! Ойын "Торғайлар мен мәшине". Мақсатміндеттері. Белгі берілгенде алаңда еркін қозғалуды үйрету. Педагог: - Балалар, бізге әдемі құс ұшып келіпті. Бұл торғай ғой! - Балалар, "Торғай мен мәшине" ойынын ойнайық. Ойынның шарты: "Мәшине" боп бір бала | лақтырғанда, оны ұстап алғанда кеудесіне баспауын педагог қадағалайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шығарылады. Қалған балалар торғайлар болады. Педагог:<br>- Мен сендерге:"Торғайлар ұшады!" дегенде, "торғайлар" ұшып жүреді." Сигнал естілгенде "Мәшине" - бала шығып торғайларды қуады. Торғайлар ұшып өз орындарына барып отырады. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Себетке жинаймыз" | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойыны.<br>Мақсат-<br>міндеттері.<br>Балаларды<br>жабайы аңдармен,<br>олардың<br>атауларымен<br>таныстырып,<br>дұрыс, анық,<br>буындап айтуға,<br>олардың қимыл-<br>әрекеттерін<br>көрсете білуге<br>үйрету; еске<br>сақтау<br>қабілеттерін,<br>зейіндерін, сөздік<br>қорларын дамыту;<br>айналадағы<br>әлемге<br>қызығушылықты<br>тәрбиелеу.<br>Бос себетке<br>жемістер мен<br>көгөністерді<br>саламыз.<br>Педагог:<br>- Балалар, қоян | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сендерден көмек сұрап келді. Біз оның себетіне осы жемістер мен көгөністерді жинап беруіміз керек.<br>- Қане, балалар, мен сендерге заттарды көрсетемін. Сендер дұрыс оларды дұрыс атасаңдар, бәрін себетке саламыз.<br>- Мынау не?<br>- Алма.<br>- Дұрыс, балалар, алманы себетке саламыз.<br>- Мынау не?<br>- Сәбіз.<br>- Қоян сәбізді жақсы көреді.<br>- Мынау не?<br>- Картоп.<br>- Мынау не?<br>- Шие. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - Дұрыс айтасыңдар, балалар! Біз қоянның себетін толтырдық.<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян ұйықтап қалыпты. Қоянды оятайық. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Дидактикалық ойын "Ғажайып қап".<br>Мақсат-міндеттері. Қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру.<br>Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | атауын атайды. Балалар затқа қарағанда қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады.<br>- Қараңдаршы, балалар, бізде әдемі қап бар.<br>- Мынау қап. Бұл қапта не бар? Қапта аю, доп, гүл, құс, ағаш болады.<br>Педагог қаптан ойыншықтарды бір-бірден алып таныстырады.<br>Педагог қаптан шығаратын заттардың атауын дауыстап айтады. Балалар заттардың атауын педагогтің | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | соңынан қайталайды.<br>- Мынау не?<br>- Аю.<br>(Балаларға сөзді қайталап айтқызу.)<br>- Аю қалай жүреді?<br>(Балалар аюдың жүрісін көрсетеді.)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>- Мынау не?<br>- Гүл.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Гүл әдемі.<br>(Сөз тіркесін қайталау.)<br>- Мынау не?<br>- Ағаш.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Ағаш қалай қозғалады?<br>(Балалар орындарынан тұрып, екі қолды | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жоғары көтеріп, жан-жаққа сермейді.)<br>- Мынау не?<br>- Доп. Доп секіреді.<br>- Қане, балалар, бәріміз секіреміз!<br>- Мынау не?<br>- Құс. Құс ұшады. (Балалар, екі қолды құстың қанаттарындай жайып, құс болып ұшады.)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. | | | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз,** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>"Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, | | | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. | орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысы, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық, | топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік, | | | Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді:<br>"Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар.<br>Сөздерді менің | Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**"Бұршақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**<br>Табақшада жатты бұршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты, | **сенсорика)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Күнге сәлем берейік**,** Шапалақтап, күлейік. | | | соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда, | Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. | тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқ ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Тиінге арналған үй".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлемі бойынша текшелерді | | | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ». (сөйлеуді дамыту)**<br>Орманға кірпі келеді<br>(екі саусақты | **Музыкалық-ритмикалық жаттығу "Сиқырлы саусақтар". (сөйлеуді дамыту)**<br>Бала, бала, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика, логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиелеу, бірге ойнау.<br>«Текшені жасыр» дидактикалық ойыны. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**«Көбелек» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша | | | шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды! | үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>(саңырауқұлақ терген қимылды жасайды) | балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбәт<br>Былай, былай ойнат.<br>«Тық-тық» дыбыс шықты<br>Басбармақ тақылдады.<br>Артынан саусақтарының<br>Барлығы мақұлдады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады). Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі. Қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің | | | (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Құстарға еліктеуге шақыру; жедел жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту. Балалар тізерлеп | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. | **"Шар".** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, | С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" **(сөйлеуді дамыту, музыка)** Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, құстардың бейнелейді.<br>Педагог:<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Неге жерге қонбайсың?<br>Жем шашайын жейсің бе?<br>Сонда торғай тонбайсың.<br>Торғай ұшып кетті!<br>Соңғы сөздерден балалар қанаттарын мен қолдарын сермеп ұшады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың?<br>(орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште. | тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова) | Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касеова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **31.10 - 04.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022 | 02.11.2022 | 03.11.2022 | 04.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | | |
| **Балалардың дербес** | Оқу іс-әрекетіне | Табиғат бұрышын | Балалардың назарын | Еңбек тапсырмасы: | Бөлме өсімдіктері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | қажетті жабдықтар мен материалдарды дайындау. Тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруды үйрету, балаларды оқу іс-әрекеті үшін материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. | бақылау: табиғат бұрышындағы өсімдіктер күн сәулесінде тұрғанына назар аударту, күн тек адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынын көрсету. Еңбек тапсырмасы: жапырақтарды шүберекпен сүртіп көрсету. | конструктордың қорапқа жиналып тұрғанына аудару. Олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру. Еңбек тапсырмасы: конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау. | "Ойыннан кейін топтың ішін жинау". Балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. | ыдыстарының топырағы құрғақ екеніне назар аудару, оларды суару керектігін айту, суару үшін су сепкішті пайдаланып, бөлме өсімдіктеріне су құю керек. Еңбек тапсырмасы: гүлдерді су сепкіш арқылы суару. |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады. | **"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау"** Мақсат-міндеттері: балаларда жағымды көңіл күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: Екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Бұл ненің дыбысы?<br>- Бұл ненің жүрісі?<br>Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді?<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**"Балықты аулаймыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішініні қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады.<br>Балалардың қолында түрлі геомтериялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез | Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі! Қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?»<br>**(сенсорика, дене шынықтыру)** | Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке"<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. **(сенсорика)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Қанат қағайық оң жаққа "сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>- Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бізде жүк машинасы бар"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру біліктерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**Қозғалмалы ойын "Кім тыныш".**<br>Ойынның мақсат- | **Дене шынықтыру**<br>"Кел, допты лақтырайық"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастан асыра лақтыруды үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**«Қапқа картоп жинайық» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалар картопты | **Музыка**<br>"Күз бізге сыйларын тарту етеді"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баяу сипаттағы әуенге жай екпінмен жүру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Балалардың үйлесімді дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерінің дамуына ықпал ету.<br>**Ойын "Күн мен жауын"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Металлофонда жауын жауғанын білдіретін дыбыстарды тыңдату. | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануды үйрету, бірігe ойнауды үйрету.<br>**«Допты домалату» ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалар кілем үстіне бір-біріне қарама-қарсы жұптасып отырады. Араларында 80 см қашықтық бар. Аяқтарының арасын ашып, допты алдыға қарай домалатуға дайындалады. | **сөйлеуді дамыту**<br>**"Себетке жинаймыз" ойыны" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимылдарын көрсете білуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналаға әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын "Ғажайып қап".**<br>Мақсат-міндеттері. Бос себетке жемістер мен көгөністерді жинайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалар бірінен кейін бірі қатармен жүреді.<br>Педагог:<br>- Түн болды, балалар ұйықтайды.<br>Педагогтің сөздерінен кейін балалар тоқтайды, отырады, бастарын еңкейтеді, көздерін жұмады.<br>Қимылдап қойған бала қатардың аяғына тұрғызылады. | (кішкентай доптарды) шелектерге лақтырады. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қоршаған ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырзалиев "Көше тазалаушы".<br>Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br><br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, | қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**"Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; | ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені | ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Табақшада жатты бұршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты, | жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | жаңғақтарды күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде орман ағаштарында жаңғақтар да піседі.<br>- Қанекей, піскен жаңғақтарды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинағанды көрсетеді, балалар еліктейді, жүреді, тоқтайды, қолдарын жоғары созып, аяқ ұштарына тұрып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>Орманмен жүрейік,<br>Жаңғақтар терейік.<br>Бір жаңғақты биіктен,<br>Екіншісін төменнен,<br>Қалғандарын жан-жақтан<br>Шапалақтап алақан.<br>(Д. Ахметова) | мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, сендер маған қарай қолдарыңды былай жайып жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас, | Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. | адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Арпа менен бидай шаш. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ».**<br>Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау)<br>Мақсат-міндеттері: тәрбиешінің сөзін тыңдауды, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауды үйрету.<br>Балалар қолдарын артына жасырады.<br>Тәрбиеші: "Қолдарың қайда? Қолдар жоқ!". | **Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр".**<br>**Мақсат-міндеттері.**<br>Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді.<br>Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл | **"Тиінге арналған үй" (сенсорикадан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шамасы бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика,логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиеу, бірге ойнау.<br>**«Текшені жасыр» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалар тиіннің бағыты бойынша үлкенді-кішілі текшелерді арттарына жасырады, | **"Үлкен - кішкентай" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету.<br>Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған.<br>Тапсырма: ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу.<br>**(сенсорика)** | **"Топ-топ басайық" ойын.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету; аяқ бұлшық еттерін нығайту.<br>Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу.<br>Топ, топ, топ басайық.<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!" Балалар ойынды бастайды, ойын жалғаса береді." **(сөйлеуді дамыту)** | күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br>Мәшинеге міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>(Д. Ахметова**)**<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | оның өлшемін атайды.<br><br>**"Түстерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу; қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар орналастырылған. Текшелер қызыл, шарлар жасыл түсті болады.<br>Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша ажырату.<br>Баулармен ойын.<br>**(сенсорика)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Музыкалық-ритмикалық жаттығу.**<br>"Сиқырлы саусақтар"<br>Бала, бала балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай, былай ойнат.<br>«Тық-тық» дыбыс шықты | **"Жемістер".**<br>Ал баубақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда | **"жемістер ".**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан жемістерді  илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Басбармақ тақылдады.<br>Артынан<br>саусақтарының<br>Барлығы мақұлдады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | | бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11 - 11.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022. | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілінетін орнын немесе суретін көрсету. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Пойыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүрзігіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп, ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у .. | **Арба ойыншығымен ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері: арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстауды үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң -<br>жорғалайды,<br>Дөңгелектері<br>домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, | **"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткен кезде, қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған | **Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".**<br>Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>***"Бағдаршамдар ұйықтамайды".***<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет)<br>4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтың бойында. Отырып, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бір-бірімізге "Сәлем!" - айтамыз,<br>Бірге жүріп, тату ойнаймыз.<br>Ендеше, көлікке отырайық,<br>Рульді ұстайық та, оңға бұрайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Аспанда ұшақ ұшып барады".<br>Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз жүйткіп келеді".<br>Мақсат-міндеттері. | **Музыка**<br>"Біз көлікпен жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері."Жапырақта | **Дене шынықтыру**<br>"Қояндар көгалда ойнап жүр".<br>Мақсат-міндеттері. | **"Көңілді ұшақ" (мүсіндеуден ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | Балалардың допты домалату дағдыларын қалыптастыру, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, біріге ойнауға үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Мені ұстап ал!»**<br>Мақсат-міндеттері. Ойыншыларды ұстап алу. | Балалардың допты айналдыру дағдыларын бекіту, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, бірге ойнауға үйрету.<br>**«Допты домалату» ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен педагогке қарай домалату.<br>Балалар кілем үстінде бір-біріне қарама-қарсы жұптасып отырады. Араларында 80 см қашықтық бар. Аяқтарының арасын ашып, допты алдыға қарай домалатуға дайындалады. | р" әуеніне балаланың эмоциналды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты біркелкі әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдарды нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауды үйрету.<br>**Ойын "Күн мен жауын".**<br>Мақсат-міндеттері. Педагог металлофонда жауын жауғанын орындайды. Балаларға есте сақтауға ұсынады. | Әртүрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпқа қоюды үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен аттап өтуге және еңбектеп өтуге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Қояндар мен қасқырлар»**<br>Мақсат-міндеттері. Қасқырлар қояндарды еңбектеп жүріп қуу керек. | Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; ермексазбен жұмыс істеу ережесін сақтау.<br>**"Ұшақ" саусақ гимнастикасы. (сөйлеуді дамыту)**<br>Ұшақты құрастырамын,<br>(екі қолымызды екі жаққа созамыз)<br>Шет елдерге ұшамын,<br>(Саусақтарымызды қозғалтамыз)<br>Теңіз, орман, алқап, таудың үстінен.<br>(Саусақтарымызбен "шашырату" жаттығуын жасаймыз)<br>Әлемді шарлаймын,<br>(Шарды елестетіп, құшақтаймыз)<br>Үйіме сосын қайтамын.<br>(Алақандарымызды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жаямыз) |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: серуенге қызығушылықты ояту.<br>Серуенге қажетті құралдарды әзірлеу, балалармен жеке сұхбат жүргізу, киімдерді ретімен кию: жейде, шалбар, бас киім және аяқ киім. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күні бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды?<br>- Жапырақтар қайда түсті?<br>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.<br>- Аспанға қараңдаршы. Сұр бұлттар ұшады. | **Итті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ит, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>Иелері серуендейтін иттерді бақылау.<br>Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, көркем** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді** | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Мысық мейірімді, сүйкімді, сабырлы, «Мияу-мияу» дейді. Мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы, жүні бар. Педагогпен бірге олар мысықта бардың бәрін көрсетеді және атайды. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді.<br>Мынау тұрған мысық,<br>Екі көзін қысып,<br>Ұйықтап отыр маужырап,<br>Сүт көжесін ішіп.<br>**Қимылды ойын « Құстар мен мысық» (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Адамдарға қараңдаршы. Ауа салқын, жылы киінеміз.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады. | **сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»),деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да дыбыстық белгі беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын | Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала болып тұрады. Қалған балалардың бәрі шеңберді айнала тұрады, бұлар құстар. Құстар шеңберді айнала жүріп дәндерді шоқиды. Мысық оянып кетіп, құстарды көреді, мысық оларды ұстай бастайды. Құстар шеңберден ұшып кетуге асығады. Мысық шеңбердегі қай құсқа тиіп кетсе, ол ұстаған болып есептеледі де ортаға келеді. Мысық 2-3 құсты ұстаған кезде тәрбиеші жаңа мысықты таңдап алады. Ұстап алған құстар барлық ойыншыларға келіп қосылады. Ойын 2-3 рет қайталанады. | - Жарайсыңдар!<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың дыбысы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. | | көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жемді шоқуды, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | | Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойын. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>Көлікке өз дөңгелегін салайық,<br>Көшені айналып шығайық.<br><br>**Саусақ жаттығуы «Кеме» (сөйлеуді дамыту)**<br>Су үстінде кемемен,<br>Кесіп өттік толқынды. | **"Дұрыс орналастыр" ойыны. (сенсорика, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу.<br>Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br><br>**Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі | **"Би-би-би! Жүрейік!" (қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру.<br>"Құлып" саусақ гимнастикасы.<br><br>**Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету. | **"Пойыз" (көркем әдебиеттен ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өлең тыңдауды үйрету, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу аппаратын, есту арқылы қабылдауын дамыту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>Балалардың тыңдау қабілетін қалыптастыру, сұрақтарға жауап беруге, көлік түрлерінің атауларын есте сақтауға ынталандыру.<br>Өзгелермен және құралпастарымен достық қарым-қатынасты дамыту.<br>Дидактикалық-сөздік ойыны. "Пойызда нелер бар?"<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар** | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға машина, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады.<br>Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", машинаны "бип-бип" деп дыбыстайды.<br><br>**"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қос күрекпен есіп ап,<br>Су көлігі зырлайды. | ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br>Мәшинеге міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>(Д. Ахметова") | Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң -<br>жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. | **ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды | **ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың"(жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау) | үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" | **"Жүрейік" қимыл жаттығуы.**<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>**(дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – жауса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Алмалар".**<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | Қ .Мырза Әли.<br>"Паровоз".<br>Пыс-пыс! - деді,<br>- Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>- Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-түкі,<br>Тақы-түкі, Тез өт! - деп,<br>Тоқтамайды дөңгелектер безектеп.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас  балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **14.11 - 18.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, құрап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын қадағалау;қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, азықтану әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орамалды ілетін орнынның суретін көрсету. | | | |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тақпақты, "Көжек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу.<br>Ұзын аяқ, ұзын құлақ,<br>Күртешесі сұр, жұмсақ,<br>Қорқақ, қыли көздері,<br>Ұстай алмаймыз, қуаласақ.<br>(Д. Ахметова) | **«Ненің дауысы?» дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды есту зейінін шоғырландыруға тәрбиелеу. Балаларға ойыншықты дауысынан анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: балаларға таныс үй жануарларын бейнелейтін дыбыстық ойыншықтар дайындау (сиыр, ит, ешкі, мысық жәнетағы басқа).<br>Педагог дайындалған ойыншықтарды шығарады (бір-бірден), сәйкес жануарлардың дауысына еліктей отырып, олармен ойнайды, содан кейін балаларды тыңдауға және дауысы бойынша | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). (сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға кірпінің қатпа қағазынан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br>С. Сәрсенов "Кірпі".<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстай болмайды. | **«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау.<br>Құрал-жабдықтар: бала санына қарай көлемі шағындау, жұмсақ ойыншықтар.<br>Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жаймен ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі, | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Құстарға еліктеуге шақыру; жедел жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту.<br>Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді. Педагог:<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Неге жерге қонбайсың?<br>Жем шашайын жейсің бе?<br>Сонда торғай тонбайсың.<br>Торғай ұшып кетті!<br>Соңғы сөздерден балалар қанаттары мен қолдарын сермеп ұшады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | не оларға қонаққа келетінін болжауға тапсырма береді. | Сабағынан үзілген Ошағаннан аумайды. | Ойын бітті, мінеки! | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкейіп, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет)<br>4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар орман мен даланы мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық,<br>Тіршілігіне қарайық.<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Орман тұрғындарына қонаққа барайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кішкентай допты (қапшықты) оң және сол қолмен лақтырған кезде бастапқы позицияны дұрыс ұстауды үйрету, | **Дене шынықтыру**<br>**"Аңдар балаларға қуанады".**<br>**Мақсат-міндеттері.**<br>Балаларды тепе-теңдікті сақтап, гимнастикалық жолмен жүру жаттығуларын жалғастыра отырып, батылдық сезімін | **Музыка**<br>"Біз билейміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық | **Дене шынықтыру**<br>"Бір, екі, үш! Жүгір!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог | **"Жабайы аңдар" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнында секіру (секіру) кезінде қозғалыс қабілеттерін дамыту, гимнастикалық жолдың бойымен алақан мен тізеге тірек етіп, еңбектеу дағдысын машықтандыру, кедергілерді жеңуге деген сенімділік сезімін қалыптастырады, ойын әрекетіне қатысуға эмоционалды жауап тудырады.<br>«Кемпірқосақ» қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br>Кемпірқосақ біздің үстімізде, (бастың үстіне екі қолмен жарты шеңбер салу)<br>Ағаштардың үстінде, (қолды жоғары көтеру, саусақтың арасы ашық)<br>Үйлердің үстінде, (қолды бастың үстіне бүгу)<br>Өзен үстінде, су | арртыра түсу.<br>Балалардың көлденең нысанаға екі қолмен өздеріне ыңғайлы түрде лақтыру дағдыларын жетілдіру.<br>Олардың жүгіру дағдыларын күрделендіре отырып, дамытуды жалғастыру (баяу жүгіру, аяқтың ұшымен жүру, шеңберден шеңберге адымдау).<br>Қимылды ойын. «Бір, екі, үш - жүгір! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br>Бір, екі, үш! Қоянға қарай жүгір! (балалар ойыншық қоянға жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Тиінге қарай жүгір! (балалар ойыншық тиінге жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Қонжыққа қарай жүгір! (балалар ойыншық қонжыққа жүгіреді) | шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. | нұсқауларына назар аудару, жаттығу жасау ептілігіне жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Бір, екі, үш! Жүгір! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Бір, екі, үш! Қоянға қарай жүгір! (балалар ойыншық қоянға жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Тиінге қарай жүгір! (балалар ойыншық тиінге жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Қонжыққа қарай жүгір! (балалар ойыншық қонжыққа жүгіреді) | әрекеттерін көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Тақпақ тыңдау.**<br>Қадыр Мырза Әли «Табиғат — жаратылыс пернесі».<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да,<br>Құлын боп ойнап қайтамын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстінде, (қолмен толқын жасау)<br>Менен сәл жоғары (басты қолмен түрту)<br>Сәлем, орман, ну орман! (оңға, солға бұрылады)<br>Ертегілер мен ғажайыптарға толы! | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты дұрыс киюге үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер. | **Бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Бұтаның негізгі бөліктері туралы түсінік қалыптастыру; өсімдіктер әлеміне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Дауылға да, аязға да,<br>Шыдап бағар міз бақпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап-жасыл боп тұрады.<br>**Қимылды ойын «Ұшақтар». (дене** | **Күшікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ит, күшік, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Иелері серуендететін иттерді бақылау.<br>Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейінін, ой-қиял қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы. Бұл не?<br>- Ағаштарда жапырақтар бар ма? | **Маусымдық құбылысты бақылау. Қырау, аяз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Су күйлерінің бірі ретінде аяз туралы түсінік қалыптастыру.<br>Аязға назар аудару.<br>Қырау - су буының тамшылары, олар қар ұлпасы сияқты қатып қалған. Балаларға ағаштар мен бұталардағы қырауды мұқият тексеріп, қыраумен жабылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. (Д. Ахметова) **"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерге менің соңымнан қайталауға болады. | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету; оларды тәрбиешінің белгісі бойынша тез әрекет етуге дағдыландыру. Балалар өлең оқып, қимылдың бағытын көрсетіп тұрған тәрбиешіні айнала қоршай тұрады. Балалар оның артынан қайталайды. О, алтын күн, алтын күн, Әйнектен қара, жарқын күн! Балаларың жылауда, Сүрініп тасқа құлауда. Балалар әннің ырғағына қарай қолдарын соғады, тізе бүгіп жүресінен отырады (екпінмен айтылған сөздерде). Қол соғуды тоқтатпай, | аң аулауға шығады). Күшігім менің, күшігім, Үй күзетер пысығым. Үргені де шамалы, Тамақ берсең болғаны. **Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында | - Жапырақтар қайда? Педагог көркем сөзді қолданады. М. Әлімбаев "Күз"ү Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. Педагог: - Иә, жапырақтар жерде жатыр. - Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші. - Қандай дыбыстар шығады? - Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді. - Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты. **"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі | бұтақты алақанмен ұстау. Бұтақ пен алақанға не болды? Аяз қайда кетті? Аяз келді қаһарлы, Айналаны қар жапты. Ақ тон киіп орман тұр Дәл атамдай салмақты. **«Торғайлар» қимылды ойыны (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды төмен заттардан секіруге, шашыраңқы жүгіруге, тәрбиешінің берген белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды бір-біріне көмектесуге үйрету. «Құстар ұшып жүр!» белгісі бойынша. Балалар ойын алаңын айнала жүгіреді, құстарды бейнелейді. «Мысық!» белгісін естіген «Құстар» үйлеріне «ұшып кетеді». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | бір орында секіреді. | тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі.<br>Жарайсыңдар!<br>Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай қоректі іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>(Д. Ахметова)<br>- Қанекей, балалар, мына жатқан жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Зиянды әдеттер», «Тұмаудың алдын алу», «Демалыс күндері күн режимін қалай сақтау керек?» |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ |
|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/ | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12 - 09.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2023 | 06.12.2023 | 07.12.2023 | 08.12.2023 | 09.12.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; | **"Үстел үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл | **"Балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылауға үйрету".** Мақсат-міндеттер: Бөлме өсімдіктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін қалай білуді сұрау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. | қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, беттерінің тегіс болуын бақылау. | қарауға,күтуге үйрету, өсімдіктерді күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. |
| | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар.<br>Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын | **«Қоян»**<br>Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің. | **«Қысқы би» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар. | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың | **«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Қане, қане балақай, (шапалақ)**<br>**Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)**<br>**Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)**<br>**Ойнаймыз біз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу). | **шаттана. (шапалақ)**<br>**Аққала, аққала**<br>**Сені жасап бәріміз,**<br>**Айналамыз қуана!**<br>**(шеңбер болып айналады))**<br>**Г.Жетписова**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гигиеналық дағдылар**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау);<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою; тұрып, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада. (Екі қолдарын алға жаяды) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тіпті «сәлем» - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме.(Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды)<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Отанымыздың жауынгерлері" Мақсат-міндеттері. Тізені жоғары көтеріп жүру қабілетін дамыту; тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; эмоционалды көңіл-күйді көтеру; балаларда жоғары жылдамдықты қабілеттерді тез игеру қабілеттерін тәрбиелеу.** | **Дене шынықтыру**<br>"Қазақстанның спортшылары!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды доппен жаттығулар жасауға жаттықтыру: домалату, қашықтыққа лақтыру, екі қолмен төменнен көлденең нысанаға ; ұйымшылдық қабілетін дамыту, дене тәрбиесі оқу іс-әрекеті кезінде құрдастарымен достық қарым-қатынасты сақтау; балалардың денсаулығын нығайту шаралары, түзету жаттығуларын қолдану арқылы | **Музыка**<br>"Көңілді мереке"<br>Мақсат-міндеттер. "Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Аққала"<br>Мақсат-міндеттер. Жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру; лақтыра білуге, секіруге жаттықтыру; балалардың жыл мезгілдерінің таулары, оларды анықтай білу білімдерін бекіту; зейінін дамыту; балаларға қуаныш сезімін беру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Әжейге арналған табақ"<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кесегінен есу, үзіп алу, түзулеу мүсіндеу тәсілдерін қалыптастыру; алақанның айналма қозғалысымен есу, кесектен бөлшекті үзіп алу арқылы ұсақ қол маторикасын дамыту. Үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | нығайту (массаж доптарымен жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, қимылды ойындар); достық қатынастарды, өзара көмекке, спортқа қызығушылықтарын арттыру. | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге жиналу кезіндегі реттілікті орындауға үйрету: алдымен не киеміз, содан кейін не. Серуенге жағымды көңіл-күймен шығуға бейімдеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін | Күрекшені аламыз,<br>Жолды қардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді | қалыптастыру; табиғатты қорғауға және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.)<br>Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал. | жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ | үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, | тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға үйрету, секіруді, қол шапалақтауға, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау.<br>Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным,қояным ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киш**і,**<br>Көлегіңді киші. | Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер құруға, оны кеңірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады.<br>Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!-дейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші | қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, | келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүрейік,<br>Тыныс алып,<br>үлгерейік.<br>Тыныс алып<br>болайық,<br>Қадам басып,<br>тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | | «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады. Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарлар бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балаға ұсынылады. Суреттен қандай жануар құрастырғанын бала айтуы керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Қазақстан жалауы" Ө. Ақыпбекұлының өлеңін оқу" Мақсат-міндеттер. Балаларды Ө. Ақыпбекұлының "Қазақстан жалауы" өлеңімен таныстыру. Отан туралы білімдерін нақтылай түсу, өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету; сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Отансүйгіштікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Отанымыз - Қазақстан" Мақсат-міндеттер. Балалардың туған жер туралы түсініктерін қалыптастыру, тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы. Қазақстан Республикасының рәміздерімен (ту, гимн, елтаңба) таныстыру. Туған жердің құндылығы мен әсемдігі туралы түсініктерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін, зейінін, қызығушылығы мен байқауын дамыту. Өз Отанына деген | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген). Қолғаптарды қалпына келтіру қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу керек. (сенсорика)** | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта) Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3, 4, 5 Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | патриоттық сезімдерін көтеру. | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аппақ қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын, аққала мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас  тобы** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта** | **12.12 - 16.12.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **күндерін, айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.12.2023 | 13.12.2023 | 14.12.2023 | 15.12.2023 | 16.12.2023 |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Біз орындықтарды орнына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, ересектерге көмектесу, орындықтарды тез, дұрыс орналастыру. | **"Топтың ішін тәртіпке келтіреміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың жұмыс істеуге деген қызығушылығын ояту, топтың ішін жинау. Бізде көп ойыншықтар бар: аюлар, қуыршақтар және біз олармен ойнаймыз. біз олармен ойнап болғаннан кейін, жинап, орнына қоюымыз керек. | **"Ойыннан кейін топтың ішін жинау".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. | **"Текшелерді жинау"** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің нұсқауларын тыңдауға, ойыншықтар арасында текшелерді табуға үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сиқырлы сандықша" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды дұрыс атауға үйрету. Тәрбиеші балаларға сандықшаны көрсетіп, былай дейді: Мына сандықшаның ішінде әртүрлі суреттер бар. Қазір бір-бірлеп келіп, сандықшадан суреттер аласыздар. Қандай сурет бейнелегенін маған айтасыңдар. Балалар суретті алады, онда не бейнеленгенін атайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Түрлі-түсті қыстырғыштармен ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; оларды қысқыштармен жұмыс жасауға икемдеу. Балалардың ұсақ моторикасын дамыту. Саусақ күштерін жетілдіру. Әр жыл мезгіліне қатысты заттарды қыстырғышпен қыстыру. **(сенсорика)** | **"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан туралы алғашқы жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады. "Менің Отаным". | **"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақтың ырғағына және мазмұнына сай саусақ жаттығуын жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар. Педагог алғашында балалардан балабақшаға автомашина немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, машинаның (көліктің) суретін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Отан деген – атамекен,<br>Отан деген – туған жер.<br>Отан – ана,<br>Отан үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | көрсетеді.<br>Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, содан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады.<br>- Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гигиеналық дағдылар**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау);<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою; тұрып, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Кел, допты домалатайық" Мақсат-міндеттер.** Балаларды әр түрлі заттардың (қақпалардың) астымен 1-1,5 м қашықтықтан берілген бағытта еденде отырып допты домалатуға үйрету; допты бір-біріне алға бағытта домалату, оны қатты итеріп жіберу қабілетін бекіту; қолмен үйлестіруді дамыту; кеңістікті бағдарлай білу, көздің қадағалау қызметін белсендіру мүмкіндігі. | **Дене шынықтыру "Аққаламен футбол ойнайық" Мақсат-міндеттер.** Кедергілерден аттап өтіп, алға жылжыта отырып, екі аяғымен секіру, серуендеу, бір қолмен көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, «қыс» белгілерімен таныстыруды жалғастыру. | **Музыка** "Қоңырауым сыңғырлайды" Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. | **Дене шынықтыру** "Жаңа жылғы сыйлықтарды табайық" Мақсат-міндеттер. Залдың барлық аймағын пайдаланып, жүру және жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; доғаның астында төрт аяқтап өту; қол мен аяқтың қозғалысын, лақтыруды дұрыс үйлестіру қабілетін бекіту; орындықта жүру кезінде тепе-теңдікті сақтап жүре білуге жаттықтыру; алға қарай екі аяқпен секіру. | |
| **Серуенге дайындық** | **"Әдепті түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсетуді қалыптастыру, бауларды байлауды және түймелерді түймелеуді қалыптастыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыста құстарды бақылау. (қоршаған** | **Қыс мезгілінде өсімдіктерді** | **Өткен адамдардың киімдерін бақылау.** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қыста құстар тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесу қабілеті мен тілегін дамыту.<br>Торғай, торғай, тондыңба,<br>Тұра алмайсың орныңда?<br>Бір қонасың бір ұшып,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Жем іздейсің айнала.<br>Үйге кірші , торғайым,<br>Мен аяздан қорғайын.<br>Үйшік жасап берейін,<br>Алдыңа жем төгейін.<br>- Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен? | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру.<br>Балаларға оларды жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер де қардың астында қатып қалмайды. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!». (дене шынықтыру)** | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Біз оларды немен тамақтандырамыз?<br>- Жемшашардан қандай қызықтар байқауға болады?<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.<br>Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып | Мұны қалай жасау керектігін көрсету.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт - сарт - сарт,<br>Шапалақ соғамыз.<br>Етік киіп аламыз,<br>Топ - топ - топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз.<br>Тоңды киіп аламыз,<br>**Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бір-біріне қарсы жүгірмеуін қадағалау.<br>Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру.<br>Педагог «күн» дегенде - балалар қозғалады, жүргіре алады, | Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз. | шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындықтарына отыра қалады. | шапалақтайды.<br>«Түн» - барлығы тоқтап, қозғалмауға тырысады. | | - Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жаңа жыл"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілінде болатын Жаңа жыл мерекесімен таныстыру, ересектердің сөздерін тыңдай білуге, сұрақтарға жауап беруге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды, тіл | **"Саусақ жаттығуы «Қыс»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету; келісімді сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді бізге қыс міне,<br>Ақ қарлар, ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Жаңа жылдық ойыншықтар"<br>Мақсат-міндеттер. Біртектес заттарды белгілерінің біріне сәйкес тануға және топтауға үйрету: пішіні бойынша; ,доптың қайсысы үлкен немесе кіші екенін түртіп отырып болжау; заттардың көлемін және кеңістіктегі орналасуын қабылдауды дамыту; ойынға деген | **"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөзін тыңдауға, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауға үйрету.<br>Балалар қолдарын артына жасырады.<br>Тәрбиеші: "Қолдарын қайда? Қолдар жоқ!".<br>Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!".<br>Балалар ойынды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетін, зейіндерін дамыту; оқу қызметіне, мерекеге қызығушылықтарын тәрбиелеу. | | жағымды қатынасты, достықты тәрбиелеу. | бастайды, ойын жалғаса береді. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Баулармен ойнау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Балалар қараңдаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңыз. Ал енді, сендер | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек | **"Түстерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу; қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Бір үлкен қорапта жаңа жылдық шарлар орналастырылған. Жаңа жылдық ойыншықтардың түсін атау.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасап көріңдер. Балалар өздері баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. **(сенсорика)** | секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың денсаулығын нығайту», «Баланың сөйлеуіне қалай көмектесуге болады?», «Жас балалардың сенсорлық дамуына арналған ойындар» | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12 - 23.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2023 | 20.12.2023 | 21.12.2023 | 22.12.2023 | 23.12.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. "Үлгілі отбасы" атты тақырыпта ата-аналармен әңгіме жүргізу. "Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-ана кеңесі. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | **"Конструкторды қорапқа жинау"** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын конструктордың қорапқа жиналып тұратындығына аудару. Егер олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру. Еңбек тапсырмасы: конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау. | **"Ойыннан кейін топтың ішін жинау"** Мақсат-міндеттер. Балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. |
| | **“Қарлы кесек» ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға мұрынмен демалуды үйрету, | **Саусақтарға арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, | **"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. | **Баулармен ойнатылатын ойындар** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күрделірек демалу жаттығуларын жасату.<br>Құрал-жабдықтар: «қарлы кесек» мақтадан, текшелер.<br>Мақта талшықтарынан допты домалату-ол «қарлы кесек».<br>Текшелерден-қақпа жасау. Тәрбиеші балаға «қарлы кесекті» үрлетіп, қақпаға кіргізуді ұсынады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Бала, бала, балақан,<br>Қане, қайсы алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай, былай ойнап.<br>(Саусақтарын ары-бері айналдырады)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі-түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен | көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; бау тағып үйрету; ойлау қабілетін, ұсақ саусақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі түсті баулар<br><br>Бауларды қолға аламыз,<br>Әдемілеп тағамыз.<br>Бауларды қолға алайық,<br>Жаңа ойынды бастайық!<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | безендіру.<br>- Шырша. Ә. Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)** | | дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайталануы: 4 рет.<br>2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ұсақ саусақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтың үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ<br>Саусақтарды даралап<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Сыйлықтарды Аяз атаның қабына жинайық"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Залдың барлық** | **Дене шынықтыру**<br>**"Менің жаңа жылғы сыйлығым"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды көлбеу тақтайда жүруге | **Музыка**<br>"Балалар мен сыйлықтар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>"Жасыл шырша" әуеніне балалардың | **Дене шынықтыру**<br>"Қармен ойнайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бір-бірден жүру және жүгіру жаттығуларын жасау, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Шыршаға арналған ойыншықтар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Сары, қызыл, көк |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **аймағын пайдаланып, жүру және жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; доғаның астында төрт аяқтап өту; қол мен аяқтың қозғалысын, лақтыруды дұрыс үйлестіру қабілетін бекіту; орындықта жүру кезінде тепе-теңдікті сақтап жүре білуге жаттықтыру; алға қарай екі аяқпен секіру.Балаларда жүру, жүгіру, жаттығу жасау кезінде және ойын кезінде арқаларын дұрыс ұстау қабілеттерін қалыптастыру.** | үйрету, кеуде бойынан қашықтыққа лақтыруға жаттығу жасау, балаларды өз қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіруге, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. | эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту. | допты қашықтыққа оң және сол қолдармен лақтыру, сигналға тез әрекет ету, балаларды жүруге жаттықтыру, тепе-теңдікті жоғалтпау қабілеттерін бекіту; балалардың ептілік, шапшаңдық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын, спортпен шұғылдануды қалауға тәрбиелеу. | түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту, мүсіндеу мен мейрамдарға деген қызығушылығын тудыру. |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: серуенге шығар алдында киіну мен шешіну дағдыларын қалыптастыру. Түймесі бар киімді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киіп-шешуге, киімдерде кездесетін жабысқақ заттарды шешуге үйрету. Қолдарын дағдыландыру; киініп-шешінуге ынталандыру; шешінетін бөлмедегі тәртіпті сақтауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс".** | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен бірігіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | **"Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру) | бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Өз бетімен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қадыр Мырза Әлидің "Жапалақ қар" өлеңін оқу"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қойылған сұрақтарға 2 - 4 сөзден құралған сөйлемдермен жауап беруге үйретуді, қарапайым жұмбақтарды мұқият тыңдап, шеше білуге үйретуді жалғастыру; | **"Үлкен - кішкентай" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету.<br>Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған.<br>Тапсырма: жаңа жылдық ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу.<br>**(сенсорика, сөйлеуді** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз Атаның қабында не бар?"<br>Мақсат-міндеттер. Мерекеге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру, қоршаған ортадағы және суреттегі заттарды тануға үйрету. табиғат құбылыстарын | **"Тауып алда, ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөздік нұсқау бойынша заттарды тауып атау біліктіліктерін дамыту; олардың түсін, пішінін, көлемін атауға бейімдеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зат есімдер мен сын есімдерді қолдануға итермелеу; негізгі түстермен: қызыл, көк, сары, жасыл таныстыру; Сөйлеудің мағынасын түсіне білу, ересек адамдарға еліктеу дағдыларын дамыту, тілдік белсенділігін арттыру. | **дамыту)** | бақылау, оларды атау білу. Балалардың зейінін, қиялын, есте сақтауын, сөйлеу қабілетін дамыту. Өзгелерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қуанышты көңіл-күй қалыптастыру. | | Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Менің соңымнан қайтала" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың әуен ырғағына сай педагог көрсеткен қимылдарға еліктеуге | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа | **"Қораптың қақпағын табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды үлгі бойынша таңдауға дағдыландыру. Әртүрлі пішіндегі | **"Паровоз әні" дыбыстық жаттығуы.**<br>Мақсаты: артикуляцияны қалыптастыру, "у-у-у" әнін қайталап айтуға деген | **Саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; зейінді, вестибуляр аппаратын дамыту. **(музыка, дене шынықтыру)** | текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | қораптар (дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты) және соларға сәйкес қақпақтар. Тәрбиеші баланың қолын ұстап тұрып, қораптың ашылуына қажетті пішіні бар қақпақты көрсетеді. Балалар қақпаққа сәйкес келетін қорапты табулары керек. **(сенсорика)** | қызығушылық тудыру. **(сөйлеуді дамыту)** | деген сенімділікті арттыру. Бас бармақ –атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. Балалармен бірлесіп саусақ жаттығуын жасау. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Үлгілі отбасы" атты тақырыпта ата-аналармен әңгіме жүргізу. "Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-ана кеңесі. | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас  балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.12 - 30.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.2022 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтарды жинау".** Мақсат-міндеттер:балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға үйрету. Еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Топтың ішін ретке келтір"** Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. |
| | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл** | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".** Мақсат-міндеттер. | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту.<br>Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.<br>Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау) | соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді,<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.<br>(шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет.<br>2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Пингвиндер ұқсап секірейік" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі аяқпен алға секіруді үйретуді жалғастыру. Белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру.** | **Дене шынықтыру "Қарға секірейік" Мақсат-міндеттер.** Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу. | **Музыка** "Аққала " Мақсат-міндеттер. Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыраңқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың тембрлік естуін жақсарту үшін: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату. | **Дене шынықтыру** "Қысқы жолдармен жүрейік" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Аққала" Мақсат-міндеттер. Бір уақытта екі қасиетін ажырата білу: түсін және шамасын, ересек адамның көмегімен құрастыра білу, ұсақ моториканы дамыту, айналадағы ортаға жақсылық көрсетуге тәрбиелеу, бір жұмысты аяғына дейін орындауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын** | **Қоян ойыншығын** | **Жалауларды** | **Қардың тереңдігін** | **Терезедегі қырауды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жauуы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | **бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар!<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар? | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық,<br>Жіпке жалаулар ілдік.<br>Желге желбіреп олар<br>Бізге көзайым болар.<br>- Балалар, бұлар не?<br>- Жалаулардың түстері қандай?<br>- Жалаулар не істейді?<br>- Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін | **бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу | жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Жалаушалармен ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ұқсап қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыға бұлғауға ынталандыру.<br>*"Жалауша"*.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова | өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру) | **(қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Сөйлеуді дамытудан** | **"Көңіл-күй" атты** | **"Нені киесің?"** | **"Салғыш** | **Өнер бұрышындағы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **ойын-жаттығу** "Шанамен сырғанаймыз" Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс туралы ұғымдарын жалғастыра отырып, қыс қызықтарымен таныстыру, жаңа сөздермен таныстырып үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу. | **мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балаларды негізгі көңіл-күйлерді ажыратуға, оларды атауға ынталандыру; эмоцияларды жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту. Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады. (сөйлеуді дамыту)** | **ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | **бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы** | **"Сипау арқылы тап"** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған** | **«Түрлі түсті шарларды домалату»** | **"Қояндар сияқты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бірлескен әрекет.**<br>***Жеке жұмыс* (мүсіндеу).**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу.<br>Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету.<br>Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа. Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр»**.**<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған** | **секіреміз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: баланы алға қарай қозғалып, секіруге машықтандыру**.**<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ортамен танысу)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **04.01 - 06.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | 04.01.2023 | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "1-2 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | | | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен | **"Үстел үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және | **"Өсімдіктерге күтім"** Мақсат-міндеттер. Терезеннің әйнегінде қырау оюлары бар болса, балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | | | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген). Қолғаптарды «жөндеу» қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу кере**к.** | **"Жалпы атауын ата" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше затты бір жалпы атаумен біріктіруге бейімдеу; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Балаларға лото карточкалары беріледі. Балалар карточкаларды топтастырып жалпы атауын атаулары тиіс (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың қысқы киімдері). | **«Секірейік, секірейік!» жаттығуы** Мақсат-міндеттер. Балалардың сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту, жағымды эмоцияларды ояту.<br>Бір екі үш төрт бес!<br>Секірейік, секірейік! - (орнында секіру).<br>Оң жаққа бүгілейік. - (денені солға және оңға еңкейту)<br>Бір екі үш.<br>Сол жаққа бүгілейік.<br>Бір екі үш.<br>Енді қолдарымызды көтерейік - (қолдарын жоғары көтереді.)<br>Созылайық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сенсорика)** | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қане балақай, (шапалақ)<br>Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана! (шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | созылайық, (қолдарын созады))<br>Ал енді демалайық.<br>Аяқтарымызбен ойнайық,<br>Оң аяқты бүгейік, - (тізеңізді бүгіңіз).<br>Бір екі үш!<br>Сол аяқты бүгейік,<br>Бір екі үш.<br>Жоғары көтерейік - (жоғары көтереді.)<br>Айналамыз, айналамыз, (айналады)<br>Орнымызға тұрамыз! (орындарында тұрады!<br>Г.Жетписова<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (қапшықтармен).**<br>1.б .қ: Отырып, аяғымзды созамыз, екі қолыда ұапшықты тізеге қойыңдар. Қолымызды алға көтереміз, қапшықты маған көрсетіңдер, қолымызды төмен түсіреміз (4-6 рет).<br>2. б.қ.: тұрып қапшық төменде. Отырыңыз, қапшықты еденге қою, тұрып, қолымызды жоғары көтеру, содан кейін пдагогтың нұсқауы бойынша отыру, қапшықты алып, түзу тұру (4-6 рет).<br>3.б.қ.: Отырып,аяғымызды созыңдар, қапшық аяқтың арасына еденде, қолымызды артта еденге тірейміз. Аяғымызды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алшақ қойып , оларды біріктіреміз, тізені бүкпеуге тырысамыз (3-4 рет).<br>4. Педагогтің артынан шашырап жүгіру. Жүру."<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Ақылды боламыз.<br>Қыс мезгілі тамаша қандай, балақай!<br>Қанекей, қызықтаймыз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>**Қане, қане балақай, (шапалақ)**<br>**Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)**<br>**Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)**<br>**Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)**<br>**Аққала, аққала**<br>**Сені жасап бәріміз,**<br>**Айналамыз қуана! (шеңбер болып айналады))** | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны "Табиғат бұрышы"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.**<br>**Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға** | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Қысқы би» жаттығуы**<br>**"Табиғат бұрышы"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.**<br>**Қандай қызық қыс деген,**<br>**Бәрін шебер істеген.**<br>**Бау-бақшаны тауды да,**<br>**Бояған ақ түспенен.**<br>**Ішік, пима, қолғап бар,**<br>**Арада жоқ тоңғақтар.**<br>**Баста қалың малақай,**<br>**Біз тоңбаймыз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Г.Жетписова<br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру;<br>қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып | арналған тамақ.<br>Педагог балаларды әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br><br>"Пирамида жинау" ойыны (шағын топпен ойын)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды пирамида жинауға үйрету, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға ынталандыру.<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұратын | алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br><br>"Түрлі-түсті жіптер" дидактикалық ойыны (шағын топпен ойын)<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білуге үйрету, түстерді атауға ынталандыру.<br>Себетке түрлі-түсті жіптер салынған, балаларға бір жіпті алу ұсынылады.<br>Балалармен бірге тәрбиеші жіптерді тексереді: жіптер дөңгелек, жіптер домаланады, содан кейін тәрбиеші жіптердің түстерін атайды.<br>(сенсорика) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.**<br>**- Ақ мақтадай ұлпа қар**<br>**Жамылыпты қырқалар.**<br>**Қалың-қалың тоң киіп,**<br>**Маужырайды шыршалар.**<br>**Ш. Әлдибекұлы (сенсорика)** | **алынады. (сенсорика)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Табиғи құбылыс - қармен танысуды жалғастыру. Балаларды үнсіз қарда жүруге және оның қалай сықырлағанын | **Қардың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру (суық, ақ, қытырлақ). Балаларды қарды өз қолдарымен алуға ұсыну, суық деп | **Жаңа түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Қыс туралы түсінік қалыптастыру; қысқы табиғат сұлулығынан, серуендеу қуанышынан эстетикалық тәжірибе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тыңдауға шақыру.<br>Мүмкін ол біздің үстімізден жүретінімізге, оны таптайтынымызға «ашуланған» шығар? Мүмкін ол бірдеңе туралы сөйлесіп тұрған шығар? Қар не айта алады? Балалардың жауаптары.<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Елемейді ешкімде,<br>Суық пенен боранды.<br>Күні бойы тынбайды,<br>Суығына тоңбайды.<br>**«Алақанға секір» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту, дұрыс қалыпты қалыптастыру.<br>Тәрбиеші қолын созып, алақанына қолмен жетуге, содан кейін жоғары секіруге | қорытынды жасату, сондықтан қолғап кию керек.<br>Суық мезгілде қардан мүсіндеу мүмкін емес, өйткені ол құлап қалады. Балаларды қармен жүруге және жүрген кезде не естігендерін сұрау..<br>Қардың аяқ астына жиналатынын ескеру.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар-қар-қар!<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Қар-қар-қар!<br>Боран соқса қар болар,<br>Қар-қар-қар!<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>Қар-қар-қар! | тудыру.<br>Қыс келді, қыс келді,<br>Ақтарды ақ қарды.<br>Ақ қарды шимайлап,<br>Шаңғымен сызалық.<br>**Қимылды ойын «Көңілді қояндар» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге, секіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту..<br>Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастан қуаныш сезімін қалыптастыру<br>Ойнаушылар біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br>Бармақ боп тойға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шақырады. Тәрбиеші қолын балалардың басынан кішкене қашықтықта ұстайды. | | Құлағын жуды – түртінді,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян текстке байланысты қимылдардың бәрін жасайды – тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Бұдан кейін ол қос аяқтап секіреді, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол баланың орнын басады, ойын қайталанады.<br>5-6 қоян ауысқаннан кейін ойын аяқталады. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | | | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** | **«Қайда болу керек?» мультфильмін қарау. "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер.** | **«Күн сәулесі» ойыны. Жабдық: кішкентай айна. Тәрбиеші күн сәулесін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | "Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), | **Балалардың зейінін дамыту; заттардың орналасқан жерін байқауға, бір сөзбен қоңырау шалуға немесе саусақпен көрсетуге, «бар», «мұнда» сияқты сөздерді қолдануға шақыру; кеңістікті бағдарлаудың негізін қалау.**<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **айнамен қабырғаға түсіреді де, оны саусақтарымен ұстауды ұсынады. Тәрбиешінің белгісі бойынша, балалар оны ұстап алуға тырысады.**<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **“Қарлы кесек» ойыны.** "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Балаларға мұрынмен демалуды үйрету, күрделірек демалу жаттығуларын жасату. Құрал-жабдықтар: «қарлы кесек» мақтадан, текшелер. Мақта талшықтарынан допты домалату-ол «қарлы кесек». Текшелерден-қақпа жасау. Тәрбиеші балаға «қарлы кесекті» үрлетіп, қақпаға кіргізуді ұсынады. **(дене шынықтыру)** | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны.** "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Балаларға «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген). Қолғаптарды «жөндеу» қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу керек. **(сенсорика)** | **"Шаңғының жолы".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. **(мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың ойын әрекеті». | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек»( ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан»тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.01 - 13.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** ***09.01.2023*** | ***Сейсенбі*** ***10.01.2023*** | ***Сәрсенбі*** ***11.01.2023*** | ***Бейсенбі*** ***12.01.2023*** | ***Жұма*** ***13.01.2023*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Қырауларды бақылау".** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқсайтынына көңіл аудару. | бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | суаруды көрсету. |
| | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір- | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Қар" (Қ. Мырзалиев) тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қар туралы тақпақты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуға, қимылдауға ынталандыру; қыс мзгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау.<br>Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді.<br>"Қар".<br>Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар, | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті. | **«Қысқы би» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріне уқалау)<br>Маужырайды<br>шыршалар. (қолдарды<br>қосу, ұйықтап<br>қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>дене шынықтыру)** | - Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың<br>әрқайсына мақта<br>кесегін (мамығын),<br>алақанына салатындай<br>көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу<br>қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (қапшықтармен).**<br>1.б .қ: Отырып, аяғымзды созамыз, екі қолыда ұапшықты тізеге қойыңдар. Қолымызды алға көтереміз, қапшықты маған көрсетіңдер, қолымызды төмен түсіреміз (4-6 рет).<br>2. б.қ.: тұрып қапшық төменде. Отырыңыз, қапшықты еденге қою, тұрып, қолымызды жоғары көтеру, содан кейін пдагогтың нұсқауы бойынша отыру, қапшықты алып, түзу тұру (4-6 рет).<br>3.б.қ.: Отырып,аяғымызды созыңдар, қапшық аяқтың арасына еденде, қолымызды артта еденге тірейміз. Аяғымызды алшақ қойып , оларды біріктіреміз, тізені бүкпеуге тырысамыз (3-4 рет).<br>4. Педагогтің артынан шашырап жүгіру. Жүру."<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қар жауса, қар жауса,<br>Қуанады балалар.<br>Аппақ тау, аппақ шатыр,<br>Бүкіл жерде қар жатыр.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру** | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | **Мүсіндеуден ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | "Міне, қалай қар сықырлайды" Мақсат-міндеттер. Балаларды көлбеу тақтайда жүруге, оң және сол қолдарымен қашықтыққа лақтыруға үйрету, ептіліктің дамуына ықпал ету, жасқаншақтықты жеңу, бірге ойнауға үйрету. | "Қарды алысқа лақтырайық" Мақсат-міндеттер. Балаларға доп лақтыруды және оны ұстап алуды, көлбеу тақтайда жүру, еңбектеуге жаттықтыру, балаларды жылдамдық, ептілік, ойындар мен ойын жаттығуларына зейінін дамыта отырып, әртүрлі жүру және жүгіру түрлерінде жаттықтыру, тату ойнауға тәрбиелеу, жаттығуларға деген қызығушылықты арттыру. | "Қараңдаршы далаға" Мақсат-міндеттер. Балаларды қимылдарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Музыканы тыңдау және оған эмоционалды жауап беру қабілеттерін қалыптастыру. Бірдей қарқынмен ән айту үйрету. Балалардың темрлік есту қабілеттерін арттыру: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату үйрету. Қысқы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбилеу. | "Қысқы жолмен" Мақсат-міндеттер. Дене тәрбиесі кезінде түрлі жүріспен жүруге (қалыпты, аяқ үшімен, тізені жоғары көтеріп жүру, шаңғымен жүруді еліктеу, бірінің артынан бірі жүгіру) жаттықтыру; бекіту, құрсаудан құрсауға өтуді білу; гимнастикалық орындықта жүру жаттығулары (қол белде ) , жыланша жүру, доғаның астымен өту. | **жаттығу** "Аққала жасаймыз" Мақсат-міндеттер. Ермексазды алақанның ортасына салып, айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасауды үйренуді бекіту, дайын бұйымдарды тақтайшаға қоюды үйрету, дайын бұйыммен тамсану. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі | **Шымшықты бақылау (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Құстардың атауын, сыртқы түріне тән белгілерді бекіту; құстарға қамқорлық | **Мұзды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды судың | **Мұзды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды судың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша | жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала. | жасауға деген құштарлықты қалыптастыру.<br>Балалардың назарын басында қара қалпақ, ақ жағы, кеудесі сары құсқа аудару - бұл шымшық. Оның тұқымдарды қалай шоқитынын бақылау.<br>Балаларға қыста жем алу қиын екенін, оларды тамақтандыру керек екенін ескертіу.<br>Сары бауыр шымшықтар,<br>Қыстан аман шығыңдар.<br>Жазды көріп жайнаңдар,<br>Қуанғаннан сайраңдар.<br>**Қимылды ойын «Қарды кім алысқа лақтырады?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қашықтыққа лақтыруға үйрету. | қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ, тайғанап құлап қалуға болады деген ойды қалыптастырыру, байқағыштыққа, есте сақтауға, сөйлеуді дамыту мен қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді.<br>Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға қарды | қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, қызығушылыққа тәрбиелеу<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді.<br>Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.<br>Нысанаға қарды ата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды | Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. | | ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. | Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аппақ қар"<br>Мақсат-міндеттер. Қыстың негізгі белгілері туралы ойларын кеңейту және бекіту, табиғат құбылыстарын бақылау, оларды атау; байқауға, қорытынды жасауға, логикалық ойлауды, сөйлеуді, зейінді дамытуға үйрету. | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қар туралы жаңылтпаштар жаттау"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өлең мәтінін құлақпен қабылдау, жеке сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту. Есту жадын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Сөйлеу кезінде етістіктер мен зат есімдерді қолдануын белсендіру. Өлең | **Өткен адамдардың киімдерін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан. | **«Түрлі-түсті таяқшалар» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтардың түс қасиеттеріне балалардың назарын аудару, біртектес объектілердің бірегейлігі мен түстерінің айырмашылықтарын орнатудың қарапайым әдістерін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, сары, жасыл, көк түстер.<br>Алдымен тәрбиші таяқшаларды өзі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | айтуға деген құлшынысын, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру. | Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!».**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | таратады, содан кейін балалардың бірін кез келген таяқшаны алуға, бірдей түсті таяқшалардың қай жерде екенін көруге және оларды біріктіруге шақырады, содан кейін оны басқа түсті таяқшамен жасайды.<br>**(сенсорика)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** | Өздері сүйіп көретін ультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта | жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Қар жауды".<br>**(мүсіндеу)** | Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың зейінін дамытудың ерекшеліктері», «Баланы қандай түстермен таныстыру керек?», «Айналасындағы заттардың түстері және баланың денсаулығы». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01 - 20.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Үстел-үсті ойындары".** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суаруды үйрету. | **"Қырауды бақылау"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | **«Жануардың дыбысын сал» ойыны** Мақсат-міндеттер. Дем шығару кезінде буындарды айту арқылы сөйлеу тынысын дамыту. Тәрбиеші рифманы айтады, ал бала жануарларды дыбыстармен және қимылдармен бейнелейді:<br>Кі – кі – кі,<br>Сақалды ешкі. | **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)** Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5 | **«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу. Материал: үй | **«Біздің шырша» өлеңін мәнерлеп оқу.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шырша туралы өлеңді мәнерлеп оқуға баулу; жағымды эмоциялар тудырады.<br>Тауда туып, тауда өскен,<br>Шырша келді ортаға<br>Бәріміз бір дауыспен,<br>Дейік енді шыршаға<br>Әдемілеп біз ілген,<br>Ойыншықтар тізілген. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ – ақ – ақ,<br>Секеңдеген лақ.<br>Ік – ік – ік,<br>Шәукілдейді күшік.<br>Ық – ық – ық,<br>Тышқан жейді мысық.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын майманданп, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай | Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Қандай жақсы шыршамыз<br>Ән шырқайық баршамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шеңберлер сызу)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты үшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою, Н.Қ. оралу, сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға еңкейту. 6 рет.<br>3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею, 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оіға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Кім шапшаң, кім өжет?<br>Кім болады аппақ көжек?<br>Орнымызда секірейік,<br>Көжектей жүріп билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Біз шеңбер құра аламыз" Мақсат-міндеттер. Балаларды қол ұстасып шеңбер** | **Музыка**<br>"Қонжық пен көжек"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Түзу шеңбер"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қол ұстасып шеңбер бойымен жүру | **Дене шынықтыру**<br>"Құстар ұшып самғайды"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қол ұстасып шеңбер | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы орманға саяхат"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көрсету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бойымен жүруге, кедергілерден өтіп,төрт аяқтап еңбектеуге, допты домалатуға, белгілі бір бағытты ұстана отырып, жаттығулар жасауға үйрету.** | Балаларды қарапайым әндерді тыңдауға қалыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде орындап, қимылдарды музыка жетекшімен бірге қайталау үйрету. | қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларының дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы ақпарат беру; еңбетеп өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту. | бойымен жүру қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларының дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы ақпарат беру; еңбетеп өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту. | арқылы,балаларға қимылдарды үйрету, шамалар жайлы білімдерін бекіту (үлкен, кішкентай); балалардың шамалар жайлы қасиеттерін топтауды үйрету;сөйлеу қабілеттерін;ұсақ моториканы арттыру. Балалардың бойына жауаптылық сезімін және жабайы жануарларға көмектесу қасиетін сіндіру. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы | **Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген | **Ойыншық қоянды бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын ойыншық қоянға аудару; Тәрбиеші ойыншық** | **Ағашты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге** | **Қардың қасиеттерін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттерімен танысуды жалғастыру (суық, ақ, қытырлақ). Балаларды қарды өз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күшпен жетуге үйрету. Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз,<br>құламайды екенбіз. | ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, қызығушылыққа тәрбиелеу<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді . Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | **ақ қоянды көрсетеді.<br>- Балалар, сендер біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? (Бұл қоян.)<br>- Қоянның жүні қандай түсті? (Ақ )<br>- Қоянда тағы не бар? (ұзын құлақ, қысқа құйрық, аяқтары.)<br>- Қоян қайда тұрады? (Қоян орманда тұрады)<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым» деп ат қоям.<br>Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер:**<br>Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>Ойын мазмұны:<br>Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып | **тәрбиелеу.<br>Балаларға аязды күндері бұталар мен ағаштардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмауға, шпатламен діңге ұрмауға, шанамен басып қалмауға болатындығын түсіндіріңіз.<br>Жасыл желен жамылған,<br>Асыл моншақ тағылған.<br>Міне сұлу шыршамыз<br>Көптен күтіп сағынған.<br>«Қарғалар» жаттығуы (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер.**<br>Балалар қарғаны бейнелейді, тәрбиешіге еліктейді, белгі бойынша әрекет тетеді.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар-қар-қар! | **қолдарымен алуға шақыру, суық деп қорытынды жасату, сондықтан қолғап кию керек екенін айту. Суық мезгілде қардан мүсіндеу мүмкін емес, өйткені ол құлап қалады. Балаларды қармен жүруге және не естігендерін сұрау. Қардың аяқ астына жиналатынын ескеріңіз.<br>Ақша қар, ақша қар,<br>Аппақ болып қонасың.<br>Тоса қалсам қолымды<br>Алақаныма толасың.<br>Қимылды ойын «Екі аяз» (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі доспыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайынды<br>Мен Аязбын - Қызыл** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>Ақ қоян - ау, ақ<br>Орныңнан тұрсаңшы<br>Шашыңды тарасаңшы<br>Бетіңді жусаңшы<br>Әй - әй көйлек кисеңші.<br>Біреудің қолын үзсеңші -<br>Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | Қар үстінде жорғалар.<br>Қар-қар-қар!<br>Боран соқса қар болар,<br>Қар-қар-қар!<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>Қар-қар-қар! | **мұрын,**<br>**Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.**<br>**Мен аңдарды іздеймін**<br>**Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді)**<br>**Қатырамын!**<br>**(Қашады)**<br>**Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады.** |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** | **Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".**<br>Мақсат-міндеттер. | **"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **(мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5<br>Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | "Орманға барайық"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстырып, жаңа ұғымдар беріп, оларды дұрыс, анық, буындап айта білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге, жануарларға деген қызығушылықты, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>- Аппақ қарды паналап,<br>Аппақ қоян, тығылма!<br>Көлеңкеңнен үркімей,<br>Қорқақ қоян, қорықпа!<br>Қоян, қашып кетпе!<br>Міне, құрақ көрпе!<br>Суықта қалмайсың,<br>Жамылсаң – тоңбайсың.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе саусақпен көрсетіп, "әне", "міне" сияқты сөздерді қолдануға ынталандыру; кеңістікті бағдарлау негіздерін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады.<br>Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны "қарқ-қарқ" деп дыбыстайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Жел көбік» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>- Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз, | **"Алақанда дөңгелету"**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексазды 2 бөлікке бөлу, түзу қозғалыстармен | **"Қоян қайда?" қимыл жаттығуы.**<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.<br>Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді.<br>Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі,<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | айналдыру жаттығуларын жасау.<br>**(мүсіндеу)** | Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Баланың қажеттіліктерін ескерудің маңыздылығы», | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде". | Кеңес: "Ойын ойнаймыз, есте сақтауды дамытамыз". | Әңгімелесу: "Баланы қысқы мезгілде киіндіру тәртібі". | Әңгімелесу: "Табиғат біздің анамыз!" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Гигиеналық дағдылар денсаулық кепілі». | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01 - 27.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы | **"Қырау бақылау"** Мақсат-міндеттер. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету. |
| | «**Тоқылдақ» саусақ жаттығуы**<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Мәнерлеп оқу**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың сөйлеу қабілетін дамыту, балалардың ақыл-ой белсенділігін, қол моторикасын белсендіру<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортақ тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентай бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Сиқырлы алақандар музыкалық ритмикалық жаттығу**<br>Бала, бала балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарын әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **«Құстарды тамақтандыр» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Күшті, тегіс, бағытталған дем шығаруды дамыту; ерін бұлшықеттерін белсендіру.<br>Қақпаға - мақта немесе басқа жеңіл заттарды үрлеу. Жарыстар ұйымдастыру - кім көп салады (құстарды тамақтандырады).<br>Тәрбиеші жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді: мұрнымен дем алып, ернін түтікшемен бүктеп, ұзақ уақыт мақтаға самал сияқты үрлеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Әр түрлі пішіндегі заттарды сәйкес тесіктерге салу» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды нысандарды пішініне қарай салыстыруға үйрету.<br>Жабдық: әр түрлі пішіндегі саңылаулары бар қорап, қораптағы тесіктердің мөлшері текше мен доптың көлеміне сәйкес келеді. Доп текшеге және кубқа арналған тесіктен дөңгелек тесікке өте алмауы маңызды.<br>Педагог балаларға тесіктердің пішініне назар аудара отырып, тесіктері бар қорапты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | көрсетеді. Дөңгелек саңылауды қолымен сызып, балаларға осындай терезе бар екенін түсіндіреді, төртбұрышты саңылауды сызып, осындай да терезе де бар дейді. Содан кейін тәрбиеші балаларды кезекпен шарды сәйкес терезеге түсіруге шақырады. **(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты ұшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою, Н.Қ. оралу, сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға еңкейту. 6 рет.<br>3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею, 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оіға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | Құстардай ұшайық,<br>Бұтаға отырайық.<br>Дәндерді шоқып,<br>Аяққа тұрып,<br>Шеңберді құрып,<br>Күнге созылайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем берейік"<br>Мақсат--міндеттер.<br>Допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін нығайту; допты бастың артынан лақтыру техникасын жетілдіру; лақтыру дағдысын оң және сол қолмен жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>**"**Орманнан шыққан дыбыстар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың доптармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезінде ептілік пен зейіндерін дамыту; бірінен соң бірі жүру және жүгіре білу; жұпта, тізбекте және қатарда 2-3 баладан жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын орындау; допты жоғарыдан лақтыру қабілеттерін жүзеге асыру; допты алысқа лақтыру қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау. | **Музыка**<br>"Кел, балақан"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға әуен басталған кезде қимыл - қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Балаларды ән тыңдауға, олардың мазмұнын түсінуге үйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту. Музыкалық әуен ырғағына қарай қимыл жасауға тәрбилеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Қар жауса - балалар қуанады"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықта жүруге,еңбектеп жүруге және арқанның (рейку) астынан өтуге жаттықтыру, қол ұстасып шеңберде тұруға, тепе-теңдік пен қимылдарды үйлестіру сезімін дамытуға ықпал ету, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, тәуелсіз, сенімді әрекет ету. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қолғап" орыс халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көркем әдебиетке деген танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; есінде қалған кейіпкерлердің жеке бүркемелі аттарын қайталауға, кейбір жануарлардың қимыл - қозғалыстарын салуға үйрету; байланыстырып сөйлеуін, ойлауын, қиялын дамыту; Сөздік қорын кеңейтіп, байыту; ертегі бейнесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жеткізе білу қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері мен ерекшеліктерін зерттеу.<br>Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру, оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру.<br>Құстарға арналған «мереке» ұйымдастыру.<br>Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді салып, ағаштың айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады..<br>Қандай құстар қандай | **Суық торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер: қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету.**<br>**Торғай,торғай,тоқыл дақ**<br>**Жерден дәнді шұқып - ап**<br>**Бөтекесі бұлтиып,**<br>**Шиқ-шиқ етіп отырмақ.**<br>**Қимылды ойын «Көліктер мен торғайлар» (дене** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру.<br>Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық.<br>Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды.<br>Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей | **Қысқы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Қыс мезгілінде ағаштар туралы ойларын кеңейту, адамдарды туған табиғатының сұлулығына тамсануға үйрету, бақылау дағдыларын дамыту.<br>-Ағаштар не үшін керек?<br>-Ол адамға не береді?<br>-Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>**Қимылды ойын «Қар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жемді жейтінін балалармен бақылау.<br>Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. 5-10 см биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады.<br>Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін | **шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.**<br>**Ойын шарты:Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.** | шағып алады.<br>**Қимылды ойын «Екі аяз» (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі доспыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайыңды<br>Мен Аязбын - Қызыл мұрын,<br>Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.<br>Мен аңдарды іздеймін<br>Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді)<br>Қатырамын! (Қашады)<br>Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. | жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. | **кесектерін кім алысқа лақтырады?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Қар лақтыруға жаттықтыру, қолдың күшін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады. | | | Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Құстарға араналған жидектер"<br>Мақсат-міндеттер. Сары, қызыл, көк түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту, ермексазбен жқмыс жасау ынтасын ояту.<br><br>**Саусақ жаттығуы.** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жемшашарға құстар қонды"<br>Мақсат-міндеттер. Тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; балаларды қоректендіргішке тамақтануыға ұшып келген қыстайтын | **"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.**<br>- Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік.<br>Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды.<br>- Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.**<br>**Педагог балаларды** | **Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Дым да жоқ" (орыс халқының әні).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>- Ала қанат сауысқан<br>Пісірді де көжені,<br>Тағаттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сапта көжеге,<br>Дым жоқ сендей шөжеге!<br>Х. Ерғалиев | құстарды байқауға үйрету; құстарды суреттерден танып, оларды атау білу. Зейінділікті, байқампаздықты, қызығушылықты, сөйлеуді дамыту. Құстарға деген қамқорлықты тәрбиелеу, оларға қиын қысқы жағдайларда көмек көрсету. | қағып тұру)<br>Қыстап жүрген батыл құс.<br>Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу)<br>Жылдам-жылдам қағады.<br>Ұшып-ұшып, бұтаға,<br>Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру)<br>Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау)<br>Аспандарға ұшады. (Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**"Матрешка қуыршағымен ойнау".**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. | **жанына шақырады.**<br>**- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),**<br>**Қол ұстасып, жүрейік.**<br>**Ортадан артқа, артқа**<br>**Шегіндік. Енді тоқта!**<br>**Үлкен қылып үрледік (тоқтау),**<br>**Пах! Шарымыз жарылды!**<br>**(шапалақтап, сосын отыру)**<br>**Пшшшшшшшш...**<br>**(отырып жатқанда дыбыстар шығару)**<br>**Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.**<br>**"Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.**<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ұсыну.<br>"Тауық қалай ішеді?"<br>Тұмсығын тек малады,<br>Бір тамшылап алады.<br>Әзер жұтар шалқайып,<br>Бүлк-бүлк етіп тамағы.<br>- Бұл қалай су ішкені?<br>- Тірі азапқа түскені.<br>С. Боранбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | Үлкен-кіші ұғымдарын қалыптастыру. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мақсат-міндеттер. Өздерінің сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **«Әр түрлі пішіндегі заттарды сәйкес тесіктерге салу» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балаларды нысандарды пішініне қарай салыстыруға үйрету. Жабдық: әр түрлі пішіндегі саңылаулары бар қорап, қораптағы тесіктердің мөлшері текше мен доптың көлеміне сәйкес келеді. Доп текшеге және кубқа арналған тесіктен дөңгелек тесікке өте алмауы маңызды. Педагог балаларға тесіктердің пішініне назар аудара отырып, тесіктері бар қорапты көрсетеді. Дөңгелек саңылауды қолымен сызып, балаларға осындай терезе бар екенін түсіндіреді, төртбұрышты | **Сиқырлы алақандар музыкалық ритмикалық жаттығу** Бала, бала балақан, Кәне, қайсы алақан. Саусақтарын әйбат, Былай-былай ойнат. Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн, Жаса, жаса жарқын күн! **(сөйлеуді дамыту)** | **«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы** Тақылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап. Тоқ-тоқ-тоқ, Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар. Тоқ-тоқ-тоқ. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Құстарға арналған тамақ».** Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, дөңгелек қимылмен айналдыра білуге жаттығу жасату. **(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саңылауды сызып, осындай да терезе де бар дейді. Содан кейін тәрбиеші балаларды кезекпен шарды сәйкес терезеге түсіруге шақырады. **(сенсорика)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық сезімін дамыту», «Адамгершілік тәрбиесінің құндылығы». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01 - 03.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "1-2-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "1-2 жасар баланың қызығушылықтары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту; ұсақ ойыншықтар мен заттарды өз қораптарына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қою жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау. |
| | **«Қоршау салу» ойын-жағдайы** Мақсат-міндеттер. Тәрбиеші құрылыс материалдарымен ойнап жүрген балаларға: «Бұл сенің құрылыс алаңың ба? Сен не салып жатырсың? Алима, сенде не бар? Үй. Ал сенде, Мансур? Үй? Құрылыс алаңында | **«Батады, батпайды» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балалардың сенсорлық сезімдерін байыту, қуанышты көңіл-күй қалыптастыру, ұсақ моториканы дамыту, қол қимылдарын үйлестіру. Жабдықтар: сумен, шыныдан, пластиктен, ағаштан, металл шарлар | **«Әткеншек» ойыны.** Мақсат-міндеттер. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау Құрал-жабдықтар: балалар санына сәйкес | **Ойын «Тышқандар қалай шиқылдайды?»** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппараттарды жаттықтыру; ырғақты тыныс алуды қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: ойыншық тышқан. Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, | **"Сиқырлы алақандар" музыкалық ритмикалық жаттығу** Мақсат-міндеттер. Музыкалық ритмикалық жаттығу арқылы саусақ, алақан жаттығуын жасау; ұсақ моторикасын дамыту. Бала, бала балақан, Кәне, қайсы алақан. Саусақтарын әйбат, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақсы құрылыс материалдары бар екен. Сендер үйлеріңе қоршау тұрғыза аласыңдар ма? Үйдің қоршауы болғанын қалайсың ба? Онда жаңа құрылысты бастайық, қоршаулар қандай болатынын көрейік.<br>Мен кішкентай баламын<br>Үйде сала аламын.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>Қолыма балға аламын,<br>Қоршауда сала аламын.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | салынған ыдыстар. Тәрбиеші баламен бірге әртүрлі материалдардан жасалған шарларды немесе басқа ойыншықтарды суға тастайды. «Батады», «суға батпайды», «жүзеді» деген сөздерді түсіну жаттығуларын жасайды.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | шағын көлемді жұмсақ ойыншықтар.<br>Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жаймен ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті мінеки!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Мысықтан қорқады.<br>Пи-пи-пи-пи!<br>Тәрбиеші жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді: мұрынмен дем алу, дем шығарған кезде: «Пи-пи-пи-пи!»-деп айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қарлармен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>Жарайсыңдар, қаншама қарлар жасадық! Енді олармен ойнайық.<br>1.Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Б.қ. - негізгі қалып. 1 - қарды бір қолыңыздан екінші қолыңызға беріңіз (5-6 рет)<br>2. «Қарға қара, бірақ оны түсіріп алма»<br>Б.қ. - аяқ иық енінде, қарды ұстаған қолымызды алға созу;<br>1- қолмен денені оңға бұру, 2- қарды сол қолға салу, 3- қолмен денені солға бұру, 4- б.қ. (6 рет)<br>3. «Біз қармен ойнаймыз, оны жерге қойып, көтереміз». | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ. - аяқ иық енінде, екі қолда қар. 1- қарды еденге қою үшін еңкейіп, 2- түзеліп тұру, 3- еңкейіп, қарды алу, 4- б.қ. (6 рет)<br>4. «Ал енді еңкейіп отырайық, , көңілді жүр балақай!»<br>Б.қ. - негізгі тұрыс, қолында қар, 1- отыру, қолымызды алға созамыз, 2- б.қ .(6 рет)<br>5. «Біз сәл секіріп, аяғымызды жылытамыз»<br>Б.қ. - н.қ. қар еденде, орнында секіру, қол белде, жүрумен кезектесіп. (3 рет 15 секіру)<br>6. «Біздің аяғымыз тоңды, біз оларды аздап жылытамыз»<br>Қарды айналып өту (3 рет)<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.<br>Балық ұқсап - жүземіз,<br>Марғау ұқсап жүреміз,<br>Құлыншақтай секіреміз,<br>Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Аюмен дос болайық" Мақсат-міндеттер.** Балаларға шектеулі зат үстімен жүруге, педагогпен бірге ойын түрде допты алға қарай итеру (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып,алға қарай еңбектеу; допты алға қарай итеру) , жүру кезінде, тепе-теңдікті сақтау, ұялшақтықты | **Дене шынықтыру "Аю сырқаттап қалды" Мақсат-міндеттер.** Балалардың денсаулығын нығайтуды жалғастыру, бұрын үйренген негізгі қимыл түрлерін пысықтау; балаларды сигнал бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға бағытта жүгіруге | **Музыка** "Қолғап киіп алдық, суықтан қорықпаймыз" Мақсат-міндеттер. Балаларға әуен басталған кезде қимыл-қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Жоғары, орташа және төмен орындалатын дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту. Жаңа әнмен таныстыру. Сөздерді | **Дене шынықтыру** "Аралар сияқты тынбай еңбектенеміз" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық қабырғаға шығуға, тепе-теңдік сезімін дамытуға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және сигналға жауап беру қабілетін қабілеттерін бекіту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Айналағы заттар" Мақсат-міндеттер. Балаларды қоршаған ортамен таныстырып, жаңа сөздермен таныстыру, оралды дұрыс атауға үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға деген ұмтылысты тудырады. | жаттықтыру;қимылды ойындарға қатысуды ынталандыру; көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу. | қайталай отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық аспаптарды ұстай білуге тәрбиелеу. Сигнал бойынша музыка аспаптармен орындау үйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту қабілетін дамыту. | | ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; оқу қызметіне, бір - бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, | **Қар ұшқындарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>Салыстыра білуге үйрету, танымдық | **Бақылау «Қардағы құс іздері» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсаты. Қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын | **Ойыншық қоянды бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын ойыншық қоянға аудару.<br>Тәрбиеші ойыншық ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса-бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады. **Қимылды ойын «Екі аяз» (дене шынықтыру)** Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру. Екі доспыз ағайынды Көрген біз ғой талайынды Мен Аязбын - Қызыл мұрын, Мен Аязбын - Көкшіл мұрын. Мен аңдарды іздеймін Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді) Қатырамын! (Қашады) | белсенділіктерін дамыту.. «Суретші қыс» К. Нүсіпов Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Жауған қар қандай? Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма? **Дидактикалық ойын «Ұқсас өрнекті тап». (қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттер. Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың | жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну. Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. **Қимылды ойын «Ізбе із».** Мақсаты. Тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу. | байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. **"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады. - Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз | қоянды көрсетеді. - Балалар, сендер біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? (Бұл қоян.) - Қоянның жүні қандай түсті? (Ақ ) - Қоянда тағы не бар? (ұзын құлақ, қысқа құйрық, аяқтары.) - Қоян қайда тұрады? (Қоян орманда тұрады) Ақ қоян-ау,ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян, Қаша берсең орманға, «Қорқағым» деп ат қоям. **Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. | бір-біріне ұқсастарын табу. | | алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем - менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі. | қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>Ақ қоян - ау, ақ<br>Орныңнан тұрсаңшы<br>Шашыңды тарасаңшы<br>Бетіңді жусаңшы<br>Әй - әй көйлек кисеңші.<br>Біреудің қолын үзсеңші -<br>Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Жылқыға жол салайық"<br>Мақсат-міндеттер. | **Ойын «Тышқандар қалай шиқылдайды?»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Артикуляциялық аппараттарды | **«Қысқы би» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың белсенділігін, тіл | **«Енесін тап» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дыбыстардың дұрыс айтылуын күшейту. | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, қурап қалады.<br>(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ағаштар» саусақ гимнастикасы**<br>**Мақсат-міндеттер.** Ұсақ моториканы, саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту.<br>Жел соғады бетіме,<br>Ағаштарда желпиді.<br>Жел тына қалғанда,<br>Ағаштар биік боп өседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Құстар» ойын-имитациясы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Қарға болып секірейік.<br>Торғай болып қонайық,<br>Тоқылдап боп шоқиық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.<br>Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға- шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан)**<br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары.***<br>1. «Тастарға қара».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды жоғары көтеріп, төмен түсіріңдер. (4-5 рет).<br>2. «Біздің тастар тарсылдайды».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды екі жаққа созамыз.Тастарды алға қарай созып, оларды бір-біріне ұрып, жан-жаққа апару, б.қ оралу. (5 рет). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. «Тасты жасыр». Б.қ. табан ені бойынша аяқтар, артқы жағында тас. Отырып, еденге тасты қоямыз, тұрып, қолымызды артқа қоямыз. Отырыңыз, қиыршық тас алыңыз, түзеліңіз, б.қ. оралу.<br>(4 рет).<br>4. «Секіру»<br>Б.қ - аяқтар сәл алшақ, тастар еденде . Тастардың қасында екі аяқпен секіру, секір арасында кішкене кідіріс жасау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Көктемгі орманда серуен "Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларда гимнастикалық орындықта еңбектеп жүру қабілетін бекітуу; екі параллель сызықтан секіру» (арақашықтық 15 см); алға параллель екі параллель сызықтар арасында (ұзындығы-2, 5 м, ені-25 см) әр түрлі жылдамдықпен жүру және жүгіру жаттығулары; бір-біріне деген сенімділікті қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты және құрметпен қарауды ынталандыру; жаттығуларды қайталау арқылы балалардың оқу әрекеттерін бекіту; балалардың көктем тақырыбы бойынша білімдерін байыту және кеңейту. | **Дене шынықтыру**<br>**"Көктемгі жолды басып жүгіреміз"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Шектелген кеңістікте (жолдың ені -25 см), жұппен жүру техникасын бекіту; балаға ыңғайлы түрде бөренеден көтерілу техникасы, допты кеуде бойынан лақтыру және оны қағып алу техникасы, алға жылжып екі аяқпен секіру техникасы; балаларда ойын әрекетіне эмоционалды реакцияны және оған қатысуға деген ықыласты тудыру; балалардың көктемде ағаштар тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту және байыту**.**<br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет»** | **Музыка**<br>"Жаңбыр жауды себелеп"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуен мен мәтінге сәйкес қимылдауға үйрету. Динамикалық естуді, ырғақ сезімін дамыту. Көркемдік және ойындық образдарды жеткізе білу дағдыларын нығайту. Балаларға жүргізушінің рөлін өздігінен ойнауға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Бақалар секіргенді ұнатады"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қозғала білу дағдыларын қалыптастыру, психофизикалық қасиеттерді дамыту; доғаның астынан өтуді жүзеге асыру, бақаның қимылын келтіре отырып, құрсаудан құрсауға секіру, кегли арасында жыланша жүру; балалардың мереке туралы білімдерін кеңейту.<br>**Катотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі орманда сауысқанмен ойнау"<br>Мақсаты. Көз өлшегішті дамыту, таяқтың ұшын қашықтықтағы объектімен байланыстыруды үйрету,таяқшаны қозғалту қабілетін дамыту, таяқтың ұшын дұрыс бағытта ұстау, таяқпен жасалған әрекет пен нәтиже арасындағы байланысты байқауға үйрету; табандылық пен эмоционалды реакцияны тәрбиелеу.<br>**Катотека №8**<br>**«Бұл қай кезде болады?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Картотека №15**<br>**«Ұшты -ұшты»** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. Қимылды ойын «Батылдар»<br>Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. «Қайық қайда жүзіп барады?»**<br>Мақсат-міндеттер. Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп, оның қайда жүзетінін бақылау.<br>**(жапсыру)** | **Ерте көктемнің белгілерін байқау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; ерте көктемнің белгілерін зерттеу.<br>Наурыздың шуақты күнінде көктемнің белгілеріне назар аударту: жарқыраған күн, биік аспан, ақшыл ақ бұлттар. Оңтүстік жағында қар күн сәулесінде еріп, мұздақтар пайда болады. Қар борпылдақ және дымқыл болды. Торғайлар көңілді шырылдап, қарға секіреді.<br>Көктем болды алақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр болады,<br>Бақшаға гүлдер толады.<br>**Дидактикалық ойын «Бұлт неге ұқсайды?»**<br>Мақсат-міндеттер. Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру.<br>Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.<br>**Қимылды ойын «Ұйқыдағы түлкі»**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар арасынан «түлкі» сайланады. Ол алаңның бұрышына тұрады да, ұйқыға кеткендей кейіп танытады. Балалар алаңда жан-жаққа шашырап жүгіріп ойнайды. Жүргізуші: «түлкі оянды» дегенде,барлық бала «түлкіден» сызықтың арғы жағындағы «үйге» қашады. | **Өсімдіктер мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Кез келген ағаш пен бұта тіршілік иесі деген ойды бекіту; табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ағаштардың қалай қыстағанын тексеріңіз.<br>Жасыл қыста жазда да,<br>Біз қараймыз мәз бола.<br>Инелері сондай көп,<br>Жаңғақтары аз ғана.<br>**Қимылды ойын «Түлкі мен балапандар»**<br>Мақсат-міндеттер. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады.Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.<br>**(дене шынықтыру)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді.<br>**Қимылды ойын «Мысық пен тышқандар»**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар-тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Түлкі» оларды қуалап ұстауға тырысады. **(дене шынықтыру)** | | мысық отыр. Мысықтың рөлін педагог атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді де, індерінде тығылып (орындықтарға өз орындарына отырады)қалады. Барлық тышқандар інге қайтып келген соң мысық қайфта ұйқыға кіріседі. Ойын 3-4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай".**<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ағаштар тербеледі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көктемгі ағаштармен таныстырып, ондағы өзгерістерін көрсету, оларды атап үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын | **Ұлттық ойын. Білектесу.**<br>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын | **Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын).**<br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».**<br>Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; оқу қызметіне, бір - бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу. | бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі. | | тазартады.<br>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жақан Смақов «Торғай ағаш қорғайды».**<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкентай торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Аш - аш, ағаш.<br>- Шік - шік, бүршік.<br>- Рақ - рақ, жапырақ.<br>- Міс - міс, жеміс.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, қурап қалады.<br>(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді д**амыту) | **"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту.**<br>Балалар алдына панноға бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі:<br>* 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ;<br>* 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш.<br>- Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Тыныс алу жаттығулары**<br>"Түлкіні тап" ойыны.<br>Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Отбасындағы тәрбие және баланың дамуы», «Бала өз ойларын неше жасында бере алады?». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04 - 28.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Аквариумға күтім"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. |
| | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды | **Тыныс алу жаттығулары** «Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. | **Иллюстрациялық суреттерді құрастыру** Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | **«Дос боламыз бәріміз» өлеңін мәнерлеп оқу. Мақсат-міндеттер. Балаларды туған жер, достық, бірлік туралы өлең тыңдауға және** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін қалыптастыру.<br>***"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)***<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Доп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>Қолдарымыз дос болсын, (алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Шарты: Балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.<br>**(дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **қайталауға шақыру; жағымды эмоциялар тудыру; туған жер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.**<br>**Достықты үлгі санаған,**<br>**Бір үйде біз тұрамыз.**<br>**Қалған ата-бабадан,**<br>**Бірлік асыл мұрамыз.**<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. «Тастарға қара».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды жоғары көтеріп, төмен түсіріңдер. (4-5 рет).<br>2. «Біздің тастар тарсылдайды».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды екі жаққа созамыз.Тастарды алға қарай созып, оларды бір-біріне ұрып, жан-жаққа апару, б.қ оралу. (5 рет).<br>3. «Тасты жасыр». Б.қ. табан ені бойынша аяқтар, артқы жағында тас. Отырып, еденге тасты қоямыз, тұрып, қолымызды артқа қоямыз. Отырыңыз, қиыршық тас алыңыз, түзеліңіз, б.қ. оралу.<br>(4 рет).<br>4. «Секіру»<br>Б.қ - аяқтар сәл алшақ, тастар еденде . Тастардың қасында екі аяқпен секіру, секір арасында кішкене кідіріс жасау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Балалар, қане, күлейік,<br>Ән-күйлермен бөлісейік.<br>Шеңберге шығып жүріп,<br>Әдемі биді билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Біз - кішкентай | **Дене шынықтыру**<br>"Менің достарым " | **Музыка**<br>"Жалаушама қарашы, | **Дене шынықтыру**<br>"Жаз келсе - біз спортқа | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | спортшылармыз"<br>Мақсат-міндеттер. Жаттығуларды орындау кезінде балаларды педагог сигналына тез және нақты әрекет етуге үйрету. Балаларда физикалық дамудың қарапайым түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру: ептілік, төзімділік, батылдық. Гимнастикалық тақтада жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуге жаттықтыру, қораптан жоғары және төмен түсу, еңбектеп жүруді және арқанның астымен өтуді үйренуді жалғастыру, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, сабаққа деген қызығушылық және тәуелсіздік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»** | Мақсат-міндеттер. Жаттығуларды орындау кезінде балаларды педагог сигналына тез және нақты әрекет етуге үйрету. Балаларда физикалық дамудың қарапайым түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру: ептілік, төзімділік, батылдық. Жұптық жаттығуларды орындай білу жаттығулары, еңбектеп жүруді және арқанның астымен өтуді үйренуді жалғастыру, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, сабаққа қызығушылық пен тәуелсіздік сезімдерге тәрбиелеу; балалардың мереке туралы білімдерін кеңейту.<br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | досым"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әуенмен заттармен қарапайым қимылдарды орындауға үйрету. Музыка бөліктерінің қарама-қарсы сипатына байланысты қимыл-қозғалысты өзгерту. Музыкалық аспаптар - барабандар мен сылдырмақтар ойнауға жаттықтыру. Динамикалық есту қабілетін дамыту. Әннің көңілді сипатына назар аудару үйрету.<br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | қатысамыз"<br>Мақсат-міндеттер. Допты екі қолмен педагогқа қарай домалатуға , түзу сызықпен еңбектеуге жаттықтыру (4 м қашықтықта), педагог соңынан бір-біріне соқтығыспай,топ болып жүру және жүгіру дағдыларын бекіту, балаларды бірге жаттығуға және жаттығулар жасауға, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке баулуға талпындыру.Мемлекеттік мереке - Отан қорғаушылар күнімен таныстыру; әкеге деген жақсы көзқарасты дамыту, әкеңізге деген мақтаныш сезімін ояту.<br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | "Мысыққа тамақ құятын ыдыс"<br>Мақсат-міндеттер. Ыдыс туралы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру. Ермексазды алып жұмсарту, дөңгелек пішіндеу тәсілдерін қолдану, саусақпен дөңгелектің үстінен басып, шұңғыл жасау, ұсақ қол маторикасын дамыту, көзмөлшер; Жануарларға деген махаббатқа тәрбиелеу<br><br>**Картотека №5**<br>**«Менің үйім»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Автокөлік бөлшектерінің атауларын бекіту (шанақ, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын | **Табиғат жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемдегі табиғат жағдайы туралы түсінік қалыптастыру (жылу, жасыл | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жансыз табиғат құбылыстарымен, күнмен бірге болып жатқан өзгерістермен таныстыруды | **Ағаштардың бүршіктерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балабақша маңындағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кабина, дөңгелектер, руль); машиналардың алуан түрлілігін, олардың мақсаттарын атап өту; еңбекке деген құрметті тәрбиелеу.<br>Төрт аяғым дөңгелек,<br>Адамсыз мен жүрмеймін,<br>Барлық жерге жеткізіп,<br>Қаласаңыз апарам.<br>**Қимылды ойын «Біз жүргізушілер»**<br>Мақсат-міндеттер. Жүргізушінің жұмысы туралы білімдерін бекіту; жер бедерінде жүруді үйрену, жылдамдық пен төзімділікті дамыту, дыбыстық айтылымды қалыптастыру.<br>**(дене шынықтыру)** | көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру.<br>Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.<br>**Қимылды ойын «Ұйқыдағы түлкі»**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар арасынан «түлкі» сайланады. Ол алаңның бұрышына тұрады да, ұйқыға кеткендей кейіп танытады. Балалар алаңда жан-жаққа шашырап жүгіріп ойнайды. Жүргізуші: «түлкі оянды» дегенде,барлық бала «түлкіден» сызықтың арғы жағындағы «үйге» қашады. «Түлкі» оларды қуалап ұстауға тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** | шөп, гүлдер көп; көбелектер, қоңыздар ұшады; балалар жеңіл киініп, құммен және сумен ойнайды).<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Жер–Ана біздің панамыз.<br>Таза болса табиғат,<br>Біз де аман боламыз<br>**«Күн мен түн»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>Ойын мазмұны. Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.<br>**(дене шынықтыру)** | жалғастыру. Серуен кезінде жақсы көңіл-күйді сақтау. Балалардың назарын күнге аудару. Күн қандай? Күн қалай жарқырайды?<br>Армысыз, шұғылалы-Алтын күн!<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын келді күн.<br>**Қимылды ойын “Кептерді қуып жет”**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты. Ойынды 15-20 бала ойнайды. жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды. Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді | Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Тал егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>**Қимылды ойын «Кім алысқа лақтырады?»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды затты алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>Балалар жеребенің бір жағында сапта тұрады. Барлығы құм салынған дорбаларды алады және педагогтың белгісі бойынша оларды алысқа лақтырады. Әркім өзінің дорбасы қайда түскенін байқауы керек.Педагогтың белгісі бойынша балалар дорбаларына жүгіріп барып, қолдарына алып, бастарынан жоғары көтереді. Тәрбиеші дорбаны ең алыс лақтырғандарды атап өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең – тақп**ақ айтады.** | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, алаңда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкі болып ойнайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тыныштaлуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Достық туралы мақал - мәтелдер."<br>Мақсат-міндеттер. Балалар ұжымында балаларды әлеуметтендіру; балаларда жақсы достық қарым-қатынас орнату, бір-бірімен жеңіл қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; саусақ жаттығуларын орындау, қарапайым өлең жолдарын оқу, артикуляциялық жаттығулар орындату арқылы балалардың тілін ұштап, жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, сөйлеу тілін дамыту. | **"Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын**<br>Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажырату қабілетін дамыту.<br>Ойынның шарты:<br>Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық - дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен керменің артында тұрып, аспапты ұрамын. Ал сендер жіңішке аспаптың дыбысы естілсе, аяқтың ұшымен, жуан аспаптың дыбысы естілсе, отыра қаласыңдар.<br>Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді, даңғараның дауысы естілгенде, балалар | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Достар күлімсірейді"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қоғамдық өмірдегі кейбір нақты жағдайлар туралы қарапайым түсініктер қалыптастыру. Қазақстан туралы әр түрлі ұлт өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін достас ел ретінде білімдерін бекіту. Әр түрлі ұлттардың мәдениеті мен дәстүріне деген қызығушылықты дамыту. Біріккен сөйлеуді дамыту, сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Бір-бірімен достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | **Ритмикалық жаттығулар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету.<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Секіреміз,<br>Айналамыз,<br>Жаттығу жасаймыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | отыра қалады, бірақ кешіккен балалар жеңілген болып есептеледі.<br>**(музыка)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Қимылды қайтала» ойыны**<br>**Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.**<br>**(дене шынықтыру)** | **Қимылды қозғалыс ойындары**<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**(дене шынықтыру)** | **Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету.**<br>1. Досы көпті жау алмайды.<br>2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты.<br>3. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.**<br>Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!)<br>3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!)<br>5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі | **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артынана жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Неліктен бала өзімшіл?», «Баланы қалай жомарт етіп тәрбиелеу керек?», «Мазақ немесе агрессивті мінез?», «Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері». | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05 - 05.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Аквариумға күтім"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.** Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету. Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Күнге арналған сыйлық" Мақсат-міндеттер. Балаларға түсін ажырата білуге және оның атын түсінуге үйрету, дидактикалық материалмен Кюизенердің Таяқшаларымен таныстыру, заттармен жұмыс істеу, оларды түстер бойынша топтастыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру, қалаған түсті кескінге таяқша қоя білу, өз қызметінің нәтижесіне эмоционалды жауап қайтара білуге тәрбиелеу. | **«Үйге гүл отырғызайық» дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер.**Балаларға түрлі заттарды түсіне қарай топтастыруға үйрету: қызыл гүлдер қызыл үйге, сары гүлдер жасыл шалғындағы сары үйге. Балаларды қызыл, сары, жасыл, көк түстерді ажыратуға жаттығу. Материал: үйлер, гүлдер, шалғын. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Ритмикалық жаттығу** Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсорика)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гүлдермен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ табандар ені бойынша, гүлдер қолда төменде. Гүлдерді жоғары көтеріп, бұлғаймыз, қолдарымызды төмен түсіреміз;бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ иық бойында, екі қолда гүлдер иық бойында. Отырып,таяқшалармен еденді соғу. Тұру, бастапқы күйге оралу (4 рет). 3. Бастапқы қалып - аяқ иық енінде , гүлдер иық бойында. Оңға (солға), оң қолға (солға) бұрылу. Тұру, бастапқы күйіне оралу (әр бағытта 3 рет). 4. Бастапқы қалып - аяқтар табан ені бойынша, гүлдер төменде . Гүлдерді жан-жағына сермеу, төменде,бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>Ақтөс пен Марғау өзара жарысты:<br>Жеп алды табақшадағы бір уысты.<br>Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады?<br>Кім қалдырмай тамағын тауысады?<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>**"Біздің қыздар осындай, біздің ұлдар осындай"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Мемлекеттік мереке - Отан қорғаушылар күнімен таныстыру; әкеге деген жақсы көзқарасты дамыту, әкеңізге деген мақтаныш сезімін ояту. Балалардың бір-бірін жеңіл, салтанатты | **Музыка**<br>"Шеңберге жылдам тұрайық"<br>Мақсат-міндеттер. Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Жауынгерлер ұқсап қадам басып жүрейік"<br>Мақсат-міндеттер. Мемлекеттік мереке - Отан қорғаушылар күнімен таныстыру; әкеге деген жақсы көзқарасты дамыту, әкеңізге деген мақтаныш сезімін ояту. Балалардың бір-бірін жеңіл, салтанатты | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Бір-екі, жүрейік!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Отан, достық, сарбаз туралы ұғым беру, олардың атауларын буындап айтуға үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қадамдармен құру және қадағалау қабілетін нығайту; көлбеу тақтаймен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; көлбеу тақтаймен жоғары және төмен жүру кезінде физикалық тепе-теңдікті сақтауда ептілікті, жылдамдықты, реакцияны дамыту; жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты сақтау қабілетін дамыту, тепе-теңдік сезімін, төзімділікке тәрбиелеу. **Картотека №1** **Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығұшылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамыуна ықпал ету. **Картотека №39** **«Үкілі тақия»** | қадамдармен құру және қадағалау қабілетін нығайту; көлбеу тақтаймен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; көлбеу тақтаймен жоғары және төмен жүру кезінде физикалық тепе-теңдікті сақтауда ептілікті, жылдамдықты, реакцияны дамыту; жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты сақтау қабілетін дамыту, тепе-теңдік сезімін, төзімділікке тәрбиелеу. **Картотека № 11** **Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу. **Картотека №19** **«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | **Ерте көктемнің белгілерін байқау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; ерте көктемнің белгілерін зерттеу. Наурыздың шуақты күнінде көктемнің белгілеріне назар аударту: жарқыраған күн, биік аспан, ақшыл ақ бұлттар. Оңтүстік жағында қар күн сәулесінде еріп, мұздақтар пайда болады. Қар борпылдақ және дымқыл болды. Торғайлар | ***Желді бақылау.*** **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін | **Табиғат жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Көктемдегі табиғат жағдайы туралы түсінік қалыптастыру (жылу, жасыл шөп, гүлдер көп; көбелектер, қоңыздар ұшады; балалар жеңіл киініп, құммен және сумен ойнайды). Табиғат біздің анамыз, Жер–Ана біздің панамыз. Таза болса табиғат, Біз де аман боламыз. **«Күн мен түн» (дене** | **Ағаштардың бүршіктерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балабақша маңындағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Тал егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. **Қимылды ойын «Кім алысқа лақтырады?» (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды затты алысқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көңілді шырылдап, қарға секіреді.<br>Көктем болды алақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр болады,<br>Бақшаға гүлдер толады.<br>**Дидактикалық ойын «Бұлт неге ұқсайды?» (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. | кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді.<br>**Қимылды ойын «Мысық пен тышқандар» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар-тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін педагог атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді де, індерінде тығылып (орындықтарға өз орындарына отырады)қалады. Барлық тышқандар інге қайтып келген соң мысық қайфта ұйқыға кіріседі. Ойын 3-4 рет қайталанады. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>Ойын мазмұны. Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. | лақтыруға жаттықтыру.<br>Балалар жеребенің бір жағында сапта тұрады. Барлығы құм салынған дорбаларды алады және педагогтың белгісі бойынша оларды алысқа лақтырады. Әркім өзінің дорбасы қайда түскенін байқауы керек.Педагогтың белгісі бойынша балалар дорбаларына жүгіріп барып, қолдарына алып, бастарынан жоғары көтереді. Тәрбиеші дорбаны ең алыс лақтырғандарды атап өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>*Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)*<br>*Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)*<br>*Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)*<br>*Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)*<br>*Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)*<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Құстар» ойын-имитациясы.**<br>**Мақсаты.** Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру.<br>**Құрал-жабдықтар:** құстардың маска-тақиялары.<br>*Қарлығаш боп ұшайық,*<br>*Қарға болып секірейік.*<br>*Торғай болып қонайық,*<br>*Тоқылдап боп шоқиық.* | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру.<br>**Шарты.** Дорбада жатқан затқа (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылып айтуға ынталандырады.<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **«Дос боламыз бәріміз» өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды туған жер, достық, бірлік туралы өлең тыңдауға және қайталауға | **«Түймедақ» саусақ жаттығуы**<br>Шаршағанда ырғалып, (балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады) | **«Баспалдақ» ойын-жағдайы**<br>Мақсат-міндеттер. Педагог үстелге немесе еденге үлкен текшелерді қояды. Содан кейін ол әртүрлі көлемдегі | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; ойын сөздерін бірге айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шақыру; жағымды эмоциялар тудыру; туған жер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.<br>Достықты үлгі санаған,<br>Бір үйде біз тұрамыз.<br>Қалған ата-бабадан,<br>Бірлік асыл мұрамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Гүлге ұқсап дем алам (отырады)<br>Қанатымды бір қағып (қолдарын жоғары көтереді)<br>Түймедақтай болып жайқалам (қолдарын жоғары көтереді)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | текшелерді алып, кішкентай қуыршақ оны төбеге шығаратын етіп баспалдақ салуды ұсынады. Педагог баламен бірге текшелерді өсу ретімен орналастырады. Бала қуыршаққа баспалдақпен көтерілуге және төбеден төмен жылжуға көмектеседі.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшшш ... (отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Балалардың қорқынышы», «Баланың мінезі мен темпераменті». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05 - 12.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ересектердің күнделікті еңбегі жайында баланың хабардар болуының маңызы", "Балаға "жоқ" сөзін қандай жағдайларда қолданамыз?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Ойын бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Аквариумға күтім"**<br>Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | | | **"Гүл сабағын" таяқшалардан құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ойлау, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Гүл сабақтарын таяқшалардан құрастыру.<br>**(математика негіздері)** | **Үстел үсті ойыны: "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты. Көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.<br>Үш үлкен карточка - бақша, | **"Көбелек қандай гүлге отырды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді түстері, сыртқы келбеттері бойынша ажыратуға баулу; жағымды эмоцияларды, зейінді, гүлдерге деген қызығушылықты дамыту.<br>Педагог қызғалдақ, бақбақ, түймедақ гүлдерінің суретін көрсетеді.<br>Балалар гүлдер туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бау, гүлзар бейнеленген көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(сенсорика)** | айтады.<br>- Түймедақ қандай гүл? Түсі қандай?<br>- Қызғалдақтар ше?<br>- Бақбақты кім суреттеп айтып береді?<br>- Тағы қандай гүлдерді білесіңдер?<br>Балалармен балабақша ауласындағы гүлдерді бақылау.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гүлдермен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ табандар ені бойынша, гүлдер қолда төменде. Гүлдерді жоғары көтеріп, бұлғаймыз, қолдарымызды төмен түсіреміз;бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ иық бойында, екі қолда гүлдер иық бойында. Отырып,таяқшалармен еденді соғу. Тұру, бастапқы күйге оралу (4 рет). 3. Бастапқы қалып - аяқ иық енінде , гүлдер иық бойында. Оңға (солға), оң қолға (солға) бұрылу. Тұру, бастапқы күйіне оралу (әр бағытта 3 рет). 4. Бастапқы қалып - аяқтар табан ені бойынша, гүлдер төменде . Гүлдерді жан-жағына сермеу, төменде,бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Неткен әдемі біздің әлем!<br>Ғажайыптарға "Сәлем!"<br>Ғажайыптардан көз алмайсың,<br>Қуанып, бәрін қызықтайсың! | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>«Гүлді барып терейік»<br>**Оқу қызметінің мақсаты**<br>Баяу және жылдам сипаттағы әуен екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін | **Дене шынықтыру**<br>"Маймаң аяқ аю жүр"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сигнал бойынша әрекет етуге, алға қарай жүгіруге, қолдарын екі жаққа жайуға, қолдарындағы гүлдермен оң және сол қолдарын сермеуге жаттықтыру; допты жоғары және алға лақтыру қабілетін | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>""Қуырмаш" (ойын - өлең)"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Саусақтардың қозғалғыштығы мен күшін, олардың қимылдарының дәлдігін дамыту. Қол қимылын мәтінмен үйлестіру қабілетін нығайту (саусақ гимнастикасы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамыуна ықпал ету.<br>**Картотека №21**<br>**«Не артық»** | дамыту; допты баланың кеуде деңгейінде созылған лента арқылы лақтыру; тепе-теңдік, ептілік және батылдық сезімдерін дамытуға ықпал ету; балалардың «Көктемгі табиғат » тақырыбында білімдерін байыту.<br>**Картотека № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | саусақ ойындары арқылы).<br>**Картотека № 17**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер: серуенде ережелерді ұстануға машықтандыру.<br>Алаңда ашық ойындар өткізу кезінде:<br>- ойын ережелерін мұқият тыңдау;<br>- ойынды тәрбиешінің белгісінен кейін бастау ;<br>- тек белгілі бір жерде ойнау;<br>- лақтыру кезінде адамдарды көздемеу;<br>- лақтыру кезінде белгіден кейін допты лақтыру және жүгіру;<br>- ойын кезінде бір-бірімізді итермеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Шөпті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер**.** Көктемгі шөпті бақылауды жалғастыру. Бақылау дағдыларын дамыту. Балалардың сөздігін белсендіру. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Қар еріп, жерде жас шөптер өсіп жатыр. Қараңдаршы, айнала қаншалықты әдемі болды.<br>**"Қоңыздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **«Көктемде аула сыпырушы не істейді?» бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыруды жалғастыру. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Серуенге шығу кезінде тәрбиеші бұл жердің қаншалықты таза екендігіне назар аударады. Неліктен айналасы соншалықты таза? Көктемгі маусымда аула | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Ауа-райының белгілі бір белгілері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің маусымдық өзгерістері, күннің тірі және жансыз табиғатқа әсері арасындағы байланысты анықтауға көмектесу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз.<br>Жарқырайды нұрымыз.<br>Қайырлы таң күніміз! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>"Қоңыздар ұшты!" деген белгі бойынша немесе музыка ойнағанда балалар зал ішінде шашырай жөнеледі. Ал "Қоңыздар құлап қалды" деген белгіде немесе басқа бір музыка ойнаса не дабылдың ырғағы өзгерсе, балалар шалқалап жатып алады да, аяқтары мен қолдарын көтереді, яғни, бұл "қоңыздар тырбаңдап жатыр" дегенді білдіреді. "Қоңыздар ұшты!" деген белгі берілгенде немесе музыка ойнағанда балалар орындарынан тұрады, ойын бірнеше рет қайталанады. | сыпырушының жұмысы туралы, бұл жұмыстың адамдарға қажеттілігі туралы балалармен әңгімелесу.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар бөлменің қабырғасын жағалай үлкен текшелердің үстіне шығып тұрады (биіктігі 15-20 см). Бұлар шатрдың үстіндегі немесе ұялардағы "торғайлар". Сырт жағындағы мысық рөліндегібала отыр. "Торғайлар ұшты!",-дейді педагог. Балалар орындықтардан секіріп түседі, қолдарын екі жаққа созады, "торғайлар" қанаттарын қағады және бөлменің ішінде жан-жаққа шашырап жүгіреді. "Мысық" оянды, "мяу-мяу" деген ұшып кетулері керек.Ұсталған "торғайларды" "мысық" өзінің үйіне ертіп апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады. | **"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Бір команда "күн" болса, екіншісі "түн" болады. Педагог "түн" дегенде, "Түн" тобы "үйге" қарай жүгіреді, ал күн командасы олардың артынан қуады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Содан соң орындарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Көктемнің бояулары қандай?" Мақсат-міндеттер. Табиғаттағы көктем құбылыстарымен танысу барысында балалардың танымдық белсенділігін дамыту.Балалардың көктем туралы түсініктерін қалыптастыру: құстар келеді, күн жарқырайды, жеміс ағаштары гүлдейді, алғашқы көктемгі гүлдер.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Ағаштың жасыл жапырақтары" Мақсат-міндеттер. Өз орнында отырып, жұмыс істеуге үйрету, түстерді ажырата білуді бекіту; үлкен кесектен кішкене бөлшегін үзіп алуды үйретуді беккіту, алақанның айналма қозғалысымен дөңгелек мүсіндеуді үйренуді арттыру, алдын ала дайындалған бұйымға жапсыруды үйрету (жапырақтар); көзмөлшер, қабылдауды, ұқыптылықты дамыту; Қоршаған ортаның әдемілігі мен түрлі-түстілігін сақтауға тәрбиелеу. | **Тыныс алу жаттығулары. "Гүлдерді иіскейік".** Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіруге ықпал ету; жағымды эмоцияларды дамыту. - Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Тамаша! Жаттығу 2-3 рет қайталанады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **«Жер планетасы».** Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, айналмалы қозғалыста айналдыра білуге жаттығу. **(мүсіндеу)** | **"Бірдей гүл немесе жапырақты тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда өсімдіктер туралы түсініктерді қалыптастыру; зеректікке, бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Әдемі гүлдер" ермексазбдан жасау.** Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы ұғымдарды қалыптастыру; гүлдерге деген қызығушылықты, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ермексаздың көмегімен балалар әртүрлі гүлдерді жасайды. Әртүрлі тәсілдерді пайдаланып, гүл үлгілерін жасау. **(мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың ересектердің күнделікті жұмысы туралы хабардар болуының мәні», «Біз қандай жағдайда балаға жоқ деп айтамыз?». | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сыны** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05 - 19.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Қырауларды бақылау".** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **"Пирамиданы құрастыр"** | **Ойын-имитация.** | **"Доптарды өз** | **Сенсорикадан ойын-** | **"Қандай пішіндер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды.<br>- Түрлі түсті сақиналар,<br>Көлемі түрлі сақиналар.<br>Пирамиданы жинайық,<br>Жинайық та қуанайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>*"Көктемгі бау-бақша"*.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>*"Доп"*.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **жаттығу**<br>"Сиқырлы қорап"<br>Мақсат-міндеттер. Пішіндер - доп пен кубты, шеңбер мен квадратты ажырата білуге үйрету; пішіні мен мөлшері туралы жалпы түсінік беру; түстер туралы білімдерін бекіту, манипуляциялық әрекеттер арқылы қол моторикасын дамыту;тәуелсіздікке және қызығушылыққа тәрбиелеу. | **жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>«Аю оянды». | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ. тегін - қолыңызды жоғары көтеріңіз, созыңыз.<br>«Аю бетін жуады»<br>Б.қ. аяқтар бөлек, қолдар белде.<br>- «Суды алу» үшін еңкейіп, қолымызды төмен түсіру.<br>«Аю жидектер жинауға велосипедпен кетті»<br>Б.қ. арқаңызда жатып, білекке сүйеніңіз.<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>Б.қ. еденде отырып, қол белде.<br>- Екі жаққа бұрылыс жасау.<br>«Аралар ұшады»<br>- Жүгіру<br>«Аю аралардан қашады»<br>Б.қ. Еркін.<br>- Қолды алға, жоғары және төмен сілтейміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Әдемі орман алаңы"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балаларға допты екі қолмен және бір қолмен ұстауға, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинауға жаттығу, оларды өз беттерінше себетке (қорапқа) сала білуге; допты жоғары және алға лақтыру қабілетін дамыту; допты баланың кеуде деңгейінде созылған лента үстінен лақтыру; | **Дене шынықтыру**<br>**"Қоянға сәбіз берейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Әр түрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпқа тұруды үйрету, балаларды құрсаумен өтуді, заттардың арасында еңбектеп шығуға үйрету; ептілікті дамыту,икемділік, төзімділік және үйлестіру; дене шынықтыруға деген | **Музыка**<br>**"Гүлді барып терейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Баяу және жылдам сипаттағы әуен екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамыуна ықпал ету. | **Дене шынықтыру**<br>**"Түзу жолмен жүрейік, бірге қадам басайық"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балаларға допты екі қолмен және бір қолмен ұстауға, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинауға жаттығу, оларды өз беттерінше себетке (қорапқа) сала білуге; алға қарай екі параллель түзудің арасында топ болып, жыланша жүру және жүгіру дағдыларын | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>**"Ертегіні әңгімелейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балаларға қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және көктем мезгілі туралы түсінік беріп, ондағы жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету; белсенді сөздікті байыту, тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау, ертегі тыңдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолды екі жаққа жайып, қолдарындағы гүлдермен оңға және солға сермеу; тепе-теңдік,ептілік және батылдық сезімдерін дамытуға ықпал ету; балалардың «Көктемгі табиғат» тақырыбында білімдерін байыту. **Картотека №1** **Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.** | қызығушылықты тәрбиелеу; балалардың көктемгі дала жұмыстары туралы білімдерін кеңейту**.** **Картотека №13** **«Ақсерек- көксерек»** | **Картотека № 40** **«Түрлі түсті шеңберлер»** | бекіту; таяқтың үстінен аттау; балалардың жаттығулар жасауды және барлығымен бірлесе отырып жасауға ынталандыру; балалардың көктемгі дала жұмыстары туралы білімдерін кеңейту. **Картотека № 10** **«Доптар мектебі»** | мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **№ 8 Дидактикалық ойын: «Жайлауда»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Жылдың осы мезгіліндегі көктем мен құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту; білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту Құстар, құстар келеді, Жерді шуға бөледі. Көктем келді деп бізге, Жақсы хабар береді. **«Құстар ұшады» қимылды ойын (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Құстардың қимылдарына еліктеуге, сигнал бойынша | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жансыз табиғат құбылыстарымен, күнмен бірге болып жатқан өзгерістермен таныстыруды жалғастыру. Серуен кезінде жақсы көңіл-күйді сақтау. Балалардың назарын күнге аудару. Күн қандай? Күн қалай жарқырайды? Армысыз, шұғылалы-Алтын күн! Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын келді күн. **Қимылды ойын "Кептерді** | **Бақбақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Гүлденген бақбақты бақылауды жалғастыру. Экологиялық міндет: Көктемгі алғашқы гүлдерді байқай білуге үйрету. Табиғат әсемдігіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Аппақ, аппақ бақбақтар, Тура киіз ақ үйлер. Төнеді кеп жан-жақтан, Тамашалап сәбилер. (М.Әлімбаев) **«Бақбақ» жаттығуы** | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекет етуге үйрету.<br>Балалар - «құстар» орындықта отырады. Тәрбиешінің сөзіне: «Құстар ұшты!» бөлмеде құстар ұшады. «Құстар ұяларына қонды!» балалар асығып, отырады. Тәрбиеші ұясына бірінші болып ұшқан ең епті және жылдам құсты атайды. Ойын қайталанады. | **қуып жет”**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты. Ойынды 15-20 бала ойнайды. жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды.<br>Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең – тақп**ақ айтады.** | Көктем, жазда басына,<br>Сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы,<br>Қалқып **ұшып жүреді.** | Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар **әртүрлі ауруларды тасиды)** | жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.<br><br>**Қимылды ойын «Екі аяз»**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі доспыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайыңды<br>Мен Аязбын - Қызыл мұрын,<br>Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.<br>Мен аңдарды іздеймін<br>Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді)<br>Қатырамын! (Қашады)<br>Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Көктемде киілетін киімдер» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жыл мезгіліне сай киімдерді таңдай білуді үйрету.<br>Ойын барысы: балалардың алдындағы үстелдің үстінде жазғы және көктемгі киімдердің суреттері берілген. Балалар қысқы және көктемгі киімдерді екі топқа бөлек жинайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>**(музыка)** | **"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймаңдап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br><br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта!<br>"Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз. | **"Жауын" қимыл жаттығуы.**<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың. | **"Түстер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру. | **"Көбелек".**<br>Ермексазды илеу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | - Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | Ө.Тұрманжанов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Ересектердің күнделікті еңбегі жайында баланың хабардар болуының маңызы", "Балаға "жоқ" сөзін қандай жағдайларда қолданамыз?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05 - 26.05.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | **"Ойыншықтарды жинау".**<br>Мақсат-міндеттер:балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан | **"Топтың ішін ретке келтір"**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер)** | кейін орнына қоюға үйрету. Еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. | жалғастыру, тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту.<br>Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>*"Жауын"*<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>*"Доп".*<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ! | **Саусақ жаттығуы. "Лағым".**<br>Балаларды тақпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға ынталандыру; ешкінің төлі лақтың қимылдарына еліктеуге дағдыландыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Балаларға лақтың суретін немесе ойыншығын көрсетіп, ұстатуға болады.<br>*"Лағым".*<br>- Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>«Аю оянды».<br>Б.қ. тегін - қолыңызды жоғары көтеріңіз, созыңыз.<br>«Аю бетін жуады»<br>Б.қ. аяқтар бөлек, қолдар белде.<br>- «Суды алу» үшін еңкейіп, қолымызды төмен түсіру.<br>«Аю жидектер жинауға велосипедпен кетті»<br>Б.қ. арқаңызда жатып, білекке сүйеніңіз.<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>Б.қ. еденде отырып, қол белде.<br>- Екі жаққа бұрылыс жасау.<br>«Аралар ұшады»<br>- Жүгіру<br>«Аю аралардан қашады»<br>Б.қ. Еркін.<br>- Қолды алға, жоғары және төмен сілтейміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Шалқан өсті"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балалардың эмоционалды реакциясы мен ойын | **Дене шынықтыру**<br>**"Қоянмен бірге жазғы саябақта серуендейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Әр түрлі қимыл түрлерін дамытуды | **Музыка**<br>"Қош келдің, жаз!"<br>Мақсат-міндеттер. Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын | **Дене шынықтыру**<br>"Жазда спортпен шұғылданамыз"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қанқызы ұшып келді"<br>Мақсат-міндеттер. Есу, үзіп алу, басу тәсілдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетіне қатысуға деген құштарлығын ояту; балаларды негізгі қимылдарды орындауға жаттықтыру (кедергі бойынша төрт аяғымен жүру және допты алға және төмен лақтыру және оны ұстап алу); педагог соңында топ болып жүрудегі балалардың дағдыларын бекіту (күрделендіру - «Ағын арқылы» қимылды ойынындағы заттар арасында жүру; алға секіруді қиындата отырып, балаларды екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру.<br>**Картотека №1**<br>**«Өз үйінді тап»** | жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпта алуға үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен және астынан өтіп жүруге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықты тәрбиелеу; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту.<br>**Картотека №7**<br>**«Қояндар мен қасқыр»** | арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту.<br>Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | денешынықтыруларын нығайту; балаларды екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру; жұмсақ серіппені, би қимылдарын көрсетуге үйретуді жалғастыру; педагогтан кейін топ болып жүру және жүгіру жаттығулары; кедергілерден өту, аяқ үшімен жүру, төрт аяғымен жорғалау жаттығулары; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | үйренуді жалғастыру, көзге елестету мен ұсақ қол маторикасын дамыту, баланың сөздік қорын дамыту; ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Картотека №10**<br><br>**«Түстерін дұрыс тап»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаштар мен бұталардың тірі екендігі туралы білімдерін кеңейту үшін көктемде ыстықтан бүршіктер оянады, жапырақтар гүлдейді.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас, | **Бақылау «Көктемгі жаңбыр». (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған табиғат туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру, көктемде балалардың табиғат құбылыстары туралы ойлары мен білімдерін кеңейту. Педагог жаңбырдың әр түрлі болатынын айтады: нөсерлі, сирек, жазғы, күзгі, | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері мен ерекшеліктерін зерттеу.<br>Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру, оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру.<br>Құстарға арналған «мереке» | **Бақылау «Көктемде адамдар қалай киінген?». (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға маусымдық киім туралы түсінік қалыптастыру, бақылау дағдыларын дамыту.<br>Өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың киіміне назар аудару. Жыл мезгіліне арналған киімдерді | ***Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)***<br>Мақсат-міндеттер. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жайқалады қарағаш<br>**«Допты қағып ал» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Допты екі қолмен төменнен белгілі бір бағытта лақтыруды үйрету; зейінді дамыту; тәуелсіз іс-әрекетті ынталандыру; бірлескен әрекеттен қуаныш сезімін сақтау.<br>Балалар шеңберге тұрады, шеңбердің ортасында үлкен доп ұстағанг педагог: «Меруерт, допты ұста!», «Азия, допты ұста!» деген сөздерді айтады. т.б. Допты ұстап алған бала оны қайтадан педагогқа лақтырады. | көктемгі. Балаларға айырмашылықты түсіндіреді.<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>**Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Шарты: педагог "күн" дегенде барлығы қыдыруға кетеді. Ал "жаңбыр" дегенде педагог ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. Бұл ойын 2-3 рет қайталанады. | ұйымдастыру. Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді салып, ағаштың айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады..<br>Қандай құстар қандай жемді жейтінін балалармен бақылау.<br>Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. 5-10 см биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады. Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады. | нақтылау.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерге менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. | Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді.<br>**Қимылды ойын «Мысық пен тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар-тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін педагог атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді де, індерінде тығылып (орындықтарға өз орындарына отырады)қалады. Барлық тышқандар інге қайтып келген соң мысық қайфта ұйқыға кіріседі. Ойын 3-4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин | рет қайталанады. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Шеңберде ойын. "Күн ойнап тұр күлімдеп".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Әтеш кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Әтеш ерте оянады, "Тұрыңдар!" – деп шақырады.<br>Көк аспанға күн шығады,<br>Достар ойынға шығады.<br><br>Күн ойнап тұр күлімдеп,<br>Аспан төрінде билеп,<br>Алтын сақадай қызып, | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар<br>Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары. | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің | **"Қозы қалай қимылдайды?"**<br>- Қозы қалай қимылдайды?<br>Денесін түзу ұстайды.<br>Басын оңға-солға шайқап,<br>Аяқтарын жинайды.<br>Орнында тыныш тұрмайды,<br>Секіреді, ойнайды.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шеңберлерде жүргізіп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсорика)** | Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>***"Доп".***<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **«Гүл жинау» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, әр түрлі түсті шеңберлер арасынан дұрысын тауып, оны гүлдің ортасына енгізу дағдыларын жетілдіру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстердің ортасы қиылған және шеңберлері бар гүлдер.<br>Педагог осы үстелге әдемі гүлдер жинауды ұсынады. Оның жанында әр түрлі түсті шеңберлер бар.<br>Қажетті түсті шеңберді | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Ара" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Оның жалғыз білгені,<br>Ағаш, тақтай тілгені.<br>Асықтырып өз-өзін:<br>"Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені.<br><br>Жәнібек Кәрбозин.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тауып, оны гүлге енгізу керек. Әркім өз гүлін жинағанда, гүл шоғын жасап, оны қуыршаққа көрсету. (Педагог балалардан олардың гүлдерінің түсі қандай екенін сұрайды). | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "1 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05 - 31.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | 01.06.2023 | 02.06.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; | **"Аквариумға күтім"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | балалардың сұққұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | | |
| | **"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды.<br>- Түрлі түсті сақиналар,<br>Көлемі түрлі сақиналар.<br>Пирамиданы жинайық,<br>Жинайық та қуанайық.<br>**(сенсорика, сөйлеуді** | **Музыкалық-ырғақты жаттығуы.**<br>Бойды бүкпей тік ұста,<br>Еркін тұрып тыныста.<br>Жай оң қолды оң жаққа,<br>Жай сол қолды сол жаққа.<br>Екі қолды белге ұста.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Қос аяқтап топ – топ,<br>Алақанды соқ – соқ.<br>**(музыка, дене шынықтыру)** | **«Түймедақ» саусақ жаттығуы**<br>Шаршағанда ырғалып, (балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады)<br>Гүлге ұқсап дем алам (отырады)<br>Қанатымды бір қағып (қолдарын жоғары көтереді)<br>Түймедақтай болып жайқалам **(қолдарын жоғары көтереді)**<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **«Секірейік, секірейік!» жаттығуы**<br>Балалардың сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту, жағымды эмоцияларды ояту.<br>1 дегенде -тұрайық,<br>2– алақанды соғайық,<br>3 дегенде- секірейік,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз секіріп алайық алайық.<br>4- дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| Сәуір | Дене шынықтыру | - балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;<br>- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;<br>- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;<br>- жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;<br>- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.**<br>Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру.<br>**Домалату, лақтыру.** Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан |

| | | |
|---|---|---|
| | | допты асыра лақтыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жылдың жылы мезгілінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету, құмның үстімен жалаң аяқ 2-3 минут жүргізу (алдын ала оның тазалығы мен қауіпсіздігіне көз жеткізу). Жаз мезгілінде серуеннен кейін жуыну және аяқты жуу кезінде гигиеналық және шынықтыру шараларын үйлестіру, әр баланың денсаулық жағдайын және оның судың әсеріне бейімделу деңгейін ескеру. |
| | Сөйлеуді дамыту | -коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;<br>- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;<br>- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың сандық (біреу, көп) қатынастырады сөздерді түсіну, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну.<br>**Белсенді сөйлеу.**<br>Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі- үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | - балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;<br>- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;<br>- 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету. |
| | Сенсорика | - заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;<br>- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;<br>- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;<br>- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- интелектуалды сезімді тәрбиелеу (жаңаны тануда қуанышқа бөлену).<br>Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл |

| | | |
|---|---|---|
| | | таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;<br>- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;<br>- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;<br>- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру;<br>- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;<br>- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;<br>- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.<br>Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау.<br>Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау). |
| | Мүсіндеу | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. |
| | Музыка | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>**Ән айту.**<br>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар.**<br>Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.<br>Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)____«Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы _
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 1 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | - балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;<br>- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;<br>- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;<br>- жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;<br>- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.**<br>Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салу.<br>**Домалату, лақтыру.** Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Арнайы шынықтыру шараларын ата-аналардың қалауымен, мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен медициналық қызметкерлері шешімімен<br>жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | -коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;<br>- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;<br>- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту.<br>Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау.<br>Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мәәә, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау.<br>**Белсенді сөйлеу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. |
| | Көркем әдебиет | - балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;<br>- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;<br>- 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету. |
| | Сенсорика | - заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;<br>- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;<br>- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;<br>- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- интелектуалды сезімді тәрбиелеу (жаңаны тануда қуанышқа бөлену).<br>Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;<br>- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;<br>- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;<br>- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру;<br>- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;<br>- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;<br>- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.<br>Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |
| | Мүсіндеу | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. |
| | Музыка | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>**Ән айту.**<br>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар.**<br>Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.<br>Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас
Балалардың жас: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | - жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>- негізгі қимыл түрлерін дамыту;<br>- саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.<br>- педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту;<br>- бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>- Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>-Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.<br>- Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>- Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.<br>- Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:<br>1) балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;<br>2) сумен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна қолданылады. Су температурасы +<br>30°С градустан +18°С, +16°С -қа дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br>Спорттық жаттығулар:<br>*велосипед тебу.* Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару; |
| | Сөйлеуді дамыту | - дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>- халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорын байыту;<br>- балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>- айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді; |
| | Көркем әдебиет | - ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;<br>- тақпақтардың интонациясын қабылдауды; |

| | | |
|---|---|---|
| | Сенсорика | - заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көгөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; |
| | Құрастыру | - құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды үйрету;<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары;<br>- материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр); |
| | Сурет салу | 1) балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; |
| | Мүсіндеу | 1) балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; |
| | Жапсыру | - фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;<br>Ән айту:<br>1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, |

| | | |
|---|---|---|
| | | әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;<br>2) пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу); |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 2 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | - жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>- негізгі қимыл түрлерін дамыту;<br>- саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.<br>- секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру;<br>- еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см |

| | | |
|---|---|---|
| | | мінбеге өрмелеу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>- Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>- Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету.<br>- Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.<br>- Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>- Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.<br>- Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:<br>1) балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;<br>2) сумен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна қолданылады. Су температурасы + 30°С градустан +18°С, +16°С -қа дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br>Спорттық жаттығулар:<br>велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару; |
| | Сөйлеуді дамыту | - дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>- халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорын байыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>- дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды; |
| | Көркем әдебиет | - тақпақтардың интонациясын қабылдауды;<br>- кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға; |
| | Сенсорика | - заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көгөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; |
| | Құрастыру | - құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары;<br>- материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр); |
| | Сурет салу | 2) сурет салу техникасын жетілдіру; |
| | Мүсіндеу | 2) сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; |
| | Жапсыру | - фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>2) әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;<br>Ән айту: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2) әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру;<br>4) қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді<br>және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Балалардың сөздік қорын: көлік құралдары заттарын білдіретін зат есімдермен;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен,<br>етістіктің өткен шағымен байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге өз ойын айтуға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ<br>- моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.<br>**Көлік.**<br>Көліктер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.<br>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. |
| | Сурет салу | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |
| | Жапсыру | - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;<br>- желімсіз жапсыру техникасын игеру;<br>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.<br>Фланелеграфта көліктерді орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білу.<br>**Ән айту.**<br>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_»Балбөбек» ш/о, «Балапан» тобы______________
Топ: Аралас
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Шанамен сырғанау:*** шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды |

| | | |
|---|---|---|
| | | эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді<br>және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Балалардың сөздік қорын: киім, аяқкиім заттарын білдіретін зат есімдермен;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының<br>кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.<br>**Заттық әлем.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Көше туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта үйлерді орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тани білу.<br>**Ән айту.**<br>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)__»Балбөбек» ш/о, «Балапан» тобы ________
Топ: аралас
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Мұзды жолдармен сырғанау:*** балаларды қолынан жетелеп сырғанату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне |

| | | |
|---|---|---|
| | | жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Балалардың сөздік қорын: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын заттарын білдіретін зат есімдермен;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта доптарды орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын |

| | | |
|---|---|---|
| | **Таңғы сәлемдесу.** Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсаты: сәлемдесу рәсіміне | **Саусақ ойыны "Бас бармақ".** Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.** Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып | **Байлау ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауға үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **"Кімдікі? дамытушы ойыны.** Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; отбасындағы белгілі заттардың кімге қажет екенін анықтату; есте сақтау қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру;<br>дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аударту; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова | білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Бас бармақ – байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова<br>**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.**<br>Мақсаты: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. | қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру.<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жусаң таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың. | Құралдар: байлау ойыншықтары.<br>- Бауларды ұштарынан алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық.<br>**"Ойыншық мысықпен ойындар".**<br>Мақсаты: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br>Мысық, мысық, мысығым,<br>Жолға отырма, пысығым.<br>"Тәй-тәй" басқан бөпешім,<br>Жолдан өтем демесін.<br>Сенен аттай алмайды,<br>Құлап қалып жүрмесін!<br>Тусипжанова-Шагирова А." | дамыту.<br>Педагог көзілдірік, қамыс таяқ, ожау, тістеуіктер, қуыршақ, қонжық ойыншығы сияқты ойыншық-заттарды балалардың алдарына қояды. Бұнда ата-ананы атамауы да мүмкін, жанындағы немесе кейіпкер ойыншықтарға да үлестіруді ұсынуға болады.<br>**"Торғай" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар!<br>Күніміз де бізге күлімдейді: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлем, сәлем! - дейді.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығулар:**<br>"Дана қуыршақпен сапқа тұру".<br>Мақсаты. Балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.<br>"Пойыз" қимыл ойыны. (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) | **Дене шынықтыру.**<br>"Еңбектейміз ерінбей!".<br>Мақсаты. Балаларға ересектің көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер: Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын дамыту; дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру.<br>"Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. | **Музыка "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны".**<br>Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру.<br>"Барабан" ойыны. | **Дене шынықтыру.**<br>"Аюмен шеңберге тұру".<br>Мақсаты. Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.<br>"Жұбымызбен жарасайық" ойыны. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар «Қуыршақтарға кәмпиттер».**<br>Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру. Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; адамгершілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ережелеріне тәрбиелеу.<br>*Саусақ жаттығуы* |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Сұхбатхананы бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.<br>- Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада біз күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді.<br>Сұхбатханамыз қандай | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, | ***Желді бақылау.***<br>Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек | ***Желді бақылау.***<br>Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>***"Аспанда".***<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлıген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамаша жер!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты. | құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). | әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты.Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш | әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк).<br>- Жарайсыңдар.<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.<br>Мұқият болыңдар!<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, | сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Құм ойындары.<br>Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге үйрету.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Сурет салудан ойын-жаттығулар:**<br>"Доп кетті домалап".<br>Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қарындашпен | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар:**<br>""Маша мен Аю" ертегісі"<br>Мақсаты. Балаларды "Маша мен Аю" | **Құрастырудан ойын-жаттығулар.**<br>"Жолмен жүрейік".<br>Мақсаты. Балалардың құрылыс материалдарының | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар.**<br>"Аю мен қонжық".<br>Мақсаты. "Аю мен қонжық" суретімен | **"Саусақтар" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға дағдыландыру. Оқу қызметінде балалардың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін қалыптастыру.<br>"Допты сипайық" ойын рефлексиясы.<br>**"Дананы тамақтандырамыз" дидактикалық** | ертегісі желісімен таныстыра отырып, зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін есте сақтап, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.<br>*"Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы.*<br><br>**"Кімге нені береді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың белгілі отбасы мүшесіне берілетін заттар ретін есте сақтауға, қайта айтып беруге жаттықтыру. | қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарымен әрекет жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>"Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы.<br>**"Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні.<br>- Күн ойынына ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде | таныстыруда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін, эмоциялық қабылдауын дамыту.<br>"Аю қайда тығылды?" ойын рефлексиясы.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез. | әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>Көктем мерекесі –<br>Аналар мерекесі.<br>Әже, әпке, қыздарға<br>Сыйлыққа не дайын? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды тамақтану рәсіміне баулу; педагог арқылы ойыншықпен қатынасу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: қуыршақтың алдына келіп "Дана, тәттіні жеші" сөздерін айту, қасықпен тамақтандыру қимылдарын жасау.<br>Құралдар: ойыншық үстелі, орындық, ыдыстар, қуыршақ. | - Данада ойыншық көп,<br>- Бөлісемін, - дейді ол.<br>- Көлікті - атаға,<br>Қуыршақты - әжеге,<br>Допты - әкеге,<br>Текшені - анаға.<br>- Дана, ал сен нені қалайсың?<br>Қандай ойыншықпен ойнайсың?<br>- Жарайды, - дейді Дана, - ойнайын.<br>- Қандай ойыншықты алайын?<br>**"Айна" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият | алдында өзара айналдыру),<br>Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Қуыршақтар"<br>Мақсаты. Қуыршақ ойыншығымен ойнату.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>- Кел, ойнайық! - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>- Ұйықташы,- дейік.<br>Д. Ахметова | Саусақ ойыны. "Бас бармақ".<br>Мақсаты. Саусақ санамағы арқылы ұсақ моториканы дамыту.<br>- Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек - көмек,<br>Ортан терек - бөлек,<br>Шылдыр шүмек - керек,<br>Кішкентай бөбек - көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова | "Пішін салғыш ойыншықпен ойын".<br>Мақсаты. Пішін салғыш ойыншықтарымен,<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова | "Сергіту сәті"<br>Мақсаты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | "Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.<br>- Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там". |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09 - 16.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауға, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға | **Әтеш ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап | **Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су".** Мақсаты. Балаларды көркем сөз арқылы жуыну тәртібіне баулу; педагогтің қимылдарының соңынан жасаған қимылдар мен айтылған сөздерден жағымды эмоцияларды алуға ынталандыру. | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларда көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. **"Біздің Мияу" (орыс** | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсаты. Балаларды педагогтің қимылдары соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоционалды жауап беруге баулу.<br>**"Жолға отырма".**<br>Мияу, мияу,<br>Кет, пырыш!<br>Жолға отырма<br>Тым-тырыс.<br>Біздің бөпеш<br>Жүгірер<br>Жолда саған сүрінер.<br>М. Әлімбаев | беруге баулу.<br>**"Әтеш" (орыс халқының тақпағы).**<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегің созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың?<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | **"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).**<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | **тілінен аударма).**<br>Біздің мияу,<br>Тоны қандай тамаша!<br>таң қаласың,<br>Талдап мұртын тараса.<br>Көзі шақпақ,<br>Тісі аппақ.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | тұрмайық,<br>(саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық<br>(шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>(саусақтармен үстелге соққылау)<br>Жамылып, отырайық<br>(алақандарымен бастарының төбесін жабу).<br>Д. Ахметова |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Аспанымызға "сәлем" айтамыз,<br>Алтын күнге "сәлем" айтамыз.<br>Балалар, біз де гүлдей болайық,<br>Күнге қолдарымызды созайық.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Шеңберге тұрайық".<br>Мақсаты. Балаларды шеңберге дұрыс тұруға үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; | **Дене шынықтыру.**<br>"Аюмен бірге шеңберге тұрайық".<br>Мақсаты. Балаларды шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым- | **Музыка.**<br>"Әжемнің әні".<br>Мақсаты. Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.<br>"Әжемнің тоқыма жібі" музыклық - дидактикалық ойыны. | **Дене шынықтыру.**<br>"Бір, екі, үш .., жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Доппен ойнаған мысық".<br>Мақсаты. Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды оқу қызметінде шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылды дұрыс қайталай білуге үйрету. "Жапалақ" ойыны. | қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталай білуге үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны. | | жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. *"Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы.* | еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. *"Допты түсіріп алма" ойыны.* |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.** Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Күн жарықты сыйлайды, Сәулелері көп, Бір аулаға сыймайды, Барлық жерге тиеді, Барлығына жетеді. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге | **Аспанды бақылау.** Балалардың аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | **Сұхбатхананы бақылау.** Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. - Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, бұл қай жер? - Иә, сұхбатхана. - Бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. | **Қоян ойыншығын бақылау.** Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдайды. - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! | **Бұлтты аспанды бақылау.** Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. ***"Жауын"*** Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. *Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев* **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекет етуге баулу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы".**<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру | Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Құм ойындары.<br>Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан | - Қарандаршы, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет, | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыларын қалыптастыру. | торттарын безендіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.**<br>"Әжемнің жіптері".<br>Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсаты. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету.<br>Балалардың ойыншық арқылы ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту.<br>"Пирамида жинайық" жаттығуы.<br><br>**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** | **Сенсорикадан ойын-жаттығулар.**<br>"Түрлі ойыншықтар"<br>Мақсаты. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру.<br>Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын жаттығу**<br><br>"Саңырауқұлақ".<br>Мақсаты. Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру.<br><br>"Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы.<br><br>**Ойын-имитация. "Қонжық".** | **"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру.<br>"Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы.<br><br>**"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кішткентай ойыншықтар. | Мақсаты. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар. | оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту.<br>"Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>Отбасымда мен де | Мақсаты. Балаларды қонжықтың ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>- Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары. | Әтеш ойыншығымен ойнату.<br>*"Әтеш" (орыс халқының тақпағы).*<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегің созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың?<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | Саусақ жаттығуы.<br>"Мөлдір су".<br>*"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).*<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | Ойын-имитация.<br>"Қонжық".<br>- Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып. | "Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна! |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09 - 23.09.2022 г.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауына, түсіне, құрылымына көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **Құлыншақ ойыншығымен** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** | **Қазақстан картасын көрсету. "Отан"** | **Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ,** | **Саусақ ойыны. "Бас бармақ".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу.<br>**"Құлыншақ тентек екен".**<br>Құлыншақ тентек екен,<br>Желкесіндегі жалысы желкен,<br>Желмен жарысып шауып,<br>Анасына ұстатпай кеткен.<br>- Құлыншағым, алысқа шаппа,<br>Далаға қашпа!<br>Д. Ахметова | "Күн мен жаңбыр".<br>Мақсаты. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту.Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту.Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және есте сақтауын дамыту. | **тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, "Отан" сөзін қайталауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады.<br>Отан - сенің ата-анаң,<br>Отан - досың, бауырың.<br>Отан - өлкең, астанаң,<br>Отан - аудан, ауылың.<br>Б. Ысқақов. | **саусағым".**<br>Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым,<br>Соққылайды томпағым.<br>Түймешені, түймешені,<br>Басып, басып таппадым.<br>Д. Ахметова | Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | 1."Қасқыр мен лақ" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға,солға созамыз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды жанға созып түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау)<br>2."Көңілді аяқтар"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.<br>Бір..(балалар орындарында тұрып секіреді)<br>Екі..(балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне біріздідікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Күніміз қандай тамаша!<br>Көңіліміз де тамаша.<br>Қанекей, шеңберге жиналайық,<br>Шапалақтайық та айтайық:<br>- Тамаша!<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>"Қоян секілді жүгірейік".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді қайталау; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; | **Дене шынықтыру.**<br>"Бір, екі, үш .., жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау | **Музыка.**<br>"Сылдырмақтар сылдырлап".<br>Мақсаты. Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты | **Дене шынықтыру.**<br>"Қазақстан туы".<br>Мақсаты. Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жаңбыр".<br>Мақсаты. Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаш ұшымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету іскерліктерін жетілдіру; шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру.<br>"Қоян секілді секіреміз" ойыны. | барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру.<br>*"Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы.* | ойната білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді тыңдауда зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету; сылдырмақты ойната отырып, қимылмен үйлестіре білуге баулу.<br>"Сылдырмақтар" музыкалық-дидактикалық ойыны. | таныстыру; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру.<br>"Туды тура жолмен алайық" ойыны. | ырғақты қимылдармен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюға үйрету;қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр құбылысы жөнінде түсініктер беру.<br>"Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларды күннің аспанда | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларды оларды қоршаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауы райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды.<br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>- Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, | көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Педагог балаларға "Бәйтерек" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады.<br>- Қараңдаршы, балалар!<br>Көшемізде мұнара бар.<br>Бойы биік, зор болып тұр,<br>Ақшыл бұлтты тіреп тұр.<br>**Еңбекке баулу** | құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Алдымызда ұзынша" қимылды** | ағаштармен таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады,<br>қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Аулада өседі ағаштар" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).<br>2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.<br>2–1 оң иықты көтеру;<br>2–2 б.қ. келу;<br>2–3– сол иықты көтеру.<br>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).<br>3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.<br>3–1– 3 рет секіру;<br>3–2 – б.қ. келу;<br>3–3– 3 рет секіру;<br>3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып, жаттығуды бастауға болады.<br>- Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.** "Құмырсқалар секілді еңбектенеміз". Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуді қайталау; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін қалыптастыру; еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін меңгерту; заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; жаңа қимылдарды қайталау; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық | **Дене шынықтыру.** "Еңбектейік, ерінбейік". Мақсаты. Балаларды еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін арттыру; қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуді қорытындылау; еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін, заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа | **Музыка.** "Күз сыйлаған топ-топ". Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. "Қандай аяқ киім?" дидактикалық ойыны. | **Дене шынықтыру.** "Нан қадірі". Мақсаты. Балаларды заттардан аттап жүру жаттығуларын жасау кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; оқу қызметі кезінде достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; бидай егуші дихандардың еңбектерін бағалай білу сезіміне баулу. Сабақ басталар алдында балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдалану: "Күн қандай | **Сурет салудан ойын-жаттығу.** "Алма". Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішініндегі үлкен алманы салып шығуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; сурет аяқталған соң қылқаламды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы мен тазалық ережелерін сақтауға баулу. "Жыландар" ойыны. | тәрбиелеу. "Еңбектеп жеміс жинайық" ойыны. | | көңілді!", "Нан болса, ән де болады!", "Бәріміз күшті боламыз!", "Жарайсың!", "Керемет!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Бидай шашам қаптардан" ойыны. | тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. "Дананың сарқытынан ауыз тиейік". |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сары жапырақтарды бақылау.** Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; | **Көк аспанды бақылау.** Мақсаты. Балаларға, педагогке еліктеу арқылы, аспан мен ауаның қасиеттеріне жалпы қызығушылық тудыру. Аспанымыз көгілдір, Ауамыз мөп-мөлдір. Аспанды тамашалаймыз, Ауамен демаламыз. | **Бұлтты аспанды бақылау.** Мақсаты. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттар сұрланып тұрса, жаңбыр жауатынын байқату. Жаңбыр жауса қалаға, | **Желді бақылау.** Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды | **Ағаштарды бақылау.** Мақсаты. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Жанымызда биік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев<br>Балаларға көркем сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сәбіз бақшада өскен" ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға педагогтің соңынан тақпақтағы сөздерді ілесіп айтып, қимылына еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Сәбіз бақшада өскен, (аяқ ұшына тұру, қолдар жоғары) | Алыс жатқан ауылға,<br>Су толады шалшыққа.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Там-там-там,<br>Там-там-там,<br>Соққылайды шатырға.<br>Там-там-там,<br>Там-там-там.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр"** | бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу | ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Құмалақтар" қимылды ойыны.** Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын қалыптастыру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.** Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; | Жүйекте отыр, терең. (шоқайып отыру) Көрінбейді, тоқсары, (шоқайып отыру, алақандармен төбені жабу) Жер бетінде - сабағы. (қайта аяққа тұру) Еңкейіп, қане, жұлайық, (алға төмен еңкею) Жұлып-жұлып, отырайық. (басылып отыру, аяқтарды тік созу, маңдай терін сүрткен сияқты, қолмен қимыл жасау, демалу) Д. Ахметова **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын | **қимылды ойыны.** Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. **"Әткеншек" қимылды ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, | қимылдарды жасауға ынталандыру. Педагог көркем сөздерді бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. - Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру). Д. Ахметова **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.** Мақсаты: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.** Мақсаты. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі. - Қанекей, піскен алмаларды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | Айнала бер бізбенен. | жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>- Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Құрастырудан ойын-жаттығу.** "Күздік алмаларға қорапша". Мақсаты. Балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру. Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдарының ұсақ | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.** Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануға баулу. - Балалар, ал қазір сендер мына тібекте пішіндер қалай | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Жапырақтар". Мақсаты. Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту. "Жапырақты жинайық" ойын рефлексиясы.<br><br>**"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.** Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Шалқан" ертегісі". Мақсаты. Балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту. "Не жасырдым?" жаттығуы.<br><br>**"Көгөністер" мультфильмін көру.** | **Музыкадан ойын-жаттығу.** "Тұлпарым". Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоцианды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.** Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, байқағыштығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту.<br>"Жеміс пен көгөністерге қорапша" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**"Сәлем!" мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш<br>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ<br>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. | беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер.<br>- Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз.<br>Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді.<br>Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. | Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, көгөністерді ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды!<br>(шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшш...<br>(отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.<br>"Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қажет. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тақпақты мәнерлеп оқу.<br>- Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев | Қияр нақпішіндерімен ойнату.<br>*"Қияр" (орыс халқының тақпағы).*<br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қояды бір тышқан<br>Құйрығыңды кеміріп.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | "Күз". Қ. Мырзалиев<br><br>Шашақтанып жиегі<br>Бұлт қабағын түйеді.<br>Жоқ шалшықсыз,<br>Балшықсыз<br>Жердің сынық сүйемі. | - Жаңбыр жауса қалаға,<br>Алыс жатқан ауылға,<br>Су толады шалшыққа.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Там-там-там,<br>Там-там-там,<br>Соққылайды шатырға.<br>Там-там-там,<br>Там-там-там.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Д. Ахметова | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көкөніске аллергиясы жөнінде". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10 - 21.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін игертудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында сөренің шаңын, пластиктен жасалған Бауырсақ ойыншығын сүрткеннен кейін, бетінің таза, жылтыр болғанына көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру; қауыршақтарды орындықтарға отырғызуға шақыру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау, суару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Алтын астық" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларға бидай алқабының суретін көрсету арқылы бидай туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды орындағанда жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>*"Алтын астық" тақпағын мәнерлеп оқу*.<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала - бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Қ. Мүсірепов | **Бауырсақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларды ойыншыққа қарап, көркем сөзді айтуға ынталандыру, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету.<br>*"Бауырсақ"*.<br>- Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br>Д. Ахметова | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилеткізу арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке<br>С. Әлімқұлов | **Тышқан ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауға үйрету, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>Ойыншық болмаса, суретін көрсету мүмкін.<br>Тықыр-тықыр тықырлап,<br>Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден тесіп.<br>Көрейік оны, барлап.<br>Д. Ахметова | **"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға дөңгелек пішінді түрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табақшаларға қағаздан қиылған немесе пластиктен мөлшердері бірыңғай геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қояды.<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).<br>2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.<br>2–1 оң иықты көтеру;<br>2–2 б.қ. келу;<br>2–3– сол иықты көтеру.<br>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).<br>3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.<br>3–1– 3 рет секіру;<br>3–2 – б.қ. келу;<br>3–3– 3 рет секіру;<br>3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру.**<br>"Нан болса, ән де болады". | **Дене шынықтыру.**<br>"Аттап жүгірейік".<br>Мақсаты. Балаларды | **Музыка.**<br>"Көңілді тоқаштар".<br>Мақсаты. Балалардың | **Дене шынықтыру.**<br>"Секіреді торғай".<br>Мақсаты. Балаларды | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Тоқаштар". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсаты. Балаларды заттардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; ағзаның дұрыс дамып, жетілуі үшін күнделікті ішіп жүрген тамақтың маңызы туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.<br>"Жинап алыңдар" ойыны. | заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен оқу қызметін қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; балалардың жалпы дамыту жаттығулары арқылы тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.<br>"Бидай шашам қаптардан" ойыны.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Нанның қасиеті".<br>Мақсаты. Балаларға нанның қасиеті мен маңызы туралы түсінік беру; нанның қандай еңбекпен әзірленетіні туралы қысқаша мағлұмат беру. | дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету;әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогқа ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру.<br>"Ол не?" ойыны. | заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру.Заттар үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; секіру туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру.Балалар ды заттардың үстінен екі аяқпен секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; оқу қызметі кезінде достық, жолдастық қарым- | Мақсаты. Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, бұру бағытымен тұйықтап, нүктеге жеткізуге үйрету; қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға машықтау; педагогтың көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру.<br>"Сенде не бар?" сөздік жаттығуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың нан өнімдері атаулары арқылы ой-өрісін кеңейту; есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту.<br>"Ойыншықтарға нан берейік" жаттығуы. | | қатынасқа тәрбиелеу; құстарды қорғау және аялау сезіміне баулу.<br>"Маған қарай секіріңдер" ойыны. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды.<br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы | **Сары жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жергі түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев<br>Балаларға көркем | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>*"Аспанда"*.<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдарды жала киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы: жапырақтар сарғайды.<br>- Аспанға қараңдаршы: сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы: ауа салқын, адамдар жылы киінді. | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүргенді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсету мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; | сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. | **тапсырмалары:** балаларды гүлзарды құрап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді | - Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсаты.Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру.<br>- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларды жасауда жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>- Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре | қайта оқи алады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар.<br>Тышқандар інде тыныш отырады.<br>Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады?<br>Көрсетейікші. Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады.<br>Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | | | Шеңберден асыңдар, Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. Педагог дауыс ырғағына аса назар аударады. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Жеміс-көгөністерден жасалған тоқаш". | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Наубайшы". | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Піскен бауырсақтар". Мақсаты. Балаларды | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты.Балаларды мультфильмдегі бас | **"Бауырсақ кімнен қашты" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсаты. Балаларды әртүрлі заттар мен геометриялық пішіндердің ортақ сенсорлық сипаттарын біріктіруге және ажыратуға үйрету; олардың айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (дөңгелек пен сопақшаны) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; геометриялық пішін қасиеттерін жеміс және көгөніс пішініндерінен байқап, табуға дағдыландыру; нанның қасиеті мен жеміс-көгөністердің дәрумендік маңызы туралы түсінік беру. "Домалақ-сопақша" қимылды жаттығуы.<br><br>**"Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық** | Мақсаты. Балалардың наубайшының еңбегі туралы білімдерін кеңейту; піскен нанның дайындалу кезеңдерін бақылату арқылы қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту. "Нанның дәмін көрейік" рефлексиясы.<br><br>**"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуға үйрету. Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек). | көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді жағып жапсыруға, сүлгіні қолдануға үйрету; балаларға жапсыру амалдарын игерту; балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; балалардың күз мезгілінің өзгерістері мен нәтижелі іс-әрекетке деген қызығушылықтарын ояту; нанды құрметтеп, қастерлеуге және аяққа баспауға тәрбиелеу. "Дәмін көрейік" рефлексиясы.<br><br>**"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.** | кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. | білімдерін "Бауырсақ" ертегісінің желісі жөнінде пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту. Құралдар: "бауырсақ" кейіпкерлерінің жеке суреттері.<br>- Балалар, мен "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін көрсетіп отырайын, ал сендер бауырсақтың неден қашқанын айтып отырыңдар.<br>"Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін қатарға салып беру, аталған сайын көрсетіп отыру. Балалар жауап бере алмай жатса да, кезекті бұзбай, көрсетіп отыру, балалар атайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды пішіндерді ажыратуға үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті геомтриялық пішіндер. | | Мақсаты. Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. "Бауырсақ". | Кірпі арқасы инеге толған,<br>Жүгіріп жүр айнала,<br>Көк майса шөпті аралап,<br>Пысылдап, іскеп, қазып.<br>Д. Ахметова | Бауырсақ ойыншығымен ойнату. *"Бауырсақ".*<br>- Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br>Д. Ахметова | - Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Қ. Ыдырысов | "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.<br>- Ей, Бауырсақ!<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі!<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.10; 26.10 - 28.10.2022 ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.10.2022 | 23.10.2022 | 24.10.2022 | 26.10.2022 | 27.10.2022 | 28.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | | |
| **Балалардың** | "Еңбекке баулу" | | | "Еңбекке баулу" | "Еңбекке баулу" | "Еңбекке баулу" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | | | Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл екендігіне, құстардың жасыл өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару. | Мақсаты. Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығарытын сұрау. |
| | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. | | | **Балапан ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық"** Мақсаты. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту.<br>- Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық, | **"Торғай не істейді?" ойыны.** Мақсаты. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп (отыр, ұшты, шоқыды) немесе қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова | | | тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ. | Ұяларға сай салайық.<br>- Тауықтың ішіне не жасырылған?<br>- Қандай пішіндерді жинап алған? | туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды. Балалар, сурет көрсетілген және сұрақтар қойылған кезде, жауаптарды қайтарады.<br>- Торғай бізбен ойнайды,<br>Торғай бізден сұрайды:<br>- Мен не істедім?<br>Жауап беріңдер,<br>Орындарыңнан тұрып, қөрсетіңдер. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. "Керілу жаттығулары".<br>– Б.қ. - аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.<br>– Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жанға қарай созады, одан кейін керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасаулағ тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу дем шығару.<br>2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".<br>– Б.қ. - аяқты иық деңгейіне сай қою. | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | – Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау;<br>– Түзу тұрған қолды айналдыру.<br>– Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін серпиді де, осы қимылдар бірнеше қайталанады.<br>3. "Аяққа арналған жаттығулар".<br>– Б.қ. - аяқты иық деңгейіне сай қою.<br>– Аяқтың ұшымен көтерілу, қайтадан біртіндеп өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Күн суық,<br>Жаңбыр жауады.<br>Жылы жаққа құс ұшады,<br>Қанаттарын кең жаяды,<br>"Қош!" - деп айтады.<br>"Қош!" - деп айтады. | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>"Көңілді секірейік!"<br>Мақсаты. Педагог балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Торғайға ұқсап көңілді секірейік!", "Бәріміз епті баламыз!", "Бәрекелді!", "Жарайсыңдар!" | | | **Дене шынықтыру.**<br>"Торғай секілді секірейік".<br>Мақсаты. Педагог балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Күн бүгін тамаша!", "Торғай секілді көңілді, жеңіл, әрі епті болайық", "Тамаша!", | **Дене шынықтыру.**<br>"Домалайды алмалар".<br>Мақсаты. Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Сары балапан".<br>Мақсаты. Балаларды қарындаш жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап, сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Көңілді секіреміз" ойыны. | | | "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Торғай секілді секіреміз" ойыны.<br><br>**Музыка.**<br>"Торғайсың, тынбайсың!". Мақсаты. Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтары н арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай білуге тәрбиелеу. "Торғайдың тамағы" музыкалық - дидактикалық ойыны. | домалата білу дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл ойыны.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"М. Мақатаевтың "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". Мақсаты. Балаларды М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңінің үзіндісімен таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркем сөзбен | балапан сұлбасы ішін толық бояуға үйрету; балапан образын сақтау үшін өз қимылдарына бақылау жасап, кескін аясынан шығармауға дағдыландыру; бояудың бітуі туралы ұғымдар бере отырып, бояуға қайта малу амалдарын көрсету; сурет аяқталған соң таяқшаны тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; балапан денесі үлпілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру. "Балапандар" қозғалыс ойыны.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бейнелеуге жаттықтыру. "Күздің бояулары" рефлексиясы. | "Көлдегі үйректер". Мақсаты. Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, тілін, үй құстарына деген эмоциялық қабылдауын дамыту. "Үйректі салайық" дамытушы жаттығуы. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).** Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұлшығып жатқан | | | **Ұшқан құстарды бақылау.** Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Балалар, аспанға қарайықшы. - Бұлар не? | **Ақшыл бұлтты бақылау.** Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. - Ақшыл бұлттар, | **Ұшқан құстарды бақылау.** Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Балалар, аспанға қарайықшы. - Бұлар не? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | нелердің дыбыстары? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды бір бағытта тыныш | | | - Иә, бұл құстар.<br>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп, жарайсыңдар.<br>"Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>Ескен Елубай<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** | Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын | - Иә, бұл құстар.<br>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып жатыр.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп, жарайсыңдар.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық.<br>Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен? | | | балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, каздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер | көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін | Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>Ескен Елубай<br>- Барлығымыз құстарға "бізге келіңдер" деп айтайықшы.<br>Жарайсыңдар.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларға ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы.**<br>Балаларды қораз (әтеш) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | | | мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет | қалыптастыру. | қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар.<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қораз ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>**С. Бегалин**<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу | | Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сезімдерін дамыту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қайырлы таң!" мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**"Қораз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларға қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін | | | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балапанға саты".<br>Мақсаты. Балаларды кірпіштен балапанға саты құрастыруға үйрету; кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай балапанға саты жасауға жаттықтыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға тырна, торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады.<br>Кейін аудиожазбаны тыңдатқан кезде, балалар | **"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>*"Аспанда".*<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар.<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар. | | | ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту.<br>"Балапанға саты" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**Ойын-имитация. "Балапандар".**<br>Мақсаты. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.<br>- Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар! | тырналарды "у-у-у", торғайларды "шиық-шиық" деп дыбыстайды.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу.**<br>"Құстар әні".<br>Мақсаты.<br>Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br>"Құстар ұясы" ойыны. | қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. | | | Қайталаңдар!<br>(орнында адымдау)<br><br>Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде)<br>Қанаттарды соғайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жаңбасан қағу)<br><br>Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында)<br>Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында)<br><br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтар ұштарына тұру, мойынды жоғары | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | созу) | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова | | | Саусақ жаттығуы. "Балапан".<br>Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: Шиық-шиық.<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек. | Балапан ойыншығымен ойнату.<br>- Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ. | Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемді илеу амалын игерту. "Құстарға жем". |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **31.10 - 04.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2023 | 01.11.2023 | 02.11.2023 | 03.11.2023 | 04.11.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруді көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету. | жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. | көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | бетінің тегіс болуын бақылау. |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру.<br>Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оның атауын атайды, түсі мен пішінін айту үшін қолына алады.<br>- Бұл ненің дыбысы?<br>- Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер | **"Көгөністер дүкені" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер, көгөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Сатушы:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер?<br>Балалар:<br>- Көгөністер сатып алуға келдік.<br>Сатушы:<br>- Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың?**<br>(орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын! Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен | **Пазлды жинау. "Қарбыз".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері.Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру.<br>**С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді?<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін.<br>Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?<br>**Жұмбақтар.**<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.)<br>Ашулы қонақ бұл анық,<br>Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз.)<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, сурет салу)** | Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(сенсорика)** | Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. "Керілу жаттығулары".<br>Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.<br>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіптте кезек-кезек қайталайды.<br>Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу.<br>2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.<br>Түзу тұрған қолды айналдыру.<br>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.<br>3. "Аяққа арналған жаттығулар".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ.<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күнге ұқсаймыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір- | **Дене шынықтыру**<br>"Домалатайық қане біз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты екі | **Музыка**<br>"Жайсаң күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдап, | **Дене шынықтыру**<br>"Көліктегі жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты екі қолмен кезек | **Мүсіндеуден ойын жаттығу**<br>"Тиінге жаңғақ".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу. | қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталату; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып жорындауға қызығушылықтарын арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу. **"Көп допты кім жинайды?" қимылды ойын.** Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың | ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айту қабілетін дамыту; дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақты қимылды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. **"Түсінен таны" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; | лақтыруды үйрету; лақтыру тәсілінің допты бастан жоғары лақтыру түрімен таныстыру; лақтыру тәсіліне машықтандыру. Балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшықеттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілетін дамыту. | сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауды үйрету; жаңғақты "тиіннің қорегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дене қимылдарын, бұлшықеттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; жылдам қимылдауға тәрбиелеу. | эмоционалдық мінезін тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br><br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br><br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br><br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да | жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарын бізге бұлғайды.<br>- Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды | байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинату.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. | туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолды алға созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды | ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға балшықтың табанға жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аударамын орға мен. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру дағдысын қалыптастыру, | жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Орманмен жүрейік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшықеттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтардың күзде пісетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарының | **"Қаздар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіругді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. Табақшада жатты бұршақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау бұршақтарды шашты, Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. **"Допты қағып ал"** | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін қалыптастыру. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>**"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | жаңғақтары да піседі.<br>- Қанекей, балалар, піскен жаңғақтарды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинауды көрсетеді, балалар оған еліктейді.<br>Балалар біресе жүріп, біресе тоқтайды, қолдарын жоғары созады, аяқтың ұшына тұрады, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>Орманмен жүрейік,<br>Жаңғақтарды терейік.<br>Бір жаңғақты биіктен,<br>Екіншісін төменнен,<br>Қалғандарын жан-жақтан<br>Шапалақтап алақан.<br>Д. Ахметова | шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ, | **қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) белгі бойынша тізілуге, белгі бойынша жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Бірге, тату ойнауға, ойыншықтарға таласпай ойнауды үйрету. | | жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Балапан". | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Үлкен және кішкентай үйшіктер". | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Күн". Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жемістер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен,<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>"Көгөністер" атты мультфильмін көру.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, танымдық** | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту.<br><br>**"Балапандар" қозғалыс ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, сендер балапан боласыңдар.<br>- Балапандар тауық қорада отырады. Орындықтарға отырғызу. | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату | Балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру.<br>**"Күнге не** | көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жеміс және көгөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру.<br>**"Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға дағдыландыру.<br><br>**"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға киім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар)** | - Балапандарым, аулаға шығыңдар. Педагог балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады.<br>- Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды көрсетіп жүру.<br>- Балапандар! Әне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріңдер!<br>Балалар бір-біріне соғылмай, өз | мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту.<br>**"Үйшік салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету.<br><br>**"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсінуді дамыту, еске сақтауға баулу.<br>Құралдар: | **ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендендіру. Ұқсастықтарды және айырмашылықтарды табуды үйрету.<br><br>**"Біз шалқандай өстік"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін бойларын сергіту.<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Жаттығуды балаларды шоқайтып отырғызып бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық | түрлерін атауды, оларды ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер.<br>- Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз?<br>- Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші.<br>Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді.<br>Киім үлгілерінің барлығы аталуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды.<br>Ойынды екі рет өткізуге болады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер".**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен,<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жемістер".**<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Ескен Елубай**<br>**"Құстар, қайтып келіңдер!**"<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Алма".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **С. Әлімқұлов**<br>**"Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11- 11.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | ережесі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қолды қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын (суретін) көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. |
| | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, | **Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".** Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. ***"Бағдаршамдар*** | **"Пойыз" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, | **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".** Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Бағдаршамдар | **"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту. Шарты: педагог жасыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>- Көлікке сай дөңгелекті салайық,<br>- Көшеге көлікті шығарайық. | ***ұйықтамайды".***<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, басы біреу.<br>Д. Ахметова<br>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі. | дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;<br>эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>"Ту-ту" жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова | ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" сөздерін айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2-1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2-3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3-1 еңкею, допты жерге қою.<br>3-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3-3 еңкею, допты жерге қою.<br>3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз,<br>Бірге жүріп, тату ойнаймыз.<br>Ендеше көлікке отырайық,<br>Рульді ұстайық та бұрайық.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Доптарды лақтырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін | **Дене шынықтыру**<br>"Допты жоғарыға лақтырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін қайталау; | **Музыка**<br>"Пойыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка | **Дене шынықтыру**<br>"Аюмен жарысайық!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Пойыз келе жатыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сурет салуға арналған кескіннің пішінін алдына ала зерттей отырып салынатын орындарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. **"Лақтырайық көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыруды үйрету. | лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыра отырып, балалардың дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын және лақтыру қабілеттерін қорытындылау; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. **"Жемістерді себетке жинайық" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты басынан асырып лақтыруды үйрету. | сипатына сай ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; көлік мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білу дағдыларын үйрету; музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. **"Көліктерді топта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Көліктердің шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету. | технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. **"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимыл ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. | бақылауды үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, түгінің бетін "пойыз вагоны" аясына "пойыз терезелері" тәрізді етіп, бір қатармен біркелкі қимылдармен, жеке жақпалар қойып отыруға дағдыландыру; қылқаламды бояуға қайта малу амалын пысықтау; қылқаламмен салып жатқан жақпаларды байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; көлік түрі пойыз туралы түсінік беру. **"Пойыз" қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің белдерінен қолмен ұстап, асықпай жүруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма?<br>- Жапырақтар қайда түсті?<br>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.<br>- Аспанға қараңдаршы, | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның нақпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл бағдаршам. Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар! | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Мәшинелер жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар, сұр бұлттар көшіп барады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, балалар, далада ауа салқын, біз жылы киінеміз.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>Қ. Ыдырысов "Күзім".<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинату.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.** | - Бағдаршам не үшін керек?<br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң қып-қызыл,<br>Екі десең сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. | құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Асфальт бетіне салынған (жерде | **"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді дамыту, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, жасыл.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.<br>Мұқият болыңдар.<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр! | торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды?<br>Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркемсөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. | таратады.<br>- Балалар бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "У-у-у!" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "У-у-у!"<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгіру кезіндегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа"** | Балаларға смартфонға жазылған пойыз дыбысының аудиосын тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>Педагог саптың басына өзі тұрады, балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету. | - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын ескертеді.<br>**"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жем шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Кіш! Кіш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Барлығы бірлесіп | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттерІ.<br>Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюғды, қолдарын жууды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Көліктер әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоцияланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; көліктерді ажыратуды | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Жүк машинасы жолы". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіштен жүк машинасына кең жол салудың тәсілдеріне үйрету; кірпішті бір-біріне тізбектеп қосуға дағдыландыру; өзі жасаған еңбек нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру; педагогтің көрсеткен тәсілдерін дұрыс ұғынып, жүк машинасын жасау икемділіктерін арттыру. Балалардың кірпіштен жүк машинасын жасауда | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жүргізуші әрекетін бақылау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы жалпы түсінік беріп, жүк көлігі машинасымен таныстыру, жүк машинасының негізгі бөліктерін атай білуге үйрету, жүк машинасының пайдасы туралы түсінік беру. **"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды үйрету. **Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр".** Мақсат-міндеттері. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Паровоз". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Мырза Әлидің"Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыра отырып, ойын барысында паровоз көлігінің дыбысы, негізгі қимыл қасиеттері жөнінде түсінік беру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. **"Торғайлар мен автомобиль" қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Содан кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды, паровозды "ту-ту-ту", мәшинені "бип-бип" деп дыбыстайды. | | қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, ептілігі мен қабілетін дамыту.<br>**"Жүк машинасына кең жол" іс-тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Кірпіштерден жүк машинасын құрастыруды үйрету.<br><br>**"Жүк көлігі не әкелді? ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру.<br>Педагог ойыншық жүк көлігімен әртүрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсі мен пішінін атап, онымен ойнау үшін өзінің қолына алады.<br>Бұл ненің дыбысы?<br>Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп! | Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуге үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br><br>Машинаға міндік,<br>Көп жер көріп, білдік. | ойнауды үйрету.<br>**"Пойыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін бар сыйлықтар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді? | Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>Д. Ахметова | Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" | **"Жүрейік" қимыл жаттығуы.**<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там соқса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>Д. Ахметова | **"Алмалар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту. | **Қ. Мырза Әли "Паровоз".**<br>Пыс-пыс! - деді,<br>Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-түкі,<br>Тақы-түкі, Тез өт! - деп,<br>Тоқтамайды<br>дөңгелектер безектеп. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **14.11- 18.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; сукұйғышпен суаруды көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, коректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы түсіндіру; орамалды ілетін орнынның суретін көрсету. | түсіндіру. | | |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. **Әбен Дүйсенов "Көжек".** Қоянның көжегі Сыбдырды сезеді. Өскен соң ол дағы Көп жерді кезеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Аю" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Ақ аю" тақпағын мәнерлеп оқу. Ақ аю ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: ақ аю ойыншығы немесе оның суреті. **Жүсіп Қыдыров "Ақ аю".** Жонынан күн өтсе де, Терлеп ағып кетсе де, Тонын әсте шешпейді. Бүйте берсе ақ аю, Күнге күйіп қарайып Кетсе егер не істейді?! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу).** Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағаздан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. **(сенсорика, танымдық дағдылар)** ***С. Сәрсенов "Кірпі".*** | **"Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: көжек ойыншығы немесе оның суреті. **Әбен Дүйсенов "Көжек".** Қоянның көжегі Сыбдырды сезеді. Өскен соң ол дағы Көп жерді кезеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Сурет бойынша әңгімелеу.** Мақсат-міндеттері. Қоянның суретіне қарау, дене бітімін зерттеу жаттығуы. Балаларды суретті сүйемелдеу сөздер және көзбен қарап қабылдау арқылы қоян туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. Қоянның арманы мықты, Орманнан ытқып шықты. Үйіне қайтайын десе, Адасып, жолды ұмытты. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстауға<br>болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2-1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2-3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3-1 еңкею, допты жерге қою.<br>3-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3-3 еңкею, допты жерге қою.<br>3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар тау мен тасты мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тіршілігіне қарайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Көпірден құлап кетпейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу.<br>**"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып | **Дене шынықтыру**<br>"Тура бағытта жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен кейін тізбекте жүру дағдыларын қайталау; жүру икемдfestival іктерін, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділіктерін арттыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге ынталандыру; балаларға жаттығуларды қайталату арқылы бекіту.<br>**"Кім жылдам?" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүгіру жылдамдығын | **Музыка.**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білуді үйрету; музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру.<br>**"Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аңдарды дыбыстарынан тануды үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Қасқырдан ептіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қатармен жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуді үйрету; жүгіру және еңбектеу техникасын меңгерте отырып, жаңа қимылды тез қабылдай білуге машықтандыру.<br>Балалардың жүгіру шапшаңдығын жетілдіру; еңбектеу кезінде балалардың ептілік, төзімділік, шапшаңдық қабілетін дамыту. Балаларды жаттығу кезінде батылдыққа, дәлдікке, достық қарым-қатынасқа, мәдениет және адамгершілік әдебіне, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кірпі кескінін бақылай отырып, қысқа тура сызықтарды "инелерді" кірпінің үстіне белгілі қимылдармен салуды үйрету; сызықтың ұзындығын анықтауға жаттықтыру; педагогпен бірге ойын арқылы сурет салу тәсілдерін қабылдай білу икемділігін арттыру; кірпінің орманда мекендейтіні туралы түсінік беру.<br>**"Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейінге арналған жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жердегі заттарды еңкейіп жинауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауды үйрету. | дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | | қатысуға тәрбиелеу. **"Қасқыр мен қоян" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту. Бірлесіп ойнауды, кейіпкерлердің рөліне енуді үйрету. | үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға ауладағы ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету. **Д. Ахметова "Құстар, құстар, келіңдер".** Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, табанына балшықтың жабысқанын балаларға көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табанымы | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту. - Қараңдаршы, балалар, бұл не? - Ағаштарда жапырақтар бар ма? - Жапырақтар қайда? | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жемді шоқып,<br>тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын | кірлеп қалады.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары:<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, | ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар!Бізге қоян келді.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдатады.<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Ол сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | Педагог көркемсөзді қолданады.<br>М. Әлімбаев "Жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>- Иә, жапырақтар жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады?<br>- Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді.<br>- Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің | Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сигналмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды жайып жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". | жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды. - Тышқандар жүгіріп ойнай ма? Көрсетейікші. Тамаша! - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келсе, тышқандар індеріне тығылып қалады. - Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы. Педагог көркемсөзді қолданады. Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар | машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып тұрады. "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлағыңмен ойна! Былай көрсет, | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу. Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді. - Балалар, бұл не? - Бұл кірпі. Жарайсыңдар! Д. Ахметова "Кірпі". Кірпі, сен қайдан келесің? Қандай қоректі іздейсің? Пысылдайсың, пысылдайсың, Тоқтамайсың, тоқтамайсың. | қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інінің" орнын белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды. - Тышқандай қалай ойнайды? Көрсетейікші. Тамаша! - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келгенде тышқандар інге жүгіріп, барлығы тығылып қалады - Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы. Педагог көркемсөзді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруді жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірге ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысыққа!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы жолды йтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығады.<br>Балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескеру керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп атуларын, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. | Былай көрсет,<br>Сұр құлағыңмен ойна!<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | - Қанекей, балалар, мына жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның әртүрлі бағыттарына асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтарда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын ғана жүрейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аяқтың ұшымен жүру қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Көліктегі аңдар". Мақсат-міндеттері. Балаларды сенсорикалық нысандардың түсі мен пішінінде айырмашылықтар бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратып, салыстыруды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін бақылап, біртұтас бейнені көріп, жетіспейтін бөлшектермен толтыруға дағдыландыру; | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру; көжек туралы тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; жабайы табиғат туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың көжек туралы тақпақ арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және еске сақтауын дамыту. **"Көжекке не береміз?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Диалог құрып сөйлеуді дамыту. | **"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Үйшікке қандай кейіпкерлер келді?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың "Үйшік" | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тиін". Мақсат-міндеттері. Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік етуінің ерекшелігі туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға талпындыру; балаларға тиінді сыртынан бақылату. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** **"Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы.** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Қонжықтың сылдырмақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын қонжықтың сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісі туралы түсінік беру; түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстыру және құрастыру барысында тапсырмаларды сөздік нұсқама не үлгі нысанына сүйеніп, орындауға жаттықтыру.<br>**"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бірігіп ойын ойнауды үйрету.<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Қонжық".**<br>Қонжық жүрсе орманда,<br>(жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге және тізеге ақырын соққылау)<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап,<br>(алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) | **Ойын-имитация. "Кірпіжан".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдар: кірпінің суреті немесе ойыншығы.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>- Жолым көп, жолым көп,<br>Қорек іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп<br>Тауып алып, жеймін.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ертегісінің желісі жөнінде білімдерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылықты ояту.<br>Құралдар: "Үйшік" кейіпкерлерінің жеке суреттері (кескіндері), үйшіктің суреті.<br>Педагог "Үйшік" ертегісінің және басқа ертегілердің кейіпкерлерін қатарға салып береді, балалар ертегінің кейіпкерлерін танып, кезек-кезек атап жатады.<br>**(көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттері.<br>Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету.<br><br>**"Балық аулаймыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көз мөлшерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әр балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады.<br>Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін | әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Қонжық әні" рефлексиясы. (музыка)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға дыбыстарды бірігіп айтуды үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Тиін".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тиінмен таныстыру, оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға талпындыру; тиінді (бақта болса) балаларға сыртынан бақылату.<br>**"Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бізді көрсе қашады.<br>(саусақтарды алға қарату, кезекпен соққылау)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қ. Баянбаев "Тырналар".**<br>Аспанда самғайды<br>Тырналар тізіліп.<br>Біреуі қалмайды<br>Қатардан үзіліп.<br>Сақтайды сапарда<br>Бірлікті кім мұндай?!<br>Бұзылмас қатары<br>Кәдімгі шынжырдай. | **Д. Ахметова "Топ-топ".**<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп. | **С. Бегалин "Қазым".**<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | **"Сәбіздер" ойыны.**<br>Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп алу, бағандарды есу амалдарын игерту. | **С. Сәрсенов "Кірпі".**<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстауға болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.Ж.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **21.11- 25.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, ойыншықты көрсетуді, атауды үйрету; ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене бөлшектеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау қажеттілігі | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындау, су ағымы астына қолды ұстауларын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау әрекетін және суару үлгісін көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | туралы түсіндіру. | | |
| | **"Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсі үштен кем емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айтқызу кезінде ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін ойнауға мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>Д. Ахметова "Тоқ-тоқ".<br>Сылдырмақ соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук". | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баланың өрнекті құрастыру кезінде қандай пішіндерді салып жатқанын сұрастыра алады. | **"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>(орыс тілінен аударма)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу.<br>*Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".*<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезекпен салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкеніне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **(сенсорика, танымдық дағдылар)** | | салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру.<br>1-1 қолды екі жаққа созу, "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру. "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).<br>2. Бастапқы қалып: қолды алға созып, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>2-1 қолды жібермей ұстап, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу. (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>3-1 бірінші жұп қол ұстасып тұрып секіреді "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>3-2 қол ұстасқан екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ойналатын әуенжазбасын қосу.<br>Біз ақылды бала, дарамыз,<br>Өсеміз, алыптай боламыз.<br>Үлкен саяхат жолында<br>Досты қолдан ұстап барамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Қасқыр мен қоян". | **Дене шынықтыру**<br>"Біз ептіміз". | **Музыка**<br>"Ормандағы бауырсақ". | **Дене шынықтыру.**<br>"Секірейік, тоңбайық!" | **Сурет салудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; жүгіру шапшаңдығын жетілдіре отырып, педагогтің нұсқауларына көңіл аударуды, жаттығуларды ептілікпен орындауға баулу.<br>**"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогті мұқият тыңдауға, кеңістікті бағдарлауға, жүгіру кезінде ептілікті дамыту іскерліктерін жетілдіру. | Мақсат-міндеттері. Балаларға сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту дағдыларын қайталату; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; жүгіру шапшаңдығын бекіту.<br>**"Допты досыңа бер" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды ырғақты түрде орындау қабілетін дамыту, допты белгі бойынша беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға лақтыру, лақтыру және жүгіру, шеңберге салу дағдыларын бекіту. | Мақсат-міндеттері. Балаларды мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсінуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу.<br>**"Бауырсақ" музыкалық мюзикл.**<br>Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету. | Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып екі аяқпен бірге секіруді үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; бір орында тұрып секірудің техникасын жылдам меңгеруді үйрету. Балаларды бір орында екі аяқпен бірге секіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; орнында түзу тұруды икемін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Кенгуру" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып секіруді, екі аяқпен секіріп жүгіруді үйрету. | "Бауырсақ қашты қояннан".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері қоянның жанына қылқаламның ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, дөңгелек бауырсақты салуды үйрету; қылқаламмен салынған "сызықты" бақылап отыруға дағдыландыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; мазмұнды сурет жөніндегі негізгі ұғымдар қалыптастыру; баланың өзі салған кейіпкерін тұтас суреттің маңызды бөлігі ретінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қабылдай білуге баулу. **"Бауырсақ кімнен қашты?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс ертегі кейіпкерлерінің суреттеріне қарап отырып, ертегі мазмұнын есте жаңғыртуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлә бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. *Қ. Мырза Әли "Аспанда".* Бір бұлт шықты бие болып, | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанына балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштардың құрылымына көңіл аудару, ағаштың діңгегі біреу, ал бұтақтарының көп болғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, оның түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры - аспан. Аспан - күннің мекені, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді | табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып | Желге желпілдеп жайқалады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, | Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге | Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге бұлттар ұқсап "ұшасыңдар".<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру дағдысын қалыптастыру. | жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды.<br>- Тышқандар жүгіріп ойнай ма? Көрсетейікші. Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келгенде тышқандар індеріне қарай тұра қашады. Олар інге тығылып қалады.<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады. | бұлшық еттерін шынықтыру.<br>Педагог балаларды көркемсөзбен арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдына айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан кейін өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанда ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық! Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у!"<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындап қалды мысық та,<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Педагог соңғы жолдарды айтқанда ойыншық мысықты қолға ұстап тұрады. | | | Ойын екі рет жүргізіледі.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың бір-біріне соғылмауын қадағалау керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ" ертегісін сомдайық.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыка арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсінуге ынталандыру; музыканың сын-сипатына қарай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін жетілідіру.<br>**"Бауырсақ" музыкалық мюзикл.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ" ертегісі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды «Бауырсақ» ертегісі желісін мұқият тыңдауға және ертегі мазмұны бойынша кейіпкерлер сөздерін қайталап айтуды үйрету; кейіпкерлердің (аңдардың) қимыл-қозғалыстарын қайталатып жаттықтыру.<br>Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдауын, есте сақтауын дамыту.<br>**"Кейіпкер сөздерін жалғастыр" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақтөс күшіктің үйшігі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кірпіш пен призманың қасиеттерімен таныстыру; оқу қызметінде құрастыру тәсілдерімен: саусақпен сипау, үлгі бойынша қалыптарға орналастырумен таныстыру; кірпішті көлденең қойып, призманы кірпіштердің үстіне қою икемділіктерін қалыптастыру; педагогтің үлгісіне сай құрылыс нысанын жасауға жаттықтыру. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ит пен күшік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ит пен күшіктің тіршілігімен таныстыру; олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы мағлұмат беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді атап көрсетуге машықтандыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер арқылы бір тұтас оқиға ретінде қабылдауды үйрету.<br>**"Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.** | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сөздерді саусақ қимылдарымен қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақтау)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркемсөзді мәнерлеп оқу. "Әлди, әлди!"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Құралдар: қуыршақтар, кейіпкер ойыншықтар.<br>*С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"*<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(көркем әдебиет)** | Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін есте жаңғырту арқылы қайталату.<br><br>**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатыны жөнінде қолмен ұстап, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балалардың кірпіш пен призманың қасиеттерін қабылдау қабілеттерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығын дамыту.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Ойыншықтар үйшіктерге тығылып қалды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күшікті үйге жасыруды үйрету.<br>**"Пішіндер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттері.<br>Жануарлардың суреттерін дауыстарымен сәйкестендіруді үйрету.<br>**"Алма" ертегісін әңгімелеп беру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ертегімен қайта таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелер, шымылдық.<br>**(көркем әдебиет)** | бұрылып, шапалақтау)<br>Отырып ұстайсың ба? (шоқайып отыру, шапалақтау)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұру, айналу)<br>Ұстатпайды (саусақты шошайту)<br>Домалайды. (жұдырықтарын айналдыру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"** | **"Шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.** | **Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су"** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ермексаздан көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там".<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(орыс тілінен аударма).**<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>**(көркем әдебиет)** | **оқу.**<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **28.11- 02.12.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 28.11.2022 | 29.11.2022 | 30.11.2022 | 01.12.2022 | 02.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, оны атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастауды және суару үлгісін көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігі туралы түсіндіру. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс туралы | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің | **"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Мақсат-міндеттері. | **"Балықты аулаймыз" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді педеготен кейін қайталап айтып, жаттығу жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау.<br>Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты түю және ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі (қолды қағу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | соңынан көркемсөз жолдарының ырғағы мен мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, бәріміз бірге ойнап көрейік.<br>Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарды ары-бері қозғау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру; қардың жауғанына қарап, қыс туралы тақпақты педагогтің соңынан мәнерлеп айтуға ынталандыру.<br>Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге қарай төменге,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, оған үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашамын, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли "Қар".<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай | Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады.<br>Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, барлығы қол ұстасып тұру.<br>1-1 қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).<br>2. Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей.<br>2-1 қолды жібермей ұстау, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықтан бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>3-1 қолды жібермей ұстап тұрып, бірінші жұп секіреді. "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>3-2 қолды жібермей екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Кенгуру ұқсап секірейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір орында тұрып, екі аяқпен бірге секіру дағдысын дамыту; бір орында тұрып секірудің техникасын жетілдіру; балаларды бір орында екі аяқпен секіру жаттығуын ынталанып жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту.<br>**"Кенгуру" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Межеге дейін екі аяқты қосып секіріп баруды үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Қоян секіруге шақырады".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдыларын пысықтау; бір орында тұрып секірудің техникасын пысықтау; өткен оқу қызметтерін қайталау; балаларды бір орында тұрып екі аяқты осып секіру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; доптарды көлемі бойынша ажырата білу іскерліктерін дамыту.<br>**"Үлкен және кішкентай доптар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру; қолдың моторикасын, балалардың заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту. | **Музыка**<br>"Аппақ қар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыканы тыңдаудан шат-шадыман көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуді үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғаққа сай қимылдар жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің кереметтерімен таныстыру. Балаларда музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімін дамыту; әнді тыңдап, оның сын-сипатын ажырата білу дағдыларына үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасауды дағдыларын жетілдіру. | **Дене шынықтыру.**<br>"Тәуелсіз Қазақстан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс орындау икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; кеңістікте өз дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдерін жаттықтыру; ойын барысында қардың қасиеттері туралы түсінік беру. Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексаздан мүсіндерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту; құрдастармен ойын ойнау кезінде өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу.<br>**Ауада мүсіндеу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **"Тальго пойызы" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің артынан асықпай, итермiспей жүруді үйрету. | **жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қар кесегін шартты түрде ауада илеуді көрсету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, айналамызда қар жатыр.<br>- Қар қайда жатыр? Қар | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, ақ қар жатыр.<br>- Ақ қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұрланса қар жаууы ықтималдығын байқату.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Аспанның түсі көгілдір ме?<br>- Аспанның түсі сұр.<br>- Аспан сұр болса, қар жауады.<br>Көк аспанды жаулайды | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын қардың жоғарыдан төмен ақырын түсетініне аудару, қардың ақшақарлардан тұратынын, олардың жеңіл мамықтай ұшатынын байқату; зейін, түйсік, ой-қиялын дамыту.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп, | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар?<br>- Иә, айналада қар жатыр. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерде жатыр.<br>Жарайсыңдар!<br>*Т. Шопаев "Қар".*<br>Жауды, міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды,<br>Тегістепті орларды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына | аппақ.<br>Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтармен қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп | Қалың сұр бұлттар.<br>Бір жауса тоқтамайды<br>Аппақ жауын, аппақ қар.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға | Маужырайды шыршалар.<br>- Балалар, байқадыңдар ма? Дала қандай тыныш!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; | - Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Қыста күн суық болады.<br>- Адамдарға жылы киінеді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сай адымдап жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп келіп асықпай.<br>Балалар сапқа жиналып тұрады, барлығы ашық жолмен жүреді.<br>Жаттығу екі рет қайталанады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын** | алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай үлгерейік.<br>- Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық | талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қыс мезгілі келді.<br>- Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты түю және ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақанды қағу).<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қапты | сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.** | қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **материалмен ойын ойнау.** Мақсат-міндеттері. Барлығы бірге тату ойнауды, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | ... Д. Ахметова **"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен жүріп қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қасиеттерін дамыту. | **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа (түзу сызық немесе жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі | **"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қоян ойыншығының қайда | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аппақ қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқаламды | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Алақай, қыс келді!" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өздері қол жеткізген нәтижені көруді, оған қуануды үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл | заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру қабілетіне үйрету; әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Қоян қайда тығылды?" дамытушы ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды бекіту. | жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне," "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын сілтеу есімдіктерін қолданып айту.<br>- Балалар, бізге қонаққа қоян келді.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керекпіз. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз.<br>Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр, | үш саусақпен ұстап, оның түгін бояуға малып, алдын ала боялып қойған көк түс алаңын қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдармен, нүктелі дақтармен толық бояуды үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін бақылап, бояуға қайта малу амалын қолдануға дағдыландыру; қылқалам қалдырып жатқан "нүктелерді" балалардың бос жерлерге қайта салып отыруын қадағалау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; қыс мезгілі туралы түсінік беру.<br><br>**"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстармен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы түсініктер негізін қалыптастыру.<br>**"Биіктен төмен тізбек" дамытушы ойын рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттардың биіктігін салыстыруды үйрету.<br><br>**"Күн райы" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ауа райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды үйрету; атауларын атауға ынталандыру; ойлау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың тапсырманы орындау тәртібін бақылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды, ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер.<br>- Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз?<br>- Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші.<br>Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен | Тыныш қана үндемей.<br>Д. Ахметова<br>Көркемсөзден кейін педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады. | Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>*Ш. Әлдибекұлы "Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыр қарлар. | **қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | киінуді үйренеді.<br>Киім үлгілерінің барлығы айтылып шығуы керек. | | Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>**(көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту**) | Ш. Әлдибекұлы "Қар".<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыр қарлар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Қар жауды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алу, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12 - 09.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтарды қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, дбөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(еңбек дағдылары)** | |
| | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі дөп- | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар.<br>Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қане, қане балақай,<br>(шапалақ)<br>Тұрғызамыз аққала!<br>(қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып,<br>(шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана.<br>(шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана!<br>(шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Қоян»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Алға, Қазақстан!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу | **Дене шынықтыру**<br>"Тальго пойызы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін, | **Музыка**<br>"Елімнің елтаңбасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Қалайық қардан аққала".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бәйтерек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп, салуға жаттықтыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту. | ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау. | | техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты домалата білудің дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру. | қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Күрекшені аламыз, Жолды қардан | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды | тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға үйрету, секіруді, қол шапалақтауға, мәтіннің | және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.)<br>Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: | зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру,** | ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау.<br>Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным,қояным<br>ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киш**і**,<br>Көлегіңді киші. | балаларды шеңбер құруға, оны кеңірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады.<br>Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!- дейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады.<br>Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. | **жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын балық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аквариуммен және аквариумдағы балықтардың дене құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Менің Отаным".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргінші жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру.<br>Балалардың құрылыс материалдарының | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Елімнің рәміздері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту. | сақтауын дамыту. | "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын, | қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты. Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну. Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Суық - жылы» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар кілемге малдас құрып отырады.<br>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»-дейді. Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» -дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | етеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу:<br>- - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті.<br>Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **« Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12 - 23.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2023 | 20.12.2023 | 21.12.2023 | 22.12.2023 | 23.12.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін анықтау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. | көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. |
| | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".** Мақсат-міндеттер. Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс | **"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан қимылдарды қайталап, шырша туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді саусақтардың қимылдарымен қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>- Домалайды, домалайды, (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру) | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук". | болуы тиіс.<br>Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді,<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. (шапалақтау) | дамыту.<br><br>- Шыршада өседі ойыншықтар,<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның инесін ұстама,<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша сыйлықты бермейді,<br>- Тақпақты оқып бер! – дейді.<br>Д. Ахметова | Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Отырып - ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу)<br>Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау)<br>Домалайды. (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру)<br>Д. Ахметова | түрлі сандықшаларды бірін-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) | **Мырзалиев) тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қар туралы тақпақты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуға, қимылдауға ынталандыру; қыс мзгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау.<br>Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді.<br>*"Қар".*<br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев.<br>**(көркем әдебиет)** | **құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер | **тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ш. *Әлдибекұлы.*<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қар жауса, қар жауса,<br>Қуанады балалар.<br>Аппақ тау, аппақ шатыр,<br>Бүкіл жерде қар жатыр.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қыс қызығы қарда".<br>Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру; балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларын дамыту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 4-5 м жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрып, доптарын бір-біріне | **Дене шынықтыру**<br>"Қыста қандай ғажап".<br>Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіру іскерліктерін қорытындылау; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларын бекіту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жалпы дамыту және негізгі қимыл жаттығуларын пысықтау | **Музыка**<br>"Ақша қар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Қысқы ормандағы аңдар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге үйрету; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Ақша қар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және шыдамдылық пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарай домалатып тигізу; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген белсенділіктерін арттыру. | | | дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне белсенді араластыру. | ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. | **Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру. | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіп қалмайтынына назар аудару;<br>шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды шыршаның | - Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы | - Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>- Ақша қарлар оюлы<br>Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды** | айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br><br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; | - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы | қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл | **жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік, | балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі | Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | Оңға, солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға, солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-біріміздің қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | | | баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қардың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; қарды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.<br><br>**Саусақ жаттығуы.** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шаңғы жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету; кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қоса білу қабілетін арттыру; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына машықтандыру; өз жұмысынан қанағат алу қабілетін арттыру; қыс мезгілі туралы | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде мәдени қарым-қатынасты | **Музыкадан ойын-жатығу**<br>"Ақшақармен би билейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандару.<br><br>**"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Біз текшені жинаймыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қысқаша түсінік беру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен бейімін, зейінін, байқағыштығын дамыту.<br><br>**"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін | сақтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**"Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері).<br>Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады.<br>**(қоршаған ортамен** | Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>(саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар.<br>(қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>(алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту.<br>Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **танысу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>- Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Қар жауды"**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".**<br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай | Өздері сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01-20.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
| **Балаларды** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қабылдау** | алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суаруды үйрету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | **"Қоянды үйіне дейін өткізіп көр" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды қоян бейнесін қабылдап, | **Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен ырғақты қимылдар | **"Қар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы | **"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншық аңдарды атауға, | **Саусақ жаттығуы "Аяз ата".** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қол саусақтары арқылы, кедергілерден "секіртіп" бір және кері бағытқа жүргізуге үйрету; педагогтің соңынан, өз қимылдарына қарап, қоян туралы тақпақты айтуға ынталандыру; қоянның қысқы тіршілігіне қызығушылық туғызу.<br>Педагог балалардың қолдарының сыртқы жағына қағазға салынған қоянның басын жапсырады, текшелердің арасын ашып, бір қатарға тізіп қояды.<br><br>*"Қоян карда жүгіреді".*<br>Қоян далада | жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу; қоянның тіршілігі жөнінде ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға ақ қоянның ойыншығын немесе суретін көрсете алады.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)<br>Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, | ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқарлар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, | олардың әрқайсысына қандай затты (қоректі) беретінін айтуға жаттықтыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резеңкеден, пластиктен жасалған), жеміс пен көгөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері.<br>- Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер?<br>Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, тиінге - | ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу; аяз қыс құбылысы жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>Педагог балаларға жылы қиінген баланың суретін немесе аяз бейнесін көрсете алады.<br><br>- Аяз ата алыстан, (алақанның қырымен үстел басын үйкелеу)<br>Шаңғы теуіп келеді, Қояндармен жарысқан, (саусақтарды қосып, үстелге соққылау)<br>Бізге сыйлық береді. (шапалақтау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіреді,<br>Омбы қардан секіреді,<br>Бұта түбінде ақырын,<br>Сәбіздерді кеміреді. | саусақтарды қозғалту, жыбырлату)<br>Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)<br>Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстелдің басына, бір уысқа жинақтап, соққылау) | ұйықтап қалғанды көрсету)<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.* | саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді қоректі тереміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Кім шапшаң, кім өжет?<br>Кім болады аппақ көжек?<br>Орнымызда секірейік,<br>Көжектей жүріп билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Орман аңдарының іздері".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен | **Дене шынықтыру**<br>"Қай аңның ізі?"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды түзу жолмен және екі жолдың арасымен түзу жүру іскерліктерін дамыту; жұп болып орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; екі топқа бөліп, еңіс тақтайдың үстімен белгіленген | **Музыка**<br>"Сұр көжек".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгілінде жануарларға деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасының дағдыларын меңгерту; допты лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру. Балалардың | **Сурет салу**<br>"Түлкі іздері".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың саусақпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. Балалардың саусақты басу арқылы сурет салу әрекетіне деген қызығушылықтарын ояту; ересекпен ортақ ойынға белсенді қатысу қабілеттерін қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту. | межеге дейін жоғары және төмен аю сияқты жүру; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау. | | допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, допты алысқа лақтыра білу ептілігін дамыту; допты лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін қалыптастыру; оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру. | аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылық қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарды | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын | **Апандағы аюдың суретін қарау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың қысқы тіршілігі жөнінде жалпы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге таман, төмен,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып | тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынтылындыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар.<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, ұзын құлақтары бар. | жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: | тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл шығып жатқан қандай дыбыстар? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстардың шиқылдаған дыбыстары.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, | ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда ұйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Аю апанына жатты, Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю).<br>- Аю, аю, қайдасың?<br>- Неге ақырмайсың?<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, аю неге ақырмайды?<br>- Иә, аю апанда ұйықтап жатыр.<br>- Аю қалай ұйықтайтынын көрсетейікші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Аюдың ұйқысы қатты, біз ойынды ойнап көрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының | - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды.<br>- Қоян қайда мекендейді?<br>- Иә, қоян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға | балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға | құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін | орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)<br>Екінші жұп қолғапты, (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) | шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы бірге топтасып "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян | ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап,, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Ән салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** | көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады. | ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | **"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Аю мен әтеш".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аю мен әтеш туралы тақпақтың мазмұнымен таныстыру.<br><br>**"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне", "анда", "бұнда", "бар", "жоқ" сөздерін қолданып айтуға ынталандыру; | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ормандағы қыс".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейінін сұр түстің қасиетіне аудару және әртүрлі заттардың айырмашылықтарына қарамай, ортақ сенсорикалық сипаты, түсі бойынша сәйкестендіруге үйрету; заттардың ұқсас қасиеттерін табуға және екі түрлі топтамаға аталған қасиеті бойынша бөліп алуға дағдыландыру.<br><br>**"Не қалай** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы ормандағы аңдар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдардың қысқы ормандағы тіршілік ерекшелігімен таныстыру; әр жабайы аң туралы қысқаша түсінік бере отырып, олардан қорғану ережелеріне үйрету.<br><br>**"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Қоян".<br>Мақсат-міндеттен.<br>Балаларды дайын аяқталмаған қоян бейнесін (басы мен денесін) сопақша және домалақ пішіндермен жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағуға жаттықтыру; сүлгіні пішіндердің үстінен басып, толық бейнені жасай білу қабілетін қалыптастыру; балалардың жапсырудағы икемділігі мен дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын, | **Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>- Аппақ қарды паналап,<br>Аппақ қоян, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау.<br>Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерді айтып көрсету.<br>- Балалар, бізде қонақта қоян.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оның отырған жерін "әне", "міне", "анда" сияқты сөздерді қолданып жауап қайтарамыз.<br>Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова | **дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны "қарқ-қарқ" деп дыбыстайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; ""түлкінің"" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында, балаларды асықтырмайды.<br>Ойында балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді. | түс пен пішінді қабылдау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе саусақпен көрсетіп, "әне", "міне" сияқты сөздерді қолдануға ынталандыру; кеңістікті бағдарлау негіздерін қалау. | тығылма!<br>Көлеңкеңнен үркімей,<br>Қорқақ қоян, қорықпа!<br>Қоян, қашып кетпе!<br>Міне, құрақ көрпе!<br>Суықта қалмайсың,<br>Жамылсаң – тоңбайсың.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөзден кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтуды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Отырмайтын болсаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қоян қайда?" қимыл жаттығуы.**<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>- Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі,<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>- Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шаңғының жолы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Аю апанына жатты" қимыл жаттығуы.**<br>- Аю апанына жатты,<br>Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю).<br>Аю, аю, қайдасың?<br>Неге ақырмайсың?<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01-27.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер.Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай".** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Сауысқан" (ел** | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел** | **Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. | **Саусақ жаттығуы (қимыл жаттығуы). "Құстар ұшып барады".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>– Торғай, торғай (саусақтарды бүгіп-ашу),<br>Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)!<br>Толған дорба,<br>Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу).<br>Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю),<br>Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау).<br>Торғай, торғай,<br>Ұшып келші | **аузынан).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, сауысқан ойыншығына (суретіне) қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Сауысқан (ел ауызынан)<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>**(көркем әдебиет)** | **аузынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтанған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(көркем әдебиет)** | Балаларды саусақтарымен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>- Ала қанат сауысқан<br>Пісірді де көжен,<br>Тағаттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сатпа көжеге,<br>Дым жоқ сендей шөжеге!<br>Х. Ерғалиев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке қарап, тақпақты мәнерлеп айтып, қимылдарды сөздердің ырғағына сай жасауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Құстар ұшып барады, (алақандарды ашып-жинау)<br>Қанаттарын кең жайып. (алақандарды ашып-жинау)<br>Торғай ғана қалады, (алақандарды бір-біріне қосып, қысу)<br>Көкке қарап мұңайып. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу)<br>– Кел, торғайым, мұңайма, (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру")<br>Жылытайық бойыңды. (алақандарды өзара уқалау)<br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (алақандарды жұмып-ашу).<br>Торғай, торғай,<br>Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>- Құстардай ұшайық,<br>Бұтаға отырайық.<br>Дәндерді шоқып, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аяққа тұрып,<br>Шеңберді құрып,<br>Күнге созылайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Көгершінмен ойын ойнайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру іскерліктерін дамыту; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; кубикпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; қыстап қалатын құстар туралы білімдерін толықтыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Құстармен бірге ойнайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау кезінде ептіліктерін дамыту; бірінің артынан бірін жүргізу және жүгірту; тізбекпен жұп болып және 2-3 баладан сап түзеп, алға жүру, бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын жасау; еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; оқу | **Музыка**<br>"Суық торғай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбектеген марғау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өтуге үйрету; доғадан төрт тағандап еңбектеп өтудің техникасын меңгерту; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту икемділіктерін жетілдіру; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларын қалыптастыру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, жаңа жаттығуды тез | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Шұбар тауық" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпынысты дамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Баланың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қызметін пысықтау. | | қабылдау және оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетін дамыту. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>*"Құстар, құстар, келіңдер"*.<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды. | **Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.<br>*"Сары шымшық."*<br>Сары шымшық шиқылдайды:<br>- Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Жылы жаққа ұшпайды,<br>Суықтан тығылмайды.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br>Далаға суық қыс жетті,<br>Аппақ қарды жерге | **Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл шемшашар.<br>- Жемшашарда не бар?<br>- Иә, жемшашарға құстар қонды.<br>- Құстар не істейді?<br>- Дұрыс, құстар жемді шоқиды.<br>Педагог көркем сөзді оқып береді.<br>- Батыл екен біздің құстар,<br>Аулада қалады олар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр!<br>Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) | әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** | қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа! | сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | | | Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жем берейік уыстап".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әннің сипаты мен сөздік | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Жемшашар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Құстардың дыбыстарының | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауладағы құстар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қыстайтын | **"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.**<br>**-** Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар жем шоқиды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жемшашарды ұшына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа | аудиожазбасы; көрсеткіш, қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны туралы мазмұнды сурет; кірпіштерден құрылған жемшашар үлгісі (суреті); құрылыс материалдары жинағы; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы.<br><br>**Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну.<br>"Тауық қалай ішеді?"<br>Тұмсығын тек малады, | құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; құстардың дене құрылымы мен тіршілік ерекшеліктері туралы түсінік беру; ауладағы құстарды бақылата отырып, құстар туралы жағымды түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>- Ала қанат сауысқан | Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды.<br>- Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа қағып тұру)<br>Қыстап жүрген батыл құс.<br>Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу)<br>Жылдам-жылдам қағады.<br>Ұшып-ұшып, бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру)<br>Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау)<br>Аспандарға ұшады. (Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру)<br>- Жарайсыңдар, балалар! | мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға үйрету; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұры малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру.<br><br>**"Шұбар тауық" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге Шұбар тауық ертігісінің желісін пысықтау, бас кейіпкерлердің әрекеттеріне қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>– Ай-ай-ай! Шұбар тауық! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшш...<br>(отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Бір тамшылап алады.<br>Әзер жұтар шалқайып,<br>Бүлк-бүлк етіп тамағы.<br>- Бұл қалай су ішкені?<br>- Тірі азапқа түскені.<br>С. Боранбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Пісірді де көжені,<br>Тағаттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сапта көжеге,<br>Дым жоқ сендей шөжеге!<br>Х. Ерғалиев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қайдан аламыз тауып,<br>Алтын тастай жұмыртқаңды?<br>Ұстай алмаймыз сұр тышқанды.<br>Шұбар тауық:<br>– Шұбар болсам, қайтейін,<br>Бір жұмыртқа берейін.<br>Алтын емес, жай емес,<br>Аппақтарға сай емес,<br>Шұбар екен жұмыртқам<br>Қабығы да жұп-жұқа.<br>Пісіріңдер, алыңдар,<br>Тасқа жарып алыңдар.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қыстайтын құстарының суреттерін қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.**<br>Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды | **Трафареттармен жұмыс: "Қыстайтын құстар"** (бастыру, бояу).<br>Мақсат-міндеттер: құстар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту. | **Саусақ жаттығуы. "Балапан".**<br>- Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: Шиық-шиық.<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Құстарға жем".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жем түйіршіктерін илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта** | **30.01- 03.02.2023 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **күндерін, айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "2-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "2 жасар баланың қызығушылықтары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту; ұсақ ойыншықтар мен заттарды өз қораптарына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қою жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл** | **"Жіптерді ыдыстарға** | **"Дастарқанды жаямыз"** | **"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.** | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құсты шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарлары адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>- Шай ішуге шақырамын<br>Қош келдіңдер, қонақтарым!<br><br>Кел, кел, мысық,<br>Кел, кел, күшік,<br>Кел, кел, тауық,<br>Орын дайын.<br><br>Мысық, кіс-кіс, | **түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>**(сенсорика)** | **дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен құралдардан тек түсі бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздан қиылған бокал (кесе), қасық және табақша түрлі-түсті кескіндерідің бір-бірімен араласқан жинақтамалары.<br>Шарты: әрбір бала қолына алған ыдыс- | Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне," "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау.<br>Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерін айтып атау.<br>- Балалар, бізде қонақта қоян.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне," "анда" сияқты жауаптар | **домалайды".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>- Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын алдына ұстап айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Отырып ұстайсың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күшік, кә-кә,<br>Тауық, шиип-шиип,<br>Шайым дайын.<br><br>Мысыққа қаймақ,<br>Күшікке жілік,<br>Тауыққа бидай.<br>Ал, шайды кім ішеді?<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет)** | | құралының түсіне сай жинақтамасын құрастырып, алдына табақшаны, ал табақшадан әрі қарай бокалды (кесені), қасықты табақшаның оң жағына орналастыру. Нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-аяқ құралдарының жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза,<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар. | қайтарамыз.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>Көркем сөзінен кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ба? (шоқайып, шапалақ қағу)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу)<br>Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау)<br>Домалайды. (жұдырықтарын алдына қойып айналдыру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тап-таза ағаш еден,<br>жайылған теп-тегіс<br>кілем.<br>Гүлдер терезе<br>алдында, өсіп тұр<br>жайқала,<br>Әркімге тәтті тамақ:<br>жаңғақ, қуырдақ,<br>жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме:<br>тиын, күшіктер,<br>көжек.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>көркем әдебиет)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау;<br>1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| \ | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда? | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүкте**п қою.**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.<br>Балыққа ұқсап - жүземіз,<br>Марғауға ұқсап жүреміз,<br>Құлыншақтай секіреміз,<br>Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Доғадан еңбектеп өту".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары | **Дене шынықтыру**<br>"Марғау ұқсап еңбектейміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт | **Музыка**<br>"Қошақан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда музыканы тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезіміне үйрету; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына машықтандыру; көңілді музыка | **Дене шынықтыру**<br>"Мен спортшы боламын!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өту қимылына жаттықтыру; биіктен қос аяқпен секіре білу жаттығуына | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері Бауырсақ туралы баяндап, олардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды түсіріп, еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; жалаумен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту. | тағандап еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; қимылды ойын арқылы балалардың шеңберге еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; өткен ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау, қорытындылау. | әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру; қоршаған орта туралы түсінік беру. Балаларда музыканы сай тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезімін дамыту; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру. | үйрету; балаларды шапшаңдық пен ептілік, жинақылық дағдыларына баулу. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтай, жүріп өту қимылына жаттықтыра отырып, машықтандыру; биіктен қос аяқпен секіре білу дағдысын және дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу қызығушылығын арттыру. | ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің тәсіліне үйрету; мүсіндеу барысында саусақтарды тіке созып отыруды жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және елестету қабілетін дамыту. Балалардың ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру, төзімділікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>- Із қалады, қарды басса -<br>Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа айналды.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: | Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>- Ш-ш-ш - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. | Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу** | **әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.<br>- Қоян құлақтарын қалай қимылдатады?<br>- Барлығымыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. | балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды | Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. | **тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын | көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап | орындауға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ... | Тышқандар інде тыныш отырады.<br>Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші.<br>Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай, | қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен | Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Ала Марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіндегі мысық сұлбасын бақылата отырып, ұзындығы мысық денесінің жуандығына сай келетін сызықтардың салыну тәсілін үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Ыдыстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, көлемі мен пішіні бойынша сәйкестендіруге үйрету; көлемі әртүрлі табақшаларды өзара салыстыруға дағдыландыру; | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жіппен ойнаған марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларды мысықтың баласы марғаумен таныстыра отырып, оның дене құрылымы мен қимылын атауға үйрету; мысық пен марғаудың жануарлар әлемі мен | **"Шұбар тауық" ертегісін үстел театры арқылы сахналау.** Мақсат-міндеттер. Балаларға шұбар тауық туралы ертегінің желісін пысықтау, басты кейіпкерлердің сөздерін айтқызып, ертегінің аяғында пайда болған оқиғаға жағымды көңіл-күймен жауап беруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мысық денесінің бойын жоғарыдан төмен қарай қысқа сызықтармен толтыруға дағдыландыру; сызықтарды біркелкі қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға жаттықтыру; қылқалам ұшы мен сызықтар бағытына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі жаңа жерге ауыса білу қабілетін қалыптастыру; педагогтіы үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; мысық туралы қысқаша түсінік беру.<br><br>**"Сыяды-сыймайды"** | пішіндері мен көлемдері біркелкі заттарды жинау қабілеттерін арттыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдау және ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын және эмоциялық сезімін дамыту.<br><br>**Ойын-имитация. "Қайсысы, қалай ішеді?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жылқының су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына | жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз.<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**Текшелерден мұнараны құрастыру.**<br>Жинайық, жинайық,<br>Мұнараны құрайық.<br>Үлкенінің үстіне<br>орташасын,<br>Оның үстіне<br>кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы<br>қуантамыз.<br>**(құрастыру)** | адам өмірінде алатын орны туралы қысқаша түсінік беру.<br><br>**Ойын-имитация. "Күшіктердің жүрісі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күшіктердің қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Күшіктерім жүреді,<br>(тізені жоғары көтеріп, марш басу)<br>Буындарын бүгеді,<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Буындарын бүгеді.<br><br>Күшіктер ытқып шығады, (бір аяқтан | ынталандыру.<br>Құралдар: "Шұбар тауық" ертегісі желісінде кездесетін кейіпкерлердің тіреушелерде тұрған кескіндері, үстел театры ширмасы.<br>Педагог балаларға басында көркем сөз оқып береді.<br>- Бар менің тауығым,<br>Күнде жем шашамын.<br>Жұмыртқа табуын<br>Асыға тосамын.<br>Б. Қозыкеев<br><br>**"Менің үй жануарым" мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, | еліктеуге қызықтыру.<br>Құралдар: балаларға құлыншақ маскаларын кигізу, ойыншық шелек немесе өзге ыдыс ойыншықтарын ұсыну.<br>"Жылқы қалай ішеді?"<br>- Жан-жағына елеңдеп,<br>Үзіп-үзіп ішеді.<br>Тұнық суға тереңдеп,<br>Жүзіп-жүзіп ішеді.<br>- Себебі не сондағы<br>- Тым талғампаз болғаны.<br>С. Боранбаев | | екіншіге, оң-солға кезекпен секіру)<br>Ары-бері қозғалады.<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ары-бері қозғалады.<br><br>Күшіктер табан тірейді, (орнында тұрып, денені төмен түсіріп бұраңдау, көтеріліп бұраңдау)<br>Құйрықпен ойнап, билейді,<br>Сілкіп-сілкіп,<br>Сілкіп-сілкіп,<br>Құйрықпен ойнап, билейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br><br>**"Менің үй жануарым" мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. **(музыка, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Акула балақай" атты мультфильмінің үзіндісін көру.** Мақсат-міндеттер. Бас кейіпкерлердің атауларын есте сақтауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта шарларды орналастыру. **(жапсыру)** | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. **(сенсорика)** | **"Балық".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, есу, шымшу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)** |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "2-жас бала қандай талаптарды түсінеді?", "2 жас баланың қызығушылықтары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.02- 10.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.02.2023 | 07.02.2023 | 08.02.2023 | 09.02.2023 | 10.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2-3 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндетттер. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суару амалына үйрету. | Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртіп, қайта ілуге жаттықтыру. | бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтардың (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау. |
| | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>*"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште. | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады. | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Мысығым" (ел аузынан)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мысық ойыншығына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Мысығым".<br>- Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды, | **"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақ жаттығуын тақпақтың ырғағына, мазмұнына сай жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар.<br>Педагог балалардан балабақшаға қандай көлікпен келгендері туралы сұрайды.<br>Балаларға көмек ретінде түрлі машинаның (көліктің) суреттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Нағима Арынова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | көрсетіледі.<br>Жаттығу үстел үстінде жұдырықтарды түйіп отырып, екі бағытқа жүргізу арқылы орындалады.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау;<br>1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>Аспаз болсақ - тағам әзірлейміз,<br>Биші болсақ - би билейміз,<br>Шаштараз болсақ - тараймыз,<br>Ақылды бала болсақ - жараймыз.<br>"Сәлем" дейміз барлық елге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсын денеміз". | **Дене шынықтыру**<br>"Біз мықты боламыз". | **Музыка**<br>"Ұшқыш". | **Дене шынықтыру**<br>"Велосипед". | **Құрастырудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату; таспалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. | Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту іскерліктерін қорытындылау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтіп және сол жүріп өткен гимнастикалық орындықтың шетіне келгенде қос аяқпен секіру; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметін пысықтау | Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер. Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра білу қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру. Балалардың допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білу икемділіктерін дамыту; допты домалату кезінде дәл көздеп, нысанаға лақтыру қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру және қол, саусақ бұлшық еттерін дамыту; оқу қызметінде бір-біріне көмектесе білу қасиеттерін қалыптастыру. | "Қошақанға шарбақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштерден шарбақ құрастыруға үйрету; кірпіштің жаңа қасиеттерін іс-тәжиребеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру; өз нәтижесімен ойнай білу қабілетін арттыру; хайуанаттар бағы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, эмоциялық сезімін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу,** | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** | **Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | **әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, | **сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?"** | **көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу** | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл - қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>**"Доптар сияқты** | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады.<br>Тақпақты оқи жүреді.<br>*"Тик-так".*<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | **тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | өткізіледі.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | **"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар!<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сөредегі табақтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қарындашпен көлденең жолға салынған шаршылардың ішін бірыңғай көлемдегі дөңгелектермен толтыруға үйрету; әрбір салынып жатқан дөңгелек, "табақ", шаршы ішіне сыйатындай көлемде болуын бақылап отыруға дағдыландыру; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру. Балалардың қарындашпен сурет салуда қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен табақтардың пішіні мен түстерін қабылдай білуін, байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ұшқыш боламын".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдап, музыкалық сипатын ажырып, ырғаққа сай қимылдауға ынталандыру; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көше тазалаушы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көше тазалаушы еңбегімен таныстыра отырып, оны сыртқы киіміне және құралдарына қарап, ажырата білуге үйрету; көше тазалаушының жаз бен қыс мезгіліндегі құралдарының бөлек екеніне көңіл аудару. | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі | **"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарым-қатынас орнатуға машықтандыру.<br>Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру.<br>Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>*"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен | **"Капитандар" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тыныс алу мүмкіндіктерін ұлғайту.<br>Ұзақ тыныс шығаруға жаттықтыру.<br>Су құйылған ыдыста қағаз қайықтар жүзіп жүреді. Балалар еріндерін түтік сияқты шығарып, қайық алға қарай жылжу үшін "ф" деп дыбыстайды.<br>Одан кейін тәрбиеші қатты жел тұрғанын айтады, балалар оның күшін көрсету үшін "п" | **"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.<br>- Тағам әзірлейтін кім? Аспаз.<br>Би билейтін кім? Биші.<br>Шеге қағар ... Шебер.<br>Үй салатын... Құрылысшы.<br>Адамды емдейтін... Дәрігер.<br>Зат сататын... Саудагер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуануға үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш<br>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ<br>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.<br>**(сенсорика)** | қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дыбысын айтады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Шаш қиятын...<br>Шаштараз.<br>Іске сәт тап, жанталас.<br>Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | « Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.02 - 17.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.02.2023 | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланы үйдегі қаупсіздік ережелерімен таныстыру", "Баланы өздігінен киіну тәртібіне үйретудің маңызы", "Баланың далаға киіну тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. | қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын қадағалау; өз орамалын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".** Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтармен | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Қуыршақ Данамыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды Дана қуыршағына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Тобымызда күн сайын, Жаттығу орындайық. Тәртіп бойынша ғана, Жаттығу орындалады: Барлығымыз отырып, | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жыбырлату)<br>Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау)<br>Қатарда айқастырып, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу)<br>Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоцияларды дамыту. Құралдар: қуыршақ. Педагог қуыршақтың суретін немесе ойыншықты балаларға көрсетіп, оның шашының жиналмағанына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, Дана балабақшаға шашын тарамай, жинамай келді. Олай бола ма екен?<br>- Ай-ай,-ай!<br>- Данаға ақыл айтайықшы.<br>- Қуыршақ Данамыз ерке,<br>Оянып алыпты ерте.<br>Ұйқысы оның қанбапты,<br>Шаштары таралмапты.<br>– Дана, сен босқа тұрма, | мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>- Көлікке сай дөңгелекті салайық.<br>Көлікті көшеге шығарайық.<br>**(сурет салу)** | Барлығымыз тұрамыз.<br>Оңға - солға бас бұрып,<br>Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br><br>Текшелермен ойын.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текшені ұстап-сипау арқылы сыртқы сипатын тануға ынталандыру, қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, ойлау қабілетін дамыту.<br>"Текше".<br>Текше – төртбұрышты өкше. | жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бірінің ішіне бірін кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Шашыңды жинап, тара!<br>Тарап, тарап, буып ал,<br>Бантиктерді тағып ал.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | | Қырлары мен бұрыштары көп ше.<br>Текшені қалай қойсаң да,<br>Тұрады, құламайды,<br>Қатарларға тізіліп,<br>Қақпаны қалайды.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру.<br>қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3–3 еңкею, допты жерге қою.<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін, бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | болады.<br>Сәлемдесу ойыны: ""Менің көмекшілерім"".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған,<br>Мынау – басым ақылды.<br>Бәрін осы басқарған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі атқарған.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвинмен жаттығу жасайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларын жоғары көтеріп, аяқтың | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвин ұқсап жүрейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; | **Музыка**<br>"Электроника әлемі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әуенді есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсақ – шымыр боламыз!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру; секіру кезінде жеңіл секіре білуге дағдыландыру; қос аяқпен секіргенде аяқтарын бірдей қозғауға машықтандыру.<br>Балалардың екі | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Теледидарда қар жауып тұр".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға теледидар туралы жалпы түсінік беру; қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстары, қардың жауатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; қардың дөңгелек пішініне ұқсастығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және қалыпқа түсу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату, допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалату, допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра білу іскерліктерін дамыту, орамалдармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; балалардың пингвин туралы білімдерін толықтыру. | қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және қалыпқа түсу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату іскерліктерін қайталау; допты қарама-қарсы отырып, бір-біріне домалату іскерліктерін жетілдіре отырып, оқу қызметін пысықтау. | жетілдіру; техника туралы мағлұмат беру. Балаларда әуенді есту, сезіну қабілеттерін дамыту; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру. | аяқпен қашыққа секіру қимылын жете меңгеру қабілетін дамыту; секіру кезінде денесін жеңіл игере білу дағдыларын меңгерту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; оқу қызметі кезінде достық қарым-қатынас ережелерін сақтай білуге баулу. | көрсету; балаларды қағаздың бүкіл бетіне ұсақ дөңгелек пішіндерді орналастырып, жапсыру амалына үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, пішінді сүлгімен басып, жұмысты таза жасау дағдыларын қалыптастыру; балаларды оқу қызметінде мәдениет және ізгілік ережелеріне, шыдамдылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды | **көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл - бағдаршам. Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Бағдаршам не үшін керек? | Мақсат-міндеттер. Балаларда көліктер жайлы жалпы ұғымдарды қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің | Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанынын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге | Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылуды бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғары бұлғауға ынталандыру. Педагог балаларға жалаушаларды | "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымыңдайды, жымыңдайды. Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары. Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. Көзі көп, біреу басы. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған | әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы (қызыл, сары, жасыл). | Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлестіреді.<br>- Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші.<br>- Тамаша!<br>- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады.<br>- Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Ал енді жалаушалармен ойнайық.<br>*"Жалауша"*.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>Жаттығу бірнеше рет орындатылады.<br>Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау | **"Машиналар жүреді" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа | қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші?<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, | - Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар.<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соғылмауын ескереді.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруге үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у .. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік | жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға қонып отырыңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір | | Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілеттерін дамыту. | сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Шәйнек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға шәйнектің ерекшелігі туралы түсінік беру; қонақ кәдесі бойынша үй жануарларын шайға шақыру арқылы бала тілін жаттықтыру; жан-жануарлар | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Тоңазытқыш".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тоңазытқышпен таныстыра отырып, сүт өнімдері мен басқа тағам түрлерінің дәмді болып, сақталуына тоңазытқыштың | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Пирамида".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды заттардың ортақ сенсорикалық сипаттарын ортақ қасиеттері бойынша сәйкестеп, топтастыруға үйрету; көлемі бірдей және әртүрлі заттарды салыстырып, белгілі | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қорапшаға кәмпит жинадық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бірыңғай көлемдегі ұсақ шақпақтарға бөлінген шаршы пішінін, "кәмпит қорапшасын", саусақпен салынатын жақпаларға, | **"Биік және аласа үйлерді құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үшбұрыштар, шаршы, тіктөртбұрыш арқылы биік және аласа үйлерді құрастыруға ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың үй жануарларын шайға шақыру арқылы есте сақтауы мен тілін, дүниетанымы мен зеректігін дамыту.<br><br>**"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп, дыбыстауға ынталандыру; көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға машина, паровоз, ұшақтың дыбыстарын | қызметі мен маңызының зор екені туралы түсінік беру; тоңазытқыштың әрбір үйде болуы қажет екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай | қасиет бойынша бөлу қабілеттерін қалыптастыру; заттарды, түстер және кез келген өзге қасиеттерге қарамай, көлемі бойынша бір тізбекке жинақтауға дағдыландыру.<br><br>**"Түрлі түстер (екінші бөлім)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал жасау, түстерді атауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | "кәмпиттерге", толтыру амалдарына үйрету; саусақты қою бояуға малып, әрбір шақпақ ішіне тура ортасына басып, тез алуға дағдыландыру; бояудың саусақ бетінде біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға жаттықтыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; кейбір азық түрлерін тоңазытқышта, соның ішінде ыстық күндері қорапшадағы кәмпитті де еріп кетпес үшін салып қою туралы түсініктер беру.<br><br>**"Шомылу" атты мультфильмін көру.** | қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз). Педагог балаларға қала көшелерінде тұрған биіктігі әртүрлі үйлерді (немесе геометриялық пішіндерден құрылған сызбаларды) көрсетеді. Балалар биік және аласа үйлерді құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдатады, болмаса суреттерін көрсетіп, көліктер шығаратын дыбыстарды білдіретін сөздерді айтықызады.<br>Содан соң, аудиожазбаны тыңдатқан кезде, балалар таныған әртүрлі көліктердің дыбыстарын білдіреді: паровоз -"ту-ту-ту", машина - "бип-бип", ұшақ - "у-у-у".<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** | | Мақсат-міндеттер. Балаларды мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | салыстырады.<br><br>Үйді салғым келеді, (шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, (шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру)<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Сағаттар" қимыл жаттығуы.**<br>*"Тик-так".*<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ". | **"Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып- | "Күн"<br>Кір қысқыштарымен жаттығулар.<br>**(сенсорика)** | **"Шегелер".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту. | Қимыл жаттығуы.<br>- Үйді салғым келеді, (шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, (шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | **(мүсіндеу)** | (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі.<br>(жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланы үйдегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру", "Баланы өздігінен киіну тәртібіне үйретудің маңызы", "Баланың далаға киінуінің тәртібі". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.02 - 24.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.02.2023 | 21.02.2023 | 22.02.2023 | 23.02.2023 | 24.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2-3 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сукұйғышты ұстап, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суару амалына үйрету. | әдетін қалыптастыру, мақтау. | қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | қамқорлыққа тәбиелеу. | аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. |
| | **"Дәрумендер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі.<br>Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау)<br>Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кең ашу)<br>Бірінші қиярды | **"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру.<br>Педагог суреттерді қолдана алады.<br>Әли жеңіске жетпек,<br>Тәртіпті емес, тентек.<br>Жуылмаған қолында,<br>Ай-ай-ай, майлы шелпек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>*"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*<br>- Бармақтай балғын! Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен Өн салдым кеште. | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай, сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды | **Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаттығу сөздерін және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Бүгін біз қаншамыз? (алақандарды ашып, көрсету)<br>Санайық баршамыз. (саусақтарды жыбырлату)<br>Санап-санап, саусақ басып, (саусақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлған сыңай таныту)<br>Дөп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау)<br>Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу)<br>Сәбізім ұзын, Қызыл-сары түсін. (Қолды жоғары көтеріп, отыру)<br>Барлығын жинаймыз, Себетке саламыз. (Қол шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | бірге қосылуға тартады.<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | кезегімен ішке қарай бүгу)<br>Жинайық жұдырыққа қысып. (жұдырыққа қысу)<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру.<br>қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3–3 еңкею, допты жерге қою.<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Балыққа ұқсап жүземіз,<br>Марғауға ұқсап жүреміз,<br>Құлыншақтай секіреміз,<br>Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қос аяқпен секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; қос аяқтап секіргенде аяқтарын бірдей қозғап, жеңіл секіре білу | **Дене шынықтыру**<br>"Қоян қалай секіреді?"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін бекіту; жануарлардың жүрісін көрсету қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс- | **Музыка**<br>"Домалайды доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; | **Дене шынықтыру**<br>"Көңілді құстар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағаз бетін бақылап, қылқаламды бояуға малып, қағаздың бір жақ шетінен қарама-қарсы жаққа қарай шеңбер бойымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін, сылдырмақтармен жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; қоян секілді секіріп, кедергілерден өтуге ынталандыру. | әрекетті пысыту. | топтық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | орындықтан секіре білуге үйрету; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен жүру қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; гимнастикалық орындықтан секіруге үйретуде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. | қылқаламды қағаз бетінен үзбей жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, домалақ доп салуға үйрету; допты қағаз ортасына үлкен дөңгелек етіп салуға дағдыландыру; доптың ортасына бірнеше түзу сызық салуға жаттықтыру; сызықтардың доп шеңберінен шығармау керек екенін ескерту; қылқалам ізін бақылап отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға баулу; доптың қозғалу қасиеттері туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шыршаны** | **Жүргіншілерді** | **Адамдарды** | **Жолдың жүру** | **Адамның жүру және** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін дамыту. Шыршаға таңдану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Шырша, шырша, шыршамыз,<br>Ұнатамыз баршамыз.<br>Мереке қарсаңында,<br>Төрімізде тұрсаңыз.<br>Мәңгі жасыл көркемім,<br>Өсе берші көркейіп.<br>Неткен әсем, | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.<br>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>Атаңдаршы?<br>Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ағайлар мен | **бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мәтінді | **бөлігін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуід дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. (ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпау).<br>Мөлшерлі жүріс - қимыл белсенділігін меңгеру – баяу – жылдам. Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер).<br>Балалардың қалаулары бойынша ойындар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** | **секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | асылсың,<br>Жыл бойына жасылсың!<br>(Д. Қ. Бұланбаева)<br>Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің болған себебін түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау.<br>Шырша маңында ойыншықтармен жасырынбақ ойнауды ұсыну.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге жиналып, бойымен мәтіндегі сөздерге сай қимылдауға бейімдеу; ұйымшылдық | апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек.<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Жаттығу екі рет өткізіледі.<br>Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз,<br>құламайды екенбіз.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалардың белгілі бағытта белгі бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып | ауладағы қарды тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды | - Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік.<br>Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | негіздерін салу.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен.<br>**"Шыршадан да биік болып өсейік" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бір орнында тұрып, биіктікке созылып секіру дағдыларын дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін ұлғайту. Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секіруді ұсыну. | **Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. | алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету.<br>Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан үйректерміз,<br>Балпаң, балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрсе -<br>Жан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. | топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | | | **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жеті лақ" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Жеті | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қонаққа орындықтар". Мақсат-міндеттер. | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Доп, доп, домалақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді аспап | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қуыршақ Дана және дәрігер". | **"Ешкінің әні" дамытушы ойыны.** Балалардың "Жеті лақ" ертегісінің желісі жөніндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | лақ" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықты байқай білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.<br><br>**"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің | Балаларды текше және кірпіштерден орындықтар құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде түсініктер бере отырып, оның қасиетін іс-тәжиребеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс жұмысының нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін бақылау мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен эмоциялық қабылдауын дамыту. | сүйемелдеуімен дұрыс орындауға ынталандыру; есту қабілетін дамыту; әннің мағынасы мен сипатын қабылдап, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br><br>**Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"**<br>Балаларға сиырдың су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға сиырдың маскаларын кигізу, ойыншық ыдыстарды ұсыну.<br>"Сиыр қалай ішеді?"<br>- Қара мұның айласын,<br>Байқап-байқап ішеді. | Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметімен және дәрігер құралдарының адамды емдеудегі ерекшеліктерімен ойын арқылы таныстыру; дәрігер мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру; дәрігер маманын сыртқы бейне ерекшелігінен танып, ажырата білуге үйрету.<br><br>**"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ширма артына жасырылған заттарды, олардың көлеңкелеріне қарап, танып, атауға ынталандыру; | түсініктерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға деген қызығушылықтарды ояту.<br>Құралдар: "Жеті лақ" кейіпкерлерінің жеке кескіндері, ширма, үстел театрына қатысатын кейіпкерлерге тіреушелер.<br>Педагог балаларға "Жеті лақ" ертегісі кейіпкерлерін көрсетеді.<br>- Балалар, мына кейіпкерлерді таныдыңдар ма? Атайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Қазір барлығымыз Ешкінің әнін лақтарға қайта айтып берейікші.<br>- Лақтарым менің,<br>Шырақтарым менің, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | Шаңырақ мүйіз дәу басын,<br>Шайқап-шайқап ішеді.<br>- Себебі не сондағы?<br>- Сәл маңғаздау болғаны.<br>С. Боранбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | зейінін, ойлау қабілетін, тілін дамыту.<br>Құралдар: балалар күнделікті ойнап жүретін және көлеңкесінен танылатын заттар мен ойыншықтар, көлеңке театрының ширмасы.<br>Педагог заттарды ширманың артынан оған мейлінше жақындатып көрсетеді.<br>**(көркем әдебиет)** | Сағындым лақтарымды,<br>Тұяғымен қағам есікті.<br>Ұзақ екен үйге жол,<br>Жиналды сүт мол.<br>Есікті аша қойыңдар,<br>Тәтті сүтке тойыңдар.<br><br>Орыс тілінен аударма.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>"Мысығым" (ел аузынан).<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, | **Қимыл жаттығуы. "Мен өсемін".**<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Ермексаздан "қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.<br>**(мүсіндеу)** | **Қимылды жаттығу. "Пингвиндер ұқсап жүрейік".**<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға | **"Дәрумендер".**<br>Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып<br>алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Нағима Арынова.<br>**(көркем әдебиет)** | | | теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер,<br>тоқта!<br>Қане, жиналыңдар<br>сапқа!<br>Бір-біріміздең<br>қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай,<br>жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру,<br>көркем әдебиет)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.02 - 03.03.2023 ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.02.2023 | 28.02.2023 | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтардың жалпақ, үлкен, жапырақ беттерінің тегіс, қалың немесе жұқа болуын бақылау. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай".** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың | **"Әсем оюлар"** Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. **(жапсыру)** | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталатады.<br>Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>– Торғай, торғай (саусақтарды бүгу, ашу),<br>Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)!<br>Толған дорба,<br>Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу).<br>Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю),<br>Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау).<br>Торғай, торғай,<br>Ұшып келші (алақандарды ашып-жұму).<br>Торғай, торғай,<br>Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аулаға құстар ұшып келді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру қабілеттерін дамыту; төрт тағандап жүру кезінде жемістерді жинауға ынталандыру; кірпі секілді дыбыстар шығару | **Дене шынықтыру**<br>"Құстар әлемінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру; көктем мезгілі, құстар туралы білімдерін кеңейту; оқу қызметін | **Музыка**<br>"Көңілді торғай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты | **Дене шынықтыру**<br>"Бұлақ көрсең, көзін аш".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; еңбектеу техникасының | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қуыршақ Дананың киімі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау; балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін толықтыру. | қайталау. | қимылдарды есте сақтай отырып, орындай білуге үйрету; хорда айнала жүріп, өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылық тудыру; көктем және құстар туралы түсінік беру. | тәсілдерін меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу тәсілдерін жете меңгере білу қасиеттерін қалыптастыру. | туралы білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру; қоршаған заттардың сенсорлық сипаты туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, | **Жылғалардан аққан суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жылғарлардан аққан суларға аудару; еріген қардың суларға (шалшықтарға, өзендей ағымдарға) айланатынын байқату; көктемгі құбылыстың, күн | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>- Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. | жылынып, қардың ерігені туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; білімділікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Тулай бер, өзен!<br>Шулай бер, өзен!<br>Күшіңді жазға<br>Сыйлай бер өзен!<br>Сыйлай бер, өзен!<br>Ж. Кәрбозин<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге | "Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген | нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау | Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар!<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балапандар, балпандаңдар!<br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. | бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар".<br>**"Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>- Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі ұйықтап жатыр екен.<br>- Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы.<br>- Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмаңдар, қашуға тура келеді.<br>- Аю, тұр, ояншы!<br>Қандай ұйқыжансың!<br>Аспанға қарайық,<br>Құстарды тыңдайық. | дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен | шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Содан соң соңғы сөздерде бір жерге жиналады.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | Педагог аюдың кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады. Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | **"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді үзу, жұлу дағдыларын | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар**<br>"Аю, тұр! Ояншы!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем шақырады".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әжеге алқа".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылап, қарындашты үш | **"Нысанаға допты домалату" қимылды ойын.**<br>Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан арасында айналдыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуға үйрету; құстарға еліктеп, дыбыстарын сөзбен айтуды жаттықтыру; құстарға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Менің көңілді добым…"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br>**(дене шынықтыру)** | барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуға дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.<br>Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту.<br><br>**Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту.<br>- Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. | тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру. | саусақпен ұстап, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; бір "моншақтан" кейін келесіні, кескіндері бірі-біріне тиетіндей, тығыз салып шығу тәсілдеріне жаттықтыру; сызықты көбірек "моншаққа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру. | өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Құстарға жем".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға ынталандыру, дағдыландарыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері.<br>- Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер?<br>Балалар қоянға - сәбіз, | **"Күндер".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою.<br>2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.<br>3. Қол шапалақтау.<br>4. Екі аяқпен секіру.<br>5. Айналу.<br>6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату.<br>7. Сылдырмақпен билеу.<br>Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру.<br>**(музыка)** | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді қоректі тереміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-жасар баламен қалай сөйлесу керек?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Арлас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі** | **06.03- 10.03.2023 ж.** |

| (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау. | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже".** Мақсат-міндеттер. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: әженің суреті. Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге | **"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған | | **«Қамқорлық гүлі»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу . Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық | **"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.** Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсынады.<br>***"Әже".***<br>Әжем менің әлі де,<br>Ұқсамайды кәріге.<br>Шай қайнатып береді,<br>Біздің үйдің бәріне.<br>Н. Исахметов<br>**(сөйлеуді дамыту)** | кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | гүлін» сыйлауды ұсынады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>- Туды көктем!<br>Шулы көктем<br>Кең даланы оятты.<br>Күн қызуын құйды көктен,<br>Сең бұзылды, су ақты.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Құстармен шалшықтан аттаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | . **Дене шынықтыру**<br>"Құстармен шалшықтан аттаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | | **Дене шынықтыру**<br>"Бал бұлақ ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қонжыққа төсек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | ***Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)***<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың | | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық,<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды шайқайды,<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа | шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін қоқымнан тазалауға шақыру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, | | ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>- Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, | ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші?<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br>Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Шашылған асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | | қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | жағымды эмоцияларды дамыту. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретін және қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br>"Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (асықты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қоянның үйшігі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бұлақтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға | | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Бұлақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Бұлақ сылдыры".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(сенсорика)** | **"Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>- Айналайын анашым,<br>Әлпештеген мамашым,<br>Еміп өскен бөбекпіз,<br>Маматайдың мамасын.<br><br>Ай қабақты анашым,<br>Күн сәулесі мамашым,<br>Ақ сүтіңмен суардың<br>Бөбегіңнің санасын.<br>М. Хәкімжанова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | **Өлең жаттау, қайталау.**<br>Құстар қанат қағады.<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Өлең жаттау, қайталау.**<br>Құстар,құстар келеді,<br>Даланы жырға бөледі.<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жылы хабар әкелді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.03 - 17.03.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. |
| | **Ойын-имитация. "Әлди, әлди!"** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақтар | **Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. Педагог алақанын ашып, | **"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу. Педагог балаларға шелпектердің жасанды пішіндерін табақшаға салып | **«Наурыз көжені дайында» ойыны.** Мақсат-міндеттер: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу. Ойын барысы: фланелеграфқа қазанның суреті бекітілген. | **"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.** Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді.<br>Содан соң педагог тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>С. Әлімқұлов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.<br>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>***"Бесік жыры".***<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | қойып, көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, қараңдаршы.<br>- Біреу табақшаға бізге сыйлар әкеліп қойған сияқты. Бұл не?<br>- Иә, шелпектер.<br>- Шелпекті жеу алдында біз не істейміз?<br>- Дұрыс, қолды жуамыз.<br>- Балалар, ал Әли қолын әлі де жумапты.<br>- Әлиге тақпақты айтып берейікші.<br>Әли жеңіске жетпек,<br>Тәртіпті емес, тентек.<br>Жуылмаған қолында,<br>Ай-ай-ай, майлы шелпек.<br>Тақпақты қимылдармен сүйемелдеуге болады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **(жапсыру, қоршаған ортамен танысу)** | Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>- Туды көктем!<br>Шулы көктем<br>Кең даланы оятты.<br>Күн қызуын құйды көктен,<br>Сең бұзылды, су ақты.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау;<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 иыққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау;<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау;<br>4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Құтты болсын Наурыз!<br>Қуанамыз бәріміз!<br>Наурыз көктеммен келді,<br>Бәрекелді!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Арқан тарту".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту. | **Дене шынықтыру**<br>"Қазақтың ұлттық ойыны".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүру тәсілдерін жетілдіру; жіңішке арқанның бойымен аяқты қайшылап жүру іскерліктерін дамыту; "Наурыз" мерекесі жайлы білімдерін толықтыру. | **Музыка**<br>"Наурыз – жыл басы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып,әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. | **Дене шынықтыру**<br>"Түзу арқан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүргізу; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін қорытындылау; оқу қызметін пысықтау. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі кілем".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>- Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп,<br>шайқалып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық,<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды шайқайды,<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>- Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар".<br>**"Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>- Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі ұйықтап жатыр екен.<br>- Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы.<br>- Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмаңдар, қашуға тура келеді.<br>- Аю, тұр, ояншы!<br>Қандай ұйқыжансың!<br>Аспанға қарайық,<br>Құстарды тыңдайық.<br>Педагог аюдың кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады. Балалардың жүгірудегі | бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | **"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында. | таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші?<br>- Жарайсыңдар!<br><br>- Балапандар, балпаңдаңдар!<br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br><br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br><br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br>Үйректерді қорқытпа!<br><br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене** | етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар**<br>"Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Алаша".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға | **"Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау. Бауырсақтың "Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақтар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; дөңгелек пішіннің дұрыс болуын қадағалауға жаттықтыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Шәйнек".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту. | жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. | жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады.<br>- Мен Бауырсақпын,<br>Бауырсақ,<br>Қып-қызыл болып піскен.<br>Қоймадан сыпырылған,<br>Бұрыштардан жиналған,<br>Қаймаққа аунатылған,<br>Ыстықтан суытылған.<br>(Әуеннің сөзсіз орындалуы)<br>– Ол атадан қашып кеткен,<br>Ол әжеден қашып кеткен,<br>Ол қояннан қашып кеткен,<br>Ол қасқырдан қашып кеткен.<br>– Ал, сенен, маймақ аю,<br>Қашып кету қиын емес.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | қағаз бетін суретке толық толтыру қабілетін қалыптастыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру. | көңіл аударуға баулу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Киіз үй».**<br>Кел, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>(шеңбер бойымен қол ұстасып тұрады)<br>Шаңырақты көтеріп,<br>Керегені құрайық. (қол ұстасып оларды көтереді)<br>Уықтай иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып. (бір тізеге отырып, қолдарын шеңбердің ортасына қосады)<br>Киіз үйді құрайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Наурыз" мәнерлеп оқу.**<br>Қарды еріткіп жылғасы,<br>Наурыз келді – жыл басы.<br>Шуақ төкті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың.<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп апамыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жақыпов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Қаз-қаз бас" өленің қайталау.**<br>Қаз-қаз-қаз,<br>Қаздаң бас.<br>Бір, екі, үш,<br>Аздан бас.<br>Қаз-қаз бас,<br>Құлама.<br>Құласаң,<br>Жылама!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Саң - саң, бассаң.<br>- Ді - ді, кер - меу - ің - ді.<br>Кермеуіңді.<br>- Ін - ін, шешейін.<br>- Ды - ды, тұсауыңды.<br>- Ды - ды, та - қы - мың - ды.<br>Тақымыңды.<br>- Ңа - ңа, қа - да - мы - ңа.<br>Қадамыңа.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.03- 24.03.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.03.2023 | | | | 24.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерін есте сақтаудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, | | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | | | | ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. |
| | **Дидактикалық ойын «Тостағанға тостақ таңдап ал»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер.<br>Педагог балаларға бүгін қуыршақтар қонаққа келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді. - Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді? | | | | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құстарды шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>- Шай ішуге шақырамын<br>Қош келдіңдер, қонақтарым!<br><br>Кел, кел, мысық,<br>Кел, кел, күшік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды.<br>**(сенсорика)** | | | | Кел, кел, тауық,<br>Орын дайын.<br><br>"Кіс-кіс" мысық,<br>"Кә-кә" күшік,<br>"Шиип-шиип", тауық.<br>Шайым дайын.<br><br>Мысыққа қаймақ,<br>Күшікке жілік,<br>Тауыққа бидай.<br>Ал кім ішеді шай?<br>Д. Ахметова |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау;<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 иыққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау;<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау;<br>4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекетке дайындық** | - Құтты болсын Наурыз!<br>Қуанамыз бәріміз!<br>Наурыз көктеммен келді,<br>Бәрекелді!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | | | | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық,<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды | | | | **Ағаштарды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>- Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады<br>қатар-қатар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шайқайды,<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға | | | | Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші?<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балапандар, балпаңдаңдар!<br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br>Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі | | | | Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу | | | | **"Дастарқанды жаю ойын-имитациясы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дастарқан басындағы әдептілік ережелерімен таныстыру; сәлем беру (амандасу, тағзым ету) қимылдарын жасауға ынталандыру; ойыншықтарды қатыстырып, жасалған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту;<br>жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | | жаттығулардан жағымды әсер алуға баулу.<br>Құралдар: ойыншық үстел, орындықтар, ойыншықтар (қуыршақтар мен кейіпкерлер), ыдыс ойыншықтар.<br>Шарты: конаққа, дастархан алдында белгілі қимылдарды жасап, ойыншықтарды орындықтарға отырғызып, "тамақтандыру", "рақмет айту" әдептілік ережелерін орындау.<br>- Балалар, қонақтарды шақырайық.<br>- Қонақтарым, келіңдер,<br>Бізге сәлем беріңдер.<br>Сәлем беріп, жоғары<br>Дастарқанға өтіңдер.<br>Балалар шеңбер құрып, ырғақты әуенге сай билейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев.** | | | | **Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Бесік жыры" (үзінді).**<br>Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>- Күнім, айым,<br>Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай!<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | | | | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>- Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау)<br>Қонақтарға жайылса. (шапалақтау)<br>Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру)<br>Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2- жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | «БАЛӨБЕК» ш\\о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.03 - 31.03.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.03.2023 | 28.03.2023 | 29.03.2023 | 30.03.2023 | 31.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің топырағы құрғақ екендігін іс-тәжірибеде, қопсытқышпен соққылау арқылы көрсету; топырақты қопсытқаннан кейін, тамырларға судың тез жететіні туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, өзара алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сұқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | **"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау".** Мақсат-міндеттер: | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** Мақсат-міндеттер: | **"Үлкен - кіші" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың үлкендігі және | **«Теңге алу» қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: | **"Түсі бойынша қою" ойыны.** Мақсат-міндеттер: түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ойыншықтарым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін. | балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | кішілігі туралы мәлімет беру.<br>Үлкен қорапта әртүрлі көлемдегі ойыншықтар салынған. Балалар қораптың ішінен үлкен және кішкентай ойыншықтарды ажыратып, табулары қажет.<br>**(сенсорика)** | балалардың тапқырлығы мен ептілігін дамыту, ұлттық ойын арқылы татулық пен адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Балалар ат үстінде шауып ойнайды. Балалар қозғалыс барысында тиын жинауы керек. Кім көп тиын жинайды, сол бала жеңімпаз атанады.<br>**(дене шынықтыру)** | ажырату бойынша жұмысты жалғастыру. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар бар. Үстелдің үстінде тағы екі қорап болады: текшелер қызыл, шарлар жасыл қорапқа салу керек. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша орналастыру.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау;<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 иыққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау;<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сыңғырла, домбыра!<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Күйің таралсын кең далаға.<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Күйің таралсын ауыл-қалаға.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Спорт – өнер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру жаттығуына үйрету; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру қимылының техникасын жақсы меңгеруге және биіктен секіру кезінде қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін сақтай білуге дағдыландыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Спорт әлемінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуының жасалу техникасын естеріне түсіру; гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойын арқылы қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру. | **Музыка**<br>"Нағыз қазақ - домбыра".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Спорт".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; түрлі-түсті жалаушалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын қорытындылау; оқу қызметін пысықтау; өз беттерімен бір-бірлеп гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуын бақылай отырып, олардың жаттығу жасау іскерліктерін жетілдіру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сүлгіні безендірейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, бұрыштардың ортасын тауып (бояусыз), саусақпен көрсетуге үйрету; саусақты бояуға малып, төртбұрыштың әрқайсысының ортасына тез басып алып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; саусақтағы бояудың біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға дағдыландыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө. Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;<br>жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Балапандар" қимылды** | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық,<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды шайқайды,<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғаққа сай жалаушалармен қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел созайық.<br>Қолдарымыз шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;<br>жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру.<br>– Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады.<br>– Балапандарым, шығыңдар аулаға!<br>Өзіне қарай ойын алаңына шақыру.<br>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қанаттарын қалай қағады? Көрсетіңдерші? Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, алдыға жүгіреді.<br>Жарайсыңдар!<br>Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру.<br>– Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді!<br>Жүгіріңдер қораға!<br>Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып | машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домаландап қашты.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға жалаушаларды үлестіреді.<br>- Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші.<br>- Тамаша!<br>- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады.<br>- Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір жалаушалармен ойнайық.<br>"Жалауша".<br>Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк жібектей мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>Жаттығу бірнеше рет орындатылады.<br>Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру.<br>- Балалар, біздің дөп-дөңгелек күнге не ұқсайды?<br>- Бауырсақ ұқсайды.<br>- Әжеміз пісірген Бауырсаққа ән айтып берейікші.<br>- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" белгісі бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады.<br>Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | қадағалау керек.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Диван".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі кірпіштен диван жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау және кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Асатаяқ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың маңызы туралы түсінік бере отырып, оның аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Өнерлі баламыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. | **"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | | | **қоршаған ортамен танысу)** **"Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Бір" және "көп" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту. Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.** Жарты шеңберде отырған балаларға ширма артына әртүрлі ойыншықтар немесе заттар жасырылады. Бұлардың пішіндері үшбұрышқа, дөңгелекке, тіктөртбұрышқа, шаршыға, сопақшаға келеді. Жеке тақтаға бірыңғай түске боялған (мысалы, көк түс) геометриялық пішіндер жапсырылады. Немесе слайд ретінде көрсетіледі. - Балалар, мен сендерге көлеңке көрсетемін, ал сендер оларға ұқсайтын пішіндерді атайсыңдар. - Жарайсыңдар! Балаларға доп, текше, призма, матрешка, пирамида жасырылып, дұрыс жауап | **Ойын-имитация.** "Домбыра" Домбыра – ғажап аспап, Ойнап кетсе – Қане! Шап! Күмбір-күмбір, күмбірлейді. Іліп қойсаң – үндемейді. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Тағам алдыру" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын барысындағы қимылдарды орындауға үйрету. Балалардың белгілі бір рөл үшін атрибуттарды өз бетінше таңдауға талпыныстарын ынталандыру; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | берген балаға беріледі. Егер жауап болмай жатса, бірінші көрсетіп, содан соң ғана жауап алуға болады. **(қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан»тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.04- 07.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел | **"Еңбекке баулу"** **Мақсаты.** Табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сұққұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға зымыранның құрылыс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі құрылысты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады.<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Қараннан да озады<br>Ғарыштағы зымыран. | **«Зымыран» жаттығуы (құрылыс материалдарына**н)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға зымыранды текшелерден, призмалардан және цилиндрлік құрылыс материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға зымыран құрастырудың үлгісін көрсетеді, көркем сөз оқиды; балалардың бірі құрылыс жасағаннан кейін өлең оқи алады.<br>«Зымыранды ұшыру» ойыны<br>Зымыранды ұшырамыз «У-у-у»<br>Моторын қос «Р-р-р»<br>Мотор от алды «У-у-у»<br>Ғарышқа ұштық «Ж-ж-ж»<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>Аспан, аспан, арайлым!<br>Саған жиі қараймын,<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Суретті жина» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас суретті құрастыруды үйрету.<br>Шарты. Қиылған бөліктерден тұтас суретті құрастырады және атауын атайды.<br>1. ғарыш<br>2. жұлдыз<br>3. зымыран<br>4. ай<br>5. планета<br>6. күн<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорик)** | **Ритмикалық жаттығу**<br>Біз зу-зу ұшақ боламыз (саусақтарды жоғары-төмен қозғау),<br>Моторды қыздырып аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру).<br>Қанатты түзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю),<br>Аспанға биік ұшамыз (екі қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу")<br>-Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зуылдайды тыныштықта,<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Күміс түсті денесі<br>Жылтырайды қылыштай.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **сенсорика)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Ғарышкер боламыз,<br>Дос тауып, жұптасамыз.<br>Ғарышқа ұшамыз,<br>Алыс жұлдыздардан асамыз.<br>Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарышқа алыс самғайық!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш әлемінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп | **Музыка**<br>"Ғарыштағы ғажайып".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш шегіне жетейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ғарыштағы бояулар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. **Картотека №5** **«Допты қуып жет» (дене шынықтыру)** | жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру; ғарыш әлемі және ұшқыш туралы білімдерін толықтыру. **Картотека №5** **«Балапандар мен мысық» (дене шынықтыру)** | басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып,ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру. **Картотека №13** **«Ол қалай жүреді?»(музыка)** | кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. **Картотека №2** **«Ұйқыдағы аю» (дене шынықтыру)** | қасиетттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру. **Картотека №1** **«Үлкен заттарды тап»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен** | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аудару; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын көрсетейікші.<br>- Қоян қалай секіретінін көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, қоян, бізді ойынға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек** | Мақсат-міндеттер. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру; құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру | Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қараңдаршы.<br>- Бұтақтары шайқала ма?<br>- Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар.<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін | Мақсат-міндеттер. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауы мүмкіндігін туралы байқату.<br>- Аспанды тез бұлт алды,<br>Ақ жаңбыр бір тыңбайды.<br>Енді талдың бұтағы<br>Бұрасаң да сынбайды.<br>М. Достанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br><br>"Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ, | **дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады, тақпақты оқи жүреді.<br>"Тик-так".<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Ал, күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды** | білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Саяхатшылар әні".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру. | **Аз қозғалмалы ойын «Таяқшадан өт»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды серуендеуге, адымдауға жаттығу.<br>Бөлменің ортасындағы еденге екі таяқ параллель қойылады (1 м қашықтықта).<br>Бөлменің бір жағында орындықта жалаушасы бар орындық орналастырылған.<br>Балалар бөлменің екінші жағында. Бала таяқшалардан оларға қарай 2-3 қадам | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жұлдыздар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде пайда | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Сақина".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру.<br>Балаларды түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту. | тұрады. Педагогтың нұсқауы бойынша ол бірінші таяққа барады, алдымен оның үстінен, содан кейін екінші таяқтың үстінен адымдайды. Орындыққа барып, жалаушаны көтеріп, жоғары көтеріп, толқынды оларды. Содан кейін ол жалаушаны орындыққа қойып, шегініп, орнына оралады.<br>**(дене шынықтыру)** | болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сақтауға баулу; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру. | зейінін дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақты мәнерлеп оқу.**<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Зымыран".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Ыш - ыш, ғарыш.<br>- Ыз - ыз, жұлдыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Доппен ұшу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Тілін, сөйлеу ырғағын және мәнерлілігін айту процесінде сөйлеу тынысын дамыту; сөйлеуді қимылдармен үйлестіру қабілеті.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті шарлар.<br>Балалар қолдарында шарлармен шеңбер бойымен қозғалады және мәтінді айтады:<br>Аспан, аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойыншық итпен ойнау**<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық ит.<br>Тәрбиеші қолына итті ұстап:<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>Содан кейін ол итімен бірге әр балаға келеді, итті сипап, тамақтандыруды ұсынады. Бір кесе «қиялдағы» тағамды алып келеді. Бала итті тамақтандырады. Ит «жейді», «үреді» және «рахмет» айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ұшақтар» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қанат жазайық,<br>Ұшақ боп ұшайық.<br>Ұшып - ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.04-14.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.04.2023 | 11.04.2023 | 12.04.2023 | 13.04.2023 | 14.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). |
| | **"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды туған жер туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>**Көркем сөз. "Туған жер".**<br>Туған жер, алтын бесігім,<br>Тербеттің мені төсінде.<br>Жүреді сенің есімің<br>Ержеткен кезде есімде. | **Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>- Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) | **"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кең дала туралы тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоциялық қабілеттерді дамыту.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br><br>***"Кең дала".***<br>Алақай-ау, алақай,<br>Дала қандай кең еді!<br>Бәрі өзімдей балақай,<br>Қырдың гүлін тереді.<br>Н. Әлімқұлов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру.<br>Құралдар: лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану.<br>***"Лағым".***<br>Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br><br>Ақ лағым, ақ лақ,<br>Мазалама маңырап. | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Түйелер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: түйенің суреті немесе ойыншығы.<br><br>**"Түйелер".**<br>Өркештерін май басқан,<br>Аяқтарын паң басқан.<br>Ащы қуып, жайылып,<br>Бетегелі белді асқан.<br>Әнес Нарымбетов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүреді мәңгі есімде<br>Көкорай далаң, тауларың,<br>Албыртқан аспан төсінде<br>Жұлдызды тұнық таңдарың.<br>*Жарасқан Әбдірашев.*<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | "Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | | Бөпеме де сүт керек,<br>Кете көрме жамырап!<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлем саған, туған жер!<br>Сәлем саған, туған ел!<br>Сәлем тобым!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, көркем!<br>Сәлем, көктем!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбектейміз ерінбей!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек түбі - береке".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай | **Музыка**<br>"Жер-Ана, кең дала!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек етсең емерсің".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құлыншаққа шарбақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйлесімділігін сақтау икемділігіне машықтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын меңгерту.Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>**№2 Картотека**<br>**Тышқан мен мысық**<br>**Ойын мақсаты:**балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдықққа үйрету. | жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру іскерліктерін дамыту; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын жетілдіру; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, епті болуға тәрбиелеу.<br><br>**№5 Картотека**<br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу.** | қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау.<br>**«Төлін тап» №33 Картотека** | шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.<br><br>**№4 Картотека**<br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. | объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбақтарға", бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен оңға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру.<br>**№2**<br>**Картотека**<br>**Құйыршығын тап»**<br>**Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді**<br>**Шарты: жануарлардың құйыршығын табады.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды | **Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру. **(дене шынықтыру)** | балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмды жолға себу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Тар жолда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Сарбаздар" жаттығуы. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру). | ауаның температурасын байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ересектермен бірге ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Ұшақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем - менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қадағалау керек.<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Құлыншақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс ұясы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыс нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жылқы мен құлын".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жер-Ана".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру. | **Ритмикалық жаттығулар.**<br>Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңселту)<br>Гүлдерде, (гүлді көрсету: екі жұдырықты біріктіру, саусақтарды жоғары созу, алақанды ашып-жабу)<br>Жасыл бұталарда, (отыру, алақанды ашу)<br>Қарлығаштар да («қанаттарын» сермеп)<br>Қояндар да (секірді)<br>Қыздар мен ұлдар да - (бір орында жүру)<br>Барлығымыз тұрамыз осында (қолды алға созу, алақанды көтеру)<br>Үлкен ғаламшарда (үлкен шарды көрсетеді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация. "Құлыншақ".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу.<br>***"Құлыншақ".***<br>Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Н. Жанаев «Табиғат анамыз» тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Табиғат ол анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Құшағында ойнаймыз,<br>Шаттық әнге саламыз.<br>Жазда аралап тауында,<br>Барамыз біз бауында.<br>Өзеніне шомылып,<br>Жүгіреміз жауында.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Бақ-бақ суретін жинайық" дамытушы жаттығуы.**<br>Балалар үшін бірнеше ұяшыққа бөлініп, бірыңғай түспен жабылған панно көрсетіледі. Педагог ұяшықтарды кезекпен ашып тұрады, балалар бақбақтың қай бөлігі ашылғанын атайды (басы, сабағы, жапырағы). Балалар атап бере алмай жатса, бақбақтың толық ашылған суретін ұсынып, балаларға айтқызу керек.<br>Сурет ашылғаннан кейін балаларға бақбақтың бөліктерін қайталату керек..<br>- Балалар, бақбақ ағаш па? Бақбақ – гүл. Қайталайық. Жарайсыңдар.<br>- Балалар, гүлдерді жұлуға болмайды. Гүлдерді күту керек.<br>- Бақбақ қандай тамаша! Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Далада қызғалдақтар өсті" шығармашылық рефлексиясы.**<br>Табақшаға салынған үшбұрыш, дөңгелектер мен санау таяқшаларын үлестіріледі. Балалар үстелде геометриялық пішіндерден далада өскен гүлдерді құрастырады. | **"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.04-21.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.04.2023 | 18.04.2023 | 19.04.2023 | 20.04.2023 | 21.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қадағалау, мақтау. |
| | **Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қарағайдың суреті.<br><br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **«Ғажайып хатқалта» дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: хатқалтадан шығарылған суреттердегі заттардың атауын дұрыс атау.<br>Шарты: педагог суреттерді кезекпен шығарып, заттардың атауын дауыстап атайды; балалар суретке қарап қызығады, педагогтің соңынан атауға тырысады.<br>Хатқалта.<br><br>- Балалар, біреу бізге хатқалта салып жіберіпті!<br>- Мынау - хатқалта. Бұл хатқалтада не бар? Хатқалтада ағаш, бүршік, жапырақ, гүл мен жемістің суреті болады.<br>Педагог хатқалтағы суреттерді бір-бірден шығарады. Хатқалтадағы суреттердің атауын дауыстап атайды.<br>Балалармен бірге қайталайды. Балаларға сөздерді дұрыс айтқызады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.<br>Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға-шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Құстар» ойын-имитациясы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Қарға болып секірейік.<br>Торғай болып қонайық,<br>Тоқылдап боп шоқиық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Егейік көктем ағашын".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құм салынған қаппарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; құм салынған қаппарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту.Балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; құм салынған қаптарды екі | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбегіне қарай өнбегі."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жүргізу; психогимнастика жасау іскерліктерін дамыту; құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын жетілдіру; ептілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет»** | **Музыка**<br>"Жасыл желек"<br>Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды<br><br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек ептілікті сүйеді."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға тұрғызып, құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау, ептлікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Картотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл желек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; қылқаламның түгінде бояудың бітіп қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру; қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>**Картотека №15**<br>**«Ұшты -ұшты»** | | | | **№ 9 Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**"Желектер".**<br>Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)<br>Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау)<br>Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)<br>Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек** | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты:<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты** | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпі туралы тақпақты тыңдап, жағымды эмоцияларға бөленіп, кірпіге еліктей білуге баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі, жарайсыңдар!<br>- Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай қоректі іздейсің?<br>Пысылдайсың,<br>пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>Д. Ахметова<br>- Қанекей, кірпі ұқсап, мына жатқан жолдармен асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | **дамыту:** "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Пойызбен саяхат."<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы бірыңғай пішіндердің сәйкестігін байқауға дағдыландыру. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аққайың".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Алқаны жинайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; домалақтардың (моншақтар) түстерінің сәйкес келуін байқауға дағдыландыру; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу; жапсыру іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. | **"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>**(сенсорика, қоршған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай".**<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, құрап қалады.<br>(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан)**<br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту.**<br>Балалар алдына панноға бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі:<br>* 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ;<br>* 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш.<br>- Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Аш - аш, ағаш.<br>- Шік - шік, бүршік.<br>- Рақ - рақ, жапырақ.<br>- Міс - міс, жеміс.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Отбасындағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. ***"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*** | **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден терендігі бір қарыстай екі | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Мұнара".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және кірпіш құрылыс материалдарынан мұнара және өзге қарапайым | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарымыз дос болсын,<br>(алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып,<br>(саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | - Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | шұңқыр қазылады.<br>Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. | құрылыстарды жасауға дағдыландыру; жасалған жұмысынан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог балаларға құрылыс үлгісін көрсетеді. Балалар құрылысты құрастыруының алдында педагог көркем сөзді оқып, балаларды өзіне ілестіреді.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Қолдарымыз дос болсын,<br>(алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып,<br>(саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Балалар, қане, күлейік, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ән-күйлермен бөлісейік.<br>Шеңберге шығып жүріп,<br>Әдемі биді билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Дөп-дөңгелек шаңырақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту. Балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; допты екі қолмен лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты лақтыру техникасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын дамыту; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Әлди, әлди, бөпешім!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.<br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты лақтыру техникасын пысықтау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға тұрғызып, допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауаның қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту.<br>**Картотека №1**<br>**«Жыл мезгілдері»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аспанды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Көлеңкені бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Желді бақылау (жалаушаларды қолдану).**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Көлеңкені бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Бұлттарды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай | Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене** | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қараңдаршы.<br>- Бұтақтары тербеліп тұр ма?<br>- Бұтақтарының тербелгені нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар!<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>- Балалар, ал қазір бір де жалаушаларды қолға ұстап, желдің болғанын бақылаймыз.<br>- Қалай? Жалаушаларың желбіреп тұр ма?<br>- Мінеки, жел соғып тұр. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты | Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып қимылдар жасауға, жан-жаққа шашылып, қайта шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br>**"Құлыншақ".**<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>"Жалауша".<br>Педагог көркем сөзді оқи жүріп, балаларға жалаушалармен қимылдарды көрсетеді. Жаттығуды ұйымдастырғанда балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын бақылау керек.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін | Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | - Кел, балалар, тоқтамай,<br>Жиналайық ортаға.<br>Шеңбер болып, кеңейіп,<br>Қолды қолға жалғайық.<br>Жаттығулар жасаймыз,<br>Бірге жүріп, ойнаймыз.<br>- Ал, балалар, біраз барып ойнап келейік.<br>- "Балалар, жиналайық!" деген кезде қайта шеңберді құра қаламыз.<br>ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, алаңда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкі болып ойнайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әуедегі шарлар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: қағаз бетіне қойылған нүктеден қарындашты алмай, шеңбер жасап, қайта бастапқы нүктеге қосуға дағдыландыру; "шар" бейнелерін "жіп" сызықтарымен толықтыруды көрсету; мерекелерді безендіру рәсіміне көңіл аударту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен қоян" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықтар туралы түсінік беру. | **"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары.<br>Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Гараж".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен байқағыштығын, зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Балалардың құрылыс материалдарына деген қызығушылықтарын арттыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | жоғары қарай бокалды, қасықты табақшаның оң (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады.<br>Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>- Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза,<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.<br>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.<br>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала.<br>Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын! | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Бесік жыры".<br>Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу | **Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету.**<br>1. Досы көпті жау алмайды.<br>2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты.<br>3. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.**<br>Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!)<br>3. Достар бір-бірін | **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артынана жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) | жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды. | | ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!)<br>5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05- 05.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | | **Ритмикалық жаттығу** Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші | **"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пен денені оңға-солға шайқау).<br>Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар<br>Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсор**ика) | педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>"Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдейміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың допты домалату техникаларын жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің дыбыстарын ажыратуға үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту. | **Дене шынықтыру**<br>"Мергендікті шыңдаймыз".<br>Мақсаты. Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сапқа тұрып, бір қолмен алдында тұрған баланың белінен ұстап, пойыз сияқты жүру іскерліктерін дамыту; епті, шапшаң болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека №7** | **Музыка**<br>"Еңбек түбі – зейнет".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай | **Дене шынықтыру**<br>"Шынығамыз жазда".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын меңгеруге жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Картотека №1**<br>**«Өз үйінді тап»** | **«Қояндар мен қасқыр»** | қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі егістік туралы түсінік беру.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын меңгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>**«Күн мен түн»** | атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.<br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>«Табиғат құбылыстарын ата» |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған** | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау.** | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>*"Жауын"*<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса -<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген дөңгелектер"*.<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті | **таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар.<br>Қайталайықшы. Тамаша.<br>Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.<br>**"Құмырсқалар".**<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздеріңде,<br>Қызып алған<br>Кездеріңде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар,<br>ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | жауды.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке | топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | баулу. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Гүлдерді бақшаға отырғызайық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу).**<br>Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; "отырғызылған" гүлге қарап, қуанышқа бөленуге баулу.<br>Құралдар: қатпа қағаз беті (бау-бақша алаңы), гүлдер (түрлі гүлдердің бастары), кір қысқаштары.<br>Балаларға қысқышты ұстап, гүлдің басын қатпа қағазға қысып, жапсыруға үйрету.<br>Балалар жұмыстарын жасап болғаннан кейін педагог Т. Молдағалиевтің "Гүлдер" тақпағын мәнерлеп оқиды. балалар тақпақты оқу барысына қосылуы мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұлттар ұшып келеді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ешкі мен лақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қозы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қозы кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдеріне көктемде қамқорлық жасау керек екені туралы түсінік беру. | **Шеңберде ойын. "Күн ойнап тұр күлімдеп".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Әтеш кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Әтеш ерте оянады, "Тұрыңдар!" – деп шақырады.<br>Көк аспанға күн шығады, Достар ойынға шығады.<br><br>Күн ойнап тұр күлімдеп,<br>Аспан төрінде билеп,<br>Алтын сақадай қызып,<br>Шеңберлерде жүргізіп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп! | **"Ара" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Оның жалғыз білгені,<br>Ағаш, тақтай тілгені.<br>Асықтырып өз-өзін: | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас | "Қозы қалай қимылдайды?"<br>- Қозы қалай қимылдайды?<br>Денесін түзу ұстайды.<br>Басын оңға-солға шайқап,<br>Аяқтарын жинайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | "Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені.<br><br>Жәнібек Кәрбозин. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Орнында тыныш тұрмайды, Секіреді, ойнайды. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05-02.06.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстырудын ойын-жаттығу**<br>"Құмның қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің көше".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алуан түсті алақан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әрқайсысының әртүрлі түстегі қою бояуға малынған алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оқу қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; көзбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Көпіршіктер жасаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын жетілдіру; епті, жылдам, ұқыпты болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека № 13**<br>**Қимылды ойын: «Қоңыздар»** | **Дене шынықтыру**<br>"Жазда жылдам өсеміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын бекіту, оқу қызметін пысықтау, доптарды қолдарын басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Картотека № 9**<br>**Қимылды ойын: "Допты қуып жет "** | **Музыка**<br>"Жаз кереметтері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.<br>**Картотека№37**<br>**«БАСПАЛДАҚ»** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау.** | **Көбелекті (қоңызды) бақылау.** | **Құмды бақылау.**<br>Балаларға құрғақ құмның | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге | Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.**<br>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. | себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы.**<br>Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру. | Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Үш аю" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері | **Санамақ**<br>Бір дегенің - бас бармақ,<br>Барлық істі басқармақ.<br>Екі дегенің - балалы үйрек,<br>Ақ қағазға салады ирек.<br>Үш дегенің - ортаң терек,<br>Еңбек етіп, болған зерек.<br>Төрт дегенің - шылдыр шүмек,<br>Тілі тәтті былдыр түлек.<br>Бес дегенің - кішкене бөбек,<br>Үлкендерден үйрене бермек. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жайма шуақ жазымыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы аңдардың қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу. | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.** Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Жаз еді" өлеңін оқу.** Өзен жай ағады,<br>Жағасы балауса.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша.<br>Ә.Ахметов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Хоки-поки биі" атты мультфильмін көру.** Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, жаттығуларды қайталауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?". | | | | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_»Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қыргүйек | Дене шынықтыру | – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;<br>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;<br>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;<br>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;<br>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.<br>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>Спорттық жаттығулар:<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;<br>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дағдыларды қалыптастыру:<br>- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>Сөздік қор:<br>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауды үйрету.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау. |
| | Көркем әдебиет | 1) ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға. |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) туыстық атауларды білдіретін сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және тағы басқа) дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер);<br>2) қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену;<br>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| | Математика негіздері | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.<br>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасуын білуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Күн райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | 1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта<br>және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; |
| | Сурет салу | Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | Жапсыру | 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету;<br>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;<br>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;<br>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;<br>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;<br>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.<br>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру және тағы басқа;<br>3) секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Спорттық жаттығулар:<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;<br>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дағдыларды қалыптастыру:<br>2) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;<br>Сөздік қор:<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;<br>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану; |
| | Көркем әдебиет | 2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауды; |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>Тілдің грамматикалық құрылысы:<br>1) сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;<br>2) жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.<br>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| | Математика негіздері | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау.<br>Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануды және атауды |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.<br>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Өсімдіктер әлемі.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көгөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Құрастыру | 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;<br>3) ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; |
| | Сурет салу | 2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру. |
| | Мүсіндеу | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.<br>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | Жапсыру | 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) желімдеудің техникасы; |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады;<br>4) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады.<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: жүгіру дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | - дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>- қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>- заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>- қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>- қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (күз мезгілі, ауа райы, күз өнімдері, көлік түрлері, аңдар, ертегі кейіпкерлері) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ә" дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.<br>**Сан.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), |

| | | |
|---|---|---|
| | | дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. |
| **Серуен** | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп түсіндіреді.<br>Абай Құнанбайұлы «Көлеңке басын ұзартып»<br>Көлеңке басын ұзартып,<br>Алысты көзден жасырса;<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса... | | **Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап<br>Бөтегесі томпиып<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>- Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады?<br>- Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға пайдасы бар ма? | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға аспанның әсемдігіне назар аударуды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспанның бұлтты немесе бұлтсыз болуын бақылау; бұлттың қозғалысын бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, біртебірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе ыдырап кететінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ. **(көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің сол қимылдарды тура қайталайтынын, көлеңкенің қара, сұр түсті ғана болатынын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** құрап түскен жапырақтарды жинау. **(қоршаған ортамен танысу, еңбекке баулу дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>**"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жылдам жүгіруге | | **"Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Түлкіні" санамақ арқылы таңдап алуға болады.**<br>Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіру мүмкіндіктері қадағаланады.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы.** | қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | **әдебиет)**<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын табуға машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру;<br>ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки, жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырты пішіні жуас салғырт.<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та.<br>Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып | | Мақсат-міндеттері.<br>Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек әрекеті:** қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | | ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып;<br>қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>**"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүре білу қабілетін дамыту.<br><br>**Балалардың еркін ойнайтын ойындары.** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды жаттықтыру, тілдерін дамыту. | | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың киімдерін киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Ойыншықтармен танысу".<br>Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Ойыншықтарды жинайық"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың біртекті заттарды өзара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа (сол дыбысты шығаратын жануарлар немесе азаттардың суреттері).<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және оның не екенін ажырату қажет.<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; | | қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего | білуді үйрету.<br>"Сандықтарды жинайық" зерттеу жаттығуы.<br>Сюжеттік ойыншықтармен ойнау.<br>Ертегі оқу. **(көркем әдебиет)**<br>Үстел-үсті театры.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары арқылы дидактикалық ойындар ойнату.<br>Төлдерді қазақ тілінде атау.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Табиғат ғажайыптары".<br>Мақсат-міндеттері. | топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Текшелерді түстеріне қарай жинау.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша - біздің үйіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушін" рөліне өзі қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты жүргізеді. Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Жолаушылар кіріп-шығып жатады. Үлкендерге орын беру | | ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттейді, сынығын жөндейді. | Балалардың қоршаған табиғат туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; күн райын бақылау кезінде маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуді үйрету; балабақша туралы түсінік беру. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. **"Жанды және жансыз табиғатты ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жанды және жансыз табиғатты бір-бірінен ажырата білу іскерліктерін дамыту; оқу қызметіне | жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. **"Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс материалдарының жинағынан балабақша құрау. <br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық** "Доппен жаттығу". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы үлгілерді көрсетуге болады. | | | қызығушылықтарын арттыру. | Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыру; ұйымдастырылған іс-әрекетте шығармашылыққа баули отырып, ермексаздан доп жасаудың тәсілдерін үйрету; шығармашылық жұмысты топпен орындауға дағдыландыру; ермексаздан допты жасауда икемділікке баулу; доптың қасиеттері жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тіл ұстарту. "Кім не істейді?"**<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады. | | **Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Мақсат-міндеттері. Халық ауыз әдебиетіне сүйіспеншіліктерін арттыру. **(көркем әдбиет)** | **"Тап та, атын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді қабылдауларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09-09.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге, бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қою, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге (тазалау, кептіру және тағы басқа) іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа естеріне салып отыру. |
| | **Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем".** Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың | **"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады | **"Сәлем!" саусақ жаттығуы.** Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды). Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды). | **Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ".** Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, | **"Өрмекші" саусақ жаттығуы.** Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды)<br>"Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға | (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш тағы басқа)<br>Педагог:<br>- Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады).<br>Қасымдағы көршіме (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды).<br>- Сәлемет пе, (екі қолды жоғары созып, аспанды көрсетеді)<br>Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді).<br>- Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды).<br>Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)<br>- Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды). | Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің ...<br>Нешеу болды қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды<br>Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ-балапанын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),<br>Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады),<br>Нөсер кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі),<br>Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды),<br>Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі),<br>Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. **(сөйлеуді дамыту)** | | Самал жел желпіген (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстап оңға және солға кезектестіре қозғайды).<br>- Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)<br>Кішкентай түбіртек!<br>Сәлем, таң жаңа атқан!<br>Сәлем, күн арайлы!<br>Сәлемге еріну!<br>Бізде әсте болмайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелер)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерді көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | **"Менің отбасым"** | **"Отбасындағы** | **Шаттық шеңбері** | **"Менің ең жақын** | **"Менің отбасым"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | **тақырыбында балалармен әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. "Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою. **(сөйлеуді дамыту)** | **сыйластық" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңілкүй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнім күліп арайлы,<br>Терезмнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **досым - менің анам" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту. **(сөйлеуді дамыту)** | **тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Әдемі сап түзейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, | **Дене шынықтыру** "Сапқа тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр | **Музыка** "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін | **Дене шынықтыру** "Бауырсақпен шеңберге тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен | **Қазақ тілі** "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту.<br>**"Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Суреттегі жануарларды қазақ тілінде атап, қимыл-қозғалыстарын сипаттап көрсету.<br>**(қазақ тілі, дене шынықтыру)** | қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту.<br>**"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруға үйрету. **(дене шынықтыру)** | қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен | секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету.<br>**"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп нысанаға лақтыруды үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**"Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Киімдерді шкафқа дұрыс орналастыруды үйрету. Ұқыптылыққа баулу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. **"Ұшты-ұшты" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұшатын және ұшпайтын заттардың ерекшелігін үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері: балаларды | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын | **Иттерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Ар жағында орманның,<br>Ар жағында таулардың,<br>Алтын кеспек домалар. (Күн.)<br>- Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)<br>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)<br>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)<br>- Балалар, сендер күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Өйткені біз күзгі киімдерді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Ал таңертең және кешке күн салқын болады. | қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап беруге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше, балалар, бүгін ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды сыпырып жинаған. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер | Желдің әлсіз және күшті жақтарын ажырата білуді үйрету; желдің күшін қандай белгілері бойынша анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса желдің күші қатты болғаны, шөп тербелсе желдің күші әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра алуды үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. | бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктер салынған карточка-суреттері.<br>**"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, | жануарына күтім жасауға тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бүршіктер мен жапырақтарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: “Қоймадағы тышқандар”. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың саламатты өмір салтына, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға баулу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жұбыңды тап" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір таңбалауыш (фишка) суреттен таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша бірдей түсті таңбалауыштары (фишкалары) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыш | бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кету керек. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе | Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).** Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауды үйрету. **"Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттері. Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - | зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. **Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.** | ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Осы кезде мысық оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады. **Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы бар.<br>Түрлі түсті таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>**"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | істей жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | айқын, ыстық, жарық; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сияқты сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су арқылы желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегльдердің арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір-бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе | | Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алмайтынын көрсетуді үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды әбден көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айтуды үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. Балаларды ойыншықтармен таныстыру кезінде зейін, есте сақтау және қабылдау қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын | **Сурет салудан ойын-жаттығу.** "Дуал". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қошақаным". Мақсат-міндеттері. Балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Әженің көмекшілері". Мақсат-міндеттері. Балаларда "көп", "біреу", "бір-бірден", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; отбасы жөніндегі түсінікті тиянақтау. Балаларды бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыру біліктерін | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Әжем пісірген тәттілер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, әртүрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есіп мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұақ | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Мұрагер". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар беру, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. "Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>**"Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету.<br><br>**"Менің отбасым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру.<br>Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі:<br>- Сенің отбасың | сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажыратуды үйрету; отбасы туралы түсінік беру.<br>**"Үй жануарын дауысына қарай ажырат" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының дыбыстарын ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойыны. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттері. Ойынға қызығушылықты дамыту, балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру. Балалардың таңдауы | жетілдіру; зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>**"Жіптерді орнына сал" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Себетке тоқыма жіптерді түстеріне және көлеміне қарай жинау.<br><br>**"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы. Қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады. Жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы | моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру.<br><br>**"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру; ересектердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойынға ұлдар да, қыздар да қатысады. Балалар отбасындағы ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстарының рөлін ойнайды. Балалардың рөлін қуыршақтар | "Отбасы" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Отбасы" ойыны арқылы шығармашылықтарын шыңдау; отбасы туралы түсініктерін кеңейту; әр отбасы мүшесінің атқаратын ісі мен рөлі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; отбасылық ынтымақтастық туралы білімдерін толықтыру. "Отбасы" ойыны.<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>- Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды, саяхаттайды, спортты жақсы көреді), өйткені ... **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік.<br>Тәрбиеші балалармен | бойынша ертегіні оқып беру. **(сөйлеуді дамыту)** | суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ойнайды.<br>Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек. Жиһазды орналастыру, заттар қою, балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек. Педагог осы процесті бақылап, жанжалды жағдайларды шешуге көмектесе алады.<br>Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру: "Балаларды балабақшаға жинау"; "Демалыс күні"; "Үйдегі тазалық"; "Жөндейміз"; "Дастарқан басында" және тағы басқа.<br>Ойын барысы балалар арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар еңбек элементтерін де қамтуы керек. Ойын | шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортада көзін жұмып тұрады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай, дыбыстың қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің қасына қою керек, қуыршақ орындыққа отырады. Жиһаздың қызметін балалар осылай айтып береді. **(сөйлеуді дамыту)** | | | алдында балаларға отбасылық күнделікті тақырыптағы ертегіні оқуға болады, содан кейін оны талқылап, ойын арқылы сипатталған жағдайда дұрыс мінез-құлық моделін көрсетуге болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Менің отбасым"**<br>Мақсат-міндеттері. Отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.<br>Барысы: балаға әртүрлі | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде-бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **"Өз әжең" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде-бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жапырақтар таратылады. Балаға жапырақтарды салыстырып, қай ағаштың жапырағы екенін табу керек. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **математика негіздері)** | | **математика негіздері)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қиын бала қайдан шығады?" | Кеңес.<br>"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз". | Кеңес.<br>"Ойыншықтардың бала өміріндегі маңызы". | "Менің сүйікті ойыншығым" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Баланың жетістіктері туралы ата-анасымен әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Балапан»** |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.Ж.** |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды** | **12.09-16.09.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 | 16.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өз бетінше тазалауын, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңдерінді түріңдер, матаны сулаңдар, сығыңдар, құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **"Керекті киімді тап" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді | **"Менің үйім" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден үй жасауды үйрету, оның | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгідері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | неден тұратынын айту. **(құрастыру)** | жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістіктік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамыз, күлеміз,<br>Бар әлемді сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достармен бір жүреміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, зейінін дамыту.<br>Барысы: педагог сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды, олар тек қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айтады.<br>Мысалы: қант тәтті, ал бұрыш ... (ащы).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ол қандай?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>Барысы: заттың атын атап, баланы осы заттың қалай көрінетінін, қандай формада болатынын, содан кейін ол ұсынған барлық нәрселерді сипаттауды сұрайды.<br>Мысалы: жұмыртқа сопақша пішінді, түсі ақ немесе қоңыр, шикі немесе қайнатылған, іші ақ және сары. Тек заттың белгілерін айтып қана қоймай, оның суретін де салдыруға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдікті жапырағынан тануды үйрету, зейінін дамыту.<br>Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жәндіктер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, жәндіктерді сын-сипатына қарай сипаттауға үйрету, барлық тіршілік иелеріне қамқорлыққа тәрбиелеу және зейінді дамыту.<br>Барысы: балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ жәндіктерді сипаттайды, ал екіншісі оның қандай жәндік екенін табуы керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Содан кейін топтар ауысады. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Шеңберге өз | **Дене шынықтыру**<br>"Әдемі шеңбер | **Музыка**<br>"Әлди-әлди" | **Дене шынықтыру**<br>"Епсіз қонжық" | **Қазақ тілі**<br>"Сәлем - сөздің анасы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | еркімізмен тұрамыз" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүруге, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен жүру және баяу жүдруден кейін, жылдам ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу, тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; екі аяғымен ұзындыққа секіру және екі топ бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; қимыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. **"Шеңбердегі доп"** | жасайық" Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, қимылды ойын арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру. **"Допты шеңберге кіргіз" қимылды ойын.** Мақсат-міндеттері. Допты гимнастикалық шеңберге кіргізу. | Мақсат-міндеттері. Балаларды әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. **"Фестиваль" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз өнерлерін достарының алдында қысылмай көрсетуге үйрету. Өнерге қызығушылықтарын дамыту. | Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп, аяқтың ұшымен жүруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. **"Пойыз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Паровоздың дыбысын шығарып, ақырын жүруді және жүрістерін біртіндеп жиілетіп жүруді үйрету. | Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру,** | **Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Күн райының қандай екенін ажыратуды үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр).<br>**"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Ой- | **Құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Аспаннан жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау ерекшеліктерін салыстыру.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>Ағаштар қыста қалай қыстап шыққанын тексеру.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>- Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады?<br>- Тағы қандай өзгерістер болады?<br>- Ағаштар ауаның | **Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай | қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтінді айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қол ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бәріміз достасып, Бір орында тұрысып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай да бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын | белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін | ластанудан тазалайды. Адамдар ағаштарды көп отырғызады. **«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. **"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына | **көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"-деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірлейді барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті ініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>"Ұстап алу" - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды.<br>Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. | бастаушысын ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.<br>**"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан қашуды үйрену.<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар (қаршығалар мен қарлығаштар).<br>**Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доп ойындарына тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет | тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"-деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірлейді барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті ініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>"Ұстап ал"у - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды.<br>Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету.<br>Еңбек әрекеті: өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | | тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда, оны секіртіп, себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: себеттер мен доптар.<br>**"Құстар" туралы ертегі айту.**<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау кезінде құстарды бақылай отырып, елесту арқылы қиялдарын дамыту. **(көркем әдебиет)** | | **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күн тәртібі".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Достарға саты".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойын | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жаңбырда өскен саңырауқұлақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуды үйрету; композиция жөнінде | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі бақ"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері - күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне пайдасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; күн тәртібін пысықтау; "үлкен - кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын** "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырғыштармен ойындар ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қалпақты өсімдіктер" Мақсат-міндеттер. Балалардың жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін | барысында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруды үйрету.<br><br>**"Қимылдарды ұқсат" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттері. Театрландырылған ойын арқылы балалардың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Педагог:<br>- Балалар, кіп-кішкентай балалар қалай жүреді?<br>(Балалар аяқтың арасын сәл ғана ашып, адымдап жүреді. Кейін аяқтарының арасын үлкенірек ашып, адымдап жүреді.) | түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір жылдам өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". (сөйлеуді дамыту)**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>(саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақты бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық.<br>(шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>(саусақтармен үстелдің бетін соққылау)<br>Жамылып отырайық.<br>(алақандармен бас төбесін жабу)<br><br>**"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | бақылауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта".**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа әуен біткенше жапырақтарды түстеріне қарай топтауды үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуді үйрету.<br>**Сөздік жаттығу. "Есімде не қалды?"**<br>Мақсат-міндеттері. Паннода немесе үстел үстінде тұрған ойыншықтардың атауын қазақ тілінде атайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Бақа".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бақа туралы ұғым беру; бақа денесінің құрылымы туралы білімдерін кеңейту; табиғат әлеміндегі бақаның тіршілік ортасы туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуінің әсері жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру. | - Қарт аталар қалай жүреді?<br>- Ханшайым қалай жүреді?<br>- Тоқаш қалай домалайды?<br>- Сұр қасқыр орманда қалай серуендейді?<br>- Қоян құлақтарын тегістеп қалай қашады? **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | | мағлұмат беру; бақаны қағаз бетіне жапсырудың тәсілдеріне дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыру және топтастыруды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Апта күндерін жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар жаттау. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Күзде" тақпақ айтқызу.**<br>Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа, | **"Күз" туралы сюжетті суреттерге әңгіме құрау.**<br>Мақсат-міндеттері. "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>**"Оркестр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>Тәрбиеші музыкалық аспаптармен таныстырады, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алып, сол аспапта ойнайды. **(музыка)**<br>Логикалық ойындар. **(математика негіздері)**<br>Еркін рөлдік ойындар. **(мүсіндеу, құрастыру, сурет салу, жапсыру)**<br>**"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлығы шеңберлер, бұл жерде барлығы шаршылар, бұл жерде барлығы үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда балалар топпен серуендеуге шығады. Тәрбиешінің белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әрдайым үйлерді ауыстырады. **(математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: "Бала жиі ашуланатын болса"; "Баланың белсенділігі - денсаулығының кепілі"; Психолог кеңесі."Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?" | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09-23.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал түрде орындауға; қолды мұқият жууға, кезекшінің киімін киіп, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында керекті құрал-жабдықтарды ретімен қою, аяғында құрал- | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмысқа кірісер алдында жұмыс алжапқыштарын киюді, ойыншықтарды ретімен ұстау: жуу, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке шкафта тәртіпті сақтауды үйрету: киім мен аяқ киімнің шкафын босату, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақтың киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дастарқанды дұрыс жаюға, тамақ ішкеннен кейін ыдыстарды жинау, үстелдерді тазалау, еденді сыпыруға үйрету, үлгі көрсету. | жабдықтарды орнына жинауды үйрету. | кептіру, сүрту және орнына қоюды үйрету. | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту, киімді орнына жинап қою іскерліктерін дамыту. | |
| | **"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: жануар ойыншықтар.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген балаға көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды, қапшыққа балаларға таныс жануар ойыншықтарды салады. Басқа ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны.** ("Үйшік" ертегісі желісімен")<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. (**көркем әдебиет)**<br><br>**"Мұқият бол" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Мұқияттылыққа, | **"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарлардың немесе жансыз табиғаттың суреттерін көрсетіп, айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. **(қоршаған орта, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Аюға ойыншықтарымызды көрсетеміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойыншықтардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету, ойыншыққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, ұқыпты ойнауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді. Педагог оған ойыншықтарды көрсету керектігін айтады. Балалар сүйікті ойыншығын алып, қонаққа көрсетіп, ол туралы айтып береді. | **Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті тап" ойыны. (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көздерін жұмып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған жануар ойыншықты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: жануар, тастар және құстар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді.<br>1. Жануарлар карточкасын көрсеткенде балалар қолдарын сермеп, шеңбер бойымен баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Құстарды | Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға өрмелейді, | көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алып, қазақ тілінде атау керектігін айту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кірпіжан" жаттығуы.**<br>Масқат-міндеттері. Балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; сөйлеу қабілеттірен дамыту.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br><br>Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректерді іздеймін.<br>Кездейсоқ, кездейсоқ<br>Иіскеп жүріп, табамын.<br>Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсеткенде балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қателескен бала ойыннан шығып қалады. **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | (екі қол кеуде алдында бүгулі; қолды көтеріп-түсіру, аяқтарды бүгу, кезекпен көтеріп-түсіру)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды. (екі алақанды қосып үйкелеу)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды.<br>Жерге түсіп маймаңдайды. (маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қаланың көрнекті жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.<br>Барысы: Астана - мемлекетіміздің астанасы. Біздің Астанмыз әдемі, үлкен қала. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне қызығушылығын арттыру.<br>Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы: лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымға қатысты суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруду ұсына | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың туған жер туралы білімдерін бекіту, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. Ойын ережелерін түсіндіре отырып, педагог бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені еске түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады. Педагог балаларға "Бастаймыз!" белгісін береді. Балаларды ойынға дайындайды. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн шуағын жинаймын.<br>Достарыма сыйлаймын.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырып, тапсырманы қиындата алады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Балалар бөліктерден сурет құрастырады. Кім суретті бірінші құрайды, сол балаларға таңбалауыштар таратылады. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Аяқтың ұшымен жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту. **"Үш аю" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Аюлардың көлемдеріне қарай суреттерді сәйкестендіру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру** "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын | **Музыка** "Жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнауды үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетке | **Дене шынықтыру** "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп, бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. **"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты дәлдеп лақтыруға, нысанаға | **Қазақ тілі** "Үй жануарлары және оның төлдері". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, түсінді, қабылдауды үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақтар мен жалғауларды дұрыс қолдануды үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен - кіші) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. **"Біз қадам басамыз, біз үлкен боп өсеміз".** Біз қадам жасап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бекіту.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Пойыз ұқсап сапты бұзбай жүруді үйрету. **(дене шынықтыру)** | қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.<br>**"Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ не қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу. | қарай көздеуді үйрету. **(дене шынықтыру)** | келеміз:<br>Топ - топ - топ,<br>Топ - топ - топ (бір орында адымдау, аяқты топылдату)<br>Біз үлкенбіз, өсіп келеміз:<br>Алақанды соғайық,<br>Алақанды соғайық (бастан жоғары шапалақ ұру)<br>Аяқтың ұшына тұрайық,<br>Былай, былай,<br>Былай, былай. (аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары созу)<br>Саңырауқұлақтардай отырайық.<br>Былай, былай,<br>Былай, былай. (тізе бүгіп, жүресінен отыру) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күз | **Күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Күн райының жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Жыл құстарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту).** Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қайыңға қарай жүгір". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету. **Өзіндік еркін ойын** | Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).** Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені** | Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау).** Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі | Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Көркем сөз. Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау).** Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай".** Мақсат-міндеттері. Құстарға тән қимыл- | Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды! Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. **"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог ойнайды, кейін балалар арасынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеттері. "Өзенді кесіп өт".** Мақсат-міндеттері. Бөрененің үстінен тіке және қасынан жүру жаттығулары. | **қуып жет!".** Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалардың тобы жеңіске жетеді. Құралдар: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады, бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып жемді шоқығанын" көрсетіп ойнайды. Педагогтің "Абайлаңдар, мысық ұстап алмасың!" деген белгісіне балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіріп бара жатқанда оларды қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Құралдар: "мысыққа" - маска, "торғайларға" таңбалауыштар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, дербес әрекет)**<br>Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: сабын.<br>Сабындаған кезінде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Қазақстан туралы | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жалауша". | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** | **Вариативтік компонент/Әлеумет**<br>"Наубайхана" ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету.<br><br>**"Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. **(математикалық негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуды үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданылатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын рефлексиясы. "Жалаушалармен ойнайық".**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды үйрету.<br><br>**"Шамдар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға | "Ақ көгершін" Мақсат-міндеттер. Балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершінмен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және құштарлығын дамыту.<br><br>**"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды қолмен ұстап санауды үйрету.<br>1-нұсқа. Затты қолмен | "Жасасын Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br><br>**"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке , үлкен - кіші, оң - сол жайлы білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту. **(танымдық дағдылар,** | Мақсат-міндеттері. Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру.<br>**"Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Тұздалған қамыр кесектерінен тоқашты илеу. **(мүсіндеу)**<br><br>**"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттықтыру; зейіндерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | ұстап санау. 2-нұсқа - қандай зат екенін қолға ұстап анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қайсы қайда барады?" сұрамақ.**<br>- Қасқыр, қайда барасың?<br>- Қой қырқуға барамын.<br>- Қарсақ, қайда барасың?<br>- Қаңғыруға барамын.<br>- Түлкі, қайда барасың?<br>- Тауық іздеп барамын.<br>- Маймыл, қайда барасың?<br>- Сауық іздеп барамын.<br>- Аю, қайда барасың?<br>- Бал тапқалы барамын.<br>- Майдан, қайда барасың?<br>- Мал баққалы барамын. **(сөйлеуді дамыту)** | **математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Артикуляциялық жаттығулар.** Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық | **"Туған елдің ұлымын" тақпағын жаттау.** Мақсат-міндеттері. | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.** | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** | **"Күз" тақпағын жаттау.** Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсеков "Туған елдің ұлымын".<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br><br>Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы: лото түріндегі ойында бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. **(сөйлеуді дамыту)** | Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз".<br>Алма, өрікті қамбаларға<br>Толтырды әкеп алтын күз.<br>Шәкірт болып парталарға<br>Отырды кеп алтын күз.<br><br>Бұлт болып та Алатауға<br>Байланыпты алтын күз.<br>Дастарқанда таба нанға<br>Айналыпты алтын күз.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға | Ата-аналарға кеңес: "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"; "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек"; "Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары". | | | | |

| | |
|---|---|
| кеңес) | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09-30.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.09.2022 | 27.09.2022 | 28.09.2022 | 29.09.2022 | 30.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың балабақшадағы тәртібі туралы ата-аналармен сөйлесу; балалардың денсаулығына назар аудару; балабақшадағы жаңалықтармен бөлісу; ата-аналарды белсенділікке шақыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға тарақтарды | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбекке | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды таза, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. | тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. | дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет ету іскерліктерін дамыту. | ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстелдер, орындықтар, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. |
| | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Менің туған қалам" тақырыбында сюжетті суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұраққа толық жауап беруді балалардан талап ету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.** | **"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.** Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап беруді балалардан талап ету. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Құрылысшы" тақпағын жаттау. (Шекербек Садыханов)** Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Менің қалам - Алматым"** Мақсат-міндеттер. Қиялындағы қаланы құрастыру. | **"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. **(танымдық дағдылар, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңырады дайындайды. **(музыка)** | | **(құрастыру)**<br><br>**"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. **(танымдық дағдылар)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға | **"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.** | **"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.** | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық** | **"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажырату және салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. **(танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күндей сары дөңгелек".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске | **Дене шынықтыру**<br>"Бөренемен жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бөренемен жүру және допты лақтыру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** | **Музыка**<br>"Ата Заңым ардақты".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жәй және көңілді әндерді тыңдай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда | **Дене шынықтыру**<br>"Домалайды алмалар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, | **Қазақ тілі**<br>"Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін!"<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуді үйрету, ойыншықтарды атауға, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіруге сұрақтарға жауап беруді; сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бөренемен жүру, допты лақтыру іскерліктерін қайталау.<br>**"Орамалды әкел" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден өтіп, орамалды алып келу керек. | Мақсат-міндеттері. Допты қолға жеңіл ұстап, нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету. | ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**"Топ-хоп" ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшандыққа, байқампаздыққа, төзімділікке үйрету. Барысы. "Топ" дегенде балалар орындарында тұрып, аяқтарын топылдатады, педагог "хоп" дегенде балалар екеу-екеуден жылдам бірігеді. | отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету.<br>**"Қоян" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп кеп, сәбізді жегендей қимыл көрсету керектігін және жүруді үйрету. | үйрету.<br>"Қораптың ішінде не бар?" дидактикалық ойыны.<br>"Бізбен бірге ойнаңдаршы" сергіту сәті.<br>"Не алып келдің?" жаттығуы.<br>"Мә, ... ала ғой" жаттығуы.<br>**"Ойыншықтар шаршады" рефлексия.**<br>Ойыншықтарым көп ойнап,<br>Бүгін қатты шаршады.<br>Жетер, шеңберде ойнап,<br>Тынығыңдар ұйықтап!<br>Тыныш! Тыныш! Шуламаңдар!<br>Әлди, әлди ...<br>Ұйықтаңдар.<br>(Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.) |
| **Серуенге дайындық** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Жүргізушілердің еңбегін бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құраған жапырақтарды бір ортаға жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен мысық" (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын | **ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Сауысқанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз.<br>Қадыр Мырза Әли "Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға қызығушылықтарын арттыру.<br>Көркем сөз.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең нөсерлет!<br>- Бұлт дегеніміз не?<br>- Бұлттардың түсі қандай болады?<br>- Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен)<br>- Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізушілерміз", "Жапырақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың физикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяққа тұрып қолды белге қоюды үйрету. | шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>- Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>- Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>- Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу).** | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр".** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту. | белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге ұмтылысты ынталандыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсат-міндеттері. Құстарға қамқорлық жасауға ықыласты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашыраңқы жүгіруге, тепе-теңдікті сақтауды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Торғайлар мен қарғалар"** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар** | **"Күлкілі маймылдар" театрландырылған** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар". Содан кейін бір-біріне арқаларын қаратып, түзу екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады.<br>Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, екінші топ орындарында қалады. **(сөйлеуді дамыту)** | "Туған өлкем".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтай білуге үйрету.<br>**"Қазақстанның Туын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының Туын тануды, сын-сипатын айтуды үйрету. | **ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: балалар шашыраңқы тұрады, ойында балалар маймылдар болады. Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. **(көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Жапырақтар түсіп жатыр".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы ұғымдарын | "Менің үйім осындай".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды дайын шаршы, үшбұрыш пішінді қағаздар арқылы үй бейнесін құрастырып, жапсыруды үйрету; геометриялық пішіндер қасиеттері және желімдеу техникасы жөнінде ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Үйді салғым келеді (шапалақтау), Қабырғасы керегі (шапалақтау), Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру), Қатар-қатар кезегі (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру).<br><br>Шатыр болса төбесі | **жаттығу**<br>"Алтын күз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру.<br>**"Күзгі өзгерістерді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Күз мезгілінде болатын өзгерістерді табу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Құмырсқалар" ритмопластика.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кеңейту; түрлі түсті жапырақтар жөнінде түсінік беру; ермексаздан түрлі түсті жапырақтарды жасау икемділіктерін жетілдіру.<br>**"Жапырақтар ұшты" саусақ жаттығуы.**<br>Қолдар жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)<br>Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)<br>Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)<br>Ұшады жеке-жеке. (саусақтарды еркін қимылдау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | (қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою),<br>Ұшбұрыштай жебесі (қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою),<br>Терезелер - көзайна (көздерді ашып-жұму).<br>Мен ғой - үйдің иесі (алақандарды өз кеудесіне салу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру.<br>Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың ішінде ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай және бос кеңістікті толтыруға тырысады.<br>**(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Күз" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. | **"Жау, жау, жаңбыр!" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. | **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға | **Жыл мезгілі жайлы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тұрдыбек Досанов "Күз".<br>Ұшырды жапырақты жел екпіні,<br>Ол, сірә, көрді дейсің елеп кімді.<br>Жоғалтқан ойыншығын жас баладай,<br>Мұңайып үй артында терек тұрды. **(сөйлеуді дамыту)** | Шәміл Мұхаметжанов "Жау, жау, жаңбыр!"<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сен едің.<br>Жас егін де ержетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>Менің еккен бағымда<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне қызығушылығын арттыру.<br>Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. **(сөйлеуді дамыту)** | жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | жетілдіру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Жаднама:<br>"Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | "Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті. | "Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу". |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10-07.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.10.2022 | 04.10.2022 | 05.10.2022 | 06.10.2022 | 07.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және одан алып қайтуға кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған ортадағы заттардың атауын атап айтқызу және сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмысқа кірісу алдында жұмыс алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. | Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуді үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге іскерліктерін дамыту. | Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. |
| | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** | **"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. **(музыка)**<br><br>**Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш".** Мақсат-міндеттері: | **"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.** Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қадыр Мырза Әлидің "Сары" атты** | **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған | **"Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Қуыршақ қонаққа** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **тақпағын жаттау.**<br>Сәлем беріп,<br>Сән көріп,<br>Сүйгеніңді ал,<br>Бәрін ал!<br>Сары шабдал,<br>Сары өрік,<br>Сары ірімшік,<br>Сары бал. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | балалар орманшының көмекшілері болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **барады" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылу, қолдарын созу, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. **(коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауды дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауды жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. **(коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты домалатайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың | **Дене шынықтыру**<br>"Домалайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұрған заттың басына доп | **Музыка**<br>"Ару күз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдауға | **Дене шынықтыру**<br>"Ғажап күздің сыйлығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің | **Қазақ тілі**<br>"Алтын күз. Сап-сары жапырақтар".<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. **"Добым, добым домалақ" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кішкентай доптарды домалатуды үйрену. | тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. **"Себетке допты лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты жерге лақтыру арқылы, допты секіртіп себетке түсіруді үйрету. | қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын | артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. **"Чемпион" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бірінің артынан бірі тұрып, еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | үйрету, күзгі табиғат, күзгі еңбек түрлерімен, күз мезгілінің белгілерімен таныстыру, жапырақтар, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. **"Сәйкестендір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ағаш жапырақтарының үлкен және кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | арттыру.<br>**"Сарала қаздар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірнеше құстардың атын атағанда орындарыңда тұрып, қолдарын қанат сияқты сермеп тұруды, "Сарала қаздар" дегенде қолдарымен қанат қағып, қаздар сияқты жүруді үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға, | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда | **Күнді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ. | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, | **Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау.<br>- Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** терек | кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.<br>Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). | Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады.<br>Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай | шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді.<br>Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету.<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар).<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.** | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** | алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін** | Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек | артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>**"Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы көгөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | **(дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері .Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды | **ойыны.** | өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. **Еңбек әрекеті:** гүлді күту. Мақсат-міндеттері. Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауды үйрету; гүлге ұқыпты қарауды және сүюді тәрбиелеу. **"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма? Қараңғы және жарық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | | жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>Қызыл сары, сап-сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі құбылыстың бірі, жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауды үйрету. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Сан алуан жапырақтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Аула сыпырушы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Сары жапырақтар жерге түсті".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Саябаққа күз келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады.<br>Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, ал екінші топ | дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. **(көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Жеміс-көгөніс дүкені" | **Дидактикалық ойын. "Аула сыпырушының құралдарын тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының құралдарын тауып, құралдың атауын атауды үйрету.<br><br>**"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: балалар шашыраңқы тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. **(көркем әдебиет)** | ұқсатуды үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Күзгі жапырақтарды ағаш бұталарына жапсыру, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. **(жапсыру)**<br><br>**"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту.<br>Барысы: балаларға әлемді саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын | кеңейту.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".**<br>Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)<br>Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)<br>Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)<br>Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Түстер туралы ертегі" оқып беру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу.<br>Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындарында қалады. **(көркем әдебиет)** | ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгөністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді пайдаланар алдында тазалық ережелерін сақтауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшеліктерін, теңге туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**"Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттеір. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау. | | анықтауы керек (шөл даламен, тау соқпағымен, батпақпен, орман, джунгли, кемемен мұхиттың арғы жағына. Мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек. **(көркем әдебиет)** | сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүргенде тағы бір түс пайда болады. Ол Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Түрлі түсті моншақтарды алақанмен домалақтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ермексаздан үзіп алу, есуді үйрету. **(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Теректі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. **Тақпақ.** Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез | **Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту. Тақпақ. Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! **"Көк ту" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау. Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде суды | **Жаңбырлы ауа райы туралы сөйлесуді (немесе бақылауды) жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезінуді үйрету; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңі болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. **Еңбек әрекеті:** терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан- | қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады. Адамдар суға шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың жылдам кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Оның себептерін анықтау. **Еңбек әрекеті:** құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеру керек. **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** | Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Олар туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** | асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату. Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу. **Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. **"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің | вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер," – дейді, ойын қайта басталады. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы таңбалауыштар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт».<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті | Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту. | бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы көгөністерді суару. Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | | Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты карауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету.<br>- Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма?<br>Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата- | Жаднама:<br>"Балаға қандай | "Немерелерді тәрбиелеуге арналған | "Баланың қозғалыс белсенділігін | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың | Ата-аналарға кеңес.<br>"Демалысты пайдалы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| аналарға кеңес) | ойыншықтар сатып алуға болады?" | бірнеше кеңестер" қабырға газеті. | қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | маңыздылығы". | өткізу" |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.10-14.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2022 | 11.10.2022 | 12.10.2022 | 13.10.2022 | 14.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өткен тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске немесе көгөніске аллергиясы бар?" | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қоюға тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген тәртіп бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгерту. |
| | **"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшыққа жемістер мен көгөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол заттың сын-сипатын айтады. Түрін, түсін, | **"Лото"" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтулары. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточкада: бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Аманбысың, алтын күн!<br>Аманбысың, жарқын күн!<br>Маған жылу, жарық бер,<br>Қуаныш пен шаттық | **"Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне қызығушылықты арттыру.<br>М. Әлімқұлов "Аспаз".<br>Біздің гүл бақшада,<br>Бар әсем асхана.<br>Бар онда аспазшы,<br>Аққөңіл жақсы аға.<br>Әлде, май құймақ па?<br>Көже ме, сорпа ма?<br>Әлде, бал қаймақ па,<br>Тұрады ортада.<br>Тәп-тәтті тамағы, | **"Күз" мезгілі туралы әңгімелесу.** "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауды, ажыратуды жаттықтыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәмін барлығын сипаттап айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | 5×5см карточкалар. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | бер. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Ағай – ас маманы.<br>Пісіре білгенге,<br>Астың жоқ маманы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Бір сөзбен ата" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістерді жалпылауды және оларды бір сөзбен атауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруды үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Барысы: балалар себеттен суреттерді кезекпен алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. | **"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діңдері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін, байқағыштығын, есте сақтауын, қиялын дамыту.<br>Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады | **"Күз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту.<br>Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және тағы басқа) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды | **"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдануды үйрету.<br>Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: | **"Қай көгөністі байқамай қалдық?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту.<br>Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, бүгінг оның туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қоянның алдына көгөніс сыйлықтар қояды, оларды қатарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны". **(сөйлеуді дамыту)** | және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды. **(сөйлеуді дамыту)** | атайды. Мысалы: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және тағы басқа. **(сөйлеуді дамыту)** | "Бұл үйеңкі жапырағы", ... , ... Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды. **(сөйлеуді дамыту)** | қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Күз қандай?" Мақсат-міндеттері. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету. | **Дене шынықтыру** "Айнала алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. "Орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды | **Музыка** "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету. | **Дене шынықтыру** "Нанның құдіреті". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | **Қазақ тілі** "Не, қайда өседі?" Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>Пошташы<br>Күні бойы жол жүріп,<br>Көрген емес болдырып.<br>Қайтады үйге алғысты,<br>Қапшығына толтырып.<br>- Балалар, пошташы деген кім?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар, | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылықты және құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту. | **«Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсат-міндеттері. Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>**Балалармен жеке** | **Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау)**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, еңбек етуге құштарлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жоғары қарай секіру", "Шеңбер бойымен".** | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту.<br>Қадыр Мырза Әли "Мысық".<br>Мысық отыр,<br>Ұйқысы әбден қысып отыр,<br>Май берейін,<br>Шайнап отыр,<br>Тышқан берейін,<br>Ойнап отыр!<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сүрлеу жолды сыпыру).**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пошташы хат таситын адам.<br>- Ол дорбасындағы хаттарды әрбір үйдің есігіне немесе хат жәшігіне қалдырып кетеді.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуді үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруді үйрету; ағаштардың | **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту;<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттерІ. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | **жұмыс.** Тақпақ жаттау.<br>Арасында гүлдің,<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, жасыл, сары,<br>Әп-әдемі бәрі.<br>**Қимылды ойындар. «Абай бол!», «Қайда шылдырлайды?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойын**ы.<br>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Серуен кезінде эмоционалды көңіл күй қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Күз келді".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі қоректер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Себеттегі жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу.<br>**"Дәмінен таны"** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білім аясын кеңейту.<br>**Дидактикалық ойын. "Жеміс-көгөніс".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Сәбіз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсінік беру.<br>**"Күз кереметтерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне қатысты суреттер табу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Пеште тандыр нан пісіреміз". Ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың нанның қасиеті туралы білімдерін кеңейту; тандыр нан жөнінде ұғым беру; тандыр нанның дөңгелек пішінінің | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>**"Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса - тұрмайық (орында адымдау),<br>Қолға шатыр алайық (аяқтар ұшына тұру, екі қолды жоғары созу, саусақтарды ашып-жұму),<br>Там-там соқса тамшылар (бір қолдың саусақ ұштарымен),<br>Жамылып, отырайық | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Ненің төлі жоқ?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажыратуды, жануарларға күтім жасауға, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік".**<br>Жүрейік, жүрейік, (саусақтармен үстел бетінде аяқтармен адымдар жасап жүргенді көрсету)<br>Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру)<br>Күнге сәлем берейік, (алақандармен жоғарыда бұлғау)<br>Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кім тез жинайды?" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктеріне мән беріп, оның дайындалу жолдарын үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".** Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу) Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру) Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу) Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру) Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу) Жалпақтап. **(сөйлеуді дамыту)** | (шоқайып отыру, алақанмен бастың төбесін жабу). **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Нені, қайдан алуға болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | **ойыны.** Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. Күзгі табиғат | **"Күзде" тақпағын жаттау.** Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. | **"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуға | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын жеміс пен көгөніс атауларына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".<br>Бұлттар,<br>Тұрмай ауа бер,<br>Жаңбыр бол да,<br>Жауа бер.<br><br>Жазыққа бар,<br>Тауға бар.<br>Бақшаға бар,<br>Бауға бар.<br>Белес-белес белге бар,<br>Сусап жатқан шөлге бар.<br><br>Әр тамшыңды үлессін,<br>Шалғын қаулап<br>Гүл өссін! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толдық астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | табуға жаттықтыру, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету. | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары".<br>Қол моторикасын дамытудың | Ата-аналарға кеңес.<br>"Отбасындағы сауықтыру шаралары". | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | маңыздылығын түсіндіру. | | әңгімелесу. | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10-21.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Демалыс күнін балаңызбен бірге қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларға топ бөлмесінде тәртіп сақтауды үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын орындарына жинау, оларды сындырмау. | Балаларға өз қолдарынан келетін еңбек түрлері туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа туралы естеріне салып отыру. | Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін дамыту. | Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. |
| | **"Апта күндері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Апта күндерін атап, еске сақтауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Нан дастарқанға қалай келеді?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды сұйыққа жатқызамыз. | **Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын мақсат-міндеттері.<br>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау.<br>**(зияткерлік дағдылар,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балабақшада өзін дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | біріктіреді. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың тұрмыстық техниканы қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі?<br>(екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз,<br>(қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс<br>(шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (қолды екі | Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қаншалықты білетіндеріңді көрейік.<br>Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бір-біріне бірнеше ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады.<br>Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме.<br>(бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**"Қарама-қайшылық" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануды үйрету.<br>Ойын құралы: доп.<br>Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр"деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады.<br>Допты қағып алған | **сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс!<br>(бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс!<br>(екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтын жәй ғана! | **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Адымдар" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту. | бала ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек және тағы басқа **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (екі қолдың әр саусағын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Өте пысық үтігім (алақанның сыртқы | Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. **(сөйлеуді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жағын бір-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін!<br>(қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>(Аударған А. Кокенова) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың | **"Құймақты жай" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді | **"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.** | **"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. **(сөйлеуді дамыту)** | ұғымындағы нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптер туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>Барысы: педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және тағы басқа.) **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту.<br>Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды рет-ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>Барысы: балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. **(сөйлеуді дамыту)** | Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың қазақ тілінде көпшілігін атаған жеңімпаз болады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ас - адамның арқауы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру, шеңбер құрау қабілеттерін жетілдіру; | **Дене шынықтыру**<br>"Нан бар жерде ән бар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру; допты лақтыру және қағып алу дағдыларын | **Музыка**<br>"Ас - адамның арқауы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би | **Дене шынықтыру**<br>"Торғай секіреді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты | **Қазақ тілі**<br>"Нан дастарханға қалай келеді?"<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөрененің үстімен сенімді түрде жүру, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын дамыту.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттардың түсін анықтауды, жалау ұстап жүгіруді үйрету. | бекіту.<br>**"Балапандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бөренеге шығып-түсуді, алаңда жүгіруді үйрету. | ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетте белсенділіктерін арттыру.<br>**"Кішкене тоқаштар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ортақ белгілеріне қарай топ құрауды үйрету. | аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>**"Торғай" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жерден жем шоқып жеген торғайдың қимылдарын орындауды үйрету. | қалыптастыру.<br>**"Үшіншісі артық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Артық затты анықтауды үйрету.<br>Нақыл сөздер.<br>Ас атасы - нан.<br>Нан бар жерде ән бар<br>Дәнді шашпа, нанды баспа.<br>Артикуляциялық жаттығу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "Жел қатты | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның | **"Ауа райын бақылау (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.<br>**Еңбек:** құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.)<br>Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.)<br>**"Қойлар мен қойшы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; | соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші | бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.** | секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсат-міндеттері. Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған | берген белгісіне көңіл аудара білуді үйрету.<br>Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.<br>Тәрбиеші: "Қойшы шықты ертемен, Қойларын бағып далаға.<br>Қойлар маңырайды, Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>**Бақылау:** «Солып қалған гүлдерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек.<br>Сонда ақсүйек өзіне беріледі. | жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін | Мақсат-міндеттері.<br>Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті.<br>Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. | ойыншылар балалар болады.<br>"Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады.<br>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша | бақылау»<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақсүйек. **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.** "Шеңберге дәлде". Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. | шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау | Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттерІ. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; | баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету.<br>**"Сен не істедің?"** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әженің бауырсақтары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тандыр нан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күз кереметі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір".**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ бидай".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту.<br>**"Қандай тағам?" дидактикалық** | дамыту.<br><br>**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Тоқаштар".** | отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай".**<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айқастыру)<br>Жалпақтап. | Құрылыс нәтижесімен ойнату. **(құрылыс, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары | Жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру. **(жапсыру)**<br><br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Мақсат-міндеттері. Тоқаштардың бояу.<br>**(сурет салу)** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы. Алдымен, педагог балалармен аспаздың адамдар | тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рақмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушы да өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек | ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Құстар" фермасы ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру; құс фермасындағы фермерлердің еңбегімен таныстыру; "фермер" ұғымы туралы білімдерін кеңейту; үй құстарының атауларын жатқа білуге үйрету; ойынның шарты мен ережелерін сақтауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас | жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсенді болуын қадағалайды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет" ,"өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құралдарын дұрыс қолдану, адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.<br><br>**"Тәтті қамыр"**<br>Мақсат-міндеттері. Тәтті қамырдан тоқаштарды жасау.<br>**(мүсіндеу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Жауын" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".<br>Қызыл отты қамшысы<br>Көкке жарқыл шашады,<br>Еркебұлан тамшысы<br>Домаланып қашады.<br><br>Жаңбыр жауып өтеді: | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Таңертең" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Қастек Баянбаев "Таңертең".<br>Ерте тұрғым келмейді,<br>Бірақ тағы тұрамын.<br>Көзім түк те көрмейді,<br>Естімейді құлағым.<br>Суды ағызып ақырын, | **Жұмбақ жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қуанады сарғалдақ.<br>Дала жайнап кетеді,<br>Бір шомылып алғанда-ақ! | | Жуған болам бетімді.<br>Кешегі көп ақылым<br>Кеміп қалған секілді.<br>Бала баққа бүгін де<br>Барғым келе қоймайды.<br>Жақсы көрем үйімде<br>Кейде жеке болғанды.<br>Бірақ үйден шығамын<br>Қол ұстасып көкеммен.<br>Ашылып көз-құлағым,<br>Бала баққа жетем мен.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Қыңырлықты түзеу жолдары". | Ата-аналарға арналған сауалнама.<br>"Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары". | Ата-аналармен жеке әңгімелесу.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың** | «Балапан» тобы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **реттік саны, атауы** | | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.10-28.10.2022ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.10.2022 | 24.10.2022 | 25.10.2022 | 26.10.2022 | 27.10.2022 | 28.10.2022 |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Балалар неге әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан | | | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | | | көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. | суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету. | гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулап құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуді үйрету және оларды ажырата білу. **(сөйлеуді** | | | **"Құс қайда?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br><br>**"Сақина" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізушіні" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. | | | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүлшоқтарын жасауды үйрету.<br>Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған | жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте, (аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br>Бұлттар құстай болмайды, (саусақпен бұлғау) | Шаршы бұрышын құрайық,<br>Саусақ ұштарын қосайық.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Төрт бұрыштар жиналып,<br>Бір пішінге құрылды.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруға дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жүргізуші балаларға: "Сақина, ортаға шық!"- деп айтады. Сол сәтте алақанында сақинасы бар бала: "Сақина менде!" - деп дауыстап, орнынан атып тұрады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады. **(сөйлеуді дамыту)** | Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды. (саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; | ойлау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Бастапқы қалып тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда.<br>1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау.<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Бастарқы қалып 1-2- отырып қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | **"Артығын тап" дидактикалық** | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат- | **"Біздің жердің құстары"** | **"Жыл құстары мен қыстайтын** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Әр мезгілдің ерекше белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту.<br>Барысы: педагог мезгілді "Күз" деп атайды. Педагог жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғаяды; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді. | | | міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, достарым, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым, кел бері, | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда біздің жерде қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден табуды үйрету; туған жердің табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **құстарды ажырат"** **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | | Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. **(сөйлеуді дамыту)** | | қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Екі аяқпен секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жылдам және баяу қарқынмен жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді үйрету. **"Құстар мен** | | | **Музыка** "Торғай". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру. **"Тоқылдақ" ойыны.** Мақсат- | **Дене шынықтыру** "Торғай секілді секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қысып ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын | **Қазақ тілі** "Алтын күз". Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгертуді, қарапайым сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атау дағдыларын жаттықтыру. **Саусақ жаттығуы «Жаңбыр».** Жаңбыр, жаңбыр, тырс-тырс-тырс, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **мысық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бөрененің үстінен жүруге дағдыландыру. | | | міндеттері. Әуеннің ырғағын тыңдауды, байқампаздыққа дағдыландыру. | бекіту. **"Допты қуып жетіңдер!" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, допты нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету. | (бір қолдың саусақтарын екінші қолдың алақанына жаңбыр жауғандай тырсылдату, саусақтарымен ақырын соғу) Шаршамайсың, жауасың! (сұқ саусағын оңға және солға қозғау) Тамшылармен тырс-тырс-тырс, (саусақтарды бүгу және қайта жазу, жоғарыдан төмен жаңбыр жауғандай қимылдар көрсету) Үстімізге тамасың (екі алақандарын екі жаққа ашу) **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады? - Тағы қандай | | | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртынан танып, оны өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, оны торғаймен салыстыруына | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы мағлұматтарын пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Торғай".** Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | өзгерістер болады?<br>- Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады.<br>**«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу.<br>**"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | | | болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. | ұшады, ал көктемде қайта қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ сияқты жоғарыға жылдам көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын жартас қуыстарына, | қоймайсың,<br>Ұшасың, талмайсың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың доппен ойналатын ойындарға қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты жылдам қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 | | | **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе жұмыс істей білуге баулу. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге | жағалаудағы жарға, үйдің шатырына сазбалшықтан салады. Қарлығаш адамға жақын болады. **Еңбек әрекеті:** жапырақтар жинау. Мақсат-міндеттері. Табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартының белгілеріне сай қимылдауды жаттықтыру; | Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | балаға дейін атап шақыруға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндері суару.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | | | болады.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады.<br>Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.<br>Алдымен, "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар | тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері | соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Кім қозғалып қойса соны "жапалақ ұясына алып кетеді".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қаарй жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар: қаршығалар мен қарлығаштар. **"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Допты домалатып, доғаға өткізуге | айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соқтықпай жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" | бағытта жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздеріне таңдауды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жаттықтыру;<br>ептілікке,<br>дәлдікке,<br>шыдамдылыққа<br>тәрбиелеу.<br>Құралдары:<br>доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанаға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | үйрету**.**<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Ақ үйрек, сары | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Құстар неге | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Көлде жүзген үйрек". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | үйрек". Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын пысықтау; есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту.<br><br>**"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** | | | сөйлемейді?" Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету. **"Жыл құстарын тап" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жыл құстарына жататын құстардың суреттерін тауып атау. **(сөйлеуді** | "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарлығаштың сыртқы бейнесімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау дағдысын қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген | Мақсат-міндеттері. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. **Саусақ жаттығуы. «Балапан».** Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Суға бірге барайық, (шапалақтау) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тануды үйрету.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Сөйлеуді дамытудан** | | | **дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстардың қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан | құштарлығын дамыту.<br>**"Қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын атап, сипаттау. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен | Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып, тоқ-тоқ-тоқ,<br>(үстел бетін саусақтармен соққылау)<br>Қанатыңды қақ-қақ-қақ. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын-жаттығу** "Ұшты-ұшты" жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Мақсат-міндеттері. Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру.<br><br>**Вариативті компонент/Шығармашылық** "Қарбыздың | | | үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына коректерді бөлу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жұмбақтардың шешімін табу".** Мақсат-міндеттері. Құстарға байланысты жұмбақ жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.** Мақсат-міндеттері. Ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. | бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға күз мезгіліндегі адам еңбегінің түрлері туралы ұғым беру; жеміс пен көгөністер жөніндегі дүниетанымын кеңейту; қарбыздың жидектер тобына кіретінін тәжірибе арқылы дәлелдеу.<br>**Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".**<br>Дөңгелек пішіндер өте көп:<br>Алма, апельсин, картоп,<br>Адамның басы дөңгелек,<br>Дөңгелек екен ойыншық доп. | | | | **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.**<br>Балалардға геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыруды үйрету.<br>**(математика негіздері)** | үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Құстар ұшып барады (алақандарды ашып-жинау),<br>Қанаттарын кең жайып (алақандарды ашып-жинау).<br>Торғай бізбен қалады (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу),<br>Бақылап ауа райын (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу).<br>(Соңғы екі жол екі рет қайталанады)<br><br>- Кел, торғайым, мұңайма (саусақтарды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | өзіне қарай бұлғау, "шақыру"), Жылытайық бойыңды (алақандарды өзара уқалау). Бізден босқа сұрама (алақандарды өзара уқалау), Жазда қалған ойынды (шапалақтау). (Соңғы екі жол екі рет қайталанады) **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айтқызу.** Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады. | | | **Артикуляциялық жаттығулар.** Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты | **Жаңылтпаштар айтқызу.** Құлық таудан, Құлық бие көрдім. Қуанғаным, құлындапты, Құлық таудың Қойнауындағы | **Бала тілін дамыту.** "Сауысқан" (ел аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шырағым шұбат іш,<br>Шұбатты сұрап іш.<br>Шұбатты ішпесең,<br>Бітпейді бұла күш.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | дұрыс дыбыстауын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | Қорқауларға ұрынбапты.<br><br>Сырттағы ит үрді,<br>Сырттан кісі кірді.<br>Сырттағы біреу,<br>Сыпырып кетті кірді. **(сөйлеуді дамыту)** | Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | | | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **31.10-04.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022 | 02.11.2022 | 03.11.2022 | 04.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Кітап бұрышын тазалау.** Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. |
| | **Суретпен әңгіме:** | **"Не, қайда өседі?"** | **"Бұл қай мезгілде** | **"Орманшы"** | **"Жылдың қай** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Табиғат әлемі".** Мақсат-міндеттері. Балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | **дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін тереңдету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да таңбалауышты береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | **дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **мезгілі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог өлең оқиды, балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын табу керек. Қазақ тілінде жыл мезгілдерін атауды талап ету. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Аяқ арасы алшақ, қуыршақ алда.<br>1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-4 алға еңкею. "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Бастапқы қалып: 1-2 отыру, қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету.<br>Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру.<br>Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үндемейді.<br>Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жомарт қораз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын үйрету.<br>**"Қоян" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қоянның қимылдарын | **Дене шынықтыру**<br>"Қораз секілді қанат қағайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату.<br>**"Еңбектейік, қане біз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жалауға дейін | **Музыка**<br>"Жомарт түлкі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; | **Дене шынықтыру**<br>"Өрмелейік, қане біз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.<br>**"Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеглиге дейін өрмелеп баруды үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Күзгі жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.<br>**«Жалғастырып айт» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөздігінде етістіктерді белсендіруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келтіруді үйрету (жүгіру, секіру, сәбізді жеу). | еңбектеп баруды үйрету. | музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. **"Жомарт түлкі" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту. | | жалғастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы | **Аққайыңды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қайың өте әдемі ағаш. | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеу.<br>**Еңбек:** саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** тақпақ жаттату. **(көркем әдебиет)**<br>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар».<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе | түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндетттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндетттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы | Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. **(сурет салу)**<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңды ағаштардан құрап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту. | ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, | **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) | Мақсат-міндеттері.<br>Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынын арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады.<br>Педагог ойынды | кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, | жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктілігін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара | бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар екен?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, алаңды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала | Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған** | қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қораз ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттері. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. **"Құстарды аулаға жинайық?"** Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Дөңгелек жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету. **"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас | **Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі** Мақсат-міндеттері. Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аспаз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға | қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру.<br>**"Төртіншісі артық" танымдық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. **(математика негіздері)** | қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Мозаика" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Музыкадан ойын жаттығу**<br>"Күз желі".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.<br>**«До – ре – ми» ойыны.** | заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Саусақ ойыны.**<br>"Бақшадағы қызанақ пен қияр".<br>Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қияр көгөніс екенін ажыратуды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Автобус" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды автобус жүргізушісі және кондуктор қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; жол жүру ережесі мен автобустағы жолаушы | қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қорап".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату. (сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ пен қолдың қимылын сәйкестендіріп, бәріне еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Не жасырылған" дидактикалық** | қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктерін арттыру.<br>**"Қорқақ қоян" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкалық жетекшіге | (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. | Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Қоянның жаңа тоны". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы | және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жабайы жануарлар". Мақсат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын. "Жабайы жануарлардың төлдерін ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар мен олардың күшіктерін табуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы.<br>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, | ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қоян".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қоянның ерекшеліктері арқылы балалардың сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауды, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. | Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Қоянның жаңа тоны".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту; қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыру ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылысымен | табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту; қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыруы ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылысымен таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру.<br>**Дидактикалық ойын: "Ненің құлағы?".**<br>Мақсат-міндеттер. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді";<br>"Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді". | | таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру.<br>**Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".**<br>Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)<br>Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)<br>Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)<br>Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)<br>Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | міндетті.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Кірпіжан" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу.<br>Д. Ахметова "Кірпіжан".<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br><br>Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректі іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп,<br>Тауып алып, жеймін.<br>**(көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық".**<br>Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау).<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау),<br>Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау). **(сөйлеуді дамыту)** | **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады.<br>Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңдар, енесі мен төлінің жұбын құрастырады.<br>Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және оның төлін айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** | **"Түлкі" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу.<br>Төлеу Шаханов "Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді қуын-ай!<br>**(көркем әдебиет)** | **"Қасқыр" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу.<br>Жүсіп Қыдыров "Қасқыр".<br>Көрдіңіз бе әне, аға,<br>Атам қуған арланды!<br>Түнде шауып қораға<br>Дүркіреткен бар малды.<br>Қолға түсіп қалыпты,<br>Сыбағасын алыпты.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?" | Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..." | Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса ..." | Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу". | Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **21.11-25.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру, ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттерI. Балаларға сумен | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өздігінен | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болғанда жуып-шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. | өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу. | ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және әдемілеп орналастыру, шкафтарда тәртіп сақтау, шаңды сүрту. | тазалауды, табиғат мүйісін мекендеушілерге қамқорлық көрсету. | аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, ас ішу құралдарын (қасық, шанышқы, пышақ) қойып шығу іскерліктерін жетілдіру. |
| | **"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап"** Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары-бері қозғау) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім бірінші | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүріс кезегін өткізіп алмау. | **"Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тапса, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. **(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға | **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн нұрындай көңілім,<br>Даламдай кең пейілім.<br>Жүрегім толы мейірім,<br>Бәріне ортақ шуағым,<br>Қайырымды боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бауырсақ әлемі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, | **Дене шынықтыру**<br>"Бауырсақ секілді көңілді жүрейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру | **Музыка**<br>"Бауырсақтың әлемі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бесік жырының нәзік әуенін ықыласпен және | **Дене шынықтыру**<br>"Жылан тәрізді болайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бірінің артынан бірі бастарын | **Қазақ тілі**<br>"Орманда нелер мекендейді?" "Жабай аңдар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Орманда мекендейтін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету. **"Кім жылдам жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түзу жолдың бойымен еркін жүгіруді үйрету. | қабілетін жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру. **"Бауырсақ пен түлкі" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтап, бірлесіп ойын ойнауды үйрету. | қызығушылықпен тыңдау қабілетін дамыту; әнді айтқанда оны эмоционалды қабылдай білуді үйрету; музыка әуенімен бірге би элементтерін үйлесімді орындауды үйрету; ырғақтық қимылдарды музыкамен сәйкестендіре білуге жаттықтыру. **"Бауырсақ" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кейіпкерлердің түрін, қылығын, дауысын, қоянның құлағын қалай қайшылайтынын, қалай жүретінін, қалай секіретінін, қалай дыбыс шығаратынын және сәбізді қалай жейтінін балалар көрсетуге дағдыландыру. | төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту. **"Жылан тәрізді болайық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сылдырмаққа дейін еңбектеп баруды үйрету. | жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауды, өздеріне таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету. **"Қай аң жасырынған?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жабайы аңдардың дене мүшелерін (бөліктерін) танып, дұрыс атай білуді, қай дене мүшесі, қандай аңға тиесілі екенін ажыратуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия.** | **Қарға мен сауысқанды бақылау.** | **Ауа райы жағдайын бақылау. (қоршаған** | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен** | **Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру.<br>Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.<br>Көркем сөз.<br>С. Сейтхазин "Ағаш".<br>Қала да орман, қыр да орман.<br>Сонау алыс жылдардан<br>Өзен бойы, жол бойы<br>Орман, орман ырғалған.<br>Қаптай өскен өңірді<br>Орман қандай өмірлі! | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құраған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үйрету.<br>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін, | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз.<br>Б. Соқпақбаев "Мысық".<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп, | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер? Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру. Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады. Жасыл түс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс.<br>**Еңбек әрекеті:** жолдарды сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды | Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта | Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құмды қопсыту.<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Жабдықтары: тырнауыштар, күрекшелер, қолғаптар.<br>**"Біздің бақта құстар ұшады" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың қимылдарына еліктеуді үйрету; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі | Мысықтың қалды Жамбасы ісіп.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне тастау.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары | Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар.<br>**"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші өзіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге айтпай таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға | төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, | мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру)<br>Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>(Д. Ахметова)<br>**"Тауық пен түлкі"** | бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай.<br>Тышқан көрсе бассалады!<br>Тышқанды кім құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, | балаларды шақырады, суретті көрсетеді, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтығып қалмау үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып жүру әдісі.<br>**Еңбек әрекеті:** қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып | өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға алып шыққан материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру. | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың белгі бойынша. ойын ережесіне сай жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, бірese қолдарды көтеріп, бірese түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Қапшықты кім алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады.<br>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлауды, тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | | | материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секірмежіптен секіру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді өз қажеттері жайында айтуды машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** Бауырсақтың жолы | **Сурет салудан ойын-жаттығу "Қысқы қолғап".** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Мақтаншақ қоян". | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Геометриялық пішіндер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Алақай, қыс келді!" Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгілінің | ("Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау). Мақсат-міндеттері. Балаларға «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау.Ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялау тәртібін үйрету.<br><br>**Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".** Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Барысы. Әр баланың үстелінің басына "Бауырсақтың жолы" | Мақсат-міндеттері. Балаларды қолғап пішінін қылқаламды пайдаланып безендіруді үйрету; пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген ою элементтерімен толықтыру амалдарын үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>Қане, қолғапты киеміз (алақандарды өзара уқалау),<br>Бір қолды салып көреміз (бір қолмен екіншісін сипау),<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ, жарап тұр (алақандармен ары-бері қозғау). **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кім жылдам** | Мақсат-міндеттері. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету.<br><br>**"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, жылдам тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл күйін | "Ғажайып бөлме өсімдіктері". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде құрдастарының жауаптарын тыңдауды және гүлдерді аялауды, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**"Гүлдер" имитациялық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, ойлауды дамыту. Педагогтің айтуы бойынша қимылдарды жасауды үйрету.<br>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарымен таныстыру; қыс мезгілінде шыршаның жасыл болуының себебін түсіндіру; қар туралы білімдерін кеңейту.<br>**"Ақшақарлар қалықтай ..." саусақ жаттығуы.**<br>Ақшақарлар қалықтай (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)<br>Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)<br>Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)<br>Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)<br>Мамықтай жерге түсіп, (алақандармен жоғарыдан бұлғап, төмен қарай түсіру)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды | атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.<br>- Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың қасынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға дейін жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер.<br>Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейінгі сызықты үзбей жүргізіп отырады. | **жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. **(дене шынықтыру)** | өңтаңбамен (смайликтер) көрсетемін, соларға (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдерші?<br>Педагог еденге қояндардың бірнеше көңі күйін білдіретін өңтаңбаны (смайликтер) жайып береді.<br>Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарап отырып, жылдам тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді.<br>Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. | сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар.<br>- Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады).<br>- Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды.<br>- Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды.<br>- Самал жел соқты, гүл желмен тербеле |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстел басына, тізеге қою) | **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Қояндарға құрақ көрпе" (ұжымдық жұмыс).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кескінді үшбұрыштар арқылы толтырып, ою алаңын құрастыруды үйрету; кескіндердің пішінін, түсі мен көлемін ескере отырып, ою-өрнектерді орналастыру принциптері жөнінде ұғымдар негізін қалау; "Мақтаншақ қоян" ертегісінің мазмұнын пысықтау.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Қоян құлағын түріп (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, | | | бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жыбырлату),<br>Аңнан қашып жүреді (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату).<br>Қашып шықса жүгіріп (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау),<br>Аяқтарымен соғады (саусақтарды үстел басына тықылдату).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялауды үйрету. **(сөйлеуді** | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балалар білетін санамақтарды қайталау. | **"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ, | **"Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар жаттау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Тиын".<br>"Аңдып тұрған жау жоқ па?!"-<br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br>Тәтті-ау бірақ жаңғақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркем әдебиет)** | | | Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап,<br>үйде жат. | та.<br><br>"Бақа".<br>Келсем көлге жақындап,<br>Жағың тынбас бақылдап.<br>Ауырмай ма таңдайың,<br>Күні бойы тақылдап?!<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға практикалық көмек беру. | Ата-аналарға кеңес. "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әңгімелесу. | "Сіздің балаңыз" тақырыбында әңгімелесу. | Балалар салған суреттеріден көрме ұйымдастыру. |

| | |
|---|---|
| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11-02.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | ***28.11.2022*** | ***29.11.2022*** | ***30.11.2022*** | ***01.12.2022*** | ***02.12.2022*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың белгіленген рет бойынша киінуі, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыпты түрде бүктеп қоюға, үлкендердің | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілік атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішкенде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда ыдыстарды жинасуға ынталандыру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орнына жинауға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіру, тазалау, кептіру тағы басқа іскерліктерін жетілдіру. | | | | |
| | **"Туыңды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог:<br>– Балалар, қазір біз "Туыңды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз.<br>– Ойынның шартын айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар.<br> Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға | **"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Лото "Жануарлар" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруды және жалпы атауларын атауды үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық** | **Саусақ жаттығуын айтқызу.**<br>Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)<br>Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)<br>Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)<br>Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)<br>Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Жеті ұл".<br>Сәл демалып, тынып ал.<br>Тақпақ тыңдап, ұғып ал.<br>Апта деген ағайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі - Дүйсенбі,<br>Екіншісі - Сейсенбі,<br>Үшіншісі - Сәрсенбі,<br>Төртіншісі - Бейсенбі,<br>Жұма деген - Бесінші ұл,<br>Алтыншы ұл - Сенбі,<br>Жетіншісі - Жексенбі.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің | **дағдылар)** | **"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ".<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяңдайды, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді.<br>Бүркіт - ұшады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** | | | | қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Аққала жасайық" дидактикалық ойыны.** | **"Керісінше" дидактикалық ойыны.** | **"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Зейінді, кеңістікті бейнелеуді дамыту; сөйлеуді жетілдіру. Барысы: әр баланың алдында әртүрлі көлемдегі 3 шеңбер таратылады. (үлкен, орта және кіші). Балалар олардан үлгі немесе өз ойлары бойынша аққала жасайды. Олар қандай бөлшектердің жетіспейтінін айтады және сипаттайды. **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог логикалық жағынан қате сөйлемді айтады, балалар сөйлемнің дұрыс немесе бұрыстығын табады. Мысалы, "Қардың түсі қара ("Жоқ, қардың түсі ақ"), "Аққала ыстық" ("Жоқ, аққала суық"), "Аю орманда жүр" ("Жоқ, аю апанда ұйықтайды"). **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. **(сөйлеуді дамыту)** | ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып, тақтаға қатармен іледі. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Ұйқыдағы аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету; сапқа өз | **Дене шынықтыру** "Қорбаңдаған аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіру дағдыларын дамыту; | **Музыка** "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды | **Дене шынықтыру** "Бағытты өзгертіп жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-қол қимылдарын үйлестіру; таяқ | **Қазақ тілі "Қыс қызығы".** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту.<br>**"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгіленген межеге дейін бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету. | таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту.<br>**"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. | қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету.<br>**"Аю" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс қызығына жататын суреттерді табуды үйрету. | астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау.<br>**"Белгіні тыңда" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүрудің әртүрлі түрлерін жаттықтыру. | кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.<br>**"Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; | **Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту. | **Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеттері**: сызықтар арасында жүру (10-15 см). **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру. | **әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** жылан секілді қозғалу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету. | дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір кесек қармен нысанаға тигіз.<br>Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Орман шыршасы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз өрнектері".<br>Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз ата туралы тақпақ жаттау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қардың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру.<br>Үстел басындағы дамыту жаттығуы.<br>"Биік шыршаны табайық".<br><br>**Пантомима ойыны."Қонжықтар".**<br>Мақсат-міндеттер: пантомима дағдыларын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Ойыншықтар" дүкені.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сатушы қызметінің | қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".**<br>Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.<br>- Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы | үлгімен таныстыру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл шырша жанында".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету.<br>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне | қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Бұл не?".<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша бұтасында ілінген шар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды алдын-ала сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтағының және дөңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен толықтыруға үйрету.<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Шырша ойыншықтары". | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру.<br>"Ойыншықтар" қимылды жаттығуы. | жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер.<br>Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.<br>"Тәтті бал" тілге арналған жаттығу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету.<br>Құрылыс нәтижесімен ойнату. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаттамақ жаттығуы.**<br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық, біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік – ұлық той!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шалқан" ертегісін драматизациялау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту.<br>Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға | **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. | **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** | айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Балаларға кеңес Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін.<br>Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру. | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту. | "Тәуелсіздік - тұғырым" тақырыбында сынып сағаты | |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12-23.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2022 | 20.12.2022 | 21.12.2022 | 22.12.2022 | 23.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекшіге жүктелген міндеттерді өз бетімен және адал орындауға тәрбиелеу (кезекшінің киімін дұрыс киіндіру, қолын | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды киім сақтауға арналған жеке шкафтарда тазалық пен тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жуу, ыдыстарды қою, үстелден және үстелдің астынан жинау).<br>**(еңбек дағдылары)** | **(еңбек дағдылары)** | | **(еңбек дағдылары)** | атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою).<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Топ-топ басайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн | **Суреттерге қарау.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>"Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Түстерін тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді | **"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.** | **"Үздіксіз ізде" (іздеу).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасайық. (Қолдарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Майманқдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды | | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.<br>Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қосып, үйкелеу)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды.<br>Жерге түсіп, маймаңдайды.<br>(Маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау;<br>2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Аяз ата туралы тақпақ жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Шырша туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жасыл шыршаны бақылау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі | **Дене шынықтыру**<br>"Допты дәлдеп лақтыр".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен | **Музыка**<br>"Шырша түбіндегі сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша | **Дене шынықтыру**<br>"Тез адымдап жүреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр | **Қазақ тілі**<br>«Дана көшеге шығу үшін не киеді?».<br>Киімдер.<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету. | 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету. | туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру іскерліктерін жетілдіру. | Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту. Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)**<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** | **Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау:** қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. | **Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. | **Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал.<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>Ырым.<br>Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.<br>Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>**Қимылды ойын. «Өткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Берілген қарқында | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет | Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және ептен іс-әрекет жасау.<br>**Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. **(еңбек іс-** | **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін | қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ету. | **әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз атаның қабы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұстастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Хан мен құмырсқалар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтарымен танысу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем | **Жапсырудан ойын-жаттығулар.**<br>"Аққала үлкен болғысы келеді".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Шырша түбіндегі сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.<br>"Аяз" ойыны. | салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Жылы бөкебай".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін кеңейту; бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтері жөнінде түсініктерін пысықтау; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. | білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру.<br>"Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы.<br><br>**"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. | арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл шырша".<br>Мақсат-міндеттер. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту.<br>"Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны. | қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту.<br><br>**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саусақтарым, ойыншықтарым<br>(Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету)<br>Ойнап-ойнап қалады,<br>(Саусақтармен кезектеп жыбырлау)<br>Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу)<br>Жасырынып қалады.<br>(Жұдырықтарға жұму)<br>- Қане, шық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(шығармашылық дағдылар)** | | жұдырықтан!<br>(Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету)<br>Қане, тұр түзу сапқа!<br>(Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау)<br>Ойнап болдық, тамаша!<br>(Шапалақтау)<br>Іс жасайық жаңаша!<br>(Сұқ саусақты бұлғау) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Кірпі".**<br>Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады).<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Жұмбақтар, жаңылтпаштар**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.<br>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.<br>**(қоршаған ортамен** | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек.<br>Балалар суреттерді тез | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **танысу, сөйлеуді дамыту)** | қойып шығады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?" | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар". | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | «Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11-02.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | ***28.11.2022*** | ***29.11.2022*** | ***30.11.2022*** | ***01.12.2022*** | ***02.12.2022*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың белгіленген рет бойынша киінуі, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыпты түрде бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіру, тазалау, кептіру тағы басқа іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілік атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тамақ ішкенде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда ыдыстарды жинасуға ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орнына жинауға ынталандыру. |
| | **"Туыңды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог:<br>– Балалар, қазір біз "Туыңды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз.<br>– Ойынның шартын | **"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Лото "Жануарлар"** | **Саусақ жаттығуын айтқызу.**<br>Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)<br>Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату) | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Жеті ұл".<br>Сәл демалып, тынып ал.<br>Тақпақ тыңдап, ұғып ал.<br>Апта деген ағайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі - Дүйсенбі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар.<br> Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау | **үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруды және жалпы атауларын атауды үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** | Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)<br>Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)<br>Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу)<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | сақтауды, зейінді дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ".<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті. | Екіншісі - Сейсенбі,<br>Үшіншісі - Сәрсенбі,<br>Төртіншісі - Бейсенбі,<br>Жұма деген - Бесінші ұл,<br>Алтыншы ұл - Сенбі,<br>Жетіншісі - Жексенбі.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяңдайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** | | | Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Аққала жасайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, кеңістікті бейнелеуді дамыту; сөйлеуді жетілдіру.<br>Барысы: әр баланың алдында әртүрлі көлемдегі 3 шеңбер таратылады. (үлкен, орта және кіші).<br>Балалар олардан үлгі немесе өз ойлары бойынша аққала жасайды. Олар қандай бөлшектердің | **"Керісінше" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог логикалық жағынан қате сөйлемді айтады, балалар сөйлемнің дұрыс немесе бұрыстығын табады.<br>Мысалы, "Қардың түсі қара ("Жоқ, қардың түсі ақ"), "Аққала ыстық" ("Жоқ, аққала суық"), "Аю орманда | **"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.<br>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де,<br>қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>арайлап<br>атқан күнге. | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетіспейтінін айтады және сипаттайды. **(сөйлеуді дамыту)** | жүр" ("Жоқ, аю апанда ұйықтайды"). **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып, тақтаға қатармен іледі. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Ұйқыдағы аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту. **"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Белгіленген межеге дейін бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп, саппен | **Дене шынықтыру** "Қорбаңдаған аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. **"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың бір бағытта бір-бірімен | **Музыка** "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету. **"Аю" ойыны.** | **Дене шынықтыру** "Бағытты өзгертіп жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-қол қимылдарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау. **"Белгіні тыңда" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жүрудің әртүрлі түрлерін жаттықтыру. | **Қазақ тілі "Қыс қызығы".** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. **"Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіруді үйрету. | соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. | Мақсат-міндеттері. Қыс қызығына жататын суреттерді табуды үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Тақпақ. | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. - Бүгін біз ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. | **Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту. Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік немесе жүк тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек** | **Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту). **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық".** | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ермек Өтетілеуұлы "Іні".<br>"Бір ісіме қапа ма?" -<br>Деп қарайды апама<br>Сипаттырып басынан<br>Еркелейді атама.<br>**"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** ойыншықтарды жөндеу.<br>Мақсат-міндеттері. Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауды, басталған істі соңына дейін жеткізуге | Біз көмекші баламыз,<br>Төзімді, ұқыпты боламыз.<br>Шеберлікке жету үшін<br>Көп еңбек саламыз.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың бірінің артына орамалды тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, | **тапсырмалары:** бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын қию, оларды тазалау.<br>Мақсат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, сынған бұтақтарды ғана жою керектігі туралы түсініктерін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі санамақ | Мақсат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қимыл-қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға қарай екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады.<br>Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.<br>Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау.<br>Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**"Толқиды теңіз"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. | ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу.<br>**Балалардың еркін** | сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар!<br>"Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!"<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>**"Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып | | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ойыны.** | алуға жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** секіру жаттығулары.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту. | | тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуын орындау.**<br>"Жыл мезгілдері"<br>Мұз да, қар да ерісе,<br>Өлең айтар өзендер.<br>(маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ұйқы қашса қонжықтан,<br>Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Қызса қатты күн көзі,<br>Қарлығаштар самғаса,<br>(маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ыстық аптап, құрғақшылық,<br>Жаз келгенін білдірер, | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Данаға бөкебайды дайындап берейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұстастырып, салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. | **"Үйсіз қоян" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету.<br>Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қаладағы қыс".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>**«Ол не?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қыс келді атты суретпен танысу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету.<br>**Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шеңберге тұрғызып ойнату, мнемосызбаларды қолдану.<br><br>**Драматизация.**<br>"Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Шатырда жаңбыр ойнаса,<br>Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Жер жапырақты жамылып,<br>Күз келгенін білдірер. (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Боран борап, жел тұрса,<br>Айналаны қар басса,<br>Үйлер ақ көрпеге оранса,<br>Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін орындайды)<br>**Музыкадан ойын-жаттығу** | **"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймаңдап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып | үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Шыршалар қар жамылды".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету.<br>Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтап". | сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру.<br><br>**"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы. Бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын | қолдану арқылы сахналау.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Үй құрылысы" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қысты сағындық". Мақсат-міндеттері. Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; | есептеледі. | | тигізуге тырысады.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шана".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырылған іс-әрекеті барысындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Кедергілерге соқтықпай, саңырауқұлақтарды теріп алуды үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>**"Түлкі".**<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>**"Маймыл**".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан | **"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақты қайталау. Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>"Маймыл".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>**(көркем әдебиет,** | **"Қыста" тақпағын жаттатқызу.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Оразбай Байбақов "Қыста".<br>Ойшыл орман сілкінді,<br>Жібергенде жел ырғап.<br>Мұз астында бұлқынды,<br>Күміс өзен сылдырлап.<br><br>Ғайып болды түнгі ызғар,<br>Ай да батты ақ маңдай.<br>Күн көзінен жұлдыздар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | | бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **сөйлеуді дамыту)** | Балқып бара жатқандай.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары". | Жаднама.<br>"Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру". | "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу** | **05.12-09.12.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітап бұрышын тазалау.** Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарады үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | | |
| | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым.<br>Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар.<br>**Көркем сөз.**<br>Достарды жинайық, | **"Топ-топ басайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!».<br>Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>**(дене шынықтыру,** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік ертегісі желісімен")**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.** | **"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту.<br>Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мұнараны құрайық.<br>Үлкені үстіне орташасын,<br>Оның үстіне кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы қуантамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемін, түсін ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Орманшы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) | заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.<br>Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | **"Қуырмаш"саусақк** | **Музыкалық** | **Шаттық шеңбері** | **"Қар үйіндісінің** | **"Сөздер тізбегі"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | **а арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар! | **аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда"** топтық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда | Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! | **артында не жасырылған?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көрнекі зейінді дамыту; тақырып бойынша сөздікті белсендіру. Барысы: қатырма қағаздан (картон) қар үйіндісі кесіліп алынады. Педагог артына заттың сұлбасының бейнесін жасырады (шаналар, ұлпа қарлар, күн, ағаш, бас киім, қолғап, шаңғы, коньки), балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін болжайды.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап,<br>үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | жүруін жалғастырады.<br>- Балалар, қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(музыка)** | **(сөйлеуді дамыту)** | **дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Тәуелсіз елім"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Жайна елім менің!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру. | **Музыка**<br>"Тәуелсіз елім"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би | **Дене шынықтыру**<br>"Мен - чемпион".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту. | **Қазақ тілі**<br>«Үйдің көркі не?».<br>Жиһаздар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс- | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауууы туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | бекіту. (еңбек дағдылары)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел | беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** | **Сурет салудан ойын-жаттығу** | **Математика негіздерінен ойын-** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Тәуелсіздік алған күн"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін ұғындыру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің астанамыз — Астана қаласы. Дауыссыз [С] дыбысы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда, еліміздің бас қаласы туралы баяндау барысында, дауыссыз [с] дыбысын буын, сөздер құрамында айту тәртібімен таныстыру, | "Домбыра"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала қиылған домбыра сұлбасын мақтаға оралған, бояуға малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтермен безендіріп толтыруға үйрету.<br><br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды | **жаттығу**<br>"Құлыншақтың астанаға барар жолы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы бойынша тұстастырып, салыстыруға үйрету; белгілі бір мерзім өлшеміне сәйкестеп, заттардың ұзындығын салыстыруға жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығарм** | **жаттығу**<br>"Аквариумдағы алтын балық".<br>Мақсат-міндеттер. Балықтар туралы көркем сөздер арқылы балалардың тілін жетілдіру; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Таныс пішіндер доминосы".**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. | "Тостаған".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда ыдыс-аяқтың бір түрі тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны, айналасы, шеттері сияқты бөліктерден тұратыны жайында түсінік беру.<br><br>**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Тәрбиеші балалардың кез келгенінен көздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | астананың көрікті жерлері жөнінде мәліметтер беру. | жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ашылық**<br>"Шыршаны безендірейік" ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың Жаңа жыл алдында шыршаны безендіру ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; жапсыру әрекетінде балалардың шығармашылықтары мен икемділіктерін қалыптастыру; қағаздан шарлар мен тамшыларды жапсырып, шыршаны безендіре білуге үйрету; қысқы дәстүрлі мереке туралы түсінік беру. | Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(математика негіздері)** | жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Не өзгерді?" дамытушы ойыны.** | **Көркем әдебиет шығармаларын** | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен** | **"Лото-жануарлар" үстел ойыны.** | **"Ненің төлі?" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы. Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін | **оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет)** | **жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **12.12-16.12.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.12.2022 | 13.12.2022 | 14.12.2022 | 15.12.2022 | 16.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізу және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсетуге, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына деген құрметпен қарауды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. **(еңбек дағдылары)** | |
| | **"Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру.** "Мемлекеттік рәміздер". Мақсат-міндеттер. | **"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай | **Санамақтар айтқызу.** "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, | **"Желбірейік туымыздай!"** - Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап,<br>үйде жат.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сергіп алайық.<br>Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді),<br>Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді).<br>Татулығы желбіреген (қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді),<br>Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" | **"Біздің ел" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту.<br>Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайрымды<br>Аспан ата!<br>Армысыз, мейрімді<br>Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы<br>Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан алақай! | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Жаңа жыл, жаңа нұр!" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Қош келдің, Жаңа жыл!" Мақсат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту. | **Музыка** "Жаңа жыл - жаңа нұр". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда | **Дене шынықтыру** "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру.<br>"Қанша Аяз ата?" дидактикалық ойыны. | жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Шыршаның бастан кешкендері"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттауды, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі туралы, қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту.<br>Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту.<br>Көркемсөз үлгілері арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру.<br>Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.<br>Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Есту зейінін және музыкаға эмоционалды қарым-қатынасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге деген қайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек** | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. **Ересек адамдармен** | **Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. | **Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары** (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері**: сызықтар арасында жүру (10-15 см). **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан құрылыстар жасау).<br>Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** жылан секілді қозғалу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету. | **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан төбешік жасау).<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай".**<br>Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір кесек қармен нысанаға тигіз.<br>Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту. | деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту).<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Орман шыршасы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз өрнектері".<br>Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br>**"Бауырсақтың** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз ата туралы тақпақ жаттау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлгісімен таныстыру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл шырша жанында".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қардың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Бұл не?".<br><br>**Сурет салудан ойын-** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Биік шыршаны табайық".<br><br>**Пантомима ойыны."Қонжықтар" .**<br>Мақсат-міндеттер: пантомима дағдыларын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Ойыншықтар" дүкені.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру.<br>"Ойыншықтар" | **жолы".**<br>Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.<br>- Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер.<br>Балалар қарындашпен | айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету.<br>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.<br>"Тәтті бал" тілге арналған жаттығу. | **жаттығу**<br>"Шырша бұтасында ілінген шар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды алдын-ала сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтағының және дөңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен толықтыруға үйрету.<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Шырша ойыншықтары".<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылды жаттығуы. | үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады. **(қоршаған ортамен танысу)** | | ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаттамақ жаттығуы.** Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады, Тәуелсіздік – ұлық той! **(сөйлеуді дамыту)** | **"Шалқан" ертегісін драматизациялау.** Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың | **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. **(дене шынықтыру)** | есептеледі. **(дене шынықтыру)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Балаларға кеңес Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру. | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту. | "Тәуелсіздік - тұғырым" тақырыбында сынып сағаты | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12-23.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2022 | 20.12.2022 | 21.12.2022 | 22.12.2022 | 23.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекшіге жүктелген міндеттерді өз бетімен және адал орындауға тәрбиелеу (кезекшінің киімін дұрыс киіндіру, қолын жуу, ыдыстарды қою, үстелден және үстелдің астынан жинау). **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою). **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды киім сақтауға арналған жеке шкафтарда тазалық пен тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ретімен орналастыр" үстел** | **Суреттерге қарау.** Мақсат-міндеттер. | **"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.** | **"Үздіксіз ізде" (іздеу).** Мақсат-міндеттер. | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Топ-топ басайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын | "Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Түстерін тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда | Зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.<br>Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды.<br>Жерге түсіп, маймаңдайды. (Маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | заттардың сурет-карточкалары.<br>**(математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау;<br>2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Аяз ата туралы тақпақ жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Шырша туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жасыл шыршаны бақылау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Допты дәлдеп лақтыр".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен | **Музыка**<br>"Шырша түбіндегі сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Тез адымдап жүреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып | **Қазақ тілі**<br>«Дана көшеге шығу үшін не киеді?».<br>Киімдер.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету. | | алу машықтарын дамыту; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру іскерліктерін жетілдіру. | айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту. Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)** Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар | **Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Бақылау:** қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. | **Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). | **Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек** | Балалардың назарын қар ерігеп кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну.<br>Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша іс- | Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» | Ырым.<br>Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.<br>Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>**Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды | мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс-әрекеті)** Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. **Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, | сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | әсерлерін айтуға үйрету. **Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. **Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз атаның қабы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Шырша түбіндегі сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұстастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Хан мен құмырсқалар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтарымен танысу".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету.<br>Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл шырша".<br>Мақсат-міндеттер. | **Жапсырудан ойын-жаттығулар.**<br>"Аққала үлкен болғысы келеді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту.<br><br>**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.<br>"Аяз" ойыны. | **Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Жылы бөкебай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін кеңейту; бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтері жөнінде түсініктерін пысықтау; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. | сыйлықтар туралы ұғым беру.<br>"Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы.<br><br>**"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(шығармашылық дағдылар)** | Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту.<br>"Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны. | қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саусақтарым, ойыншықтарым<br>(Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету)<br>Ойнап-ойнап қалады,<br>(Саусақтармен кезектеп жыбырлау)<br>Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу)<br>Жасырынып қалады.<br>(Жұдырықтарға жұму)<br>- Қане, шық жұдырықтан!<br>(Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету)<br>Қане, тұр түзу сапқа!<br>(Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау)<br>Ойнап болдық, тамаша!<br>(Шапалақтау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Іс жасайық жаңаша!<br>(Сұқ саусақты бұлғау) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Кірпі".**<br>Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады).<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Жұмбақтар, жаңылтпаштар**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.<br>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек.<br>Балалар суреттерді тез қойып шығады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен әңгіме жүргізу:<br>"Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?" | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар". | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | «Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.12-30.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.222 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдырса" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). **(еңбек дағдылары)** | көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы жұмыс алжапқыштарын киюге, жууға және кептіруге қажетті барлық керек-жарақтарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. **(еңбек дағдылары)** | тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілудіүйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Зейінділік пен байқампаздық".** Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жаңа жылдық сыйлықтар, ойыншықтар, шырша. | **"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.** Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | көбейтуге болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Айна".**<br>Балаға қарама-қарсы тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар көрсетіңіз. Ол "айна", сол қимылдарды қайталауы тиіс.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді.<br>Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.<br>**(матетматика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау;<br>2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Сырғанаймыз шанамен".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік | **Дене шынықтыру**<br>"Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен | **Музыка**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына | **Дене шынықтыру**<br>"Қыста дөңнен сырғанаймыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру. | **Қазақ тілі**<br>"Қыстағы ойын - сауық түрлері"<br>Мақсат-міндеттер. Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қысқы ойындар» сөзін қолданып қарапайым сөз тіркестерін құруды, сын есімдердің жалғауларын өзгерте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету. | арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. | | білуге үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қысқы ойындар туралы ақпаратты қабылдауын дамыту. Жалпы «Қыс қызығы» тақырыбы бойынша сөйлесуді, есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркемсөзге құштарлығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Болжау. Аязды күні қар жауса – күн | **Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтел. | **Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем** | **Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын | ұзақ.<br>**Бақылау:** желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке | Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>**Бақылау:** қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың | **әдебиет)**<br>Көркем сөз. «Қарағай».<br>Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға | Көркем сөз.<br>Шыр-шыр еткен торғайды.<br>Қорғамасаң болмайды,<br>Кіп-кішкентай торғайлар,<br>Бақшамызды қорғайды.<br>Жұмбақ.<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы,<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(Бозторғай)<br>**Бақылау:** құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек:**<br>Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.<br>**Өз бетімен ойындар:** балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәикестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. | өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Шаңғы жарысы». (дене шынықтыру)**<br>Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>**Еңбек:** ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау. | жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойын «Қарғалар». (дене шынықтыру)**<br>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру<br>**Еңбек:** қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу. Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қолғап". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Менің сүйікті қалам". Мақсат-міндеттер. Балаларды сүйікті қаламыз Алматымен таныстыра отырып, | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қардан мұнараларды салайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен ені бойынша тұстастырып, салыстыруға, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; заттардың ұзын немесе қысқа, кең немесе тар екенін тұстастыру және бірліктердің (кірпіштердің) сандарына қарап салыстыруда жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру. **Саусақ жаттығуы. "Қарды қолмен жинайық".** Қарды қолмен жинайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу), Алақанда қысайық (екі | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қуыршақ Дананы серуенге шығару" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер. Балалармен қысқы киімдер жөнінде әңгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста киіну тәртібінің ерекшеліктерін көрсету.<br><br>**Драматизация.** "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ** | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындаш арқылы аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дөңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруда жаттықтыру; үлкен және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі мен басы деп тануға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қала туралы көркем сөздерді мәнерлеп оқу; Алматы қаласы туралы мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**"Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.<br>Барысы: ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады.Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог үй жануарларын бір төлін | қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеуді, зейінді, ой өрісін дамыту.<br><br>**Драматизация.**<br>Мақсат-міндеттер: "Айна" ертегі желісін алжапқыш театрын қолдану арқылы сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Төбешіктен сырғанайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, текшелерді бірінің үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшені және призманы жаққа салып, тіреу амалдарын машықтандыру, төбешікті жасауға үйрету. | алақанды айқастыра қосып, бір-бірін құшақтап, қысу; орындарын алмастыру), Қысып-қысып (алақандарды жеке жұдырықтарға қайта-қайта қысып, ашу), Дөңгелектеп, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Түзу жолмен айдайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу).<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Аурухана" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; дәрігер қызметінің адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін | **тілі)**<br><br>**"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.<br>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Тиін".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілдерінде | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қыс әні".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тығып тастайды.<br>Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек.<br>Ойын бірнеше рет жалғастырылады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | | кеңейту; дәрігердің құралдарын жатқа айтуға үйрету; ойын барысында шығармашылыққа баулу.<br>"Аурухана" ойыны.<br><br>**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.**<br>Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Педагог үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. (қашықтығы1,5-2м)<br>Педагог "Бір! Лақтырамын. Екі! Лақтырамын. Үш! Лақтырамын. Кім жүйрік қағып алсын!"- деп допты лақтырады да өзі қағып алып: "Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер" дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың | табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Шырша" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Шырша" (Әдібай Табылдиев)<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі,<br>Үйге кірді төрледі.<br><br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы.<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Арайланды шыршамыз,<br>Айналамыз баршамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **"Күміс қар" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қыс" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Қыс" (Ізтай Мәмбетов)<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп таралады,<br>Жаңғыртады ауаны.<br><br>Ұйқыдағы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек.<br>Ұйып қапты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев)<br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Не әкелдің сен бізге?<br>Бау-бақшаң толған гүл,<br>Төлдерің семіз бе?<br><br>Бауырсақ, балмұздақ,<br>Концертке ... молсың ба?<br>Бізді алға барғызбақ,<br>Сен жаңа жылсың ба?<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру.<br>Жаңадан көп түрлі<br>Машина бергейсің,<br>Жаңадан көк сырлы<br>Үйлерге кіргейсің.<br><br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Жаңалық ізде сен!<br>Жаңа ән, жаңа жыр<br>Жазып бер бізге сен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Жаңа жылдық костюмдер" жеке әңгімелесу (костюмдер туралы кеңестер). | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Кеңес. "Балаларға ойнауға көп мүмкіндік беріңіз". | Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса". | Кеңес. "Қиын бала қайдан шығады?". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **02.01-06.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | 02.01.2023 | 03.01.2023 | 04.01.2023 | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу. |
| | | | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Қимылдарды қайталаймыз".** Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Суреттерді салыстырамыз".** Мақсат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз | **Саусақ жаттығуын айтқызу.** Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. **(дене шынықтыру)** | өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)**<br><br>**Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ".**<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(қазақ тілі, математика негіздері)** | асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату).<br>Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау),<br>Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау).<br>Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру),<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұжымда достыққа тәрбиелеу. | ұжымда достыққа тәрбиелеу. | ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Болжау.<br>Аязды күні қар жауса – күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, | **Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. | жаз да осындай. **Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске | жылынады Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. **Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек:<br>Сиыр - мөңірейді,<br>Жолбарыс - ақырады,<br>Жылан - ысылдайды,<br>Маса - ызыңдайды, | **Сергіту сәтін айтқызу.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Апам үшін күнде мен (әндете),<br>Отынға ағаш жарамын (ағаш жарғандай).<br>Су құямын гүлге де (гүлге су құйғандай),<br>Дүкенге де барамын (қолдарына сөмке ұстап жүру),<br>Сыпырамын үй үшін (сыпырғандай),<br>Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жуғандай).<br>Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстағандай),<br>Жұбатамын ойнатып (қолдарын шапалақтайды). | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ит - үреді,<br>Қасқыр - ұлиды,<br>Мысық - мияулайды,<br>Шошқа - қорсылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Жаднама:<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері". | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды** | **23.01-27.01.2023ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді | **"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, | **"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі …" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін, … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз …", "Қолшатыр алған себебіміз …" және т.б..<br>Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. | жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br>**(танымдық дағды)** | мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу.<br>**(математика негіздері)** | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Жұбын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тәрбиелеу.<br>Кел достарым, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа<br>Дөңгеленген шеңберді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Суықторғай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Біз құстарды аялаймыз!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. | **Музыка**<br>"Қысқы әнші құстар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | **Қазақ тілі**<br>«Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру. | | сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабыл кезінді көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған | **Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын | **Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>*"Құстар, құстар, келіңдер".*<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар"** | дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке | құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.<br>*"Сары шымшық."*<br>Сары шымшық шиқылдайды:<br>- Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Жылы жаққа ұшпайды,<br>Суықтан тығылмайды.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br>Далаға суық қыс жетті,<br>Аппақ қарды жерге төкті.<br>Қараңдар, ағаш пен шатыр,<br>Барлық жерде қар жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің | түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл шемшашар.<br>- Жемшашарда не бар?<br>- Иә, жемшашарға құстар қонды.<br>- Құстар не істейді?<br>- Дұрыс, құстар жемді шоқиды.<br>Педагог көркем сөзді оқып береді.<br>- Батыл екен біздің құстар,<br>Аулада қалады олар қыстап.<br>Жемшашарға жем шашайық,<br>Құстарды аялайық.<br>Дыбыстайды құстар "шиық-шиық",<br>Жем берейік - "жиіп-жиіп".<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық, | тәрбиелеу.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың, | Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру | балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге | Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.<br>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға... - лар..». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады.<br>Қарапайым нұсқа: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Драматизация.** "Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау. **(көркем әдебиет)** | **"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғай" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | Ата-аналарға кеңес. "Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде). |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01-03.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Күн тәртібі** | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері)** | **"Артығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Қыс" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Құралдары: қыс мезгіліне байланысты бейнеленген суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>**(** | **"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту.<br>Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады).<br>Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әртүрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын | **Таңғы сәлемдесу**<br>**"Сәлем, саған көк аспан!"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған көк аспан!<br>(Қолды жоғары көтеру)<br>Сәлем саған күн нұры!<br>(Екі қолды қосып, шеңбер жасау)<br>Сәлем саған жер ана!<br>(Қолды баяу түсіру)<br>Сәлем саған, достарым!<br>(Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да, Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары көтереді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | (Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Домаланған кірпі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Кірпі қалай жүреді?"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. | **Музыка**<br>"Тұлпарым".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпа арқылы домалатамыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру. | **Қазақ тілі**<br>"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі."<br>Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>- Із қалады, қарды басса - Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>- Ш-ш-ш - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.<br>- Қоян құлақтарын қалай қимылдатады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар! | еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай! | шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. | **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге | - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып,** | Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады.<br>Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** | тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау.<br><br>**Драматизация.**<br>"Қызыл телпек" ертегісін | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Марғаулар жіппен ойнайды".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету.<br><br>**"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Тауықтар" биі.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргіншілер жолы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Ұлттық ойын "Қазан"**<br>Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. | тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Кішкентай марғау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар | Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады.<br>Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br><br>**"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жануарлар, өсімдіктер.<br>Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған.<br>Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.<br>**(музыка)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Мынау орындық –<br>Дем алуға отырдық.<br>Мынау үстел, (сол қолды жұдырыққа түю, үстіңе оң қолдың жұдырығын қою)<br>Асты іше біл.<br>Анау тұрған төсек, (Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу)<br>Ұйықтар орын білсек.<br>Міне диван – жұп- | **Жұмбақтар шешу**<br>Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады.<br>(Ай)<br>Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады,<br>Бірі-түнде тынығады.<br>(Күн мен ай)<br>Бейнесі суда дірілдейді,<br>Қармаққа бірақ ілінбейді<br>(Ай)<br>Күндіз білінбейді,<br>Түнде күлімдейді.<br>(Жұлдыз)<br>Тек өзі көрінбейді,<br>Адамды тоңдырады<br>Ызғары дірілдетіп,<br>Есіңнен тандырады. (Аяз)<br>Суда қалқиды, | **Сюжетті-рөлдік ойын**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>**(құрастыру)** | **Санамақ**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Саусақтарға арналған жаттығу.<br>Бас бармақ -әкем,<br>Балан үйрек – шешем,<br>Ортан түйрек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – әпкем,<br>Кішкентай бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз /бесеуміз/<br>**(қазақ тілі, көркем әдебиет)** | **"Сөйлем құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы қоршаған орта және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмсақ,<br>Отырамыз шаршасақ,<br>(Қолдарды ішік жақтарымен бір-біріне қосу)<br>Мынау шкаф – қарасақ,<br>(Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа ""ашылады"")<br>Киім-кешек жинасақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жылыда балқиды. (Мұз)<br>**(көркем әдебиет)** | | | **тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **реттік саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.02-10.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.02.2023 | 07.02.2023. | 08.02.2023 | 09.02.2023 | 10.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша көңілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын | **"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. | **"Еңбек құралдарын ата" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау. | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика | **"Дүкенші" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөлініп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Дүкенші суретін бояу.<br>**(сурет салу)**<br><br>**"Не артық?" үстел үсті ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш<br>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ<br>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. | Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.<br>- Тағам әзірлейтін кім? Аспаз.<br>Би билейтін кім? Биші.<br>Шеге қағар ... Шебер.<br>Үй салатын... Құрылысшы.<br>Адамды емдейтін... Дәрігер.<br>Зат сататын... Саудагер.<br>Шаш қиятын... | **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Еңбек құралдарының суретін бояу.<br>**(сурет салу)**<br><br>Балтаның мүсінің жасау.<br>**(мүсіндеу)** | өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды | Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту.<br>Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(математика негіздері)**<br><br>**"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, музыка)** | Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Зейінді бол" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>**(математика негіздері)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар;<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар, | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн нұрындай көңілім,<br>Даламдай кең пейілім.<br>Жүрегім толы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | күлсін<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | мейірім,<br>Бәріне ортақ шуағым,<br>Қайырымды боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұшқыш болам самғайтын".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Солдат болам кезінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру. | **Музыка**<br>"Жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде | **Дене шынықтыру**<br>"Аэродром".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту. | **Қазақ тілі**<br>«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>«Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық сауаттылығын дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Жапалақ қар, Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді, | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы. | **Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр? | ***Желді бақылау.* (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір | - Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу** | - Иә, бұл - қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа | күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар | **тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай | **"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп! | тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у .. | әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, | Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін | Жүр соңымнан - Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады. Тақпақты оқи жүреді.<br>*"Тик-так"*.<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар!<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | | шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қуыршаққа тарақ". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Етікші". | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар** "Түймелер". | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсат-міндеттер. Балаларды көк қарындаш арқылы көлденең жатқан қағаздың екі жағында тіке сызықты жүргізіп, төменгі шеттерін түзу және доғалы сызықпен қосып, арасын қысқа, түзу, тіке сызықтар қатарымен толтырып, тарақ бейнесін салуға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Шаштараз".** Мақсат-міндеттер: балаларды шаштараз кәсібімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Мақсат-міндеттер. Балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; ертегі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру.<br><br>**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс | "Аспазға көмектесейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Жүргізуші".** | Мақсат-міндеттер. Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Емхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың рөлдерді қабылдау қабілетін дамыту бойынша медицина қызметінің мәнін ашу, ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасында жағымды қатынастарды қалыптастыру, дәрігердің жұмысын құрметтеуге | "Орманшының аңдары". Мақсат-міндеттер. Орман жануарлары туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Орман жануарлары туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Жедел жәрдем".** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер, медбике мамандықтарына қызығушылығын ояту; науқасқа деген сезімталдықты, зейінділікті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысы туралы білімдер мен дағдыларды бекіту, ойынға деген қызығушылықты дамыту, жүргізушінің жұмысына деген құрметін арттыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | мейірімділікке, жауап беру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |
| **Балалармен жеке** | **"Танкист"** | **Санамақ айтқызу.** | **"Пошташы"** | **"Сөйлем** | **"Құрылысшы"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | **тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бала тілін дамыту.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.<br>"Танкист" (Тұрсын Жұртбаев)<br>Танкі мініп, өскенде,<br>Қорғаймын мен елімді.<br>Таптамаймын еш жерде<br>Гүлдер менен егінді.<br>**(көркем әдебиет)** | **(Ермек Өтетілеуов)**<br>Жиналған соң достары,<br>Қазтай өзі басқарды,<br>Қызықты ойын басталды:<br>Бірі болды бақшашы,<br>Екіншісі - егінші,<br>Үшіншісі - бақташы,<br>Төртіншісі - теңізші.<br>Бесіншісі - балташы,<br>Алтыншысы - аспазшы.<br>Жетіншісі - жылқышы,<br>Сегізінші - сырнайшы,<br>Тоғызыншы - тігінші,<br>Оныншысы - орманшы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бала тілін дамыту.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.<br>"Пошташы" (Ескермес Ескендіров)<br>Күні бойы жол жүріп,<br>Көрген емес болдырып<br>Қайтады үйге, алғысты<br>Қапшығына толтырып.<br>**(көркем әдебиет)** | **құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы мамандық түрлері, мамандықтардың құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.<br>"Құрылысшы" (Шекербек Садыханов)<br>Қолда темір қалағым,<br>Саздан сарай қаладым.<br>Алматыдан аумайтын<br>Әсем қала саламын.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Көрнекті ғимарат" құрылыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Текшелерден көрнекті ғимарат құрастыру.<br>**(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қазақ тілі)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. Мысалы: "Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы". | Ата-аналарға кеңес. "Балалардың қол саусақ моторикаларын дамытамыз". | Ата-аналарға кеңес. "Қазіргі заманғы отбасындағы қатынастар". | Ата-аналарға кеңес. "Балалардың озбыр мінез-құлқының бастаулары". | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» /о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **13.02-17.02.2023ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.02.2023 | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу іскерліктерін дамыту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттігі туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(математика негіздері)** | **"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.<br>Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді.<br>Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған** | **"Ақылды көліктер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: адамдардың жұмыстарын жеңілтуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту. | **"Біздің көмекшілеріміз не?" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Би билеген баламыз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту..<br>Жаттығу жасап көреміз, (Адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (Қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (Қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (Оң-сол жаққа еңкею)<br>Өкше қойып, басамыз, (Оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (Сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (Қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ортамен танысу)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. **(қазақ тілі)** | | | (Шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>"**Суретті құрастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. **(математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады).<br>3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Кім бәрінен де мұқиятты".** Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де, қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге.<br>Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.<br>Бәріңе сәттілік тілеймін!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуына және көз қарашығының демалу жаттығуларын жасатуға арналған ортаңғы топтағы түстерді бекітуге пайдаланылады. | **"Құстар" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың тілін белсендіруді жалғастыру. Ойын ережесі: құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек. Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады. Ойын әрекеті: құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Үш аяқты тұлпарым (велосипед)". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып, қуып жетуге үйрету; қойылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүруге жаттықтыру. | **Дене шынықтыру** "Велосипедтер зырылдайды". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету; балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. | **Музыка** "Кір жуу машинасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту. | **Дене шынықтыру** "Велоипед теуіп көрдіңдер ме?" Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқтың арасынан допды домалатып, орнынан тұрып қуып жету жаттығуын және қойылған заттар арасынан "кірпі" секілді төрт тағандап жүру техникаларын бекіту; гимнастикалық шеңбердің арасынан өту іскерліктерін дамыту. | **Қазақ тілі** "Тұрмыстық техника" . Қауіпсіздік сақтау. Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: үтікпен киім үтіктейді, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуу машинасымен кір жуылады және тағы басқа. Электр құрылғылары және қауіпсіздік ережелерін бекіту. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Тұрмыстық техниканы қолдану кезінде ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын | **Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) | **"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.<br>- Біз бір аяқпен | көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл - бағдаршам. Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Бағдаршам не үшін керек?<br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, | тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, | ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.<br>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>Атаңдаршы?<br>Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ағайлар мен апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек.<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Жаттығу екі рет өткізіледі. | қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>Көркем сөз.<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік.<br>Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** | Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың | құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын | Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, | кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>Жорамал.<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>Жұмбақ.<br>Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>**Қимылды ойын "Ақсерек - көксерек" (дене шынықтыру)**<br>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге | біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру. | көрсетеді.<br>- Балалар, мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл құс - қораз. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік. | қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ.<br>Ойынды бастайды<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ.<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады.<br>Ойын осылай жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | - Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Дастарқан жаю дәстүрі". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түрлі зат топтарын салыстыруда тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету, салыстыру нәтижесін айтқызып үйрету; жазықтықтағы сол жақты, оң жақты, ортасын, жоғары, | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Диван". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштерді, білеулерді өзара түрлі орналастырып, диванды жасауға үйрету; кірпіштің қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру. | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Таза болайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Сағат". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы шеңбер сұлбасының бойын, арасына бірдей қашықтықты сақтап жақпалармен безендіруге үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын "Киіз үй"**<br>Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қар тазалаушы трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың қардың және трактордың ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; қабілеті мен зейінін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төмен жақтарын анықтап, жаттығулар орындауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Ұлттық ойын "Арқан тарту"**<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.<br>Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.<br>Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Үтіктің қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту; үлкендердің үтікпен жұмыс істеу әрекетін бақылау дағдыларын жетілдіру; техника және адам туралы ұғым беру. | ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойыны: "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. | тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.<br><br>**Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".**<br>Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды.<br>Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айту**<br>1) Ала-ала алашалар,<br>Тамаша олар,<br>Оған кім таласа алар.<br>2) Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатқа тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ.<br>3) Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді,<br>Ауырға Арман бала да,<br>Арбамен тасып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық".**<br>Қонжық жүрсе орманда,<br>(жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау).<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап,<br>(алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау)<br>Бізді көрсе - қашады.<br>(саусақтарды алға қарату, кезекпен соққылау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Сөйлем құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы жиһаздар мен техника және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Жұмбақтар**<br>Жай да үнсіз тұрады,<br>Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады,<br>Дабыл қағып безектеп. (Телефон)<br>Іші салқын,мұзы бар,<br>Күнкей қашқан қой сынды,<br>Жылыда тез бұзылар,<br>Барша тағам тығылар.<br>(Тоңазытқыш)<br>Тоққа тисе мұрты ұзын,<br>Табанымен жазық<br>Киімдердің қыртысын,<br>Береді тез жазып.<br>(Үтік)<br>Кір-қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйрейді.<br>(Сыпырғыш)<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Санамақ**<br>Төртеу санның көркі екен.<br>Төрт аяқпен жануар,<br>Стол, төсек... тағы бар..<br>Төрт аяқпен нық тұрар,<br>Төрт бірлікті ұқтырар.<br>Бес дегеннің цифры,<br>Қарап тұрсаң оп-оңай.<br>Үштің басын қайырып,<br>Қоя салған жай бұрап.<br>Ә. Табылдиев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қазақ тілі)** | **көркем әдебиет)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы". | Психолог кеңесі: "Бала тілін дамыту". | Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары". | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **20.02-24.02.2023ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.02.2023 | 21.02.2023 | 22.02.2023 | 23.02.2023 | 24.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Гигиеналық дағдыларды сақтай отырып, балалардың сумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру (жеңдерін түріп, сулау және матаны сығу, қажет болса шаю және жуу). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсету, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына құрметпен қарау. |
| | **"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ** | **Құрылыс ойындары:** "Спорт алаңын құрастыру", | **Суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер. "Спорт түрлері" | **"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу.** | **Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығулары.** | "Қуыршаққа арналған спорт алаңы".<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу. | **"Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **туралы әңгімелесу.** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады).<br>3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көгөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | **"Спортшыл отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** | **"Денсаулық" тақырыбында мақал-мәтелдер жаттау.** | **"Отбасында кім қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Салауатты өмір". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру. | **Музыка** "Күлкі - шаттық шуағы". Мақсат-міндеттер. Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; ырғақтық қимылдарды тез қабылдауын және әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуін әрі қарай жаттықтыру; музыкалық шығармашылығы пен сауаттылығын | **Дене шынықтыру** "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | **Қазақ тілі** «Данаға арналған дастархан». Азық-түліктер. «Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құруды, жаңа сөздердің септік жалғауларын анық қайталап айтқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру. | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан | **Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан төбешік жасау). **(еңбек дағдылары)** | **Ұлпақарларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдарды қардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене** | **Қыстап жатқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ағаштардың айналасына қар күреу). Мақсат-міндеттер: еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету. | **Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (барлығы бірге ұйымдасып жолды қардан тазартуға үйрету). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды | Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)** **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту. | **ойындары: "Үйсіз қоян".** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айнала жүгіруге машықтандыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Доп" тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсат-міндеттер. Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту.<br><br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Текшелер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшені салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сызықтардың үстіңгі және төменгі ұштарын көлденең түзу сызықпен қосуға үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын "Соқыр теке"** Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Жиналған ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенінен бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту.<br><br>**Тақпақ жаттау** Қымыз Жеңгем бие сауады, | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Спортшылар бәріміз" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Кім күшті?" Мақсат-міндеттер. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Емдік өсімдіктер". Мақсат-міндеттер. Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,<br>Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,<br>Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | Ағам саба піседі.<br>«Денсаулыққа дауалы»,<br>Деп үлкендер ішеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық".**<br>Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер".**<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа | **"Сөйлем құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, | **"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | **Тақпақ айту**<br>**Біз осылай өсеміз**<br>Суда жүзіп өсеміз,<br>Қырда жүріп өсеміз.<br>Күнде қызып өсеміз, | **Суреттер қарастыру.**<br>"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды).<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды).<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді).<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы денсаулық және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Құмда шыжып өсеміз.<br><br>Таулар көріп өсеміз,<br>Баулар егіп өсеміз.<br>Жеміс теріп өсеміз,<br>Жеңіскер боп өсеміз.<br>Талаптанып өсеміз,<br>Қанаттанып өсеміз,<br>Талаптанып,<br>қанаттанып өсеміз!<br>М.Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Спортпен шұғылданудың | Тәрбиеленушілердің ата-аналарын мектепке дейінгі | "Жеке бас гигиенасының басты ережелері", | Кеңес.<br>"Тез тамақтанудың зияны". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Баланың белсенділігі - оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | маңызы". | жастағы балалардың үйде және балабақша жағдайында денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін негізгі факторлармен таныстыру. | "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | | денсаулығының кепілі". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.02-03.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.02.2023 | 28.02.2023 | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау; ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға дағдыландыру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. |
| | **Ойын жаттығулар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(математика негіздері, құрастыру)** | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау) | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады:<br>Бойы әр түрлі, | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **«Ата-аналарға қамқорлық жасау»**<br>Ойын мақсат-міндеттер:<br>елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды;<br>- анаң жұмыстан шаршап келді;<br>- анаңның көңіл-күйі жоқ; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жұмбағымды тыңдашы,<br>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.<br>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,<br>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.<br>Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя | | - ананың шаруасы көп;<br>- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.<br>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір<br>қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады.<br>Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көңіл-күйді анықтау»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға айналасындағы адамдарға | Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **«Сыпайы өтініш»** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір-бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды.<br>Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейрімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қарлығаштай қайратты".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі | **Дене шынықтыру**<br>"Қайратты боламыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру | **Музыка**<br>"Аялайық, аналарды бәріміз!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ана туралы | **Дене шынықтыру**<br>"Биік секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірден, шеңберге қайта тұру, | **Қазақ тілі**<br>«Жыл құстары»<br>Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеуге үйрету. | қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудығы дағдыларын дамыту. | әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту. | (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер). |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Сүңгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды судың | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін | **Жинағыш көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті қажет | **Жүргізушінің жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жүргізушінің | **Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдардағы мұз бен қарды тазарту).<br>Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | кеңейту, қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қысқы түсімен салыстыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскеде қоқыс жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай жүгіріңдер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** допты лақтыру және ұстау, ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | ететін жұмыстарды орындаудағы рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы құрғақ жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген құштарлықты ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?","Ұстап ал". (дене шынықтыру)** | жұмысымен,көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз","Торғ айлар және көлік". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, | құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету; бақылау, есте сақтау қабілетін дамыту; құстарға деген достық қатынасты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмсалғыштағы құмды қазып алу.)<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, орыннан жоғары секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды ұйымдастырудағы дербестікті, ұқыптылықты,ептілікті, ережелерді сақтай білуді дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жағалыққа жорғалап, жорғалай білу қабілетін бекіту. | тепе-теңдік сезімін жақсарту. | қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дене бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем сыйлаған көйлек".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?"** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қарлығаш туралы тақпақ жаттау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктеммен бірге құс | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Торғай".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Бантик таққан балапан".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>**"Көктемгі сыйлықтар".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.<br>Барысы: педагог суретшінің "Көктем" тақырыбына сурет салғанын айтады. Бала оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Бала көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. | жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Ұлттық ойын. Білектесу.**<br>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.<br>**(дене шынықтыру)** | "Анашым, анажаным".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. | сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.<br><br>**"Жапалақ" қимылды ойыны.**<br>Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тоғайға (гимнастикалық қабырғаның бірнеше сатысына ) шығады, ал қалған балалар «қанаттарын қағып», «ұша» бастайды. Педагог «Түн» деп айтқан кезде, құстар мен жәндіктер өз орындарында қозғалмай тұрып қалады. Қозғалып қойған ойыншыны жапалақ үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалақ қайтадан тоғайға шығады. Ойын бірнеше рет қайталанғаннан кейін басқа жапалақ таңдалады және ойын әрі қарай жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көктем" тақырыбында** | **"Көктем" тақпағын жаттау.** | **Жыл мезгілі жайлы сұрақтар.** | **"Сиқырлы қылқалам".** Мақсат-міндеттер. Дайын | **Жаңылтпаштар айтқызу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру).**<br>Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>**(көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | суреттерді бояу.<br>**(сурет салу)** | Бір ақ шымшық,<br>Екі ақ шымшық.<br>Үш ақ шымшық,<br>Төрт ақ шымшық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **06.03-10.03.2023ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз ісіне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |
| | **Сюжетті суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер. "Көктем" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Санамақтар айтқызу.** Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік. Жексенбіде үйде болып | | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Қонжық". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қонжықтың дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Судың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | демалдық,<br>Осылайша өте шықты бір апта.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым! | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетінемотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайрымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейрімді Жер - | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым! | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арайлап атқан күнге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ана!<br>Армысыз, шұғылалы<br>Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | Арайлап атқан күнге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Таза бұлақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Көктемгі жылғалар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен жүруге үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына еліктеп, қимыл ойындарын ойнауға қызығушылықтарын ояту. | | **Дене шынықтыру**<br>"Таза бұлақтай таза болайық!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу дағдыларын пысықтау. | **Қазақ тілі**<br>«Көрікті көктем». Көктем жыл мезгілі.<br>Тамшы сияқты құбылыстар жайында шағын өлең жолдарын қайталату, сөздерді анықтап айтуды, жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «Көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Көктем туралы әндерді қайталап айту қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; жалпы «Көктем» тақырыбы бойынша сөйлеуді, есту арқылы қабылдауын дамыту, есту, еске сақтау қабілетін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін дамытып, жағымды көңіл күйін білдіре алу қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптастыру. Байқағыштықтық қасиеттерін, әсемдікті сезіну қабілетін, көркемсөзге қызығушылығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктем келді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге назар аудару. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға жем беру). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің нұсқауы | **Табиғат өзгерістерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қарды белгілі бір жерде жинау) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; | | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қоқыстарды жинау.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту, жауапкершілік | **Көгершіндерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту. | топтың орындау дағдыларын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | | сезіміне тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн қояндары", "Қаздар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** | дағдыландыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тамшылар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл | **Драматизация.**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналау.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-** | | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді суретімен танысу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ақшақар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету.<br><br>**"Гүлдер" имитациялық ойыны.**<br>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар. Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен | **жаттығу**<br>"Судың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. | | тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көктем тамшылары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. | тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру.<br><br>**"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығулары**<br>Бас бармақ бастық екен,<br>Сұқ саусақ сақтық екен,<br>Ортан қол ойшыл екен,<br>Аты жоқ саусақ тойшыл екен,<br>Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен.<br>Бастық басқар, сақтық сақтар,<br>Ойшыл ойла, тойшыл тойла.<br>Саусақтарды бүгеміз,<br>Саусақтарды бүреміз.<br>Бүгіп , бүріп саусақты,<br>Сергіп қалдық, міне, біз.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Көктем" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Көктем" (Көмек Ыбыраев)<br>Бұлбұл сайрап шат үнді,<br>Ну тоғайға шақырды.<br>Таудан аққан өзен де<br>Бар даусымен "ақырды".<br><br>Жайраңдасып жас-кәрі,<br>Құстар келе бастады.<br>Қыс киген ақ шапанды,<br>Көктем жыртып тастады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Бәрін байқау" (елеу, көру).**<br>Мақсат-міндеттер. Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 секунд ашып тұрып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетіңіз. Балалардан қандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді | **"Қызғалдақ" өлеңін жаттау**<br>Қырқалардың төрінен<br>Қаулап көзге ұрады.<br>Қызғалдақтар өңірді<br>Қып-қызыл ғып тұрады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сұраңыз. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу." | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | | Жаднама. "Отбасына жағымды атмосфера сыйлау". | "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Ксенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.03-17.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру. |
| | **"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері)** | **"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз қиындыларынан киіз үйді құрастыру. Педагог: - Балалар, қазір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарыңда киіз үйді құрастыратын қиындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасыңдар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке | **Ұлттық ойын. Хан алшы** «Хан алшы» ─ қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. | **Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. - Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау) Қонақтарға жайылса. (шапалақтау) Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру) Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(жапсыру)** | Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында,<br>«Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | жағына үрлеу)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетені мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу".**<br>Мақсат-міндеттер. Ойынға қатысатын балалар бөлмеден шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, | **Шаттық шеңбері**<br>Балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, ұл балалар құшақтасып, қыз балалар қол алысып Наурызға арнап өз тілектерін білдіреді. Наурыз мерекесі құтты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй болып көрінер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы орындай алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді.<br>**(танымдық дағдылар)** | ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.<br>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | болсын!<br>Ақ көп болсын!<br>Жақсылық мол болсын!<br>Береке - бірлік болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз келді, алақай!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз құтты болсын!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; | **Музыка**<br>"Көктем келді, алақай!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз мерекесі келді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір | **Қазақ тілі**<br>Наурызым, армысың!<br>«Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету. | арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру | қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту. | орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. | Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, | **Теректің бүршігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: участкедегі ағаштармен танысуды жалғастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік қалыптастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бұтақтар мен ескі жапырақтарды жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері"** | **Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балаларға аймақты | **Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты насихаттау, бір-бірімен сөйлесу қуанышын сезіну.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп секір", "Кім жол бойымен жылдам жүгіреді?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұшу кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бөренемен жүру техникасын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-теңдік дағдыларын бекіту. | **операциясы. (еңбекке баулу)**<br>Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Айна", "Күн мен түн". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | қардан тазартуға көмектесу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Біз көңілді балалармыз". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | **(ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу** (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке және табиғатқа құрметпен караудың үлгісін көрсету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бөренемен жүру.<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Дастарханды жаямыз"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Наурыз мейрамына қатысты | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Үй салайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі | **"Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап | **"Қонақ күтеміз" сөздік жаттығуы.**<br>- Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Наурыз гүлдері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың наурыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру. | қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу. | айтқызу, қонақ күту дәстүрімен таныстыру.<br>Барысы: балалардың алдында дастарқанды жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала шақырылып педагогтің тапсырмасын орындайды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, қажеті анықталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Кәмпиттен шашу жасау. Балалар кәмпиттерді теріп алғаннан кейін, орындарына отырады.<br>- Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіңдер! (шай құюды көрсету)<br>- Балалар, мен Данаға: "Дана, бауырсақ же" - деп ұсынамын.<br>- Салтанат, сен қонжыққа не дейсің? "Қонжық, шелпек же! Ас болсын!"<br>- Іңкәр (Батыр, Жомарт), Данаға (қонаққа) сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту.<br>– Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінесіңдер. | **"Әдептілік" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Әдептілік" (Өмірбай Өмірзақов).<br>Рұқсатсыз бақшаға,<br>Бақыт тіпті бармайды.<br>Көрнеу қойған ақшаға,<br>Суық қолын салмайды.<br><br>Айтқан ақыл өзінің<br>Есінен бір кетпейді. | **"Биші" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Биші" (Тоқбай Исабеков).<br>Биле, Алмашжан, билеші,<br>Әжең көріп, жасарсын.<br>Билей берсең күнде осы,<br>Шара апаңнан асарсың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.<br>- Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін | **"Наурыз" тақпағын жаттау**<br>Қарды ерітіп жылғасы,<br>Наурыз келді – жыл басы.<br>Шуақ төкті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың.<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп апамыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жақыпов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Орындықтарға жайғасып алыңдар. Енді, мен музыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайсыңдар. Қай топ тағамдар санын көп айтады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:<br>– Балалар, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Жолда үлкен кісінің<br>Алдын орап өтпейді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойынды өзі басқарып отырады. Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ |
|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «БАЛАПАН» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.03-24.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.03.2023 | | | | 24.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. | | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |
| | **Иллюстрациялық суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер. "Салт-дәстүрлер" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді | | | | **"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгілер бойынша жылдам жүгіруді, зейінді дамыту; дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Бет орамалға лайық жамауларды табу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері)** | | | | мүшелерін нығайту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дамыту ойыны: "Айна".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу және қозғалыс белсенділігін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге шығады. Санамақ көмегімен таңдалған бала шеңбердің ортасына орналасады.<br>Қалғандары айтады:<br>- Бірігеміз бәріміз,<br>Біріміздеп біріміз.<br>Қайталаймыз, қалмаймыз,<br>Ұйықтамаймыз, талмаймыз.<br>- Асан (Аида, Мансұр) бізге көрсеттер.<br>Тағайындалған балалар шеңбердің ортасындағы бала әртүрлі қимылдарды көрсетеді, қалған балалар қайталайды. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнмен бірге тұрамыз ,<br>Құспен бірге ән саламыз<br>Қайырлы таң! Ашық күн!<br>Көңілді біз тұрамыз.<br>Күлім қағып қолымды,<br>1,2,3 деп соғайын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | | | | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | | **"Көшелер". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз | | | | нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал", "Үшінші артық".**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**, допты лақтыру және қағып алу.<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, лақтыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді:<br>"Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | С. Бегалин<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ұлттық ойын. Киіз үй**<br>Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай | | | | **BilimKids. Бата. (мультфильмін көру)**<br>Ұзын күміс сақалы<br>Ауылдың ақсақалы<br>Бата берген мейірімді<br>Жақсы көрем атаны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.<br>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>***"Бесік жыры".***<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | Шапқан жүйрік тайдай бол!<br>Жүк көтерер нардай бол!<br>Айналайын, таудай бол!<br>Жарқыраған айдай бол!<br><br>Терең түскен әжімі<br>Кимешегі әдемі<br>Бата берген мейірімді<br>Жақсы көрем әжені<br><br>Желбіреп тұлымшағың,<br>Тілің балдай болсын!<br>Тұлпар болып құлыншағың<br>Бәйгелерден озсын!<br><br>Бата деген ақ тілек<br>Жолың ашық болсын деп<br>Қарттар бата береді<br>Қол жайып тілек тілеп<br><br>Қолымызды жаяйық<br>Бата бер деп сұрайық<br>Азамат боп есейіп<br>Таудай болып өсейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу. | | | | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.03-31.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.03.2023 | 28.03.2023 | 29.03.2023 | 30.03.2023 | 31.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен «Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу» тақырыбына әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын (подоконник) дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(көркем әдебиет)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжейдің әдемі орамалы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың | **"Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту.<br>- Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | | Қонақты да шақырасың.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(танымдық дағдылар)** | Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта.<br>3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- | **"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- | **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстармен ажырата білу, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балаларды өз таңдауын түсіндіруге шақырады. | әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. | әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеуді үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Өнерлі балалармыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. | **Музыка**<br>"Киелі домбыра".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қазақтың киелі аспабы домбыра туралы түсініктерін кеңейту; музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттерін дамыту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; | **Дене шынықтыру**<br>"Аттап секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. | **Қазақ тілі**<br>«Бұл менің отбасым».<br>Отбасы мүшелері.<br>Мақсат-міндеттер.<br>«Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, шежіреде отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ, еркелетіп атау формаларын айтуды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. Суреттер мен жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, қазақ тілін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Монологтық сөйлеуді, диалогқа түсе білу дағдыларын, ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру. | | қабілеттерін, еске сақтауын дамытып, жайдары көңіл күйлерін танытуды үйрету. Отбасына, жақындарына деген жылулық сезіміне баулып, ересек адамдарға құрмет білдіруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды** | **Көктем мезгілінің белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өз жолыңды тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды өздерінің еңбек дағдыларын қолдана білуге үйрету, құрдастарына көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өз жұмысыңды тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту. Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдарды қоқыстардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, жұмысты аяқтауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: серуендеу кезінде балалардың дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту:** "Қуып жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | **әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | әрекеттері. | белсенділігін арттыру; ұқыптылықты, ептілікті, төзімділікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:**<br>ұзын арқаннан секіруді жақсарту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Асықтарды санайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қаз-қаз, бөпем!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз ерiктерімен жаттап алуға дағдыландыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бас орамал оюлары".<br>Мақсат-міндеттер. Баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Тәй-тәй басып келеміз" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Төрт түлік".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>- Күнім, айым, | **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін | **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда | **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".**<br>Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет)** | кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Балаларға үйде ертегі оқимыз. | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.04-07.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы.** (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).<br>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)<br>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу) | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Зымыран".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшақ ойыншығымен танысу".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. | **«Ұшақтар» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қанат жазайық,<br>Ұшақ боп ұшайық.<br>Ұшып - ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Үстел үсті ойыны. «Есіңе сақта».**<br>Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды. |

| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жер мен су" әңгімесін оқып беру". Мақсат-міндеттер. Балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар** "Әртүрлі арықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау.<br><br>**"Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару. Ойын үйде де, далада да ойнала береді.. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Гүлденген баубақша". Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру. | **«Мейірімділік ағашы»** Ойынның мақсаты: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. | **Қимылды ойын. Мысық пен тышқан** «Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды қуып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді.<br>Ол:<br>Қараңғыда көзім жоқ,<br>Тиіп кетсе сөзім жоқ.<br>Қайда кеттің қалқа жан,<br>Жетектейтін өзің жоқ.<br>Қолға түскен құтылмас,<br>Қала бермек көзім боп,<br>— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді.<br>Айнала трған ойнаушылар қашып жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығулары**<br>"Түлкіні тап" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Шеберхана" үстел үсті ойыны.**<br>Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын.**<br>«Қасқырдан құтқар».<br>Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы | **«Түрлі-түсті гүл шоғы».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.<br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?<br>Біз орманда саяхаттамыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. **(дене шынықтыру)** | | | өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасылық салт-дәстүр" атты тақырыпта әңгімелесу. | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу. | Балалардың қабілеті жайлы ата-аналармен әңгімелесу. | "Бала бөлмесіне арналған гүлдер" атты ата - аналарға арналған кеңес. | "Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.202 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |
| | **Иллюстрациялық суреттерді құрастыру**<br>Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.<br>Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы.<br>Барысы: әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. | **"Үй құрылысының ретін көрсет".**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>Барысы: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.<br>**(құрастыру)** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімге киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығуы.**<br>"Зырылдауық" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br><br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br><br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br><br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.<br>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш, | **Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.** | **«Мақтау сөздер айту»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, | **«Достық көмек»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. | Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | мақтайды. | мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Достық шеңберінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету.<br><br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұлттар достығы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.<br><br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Достық шеңбері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Достық күндей жарқырайды"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру.<br><br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қазақ тілі**<br>Бұл менің Отаным. Қазақстан.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | | таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.<br>**Картотека № 10**<br>**«Көңіл күйді көрсету»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>Бақылау. Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал | Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру.<br>Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту.<br>Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе | Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау.<br>Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту.<br>Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау.<br>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық | Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.<br>Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, | Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды.<br>(Балық)<br>Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек.<br>Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)<br>Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.<br>Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары)<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру.<br>Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Велосипед тебу. (дене шынықтыру)<br>Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау.<br>Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Асфальтқа бормен сурет салу.<br>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі).<br>Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді.<br>Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>Өз бетімен ойындар.<br>Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)<br>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.<br>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ғажайып табиғат әлемі". Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Достық шеңбері ойындар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Зәулім үй". Мақсат-міндеттер. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қазақтың туыстық атаулары". Мақсат-міндеттер. Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату. | **«Сыпайы өтініш»** Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.** "Достық"<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1. Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>2. Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3. Қырда қырау<br>Қызыл ала бұзау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Адал достар»** Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол | **"Достық" өлеңін жаттау.**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттық баласы<br>Достығымыз жарасқан.<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы<br>Еңбек ортақ, жыр ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы.<br>Е.Елубаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | "Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05-05.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 01.05.2023 | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. |
| | | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,…" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,…", "Қолшатыр алған, себебіміз…" және т.б..<br>Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды | **"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы.**<br>- Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді.<br>- Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді.<br><br>- Дауылпаз дабылдап,<br>- Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу)<br><br>- Дауылпаз дабылдап,<br>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)<br><br>Дабыл-дап, дабыл-дап,<br>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)<br><br>Жаттығуы бірнеше рет қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шерудегі көліктер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұсынуға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығуы.**<br>"Зырылдауық" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br><br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br><br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br><br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.<br>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, | **«Түрлі - түсті гүлдер»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер. | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>"Күлімдейміз күндей."<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.<br>Ойынның бірінші нұсқасы:<br>Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.<br>Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.<br>Ойынның екінші нұсқасы:<br>Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.<br>Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды.<br>Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері | **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орындалатынын айтады. **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру** "Барабан дабылы". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.<br><br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | **Музыка** "Дауылпаз дабылы". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. | **Дене шынықтыру** "Соқ, барабан!" Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | **Қазақ тілі** «Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде. Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Картотека №39**<br>**«Үкілі тақия»** | | баулу.<br>**Картотека №19**<br>**«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Шыршаны қарағаймен салыстыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу. | **Бақтағы еңбек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бақшадағы жұмыс). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін | **Гүл бақшасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны дайындау тілегін тәрбиелеу<br>гүл көшеттерін отырғызу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Құстардың ұшуы". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту; мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз орнын табу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** бір қатарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері. | қалыптастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру. | педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу. | қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басыңа құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру. Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты, ептілікті, тепе-теңдікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Әскери көлік" Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Күн шуағы". Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Жауынгерлер сапқа тұрды". Мақсат-міндеттер. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Әскер". Мақсат-міндеттер. Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Ритмикалық жаттығу**<br>Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).<br>Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру.**<br>Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жеңіс күнін тойлаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету. | **"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз.<br>- Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіңдер.<br>Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Өрт қауіпсіздігі". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балалардағы озбыр мінез-құлықтың бастаулары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05-12.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. |
| | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Күміс жаңбыр". Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Мұхановтың "Күміс жаңбыр төгілді" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату; | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.** "Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың мазмұнын сипаттаушы формасы, жұмбақтармен таныстыру, заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Аялайықты бақбақты!" Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемде өсетін гүл атаулары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; көркем сөздерді мәнерлеп айтуға дағдыландыру. | білімдерінің аясын кеңейту. | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен)**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жадырап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>*Армысың асыл күн,*<br>*Армысың асыл жыр.*<br>*Армысың көк аспан,*<br>*Армысың достарым,*<br>*Жылуыңа жылу қос,*<br>*Міне менің қолым!* | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болса күніміз.<br>Жарқын шығар үніміз.<br>Елін сүйіп ержетер<br>Біз болашақ гүліміз!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>"Табиғаттың сәні-гүл".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.<br>**Картотека №21**<br>**«Не артық»** | **Дене шынықтыру**<br>"Соғамын барабанымды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамтыу; оқу қызметін пысықтау.<br>**Картотека № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | **Қазақ тілі**<br>"Адамдардың көктемгі еңбегі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып,тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.<br>**Картотека № 17**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Көктемде гүлдейді бұталар,<br>Көктемде гүлдейді ағаштар,<br>Көзге тартымды бұл гүлдер,<br>Қонады гүлге жәндіктер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.** | **Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>Ұп-ұзын көп жапырақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ,<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бақбақтар" қимылды** | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.**<br>**Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.**<br>**- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.**<br>**- Менің соңынман қайталап көріңдер.**<br>**Тұрсақ - тұрады,**<br>**Отырсақ - отырады,**<br>**Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,**<br>**Соңымыздан қалмайды.**<br>**Д. Ахметова.**<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.**<br>**Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, участкедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу** | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | **тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** | құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күлімдеген балалар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды асфальтта түсті боршалармен адам бетінің сұлбасын салуға үйрету; дөңгелек көздер мен доғалы ауызды нақтылы салып, адамның жақсы көңіл-күйде болғанын жеткізуге жаттықтыру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Балабақшаның қызықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың белгілі бір кеңістікте орналасқан заттарды көріп, орнын тауып, атау қабілетін қалыптастыру; ұзындығы, ені әртүрлі және бірдей заттарды тұстастырып, беттестіріп, өздігінен салыстыру дағдыларын жетілдіру; ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жаз кереметтері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жазғы табиғат құбылыстарын көзбен қабылдауда танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдылары мен қиялын, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Шомыламыз мәз болып".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тақтай бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы екі аяқпен секіру (аяқтар алшақ); доғаның астымен өрмелеу (еңбектеу) дағдыларын дамыту. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және сұрақтарға толық | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. | **Бала тілін дамыту.**<br>"Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)<br>Шулы өзенге барайық, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Орын таңдап алайық.<br>Ақ сазанға ау құрып,<br>Болат қармақ салайық.<br><br>Жүр, балалар, тұрмалық,<br>Гүл терелік, қыр барып.<br>Өкінбейік, даланың<br>Қызығынан құр қалып.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Отбасындағы балалардың музыкалық тәрбиесі. | "Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес. | Суреттер көрмесін ұйымдастыру. | | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 4 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыргүйек | Дене шынықтыру | - балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;<br>- дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік;<br>- түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>- жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу,<br>- түрлі қимылды ұлттық ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.<br>1) жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, қысқа және алшақ адымдап жүру. Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, "жыланша" ирелеңдеп жүру, бытырап, қосымша қадаммен алға, шет жағына жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіріп, бағытты, қарқынды өзгертіп жүру. Жүруді басқа қимылдармен кезектестіріп, белгі бойынша тоқтап жүру.<br>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында әртүрлі таныс дене жаттығуларын орындау.<br>Спорттық жаттығулар: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) шанамен сырғанау, төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату;<br>2) сырғанау, мұзды жолдармен өздігінен сырғанау;<br>3) велосипед, самокат тебу, үш дөңгелекті велосипед және самокат тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау;<br>4) Жүзуге дайындық. Суға түсу, суда ойнау. Суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп, қимылдар орындау. Судан шығу.<br>Спорттық ойын элементтері:<br>1) кегли. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру;<br>2) футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты қақпаға домалату;<br>3) хоккей. Берілген бағытта шайбаны таяқпен домалату, оны қақпаға домалатып кіргізу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, құрсаулармен, ойыншықтармен ойындарын жетілдіру, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін жалғастыру. Жалпы және жергілікті су шараларын жүргізуді жалғастыру: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, сауықтыруға арналған жүгіру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату.<br>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану. |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. |
| | Көркем әдебиет | 1) оқу, әңгімелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:<br>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын сөздер туралы білімді кеңейту;<br>2) таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдануды үйрету.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:<br>1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету;<br>2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру;<br>Байланыстыра сөйлеу.<br>Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету. Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету. |
| | Математика негіздері | Жиын:<br>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>2) заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру; салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:<br>өлі табиғат нысандары - су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту; табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан құрастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;<br>2) сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру; 3) үлгі бойынша құрастыру;<br>4) умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру. |
| | Сурет салу | Заттық сурет салу.<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулар, қарындаштар, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>Келесі біліктерді қалыптастыру.<br>Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелеу;<br>2) дөңгелек пішінді заттарды салу;<br>3) техникалық дағдылар мен біліктерді игеру. |
| | Мүсіндеу | Заттық мүсіндеу.<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>1) түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін жасау; |
| | Жапсыру | Заттық жапсыру:<br>1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту.<br>Ән айту.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.<br>Ойындар, хороводтар.<br>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)__«Балбөбек» ш/о__«Балапан» тобы
Топ: аралас топ

Балалардың жасы: 4 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | - балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;<br>- дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік;<br>- түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>- жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу,<br>- түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.<br>2) жүгіру. Қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп; ұсақ және алшақ адыммен, сапта бір-бірден және жұппен, түрлі бағытта, бытырап жүгіру. Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Жай қарқында үздіксіз жүгіру; 50–60 метрге жүгіру. 5 метрден 3 рет жүгіру. Түрлі бағытта жүгіру, қағып алып жүгіру;<br>3) секіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру, алға ұмтыла секіру, бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру, аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін – алға, екіншісін – артқа қойып, бір орында тұрып секіру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; биіктігі 5–10 см 2–3 заттың үстінен кезектесе секіру; 20–25 см биіктіктен секіру; бір орында тұрып, ұзындыққа 4–6 сызықтың үстінен секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см); |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөздік қор. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың<br>бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>2) сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту;<br>3) заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру;<br>4) ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Келесі дағдыларды жетілдіру:<br>1) байланыстырып сөйлеу;<br>2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;<br>3) әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру;<br>4) сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану;<br>5) тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолдану. Байланыстырып сөйлеу.<br>Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауды үйрету. |
| | Көркем әдебиет | 2) мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>3) мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | Сөйлеуді дыбыстық мәдениеті:<br>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту.<br>Сөздік қоры:<br>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, құстар, табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту;<br>2) заттардың сын-сипатын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуды үйрету;<br>3) таныс сөздерді өмірде күнделікті қолдануды үйрету.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:<br>1) 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құрауды үйрету;<br>2) сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрін жасау білігін қалыптастыру.<br>Байланыстыра сөйлеу.<br>Шағын шығармаларды, өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды үйрету. |
| | Математика негіздері | Сан, санау:<br>1) 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау<br>дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету;<br>2) теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету;<br>4) 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;<br>5) сандық топты белгілей отырып, 5-ке дейінгі сандармен таныстыру. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>2) биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру; 3) шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:<br>күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту;<br>адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру. |
| | Құрастыру | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруды үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп,<br>бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.<br>Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. |
| | Сурет салу | Сюжеттік сурет салу: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>2) қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. |
| | Мүсіндеу | 3) пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі<br>бөліктен тұратын заттарды;<br>4) адамның пішінін;<br>5) заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектері иілгенге дейін сығымдау. |
| | Жапсыру | Сюжеттік жапсыру:<br>1) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде<br>орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;<br>2) дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.<br>Ән айту.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту<br>арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,<br>содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.<br>Ойындар, хороводтар.<br>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және<br>емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен**
**оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)______«Балбөбек» ш/о ___«Балапан» тобы________
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Жүгіру:** аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.***<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін |

| | | |
|---|---|---|
| | | әдіспен жүзуге талпыну.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс- әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін |

| | | |
|---|---|---|
| | | тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | Көркем әдебиет | - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | Қазақ тілі | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға<br>баулу.<br>**Сөздік қор.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;<br>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Сан, санау.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |
| | Сурет салу | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | Жапсыру | - қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. |
| | Мүсіндеу | - өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. |
| | Музыка | - балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сылдырмақтармен әуендерді ойнау.<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу. |
| | Құрастыру | - балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және |

| | | |
|---|---|---|
| | | орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | Қоршаған ортамен танысу | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен**
**оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)___»Балбөбек» ш/о___«Балапан» тобы___________
Топ: аралас  топ
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Кеудеге арналған жаттығулар.***<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, |

| | | |
|---|---|---|
| | | басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Шанамен сырғанау:*** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>***Шаңғымен жүру:*** шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке |

| | | |
|---|---|---|
| | | айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі |

| | | |
|---|---|---|
| | | және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | Қазақ тілі | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға<br>баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;<br>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты<br>үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |
| | Сурет салу | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. |
| | Жапсыру | - қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. |
| | Мүсіндеу | - өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Аяққа арналған жаттығулар.***<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың<br>бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.<br>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. |
| | Көркем әдебиет | - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ, ү, ұ, і" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға<br>баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). |
| | Сурет салу | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. |
| | Жапсыру | - қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| | Мүсіндеу | - өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. |
| | Музыка | - балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Металлофонмен әуендерді ойнау.<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биин үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | - балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | Қоршаған ортамен танысу | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі |

| | | |
|---|---|---|
| | | тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Аяққа арналған жаттығулар.***<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қор.**<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ, ү, ұ, і, ғ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға<br>баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Математика негіздері | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;<br>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | Сурет салу | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Жапсыру | - қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. |
| | Мүсіндеу | - өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Музыка | - балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдану. Барабанда әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |
| | Құрастыру | - балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | Қоршаған ортамен танысу | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.08.2022ж., 31.08.2022ж. 01.09.2022ж., 02.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.08.2022 | | 31.08.2022 | 01.09.2022 | 02.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске | | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмеләріндегі | Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлерлерінің сөздері арқылы «Еңбек | Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру. | | орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты ертегілер мен әңгімелер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. **"Үй өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінкті бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктердің суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске | қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Балалардың алдына мақсат қоя білуді, оған жету үшін еңбектену мәдениетін қалыптастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтауды үйрету (суару, тазарту, қопсыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсының мақсаты туралы айтуды ұсыну. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| | **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін | | **"Лото" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа үйрету.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны жетілдіру.<br>Тақ-тақ-тақ (қолдарын | **Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды?»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айтуды үйрету.<br>**(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша біздің үйіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрамында: текше, білеу, үшбұрыш, цилиндр, тақтайша бар құрылыс материалдар жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруды үйрету. | **Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қиярдың көгөніс екенін ажыратуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Біздің балабақша" тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балабақшадағы күн тәртібіндегі топтастармен біріккен әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш сөзіне, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын желітдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бәрінен бұрын барлық карточкаларын қояды, сол бала жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | оңға-солға сермейді),<br>Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерін айналдырады).<br>Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады).<br>Күзде түсер жапырақ (саусақ бастарын қимылдатады),<br>Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді).<br>Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды).<br>Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді),<br>Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кожагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | ұғымына байланысты екенін түсіндіру; бірнеше суретті қабылдап, "Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу. "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген | | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар айтылған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала сол | **Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Күлімдеп күн шықты,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекет туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ақ тілек» шаттық шеңбері.**<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады.<br>Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап,<br>(екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса.<br>(қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ,<br>("Түймедақ" рөліндегі балалар ортаға шығып, қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша!<br>Көбелек пен аралар<br>("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.<br>("Бүлдіргендер" ортаға жүгіріп шығып, беттерін алақандарымен ұстап, бастарын шайқайды)<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br>Еңкейіп кеп, ерінбей,<br>(қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын | | суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене,<br>моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>(Аударған А.<br>Көкенова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жазғы ойын-сауықтар** | | **Жазғы ойын-сауықтар** | **Дене шынықтыру**<br>"Қатар түзеп сапқа тұру"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қатар түзеп, сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету.<br>**"Кенгуру" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секірудің негізгі тұрысын көрсету және кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секіруді үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Ұйымшыл балалар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттардың арасымен доптарды домалатуды үйрету.<br>**"Заттардың арасымен" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеглилер, текшелер және басқа да заттардың арасынан допты домалатуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен** | | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен** | **Желдің соғуын бақылау. (қоршаған** | **Күздің ерте немесе кеш келуін бақылау.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мысықтың бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын арттыру.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру.<br>Н. Арынова "Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшада піскен көгөністерді жинау.<br>Мақсат-міндеттері. | | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өсімдіктердің тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** көгөністер жинау кезіндегі ұжымдық еңбек.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұжымдық жұмысқа үйрету.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>**Бақылау:** балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру.<br>**Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру.<br>Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)**<br>Желбезекті қолға алып | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақтар<br>Н. Әлімқұлов «Күз».<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді.<br><br>Қ.Ыдырысов «Күз».<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау,<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>**Бақылау:** табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білу.<br>**Қимылды ойын. «Астықты тасымалдау» (дене шынықтыру)**<br>Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс істеуге ұмтылысын тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. | | тәрбиелеу.<br>Балалар тобының арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды "қояндарды" іздеген болып жүреді, содан кейін жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен | жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.<br>**Еңбек:** тәрбиешіге көмек.<br>Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын». (дене шынықтыру)**<br>Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | шетіне тасу.<br>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>**Еңбек:** гүлзарда жұмыс істеу.<br>Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар. «Құмда сурет салу» (сурет салу)**<br>Балаларға құмда сурет салуды үйрету.<br>Атқарған жұмыстарын атап, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қалғаны бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап жүріп, келесі сөздерді айтады:<br>"Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?"<br>Балалар осы сөздерді айтып болған соң тоқтайды, "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен | | қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты олардың аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, доптан жылдам қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; қимыл координациясын пысықтау, допты лақтыру, күштерін бағыттауға машықтандыру.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір"** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек. "Тышқан" ұсталып қалса, оның орнына басқа кейіпкерді ауыстыруға болады. **"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттарды топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, ол оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** жүгіру техникасын жетілдіру. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс | | **қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгілі орындарға аттап секіру қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | координациясын дамыту. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Тергеушілер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту.<br>Келісім.<br>Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезек-кезек көрсетеді. Балалар қай заттың кімге және не үшін керектігін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, оның сын-сипатын айтып береді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін | | **"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Тәрбиеші".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдап, жаттап алуды үйрету.<br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Мақсат-міндеттері. Дайын суретті бояу.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу.**<br>"Көңілді балалар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар".**<br>Мақсат-міндеттері. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Асқар ата келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды екі параллель сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пысықтау; үлкенге құрмет сезімдерін, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа.<br>Барысы.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Балалар қойылымда қандай оқиғаны көрсететіндерін педагогпен бірге анықтайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік | | Балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы алдын ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада | Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруды үйрету.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Ойыншықтармен танысайық та, санайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету.<br>**Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет."**<br>Мақсат-міндеттері. Доптардың көлемі мен түсін анықтау.<br>**(танымдық дағдылар)** | қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруді үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Күз келді бақшама".<br>Мақсат-міндеттері. Балабақша маңайында ауа райын бақылау, күзгі құбылыстарды байқау, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Күз құбылыстарын атау іскерліктерін дамыту; балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Зообаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 1 саны және цифрымен таныстыру; 1 цифрын дұрыс жазуға үйрету, математика оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | | медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп, балаларды күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. | | қызметіне қызығушылықтарын арттыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын | | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне | **«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. | **Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | бірнеше заттарды қояды. Балалар оларды мұқият қарастырып алғаннан кейін, бәрі артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. | | толық сөйлем құруды үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)**<br>Өнер бұрышында балабақша, ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)**<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. | | | | |

| | |
|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09-09.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту"**. Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Өсімдіктерді тамақтандыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере отырып, топырақтың құнары таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау:тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| | **Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру»**. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын, | **Ойын: «Көліктер».** Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған** | **Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін | **«Жұбын тап».** Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. | **Үстел үсті ойыны. Пазл. «Қайсы отбасы мүшесі?»** Мақсат-міндеттер. Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зейінін, қабілетін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **ортамен танысу)** | арттырып дамытады.<br>Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады.<br>**(құрастыру)** | Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңеді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аспанда күн ыстық.<br>Жерде бізге кім ыстық?<br>Әке мен шешеміз<br>Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем! Сәлем! Сәлем!<br>Қалын қалай?<br>Сәлем! Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>(Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды).<br>Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу. | «Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды.<br>Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Достар жұптары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету.<br>**"Баскетбол" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты кеуде тұсынан жоғары ұстап, баскетбол торына дәлдеп лақтыруды үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Балабақша әніміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Қатардан қалма".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету.<br>**"Кедергілерден өт" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кедергілердің арасынан еңбектеп жүруді үйрету. | **Музыка**<br>"Біздің балабақшада ойыншықтар көп".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс- | **Дене шынықтыру**<br>"Бір-бірден қатарға тұру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету.<br>**"Күнді ұтып алайық!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру.<br>Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.<br>Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз.<br>Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді:<br>Қарт адамға: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | | «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндетері. Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (мәселен, гүл суару).<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндетері**.** Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып | **Бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндетері. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.<br>Жұмбақтар.<br>Ақ мақта,<br>Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) | **Өрмекші мен өрмекті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру.<br>Жұмбақ.<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп | **Өзенді бақылау. ( қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақтар.<br>Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындауды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен** | кетеді.<br>Жұмбақ.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>(Жаңбыр.)<br>**Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген | Көзі жасты жылжып,<br>келе жатыр бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды,<br>жадыраса, құлайды.<br>(Бұлт.)<br>**Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту.<br>Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап | жерге,<br>Аспалы торлар құрады.<br>(Өрмекші.)<br>**Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; | Бет көрсететін айнам,<br>тауып алдым сайдан.<br>(Ағын су.)<br>**Тәжірибе.** Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>**Қорытынды.** Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады.<br>**Қимылды ойын. «Жылға арқылы». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі түзу сызықтан екі аяқпен секіруді қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үйрету.<br>**"Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>**Еңбек:** гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы. | алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**Еңбек:** гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Мақсат-міндетері.<br>Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».**<br>Мақсат-міндетері.<br>Балалардың өз | ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Еңбек:** «Өрмектеп жинау».<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау қабілетін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері.Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Шкафқа не жиналғанын санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Атай". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауды үйрету. **Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Мақсат-міндеттер. Отбасы тақырыбында суретті бояу. **(сурет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау"** | **Сурет салудан ойын-жаттығу.** "Әжем пісірген піспенанды безендірейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту. **Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық".** Мақсат-міндеттері. Кейіпкерлердің санын гүлдердің санымен сәйкестендіруді үйрету. **(математика негіздері)**<br><br>**Қоршаған ортамен** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Отбасы шежіресі". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру. **Дидактикалық ойын. "Туыстық атауларды ажырат".** Мақсат-міндеттері. Отбасындағы туыстық атауларды танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**«Кімнің заттары?» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жақын адамдарына | **Жапсырудан ойын-жаттығу.** "Менің әжем". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы қиылған шеңберден әженің денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп, әженің шашын жапсыруды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру** "Мен және менің отбасым". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Артикуляциялық жаттығулар. [А], [Ә] дауысты дыбыстары.<br><br>**Үстел үсті театры.** Мақсат-міндеттер. «Менің балабақшам» және тағы басқа тақырыптарда сюжеттік суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **дамытушылық жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. **(дене шынықтыру)** | **танысудан ойын-жаттығу.** "Тазы". Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Иттің тамағын тап".** Мақсат-міндеттері. Иттің қорегін тауып атау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**«Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары**. Мақсат-міндеттері. Альбомдар мен сюжетті суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | тиесілі заттарды тауып айту. Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және тағы басқалар. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. Барысы. Балалар алдымен балабақша | таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру. **Дидактикалық ойын. "Отбасы ағашы".** Мақсат-міндеттері. отбасы мүшелері жайлы толық сөйлем құрау іскерліктерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | біліктіліктерін дамыту, заттардың қасиетін анықтауға деген қызығушылықтарын арттыру .<br>Керекті құрал-жабдықтар: дамытушылық ойыншықтар (машинкалар, пластикалық қуыршақтар, Лего ойыншықтары, Киндер тосынсый-ойыншықтары).<br>Барысы.<br>Балалар өз еркімен немесе топтың қалауы бойынша (ойыншылар) шеберлер рөліне тағайындалады.<br>Педагог олар үшін арнайы бұрыш ұйымдастырып, оны безендіреді.<br>Ойыншы балаларға бұзылған ойыншықты әкеледі, шеберге көрсетеді, шебер зерттеп, бұзылған ойыншықты жөндейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(сөйлеуді дамыту, шығармашылық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тапсырма:** суреттерді мұқият қарап шық. Барлық заттарды есіңе сақтауға тырыс. Кітапты жауып, суретте не салынғанын айтып бер. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"** Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Бала осы суреттердің ішінен күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы, "Күн бұлттардың артында жасырынып тұр". **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **Театрды сахналау.** "Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын, кейіпкерлердің әрекеттерін естерінде жаңғырту, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидиактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай | «Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | «Балаларға арналған үй жиһазы» атты сұрақ-жауап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстау керек?» | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09-16.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 | 16.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы | Ұйымдастырылған іс-әрекеті уақытында оқу құралдарын тарату, оларды орнына жинау, тамақ ішерде | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» (тәрбиешінің көмекшісімен бірге).** Мақсат-міндеттері. | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | кезекшілікті атқаруды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | тәрелкелер мен қасықтарды қою, ішіп болған соң жинасу сияқты жұмыстарды үйрету. **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілікті сезінуді дамыту, балаларға білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты ұстауды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге, ересектерге көмектесуге ниеттерін тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіп сақтауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануды, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| | **Үстел үсті ойыны** «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып, дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. **(қоршаған ортамен** | **Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл».** Мақсат-міндеттері. Өз еріктерімен суреттерді бояуды үйрету. **(сурет салу, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, сөйлеуді** | **«Мозаика»** Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттарды, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тілдерін дамыту. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?»** Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **дамыту)** | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу**.** **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | **дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Міне!" дейді<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстау.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту,** | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Жанды табиғат туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жансыз табиғат туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам!<br>Бәрі бірге айтады.<br>Күз мезгілінің алғашқы айындағы ерекшеліктері, табиғат жайлы әңгімелесу. | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып, өлең жолдарын бірге айтады.<br>Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)** | | | **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>"Қатарда жүру түрлері".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)<br>**Дидактикалық ойын. "Көңілді ноталар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Нотаны түстермен құрастыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Бір орнынан биікке секіру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіруді дамыту. | **Музыка**<br>"Жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Көңілді ноталар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Нотаны түстермен құрастыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсаң - шымыр боласың".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету.<br>**"Көңілді еңбекте" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Орындықта еңбектеу дағдысын үйрету. | **Қазақ тілі**<br>**"Менің жанұям мен туыстарым".**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларға отбасы, отбасы мүшелері туралы түсінік беру; отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, барлық түймелерін түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Бақшадағы көгөністерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>(Қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ.)<br>Тақпақ.<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>Бақылау: көгөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағам түрінде қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көгөністерді жинау; көгөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен киюді, түймелерің түмелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту. Нарғызгүл (георгин), қашқаргүл (астра), қырмызыгүл (календула).<br>Жұмбақ.<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.)<br>Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауды үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған оратмен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттері. Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту.<br>Жұмбақ<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ.)<br>Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Шалшықтағы суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Көркем сөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқауды үйрету.<br>Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде жерге тез сіңіп кетпейтініне | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауды үйрету. **Қимылды ойын. «Бағбандар».** Мақсат-міндеттері. Балаларды бақшаны бірлесіп жинауды үйрету. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. (**дене шынықтыру)** **Еңбек:** бақшадағы жұмыс, көгөністерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Бақшадағы көгөністерді жинап, ересектер мен достарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау. **Өз бетімен ойындар. «Көгөністер дүкені».** Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. | қайда өсетінін білу (орман, бақша және тағы басқа). Күзгі гүлдердің сұлулығын сезінуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».** Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы менептілікті дамыту. Ағаштарға өрмелеп шығып, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** **Еңбек:** бақшада жұмыс (жер қазу). **(еңбек іс-әрекеті)** Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мақтау және марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойнайтын ойындар.** Мақсат-міндеттері. Түстерді үйлестіруді | сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды. **Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».** Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтап ойнауд үйрету. Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. **(дене шынықтыру)** **Еңбек:** түскен жапырақтарды жинау. Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін | назар аудару. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. **Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | тәрбиелеу. **Қимылды ойын.«Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).** Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге құштарлықтарын дамыту, басқалардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар: доппен ойын.** Мақсат-міндеттері. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Берілген ойын тақырыбында шығармашылық және белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | үйрету. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс істеуіне көмектесу. Сөздік қорын дамыту. | қадағалау. **Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем».** Мақсат-міндеттері. Балалардың бірлесіп ойнауларын ұйымдастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **танысу)** **Өз бетімен ойналатын ойындар:** гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Мақсат-міндеттері. Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауға тәрбиелеу. | Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешіну, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстандағы ауыл мен қала елді мекендер | **Сурет салудан ойын-жаттығу.** **"Арқасын жиырған мысық".** Мақсат-міндеттері. Балаларға арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.** "Сұр қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуді үйрету.<br><br>**Вариативті компонент.** **Математика негіздері** "Цирк әртістері". | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәулік бөліктері жөнінде,"таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды | **Құрастырудан ойын-жаттығу.** "Ханзада бақа". Мақсат-міндеттері. Балаларды ағайынды Гриммнің "Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруды үйрету.<br><br>**«Жұбын тап».** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру.<br><br>**Дидактикалық ойын. «Көрші-көрші».**<br>Үстел ойындары: лото, домино.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Жабайы жидектер".<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы жидектердің пайдасы мен зияны туралы түсініктерін пысықтау.<br>**"Қарақаттан не жасайды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жидектердің қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру.<br>**Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Байқампаздықты, сөйлеуді, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата».**<br>Мақсат-міндеттері. Түсті қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | Мақсат-міндеттер: балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру.<br><br>**«Пішінді құрастыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Ормандағы оқиға".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!"**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштардың қасиеттері туралы білімдерін кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**«Суреттер құрастыру».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет | Геометриялық пішіндерді қайталау, оларды салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.<br>Ойын барысы: балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. | **Дидактикалық ойындар "Геометриялық пішіндер".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.<br>Көрнекілік: геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы.<br>Барысы: балалар геометриялық ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек тәріздес пішіндерді пайдаланады. Педагог тапсырма береді, | **Дидактикалық ойын "Жұмбақ сан".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу.<br>Сипаттама. Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан соны болжауды сұраңыз. | **Театрды сахналау.**<br>"Қасқыр және жеті лақ" ертегісінің желісін саусақ театры арқылы сахналау.<br>Мақсат-міндеттері. Ертегі желісінің мазмұның білуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Геометриялық фигуралар**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**(математика негіздері, құрастыру, жапсыру, сурет салу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | балалар оны жеке орындайды. **(математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)** 1-тапсырма. Дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойыңдар. Педагог үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді. 2-тапсырма. Мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар. Педагог бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді. 3-тапсырма. Дәл осындай пішінді көрсетіңдер. Педагог дөңгелекті көрсетеді. Ойын соңында қорытынды шығарылады, зеректік танытқан баланы педагог мақтайды. Ойынның барысында | Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін баламен рөлдерді өзгертуге болады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді. **(математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | Ата-аналардан сауалнама алу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |

| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | **19.09-23.09.2022ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен баласының ленсаулығы туралы жеке әңгімелесу (Мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары немесе карантин тобында желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету). | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау, оларды жуу, кептіру, сүрту және орнына жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Оқу құралдары қойылатын шкафта тәртіпті сақтау".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз беттерімен шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | **"Біз орындықтарды орнына қоямыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)** |
| | **«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын.** Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендердің | **Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, | **«Кім зейінді?»** Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі | **Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап».** Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, қазақ тілі)** | зейінін, ойлау қабілетін дамыту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | заттарды құрастыру.<br>Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер.<br>Барысы: тәрбиеші геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелерді құрайды. Жылдам құрастырған балаға мақтау айтылады. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)** | төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету.<br>Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Мінеі" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қол шапалақтау.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын кеуде тұсында ұстау, жұдырық түю.<br>4.2. Бастапқы қалып: алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Сәлем, күнім!<br>Сәлем, жер! | «Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, | «Армысың шапағатты, Күн-Ана!» | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлем, досым!<br>Сәлем, ел!<br>"Сәлем" деймін әрқашан,<br>Арайлы, балабақшам!<br>Жанды және жансыз табиғатты пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | аңға да!<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да!<br>Қайырлы таң, алға ассын!<br>Кешке дейін жалғассын!<br>(Жарты шеңбер құрып отыр. Бәрі бірге айтады.)<br>ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Армысың шапағатты, Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды, Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді, Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>"Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Шеңбер бойымен тұру, бір-біріне күлімдеп қарау. Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Біз алғырмыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.<br>**"Гимнасшылар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бөренемен төрттағандап жүру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету.<br>**"Арқан тарту" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойнауды үйрету. Қимыл ептілігі мен шапшаңдықты дамыту. | **Музыка**<br>"Күздің ғажайып құбылыстары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету.<br>**"Қатты немесе ақырын" музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Музыка мазмұнын ұғынуға, оны әсемдеуге әуеннің динамикалық реңкі көмектесетінін білу.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергіден өту амалдары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.<br>**"Секірейік көңілді" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бір орында тұрып секіруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br>"Ата-ананы тыңдаймыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ата-ана туралы әннің сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>**"Сылдырмақ" музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аспаптың үнін есту арқылы табуды үйрету.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Ағаштарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Көркем сөз.<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі,<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Бақылау: ағаштардың 2-3 түрін сыртқы белгілерінен (шырша, қайың, терек) тану және | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Шөптің солуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (Шөп, өсімдіктер.)<br>Бақылау: балалардың ұғымындағы шөптің түрінің өзгеруі туралы түсініктерін көңейту.<br>Өсімдіктерге қызығушылықтарын | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс.<br>(Шыбын.)<br>Бақылау: күз мезгілінде | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Саңырауқұлақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Сырты бүтін,<br>Іші түтін.<br>(Саңырауқұлақ.)<br>Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы.<br>Улы – шыбынжұт (мухомор), бозарыңқы арамқұлақ. | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ.)<br>Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін толықтыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырату. Маусымдық өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау.<br>**Қимылды ойын. «Аталған ағашқа жүгіріп бар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштың атауын сын-сипатынан білу. Белгі бойынша жұмыс істеу, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруды үйрету.<br>**Еңбек:** ағаштардың арасындағы қурап жатқан бұтақтарды жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындау, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** әткеншек тебу. Ойын барысында достық қарым-қатынастарын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет,** | дамыту.<br>**Қимылды ойын. «Көгершін» ойыны. (дене шынықтыру)**<br>(Шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны)<br>Мақсат-міндеттері. Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтау, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.<br>**Еңбек:** қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау.<br>Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар. «Ертегідегі үйшік» ойыны.**<br>Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу. | шыбын-шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы.<br>**Қимылды ойын. «Көбелекті ұстап алу». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруді үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** гүлзарды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** сүйікті ойыншықтармен ойнау, ойынды достарымен бірігіп ойнауды үйрету. | Бақылау: саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауды үйрету.<br>**Еңбек:** тотықұсқа қорек беру.<br>Мақсат-міндеттері. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар.** «Балық аулау» және тағы басқа ойындар. Ептлікті талап ететін дербес ойындарды ойнау, қимыл жылдамдығын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | жалғастыру; жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты тануды және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.<br>**Еңбек:** ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау.<br>Өз бетімен ойналатын ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылық қиялдарын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br><br>**Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".**<br>Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Астанаға саяхат".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету.<br><br>**Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты».**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отырулары керек. Ұшатын құс немесе зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып | **Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Көк тудың желбірегені".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаүлгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын. «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер".**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Менің көшемде не бар?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Көрнекті ғимарат".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ормандағы оқиға".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br><br>**Дидактикалық ойын. «Киім дүкені»**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі киім түрлері туралы әңгімелейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шарты ұлғая түседі.<br>Бастаушы ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты!<br>(қол көтереді) **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | мұқият қарап алады.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды.<br>Тәрбиеші балалардан ненің төлі жоқтығын сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет ойналады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | тәжірибеде қолдануға дағдыландыру;<br>құрылыстың тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Сиқырлы қапшық»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Дидактикалық ойын. «Не артық?»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып атауды ұсынады.<br>Жемістер мен көгөністерді ажыратады.<br>Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ.<br>Мұнда орамжапырақ артық, өйткені ол көгөніске жатады, | **Артикуляциялық жаттығу**<br>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр,<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара,<br>Мір-мір-мір- қап-қара | **«Дәл осындай пішінді тап».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бала санына қарай бірнеше құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық | **«Кел, жазайық.»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | қалғаны жемістер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | көмір. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алады, құлыпты ашады. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу. | «Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу. | «Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09-30.09.2022ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 26.09.2022 | 27.09.2022 | 28.09.2022 | 29.09.2022 | 30.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ұйымдастрылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сыртқа киімдерін қоятын шкафта тәртіп сақтауды үйрету. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | **"Асханада кезекшілік атқару".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. **(еңбек дағдылары, сөйлеуді дамыту)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыпты түрде бүктеп жинау. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге тәрбиелеу. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **Құрылыс ойындары** "Жануарларға арналған | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».** | **«Ғажайып қоржын» дидактикалық** | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** | **Суреттерді бояу** Суреттерді бояу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. **(құрастыру)** | Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың ойыншығына) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | **ойыны.** Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар: ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Қылқалам ханшасы».**<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка)** | **«Тілек тілеу».**<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды). **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. | Сәлем, саған, ыстық жерім!<br>Сәлем, саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер-Ана!<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам!<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)**<br>Алтын күз жайлы әңгімелесу. | Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Жапырақтар туралы әңгімелесу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден өту ойындары". | **Дене шынықтыру**<br>"Саршұнақтай жылдам болайық". | **Музыка**<br>"Жапырақтар сарғайды". | **Дене шынықтыру**<br>"Күздің қызықтары". Мақсат-міндеттері. | **Қазақ тілі**<br>"Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Доп кімде?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты төменнен жоғары лақтыруды үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Музыка**<br>"Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Күннің көзі және бұлт". **(музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу,** | Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** "Саршұнақ" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. **(музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** "Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды | Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету. "Басына қап қою" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Денесін тік ұстап жүруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Республикасының Мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...". Мәтінді мәнерлеп оқу. "Көрікті Қазақстан". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "Есте сақта". "Өз елің - алтын бесігің". **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **математика негіздері)** | | білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу. **(музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті.<br>Табиғатқа | **Бұтақтарды бақылау (итмұрын, мамыргүл (сирень), қара жемісті шетен, мойыл). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.)<br>Одан көз ашиды, жапырақтары өткір, түсі шұбар. (Шетен ағашы.)<br>Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру.<br>Табиғаттың әдемілігіне | **Жеміс ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Жеміс біткен бау-бақша,<br>Жемін жайды жан-жаққа.<br>Бақта құстар сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>Бақылау: балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге | **Торғайды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, математика негіздері, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру.<br>Бақылау барысы:<br>- Торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді?<br>- Қалай ән айтады?<br>Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен | Балаларды серуенге ынталандыру: серуенге керекті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.<br>**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Табиғат бұрышының мекендеушілерін қоректендіру.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** өз бетінше ойнауға тәрбиелеу. | сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету.<br>**(дене шынықтыру)**<br>Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар. «Қайық ойыны».**<br>2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, құрастыру, жапсыру)** | болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойындар. «Қоян мен қасқыр». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу.<br>**Еңбек:** «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру».<br>Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруды үйрету; тазалық сақтау және заттарды жинастыруды әдетке айналдыру.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** тақырып бойынша берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға қызығушылығын | қанаттары қара, қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басының түсі сұр. Торғай - епті құс, ол бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дәндер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады.<br>**Еңбек:** балабақша бақшасындағы арамшөпті жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** қозғалыс бағытын өзгерте отырып, белгі бойынша жылдам қозғалуды үйрету.<br>**"Допты ұста" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты екі қолмен лақтыру және ұстау дағдыларын бекітуді | бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Қимылды ойын. «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.<br>**Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау».<br>Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. Жемістер мен көгөністер туралы білімдерін бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | жалғастырыңыз. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | айналысуына жағдай жасау. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, музыка, математика негіздері)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».** Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Менің өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру.<br><br>**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы | **Сурет салудан ойын-жаттығу** Тақырыбы: Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. **Саусақ жаттығуы.** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Қыран". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту. **Дидактикалық ойын: "Қыранды тап".** Мақсат-міндеттері. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық | **Вариативті компонент. Математика негіздері** "Үш марғау" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.<br><br>**«Балықшы».** Мақсат-міндеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. **(дене шынықтыру)** | **"Ыдысты қалай жуамыз?"** Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".** Мақсат-міндеттері. Жалпылама ұғымдарды бекіту (педагог балаға допты лақтырып, жалпылауыш сөзді атайды, бала допты кері лақтырады және жалпылама ұғымға жататын сөздің нақты атауын атайды: ойыншық - қуыршақ (аю, доп, қоян, трактор), жиһаз - үстел (орындық, шкаф, сөре), киім - көйлек (жейде, шалбар, күртеше), аспап - домбыра (сырнай, сыбызғы, қобыз). **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен** | қабілеттерін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Театрды сахналау.** "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндететрі. Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **танысу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер».**<br>Мақсат-міндеттері. Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, әдемі құрақ құрайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)** | **Жаңылтпаш жаттайық.**<br>1) Доп деп,<br>Доп теп.<br>2) Қапыда ит қапты,<br>Қатты қапты,<br>Қапты қатты.<br>3) Қырқада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br>Алты арқарда марқа арқар бар.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | **"Жомарт күз"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>(з- з-з) - қатты\жай<br>2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Кел, санайық**<br>1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(математика негіздер)**<br><br>BilimKids мультфильмін көрсетіп пысықтау.<br>**Бес балапан**<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жеке бас тазалығынң негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10. - 07.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.10.2022 | 04.10.2022 | 05.10.2022 | 06.10.2022 | 07.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері: балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері: еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері: балаларды жеке киім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **Үстел үсті ойыны. "Лото. "Ұл мен қыздың киімдері".** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>- Кімге не қажет?<br>Қыз бен ұлға киім таңдау.<br>**"Қатарға тұрып** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>**"Қайда барсаң, соны** | **"Сақина" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай балалардың | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру.<br>Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу,<br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"** | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдарынан әртүрлі үйлерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **билейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зеректік қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуенжазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Басты оңға және солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін | **табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының әртүрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады.<br>**Көркемсөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркемсөзге | Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезекпен түреміз. (жеңді түруді көрсету)<br>Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе екі қос алақандай, (саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып айналдыру)<br>Айналдырып жуып | жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине және тағы басқа.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік. Жерде жүрсе, аяқтарымызды топылдатамыз. Суда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова. "Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **ортамен танысу, құрастыру)** | қызығушылықты арттыру.<br>*Б. Кірісбаев "Бақшада".*<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | жүзсе, қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз.<br>Аспанда ұшс, қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды екі топқа бөлініп, ойнауға болады.<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, сурет салу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Қылқалам ханшасы».<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Тілек тілеу».<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып, қайталайды).<br><br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем саған, ыстық жерім!<br>Сәлем саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br><br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер-Ана.<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам.<br><br>Алтын күз туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br><br>Жапырақтар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күзгі жолдар үстіндегі ойындар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету.<br>"Көңілді еңбекте" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тақтайда еңбектеуді үйрету. **(дене** | **Дене шынықтыру**<br>"Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету.<br>**"Кім шақырғанын** | **Музыка**<br>"Күзге ән арнайық".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>**"Төмен және жоғары дыбыстар" музыкалық-дидактикалық ойыны.** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды | **Қазақ тілі**<br>Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Музыка**<br>"Күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.<br>Дидактикалық ойын: "Балақан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Музыка ырғағына сай қол соға отырып, әннің әуеніне қосылу.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **анықта!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Досын дауысынан тануды үйрету. Еске сақтауды, есту зейінін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері.<br>Шығарманы тыңдап отырып, оның динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажыратуды үйрету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | үйрету.<br>**"Чемпион" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңкіс тақтайдың үстімен қатарласып жүруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру.<br>Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс.<br>"Күз" тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрау.<br>Фонемо-ырғақты жаттығу "Бұлтқа".<br>Өлеңді мәнерлеп оқу "Алтын күз". **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ қиім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері: күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарау.<br>Сұрақтарға жауап беру.<br>- Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, таспаны (лента) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен таспаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы.<br>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.<br>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштағы мұз текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда). | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Көркемсөз.**<br>**Б. Соқпақбаев "Мысық".**<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық. | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту.<br>**Көркемсөз.**<br>**Қ. Мырза Әли "Аспанда".**<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыт өткенде балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылынғанына көз жеткізеді.<br>Күн көзінде тұрған заттың қызатыны туралы қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, | - Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, таспаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе | Су күннің көзінде ысып кетеді Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, жазда адамдар күн көзіне қызған өзендегі суына шомылуға барады. Қыста су қар немесе мұз күйінде болуы мүмкін, қолмен ұстағанда суық екенін білеміз.<br>**"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды сұйықтыққа | Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа | Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.я<br>**Еңбек әрекеті:** ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен түлкімін!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үйлестіруге, ептілікке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, оны алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші балаларға: "Ал, балалар, ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?"- деп айтады<br>Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге оны тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек.<br>Сонда ақсүйек өзіне | бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырады, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына | жатқызамыз.<br>Шайнектен шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Педагог балаларға шайнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады.<br>Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шарты | тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады.<br>Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады:<br>**Көркемсөз.**<br>**Нағима Арынова "Мысығым".**<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан бір қалдмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да | тәрбиелеу.<br>Балалар кішкентай шеңберге жиналады.<br>Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал педагог шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беріледі.<br>Ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз атанады.<br>Жабдығы: ақсүйек (ойыншық).<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңға шығарылған материалмен ойындар.**<br>"Шеңберді дәлде".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Нысанаға дәлдеп тигізуді жаттықтыру. | қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, барлығы тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>"Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?"<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың | "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажет болса, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, олар қолдарын біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Кім қапшықты алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың белгі | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде балалардың бірнеше тобына ұйымдастыруға болады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойын ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; | бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру. | **дамыту, )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Күз туралы тақпақты құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау.<br>Жаттамақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті".<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз».** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру.<br>**Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?" (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі жапырақтар шоқтары".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу".**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Дидактикалық ойын.** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Алтын күз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету.<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Саңырауқұлақтар".<br>Мақсат-міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Күзгі ағаштар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш қимаүлгісінің үстіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **танысу, сурет салу)** Мақсат-міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.<br><br>**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. Допты екі қолмен қағып алу дағдысын бекіту. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта | **"Басқаша айт".** Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді бекіту (педагог балаға допты лақтырып, заттардың жалпы атауын атайды. Бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел).<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Алтын жапырақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру. Дидактикалық ойын. "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Мақсат-міндеттері. Заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету. | отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету. | жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?"** Мақсат-міндеттері. Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың допты қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. **(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер».** Ойынның мақсат-міндеттері: бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді кілемшелердің үстіне қояды да, әдемі құрақ құрайды.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңылтпаш жаттайық.**<br>1) Доп деп,<br>Дөп теп.<br>2) Қапыда ит қапты,<br>Қатты қапты,<br>Қапты қатты.<br>3) Қырқада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br>Алты арқарда марқа арқар бар.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Кел, жазайық.**<br>Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.<br>**(сурет салу)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>(з- з-з) - қатты\жай<br>2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **10-ға дейін тура және кері санауды бекіту.** Геометриялық денелерді дұрыс атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.10-14.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2022 | 11.10.2022 | 12.10.2022 | 13.10.2022 | 14.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндтеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, барлық адамның жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Табиғат бұрышы"** Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуді үйрету. **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық".** Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, кейін орнына жинау (қажетіне қарай). **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі және қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаған бала жеңімпаз болады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).** Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің | **"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қиялдарын дамыту. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Сипаттамасы берілген ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, оларға ауызша сипаттама беруді үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Саусақ ойындары.** Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап) Қайда болдың? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздар мен ұлдардың киімдері). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шапқылайды, жүреді, жортады, желиді, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, | құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға көтеру) | кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.)<br>- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? (Жемістер, көгөністер.)<br>- Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Пазл жинау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту, тапсырманы жан- | қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп қояды, біреуіне ауызша сипаттама береді, балалар сипаттамасы берілген үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала сол суретке өзі тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Көркемсөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге дағдыландыру; еске сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және | Мынау үлкен інімен (сұқ саусағын ашады)<br>Орманда болдым бүгін мен.<br>Ал мына бір інімен (ортаңғы саусағын ашады)<br>Ас пісірдім бүгін мен.<br>Одан кейінгі інімен (аты жоқ саусағын ашады)<br>Ботқа жедім мен енді.<br>Ал мына інімен (шынашағын ашады)<br>Айттым ән мен өлеңді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Еркін ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығын қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды төменнен жоғары көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды жоғары көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикалық ойлауды дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1- таяқшаны алға созу.<br>2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тік ұстау, жоғары көтеру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, қолды еденге тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1- оң аяқпен таяқшадан аттау, алға бір адым жасау.<br>2 -сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3- оң аяқпен таяқшадан аттау, артқа бір адым жасау.<br>4- сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру.<br>2- оңға иілу.<br>3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып. Барлығын сол жағымен орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр».**<br>Жаңбыр кеп жауады,<br>Тамшылар тамады.<br>Тырс-тырс!<br>Шаң-тозаң шайылды,<br>Шатырлар шайынды.<br>Тырс-тырс!<br>Көшелер тазарды,<br>Кір үйлер ағарды.<br>Тырс-тырс! | О, керемет, қандай тамаша!<br>Таң атты ғой бүгін басқаша!<br>Жаңаша көңіл күймен қарайық!<br>Достарымызға жылулық сыйлайық!<br><br>Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | Қайырлы күн, шуақты күн!<br>Қайырлы күн, көк аспан!<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Қайырлы күн, балабақшам!<br><br>Жемістер туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br><br>Көгөністер туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты!<br>Күлімдеп күн шықты ,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br><br>Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қалалар түледі,<br>Балалар күледі.<br>Тырс-тырс!<br>Жаңартып ауаны,<br>Жаңбыр кеп жауады.<br>Тырс-тырс!<br><br>Жаңбыр туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **көркем әдебиет)** | | **көркем әдебиет)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету.<br>"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың гимнастикалық қабырғаға көтерілу және қайтадан төмен түсу дағдыларын жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Епті баламыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету.<br>"Кешігіп қалма" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбектеу, жүгіру дағдыларын бекіту.<br>Қимыл жылдамдығы мен шиырақтығын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыка**<br>"Күз жомарт" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдай білу қабілеттерін арттыру; әнді тыңдау арқылы сыр-сипатын ажыратуды үйрету.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Біздің саяхат".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | <br>**Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдеп домалату".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру.<br>**"Доптан сақтан" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл жылдамдығын, нысананы көзбен көздеуді дамыту. | **Қазақ тілі**<br>"Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау.<br>Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұтақтағы алмалар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Жеміс-жидектерді ажырат".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жеміс-жидектер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру)**<br>**Музыка**<br>"Жомарт күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Біздің саяхат".** | | | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Ғажайып қап".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қаптан шығарылатын заттардың атауын, түсін, пішінін, көлемін атау; олардың не үшін қажет екенін айту. Сөйлеу тілін, еске сақтау, логикалық ойлауын дамыту. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | "Жемістер мен көгөністер".<br>Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер".<br>**Сөздік жаттығу. "Не жасырылған? Бұл не?"**<br>Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негіздегі сөздік жаттығу.<br>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері.<br>Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауды үйрету;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін ретпен киюін қадағалау.<br>**Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру.<br>Бақылау барысы.<br>Күзгі жаңбыр жазғы жаңбырға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай | **"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі, қылқан жапырақты қарағай | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір. | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Шалшық суды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркемсөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аудартy. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. **Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту. Көңілді ойнауға шақыру. **Еңбек:** құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. **(еңбек дағдылары)** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауды үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. | тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Күзгі жаңбыр жиі және тоқтаусыз жауады. Аяқтың асты балшық, аспан түнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады. Күздегі жаңбырдан соң қыс келіп, ақ қар жауады. Адамдар жаңбырда күртеше, пәлте мен етік киіп жүреді. Құстар да жауын-шашыннан жасырынып, қауырсындарын сулағысы келмейді. Жаңбыр ұзаққа созыла ма? Ол қандай көңіл күйді тудырады? Табиғат жаңбырға қалай әсер етеді? Бұлттар мен аспан қандай көрінеді? **Еңбек қызметі** Ойыншықтарды жинау. Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату | және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру. **Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. **Еңбек:** құстарды тамақтандыру **(еңбек дағдылары)** Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру. **Өз бетімен ойындар.** Өз бетінше ойнай білуге тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді** | Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегін құрметтеуді үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдық пен күш-жігерді дамыту. **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. **(еңбек** | Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде салқын түскенде жерег сіңбей, батпақ болып жататынына мән бергізу. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. **Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)** Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өз бетімен ойындар. «Ұшақтар».** Мақсат-міндеттері. Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | туралы түсінік қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** **Ұжымдық ойындар** "Бұғының үлкен үйі бар". Қимылдарды мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. **"Мысық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту. **Өз бетімен ойындар. "Батыл балалар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдысын жаттықтыру. | **дамыту)** | **дағдылары)** Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | үйрету. **Еңбек.** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуді және үлкендерге көмектесуді үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойналатын ойындар:** Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауларын қадағалау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Көгөністер мен | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Алма". | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Жемістер". | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсат-міндттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары.<br><br>**"Өз үйіңді тап" қимылды ойын.** Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші | Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр".** Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы».** Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне | "Кірпілерге жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. **Қимылды ойын "Ақ қоян".** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. | Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. **Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата".** Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері** "Көңілді саяхат" Мақсат-міндеттері. Балаларды 4 саны және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының | "Жапырақтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. **"Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету.<br><br>**Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".** Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. **(көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | "Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы, Әдемі көйлек кисеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші." Осы кезде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады, ал үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін бекіту. **(сурет салу, сөйлеуід дамыту, математика негіздері)** | қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айыбына тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.<br>Бастаушы:<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, қарға ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, арба ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, дауыл ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, торғай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, жылан ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ойында жаңылмаған ойыншы жеңіске жетеді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Сиқырлы суреттер».<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері.<br>Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. | Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат».<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек. | Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу. | «Таныс пішіндер доминосы».<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру.<br>Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын | Кел, жазайық.<br>Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.<br>Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | осылай жалғаса береді | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі. | Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану». | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10-21.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышында кезекшілік атқаруды үйрету. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды өз қолдарынан келетін еңбекке тарту, бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. **(сөйлеуді дамыту,** | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбектенуге тәрбиелеу. **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс істегенде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топ бөлмесіндегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдысын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты әңгімелер мен ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. **"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларының жаңа түрлерін үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **еңбек дағдылары)** | табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді | **Үстел үсті ойыны.** «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықкты дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Саусақ жаттығуы.** М.Әлімбаев «Он саусақ». Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. | **Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап".** Мақсат-міндеттері. Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойын шарты: педагог допты әр балаға кезекпен лақтырады, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала жауап береді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»** Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Құстардың атауын дұрыс атауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт заттың немесе суреттің ішіндегі біреуі артық болады.<br>Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"**<br>Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарын көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (жеңді түруді көрсету) | Екі саусақ бірікті<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды ...<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ....<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың айналадағы заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды.) | жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын желітдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды кім бәрінен бұрын қойса, сол бала жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)** | Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру.<br>Құралдар: түрлі ойыншықтар топтамасы. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (саусақтарды қосу, бүгу, екі қолды қырымен қосу, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (жұдырықтарымен қолдарын алмастыру, алақан ортасына басу, айналдыру)<br>Айналдыра жуып береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | - Оларды қандай бір сөзбен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.)<br>- Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндердің екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **танысу)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1- таяқшаны алға созу.<br>2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстау, жоғары көтеру.<br>3- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6- бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1- оң аяқпен таяқшадан аттап, алға бір адым жасау.<br>2- сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3- оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау.<br>4- сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру.<br>2- оңға иілу.<br>3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып. Жаттығуды сол жағымен қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Бидай туралы әңгімелесу.<br>Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді. | "Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Нанның қайдан келетіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу.<br>Балалар үстеріне киген киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Мергендер жарысы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.<br>"Алыптар мен құртақандар" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл үйлесімділігін дамыту, аяқтың ұшымен және жартылай отырып жүруді кезектестіруді үйрету. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Тәтті нан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс | **Дене шынықтыру**<br>"Арақашықты сақтау амалдары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету.<br>"Екі аяқпен секір" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Межеге дейін екі аяқпен бірге секіріп жетуді үйрету. **(дене шынықтыру)** | **Музыка**<br>"Адам еңбегіне жыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>"Әуенді сағат" музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үйренген әндер мен әуендерді есте сақтап, бекітіп алу үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен тануға машықтандырады.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Алға жүрелеп жылжу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>"Торғай мен мысық" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ереже бойынша ойын ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Қазақ тілі**<br>Қазақ тілі "Сиқырлы бауырсақтар".<br>Ыдыстар.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын. "Көңілді – мұңды".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Әуеннің көңілді не мұңды болуын түсінуді үйрету. **(қазақ тілі, музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күзгі желге көңіл аудару.<br>Іс-тәжірибелік әрекет: желбағардың көмегімен желдің күшін анықтау.<br>Балаларға жалаулар мен жапырақтарға қарап, далада желдің бар не жоғын және қай жақтан есіп тұрғанын байқату.<br>**"Түтікшемен үрлеп,** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға аспанда болып жатқан құбылыстарды бақылауды, бір-бірінен ажыратуды, атауды үйрету; күн райының құбылмалы болатынын түсінуді үйрету.<br>Балаларды әртүрлі табиғи құбылыстармен таныстыру: ашық, бұлтты, бұлыңғыр, желді. | **Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бағдарлау барысына, басынан аяғына дейін зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру.<br>Балаларға балабақша | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Танымдық әрекеттерін белсендіру; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету.<br>**Көркемсөз.**<br>**Қадыр Мырза Әли "Көше тазалаушы".**<br>Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. | **Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ағаштар туралы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажыратуды бекіту.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Дауылға да, аязға да, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таспаны (лентаны) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) қояды.<br>- Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер таспаны қатты үйрлеп желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға серіеннен кейін заттарды ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды жинау, | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзардағы гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тиісті еңбек | ғимаратын айналып өтіп, аумағында не өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.<br>**Көркемсөз.**<br>**С. Сейтхазин "Ағаш".**<br>Қала да орман, қыр да орман.<br>Сонау алыс жылдардан<br>Өзен бойы, жол бойы<br>Орман, орман ырғалған.<br>Қаптай өскен өңірді<br>Орман қандай өмірлі!<br>Нақтылау: қайсы ағаштар, бұталар, гүлдер.<br>**Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалып тұрған | Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру.<br>**Еңбек әрекеті:** сәбилер тобының ойын алаңындағы гүлдерді суғару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Сұқұйғышқа, шелекке су толтыру дағдысын дамыту, суғару кезінде суды ұқыпты пайдалану, ұжымдық жұмысты мақтау.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс** | Шыдап бағар міз бақпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап–жасыл боп тұрады. (Қарағай.)<br>Қысы-жазы шешпейтін,<br>Көйлегі бар жасылдан.<br>Өзгертпейді еш кейпін,<br>Жаралғандай асылдан. (Шырша.)<br>Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілеріне қарап ажырататындарын сұрау.<br>Екі ағаш қылқандарының ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсыну.<br>Қылқан жапырақтылардың неге осылай аталатыны туралы сұрау.<br>Ағаштардың адам денсаулығына, табиғаттың жандануына жағымды ықпалы туралы баяндау.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | себетке салу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл шапшаңдығын дамыту, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біреуінің артына орамалды тастап кетуге тиіс. Бала артына бұрылып қарап, орамалды қолына алып, орамал тастаған баланы қуып жетеді де, оған орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы | әрекеттерін орындауды үйрету.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер ішінде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін | нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілетін дамыту.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне керекті бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруге жаттықтыру, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғылар" болады, "бұғы аулаушылар" рөліне бір-екі бала санамақ арқылы тағайындалады. | алаңындағы табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Қадыр Мырза Әли "Санамақ".<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету, бір-біріне соқтығыспауды үйрету, тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдау; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дербес әрекет:** еркін ойындар, далаға шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | балалар жерге отырады, қолдарын босатады, барлығы демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; | болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрайды.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып кетіп, қайта қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол жылдамдыққа бейімдеуге болады.<br>Дербес ойындар: далаға шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті | "Бұғылар белгі бойынша алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, бәрін ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еркін ойындар:** далаға шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қажет құрылыс нысандарын тұрғызуды үйрету (үй, қора және | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағына қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдап алады; қалғандары – "қойлар" болады. "Қойшының" көзін байлайды.<br>Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?".<br>"Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады.<br>Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>"Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойын.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Бидай масағы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға "Масақ" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету.<br><br>**"Шарды ұста"** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту.<br>Дидактикалық ойын. "Бауырсақ қалай дайындалады?"<br>Мақсат-міндеттері. Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды кеңейту.<br><br>**«Зообаққа орналастыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Заттың көлеміне қарай салыстыруды, талдау жасауды үйрету.<br>Жабайы аңдар мен | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Таба нан".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету.<br>Дидактикалық ойын. "Нан қалай пайда болады?"<br>Мақсат-міндеттері. Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету.<br><br>**«Жеміс жинау».**<br>Дидактикалық мақсаты. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Сарқытты тең бөлейік".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған байланысты болатынын түсіндіру.<br>Дамытушы жаттығу. "Сарқытқа үш табақ."<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды түріне қарай топтастыруды үйрету.<br>**Дамытушылық жаттығу.**<br>**"Не өзгерді?"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейіндерін, еске сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. | **«Үйдің есігін жабайық».**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.<br>Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын бидай алқабы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бидай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту.<br>Тәрбиеші ортаға көп шарды жайып тастайды. Ойын басталғанда (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды тәрбиешіге ұстап береді. Кім көп шар жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын 10-15 секунд жалғасады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет, құрастыру)** | жануарлар, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар.<br>Ойын шарты: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар піл мен түйені үлкен торға, қоян, тиін және тағы басқа кішкентай торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін айтады. Пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады. **(қоршаған ортамен танысу,** | мен пішініне және түстеріне қарай ажыратуды үйрету.<br>Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері.<br>Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері. Тақтаға шақырылған бала жемістерді теріп, үш себетке жинайды. Бірінші себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер жиналады. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы қосылып айтып салыстырады. Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады.<br>Мысалы: «Себетте қанша алма бар? Себетте қанша алмұрт бар?<br>- Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен | Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен, заттардың саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жетуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс | алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау жаттығуы. "Дақылдарды таны және ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Бейбітшілік құсы - қарлығаш".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып алып, дұрыстап бүгу арқылы қарлығашты құрастыруды үйрету; қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | бір алмұрт алып қой. Осылайша, ойынды әрі қарай жалғастыр. Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан қаншасы кем? Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Анама бәліш пісіремін".<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бәліш жасауды үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырту. **(көркем әдебиет, құрастыру,** | нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа).<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы алдын ала әңгімелеседі.<br>Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын | "көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру; қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірінен ажыратуды; қолдың саусақ моторикаларын, эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету.<br>**(математика негіздері, сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **математика негіздері, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** | мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажетті киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орындауы; үй тұрғызғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Мынау қай пішін?»** Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішінді қолмен сипап анықтау арқылы айту. Көрнекілік: картоннан жасалған геометриялық пішіндердің 5 түрі. Барысы: бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап көреді, заттың атын дауыстап атайды. **(математикаа негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **«Мақал мәтелдер».** Мақсат-міндеттері. Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Артикуляциялық жаттығу.** «Кім, қалай дыбыстайды?» (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, аааааа ... ... (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа ... ... (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа ... ... (таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | **Кел, жазайық.** Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. **(математика негіздері)** | **«Кім зейінді?»** Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында үлестірмелі геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші төмендегі геометриялық пішіндерден бейнелер құрайды. Жылдам орындаған балаларға мақтау айтылады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата- | «Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған | Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда | «Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» | Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аналарға кеңес беру. | дәстүрлері». Сұрақ-жауап. | балалар өздерін қалай ұстау керек?» | тақырыптарында әңгіме жүргізу. | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.10.2022.**<br>**24.10. -28.10.2022ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.10.2022 | 24.10.2022 | 25.10.2022 | 26.10.2022 | 27.10.2022 | 28.10.2022 |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен** | Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру". | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Асханада кезекшілік атқару».** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстел жабдығындағы ретсіздікті көре білу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Балаларға мәтінді | | | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>*(Халық ауыз әдебиетінен)*<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту және пысықтау; сәйкес заттың бейнесін табуды, | | | бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атайса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ұшады құстар** | белгісі немесе қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырады, заттардың жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыз бен ұлдың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық** | Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бәрі сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "Демалыс кезінде доп ойнай аласың, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс атауды, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды бәрінен бұрын қойған бала жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: қос суреттер (бірдей), әртүрлі объектілер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | | | **біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта.<br>(құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады ұмтылып, (бір қолды сол жақта | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шапқылайды, жүреді, жатады, желиді, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады, жыбырлайды.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығын қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп | жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)**<br><br>**Санамақты жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Қадыр Мырза Әли "Санамақ".**<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық ...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төменнен жоғары көтеру)<br>Оңға ұшады ұмтылып. (екінші қолды оң жақтан төменнен жоғары көтеру)<br>Біресе төмен түседі, бұтаққа қонады, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жатады, отырады, жортады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады.<br>Бүркіт - ұшады, қалықтайды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде.<br>1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру.<br>3-4 бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде.<br>1- оң жаққа бір қадам жасау, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>2 - оңға иілу.<br>3- тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстау, төмен түсіріп тұру.<br>1-2- отыру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын кең ашып тұру, секірмежіп иықта.<br>1- денені оңға бұру.<br>2- бастапқы қалып қа оралу. | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдыра отырып, кішкене үзіліс жасау, екі аяқты ауыстыру, екі аяқпен бір орында секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Арайлы таң, армысың!<br>Шуақты күн, армысың!<br>Жан досым, саған сәлем берейін,<br>Аман-есен бармысың!<br><br>Жыл құстары туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түссін даламыз.<br>Қайырлы таң, достарым!<br><br>Құстар түрлерімен таныстыру, әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем бердім досыма!<br>Аман болсын әрқашан!<br>Асығамын қашанда!<br>Жайдарлы мінезді апайыма.<br><br>Құстар туралы қызықты деректер. **(сөйлеуді дамыту)** | Үлкенге сіз дейміз!<br>Кішіге де сіз дейміз!<br>Бәрін, бәрін құрметтеп,<br>Бас иеміз біз.<br><br>Жыл құстарының түрлерін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Саптарда кім бар?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету.<br>"Ұйқыдағы түлкі!" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. | | | . **Музыка**<br>"Көгершіндер әні".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: "Көңілді паровоз".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден секіру".<br>Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысын үйрету.<br>"Қоян" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарын | **Қазақ тілі**<br>"Үй құстары. Жыл құстары".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру.<br>Драматизация негізінде логоырғақ "Не қалай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | пьесаларды сын-сипатына қарай ажырата білуді үйрету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | қайталап көрсетуді үйрету. Еске сақтау, зейін, қимыл ептілігін дамыту | дыбыстайды?" Мақсат-міндеттері. Құстарды дыбыстарына қарай ажыратуды үйрету. Есту зейініне арналған жаттығу "Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Есту зейінін, еске сақтауды дамыту. Көру зейініне арналған жаттығу "Не бірінші? Не соңғы?" Мақсат-міндеттері. Көру зейінін, еске сақтауды дамыту. **(дене шынықтыру, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған** | | | **Торғайды бақылау. (қоршаған** | **Құстарды бақылау. (қоршаған** | **Құстың ұшуын бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымындағы сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>*(Ел аузынан)*<br>**Еңбек әрекеті:** далаға шығарылған материалдарды жинау. | | | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайлы түсініктері мен білімдерін тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қысқы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы көрінісіне қарап, оның қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымындағы аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға ойын аланыңа немесе бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдатады да, оларды ажыратуды ұсынады.<br>Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Құстардың әртүрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.<br>Қанаттарының көмегімен құстар бір орыннан екінші орынға, жерді баспай ұшып барады, аспанда қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларғасеруеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіруді, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа | | | сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмайсың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға кеңістікті бағдарлауды үйрету.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, құралдарды) ойын аланының әр жеріне қояды.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған | айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды мәтінді еске сақтауды және мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру.<br>**Ж. Сымақов "Торғай".**<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене | секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып қалықтайды.<br>Мысалы, бүркіт биік ұшып, қалықтап, өз қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалықтап жүретінін бейнежазбадан көрсету.<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша үлескесін ағаш үгінділерімен жабу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жұппен жұмыс істеуді үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін ойнап тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшуға") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады.<br>Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды | | | объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдардың құмын қағу, орнына жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, | торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>**Еңбек әрекеті:** ағаш тұқымдарын жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ит пен торғайдың іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту; дауысты басқаруды үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып шапалақтайсыңдар, "төмен" десем - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "каздар" саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттері бағаланады.<br>**"Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет!". | | | белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді, екі бағытқа қарайды, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша | **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту.** | күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кішкентай болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіру қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншыларынан өзіне көп қосып алса, сол топ ойында жеңеді. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіру дағдысын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | | **"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. "Заттар" ретінде орындықтарды, сатыларды, діңгектерді қолдану. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". Мақсат-міндеттері. Бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне астыдан жоғары лақтыру дағдыларын бекіту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!"деп санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам түрде шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті,** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларға Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету. **Зейінге жаттығу. "Бірдей екі үйректі тауып ал".** Мақсат-міндеттері. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ұ], [ү] | | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Көлдерге қонған үйректерді санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды ғана емес, дыбыстарды да санауға болатынын түсіндіру. **Дамытушы жаттығуы. "Құс қайда ұшты? Көрсет."** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін, кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Бұлбұл". Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлбұлдың сыртқы | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Мысық, қораз және түлкі" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халық ертегісінің мазмұнымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап".** Мақсат-міндеттері. Құстардың суреттерінің арасынан жыл құстарын табуды үйрету. Зейін, сөйлеу, еске сақтауды дамыту.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Көлшіктегі торғайлар". Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Тыраулайды тырналар". Мақсат-міндеттері. Балаларды тырнамен таныстыру, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. **"Тірек суреттер арқылы тырна туралы әңгімеле" шығармашылық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың тырна туралы білімдерін ертегі негізінде пысықтау.<br><br>**"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ұ], [Ү] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болып естілуін түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. "Қаздар! Ұшыңдар!"**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай қозғалуды үйрету; ойындағы мәтін бойынша диалогке қатысуға, рөлді сөздеріне сай атқаруға жаттықтыру; белсенді қарым-қатынасқа, шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. | | | көрінісімен таныстыру, бұлбұл туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дидактикалық ойын. "Құстар қалай дыбыстайды?"**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарды сыртқы бейнесі және дыбыстауы бойынша бір бірінен ажыратуды, тануды үйрету.<br><br>**"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын | Балаларға шаршыдан шеңберді шығарып қию арқылы торғайдың басы мен денесін жапсыруды, дайын дайындамаларды пайдаланып торғайдың қанаттарын жапсыруды үйрету.<br>Дидактикалық ойын. "Құстың ұясы".<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден құстың ұясын құрастыруды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Алан мен Дана қонақта".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен | Мақсат-міндеттері. Белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточканы біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Асхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың асханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), | | | айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге құрмет сезімдерін, жақынына сүйіспеншілікке | таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, | құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл және тағы басқа.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Театр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын барысында балалар мен бірге театрдың маңызы, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) тәтті-дәмді тағамдар әзірлеу жұмысы туралы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін | | | тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа. Барысы. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу | құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). Педагог құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды | декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіндігіне қарай перделер және тағы басқа), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалардың | | | тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | сәулетші бастайтынын айтады. Балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(көркем** | қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттерді қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсын орындағысы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетін белсендіру үшін қосымша сұрақтар қояды, Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану, адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындауы. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент.** | | | | **әдебиет, жапсыру, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді .<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Құрастыру** "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдары жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атай білу; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Көліктің қолдану мақсатын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік туралы білімдерін кеңейту; көліктің қандай мақсатта қолданылатынын анықтай білу | | | | | қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | іскерліктерін жетілдіру. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, құрастыру)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Сиқырлы суреттер».** Мақсат-міндеттері. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі сурет қиындылары. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | | | **«Танып ал да, атын ата».** Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ойыншықтар немесе суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық | **Тыныс алу жаттығуы: «Мен құйынмын».** Мен құйынмын, құйынмын,<br>Шаң тозаңды үйірдім.<br>Ү-ү-ү-ү-ф!<br>Кездескеннің барлығын<br>Ұшырамын деп шүйілдім.<br>Ү-ү-ү-ү-ф!<br>Өлең жолын тәрбиеші айтады, әр екі жол сайын балалар тыныс алу жаттығуын жасайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын "Құстарды көлеңкесінен таны".** Мақсат-міндеттері. Баланың зейін қабілетін дамыту,затты сөзбен сипаттауды, ұқыптылыққы үйрету. Құстардың суреттерін құстардың көлеңкесімен сәйкестендіреді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы агрессивті мінез-құлықтың бастаулары". | | | Кеңес: "Ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген кезде өзін қалай ұстау қажет?" | Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру". | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **31.10-04.11.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022 | 02.11.2022 | 03.11.2022 | 04.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(қоршаған** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні ілгішке іліп қоюды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету; шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыптылықпен бүктеп, орнына жинап қою. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда бірлесіп еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмесіндегі терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу)** | | | тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)** | |
| | **Саусақ жаттығуы**<br>1. Шынжыр. Оң және сол қолдың бас бармағы мен балаң үйрек саусағын түйістіру, оларды өзара айқасытру, шынжыр жасау.<br>2. Піл: оң қолдың алақаны жайылып тұрады. Сол қолдың саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы болады.<br>3. Доп: алақандар бір-біріне жабысады. (доп пішінін жасайды)<br>4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара | **Үстел ойыны. «Сурет бойынша жинастыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көркем сөзге қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің,<br>Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен.<br>Сүт ботқасын таңғы асқа береміз.<br>Денсаулыққа пайдалысы-ет екен<br><br>Ұннан піскен | **«Бұлт неге ұқсайды?»**<br>Мақсат-міндеттері. Әртүрлі заттар мен жануарлардың сыртқы бейнесін табуды үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға әртүрлі табиғат | **«Мысық пен тышқан».**<br>Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтармен қашады)<br>Жылдамдатып жүгірді. (жылдам жүгіреді)<br>Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды)<br>Зәресін мысық ұшырды.<br>Қарады мысық тесіктен, (көздерімен жан-жаққа қарайды)<br>Тышқанға: «Бері шық!» - деді. (қабағын түйеді)<br>Еденді ұрды «Тук-тук!» деп, (айқасқан жұдырығымен еденді ұрады)<br>Тырналады, кетпеді. (еденді тырналайды)<br>Былай-былай тартады. (айқасқан жұдырығын | **«Жұбын тап».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: жемістер мен өккөгөністерге байланысты текшелер.<br>Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, қызықты ойын бастайды. Атаы аталған бала текшені бірінші болып қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді рет-ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.<br>Саусақтар шынжыр болады,<br>Үзілмейді тартсаң да,<br>Ал, піл келіп шынжырды,<br>Үзіп кетті басқанда.<br>Тұмсығымен доп іздеп,<br>Ойнағысы келіп тұр.<br>Достық үшін пілге мен,<br>Гүл сыйлағым келіп тұр.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. | бауырсағым, бәлішім,<br>Тәттілерім дастарқанның сәні шын.<br>Жеміс-жидек дәруменге бай екен,<br>Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен.<br>Д. Бұланбаева.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Педагог балаларға жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді жылдам тауып алу керектігін айтады. Жаңбырдың қалай пайда болғанын бейнелейтін суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | екі жаққа тартады)<br>Бұза алмады қамалды.<br>Амалы құрып мысықтың,<br>Үйіне қарай қайтады.<br>Қуанып тышқан есікті,<br>(айқасқан жұдырығына қарап үрлейді)<br>Жәй ғана кеп үрледі.<br>«Алақай, есік ашылды!» - деп,<br>(қолдарын айқара ашады)<br>Ініне қашып үлгерді.<br>(еденде қайта жүреді)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жеңіске жетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Көгөністі ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту; көгөністер мен жемістердің денсаулыққа пайдасын туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, сұраққа толық жауап беруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.)<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды.)<br>- Оларды қандай сөздерге біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.)<br>- Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен жауып қойыңдар.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру.<br>3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде.<br>1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>2 оңға иілу.<br>3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2 отыру, секіртпені жоғары көтеру.<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта.<br>1 денені оңға бұру.<br>2 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір орында екі аяқты бірге қосып секіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Көгөністер дүкені" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсаты-міндеттері. Балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеу тілін белсендіру: көгөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау. **(сөйлеуді дамыту,** | **«Сәлемдесу».**<br>Балалар екі-үш жұп құрап тұрады. Әртүрлі елдің адамдарының сәлемдесу рәсімін көрсетеді**.**<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Күздің кереметі тақырыбындағы суретке қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | "Жомарт күз" тақырыбын пысықтау, тақпақ айту, жұмбақтар жасыру. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қазақ тілі)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру дағдысын үйрету.<br>**"Қоян" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп келіп, сәбіз жегендей қимылдарды үйрету. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Күз әуені".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>"Озамын десең - зерек бол".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұруға; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіруге үйрету.<br>**"Тордан допты өткізу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **Музыка**<br>"Жомарт күз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету.<br>**"Музыка бояулары" музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көңіл күйді білдіруге үйрету.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден сүрінбей өтіп көр".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіруді; допты екі қолымен ұстап, бастан асыра кедергінің үстінен лақтыруды үйрету.<br>**"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жерде домалап жатқан допты жүгіріп келіп алу, допты жоғарыдағы себетке лақтырып салу.<br>**(дене шынықтыру)** | **Қазақ тілі**<br>"Не, қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - қатты".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; "қатты - ақырын" қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысын үйрету. **Дидактикалық ойыны. "Соқыр теке".** Мақсат-міндеттері. Балаларға ән айта жүріп, епті, әрі жылдам болуды үйрету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. **Тақпақ. Асқаржан Сәрсеков «Күзгі көрініс».** Күздің салқын самалы Аймалайды маңдайдан. | **Бірінші қатқақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру. **Тақпақ. Х. Тағаров «Алтын күз».** | **Шалшық судың бетіндегі үлдір қабыршағын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. Жұмбақ. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға | **Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әрқайсын өз атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алып қашып барады<br>Жапырақты сарғайған.<br><br>Тыныстаған ырғалып<br>Бақ-бау қандай, гүл қандай?<br>Сары қыздар сырласып,<br>Сыбырласып тұрғандай ...<br>**Бақылау:** ауа райына байланысты топырақтың касиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды, тобарысып жатады; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады.<br>**Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене** | Дәнге толып қызыл қырман,<br>Қырман басы қызыл думан.<br>Мөлдіретіп жүзімдерін,<br>Келді алтын күзім менің.<br>Молшылық күз – береке күз,<br>Береке күз – мереке күз.<br>**Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны).**<br>Жануардың рөлін таңдау және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс | Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (Мұз.)<br>**Тәжірибе:**<br>«Шалшықты айналып өту».<br>**Қимылды ойын. «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еске сақтауды, қимыл жылдамдығын жетілдіру.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа | қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойды | арасында байланыс орнатуды үйрету.<br>Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.<br>**Еңбек:** ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту. | жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келгенде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес шапалақтайды, "бояуды қуалап" кетеді.<br>Егер "бояу қашып" қайтып келсе, | тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап, мына сөздерді айтады:<br>Мысығымыз момықан,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға | дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттергі жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге мұқият қарайық, далада желдің барын немесе жоғын анықтап көрейік.<br>Далада жел бар болса, оның қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа қарай соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа қарай соғып тұр.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; | Мақсат-міндеттері. Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келгенінше көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ересек балалармен бірлескен ойындар. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру.<br>Ойынға жауапкершілікпен қарауға, ойын тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**Еңбек:** қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу. | жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**Еңбек:** ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар.**<br>«Зырылдауықтармен ойын».<br>Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын | дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады.<br>Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, қайда ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді сол жаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-каздарды" ұстап алуға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. | тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетіне "қасқырлардан қауіпсіз" орынды балаларға алдын ала сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттері бағаланады. **"Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды үйрету. **Еркін ойындар: шығарылған** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.** Мақсат-міндеттері. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Балалардың қолынан қорек іздеген тиіннің суреті бойынша әңгіме құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттауда, сол суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны.** | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Үлкен және кішкентай қарбыздар". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Күзгі орманның ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балаларға түсініктер беру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет».** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз ойын жоспарын құрдастарының жоспарларымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді өзгерту. Балаларды қоршаған | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Кішкентай бағбан". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Күзгі ағаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. **Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?"** Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, сын-сипатын байқауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Мысық пен тышқан». Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы. Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан мысық пен тышқанды белгілеп, мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады. **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. | **«Дауысына қарай ажырат» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру.<br>- Балалар, мен сендерге әртүрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардың даусы екенін табасыңдар.<br>**(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**<br><br>**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, | ортадағы өмір туралы білімдерін ойындарда кеңінен қолдануға шақыру; диалог сөйлеуді дамыту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту.<br><br>**"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар** | өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету.<br><br>**"Көгөністі танып, атауын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.** | және атауды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Бақшадағы мол өнім". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту.<br>**"Жемістер-жидектерді және көгөністерді топтастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні, түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету.<br><br>**"Кім көп атайды?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан кейін жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бейнеленген суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары. Суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар ұшқындары, бүршік ату, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. | қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.)<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.)<br>- Оларды қандай жалпылауыш сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.)<br>- Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(математика негіздері, қоршаған ортамен** | **айтысы" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін айтыс жариялайық.<br>- Қамшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек.<br>- Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады. Бастаймыз!<br>- Жақын - алыс. | Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: әртүрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады, дауыстап айтады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау.<br>Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады.<br>Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу)** | - Үлкен - кішкентай.<br>- Ұзын - қысқа.<br>- Қорқақ - батыл.<br>- Зұлым - мейірімді (пантомима арқылы көмектесуге болады).<br>- Баяу - жылдам.<br>- Астында - үстінде.<br>- Артында - алдында.<br>- Биік - аласа.<br>- қатты - жұмсақ<br>- Ауыр - жеңіл.<br>- Сол жақ - оң жақ.<br>Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ойнауды ұйымдастыруға болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Тәулік бөліктері».**<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атау, бір-бірінен ажырату дағдыларын жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балалар суретті кезек-кезек алып, тәуліктің | **Дидактикалық ойын (коммуникация).**<br>«Тіл туралы ертегі» - артикуляциялық гимнастика<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық аппаратты дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын (таным, сенсорика).**<br>«Қуыршақтарға моншақтар алыңдар».<br>Мақсат-міндеттері. Үлгі бойынша түс таңдау.<br>Материал: негізгі түстердегі қуыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері. | **Дидактикалық ойын. "Сиқырлы "- ң"әрпі"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "ң" дыбысын дұрыс айтуын қадағалау. Балалар "ң" әрпі бар сөздерді айту қажет. Мысалы: аң, таң, мұң, шаң, маң, маңай, маңдай, таңдай, сең, жең, мең, көң және тағы басқа. | **Дидактикалық ойын «Фотоаппарат».**<br>Мақсат-міндеттері. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе кез келген басқа суреттер.<br>Сипаттамасы: 5 секунд |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | **(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастаңыз және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыныңыз. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қойыңыз: қанша, қандай түс және тағы басқа. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу. | Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11-11.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, адал еңбектенуге және | **"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. | **"Күтушіге төсек салуға көмектесу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан клген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | | | |
| | **Үстел үсті ойындары. "Көліктерді топтастыр".** Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету; Керекті құралдар: көліктер. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Домино».** Мақсат-міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар".** Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. **(шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Көліктер».** Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны.** «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. **(танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты төкпей-шашпай жеу **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денеңе көп күш жина. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Көлік түрлерімен таныстыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен | Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвин сияқты секіру".<br>Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Музыка әуенінің ырғағына еріп, барлығы қатармен жүру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы | **Дене шынықтыру**<br>"Ойын шартын ұстанайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.<br>**"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуге дағдыландыру. **(дене шынықтыру)** | **Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Сан түрлі секіре аламыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету. **(дене шынықтыру)**<br>**"Ирелеңдеген соқпақ жол" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көздерін жұмып немесе орамал байлаған қалыпта кегли арасымен жүруге дағдыландыру. | **Қазақ тілі**<br>"Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>**Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу "Қане, көрсет".**<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету.<br>**"Көлеңке" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. «Көлеңке» әніне әндете жүріп, әртүрлі құстар мен аңдардың қимыл-қозғалысын келтіру.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Мәшине жүріп келеді, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл көрсету)<br>Пароход жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, қолды толқын тәрізді екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді. Қане, көрсетші. (екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту)<br>Катер жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Автобус жүріп келеді,<br>Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу)<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер | **Автобустарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу).<br>Жұмбақ.<br>Жүргіздім бұл үйімді,<br>Жүйткісе, жұрт | **Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету.<br>Жұмбақтар.<br>Арқасында алып жүр,<br>ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус)<br>Табанында жолы бар,<br>төбесінде қолы бар.<br>(Трамвай) | **Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету.<br>(сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине)<br>Жұмбақ.<br>Резеңке аяқты жануармын,<br>Барлық жолдарды кезіп | **Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине және тағы басқа.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен білдірейік. Жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі топқа бөлініп ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** аланды тастардан тазалау. | сүйінді.<br>Бар жолмен жұртты тасып жүр<br>Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді. | **Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындауды үйрету, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады, | өтемін,<br>Құрылыста іске жараймын,<br>Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине)<br>**Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту.<br>**Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету | Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)**<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. тастарды арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Кейін тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше | **Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».** Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасқан күйде жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна».** Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау. | (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойындар:** әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету. | дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін ойнайтын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларға ауызды жауып, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Бойыңа көп жина күш. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Дастарқандағы асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Асқабақ тиелген трактор".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**"Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүк көлігі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүк көлігінің үлгілерін қағаз бетіне | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жүк мәшинесі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету.<br><br>**Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.<br><br>**"Автобус" қимылды ойын.**<br>Балалар қатарға бір-бірден тұрады.<br>Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көлік жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көліктер жүретін | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көліктер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.<br><br>**"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы: балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі.<br>Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастырып жапсыруды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Көлік жүк тасымалдауда".** Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді түсі мен көлеміне қарай ажырату біліктерін дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. **Керекті құрал-жабдықтар.** Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). келісім. Педагог құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, | бастайды. Ең әуелі, баяу қозғалады. Содан кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Дамытушылық ойын.** "Тыныс алуды реттеу". Мақсат-міндеттері. Балаларды сан ырғағына сәйкес тыныс алуға жаттықтыру; балардың жүргенде дұрыс тыныстауын бекіту. Барысы. Педагог санау бойынша үйретіп өткізеді. Кейін жиі немесе сирек тыныс алу жаттығуларын (терең тыныстау) ұйымдастыруға болады. Тапсырманы орындау барысында белгілі сөздер мен өлеңдерді, | ұзын және қысқа жолдар". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру.<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. **(сөйлеуді дамыту)** | **компонент. Математика негіздері** "Аю циркте қандай өнер көрсетеді?" Мақсат-міндеттері. Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Педагог балармен бірге | әндерді айтқызып жаттықтыруға болады. **(дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасуы; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.** Мақсат-міндеттері. Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Затты сипаттамасынан таны".** Мақсат-міндеттер: зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын дамытады. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесінен таны».** Мақсат-міндеттері. Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосуды ұсынады. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық".** Мақсат-міндеттері. Қиял, талдау дағдыларын дамыту. Ойын материалы және көрнекі құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған жеуге болатын кез келген (жеуге болмайтын) зат. Сипаттама: ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табу. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) айтқызу; түсін, бір-бірінен айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Автобустарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікте өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу).<br>Жұмбақ. | **Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету.<br>Жұмбақтар.<br>Арқасында алып жүр,<br>ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус.)<br>Табанында жолы бар, | **Жүк автокөлігін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратудыүйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине)<br>Жұмбақ.<br>Резеңке аяқты | **Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине тағы басқа.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, суретке қарайық. Балалар, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды екі топтарға бөлініп ойнауға болады. | Жүргіздім бұл үйімді,<br>Жүйткісе, жұрт сүйінді.<br>Бар жолмен жұртты тасып жүр<br>Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус.)<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша (жүргізуші ойыншыға қолын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босатылған орынға тез отыруды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, | төбесінде қолы бар. (Трамвай.)<br>**Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тыңдай білуге, мықтылыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші:<br>Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді. | жануармын,<br>Барлық жолдарды кезіп өтемін,<br>Құрылыста іске жараймын,<br>Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине)<br>**Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге (белгі бойынша арқанды және қарама-қарсы топтың балаларын өзіне тарту) үйрету.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту.<br>**Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. | Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)**<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар<br>Жүргізуші рөлін өзіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. Тастар арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Сол тастарды бояп, қызықты құрылымдар жасауға болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен | алға секіруді үйренеді. **Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».** Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауды үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу. | Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, орындарынан жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауды үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастары тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна».** Ұялшақ және өзіне сенімсіз балалардың өзгелермен бірлесіп ойнауларына қолайлы жағдай жасау. | Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс ітеу үшін балалардың шағын топтар құруын қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелерін орындауды үйрету. | алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталып қалғаннан кейін, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар шеңбер құрып тұра қалады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою керек. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін ожинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ойыншықтар туралы әндерді тыңдау. Аспаптармен таныстыру. **(музыка)**<br>**Театраландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Танымал ертегі мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишарамен түсінісу қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жадықтар.<br>Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері.<br>Барысы.<br>Педагог балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді.<br>Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес өз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | костюмдерін киіп, тиісті орындарына барады.<br>Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге қай бала, қай кейіпкердің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауларға ие болады.<br>Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Өнер бұрышында көлік түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Көлікке жол салу, гараж құрастыру. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу. | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру.<br>"Ішек ауруларының алдын алу». | "Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11-11.11.2022ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | **"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. | **"Күтушіге төсек салуға көмектесу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан клген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Үстел үсті ойындары. "Көліктерді топтастыр".** Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету; Керекті құралдар: көліктер. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Домино».** Мақсат-міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар".** Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. **(шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Көліктер».** Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны.** «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. **(танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Көлік түрлерімен таныстыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвин сияқты секіру".<br>Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, | **Дене шынықтыру**<br>"Ойын шартын ұстанайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен | **Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; | **Дене шынықтыру**<br>"Сан түрлі секіре аламыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен | **Қазақ тілі**<br>"Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Музыка әуенінің ырғағына еріп, барлығы қатармен жүру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету.<br>**"Көлеңке" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. «Көлеңке» әніне әндете | жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.<br>**"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуге дағдыландыру. **(дене шынықтыру)** | музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету. **(дене шынықтыру)**<br>**"Ирелеңдеген соқпақ жол" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көздерін жұмып немесе орамал байлаған қалыпта кегли арасымен жүруге дағдыландыру. | ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>**ЫМ-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу "Қане, көрсет".**<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Мәшине жүріп келеді, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл көрсету)<br>Пароход жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, қолды толқын тәрізді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүріп, әртүрлі құстар мен аңдардың қимыл-қозғалысын келтіру. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | екі жаққа ирелеңдету) Мотоцикл жүріп келеді. Қане, көрсетші. (екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту). Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Автобус жүріп келеді, Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу) **(дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Автобустарды бақылау. (қоршаған** | **Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған** | **Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған** | **Ересек балаларды бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу).<br>Жұмбақ.<br>Жүргіздім бұл үймді,<br>Жүйткісе, жұрт сүйінді.<br>Бар жолмен жұртты тасып жүр<br>Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сигнал бойынша | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету.<br>Жұмбақтар.<br>Арқасында алып жүр,<br>ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус)<br>Табанында жолы бар,<br>төбесінде қолы бар.<br>(Трамвай)<br>**Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине)<br>Жұмбақ.<br>Резеңке аяқты жануармын,<br>Барлық жолдарды кезіп өтемін,<br>Құрылыста іске жараймын,<br>Жұмыстан мен қорықпаймын.<br>(Мәшине)<br>**Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және тағы басқа.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен білдірейік. Жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі топқа бөлініп ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау.<br>**(құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>тастарды арнайы жерге | (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді.<br>**Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау.<br>Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».**<br>Қарды жиып, күрекпен | ережесін сақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындауды үйрету, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасқан күйде жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту.<br>**Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау.<br>Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру.<br>**Өз бетімен ойындар:** әткеншек тебу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың | **шынықтыру)**<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу.<br>Балалардың бастамашылдығын ынталандыру.<br>Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе ыдысқа жиналады. Кейін тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін ойнайтын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар! | нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар.**<br>**«Секіргішпен ойна».**<br>Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау. | шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Асқабақ тиелген трактор".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**"Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау. Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жүк мәшинесі".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету.<br><br>**Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.<br><br>**"Автобус" қимылды ойын.** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көлік жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін топтастыруды және | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көліктер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.<br><br>**"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүк көлігі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүк көлігінің үлгілерін қағаз бетіне орналастырып жапсыруды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Көлік жүк тасымалдауда".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Геометриялық пішіндерді түсі мен көлеміне қарай ажырату біліктерін дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын | Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Керекті құрал-жабдықтар.**<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, | Балалар қатарға бір-бірден тұрады.<br>Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі, баяу қозғалады. Содан кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дамытушылық ойын.**<br>"Тыныс алуды реттеу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сан ырғағына сәйкес тыныс алуға жаттықтыру; балардың жүргенде дұрыс тыныстауын бекіту.<br>Барысы.<br>Педагог санау бойынша үйретіп | атауын атауды дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру.<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары:<br>геометриялық пішіндер жинақтамалары, | балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Аю циркте қандай өнер көрсетеді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | кемпірауыз және тағы басқа).<br>келісім.<br>Педагог құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. | өткізеді. Кейін жиі немесе сирек тыныс алу жаттығуларын (терең тыныстау) ұйымдастыруға болады.<br>Тапсырманы орындау барысында белгілі сөздер мен өлеңдерді, әндерді айтқызып жаттықтыруға болады.<br>**(дербес әрекет, дене шынықтыру)** | шаршы пішінді парақтар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасуы; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.**<br>Мақсат-міндеттері. Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Затты сипаттамасынан таны".**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын дамытады. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесінен таны».**<br>Мақсат-міндеттері. Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосуды ұсынады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық".**<br>Мақсат-міндеттері. Қиял, талдау дағдыларын дамыту.<br>Ойын материалы және көрнекі құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған | **Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жеуге болатын кез келген (жеуге болмайтын) зат. Сипаттама: ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табу. **(сөйлеуді дамыту)** | бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу. | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу». | "Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Блбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |
| **Жоспардың құрылу** | **14.11-18.11.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау. | "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. | "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | "Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | "Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Заттармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Заттармен өз бетінше ойнауды, құрдастарын ойынға тартуды, әр баланың бастамасы мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын.** «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айтуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі. Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Қажетті киімді алыңыз".** Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал: бала саны бойынша қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің кескіндері. Қысқы және жазғы пейзаж суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы мезгілдердің суретін кезекпен | **"Зымыранды жинайық".** Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: зымыран бөлшектерін дұрыс таңдаңдар, бүктеңдер. Ойын әрекеті: зымыранның жеке бөліктерінің қажетті орнын табу. Дизайнды тек сызба немесе үлгі бойынша орындау. Дидактикалық материал: үлгілер, зымыранның сызбалары. Әр балаға дизайнер. Ойын барысы. Балалар дизайнерден зымыранды үлгі бойынша жинайды. Педагог балаларға бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кию керек. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | үлгі, зымыранның сызбасы екенін айтады.<br>- Біз сізбен бірге конструктор боламыз. Дизайнерлер сызбаларын қарап, содан кейін зымыран жасайды.<br>**(танымдық және шығармашылық, зияткерлік дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жабайы табиғат туралы пысықтау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді үйрету.<br>**"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді | **Дене шынықтыру**<br>"Аңдардың жүрістеріне еліктейік".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету.<br>**"Ұстап ал" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіруге дағдыландыру. **(дене шынықтыру)** | **Музыка**<br>"Аңдардан нені үйренеміз?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуді үйрету.<br>**"Әнді орналастыру" музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдау арқылы әннің атауын табу.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Ойын жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында оңға және солға бұрылып секіруді; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3–4 рет) үйрету.<br>**"Ұстап ал" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіруге дағдыландыру. | **Қазақ тілі**<br>"Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының атауларымен таныстыру; "жылдам - баяу" қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту.<br>**Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жабайы аңдар".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Музыкалық сағат".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Әуенді тыңдау арқылы әннің атауын табу. | | | | Мақсат-міндеттері.<br>Жабайы аңдардың көлеңкелерін тауып, дұрыс атауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы | **Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>**Экологиялық міндет:** | **Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды | **Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге.<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар.)<br>**Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат | дамытуды жалғастыру.<br>**Экологиялық міндет:** өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту.<br>**Көркемсөз.**<br>М. Әлімбаев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегін үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.<br>**Табиғат құбылыстарын болжау.**<br>Ыстық жел соқса, жаңбыр жауады.<br>Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады.<br>Тәжірибе: топырақ салынған бар-екі ыдыс | жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау. | үйрену.<br>**Экологиялық міндет:** таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейтінімізді айтыңыз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су | жалғастыру.<br>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>**Экологиялық міндет:** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін күту». Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. | дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** Қорытынды: топырақты қопсыту керек. **Экологиялық ойын. "Өсіру".** Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. **"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру**.** **(дене шынықтыру)** **Еңбек:** гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау). Мақсат-міндеттері. | **Көркемсөз** Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл-гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. **Жұмбақ** Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт.) **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; | тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады. **Көркемсөз (сөйлеуді дамыту)** Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай | Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын. Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру. | Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға | вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам | шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп қалады. Педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ойыншы балалар жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған қу түлкі:"Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылуы керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **Еңбек:** алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа | бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады: Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тырысады.<br>Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Балалар өз туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. | жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еңбек:** балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр". (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуалайжы, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" | қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту.<br>Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. | қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ересектерге көмек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, арқамен теріс қарап жүгіру және тағы басқа) Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | | көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары". | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Түлкі деген қу болар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағазды бұру | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қояндар отбасы қысқа дайындалады". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Батпан құйрық". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Батпан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбізді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру.<br><br>**Сюжеттік ойыншықтармен ойындар:**<br>Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа.<br>Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын.** | Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту.<br><br>**Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттері. | арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға | Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Мыршай".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>**"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, математика** | құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?"**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аю бауырсақпен кездесті".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Аңшылар мен қояндар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнасшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру; цирк әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс істейтін әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).<br>Барысы.<br>Ұйымдастырылған іс- | қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты | **негіздері)**<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын.**<br>"Табиғи қорық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен | **Дидактикалық ойын. "Ненің басы , ненің құйрығы?".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Суреттен жабайы жануарларды тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Зәулім сарай".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеттің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс істейтін әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс істейтін әртістерге: сайқымазақтар, гимнасшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға болып бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен | мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, | құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін | **Дидактикалық ойын. «Берілген дыбысқа келетін сөзді ата».** Шарты: ойынды педагог бастап, балаларға бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: шырша - алма - апорт - трактор - .... **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мақтайтынын айтып қою қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қызметкерлердің қандай қызмет атқаратынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын. «Артығын тап».** Әрбір балаға | **«Суреттерді орналастыр».** Мақсат-міндеттері. | **«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».** Мақсат-міндеттері: | **«Жоғарыда, төменде».** Мақсат-міндеттері. Жоғары – төмен | **«Оң және сол».** Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық, қар қыста ғана болады. | Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанға, әр жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады. | ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. | ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейінді, қиялды дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары. Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді. | заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру. | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | "Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **21.11-25.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі іс-әрекеті балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс | **"Төсектерді салуға күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмек көрсетуге | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында ретсіздікті көре білу. | ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа ниеттенуді, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. | құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. | киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті сақтауды, ұжымда бірігіп еңбек етуді үйрету. |
| | **"Суретті жина".** Дидактикалық тапсырма. "Дана және оның достары!» Ойын ережелері: конвертті таңдап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды. Ойын әрекеті: бөлшектерді іздеу, болжау. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын. «Не артық?»** Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Арасынан артығын тауып, оларды атау ұсынылады. Балалар жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық. | **Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»** Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Саусақ жаттығуы.** Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. **(сөйлеуді дамыту)** | **Еркін ойындар.** Мақсат-міндеттері. Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Орамжапырақ көгөністерге жатады, қалғаны жемістерге жатады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.2. Қолды алға көтеру.<br>1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау.<br>1.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде.<br>2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу.<br>2.2. Оңға, солға иілу.<br>2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.<br>2.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Аяқтың ұшына көтерілу.<br>3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату.<br>3.2. Содан кейін ұшымен топылдату.<br>3.3. Бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. **(сөйлеуді дамыту)** | Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Ертегілерді сахналайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Сахналаудың түрін таңдап, ертегіні сахналайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>"Арқан астынан еңбектеу". | **Дене шынықтыру**<br>"Қимылдарды қалай танимыз?" | **Музыка**<br>"Қоңыраулар сыңғыры". | **Дене шынықтыру**<br>"Иілгіш боламыз". Мақсат-міндеттері. | **Қазақ тілі**<br>"Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсат-міндеттері. Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету. **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіруді үйрету. **(дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттері. Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуді үйрету. | Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету. **«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. **(музыка)** | Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету. **Тыныс алу жаттығуы.** "Балапандар" жаттығулары: аяқты сәл алшақ қойып алға қарай еңкею, "қанаттарын" артқа апару. Кішкене адыммен жүгіріп, "шип-шип-шип" деу. (20-30 секунд). **(дене шынықтыру)** | кішкентай". Мақсат-міндеттері. "Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)** **Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу. «Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка** "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау. **«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. **(музыка)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын | **Жапырақтың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық | **Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі өзгерістер туралы және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>**Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру.<br>**Қорытынды.** Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға | жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету.<br>Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату.<br>Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.<br>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?<br>- Жапырақтар жел соққанда жерге ағаштан үзіліп, ауада қалықтап барып, жерге баяу түседі.<br>- Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. | жиналатын шалшық суларға аудару.<br>Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.<br>**Көркемсөз.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>**Тәжірибе.** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)**<br>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, | еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш | өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.<br>**"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру. Балаларға түрлі таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ не ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін, таңбалауыштарды қайта тарату керек. **Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)** Желбезекті қолға алып жарысу. Кім мәрегебірінші болып жетеді, сол бала жеңімпаз болады. **Еңбек:** тәрбиешіге көмек. | Қоңыр күз, қоңыр күз. Жапырақтары желге ұшады және баяу ұшады, өйткені олар жеңіл. - Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме? - Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды? - Күз келгенде олар қалай өзгерді? Қайың жапырақтарының түсі қандай? (Алтын сары.) **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. | бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. **Қимылды ойын. «Айна» (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу | жігерді дамыту. **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту. **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Санамақ арқылы жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Балалардың ішінен біреуін "қасқыр" етіп | шарты бойынша әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды. Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті. Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Желбезекпен ойын». Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбырдан кейінгі шалшықты баспау үшін, биік жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұрулары тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктерін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға** | керек. Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады.<br>**Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.** Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).<br>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау. | сайлайды, қалғаны "аққу-қаздар" болады. "Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың біреуі ойынды жүргізулері мүмкін. Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:<br>- Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға!)<br>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)<br>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)<br>Құсшы:<br>- Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап жетіңдер!<br>Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді!<br>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі.<br>Сөйтіп, аққу-қаздар | санайды, кімнің көп балық ұстағанын анықтайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>**Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Өз бетімен ойындар.** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | азайып біткенше ойын жалғасады. **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Балалардға ересектерге көмектесуді үйрету. Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Ағаштарды қар басты". Мақсат-міндеттері. Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". Мақсат-міндеттері. Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Өсімдіктер күтімі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтар фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру.<br>Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".<br><br>**Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет.<br>Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті** | дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Ғажайып шамдар,<br>Алғашында дақ боласыңдар.<br>Сәулелеріңді шашып,<br>Жарқырап жайнайсыңдар.<br>Жанып-сөніп,<br>Жанып-сөніп<br>Жарқырап жанасыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Вагондарға дөңгелек таңдау».**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: | ағаштың діңі мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Алтын құс".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, | сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау.<br>**Дамытушы ойын. "Ғажайыптар көлігін жөндейік."**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпірқосақ** | оларды көргенде тануды үйрету.<br>**"Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға допты кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **компонент.**<br>**Математика негіздері** "Еркежан әже қонаққа келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда -төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әртүрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру. | балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Кім (не) алғашында не немесе кім болды?"**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлауды дамыту, сөздікті кеңейту, істің соңын бекіту.<br>Қозғалыс: педагог балалардың кез келгеніне допты лақтырады, затты немесе жануарды атайды, бала педагогке допты қайтарғанда аталған заттың кім (не) екені туралы сұраққа жауап береді:.<br>Тауық - жұмыртқа.<br>Нан - ұн.<br>Жылқы - құлын.<br>Шкаф - тақтай.<br>Сиыр - бұзау. | **түстерін тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | айту керек.<br>Сиыр мөңірейді. (Мө - мө)<br>Жолбарыс ақырады. (Ырр-ырр)<br>Жылан ысылдайды. (Ысс-ысс)<br>Маса ызыңдайды. (Ызз-ызз)<br>Ит үреді. (Ап-ап)<br>Қасқыр ұлиды. (Уу-уу)<br>Мысық мияулайды. (Мияу-мияу)<br>Шошқа қорсылдайды. (Қорс-қорс)<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Велосипед - темір.<br>Көйлек - мата.<br>Балық - жұмыртқа.<br>Етік - тері.<br>Алма ағашы - тұқым.<br>Үй - кірпіш.<br>Күшті - әлсіз.<br>Көбелек - құрт.<br>Ересек - бала. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт».**<br>Педагог:<br>- Балалар, «Қыс» деген сөздегі соңғы «-с» дыбысын алып тастап, орнына «-з» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады?<br>Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады.<br>- Жас- ... (жаз).<br>- Қас- ... (қаз). | **Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп».**<br>Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер.<br>Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен | **"Айырмашылықтарды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар.<br>Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін | **Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап».**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары.<br>Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның атыауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып | **"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер.<br>Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Түс- ... (түз).<br>Қыз, қыр<br>Жаз, жақ<br>Қаз, қар<br>Тұз, тас<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | анықтауы керек.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қайда екенін анықтау керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу. | Баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу. | "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | "Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу. | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11.2022 - 02.12.2022.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 28.11.2022 | 29.11.2022 | 30.11.2022 | 01.12.2022 | 02.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету. | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын "Ненің ізі?»** Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны.** "Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын.** "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **«Заттарды салыстыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен -кішкентай. Ұзын -қысқа . Ұғымдарын үйрету. **(математика** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.2. Қолды алға көтеру.<br>1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау.<br>1.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде.<br>2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу.<br>2.2. Оңға және солға иілу.<br>2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.<br>2.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Аяқтың ұшына көтерілу.<br>3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату.<br>3.2. Аяқтың ұшымен топылдату.<br>3.3. Бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Қыс мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. **(сөйлеуді дамыту)** | "Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңіс тақтайдың үстімен жүру". Мақсат-міндеттері. Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) | **Дене шынықтыру**<br>"Досқа нені үйретемін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені | **Музыка**<br>"Қыс бояулары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы | **Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен | **Қазақ тілі**<br>"Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыз мезгілі жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету. **"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Қыс әні".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату | 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. **"Баскетбол" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды үйрету. **(дене шынықтыру)** | контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру. **Дидактикалық ойын. "Қояндар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді не мұңды, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. **"Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден "жылан" тәрізді жорғалап өтулері керек. **(дене шынықтыру)** | түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманда қар жауып". Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау. Сөзді-ырғақты жаттығу "Ну орманда қар жауып". Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жазда, қыста". **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін қалыптастыру. **Дидактикалық ойын. "Үлкен – кішкентай".** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуды; музыканың ырғағын сезінуді үйрету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның | **Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **Ересек адамдармен** | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** | **Қар мен мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа | **Қайың мен шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. **Ересек адамдармен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, оның өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу.<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Аққала ойыны".<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері." Қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай | **тапсырмалары** (ұсақ қоқыстарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br>**Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде оған карауға тыйым салынады.<br>Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар затты жасырады.<br>Осыдан кейін жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей | тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау.<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қоқыстарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)**<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:**<br>қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. | бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:**<br>**"Жалаушаға тезірек жет".**<br>Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары. | ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынға 3 - 10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмуға тырысады. Ойын басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып оны тығады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығына еститіндей дауыстап жариялайды | екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады:<br>Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп әкетіп, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. **(дене шынықтыру)**<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру. | | | да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу.<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді, батылдықты дамыту, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу. | тиіс.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жатығу**<br>"Аппақ қыс".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру.<br>**«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?"**<br>Мақсат-міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату.<br>Барысы: педагог балалардың алдына әр | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Сыңарлы және сыңарсыз киімдер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу)**<br><br>**Дидактикалық ойын. «Артығын тап».**<br>Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады.<br>Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аулаға қар жауды".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау.<br><br>**"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Байтерек".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды макарон өнімдерін трафаретке | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Боран".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қыс келді" тақпағын жаттау".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында"тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақтөске үйшік құрастырамыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және суретті бейнелеп береді. Мысалы: күн бұлттардың артында жасырынып тұр. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіргенде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту. **Дидактикалық ойын. "Қате тап". Құрастыру. "Зәулім ғимараттар".** Мақсат-міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | құрастыруды үйрету. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап».** Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс | **Шешуін тап, заттарды ата.** Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді | **Дидактикалық ойын.** «Сөз ойла». Мақсат-міндеттері. Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады.<br>- Әдепті - ...<br>- Әдепсіз<br>- Жақсы - ...<br>- Жаман<br>- Ақ -...<br>- Қара<br>- Үлкен -...<br>- Кішкентай<br>- Сыйлау- ... | **"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық!<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)** | де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс.<br>Тәрбиеші:<br>- Інде не тұрады?<br>- Тышқан.<br>- Тышқан неден қорқады?<br>- Мысықтан.<br>- Суды қайда құямыз?<br>- Шелекке.<br>- Қыста немен сырғанаймыз?<br>- Шанамен.<br>- Қуыршаққа не тағамыз?<br>- Моншақ.<br>- Алманы (гүлді) қайда жинаймыз?<br>- Себетке.<br>Тәрбиеші барлық балалардың сұрақтарға дәл жауап беруін, яғни фланелеграфтан сәйкес келетін заттарды табуын және сөздегі - | - Сыйламау **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)** | жұмбақтарды алдын ала дайындау.<br>Мысалы:<br>* түрлі-түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді. (Көбелек.)<br>* көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді. (Пойыз.)<br>* жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды. (Қасқыр.)<br>* жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде әрқашан алдайды. (Түлкі.)<br>* сары қабығы бар жеміс. (Лимон.)<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ш, - с дыбыстарын дұрыс айта білуін қадағалайды.<br>Осы тектес ойын арқылы сөздегі - ж, - з дыбыстарын дұрыс айтуды жаттықтыруға болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жаңа жылдық шырша» көрмесі. | Кеңес беру. «4 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы». | «Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру. | «Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу. | "Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12-09.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. БалаКсларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"** Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға | **"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге | еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұмтылысты дамытады. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.**<br>Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Шаттық шеңбері**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"-деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.**<br>Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Төрт тағандап еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттері: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тексеріп, қатарға тұрғызуға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Қысты сағындық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың басқа ұлт | **Дене шынықтыру**<br>"Сапты бұзбай еңбектейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүгіруге; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіруге үйрету. | **Музыка**<br>"Жаса, елім!"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Озаттар эстафеталары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруға үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білуге үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Шанамен жарыс". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. **(еңбек дағдылары)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Туға дейін секіру, "Қақпада". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Нысанаға тигіз". **(дене шынықтыру)** | Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек дағдылары)** Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел | **Ырым.** Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі көйлек киген Дана".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мерекелі | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш" | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көк тудың желбірегені".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еліміздің | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қазақстан қалалары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар және жапсырмалар | Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін тиянақтау.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Тостағанды әшекейлейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүру арқылы, бұрыштарын кесіп алып, тостаған қимаүлгісін қағаздың тең ортасына, көлденең орналастырып жапсыруды, тостағанның тең ортасына сол жақтан оңға қарай "қошқар мүйіз" оюларын жапсыруды үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы | тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Үшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды геометриалық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Театр".<br>Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, | дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер: Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдауп, атауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Мұхитарал (океанариум)".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мұхитаралдағы балықтар туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы | Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің қалаларын жатқа білуге үйрету.<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қатты қағазбен, пластиктан), шаштаразшы, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын; перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлем жасайтын жетондар мен карточкалар.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында жұмыс жасайтын шаштаразшы, маникюр мен педикюр шебері, бет әрлеуші жайлы әңгімелеседі, суреттермен танысады.<br>Балалар қай маман, қандай құралдарды пайдаланатынын түсіндіреді.<br>Балалар сұлулық салонында жұмыс жасайтын жұмысшылардың рөлін өзара бөлісіп алады; | мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.<br>Педагог диалог | капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Сахна орны.<br>"Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, | түсінік беру.<br>Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.<br>Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн.<br>Балалар рөлдерді | сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мамандар өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады; қалған балалар тұтынушы болады. Педагог мамандарға өз орындарын қалай дайындау керектігін түсіндіреді, ал тұтынышыларға өз қалауларын сөзбен немесе журнал бетінде бейнеленген сурет арқылы дұрыс жеткізу керектігін айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін | өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | таңдайды.<br>Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді .<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.**<br>Мақсат-міндеттері: қарапайым сұрақтарға | **"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар | **Дидактикалық ойын. "Не артық?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен | **Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар.<br>Шарты.<br>Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.<br>Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.12-30.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.2022 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, | **"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. **(еңбек дағдылары)** | **(еңбек дағдылары)** | Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш | **Санамақтар.**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар. **(сөйлеуді дамыту)** | **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу. **(сурет салу)** | құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. **(математика негіздері)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту,** | Жасыл шырша туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту. **(сөйлеуді дамыту,** | Жаңа жылдық мәнерлеп тақпақтар айтайық. **(сөйлеуді дамыту,** | Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қазақ тілі)** | **танысу)** | **көркем әдебиет)** | **көркем әдебиет)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұзындыққа секіру". Мақсат-міндеттер: 40 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге (6-8 рет) дағдыландыру; алдындағы допты баспен итеріп, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту және допты жоғары лақтыруға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Дала аппақ". Мақсат-міндеттер: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Қысқы ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету. | **Музыка**<br>"Аққаламен достасайық"<br>Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау. | **Дене шынықтыру**<br>"Қысқы эстафеталар". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке.". Мақсат-міндеттер. Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардағы іздерді бақылай білу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>Жұмбақ.<br>Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>**Бақылау:** қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан- | **Өзенді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Туған жердің белбеуі,<br>Шұбатылып қалыпты.<br>Керемет-ау кернеуі,<br>Тасты тесіп, жарыпты. (өзен)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Бұлт өзеннен су алса ғана жауады.<br>**Бақылау:** қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. Бірінші көлдің жиегінде мұз пайда болады, ол жұқа, тез ерігіш; содан толығымен қалың мұз басады; көлдегі мұз үстімен адамдар | **Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Күн мұңайып тұр бүгін,<br>Қыс ызғары келеді.<br>Жұмбақтар.<br>Жаңа жыл күні<br>Төрінде тұрар.<br>Басқа күні<br>Өскен жерінде тұрар. (шырша)<br>**Бақылау:** қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге | **Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.<br>**Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.<br>**Ересек адамдармен** | **Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту.<br>**Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілін дамыту. **Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек:** орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, | жүреді, балалар коньки тебеді; мұздың үстін қар басады, мұз астында балықтарға өте қараңғы, олар аз қозғалады. Кейбір жерлерде ойылған ойықтарды көруге болады, ол жерлерде балықшылар отырады. Судың астында ауа аз, балықтар ойықтың үстіне шығып дем аламын деп балықшының қармағына түсіп қалады. Балаларға өздерінің көргендерін ашып, толық көлемде айтуларын талап ету. **Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».** Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын | салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір-бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша - үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай - қылқан жапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты жеткізу. **Қимылды ойын. «Қақпа».** Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. **Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға | тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достық, ұжымдық түсіністік болуын қадағалау). | ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту.<br>**Еңбек.**<br>«Қар ойыны.<br>Қар туралы білімдерін бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату; табиғи материалдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру<br>**Өз бетімен ойындар:** ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, бір-біріне көмек көрсету, қиындықтан шыға алуға талпындыру. | жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу. | 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығы еститіндей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі | **әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қос қолғап".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қыс қызығы аққала".<br>Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ аю".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде | **Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Қыс қызығы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Сырғанақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету. | таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету.<br><br>**"Мысық пен тышқандар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>"Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып | домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Қыстың жуан және жіңішке жолақтары".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>Қажетті құралдар: | табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Жылқы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету.<br><br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, | қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту.<br><br>**«Тақия тастамақ» қимылды ойын.**<br>Ойынның мақсат-міндеттер.<br>Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>- Тынышталыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді.<br>Мысықты сомдайтын бала өз рөлін атқарады, "тышқандарды қуалайды".<br>**(дене шынықтыру)** | ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері.<br>Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. | түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Үшінші артық**<br>Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1) Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші, бес пысық.<br>2) Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім. | **Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру.<br>Балаларда көркем | **Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)** | қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс. | «Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Арлас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **4 жас  балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **04.01-06.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | 04.01.2023. | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне ұқыпты қарау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбектенуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | |
| | | | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Құрылыс ойыны "Зәулім ғимарат".**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(құрастыру)**<br><br>**«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға | **Үстел үсті ойыны "Лото".**<br>Жалғасын тап.<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Сипаттамасы бойынша тап».<br>Ойынның мақсат-міндеттер: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншық жануарлар мен құстар.<br>Ойынның мазмұны: | **Үстел үсті ойыны.**<br>«Көңілді құрылыс».<br>Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту**.**<br>**(құрастыру)**<br><br><br>**"Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.<br>**(дене шынықтыру)** | балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойыншылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойыншылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**«Үй құрылысының ретін көрсет».**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. | **(сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. **(құрастыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау.<br>Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу. | Көңілді ойындар ойнап, аққала жасайық. | Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | құрау.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Дала аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан. | **Бұлт пен тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды. | **Қар тазалайтын машинаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ол бензинді сүтше ішеді,<br>Тез арада сыпыра алады,<br>Қарды жолдан тазартып,<br>Жолдарға топырақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау:** ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>**Қимылды ойын. «Мұзды аулаға кіргіз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен | Жұмбақта.<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген. (бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын. (тұман)<br>**Бақылау:** қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бірінші болу». (дене шынықтыру)**<br>Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке | себеді. (Қар тазалаушы көлік)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек түбі –береке.<br>Көптің түбі –мереке.<br>**Бақылау:** адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады.<br>**Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | таныстыру.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | рұқсат жоқ).<br>Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина). **(еңбек дағдылары)** Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету. | **(қалмақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін). Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Судың қасиетін бекіту:** ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; берілген тапсырманы өздері орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру); бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау, столды сүртіп, жинау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ретке келтіру және т.б.).<br>**Өз бетімен ойындар:** таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Дидактикалық ойын.** «Артығын тап».<br>Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады.<br>Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Киімдер" дүкені.<br>Мақсат-міндеттері. | **Дидактикалық ойын: "Біреу және көп"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.<br>Ойын шарты. Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді.<br>**(математика негіздері)** | **«Ұшады, ұшпайды, өседі, өспейді» театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қаққандай қимылдарды жасайды; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балаларға дүкен туралы суреттер мен | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. | **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Шарты. Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататыны, киімдердің маусымдық киім және сырт киім, ішкиім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушының алдына әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында айтылуы тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтаыд, | Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатыны, тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында айтылуы тиіс. Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды | әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | аларға тауарларды сатады.<br>Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерге киімдерін кигізіп жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы сақталады, жылдам сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу | санап беріп, қанша қаражат төлеу керектігін айтатыны туралы балалар білу керек.<br>Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді.<br>Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.<br>Ойын соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы | қояды.<br>Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | сақталып, жылдам сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, ол жерде де әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау қажет. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қазақ тілі)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Көркем сөз жаттау** "Қар".<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жаңтайыпты жамбастап.<br>Жаңтайыпты жамбастап. | **«Суреттерді орналастыр».**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанмен | **«Табиғат жайлы әңгімелесу».**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дүние танымын, тіл байлығын дамыту.<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктерден және жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (Тіліген Шопаев) **(көркем әдебиет)** | жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. **(танымдық дағдылар)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | «Отбасының денсаулық бағдарламасы». | Баяндама «Бала неге өтірік айтады?» | Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.01-13.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 09.01.2023 | 10.01.2023 | 11.01.2023 | 13.01.2023 | 14.01.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **«Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку».**<br>Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.<br>**(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.<br>**(математика негіздері, қоршаған** | **Саусақ жаттығуы.**<br>1. Шынжыр.<br>Оң және сол қолдағы басбармақпен балаң үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.<br>2. Піл.<br>Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтары, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны**<br>Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады.<br>Ойынның мақсаты: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды | **"Пазл".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге | **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды.<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | **"Құрылыс ойындары "Робот".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын.**<br>Дидактикалық тапсырма: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы және жазғы пейзаждың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу)** | қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді.<br>Барысы: Балалар түрлі-түсті блоктардан күшік пен олардың үйшіктерін құрастырады.<br>**(математика негіздері)** | дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.<br>Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.<br>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | суреттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау.<br>Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Табиғат досы».**<br>Қоршаған өмір әлемі,<br>Не деген көркем, әдемі!<br>Сол сұлулықты сақтайық,<br>Мадақтайық, мақтайық!<br>Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.<br><br>Қардың пайдасы туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Шаттық шеңбері**<br>Күндей жадырап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық.<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Қыс мезгілі туралы ертегілер айту, | **Шаттық шеңбері**<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан!<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге қосылып айтады. | **«Қылқалам ханшасы».**<br>Жер - Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>Қыс қызығы туралы | **«Поезд құрастыру».**<br>Дидактикалық мақсат-міндеттер.<br>Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсініктер беру, орналасу қалыптарын салыстыру.<br><br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу)** | әңгімелеу, мазмұндау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қыс ерекшеліктерін айтып әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Жыланша жорғалау". Мақсат-міндеттер: бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, жүруге үйрету.<br><br>**Музыка** "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер: балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Қар үстіндегі жолдар". Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір-біріне төменнен лақтыру және оны қағып алуға үйрету. | **Музыка** "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер: балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Қар атысайық". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден өкшемен, табанмен жүруге; көлденең орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету. | **Қазақ тілі** "Қар жауады. Қатты - жұмсақ. Суық - ыстық." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; заттардың қасиетін білдіретін «суық-ыстық», «жұмсақ - қатты» ұғымдарын бекіту. Қар, оның ерекшеліктері жайлы тақпақтарды түсініп, дұрыс айтуды үйрету; қардың калпын айқындайтын сын есімді дұрыс қолдануға жаттықтыру; сөйлеу мәнерін, көру және есту қабілетін, логикалық ойлауын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамыту.<br>Байқампаздыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке, айналасындағы әлемге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Көшені бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(жол инспекторы)<br>**Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу. (дүкен, | **Отырғызылған гүлдерді табиғат бұрышына қою, гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ «Су құям гүлге» Қ.Сауғабаев.<br>Ұмытпай күнде,<br>Су құям гүлге.<br>Жайнайды гүлім,<br>Құлпыртып түрін.<br>**Бақылау:** бөлме гүлдерінің атауларын бекіту, олар туралы білімдерін кеңейту. Бөлме өсімдіктерін күту; бөлме өсімдіктерінің негізгі талаптары бөлімін бекіту, негізгі | **Көпірді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзеннің қос жағасын,<br>Жалғастырып жол жатыр.<br>Тура өтіп шығасың,<br>Су кештірмес қол шатыр. (көпір)<br>**Бақылау:** көпірмен таныстыру.<br>Көпірдің құрылысы жайында түсіндіру (тіреуіші, жан-жақты құрылымы) бар; жүру белгісі (автокөлікке, жаяу жүргіншілерге, бәріне ортақ).<br>**Қимылды ойын.** | **Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай гөр.<br>Біз батыл баламыз.<br>Жылы үй қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан.<br>Аққала саламыз.<br>**Бақылау:** балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару.<br>Балаларға баған | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>Ер дәулеті - еңбек.<br>**Бақылау:** қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі.<br>Балалардан аула тазартушының жазғы жұмысына қарағанда, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәріхана, банк, почта, колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Қимылды ойын: «Бірінші бол».** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оңға қарай, басқасы солға қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. **Еңбек:** алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын | белгілері туралы мәлімет беру ( шіріген, жапырақтары сарғайған және т.б.), суарудың қосымша түрімен таныстыру. Бөлме өсімдіктерін жақсы көру, оларды күту, тірі ағза сияқты қарым-қатынаста тәрбиелеу. Қимылды ойындар. **«Қара сиыр» (қазақтың ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Дабыл бойынша тығыз орта құра білу дағдысын бекіту, ойын ережесін сақтау (ойыншының жанына бір затты жасыру, дабыл бойынша затты іздеу, тапқан адам қарауылдайды, қалғандары оны алып қоюға тырысады). Шынықтыру, ептілікті, төзімділікті дамыту. **Еңбек:** гүлді суару, жапырақты жуу. Балаларды өз бетінше тәрбиешінің берген | **«Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)** Балалардың ойын ережелеріне бағынуын, жауапты рольдерді орындай алуға ұмтылдыру . **Еңбек.** Жолға құм себу. Берілген тапсырманы, жолға құм себуді өз беттерінше орындауға үйрету. Білу және еңбек ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар.** Ойын ойнау барысында белсенділіктерін арттыру. | түбінде орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еритінін, баған түбінде шеңбердің бар екендігін түсіндіру. Бұл көктем мезгілі жақындады деген алғашқы белгі. Өз зерттеулері бойынша тәрбиешінің берген сұрағына жауап таба білу дағдыларын арттыру. **Қимылды ойын. «Кім шапшаң?» (дене шынықтыру)** Белгіленген жерден шаңғымен жүре білуді қалыптастыру. Жарыстарға қатысуға деген талаптарын арттыру; достық сезімдерін ояту, топтағы жолдастарына көмек беруге тәрбиелеу. **Еңбек.** Табиғат бұрышына жуа отырғызу. Балаларға табиғат бұрышына, | қысқы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақ халқының ұлттық ойыны) (дене шынықтыру)** Жаттығу жасау барысында еңбектену. Жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу. **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Үлкенге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жер, алтыбақан және т.б.). Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рөлдерін және жолдастарының рөлдерін біліп, 2-3 рөлде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ретінде рөлдік ойын ережесін білу. | тапсырмасын орындауға үйрету (гүлді суарып, жапырақтың шаңын сүрту).Өсімдікке ұқыптылықпен қарап, уақытында күте білуге бағыттау. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** ойында балалар өз іс-әрекеттерімен жолдастарының қимыл-істерімен ұштастыра білуі. | | жәшікке жуа отырғызып үйрету, жуаның құрамында ағзаға пайдалы дәрумендердің барын айту. Өсімдіктерді табиғи-іс-әрекет қатынасы ретінде карауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Қарым-қатынас және ойын барысында балаларға талаптар мен ережені (тәртіп мәдениетін, достық, ұжымдық қарым-қатынасты) меңгерту. | көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап бере алуға тәрбиелеу, ойын әрекетін ұйымдастыруға талпындыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аппақ қар" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, табиғатты көркем бейнелеген сөздерді мұқият есте сақтауға үйрету. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Алыс және жақын жатқан қар". Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың алыс не жақын қашықтықта тұруы ұғымдарымен таныстыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Оюлар салынған қарлы жолақ". Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты жолдарды қазақтың ою өрнектері элементтерімен безендіру тәсілімен | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қарды бақылау. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-р] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Р] дыбысымен таныстыру; кейбір | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қар жауғанда". Мақсат-міндеттер: қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аққала қалай пайда болды?"<br>Мақсат-міндетттер: балаларды аққаланың алғаш пайда болуы туралы деректермен таныстыру; аққала туралы әртүрлі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог | ***Жапсырудан ойын-жаттығу***<br>"Қуыршақ театры шымылдығын әшекелейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, және оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театр шымылдығын безендіруге үйрету. | таныстыру; "қарға ізі", "құс тұмсығы", "қаңқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықта қарындашпен сурет салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен | қоршаған объектілердің шығару дыбыстарының дауыссыз [Р] дыбысының айтылуы біркелкі болатыны туралы, дыбыстың сөздердің құрамында әрқалай тұратыны туралы түсіндіру.<br><br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілі (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.<br>**(сурет салу)** | үйрету.<br><br>**«Тап та, атын ата» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді | | таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.** Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **"Сәйкесін тап"ойыны.** Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(сурет салу)** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балаңызды үй шаруасына араластырасыз ба?" атты сауалнама. | Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Медбикеден кеңес. «Тазалық – денсаулық кепілі». | Балалардың денсаулықтары жайында әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01-20.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Бөлме өсімдіктерін** | **"Кір сүлгілерді** | **"Ұйымдастырылған** | **"Ойыншықтардағы** | **"Төсектерді төсеуде** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **суғару".**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **іс-әрекетіне дайындық".**<br>Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; сабақтан кейін орнына жинау.<br>**(еңбек дағдылары)** | **тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **күтушіге көмек көрсету".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Санайық жаңаша.**<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ. | **Үстел үсті ойыны.**<br>«Мозаика».<br>Мақсат-міндеттер: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. | **"Даусыңа қарай ажырат" дыбыстық жаттығу.**<br>Педагог үстел үстіне үй жануарларының суреттерін қояды. Балалар өздеріне | **Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын | **"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Мысық пен тышқан" қимылды ойын.**<br>Педагог балаларды топтың ортасына шығарып, қимылды ойын ойнауды ұсынады.<br>Бала санына қарай мысық пен тышқандардың маскаларын ұсынады.<br>Санамақ арқылы тышқанды таңдайды.<br>Балалар келесі сөздерді қайталайды:<br>Мысық, мысық ұйықтайды,<br>Тышқан, тышқан жорғалайды: пи - пи.<br>Педагог балаларды | Тапқырлыққа үйрету.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен | ұнайтын жануарды таңдайды. Ойын ойнауды ұсынады.<br>Керекті құралдар: үй жануарларының суреттері<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру.<br>- Балалар, алдарында жатқан суреттерді таңдап алыңдар. Сол суретте қандай жануар белгіленгенін айтып, дауыстарын салу керек. Ал достарың сол дауыс қай жануардың дауысы екенін тауып, қайталайды.<br>- Мияу – мияу? Мысық.<br>- Аф – аф – аф? Күшік.<br>- Ку – ка – ре – ку? Тауық.<br>- Мө- ө – ө – ө? Сиыр.<br>- Кәне, бәріміз мысықты шақырайықшы. Оны қалай шақырамыз? | дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. | дамыту.<br>Мазмұны: балалар алдарындағы қиылған бөліктерде үлгі бойынша суретті құрайды.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны**<br>Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады.<br>Ойынның мақсат-міндеттері: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді.<br>Барысы: Балалар түрлі-түсті блоктардан күшік пен олардың үйшіктерін құрастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мадақтайды.<br>Ойын 3-4 рет қайталынады.<br>**(дене шынықтыру)** | қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | «Кыс-кыс» деп шақырамыз.<br>Педагог тілдерінде кемістігі бар балалармен жеке 3-4 рет қайталайды.<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қысқы ұйқыға кететін аңдар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Аңдар қыста немен қоректенетіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Аңдар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | Аңдарды сипаттап, аңдар туралы толық әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аңдардан ептіміз".<br>Мақсат-міндеттер: оқу қызметінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Қасқыр үнін | **Дене шынықтыру**<br>"Аңдарға еліктеп жүреміз, секіреміз, жорғалаймыз".<br>Мақсаты-міндеттер: балаларды доптарды басынан асыра лақтыру және оны қағып алуға; гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. | **Музыка**<br>"Аңдар туралы не білеміз?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Аңдар туралы ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды екеуден аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүру; гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеуге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>""Үш торай" ертігісін оқу."<br>Балаларды «Үш торай» ертегісімен таныстыру; сөздердің түрленуі, зат есім, сын есім, негізгі және туынды сөздер жайлы білімдерін дамыту; мезгілдік өзгерістер туралы, адамдар мен жан-жануарлардың өміріндегі әртүрлі жыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдайық". Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру | | | | мезгіліндегі ерекшеліктер жайлы түсініктерін дамыту; еңбектің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Балаларды ертегі тыңдауға, ертегі желісін еске сақтауға үйрету; жиі қайталанатын сөз тіркестерін сызбалы суреттер негізінде дыбыстауға жаттықтыру; негізгі сөз бен туынды сөз тізбегін түсініп, өз бетінше құрау біліктіліктерін дамыту; есту, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін, қиялдарын дамыту. Еңбексүйгіштікке, жанашырлыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Жаяу борасынды** | **Қар басуын бақылау.** | **Қардың тереңдігін** | **Ауа райына қарай** | **"Көшені бақылау".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Боран гулеп соғады,<br>Қайсар қалай тоңады?<br>Мақта, мейлі.<br>Айналаны орады.<br>Аяғында саптама,<br>Мақтама.<br>Баста тымақ,<br>Өзіңе дәл, шақ қана.<br>Қайсар бейне атамдай,<br>Үсте тон.<br>Қолда қамшы, астында ат.<br>Қой қайырған шопандай.<br>**Бақылау:** жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады.<br>Балалардың сөздік | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды.<br>**Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет | **қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Болжау.<br>Аязды күні қар жауса – күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)** | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(жол инспекторы)<br>**Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, банк, пошта, колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорларын молайту.<br>**Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата». (дене шынықтыру)**<br>Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту (киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>«Төбешікке су құю». Судың қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен карауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін | дағдыландыру.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Тәжірибе.<br>Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды.<br>Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оң жаққа, басқасы сол жаққа қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбек.** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б..).<br>Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтау. Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | | | | балаларға өз рольдерін біліп, 2-3 рольде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде рольдік ойын ережесін білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру.<br><br>**Театраландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Аңдардың іздерін зерттейік".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" ұғымдарын жетілдіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Дәріхана".<br>Мақсат-міндеттер: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту: фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир- | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; жабайы аңдардың бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; "көз қорқақ" фразеологизімінің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Ветеринарлық | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Аю мен қасқыр".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқырды және аюды құрастыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Апандағы аю".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Апандағы аю" картинасының мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа картинаны бар ықыластарымен мұқият | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жабайы жануарларға қамқорлық".<br>Мақсат-міндеттер: қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қонжықтың достары".<br>Мақсат-міндеттер: аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: танымал ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жадықтар.<br>Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері.<br>Барысы.<br>Педагог алдын-ала балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді.<br>Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес костюмдарын киіп, орындарына барады.<br>Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде | сатушы оларды сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасау үшін қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, балалардың сөздік қорын кеңейтеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | емхана".<br>Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде | тыңдауға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Театр".<br>Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Сахна орны.<br>"Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық | <br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар , көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Қойылым соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | | ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу.<br>Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды.<br>Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу | қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.<br>Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады.<br>Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай | құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді.<br>Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады.<br>Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды.<br>Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді .<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана | бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.<br>Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | туғызу керектігі жайлы айту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Театрды сахналау.** «Күшік пен мысық» ертегісін сахналау. Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және үй жануарларын қорғай білуге үйрету. **(көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын.** «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) көрсетемін, сол көңіл-күйлерді (смайликтер) | **"Ненің құйрығы?"** Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес | **Шешуін тап та, ата!** Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Содан соң осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдер! Педагог еденге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) жайып береді.<br>Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | келе ме?<br>"Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** | және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама. | «Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту. | «Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике) | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01-27.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, | **Ойыншықтар және тәртіп.** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп»** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | орнына қою. Еңбекке баулу, тәртіпсіздікті байқауды; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда ынтымақта еңбек етуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Үстел үсті ойыны «Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету. **(танымдық дағды)** | **Санамақ.** Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. **(танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. **(қоршаған ортамен танысу)** | "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Құстар туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы әндер жаттау.<br>(музыка) |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Құстардай қайраттымыз".<br>Мақсат-міндеттер: ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Құстар әні".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстар | **Дене шынықтыру**<br>"Жылдам және епті құстар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету | **Музыка**<br>"Тауықтар" биі<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен | **Дене шынықтыру**<br>"Қамқоршылар тобы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең."<br>Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру. | | музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. | | заттардың санын анықтайтын «артық» ,«кем», «тең» түсініктерін бекіту. Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр, шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық» ,«кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Қыстайтын құстарға қамқор болуға, мейірімділікке, байқампаздыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Қар басуын бақылау<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>Болжау.<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру.<br>Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br>Қимылды ойын.<br>«Қармен ойнау».<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету.<br>Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>Еңбек: күректі қолдануды үйрету, | Ауа райын бақылау.<br>Жаңылтпаш.<br>Қыс қыспаса, қыс па,<br>Құс ұшпаса, құс па?<br>Өлең.<br>«Қыс» О. Иманәлиев.<br>Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді.<br>Шұнақ аяз шымшылап,<br>Ақ бетіңнен сүйеді.<br>Бақылау: балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>Қимылды ойын:<br>«Кегліні құлат».<br>Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту.<br>Белсенділікке тәрбиелеу.<br>Еңбек.<br>Демалыс орнын қардан тазарту.<br>Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға | Торғайларды бақылау<br>Мақсаты: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны.<br>«Нысанаға тигіз».<br>Мақсаты: ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>Еңбек.<br>Топтың ойын ауласын қоқыстардан тазарту.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу.<br>Серуеннен оралу.<br>Балаларды киімдерін ретпен киініп-шешінулерін қадағалау, дербес ойын | Қар үстіндегі іздерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың<br>ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыштық, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>Көркем сөз:<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>(Абай)<br>Еңбек: құстар үшін | Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.<br>Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауланы қардан тазарту.<br>Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу.<br>Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Тыныш,қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру;<br>дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | үйрету. Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | әрекеті .<br>Түскі ас.<br>Балалардың назарын тағамға аудару;<br>мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке-жұмыс; әдеп ережесі.<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай орнату.<br>Біртіндеп ұйқыдан ояту. Ұйқыдан оянған соң беті-қолдарын жуу шараларын қадағалау.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>Ойын-жаттығу:<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Бесін ас.<br>Балалардың назарын тағамға аудару; | жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.<br>Мақсаты: қыстайтын құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян».<br>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.<br>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>Мақал.<br>Жем берсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. | мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>Көркем сөз.<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>Қимылды ойын. «Ортаға түспек».<br>Мақсаты: тез жүгіруге, секіруге, ептілікке үйрету.<br>Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>Мақал.<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>Жұмбақ.<br>Қолы жоқ, сурет салады<br>Тісі жоқ, тістеп алады.<br>(Аяз) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс<br>Ойындар, дербес әрекет. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жемшашар" тақпағын жаттау.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркем сөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау.<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Суретшінің қатесін тап".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жайлы түсініктерін пысықтау; табиғатына сәйкес емес | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сары шымшық".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрастыру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Дорбадағы құмалақтар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды тура және кері санау туралы ұғымдарын қалыптастыру, көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы, екі заттардың сандарын тең ету амалдары туралы білімдерін тиянақтау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бұлбұл мен тоқылдақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Бұлбұл мен тоқылдақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Цирк".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аялайық құстарды".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстар тіршілігі жайлы балалардың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарын арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде | еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б). келісім. Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; | жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті | қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы балалармен алдын ала әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын | түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, ауладағы ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзенге мұз қатпайды, өйткені жазда күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй | жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын | таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | өзі реттеп жүреді, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.<br>Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, қазақ тілі)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.<br>Шарты.<br>Педагогтің ауызша сипаттамасы бойынша суреттер тізбегінің арасынан сәйкес келетін табиғат | ***Жеке жұмыс.***<br>Қыс келгенде, торғайым,<br>Үй алдына қон дәйім.<br>Ойна, жүгір, желкілде,<br>Тисем саған оңбаймын.<br>Мақсат-міндеттер: тақпақты жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.<br>**(көркем әдебиет)** | Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін ретімен атау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"*Жағдаятты шешу:***<br>""Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсең не істейсің?"".<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау | **"Бұл ұяда не тұрады?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>Барысы. Тәрбиеші ұядағы құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, құстарға сипаттама береді. | **Дидактикалық ойын. «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ажырата алу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: тақтаға төрт мезгілдің суретін іледі. Әр мезгілге байланысты әңгіме құрастырып айтады, қай жыл мезгілі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылысының суретін табу. | | қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту."<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | екендігін жасырады. Қалған балалар қай жыл мезгілі екенін тауып айтады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | «Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?» | «Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?» сауалнама. | Ата-аналар жиналысы. Тақырып: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01-03.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың жеке басының гигиенасы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғады сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғал ды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Тіл ұстарту жаттығулары.** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор ро-ро-ро-рома ру-ру-ру- | Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың | **"Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қыстайтын аңдар арасынан ұйқыға | Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қару<br>ар-ар-ар-қар ур-ур-ур-ура<br><br>Р- дыбысын буында, сөзде қайталаймыз:<br>Ра-ра-ра- қозыға жақсы қара.<br>Ры-ры-ры- жинап алдым тары.<br>Ар-ар-ар- далада қалың қар.<br>Ыр-ыр-ыр- жаттап алдым жыр.<br>Ра-ра-ра- Айжан шашыңды тара.<br>Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр.<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара.<br>Мір-мір-мір-қап- қара көмір.<br>Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады?<br>Тр-тр-тр.<br>Мысық қалай дыбыстайды?<br>Мр-мр-мр.<br>Қарға қалай қарқылдайды?<br>Қаррр-қаррр-қаррр.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Р. Тышқанбаевтың «Қыс» өлеңін оқу.**<br>Педагог өлең оқи бастайды:<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді етекке қыс, міне.<br>Ақ қарлар ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне.<br>Боран соғып бірде өкпек,<br>Үйге айдады «кір» деп тек.<br>Мұз көрпеге оранды,<br>Сулар тоңып дірдектеп.<br>Аулаға қар үйгізді,<br>Бетті аязға сүйгізді.<br>Тоңбасын деп теректер,<br>Қырау ішік кигізді.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | бататындарды ажыратып, аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>Шарты: аңдардың суреттеріне қарап арасынан қысқы ұйқыға бататындардың суреттерін бөліп алу. Таңдауларының себебін түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың | зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**(математика негіздері)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**(жапсыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Қайырлы таң».<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен, ақ пейілмен, | «Амансың ба, алтын күн!»<br>Амансың ба, алтын күн!<br>Амансың ба, атқан таң! | «Табиғатпен үндестік»<br>Шөліркемей гүл тұрсын!<br>Жерім жайнап құлпырсын! | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер. | «Табиғатпен үндестік»<br>Шөліркемей гүл тұрсын!<br>Жерім жайнап құлпырсын! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!» - тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Жарты шеңбер құрып отырып, барлығы бірге айтады және бірігіп жасайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Нұрын сыйлап біздерге<br>Көкте мәңгі гүл тұрсын!<br>Нұр сыйлаған күн ыстық<br>Ыстық бізге кең өлке<br>Ыстық бізге тыныштық!<br>Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | (Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып өлең жолдарын бірге<br>айтады.<br>Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Нұрын сыйлап біздерге<br>Көкте мәңгі гүл тұрсын!<br>Нұр сыйлаған күн ыстық<br>Ыстық бізге кең өлке<br>Ыстық бізге тыныштық!<br>Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі<br>бойынша<br>ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты екі қолымен лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгі беруі бойынша 1,5 мин қалыпты жағдайда жүгіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Мысығым".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен | **Дене шынықтыру**<br>"Доппен жаттығулар түрлері".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табанның ішкі жағымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүгіруге; көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету. | **Музыка**<br>"Мысықтың жасырған құпиялары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Доппен ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұруға; допты екі қолымен басынан асыра лақтыруға үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Жиһаздар. Балықты бақылау."<br>Мақсат-міндеттер. Жиһаз түрлері, қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; «жайлылық» сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету. Еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; айналасындағы заттарға қызығушылықтарын арттыру. Көру және тәжірибені қортындылау арқылы заттарды сәйкестендіру, жіктеу барысында (киімдер мен ыдыстар) логикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру. | | | | шешім табуға үйрету; ұйымшылдыққа, зейінділікке, үлкендер мен жақындарына деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)** | | | | |
| | түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас?<br>4. Олардың айырмашылығы қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>**Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. **(дене шынықтыру)** | еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер?<br>*Көркем сөз.*<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұратын<br>Пойызды біз құрайық.<br>**Қимылды ойын. «Аңшы мен коян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу.<br>**Еңбек:** гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүру.<br>**Жорамал.**<br>Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. | құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>*Көркем сөз.*<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардан таулар<br>Көлеңкесін көреді.<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.<br>**Жеке жұмыс.** Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. **(дене шынықтыру)**<br>Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз.<br>Жұмбақтар.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>(боран)<br>Мәтел.<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр. | Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Аққала жасау.<br>Мақсат-міндеттер: қармен жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** өз қиялдарымен әңгіме құрату.<br>*Жұмбақ.*<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>*Мақал.*<br>Мезгіл жетсе, мұз да ериді. | **Еңбек.** Ауланы қардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ағашта биік,<br>Бір құсты көрдік.<br>Сайрайды сол құс,<br>Сайрайды талмай.<br>Кө-кек, кө-кек,<br>Аты оның содан,<br>Атанған кө-кек.<br>Ән орындау.<br>**Қимылды ойын:** денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау.<br>*Жаңылпаштар:*<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ...<br>Қыс қыспаса, қыс па?<br>Құс ұшпаса, құс па? |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Бағдаршам".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Етікшінің жаңа қос етігі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.<br><br>**Ұлттық ойын. Аударыспақ**<br>«Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны.<br>«Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Аспаздың кесу тақталары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Мамандықтың бәрі жақсы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Абзал жан - дәрігер".<br>Мақсат-міндеттер: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Мен дәрігер боламын".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру.<br><br>**Қимылды ойын. Допты ұстап алу**<br>Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ақпарат беру. | созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады.<br>Ойын ережесі: балалар допты бір-біріне берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушінің шеңбер ішіне кіруіне тыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұрған балаға ғана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі.<br>**(дене шынықтыру)** | плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дәрігер**<br>Дәрігермін мен деймін,<br>Кәрі әжемді емдеймін.<br>Көп-көп ішіп дәріні<br>Кәрілікті жең деймін.<br>**(көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>«Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>«Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**(мүсіндеу)** | **Театрды сахналау.**<br>"Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау.<br>**(көркем әдебиет)** | **Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар». | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | «Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.02-17.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.02.2023 | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | | жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке | **«Көңіл-күйді анықтау»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет- | **Текшелермен ойын.** Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру. Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше. Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. **(құрастыру)** | **«Қызықты лото».** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін дамыту. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін | **"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр)<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады.<br>Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.<br>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады.<br>Балалар заттың көлемі мен оның | әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды.<br>Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. | **"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)** | | | көлемдері 5×6 см карточкалар. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Техника және біз" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Жиһаздар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |
| **Білім беру** | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | "Велотренажер". "Велосипед". Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велотренажер "Велосипедпен" жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды | "Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. | "Ойыншық аспаптар". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | "Жүгірушілердің жарыстары". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық"<br>Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту. Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | | | | етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру. Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыстың негізгі белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Көркем сөз. | **Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен | **Қардың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына | **Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен** | **Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аппақ, аппақ, ақшақар<br>Бірін ұстап алайын ...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>Қимылды ойын. «Аяз».<br>Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.<br>Жорамал.<br>Түтін будақтап шықса, аяз болады. | таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>Тапсырма: «Сүңгі мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар.<br>1. Өзендегі суға не болды?<br>2. Су неге қатты?<br>3. Өзеннен нені көруге болады?<br>4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Тез қарасын батырды,<br>Қар жаңбырлы сиқыр бұлт.<br>Жел көк мұзды қатырды,<br>Жердің бетін типыл ғып. | шағылысып жылтырайды.<br>*Көркем сөз.*<br>Аққала.<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Еңбек:** қарды күреу.<br>**Жеке жұмыс:** қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>*Жұмбақтар.*<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>*Мақал.*<br>Сыртта тау болып жатса, | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.)<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен карауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен | қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау.<br>Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу.<br>*Тапсырма.*<br>«Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>*Көркем сөз.*<br>Бүрсең қағып жапырақтар,<br>Көше кезіп көшіп жатыр.<br>Тыныш қалған атыраптар,<br>Аппақ қарға тосып жатыр. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың берген жауабын қорытындылау.<br>Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту.<br>**Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** денені тепе-теңдікте ұстап, мұз үстімен сырғанай білу. **(дене шынықтыру)**<br>*Жұмбақтар.*<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды.<br>(мұз) | Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:**<br>"Нысанаға тигіз"<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту. | **Қимылды ойындар. «Соқыр теке».**<br>Мақсат-міндеттер: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу.<br>**Еңбек**: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау.<br>**Жеке жұмыс.** «Кім алысқа лақтырады?» Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>*Жорамалдар.*<br>1. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>2. Қыста қар мол болса, жазда жаңбыр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мол болады.<br>3. Ағашқа қырау тұрса, күн жылы болады. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>Тұрмыстық техника жөнінде "Не күшті?" әңгімесін мазмұндау.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі мен оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Ғажайып сандық".<br>Мақсат-міндеттер: | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Үйді жинаудың әдебі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасу бағдары жөнінде жаңа білімдер беру, "үстіңгі сол жақ", "үстіңгі оң жақ", "төменгі сол жақ", "төменгі оң жақ" ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Ұлттық ойын. Түйілген орамал**<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. | **Сурет салудан ойын-жатттығу**<br>"Үтік".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту; тұрмыстық техника құралдарының адамның өмірінде алатын орны туралы мәліметтерді тиянақтау.<br><br>**Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал!** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауа баптағыш (кондиционер)".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Тазалық - денсаулық | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Пойыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Пойыз" туралы өтірік өлеңмен таныстыра отырып, өтірік өлең мазмұны бойынша өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлең мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Кім жылдам?**<br>Ежелгі ойындардың бірі - Кім жылдам? Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. | Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. | Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады. **(дене шынықтыру)** | кепілі". Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: йогурттың қалдық ыдысынан және қағаздан қолжуғышты құрастыруға үйрету.<br><br>**Тұрмыстық техника мультфильмін көру. (сөйлеуді дамыту)** | Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(дене шынықтыру)** | | | арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын «Артық затты тап».**<br>Мақсат-міндеттер: үй жиһаздарын басқа заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға үй жиһаздарымен қатар басқа да заттардың суретін таратады.<br>Артық заттарды алып тастайды.<br>Алып тастаған затты атайды. Педагог жиһазға жатпайтын | **«Луллий шеңбері» ойыны.**<br>Балалар заттар мен заттардың түстерін сәйкестендіреді. Сол заттарды сипаттайды. Мысалы, теледидар - сұр түсті. Педагог балаларға теледидар жайлы ақпарат береді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.**<br>Бәрін байқау (елеу). Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 сек., ашып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 сек., ашып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез келген екі заттың | **Театрды сахналау.**<br>"Қаңтар мен Ақпан" ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балалардың тапқан суреттерін тақтаға ілуді ұсынады.<br>Барысы: Бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады.<br>- Бұл не? Бұл - үтік. | **Демалу гимнастикасы.**<br>Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсынады.<br>Әр бала өздеріне ұнаған таяқшаға ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды.<br>Қане, қане, балалар,<br>(балалар тұрады)<br>Шаршағанда ырғалып, (тербеліп тұрады)<br>Гүлге ұқсап демалам. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | затты алып тастағанын айтады. **(қоршаған ортамен танысу)** | | орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 сек., көрсетіңіз. Балалардан қандай заттардың орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз. **(қоршаған ортамен танысу)** | - Үтікпен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен балаларға қолдануға болмайды.<br>- Неге? Үтік қауіпті, онымен қолымызды күйдіріп аламыз. Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады.<br>Педагог ойын кезінде балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады.<br>- Осы заттардың барлығын тұрмыстық техника деп атаймыз. Техникаларды ойлап шығаратын адамдар, сондықтан | (отырады)<br>Жұпар иісін бір искеп, (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады)<br>Гүлдей болып жайқалам. (қолдарын жоғары көтереді)<br>Балалар 2 рет қайталайды.<br>(дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үлкендердің еңбегіне құрметпен қараңдар.<br>- Бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда.<br>- Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді. Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек.<br>Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді:<br>- Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды.<br>- Балаларға ересектерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. **(қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру. | Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | «Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер» қабырға газеті. | Жаднама. «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аоалас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.02-24.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.02.2023 | 21.02.2023 | 22.02.2023 | 23.02.2023 | 24.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.<br>Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)** |
| | **«Спорт-лото».** | **«Адалдық шеңбері»** | **Тақпақ жаттау** | **Дидактикалық ойын.** | **«Тек жақсы қасиеттерді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру.<br>Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер.<br>Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі.<br>Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Тазалықтың досы"<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы -<br>Су дегенің осы.<br>Бай! Бай!<br>-Бұл бала<br>Қай бала? Қарашы<br>Үстіне, Өзіне<br>- Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз<br>Кір айғыз.<br>А.Меңжанова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **«Не артық?», «Спорт».**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру.<br>Спорт атауларын бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Спорт" түрлері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(көркем әдебиет)** | Дәрумендер жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу".<br>Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тақтайшалардан ажыратпай, төртінші | **Дене шынықтыру**<br>"Қол мен аяқтарымыз шымыр".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. | **Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз". (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде | **Дене шынықтыру**<br>"Қанатпен тарту ойыны".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Кел, жаттығайық! Адамның дене мүшелері. Оң - сол."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту; саламатты өмір салты, жаттығудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жіңішке тақтайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру. | | аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру. | | маңызы жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, «сол», «оң» жақ туралы түсініктерін бекіту. Балаларды сызбадағы дене мүшелерінің бейнеленуін өз денесімен сәйкестендіре білуге үйрету; дене мүшелерін атауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын, оң және сол қолдарын ажырату біліктіліктерін, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, жағымды эмоция білдіре білуді дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен** | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған** | **Қарлы боранды бақылау. (қоршаған** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау.<br>Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің<br>буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>*Көркем сөз.*<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Болжау.** Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Суықтан қорықпа, суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел,<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауғаыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Бақылау.** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>**"Ұшақ".**<br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>Тапсырма.<br>«Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.<br>*Көркем сөз.*<br>"Көкше мұз" Сейіл Боранбаев.<br>Көл бетінде көкше мұз,<br>Көкше мұзда қызық көп.<br>Сырғанаймыз кеште біз,<br>Айқыш-ұйқыш сызып кеп.<br>Қыза-қыза келгенде,<br>Құйын болып кетеміз.<br>Жүйрік деген желден де ,<br>Басып озып кетеміз.<br>**Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар».** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>*Жорамал.*<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>*Жұмбақ.*<br>Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады. | жетеді).<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ болады.<br>**Қорытынды.**<br>- Балалар, біз бұдан дымқыл қарды жабыстырудың оңайлығын байқадық. | пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | секіруді үйрету. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**Жеке жұмыс.**<br>«Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.<br>*Жұмбақ.*<br>Құм сияқты ұсақ болғанымен,<br>жер бетін жауып үлгереді. (қар) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу". | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қанекей, сапқа тұр!"<br>Мақсат-міндеттер: | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Қатарға тұрайық, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жалбыз өсімдігі". | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Денсаулығым - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсат-міндеттер: балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру.<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Қаңбақ шал" ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет)** | балалардың топтас достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Аққу құсы әдемі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, аққу туралы туралы білімдерін кеңейту. | спортшылар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Аурудан аяған күштірек".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек"әңгімесімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | Мақсат-міндеттер: балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"**<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.<br>Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек | байлығым".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Дәрумендер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаүлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ескен Елубай. Жаңа санамақ**<br>Бір -<br>Таңертен тұр.<br>Екі -<br>Шынығып, бекі.<br>Үш -<br>Тазала тіс.<br>Төрт -<br>Сабындап жу бет.<br>Бес -<br>Сүртін тез.<br>Алты -<br>Үйді жина жалпы.<br>Жеті -<br>Киін енді.<br>Сегіз -<br>Асыңды жеп, іш. | **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.<br>- Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық.<br>Құралдары: әдемі әуен жазбасы.<br>Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет** | **«Өс, ұлан!»**<br>Сау болсын десең,<br>Он екі мүшең!<br>Ерте тұр! Құлақ түр!<br>Тыңда сыр, Жапырақтар сыбырлар.<br>Күн нұрын күт!<br>Таза ауа жұт!<br>Бойыңа құт!<br>Жүгір, желмен жарысып,<br>Нұрға сылан,<br>Болып қыран<br>Өс ұлан!<br>Ө. Тұрманжанов<br>**(көркем әдебиет)** | **Мазақтамалар жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>МАУБАС<br>Маубас, маубас, маубассың!<br>Мүлгігеннен танбассың,<br>Қалғығанға қанбассың…<br>Өміріңде осылай<br>Ұйықтап өтсең оңбассың!<br><br>САЛАҚ<br>Салақ, салақ, салақсың:<br>Өз үйіңе қонақсың;<br>Таза емесссің, кір- кірсің;<br>Ақ емесссің, жолақсың;<br>Кейде қара күйесің;<br>Кейде қызыл далапсың;<br>Әй, салақсың, салақсың! | **"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тоғыз -<br>Ыдысты жу тегіс.<br>Он -<br>Сабақ оқы<br>Осыдан соң.<br>Бұл санамақ жаңа,<br>Күнде өстіп сана.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **салу)** | | ҚОМАҒАЙ<br>Әй, қомағай, қомағай!<br>Екі ұртың тола май,<br>Екі уысың және май,<br>Соғып жатсың қарамай,<br>Болмайсың ғой Толағай!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес. | «Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-анларға кеңес. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.02-03.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.02.2023 | 28.02.2023 | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету. Жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Түлкі мен қырғауыл". Мақсат-міндеттер: балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра | **«Ата-аналарға қамқорлық жасау»** Ойын мақсаты: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам | **Дидактикалық ойын «Ғажайып кітап».** Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын ертегілердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Өн салып, құс келді". Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Ертегі желісінің сюжетті суреттерін бояу.<br>**(сурет салу)** | қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: -<br>анаң ауырып қалды;<br>- анаң жұмыстан шаршап келді;<br>- анаңның көңіл-күйі жоқ;<br>- анаңның шаруасы көп;<br>- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.<br>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір<br>қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады.<br>Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету.<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау.<br>1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою.<br>1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау.<br>1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1 - оң тізесін бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою.<br>Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы ән айту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Арқан үстімен адымдап жүру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға | **Дене шынықтыру**<br>"Түрлі жолдармен жүре аламыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету. | **Музыка**<br>"Анаға сәлем".<br>(пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру | **Дене шынықтыру**<br>"Цирк атлеттерінің сайысы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіруге үйрету | **Қазақ тілі**<br>"Көктем мезгілі. Көктемгі табиғат құбылыстары."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы көктем мезгілі және көктемгі табиғат құбылыстары жайлы білімдерін кеңейту; құстардың ерекшеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру; 8 наурыз - аналар мерекесі жайлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Анаға сәлем".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. | | | | түсініктерін дамытуға ықпал етуді жалғастыру. Балаларға қазақ тілін тақпақтар арқылы түсініп, қабылдауды үйрету; қазақша әңгіме мен тақпақ жанрларын ажырату біліктіліктерін дамыту; көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; жыл мезгілі жайлы кішігірім, тұтас әңгімені модельдеу біліктіліктерін, көктемгі құбылыстар жайлы жай сөйлем құрастыруды дамыту; еске сақтау, көру, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоция таныту біліктіліктерін дамыту. Байқампаздыққа, ізденімпаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Қардың алғашқы еруін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ."Көктем". | **Күннің көзін бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ. | **Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ. | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Орманның, таудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау-бақшада, орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерден қар бірдей еріп кетпейді? (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің қарлары тез еритіндігі туралы балаларға түсіндіру. Байқампаздықты дамыту.<br>**Қимылды ойын. «Жүгір-отыр-жүгір!» (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!» балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!» отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекеттерін қалыптастыру.<br>**Еңбек.**Терезе алдындағы бақша (суару). **(еңбек дағдылары)**<br>Өз бетімен суару | Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру, шешімін жасау.<br>**Қимылды ойын: «Күн мен түн». (дене шынықтыру)**<br>Рөлдерде ойнағанда өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.<br>**Еңбек.** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыттады, жоғарылатып жинайды. **(еңбек дағдылары)**<br>Ойын орнын тазалықта | Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгігe айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br>**Еңбек.** Ауладағы еңбек. **(еңбек дағдылары)**<br>Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа | Көзіне көрінбейді,<br>Қолына ілінбейді.<br>Бірақ та, құлағына,<br>Ұдайы күбірлейді. (Жел)<br>**Бақылау.** Ауа райы жағдайы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер». (дене шынықтыру)**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Өсімдіктерге су құю. **(еңбек дағдылары)**<br>Балалар тәрбиешінің басқаруымен аулада пайдалы еңбекпен айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерді ұқыпты күтуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Аулада ойын ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін | үстінен<br>Ірі кілем төселген<br>Менің де, сенің де<br>Үстіңнен жайылған<br>Бірде сұр, бірде көк,<br>Бірде көгілдір. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Қоңырау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау. | ұстауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойын ережелерін сақтап, жауапты рөлдерді орындай білуге үйрету. **(дене шынықтыру)** | тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Сүйікті ойыншықтармен ойын.<br>Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | барынша ыңғайлы жағдай жасау. | қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Тұқымды отырғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Дәлізде ойын ойнауға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-у] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу."<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дауыссыз [У] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі жөнінде мағлұматтарды тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Дос болайық, көбелек"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үлгі бойынша есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруға үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құмыраға салынған гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аққуды мүсіндейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан кесек үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру. | жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру. | | бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындырту. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>Үміт түбіт түтті,<br>Түбітті түтіп бітті.<br><br>Оюға ою өрнектеп,<br>Үйрет өстіп қолды ептеп.<br><br>Құлық таудан,<br>Құлық бие көрдім.<br>Қуанғаным — құлындапты.<br>Құлық таудың қойнауындағы<br>Қорқауларға ұрынбапты.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу.**<br>Мақсат-міндеттер: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту. Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, көрсету,ойын, саусақ жаттығулары, салыстыру. Қажетті құралдар: үш түрлі-қызыл, көк, ақ түсті моншақтар, үш түрлі түсте боялған үш түрлі макарон өнімдері, жіптер, қапшықтар, сандықша, қуыршақ. Барысы: | **Мақал-мәтелдер жаттау.**<br>Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал.<br><br>Әдепті бала – арлы бала,<br>Әдепсіз бала – сорлы бала.<br>Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені.<br><br>Бала –көңілдің гүлі,<br>көздің нұры.<br>Әкені көріп ұл өсер,<br>Ананы көріп қыз өсер.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Құстар келді" тақпағын жаттау.**<br>Биікке, биікке<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балалар жартылай шеңберге отырады. **(танымдық дағдылар)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Отбасылық салт-дәстүр» атты тақырыпта әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Абайла! Төбедегі мұз». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.03-10.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Жоба "Әсем гүлдер". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** | | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетіггі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | | балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Таза бұлақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Судың қасиеті". Мақсат-міндеттер: балалардың су туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру; суға арналған көркем сөздер арқылы сөздік қорын молайту. | | **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту,** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Таза су". Мақсат-міндеттер: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қоршаған ортамен танысу)** | сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау.<br>1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау.<br>1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою.<br>1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау.<br>1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1 - оң тізесін бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою.<br>Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жылғалардан су ақты" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | | Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Қапшаларды нысанаға лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: | **Дене шынықтыру**<br>"Қақпашы бола аламыз ба?"<br>Мақсат-міндеттер: | | **Музыка**<br>"Нұрлы көктем".<br>Мақсат-міндеттер:<br>балалардың әнді орындау | **Қазақ тілі**<br>"Ертегі оқу "Торғай мен тышқан". Алдымен, кейін." |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Әніміз сыйлық болсын". Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. | балаларды сапта бір-бірден бытырап жүру; затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; тепе-теңдікті сақтап тақтаймен жүруге үйрету. | | кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру. | Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, маусымдық өзгерістер, табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыту. Балаларды қазақ тіліндегі «Торғай мен тышқан» ертегісін тыңдауды, мазмұнын еске сақтауды үйрету; мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды түсініп, жауап беруді меңгерту; құбылыстар тізбегін түсініп, «алдымен», «кейін» ұғымына сәйкес орналастыру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауын, есту зейінін, еске сақтауын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге деген сүйспеншілікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді,<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақты жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>«Жаз келеді».<br>Үйін тіккен жасылдан,<br>Үсті-басы асыл дән.<br>Жаз келеді жайраңдап,<br>Жарық жүзі-сайран бақ<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>**Қимылды ойын: «Құлыншақтар». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды | **Аулада тазартушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Еңбек сүйсең, жасыңнан,<br>Бақыттысың, жас ұлан –<br>Дейді атам ылғи да,<br>Сипап менің басымнан.<br>**Бақылау.** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру.<br>**Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету.<br>**Еңбек:** Аулада үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын | | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек). (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ақ көйлекті, көк желек,<br>Орманда орны бір бөлек.<br>Әннің аты деседі,<br>Сызды жерде өседі.<br>(Қайың)<br>**Бақылау.** Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діңдерін салыстыру. Ағашты қастерлеуге, күте білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай өзінің орнына қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** «Ағаштың жан-жағын қопсыту». **(еңбек дағдылары)**<br>Берілген жеке | **Тамшыны бақылау. (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Мұрны жоқ шымшық,<br>Мұз тесер.(Тамшы)<br>Бақылау.<br>Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>**Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене шынықтыру)**<br>Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Балықтарды тамақтандыруға үйрету. Еңбекке деген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | орындауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** | дамыту. Татулық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. **(дене шынықтыру)** | | тапсырмаларды орындауға үйрету. Тәрбиешіге көмек беруге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асырту. | сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Көпіршік сабын буларды үрлеу». **(дене шынықтыру)**<br>Балалар арасында қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Торғай ұшып келеді".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығы деталдерімен толықтыру білігін арттыру.<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем туралы тақпақты жаттау".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Тамшыларды қалай санаймыз?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалытастыру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем белгісі - бәйшешек".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларын екіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бәйшешек гүлінің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **ойын"Пиццерия".** Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығулары** Көтеріліп шаңырақ, (шеңбер құрады) Уықтары шаншылар. (қолдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды) Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып (шеңбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. **(сөйлеуді дамыту)** | | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. **(сурет салу)** | **«Мозаика».** Мақсат-міндеттер. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы. Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап атайды, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсіне үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға арналған 6 кеңес. | Жоба "Әсем гүлдер". | | Психолог кеңесі. "Бала тілін қалай дамытамыз?" | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.03-17.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетіггі туралы түсінігін бекіту; | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іліп қоюды үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **«Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру.**<br>Суреттер бойынша әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез | **Ұлттық ойын. Бес тас**<br>«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі.<br>Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.<br>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады.<br>Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады.<br>Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.<br>Ойыншы бес тасты | **"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту.<br><br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады.<br>Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы.<br>**(танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** | еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br>**(математика негіздері)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде<br>1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді;<br>2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде<br>3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді;<br>3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа).<br>4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Наурыз тойын бастайық,<br>Жақсы тілек айтайық.<br>Дастархандар жайылсын,<br>Қуанышты той болсын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Салт-дәстүрлер» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнмен бірге тұрамыз ,<br>Құспен бірге ән саламыз<br>Қайырлы таң! Ашық күн!<br>Көңілді біз тұрамыз.<br>Күлім қағып қолымды,<br>1,2,3 деп соғайын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Фольклор туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Футбол ойыны".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Бесік жыры".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай | **Дене шынықтыру**<br>"Тауға шыққан альпинисттер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бытырап жүргіру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Аю сияқты алақан мен табанды тіреп еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету. | **Музыка**<br>"Әжеміздің әні тамаша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру. | **Қазақ тілі**<br>"Азық-түліктер. Наурыз көже дайындаймыз."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру | . | | | кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Ұшып, қонып жүр торғай,<br>Жем іздейді.<br>Серігіне табасын жегізбейді,<br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br>**Бақылау.** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.<br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру)**<br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке | **Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы,<br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>**Бақылау.**<br>Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене шынықтыру)** | **Құстардың ұяларын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>"Шым тостаған".<br>Далаға кім тастаған?<br>(Құстың ұясы)<br>**Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. | **Ұяны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ши түбінде шым кесе.<br>(Ұя)<br>Тақпақ.<br>Құстар ұя салады,<br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br>Жабағы жүнді жияды,<br>Жайлы қып жасап ұяны<br>Жұмыртқасын салады.<br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады.<br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру)**<br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. | **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>"Уф!"-десем бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | баулу.<br>**Еңбек.** "Құстарды тамақтандыр". **(еңбек дағдылары)**<br>Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. **(дене шынықтыру)** | Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** «Үй». Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | **Еңбек.** Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. «Гараж».**<br>Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру. | Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу.<br>Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.<br>**Өз бетімен ойындар.** «Ғарышкер». **(құрастыру)**<br>Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу. | **дағдылары)**<br>Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Құммен ойын.<br>Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Әуе кемесі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әуе кемесі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы әуе көлігі екені жөнінде білімдерін кеңейту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер".**<br>Мақсат-міндеттер: мектепке дейінгілердің әскери- | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғарышқа саяхат. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-қ], [-ғ] дыбыстары."<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатаң [Қ] және ұяң [Ғ] дауыссыз дыбыстармен таныстыру, жалпы мағлұматтар беру; көңілдерін дауыссыз дыбыстардың қатаң және ұяң болуы туралы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Ғарыштың түрлі планеталары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шар бетіне бояу жағып, қағаз бетіне басып алу дәстүрлі емес сурет салу техникасымен таныстыру; "градиент" ұғымын қалыптастыру; топтас достарымен бірiге отырып, ғарыш ғаламын сюжеттік | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Зымыранның түрлі құрылысы".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ай мен Күн".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Ай мен Күн" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Үш табан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету.<br>Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, «Ғарышқа ұшу» ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы.<br>Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран | түсініктерді беру.<br><br>**Қимылды ойындар "Ұшақтар".**<br>Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады. Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | суретте көрсету білігін жетілдіру.<br><br>**"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту.<br>Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)<br>**(дене шынықтыру)** | ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".<br>Барысы: Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі). Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | *Жаңылтпаш жаттайық*<br>Ғарышкер ұшты ғарышқа.<br>Ғарышқа ұшты ғарышкер.<br>Айтшы, ғарыш алыс па? | | **«Бес саусақ».**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Кеңес. | Балалардың танымдық | Кеңес. | Кеңес. | Ата-аналарға кеңес. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (ата-аналарға кеңес) | "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | үрдістерінің диагностикасы (психолог) | «Су тасқыны». | "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | "Қыңырлықты шешу жолдары". |
| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас  балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.04-14.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.04.2023 | 11.04.2023 | 1.04.2023 | 13.04.2023 | 14.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | ластанған кезде оны сумен шайыңыз.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құлыншақ шауып келеді".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қылқаламмен шауып келе жатқан құлыншақ бейнесін салу амалдарына үйрету; құлыншақтың дене бөлшектерін салуда дене пропорцияларын сақтауға талпындырту; құлыншақ бейнесін қағаздың ортасына, мөлшері кішкентай емес етіп, салуға машықтау. | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына, жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар, суреттерді тезірек қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктемде жер бусанды".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ақылды егінші".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».**<br>Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады.<br>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (қысқа секіргіштермен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіргішті жоғары көтеру; 2 - б.қ. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - секіргішті жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - б.қ. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіргішті жоғары ұстау.<br>1 - 2 - еңкейіп, секіргішті аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіргішті алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіргішті ұстап, алдына қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - 2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіргіш жерде.<br>Секіргішпен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргіш төменде (секіргіштің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіргішті алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Игі істер қоржыны»**<br>Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | Туған жер туралы өлеңдермен танысу, жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | "Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Құрсауға кіру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету.<br>**Тышқан мен мысық**<br>**Ойын мақсаты:**балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдықққа үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>**"Құрсаумен жаттығулар".**<br>**Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы тақтаймен жоғары-төмен жүру және жүгіру; қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіруге үйрету.**<br><br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн** | **Музыка**<br>"Туған жер". (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету.<br>**Төлін тап»**<br>**Картотека №33** | **Дене шынықтыру**<br>"Құрсаумен жарыстар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бағытты өзгертіп жүруге; жай қарқында үздіксіз жүгіру; затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5-2 м арақашықтықтан оң қолмен лақтыруға үйрету.<br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін | **Қазақ тілі**<br>"Ағаш түрлері. Тақпақты мәнерлеп оқу "Аққайын"."<br>Мақсат-міндеттер. Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; емен, қарағай, терек ағаштары жайлы мәлімет беру; «шырынды ағын» сияқты табиғи құбылыспен таныстыру; аққайыңның құрылымдық ерекшелігі жайлы білімдерін нақтылау; ізденімпаздыққа, байқампаздыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке, ағаштарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Картотека **№2**<br><br>**Музыка**<br>"Туған жер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету. | **көлемін ажырата білуге баулу.**<br>**картотека №5** | | ажырата білуге баулу.<br>Картотека **№4** | қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Қазақ тілін қабылдауды, қазақ тілінде өлең сөздерін нақты, дұрыс дыбыстауды, ағаштардың атауын еске сақтауды, аққайың құрылымының өзіндік ерекшеліктерін байқауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын жаттықтыру, қиялдарын дамыту; әлемді эстетикалық қабылдау негіздерін қалыптастыру.<br>**«Құйыршығын тап»**<br>**Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді**<br>**Шарты: жануарлардың құйыршығын табады.**<br>**Картотека № 2** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктердің ұшуын бақылау (Көбелек, маса, ара). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тісі жоқ, ауызы бар,<br>Атқарар ісі бар.<br>(Ара)<br>Тақпақ.<br>Дастарқанды аралады,<br>Ет пен майды жағалады.<br>Өмір сүре берсінші деп,<br>Өлтіргем жоқ бал араны.<br>**Бақылау.** Күн жылына жәндіктер пайда бола бастайды. Жәндіктерді | **Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Кіп кішкентай қауғабас,<br>Шашы түссе дауламас.<br>(Бақбақ)<br>**Бақылау.** Бақбақ гүлінің сары басты екенін бақылай отырып, көп күлтелерін күндіз ашылып, кешке жақын күлтелерінің жабылып тұратынын балаларға түсіндіру.<br>**Қимылды ойындар: «Түсті** | **Терек ағаштарының жапырақтарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болар еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң егуге,<br>Сындырма жұрттың еккенін.<br>М. Қуанышбеков.<br>**Бақылау.** Терек ағашынын жапырағын ақ қайыңнын жапырақтарымен салыстыру, айырмашылықтарын | **Ересек балалардың ойындарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ<br>«Балабақша».<br>Балабақша базарлы үй,<br>Қаладағы ажарлы үй.<br>Шаттығы бар шуақты,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>**Бақылау.** Балалардың киімдеріне назар аудару (куртка, шапка, бессаусақ т.б.), балаларға қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балаларға бұрынғыдан | **Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбек етпесең, елге өкпелеме,<br>Егін екпесең, жерге өкпелеме.<br>Тақпақ.<br>Бітік егін өсіріп,<br>Еліне бақ сыйлаған.<br>Егінші ісін дос біліп,<br>Ол-халыққа сыйлы адам.<br>**Бақылау.** Көктемде топырақты дайындап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танып аттарын атау. Қоңыз, маса, көбелектер және оларды салыстыру. Жәндіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, көлбақалар, тырналар». (дене шынықтыру)**<br>Жәндіктердің өмірінен балалар достық қатынас тілектерін қолдануға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарды суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. Сумен ойнау.**<br>Балалар арасында достық қарым- қатынастарын дамыту және оларға көмектесу. | **автокөліктер». (**<br>Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, шартты ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау.<br>**Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. **(еңбек дағдылары)**<br>Гүлзарға гүлдердің тұқымдарын егеміз. Егілген тұқымдарға су құямыз. Тұқымдарды еккенде арақашықтарын сақтау, еңбекке баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.** «Белдіктермен ойындар». Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. | бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Допқа дейін жеткіз». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Ағаш түптерін әктеу. **(еңбек дағдылары)**<br>Ағаш түптерін әктесек одан құрт-құмырсқа аулақ болатынын ескерту. Балаларды табиғатты қорғауға, бұтақтарды сындырмауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | қарағанада көбірек серуендеуге болатынын байқату. Күннің жылынғанын, ауа райының қалай өзгергенін бақылау.<br>**Қимылды ойындар. «Батыл балалар». (дене шынықтыру)**<br>Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыстар: арамшөпті жұлып, ағаштардың түптерін қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Балалармен арамшөпті жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақылыққа, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Барлығына бірге топтасып ойындар ойнату. | көкөніс егу науқаны басталатыны жайында балалардың түсінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын балаларға түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Арқан тартыс». (дене шынықтыру)**<br>Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартқанда шыдамдылық таныту.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл отырғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>Гүл отырғызатын орынды таңдап алып, оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау).<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениеттік білдіріп, келіспеушілік тұстарын анықтап, өз ойын іске асыра білуге тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Төрт түлік мал туралы | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Аквариумдағы балықтар". | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Бес төлді жарыстырайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Туған жерім тамаша".<br>Мақсат-міндеттер: | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктемде жер бусанды".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | тақпақ жаттау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды төрт түлік мал туралы тақпақпен таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, құтты қасиеті туралы баяндау. | Мақсат-міндеттер: балаларды көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, оригами әдісі бойынша аквариумдағы балықтар бейнесін құрастырып, балықтарды өз қалаулары бойынша, балдырларды тігінен, тастар дайындамаларын қатар бойымен тізбектеп жапсыруға үйрету. | ұзындықтың бес түрлі шамалары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау.<br><br>**Ұлттық ойын. Соқыр теке**<br>Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,<br>Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,<br>Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады.<br>Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | балалардың туған жер туралы білімдерін кеңейту; туған жердің адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру. | көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру.<br><br>**Театрды саханалау.**<br>"Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Табиғат жайлы әңгімелесу».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктермен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын "Ұшады, жүзеді, секіреді".**<br>Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту.<br>Мысалы:<br>Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Туған елдің ұлымын" өлеңін жаттау.**<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.<br>А.Сәрсеков<br>**(сөйлеуді дамыту және** | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осылардың | **«Көктем».**<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br><br>Түрлі түсті әйбәт,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл-жасыл аймақ,<br>Қырға шықты ойнап.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **көркем әдебиет)** | ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама. | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | «Гүлдер» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Баланың эмоциялық жағдайы. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек»ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.04-21.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.04.2023 | 18.04.2023 | 19.04.2023 | 20.04.2023 | 21.04.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **«Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку».**<br>Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды желкенді қайық мүсіндеуге үйрету; заттың жиектері мен бетін мұқият тегістеуді, шеттерін әсемдеуге үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Гүлденген өрік бұтағы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі гүлдеген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету; суреттің негізі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру. | **«Мен 5 заттың атауын білемін …»**<br>Ойын барасы.<br>Бұл топтық ойын. Тәрбиенушілері шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен … ағаштардың … 5… атауын … білемін… қайың – бір, самырсын – екі, емен – үш» | **«Бағбандар мен гүлдер»**<br>Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар қурап қалады. Бірақ бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше бақққа барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».**<br>Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған тәрбиелунiшi ойыннан шығады. | мейірімді және сыпайы сөздерді естімесе, қурап қалады. Бір шағын топ қурап қалған гүлдер, ал екіншісі қурап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады.<br>Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды.<br>Балалар рөлдермен ауысады, ойын жалғасады. | тазартады.<br>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді.<br>**(зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (қысқа секіргіштермен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіргішті жоғары көтеру; 2 - б.қ. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - секіргішті жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - б.қ. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіргішті жоғары ұстау.<br>1 - 2 - еңкейіп, секіргішті аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіргішті алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіргішті ұстап, алдына қою.<br>1 - 2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіргіш жерде.<br>Секіргішпен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргіш төменде (секіргіштің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіргішті алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ағашқа байланысты мақалдар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Жермен еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің | **Дене шынықтыру**<br>"Жүру, еңбектеу және секіру жаттығулары".<br>Мақсат-міндеттер: | **Музыка**<br>"Көктем шақырады".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы | **Дене шынықтыру**<br>"Қимылдар тізбегін үзбе".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды биіктігі 5-10 см 2- | **Қазақ тілі**<br>"Достық жайлы ән.<br>Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Картотека №15**<br>**«Ұшты -ұшты»**<br><br>**Музыка**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Катротека № 41**<br>**«Көңілді тамшылар»** | балаларды 50-60 метрге жүгіруге үйрету.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет»** | музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | 3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету<br><br>**Картотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | төмен, ортасы."<br>Мақсат-міндеттер. Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып, тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап, айтуға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, әдептілікке, достарына деген сыйластыққа, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Катотека №9**<br>**«Табиғат құбылыстарын ата?»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау.** | **Күннің көзін бақылау.** | **Желді бақылау. (қоршаған** | **Аспанды бақылаймыз.** | **Жаңбырды бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді.<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақ)<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты, ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел).<br>**Қимылды ойын. «Допты дәлдеп тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау.<br>**Өз бетімен ойнау.**<br>«Сабынды сумен ойнау». Табақшаға көпіршікті жинап, дөңгелек көпіршіктерін жіберу немесе дайын көпіршіктерді қолданып үрлеп, ойнауды жалғастыру. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күннің көзі)<br>**Бақылау.** Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса, соғұрлым жылуды көп береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру. Шешім қабылдау.<br>**Қимылды ойын. «Күн мен түн». (дене шынықтыру)**<br>Ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау.<br>**Еңбек.** Аулада жұмыс. Балалар ойнайтын құмның жан-жағын жинап, жоғары көтеру. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларға ойнауға жағдай жасау. Ертегіден көріністер көрсету, бағыт-бағдар беру. | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Келсе де даусы құлаққа,<br>Өзін ешкім көрмейді. (Жел)<br>**Бақылау.** Жел қай жақтан болып тұрғанын бақылау (салқын жел, жылы жел, самал жел, қатты жел).<br>Тәжірибе: жапырақтарды жел қалай ұшырып әкететінін аңықтау.<br>**Қимылды ойын. «Кім ұшты?» (дене шынықтыру)**<br>Сөздің мағынасына қарай ойынды ойнау, мұқият тыңдау.<br>**Еңбек.** Тоты құстың торын жуамыз, балаларды өз бетінше торды жуып, сүртіп тазалауға үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың ойлау қабілетін кеңейту. Бір жағдайға байланысты ойынды жандандырып, ұжыммен жұмыс жасау. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Бір түкті кілем,<br>Бір түксіз кілем. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылай отырып бұлт жоқ, аспан ашық ,ақша бұлт, көгілдір екенін бақылаймыз. Аспанның өзгерістерін, күннің ашық болып, жылу шашып тұрғанын, бұлттың жоқтығын бақылау.<br>**Кимылды ойын. «Ұшқыштар». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың біліктілігін бекіте отырып, бір-бірін итермей, орынға таласпай, сөздерді анық, мәнерлеп айтқызу. Мәтінге сай сөздерді қайталату.<br>**Еңбек.** Аланда ойын бұрышындағы құмдарға су құямыз. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр түрлі көлемді ыдыстарды қолданып ойыншықтар жасау. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Түрі кірер даланың.<br>(Жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Жауған жері шөп болсын.<br>**Бақылау.** Аспандағы бұлттардың көшіп қозғалып жүргенін бақылай отырып, бұлттанып күннің түнеруіне бақылау жасаймыз (бұлтты, күңгірт, сұр бұлт, бұлыңғыр бұлт, жаңбыр жаууы мүмкін). Жыл мезгілінің өзгеруіне, күннің күркіреуіне назар аудару.<br>Тыңдау.<br>Жаңбырдың дауысын тыңдаймыз.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Тротуарды, жол жиегін әктеу, сыпыру, жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Қағаздан қайықтар жасап, жырақтағы шалшық суларға жүзгіземіз. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-** | **Математика негіздерінен** | **Қоршаған ортамен** | **Көркем әдебиеттен ойын-** | **Құрастырудан ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **жаттығу**<br>"Тиіннің арманы әңгімесін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "Тиіннің арманы" әңгімесімен таныстыру; әңгімеде сипатталған жабайы аңдар кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы әңгіме туралы ұғымдарды қалыптастыру; "арман" сөзінің мағынасын түсіндіру. | **ойын-жаттығу**<br>"Биіктігі әртүрлі ағаштар саябағы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда төрт объектінің төрт түрлі ұзындық шамасы туралы ұғымдар қалыптастыру. | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ағаштар бүршік жарды".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштар мен бұталар туралы түсінік бере отырып, табиғаттың жанды құбылыстарының ерекшеліктермен таныстыру. | **жаттығу**<br>"Өгіз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Өгіз" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | **жаттығу**<br>"Қызғалдақ гүлін жапсырамыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша гүлдің басын құрастыруға, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету.<br><br>**Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту.<br>- Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығулары** "Түлкіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. **(дене шынықтыру)** | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. **(көркем әдебиет)** | **"Шеберхана" үстел үсті ойыны.** Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».** Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Түрлі-түсті гүл шоғы».** Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру. - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма? Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | Әңгіме жүргізу. | Кеңес: «Саусақ жаттығулары. Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. **(еңбек дағдылары)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Қоршаған ортамен** | **Жапсырудан ойын-** | **Бір апта** | **«Адал достар»** | **Саусақ жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі ауа райын бақылау".<br>Мақсат-міндеттер: көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстарын бір шаңырақ астында тамашалаудың ерекшеліктерімен таныстыру. | **жаттығу**<br>"Алан мен Данаға сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға Алан мен Дана суретін үзік сызық бойымен дұрыс қиып алуға; қағаз бетіне жіп қиындыларын орналастырып, олардың үстіне шарларды жапсыруға үйрету. | Дүйсенбіде достарыммен ойнадым,<br>Сейсенбіде серуенге тоймадым<br>Сәрсенбіде суда жүздім салқындап.<br>Бейсенбіде би билеуге тоймадым.<br>Жұма күні бардым үлкен жарысқа,<br>Сенбі күні сапар шектім алысқа<br>Жексенбіде еш жерге мен бармадым<br>Анашыма көмегімді арнадым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады. | "Достық"<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>(шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық<br>( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | "Бір шаңырақ" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Ұлттар достығы" туралы әңгіме, сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Ұлттар" туралы суреттер көрсетіп, ұлттармен таныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Секіртпеден секіру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»**<br><br>**Музыка**<br>"Дос болайық бәріміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Секіртпені игерейік".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метрден 3 рет жүгіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүгіруге үйрету.<br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Дос болайық бәріміз".<br>(пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.<br><br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | **Дене шынықтыру**<br>"Бірігіп шеңбер құрайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарқынды өзгертіп жүру; 20-25 см биіктіктен секіруге үйрету.<br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қазақ тілі**<br>"Сарбаздар! Адымда!".<br>Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлау: алға, артқа, оңға, солға."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы әскери қызмет туралы жалпы түсініктерін, «Отан» туралы түсініктерін дамыту; сарбаздың кім екенін түсіндіру; алдыға, артқа, оңға, солға ұғымдары жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Балаларды саптық әндерді марш ырғағында айтуды, адымдап қозғалуды, қарапайым бұйрықты есту, түсіну, орындауды үйрету; сарбаздардың негізгі қимыл-қозғалыстарын айқындайтын етістіктерді айтуды меңгерту; есту мен еске сақтау, ойлау қабілеттерін зейінділіктерін, кеңістікті бағдарлау дағдысын, қатынастық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Картотека № 21**<br>**«Не артық»** | | | | біліктіліктерін дамыту.<br>Отанға деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Картотека № 10**<br>**«Көңіл күйді көрсету»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>**Бақылау.** Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)**<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен | **Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)**<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. | **Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.<br>**Бақылау.** Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді | **Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды.<br>(Балық)<br>**Бақылау.** Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру керек.<br>**Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | белсенділігін арттыру.<br>**Еңбек.** Бақшадағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Велосипед тебу. **(дене шынықтыру)**<br>Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | **(еңбек дағдылары)**<br>Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Асфальтқа бормен сурет салу.<br>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)**<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>**Еңбек.** Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | ережелерін сақтау.<br>**Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)**<br>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Сарғыш марғау – қонақжай " тақпағы бойынша әңгіме құру.<br>Мақсат-міндеттер: | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы. Геометриялық пішіндер."<br>Мақсат-міндеттер: | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Әке мен бала".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Әке мен бала" әңгімесінің мазмұнымен | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің көше".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі түсті фломастерлер арқылы | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұлттар достығы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдері туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың "Сарғыш Марғау - қонақжай" тақпағымен таныстыру; адамның, "қожайын", "үй иесі", "қонақ" сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Қимылды ойындар. Марғаулар мен күшіктер**<br>Ойынға қатысатын балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтағы балалар марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды ақырын жүгіруге шақырады. «Күшіктер!» деген кезде – екінші топтағы балалар орындықтан өрмелеп өтеді. Марғаулардың соңынан төрт аяқтап қуады, үреді. Марғаулар мияулап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығады. Күшіктер үйшігіне қайтып оралады. Екі-үш рет ойнағаннан кейін орындарымен алмасады. Ойын қайта жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | балалардың дөңгелек, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру.<br><br>**«Сыпайы өтініш»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. | таныстыра отырып, әңгіме желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.<br><br>**Ритмикалық жаттығу**<br>Біздер тату баламыз, (қолдарынан ұстайды)<br>Гүлдей жайнап жанамыз. (екі қолын жоғары көтеріп гүлдің бейнесін жасайды)<br>Жаттығулар жасасақ,<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br>Орнымыздан тұрамыз, (орындарынан тұрады)<br>Қолды белге қоямыз, (қолдарын белге қояды)<br>Бұрыламыз оңға бір, (оңға бір рет бұрылады)<br>Бұрыламыз солға бір. (солға бір рет бұрылады)<br>Бір, екі, үш, төрт. (санайды)<br>Жоғары қолды созамыз (қолдарын жоғары созады)<br>Аяқ ұшында тұрамыз. (аяқ ұшында тұрады).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | бірнеше қабатты түрлі үйлерді салу амалдарына үйрету; суретті тіктөртбұрышты салудан бастап, сұлбасы бойын айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда болған шақпақтар ішін шахмат тәртібінде бояу техникасына үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Теңге ілу**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай | түсінік беру; әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал!**<br>Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.**<br>"Достық"<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>(шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық<br>( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Күнді ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін)<br>Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге).<br>Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, матетматика негіздері)** | **Дос туралы мақал-мәтелдер жаттау.**<br>1. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.<br>2. Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас.<br>3. Достық-татулық белгісі.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Тыныс алу жаттығуы.**<br>Қолға, алып шарды,<br>Үрлеймін мен былай.<br>Уф-ф-ф,<br>Үрлеймін деп қатты,<br>Жарып алдым шарды. Пах.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Суреттер көрмесін ұйымдастыру. | "Ата-аналарға кеңес.<br>"Бала тілін дамыту» | Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05-05.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 01.05.2023 | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | | дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | | «Ұлттар достығы» тақырыбында фотосуреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: ұлттар достығы тақырыбында бояу бояту.<br>**(сурет салу)** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Отан қорғаушыларға сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: ысқыштан танкті құрастыруға үйрету.<br><br>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын күн аспаны".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жер бетінде тіршілік пен бейбітшілік болуы үшін Күннің қажеттігі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | **Ритмикалық жаттығулар**<br>Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды)<br>Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)<br>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды)<br>Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **«Достық» шеңбері.**<br>Дос болам десең,<br>Досынды сыйла, қымбаттым!<br>Досыма сонда,<br>Досымен ғана қымбатпын.<br>- Ол - қуаныш, махаббат және достық шуағы.<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Жеңіс күнін тойлаймыз тақырыбында сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>Жарты шеңбер жасап отырады. Бәрі бірге айтады.<br>Ел, бейбітшілік, туған жер тақырыптарына байланысты мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | "Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **«Қайырлы таң».**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен, ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!» - тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Ұлы ардагерлер көрмелерін ұйымдастырып, хикаяларын айтып беру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі<br>бойынша<br>ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қабырғаға лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге және жұппен жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | **Музыка**<br>"Жауынгерлер маршы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету.<br>**Картотека №39**<br>**«Үкілі тақия»** | **Дене шынықтыру**<br>"Доппен жаттығулар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша тоқтап жүру; түрлі бағытта жүгіру; бөрене арқылы еңбектеп өтуге үйрету.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | **Қазақ тілі**<br>"Гүлдер. Алыс-жақын"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы гүлдердің түрлері жайлы білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның орналасуын «жақын», «алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; көктемгі табиғат өзгерістері туралы білімдерін нақтылау.<br>Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы еске сақтауды үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, айналасындағы заттарға деген мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>**Картотека №19**<br>**«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Шырша, қарағай, жөке ағаштарын бақылау. Жапырақты ағаштармен салыстыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Үстінде жасыл тоны бар.<br>Балаларды қуантар.<br>(Шырша)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды ағаштардың құрылымын салыстыруға, қарастыруға қызықтыру. Шырша мен қарағай, олардың белгілерін ажыратуға үйрету, бұтақтардың қалыңдығы мен | **Бағбанның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Жеміс біткен бау-бақша<br>Желі жайды жан-жаққа.<br>Бақта құс та сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>**Бақылау.** Үлкендердің жұмысы жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Жұмысқа қажет құрал-саймандармен таныстыру (тырнауыш, | **Бақаны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>«Бақа».<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Басың неге жалпақ,<br>Темір телпек көп киіп,<br>Басым содан жалпақ<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Көзің неге тостақ<br>Қарауылда көп қарап,<br>Көзім содан тостақ,<br>**Бақылау.** Бақаны бақылау, оның ерекшеліктерін айту, түсі жасыл және дақтары бар, шөпте көрінбейді, саусақтарының арасындағы | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Екі басы жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай.<br>(Құмырсқа)<br>Көркем сөз.<br>Ұзын мұрты құмырсқа.<br>Бара жатты жұмысқа<br>Допты алып қолына,<br>Қойдым оның жолына<br>Оң жағына қарады,<br>Сол жағына қарады.<br>«Биік тау,» - деп ойлады.<br>**Бақылау.** Құмырсқалар ұсақ, нәзік, еңбексүйгіш жәндіктер. Олар жердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орналасуы (қарағайда бұтақтары жоғары, шыршада төменіне дейін). Олардың бояулары (қарағай – ақшыл, шырша - жасылдау), жапырақты және жөке ағаштарын салыстыру, ерекшеліктерін көрсету. Жөке ағаштары жіңішке, ұзын және жапырақтары ине тәріздес қатты келеді.<br>**Қимылды ойын. «Бөркіңді тап». (дене шынықтыру)**<br>Жоғарыға секіруге үйрету; физикалық сапасын шапшаңдығын, ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру.<br>**Еңбек.** Жөке ағаштарының маңын тазарту.<br>Жөке ағаштарын құрап түскен қылқанын жинастыруға, ағаштарға жақсы карауға ұмтылдыру. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларға өз орнын сақтауға үйрету. Ойын жүрісінде қажет болған жағдайда 2-3 рөлдерді де орындауға үйрету; қарым-қатынас ережелерін білу, тең дәрежеде болу және басқару. | күрек, сұқұйғыш т.б.). Бағбанның жұмысының нәтижесіне қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді балалар». (дене шынықтыру)**<br>Құрдастары және ересектермен жағымды эмоционалдық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлдерді күтуде бағбанға көмек. **(еңбек дағдылары)**<br>Тапсырмаларды орындауға үйрету, жұмысты ұжыммен келісіп орындауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Доппен ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Доппен ойнау әдістері: жоғары лақтыру, ұстап алу, тебуді бекіту, жылдамдыққа баулу. | бос тері, жүзуге көмек береді, секіреді, жәндіктермен қоректенеді. Бақаның өмірі жайлы білімді кеңейту.<br>**Қимылды ойын. «Өз үйшігіңді тап». (дене шынықтыру)**<br>Әртүрлі қыймыл қозғалыстарды жасау жөніндегі білгілерді бекіту: жүгіру, жүру, секіру, белгі бойынша қимылдау (өз үйшіктерін табу), кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Еңбек.** Балаларды еңбек етуге, үлкенге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Қағаз бақамен ойнау.<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттілігіне тәрбиелеу. | астында өмір сүреді. Өмір сүретін жерін «илеу» деп атайды. Илеуді бұзуға болмайды, өйткені құмырсқалар бізге пайдалы.<br>**Қимылды ойын: «Туннель ішімен еңбектеу». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Құмды қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Құмнан шаһар жасау. Балалар ақылдасып не салу керек екенін шешеді. Ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын арттыру. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | | **Сурет салудан ойын-жаттығу** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>**"Жауынгерлер маршы.** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>**"Көлшіктегі үйректің** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **"Тікұшақ".**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды қарындашпен тікұшақты салу техникасына үйрету; тікұшақты қағаз бетінің ортасына, түрлі сопақшаларды үйлесімдікте орналастырып, тікұшақ бейнесін салу амалдарын игерту; әскери қызмет, көліктер туралы білімдерді пысықтау.<br><br>**Ұлттық ойын. Түйілген орамал**<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. | **Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-ң] дыбысы".**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды дауыссыз [Ң] дыбысымен таныстыру; буын мен сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; әскері қызмет ұғымы туралы негізгі мағлұматтар беру.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әскери көліктерге арналған ені әртүрлі жолдар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда біркелкі заттардың шамасы, төрт түрлі ені туралы ұғымдар қалыптастыру. | **балапандары".**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды үйректің балапанымен таныстыру, композиция жасауды үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Ақсерек - көксерек**<br>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ.<br>Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ.<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(дене шынықтыру)** | "**Көгершін".**<br>**Мақсат-міндеттер: балаларды** Т. Таймасұлының "Көгершін" өлеңімен таныстыра отырып, көгершінді бейбіт елдің тірегі мен белгісі ретінде сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **"Лабиринт" дидактикалық ойыны.** Ойынның мақсат-міндеттері. Балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (қоян мен көгөніс) беріледі, балалар жылдам орындап шығады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Қайсар рухты баламын" тақпағын жаттау.** Алатау, Алтай арасы – Қазақтың кең даласы. Мен боламын сол елдің Қайсар рухты баласы. Өсіп, өніп, ержетіп, Ақылымды өрлетіп. Елімнің атын шығарам Мықты елдермен тең етіп. Д.Сүлейменов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.** "Дәмді тосап". Мақсат-міндеттер. Жалпақ тілдің ұшын жоғары көтеру және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2.Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3.Тіл оңға және солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды) Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды) Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | Кеңес: «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Жоба: "Ұлы Отан ардагерлері". Балалардың майданға қатысқан ата-әжелерінің фотосуреттерін әкеліп, көрме | «Майдангер аталар» атты тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұйымдастыруға тапсырма беру. | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05-12.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | | | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жұмбақ жасырмақ жаттығулары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөздің жұмбақ формасымен таныстыруды жалғастыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөніндегі түсініктерін пысықтау; заттардың ортақ қасиеттер бойынша топталу принципін қайталау. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Мақта табақшаларынан гүлді жапсырамыз".<br>Мақсат-міндеттер: мақта табақшаларымен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Гүлдер .<br>Көктемде жайнар алқаптар - (Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру").<br>Айналаға гүл қаптар. (Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.)<br>Шашағы аппақ түймедақ, (Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. )<br>Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"-саусақтарды кесеше жинау).<br>(О.И. Крупенчук; Е.Елубаев)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою.<br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | **«Күлімдеген күн».**<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Дөңгелене кілемде отыр.<br>Бәрі бірге айтады.<br>Әскери көліктер, әскерлер туралы суретке қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | | | **Музыка**<br>"Біз өмірдің гүліміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен | **Дене шынықтыру**<br>"Ұзындыққа екпінмен секіру"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға | **Қазақ тілі**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**<br>Балалардың ұғымындағы ауыл тіршілігінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | | | бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Картотека № 21**<br>**Не артық»** | бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып, жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.<br>**Картотека  № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | ерекшелігі, жыл құсы - қарлығаш туралы білімдерін нақтылау; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; көктемгі егістік жұмыстарының маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қарлығаш туралы қазақ тіліндегі әнді айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Байқампаздыққа, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека № 17**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қаратаудың басында<br>Киік кетіп барады. | **Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ, | **Құстардың шомылғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қол аяғы бауырына<br>Тиіп кетіп барады. (Тұман)<br>**Бақылау.** Табиғаттағы тұманды бақылау ол туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліндегі құбылыстар туралы нақты білімдерін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын: «Жасырған затты тауып ал». (дене шынықтыру)**<br>Әр бағытта жүріп, жасырған затты тауып алу, жылдамдыққа тәрбиелеу, ойын шарттарын бұзбай ойнау.<br>**Еңбек.**<br>Бақшада жұмыс істеу. Көгөністерді суару. Өсімдіктерді өз бетімен суаруға үйренуін қалыптастыру (суару ережелерін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Құмда ойыншықтармен ойнау. Құммен ойнау әдістерімен түрлендіру. Қызығушылықтарын арттыру, шығармашылықтарын дамыту. Әр балаға өз әрекеттерін ұйымдастыруды үйрету. | Жерден тары шоқып-ап,<br>Бөтегесі томпиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>**Бақылау.** Немен көректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене шынықтыру)**<br>«Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту.<br>**Еңбек.** Құстарды тамақтандыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық-тербеткіш.<br>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | (Аққу)<br>**Бақылау.** Сырттан құстардың шомылғанын бақылау: қауырсындарын тазартады, суды ішеді. Құстарға деген сүйіспеншілігін дамыту, қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Аңшылар және аңдар». (дене шынықтыру)**<br>Дөңгеленіп тұруға және допты лақтырып, қағып алуға үйретуді бекіту. Ойынның шартын орындауға, әділеттілік сезімдерін дамыту.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Арамшөпті жұлу. Үлкендерге көмектесуге талпындыру. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әртүрлі ойындарға қызығушылығын арттыру және ойнай білу дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Даладағы гүлдерді санайық. Жиын сандар". Мақсат-міндеттер: балалардың "сан" мен "санау" ұғымдары туралы білімдерін жетілдіру, жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Әдемі шәйнек". Мақсат-міндеттер: балалардың қылқалам ұшы мен бояу арқылы шәйнектің сұлбасын татар ою түрімен, гүлмен, безендіру техникасымен таныстыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдар жиынтығын пысықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Көктем келді гүл алып". Мақсат-міндеттер: балаларды Ө.Тұрманжановтың "Көктем келді гүл алып" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Нәркес". Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат гүлденуі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; нәркес гүлдері жайлы білімдерін кеңейту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Таңғажайып табиғат". Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғаттың таңғажайып құбылыстарымен таныстыра отырып, табиғат туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".** Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. | **Саусақ жаттығуы.** Гүлдер . Көктемде жайнар алқаптар - (Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру"). Айналаға гүл қаптар. (Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.) | **"Санамақтар".** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сурет салу)** | Шашағы аппақ түймедақ,<br>(Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. )<br>Көктікен мен қызғалдақ<br>Жердің көркін ашады.<br>(Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесеше жинау).<br>(О.И. Крупенчук; Е.Елубаев)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық - солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | Ата-аналарға кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | «Р» дыбысын айтуда қиналатын балаларға арналған «Тіл туралы ертігі». | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбына әңгіме жүргізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05-19.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.** Дидактикалық міндеті. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады.<br>Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Көбелек".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер туралы білімдерін тиянақтау; сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, көбелекті мүсіндеуді үйрету. | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы | **Тұқым мен жемістің таралуы жайлы әңгімелеу.** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Тұқым таралуына байланысты бейнематериал | **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** | | бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы.<br>**(танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** | көрсету. (Tigtag junior медиа бөлімінде)<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>Б. Кірісбаев.<br>( |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою.<br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктемгі егістік туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Балабақша ауласындағы ағаштар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, қоршаған ортамен танысу)** | Егістікке жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Көктемгі егістік тақырыбында суреттерге қарап мәтін құрап әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Өсімдіктердің гүлдеуі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бақалар ойыны".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта тұрып оңға және солға бұрылыстар жасауға; затты көлденеңінен ( 2–2,5 м арақашықтықта) оң қолмен лақтыруға үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді**<br><br>**Музыка**<br>"Кемпірқосақ жолақтары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру.<br>**Картотека № 6** | **Дене шынықтыру**<br>"Кенгурудың қимылдарын қызықтайық"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды затты көлденеңінен ( 2–2,5 м арақашықтықта) сол қолмен лақтыруға үйрету.<br><br>**Картотека №13**<br>**«Ақсерек- көксерек»** | **Музыка**<br>"Жау, жау, жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көңілді әнді педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге және аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.<br>**Картотека № 40**<br>**«Түрлі түсті шеңберлер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Түрлі жазықтықтарда бүйірлеп адымдау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты қағып алып жүгіру; бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өтуге үйрету.<br>**Картотека № 10**<br>**«Доптар мектебі»** | **Қазақ тілі**<br>""Егістікке арбамен барамыз". Еркелетіп ата."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы ауыл тіршілігінің ерекшелігі, жыл құсы - қарлығаш туралы білімдерін нақтылау; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; көктемгі егістік жұмыстарының маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қарлығаш туралы қазақ тіліндегі әнді айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктіліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінін, еске |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Аспапты үнінен тап»** | | | | сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Байқампаздыққа, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**№ 8 Дидактикалық ойын: «Жайлауда»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясына ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>(Ағаш)<br>**Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту.<br>**Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>«Көктемгі су» Н.Айытов<br>Қаусатып қар боранды,<br>Сарқырады бұлақтар.<br>Көктем қайтып оралды,<br>Құлпырды сай қыраттар.<br>Таулар тастап ақ тонын<br>Сағым ойнап, көзді алып<br>Көк торғынға оранды<br>Жақын тартты жырақтар<br>**Бақылау.** Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Ойларын өздері қорытындылауға үйрету, сөздік қорларын байыту.<br>**Қимылды ойын. «Қояндар». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауға үйретуді жалғастыру (бастаушы айтады, бірақ өзі басқа | **Заттардың көлеңкесін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Мен жүгірсем, ол да жүгіреді,<br>Мен мүдірсем, ол да мүдіреді.<br>(Көлеңке)<br>**Бақылау.**<br>Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің ұзындығын өлшеу, көлеңкеде заттар суық, күннің көзінде жылы болатынына көңіл аудару. Балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру. Бақыланған затқа қызығушылығын ояту.<br>**Қимылды ойын. «Қақпа». (дене шынықтыру)**<br>Жарысу элементтері бар | **Дәрілік өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>(шақпашөп, сасықшөп, үлкен жапырақтар т.б.)<br>Жұмбақтар.<br>Қай өсімдік болады<br>Болмаса да ең көркем<br>Шипалы шөп ...<br>(Жолжелкен)<br>Өзіне шап-шақ<br>Киген қалпағы аппақ<br>Далада тұр қаптап (Бақ-бақ)<br>**Бақылау.** Балабақшаның ауласында өсіп жатқан өсімдіктерді тану, аттарын есте сақтауға үйрету. Дәрілік өсімдіктерді қандай өсімдік, қандай мақсатпен қолданылатыны жайлы балаларға түсіндіріп өту. Мысалы: түймегүлді – антисептикалық емге, шақпашөпті – дәрумендер бар т.с.с..<br>**Қимылды ойын. «Қиын өткел». (дене шынықтыру)**<br>Ұқыпты, тиянақты болу керек екенін айтып өту, ойынның шартын қадағалау. | **Шөптесін өсімдіктердің гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ; «Гүл» А. Меңжанова.<br>Қызыл-жасыл гүл егіп,<br>Баптап, күттік, түрлеттік,<br>Апта сайын суардық.<br>Гүлдендірдік ауланы,<br>Аулада гүл қаулады.<br>**Бақылау.** Бұл өсімдіктердің шалғындарда өсетінін, сол себепті жарықты жақсы көретінін түсіндіру. Балаларды алаңда өсетін шөптесін өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы түсініктерін қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр,сабағы, жапырақ, гүл, тұқымы), олардың әр өсімдікте әртүрлі екендігін түсіндіру, өсімдіктер гүлдейді.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптасады.<br>**Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. **(сурет салу)** | қимылдарды жасайды).<br>Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда, күш пен жігерлілікті дамыту.<br>**Еңбек.** Өз қалауымен еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. Бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр баланы өз қалауы бойынша ойындар таңдап алып ойнауға, ұжым болып ойнай білуге тәрбиелеу. | спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту.<br>**Еңбек.** Жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру. Белсенділігін дамыту, жұмыстың үнемді әдістерін үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу, өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың өзіндік ұжымының даму негізі ретінде дұрыс нысанды қарым-қатынас топтарын пайдалану. Ұялшақ, жасқаншақ балаларға ойынға кірісуге көмектесу, өте белсенді балалардың басқалардың да ынтасын білдіруіне кедергі келтірмеуін қадағалау. | Ойын ойнап жатқанда балалардың достарына көмектесу, бір-біріне деген қарым-қатынастарын ояту.<br>**Еңбек.** Емдік өсімдіктерді топтастыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Балаларды емдік өсімдікті жинауға шақыру, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншылардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру. | Екі топқа бөліну, ойын ережесін сақтау (ешкіні ұстап, бір аяқпен қозғалу, жүргізуші сенің белгіңді атаған кезде ғана жүгіру). Шыдамдылыққа үйрету.<br>**Еңбек.** Емдік өсімдіктерді кептіру. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді жинауда жинақылыққа үйрету, айналаға пайда тигізу, қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтау.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Әр балаға өзіне ұнайтын іспен айналысуға мүмкіндік беру. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып орман тұрғындарына үйшік құрастырамыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағаз бетінің оң жағына есептеу таяқшаларынан қоянның үйшігін, ал сол жағына аюдың үйшігін құрастыруға | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жау, жау, жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Апалы-сіңлілі үш қыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Апалы-сіңлілі үш қыз" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісіндегі кейіпкерлердің | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жайлаудағы гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Тышқандарды санаймыз. Жиын сандар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. | | қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету. | салу амалдарына үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны**<br>Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Театрды сахналау.**<br>Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез келген ертегіні сахналайды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Еңбек" тақпағын жаттау.**<br>Гүл өсірсең, терлеп,<br>Мұның ата - Еңбек.<br>Кесте тіксең, зерлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Қырға шықсаң, өрлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп<br>Әзірлесең - Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Н. Жанаев | **Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап".**<br>Мақсат-міндеттер: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың егіншілер туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Ойын-тапсырма: "Қайшымен контур бойынша сурет қию".**<br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | **дамыту)** | ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(жапсыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес:<br>«Саусақ жаттығулары». Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05 - 26.05.2022 ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".**<br>Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеттерін өз бетімен, адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау.<br>**(еңбек дағдылары)** | Үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпырысу, қоқыстарды жинауға үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетке, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Санамақтар".**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық, | **"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, байқағыштықты, зейінділікті дамыту.<br>**(матетматика негіздері)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы | **"Фант" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, | **"Пазлдарды жинаймыз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, шыдамдылықты дамыту. |

<table>
<tr><td></td><td>Сен кір, сен шық!<br>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</td><td>(математика негіздері)</td><td>білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>(математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)</td><td>ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.<br>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</td><td></td></tr>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаз туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз табиғатының суретіне қарап әңгіме құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Кімнің адымы нық?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өтуге үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**«Өз үйінді тап»**<br><br>**Музыка**<br>"Кел, билейік!"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>**Картотека № 13**<br>**«Ол қалай жүреді»** | **Дене шынықтыру**<br>"Орындықта бүйірлік адыммен жүру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге және жұппен жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.<br>**Картотека №7**<br>**«Қояндар мен қасқыр»** | **Музыка**<br>"Кел, билейік!" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | **Дене шынықтыру**<br>"Етпетімен еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттер: гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету.<br><br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>**«Күн мен түн»** | **Қазақ тілі**<br>"Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету.<br>Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Әдептілікке, байқампаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека№8**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады?<br>(Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, | **Шықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Маржандарым тығылды,<br>Таң атқанша ағылды. (Шық)<br>**Бақылау.** «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Менің көңілді добым». (дене шынықтыру)**<br>Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу.<br>**Еңбек.** Ауылдағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктердің солып қураған жапырақтарын алып | **Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап,<br>Бөтегесі томпиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>**Бақылау.**<br>Немен қоректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене шынықтыру)**<br>«Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту.<br>**Еңбек.** Құстарды тамақтандыру. | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясына ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>(Ағаш)<br>**Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту.<br>**Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Айналмамен ойнау. Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. | Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық-тербеткіш.<br>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады.<br>**Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Арманшыл сарғыш марғау" тақпағы негізінде түстер туралы әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ оқу және әңгімелеу сөйлеу формалары жөнінде білімдерін | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өз қалауы бойынша".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз қалаулары бойынша сурет салу әрекетіне машықтандыру; барлық игерген сурет салу техникаларын естеріңе | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер мен кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн жайлы мәлімет беру; күннің пайдасы туралы білімдерін кеңейту; күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретіні жөнінде ұғымдарын | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Судағы ғажап балық".<br>Мақсат-міндеттер: қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**"Эстафета".**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пысықтау, зат есімдердің құбылысты, затты, аңды, құсты бідіретіні жөніндегі түсініктерін тиянақтау; сөздердің логикалық ой құрылымына тізілетінін көрсету; түстерді пысықтау. | түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br><br>**Ритмикалық жаттығу**<br>Жолдарыңа үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады,<br>Беті-қолын жуады.<br>Оңға-солға шайқалып,<br>Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады.<br>Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біздер айттық тақпақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Теңге ілу**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.<br>**(дене шынықтыру)** | қалыптастыру.<br><br>**Ұлттық ойын. Түйілген орамал**<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.<br>**(дене шынықтыру)** | Балалардың тілін және сөздік қорын дамыту. Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Ойынның барысы. Балалар дөңгеленіп тұрады, жүргізуші қолында эстефаталық таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға бере бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер». (Сарғыш марғауға** | **"Суретші нені шатастырды?"** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1) Топ бала, топ бала | **Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?".** | **"Жаз келді" тақпағын жаттау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **кілемшелер жасау)**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.<br>**(математика негіздері, шығармашылық дағдылар)** | **дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен логикалық ойлауын, зеректікті дамыту.<br>Жаз мезгіліне байланысты суреттер. Мысалы: жаз мезгілінде қар жауып тұр.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>2) Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3) Қырда қырау<br>Қызыл ала бұзау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: тапқырлықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br>Ж.Молдағалиев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Егер бала жиі ашуланса ..." | Баланың эмоциялық жағдайы. | Әңгіме: «Жаздағы дамытушылық ойындары». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05-31.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс бастар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | |
| | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".** Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне | **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: | **"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабылеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру. Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ,<br>( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар<br>("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br><br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.<br>("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br><br>Еңкейіп кеп, ерінбей,<br>(Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(математика негіздері)** | орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді.<br>Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек.<br>Педагог гүлдерді атауға да шақырады.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаз мезгілі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | Жаз мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге қарап әңгіме құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Жаз мезгілі туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жәндіктерді бақылаймыз, еңбектейміз, жорғалаймыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) үйрету.<br>**Картотека № 13**<br>**Қимылды ойын: «Қоңыздар»** | **Дене шынықтыру**<br>"Жайдары жаздың ойындары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Картотека № 9** | **Музыка**<br>**Оқу қызметінің мақсаты**<br>Балаларға көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде денесін әннің сыр-сипатына сай ырғақпен қозғалтуға, қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбысында бірге аяқтауды үйрету; дауысқа арналған жаттығуларды дұрыс орындауға жаттықтыру. | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br>**Оқу қызметінің мақсаты**<br>Балаларға көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде денесін әннің сыр-сипатына сай ырғақпен қозғалтуға, қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбысында бірге аяқтауды үйрету; дауысқа арналған жаттығуларды дұрыс орындауға жаттықтыру<br><br>**«Соқыртеке» дидактикалық ойыны**<br>Ойынның мақсаты: балаларға әнді айта жүріп, епті, жылдам болуға үйрету. Ойынның барысы: балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер жасайды, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады.<br><br>Балалар айтатын «Соқыртеке» әнінің шумағы:<br>Соқыр теке, бақ, бақ,<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң, қанекей,<br>Бірімізді тап, тап! | **Қимылды ойын: "Допты қуып жет "** | **Картотека № 37 «БАСПАЛДАҚ»** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ) | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады. | **Шөптерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>«Айт» десе жүгірмес,<br>Су тисе сілкінбес. (Шөп)<br>**Бақылау.**<br>Аулада өсетін өсімдіктерді | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау.** Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты карауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Айналмамен ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз)<br>**Бақылау.** Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту.<br>Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. | танып білу, 3-4 түрін. Жапырақтарын, гүлдерін, тамырларын қарап көру. Гүлді жұлмауға, баспауға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Бірінші болу». (дене шынықтыру)**<br>Бір сызықта тұрған әртүрлі заттарды айнала жүгіру. Ойын ережелерін бұзбай, жарысқа қатыстыру.<br>**Еңбек.**<br>Тәрбиешінің көмегімен жұмысты бөліп алуға келісу, бірлескен тапсырманы өз уақытында аяқтау іскерліктерін қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өзіндік ойнау, өзін-өзі басқара білуге үйрету. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | | | |
| | Музыка | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>**Ән айту.**<br>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық |

| | | |
|---|---|---|
| | | мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар.**<br>Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.<br>Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)___ «Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы _
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 1 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | - балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;<br>- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;<br>- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;<br>- жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі |

| | | |
|---|---|---|
| | | қимыл түрлерін дамыту;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;<br>- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.**<br>Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салу.<br>**Домалату, лақтыру.** Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Арнайы шынықтыру шараларын ата-аналардың қалауымен, мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен медициналық қызметкерлері шешімімен<br>жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | -коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;<br>- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;<br>- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту.<br>Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау.<br>Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мәәә, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау.<br>**Белсенді сөйлеу.**<br>Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау.<br>Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. |
| | Көркем әдебиет | - балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;<br>- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету. |
| | Сенсорика | - заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;<br>- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;<br>- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;<br>- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- интелектуалды сезімді тәрбиелеу (жаңаны тануда қуанышқа бөлену).<br>Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;<br>- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;<br>- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;<br>- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру;<br>- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;<br>- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;<br>- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.<br>Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу.<br>Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |
| | Мүсіндеу | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. |
| | Музыка | - шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;<br>- балалардың байқампаздығын дамыту;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;<br>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.<br>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>**Ән айту.**<br>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар.**<br>Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.<br>Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | **«Балбөбек» ш/о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01,02.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты", | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері: қолдағы ойыншықтың атауын сұрап, ойын бұрышына апартқызып қойғызу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен және жапырағының беті тегіс болуын байқату, қолмен сипату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруға үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң - жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. | **Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан? |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде, қолдар белде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою. Ойыншықтарды өздері ұстап, қолмен сипап көруі.<br>"Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері: балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. **(музыка, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | **"Балабақшаға саяхат" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, онда не істейтіндерін үйрету; сурет арқылы тілдерін, ой-өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру; үлкеннің сөзі мен іс-қимылына қызығушылық тудыру, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Доппен ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: Допты алдыға лақтыру және қағып алуды үйрету.<br>Ойын барысы: педагог балаларға допты лақтырады. Балалар допты қағып алуға | **Дене шынықтыру**<br>"Қуыршақ дене шынықтырады".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың белсенді қозғалуы үшін жағдай жасау, қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсартуға бағытталған әрекеттерге ынталандыру; балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жердің үстімен жүру (екі сызықтың арасында).<br>Қимылды ойын. «Маған қарай жүгіріңдер».<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тырысады. Қағып алған допты педагогке кері лақтырады. Ойын кезекпен ойналады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел бізбен ойнамақ,<br>Оңға, солға жасырынбақ.<br>Жапырақтар да ойнайды,<br>Күннің көзіне жылпыңдайды.<br>Д. Ахметова<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?<br>- Жел жапырақтарды тербетіп, бізбен ойнап жүр.<br>**Еңбекке баулу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, | **тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруде жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Шашылған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ептілікке баулу. | **бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | **Сенсорикадан ойын-жаттығу.** "Түрлі түсті шарларды домалату". Мақсат-міндеттері: балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту. 1. Балаларға бір ойыншықпен ойнауды үйрету, іс-әрекеттерді орындау, педагогтің көрсеткен қимылдарын: шарларды домалату, шардың домалап бара жатқанын түсіну. 2 . Қолдың ұсақ моторикасын; сөйлеуді, зейінін, логикалық ойлауын, есте сақтауын, қиялын дамыту. 3. | **"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру. Құрал: топтағы ойыншық. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығулы тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Эмоционалдықты тәрбиелеу және ойнауға қызығушылықты арттыру. **(сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Себеттегі шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері: себеттегі шарларды көру және зерттеу. **(сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Керемет бөтелкелер» визуалды тренажеры.**<br>Мақсат-міндеттері: бейімделу кезеңіндегі психо-эмоционалды стресстен арылуға, визуалды қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету.<br>Балалар бөтелкені сілкілеген кезде моншақтар мен гүлдердің суда бірқалыпты қозғалатынын қуана бақылайды. **(сенсорика, дене шынықтыру)** | ойыншықты табады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Күшік ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ойыншықтың бейнесіне, оны жіптен тартып қозғалтуға қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады.<br>- Күшігім-ай, күшік-ай!<br>Неге жалғыз қалдың ай?<br>- Мен ешқайда кетпедім,<br>Үлкен үйді күзеттім!<br>- Қайтіп екен?<br>- Ап-ап-ап! Абайлаңдар!<br>Ап-ап-ап!<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | **«Балық аулау» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері: Топта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластиктен жасалған ойыншық балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты беріп (балықтарда темір құлақшалар болса), оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем сөз, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсаты: балалардің қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**Мүсіндеу**: дөңгелек<br>Мақсат-міндеттері: ермексазбен дұрыс жұмыс істей білуге және алақан ортасымен дөңгелектеуге үйрету. **(мүсіндеу)**<br>**«Қоңырауым қайда?» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды сигнал бойынша белгілі бағытта жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда? | | | | |

| | |
|---|---|
| | Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09 - 09.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойыншықтарды жинақтау" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту. **(сөйлеуді дамыту)** | "Ойыншықтарды жинақтау" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстап, қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады") **(сөйлеуді дамыту)** | "Өсімдіктермен танысу, күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистра жапырақтардың жалпақ, үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аударту; эмоциялар сферасын дамыту. Қуыршақтар күлімдейді: "Кел, ойнайық!" - | **Саусақ жаттығуы «Ормандағы кірпі»** Мақсат-міндеттері. Саусақ жаттығуы арқылы, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу) Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды) Кездесті, міне, керегі: (бір саусағын | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, | **Байлау ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: байлау ойыншықтары. Бауларды ұштарынан | **«Моншақтарды тізу» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттері. Негізгі түстерді ажыратуға және дұрыс атауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табандылыққа тәрбиелеу. Бір-бір моншақ алайық, Жіпке оны тізейік. Әдемі моншағымызды, Анамызға сыйлайық. **(сенсорика, көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | көрсетеді)<br>Саңырауқұлақтарды себетке салады.<br>(Себетке салғандай қимыл жасау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық.<br>**(сенсорика)** | **сөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2. "Шапалақтаймыз"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалға ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ырғақты әуенжазбасын қосу.<br>Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар!<br>Күніміз бізге күлімдейді:<br>Сәлем, сәлем! - дейді.<br>Д. Ахметова<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Дана қуыршақпен бірге жаттығамыз". Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған қимылдар мен әрекеттерге баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін сигнал бойынша жүру қабілетін бекіту, шектеулі жерде жүру (екі сызық арасында). **(дене шынықтыру)** **Қимылды ойын. "Маған қарай жүгіріңдер".** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-біріне кедергі келтірмеу үшін, барлығы залдың бір | **Дене шынықтыру** "Құстар". Мақсат-міндеттері. Балалардың белсенді қозғалыстары үшін жағдай жасау, олардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған жаттығуларға баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жерде жүру (екі сызықтың арасында), қимыл ептілігін үйлестіру; жердегі іздерді өздерінің аяқтарының іздерімен салыстыра отырып, жол бойымен жүруді үйрету, қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттыру. **Қимылды ойын.** | **Музыка** "Үйімізде кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балалармен танысу. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру, музыка тыңдауға, қарапайым қимылдарды жасауға, өз денелерін сезінуге үйрету. Әртүрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру: нәзік, баяу, және көңілді. Балаларды қол шапалақтау арқылы қатты және ақырын естілетін музыкаларды ажырата білу. Дыбыс шығаратын ойыншықтарға қызығушылықтарын арттыру. **(музыка)** | **Дене шынықтыру** "Мысық". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигнал бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектеу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту. Қимылды ойын: "Мысығым". Мақсат-міндеттері: балаларға мәтінге байланысты қимыл-қозғалыстарды жасауды үйрету. Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. **(дене шынықтыру,** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Отбасы туралы санамақ". Мақсат-міндеттері. Педагог баланың көркемсөзді тұтас қабылдауының бастапқы формаларын қалыптастырады: эмоционалды жауап беру, қарапайым мазмұнды түсіне алу. Шағын өнер түрінің қарапайым элементтерін қабылдау қабілетін дамыту. Оқылған мәтінді мұқият тыңдауға баулу. **Дидактикалық ойын "Кімге не керек?"** Мақсат-міндеттері: көрсетілген фото және бейнематериалдарға сүйеніп, отбасы мүшелерінің әрқайсына керекті затты сәйкестендіреді. Бұл ойын лото түрінде немесе ламинатталған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағында тұрады. Педагог залдың қарама-қарсы жағында тұрады. Педагог балаларға: «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» Балалар құшағын ашып тұрған педагогке қарай жүгіреді. Педагог балаларды қуана құшақтайды. Балалардың бәрі педагогтің қасына жиналғаннан кейін, ол залдың қарама-қарсы жағына барып, тағы да «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» белгісін береді. Ойын басталмас бұрын педагог: «Маған қарай жүгір!» белгісін бергеннен кейін ғана жүгіруге болатынын ескертеді, бір-бірін итеруге, кедергі келтіруге болмайтынын түсіндіреді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді** | **«Маған қарай жүгіріңдер».** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-біріне кедергі келтірмеу үшін, барлығы залдың бір жағында тұрады. Педагог залдың қарама-қарсы жағында тұрады. Педагог балаларға: «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» Балалар құшағын ашып тұрған педагогке қарай жүгіреді. Педагог балаларды қуана құшақтайды. Балалардың бәрі педагогтің қасына жиналғаннан кейін, ол залдың қарама-қарсы жағына барып, тағы да «Бәрің маған қарай | | **көркемсөз)** | суреттерден құралған пазл түрінде де жасалады. Отбасы мүшелері мен оларға тиесілі затты жіппен байланыстыру арқылы ойнатылуы да мүмкін. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)** | жүгіріңдер!» белгісін береді. Ойын басталмас бұрын педагог: «Маған қарай жүгір!» белгісін бергеннен кейін ғана жүгіруге болатынын ескертеді, бір-бірін итеруге, кедергі келтіруге болмайтынын түсіндіреді. **(дене шынықтыру** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: шкафтан көше аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрауды ауызша айтуды, шешінетін бөлмеде өзін сабырлы ұстауға үйрету.<br>Жазда серуендеу ережелері:<br>- серуенде басына қалпақ немесе орамал кию;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнау (верандада, көлеңке астында);<br>- ешқашан күн көзіне тура қарама, өйткені бұл сенің көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуенде тек жеке ыдыстан қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуендеу кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қолдар лас және оларда ауру тудыратын микробтар көп. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйін көрсетіп, құрғақ құмның себелеп қол | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.<br>Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді.<br>Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан | айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап | арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету, тәжірибе жасату.<br>Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса -<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға, алысырақ лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, алысырақ лақтырып көрейік. | байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. | бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлiген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**"Бұлттарға ұқсап** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! | (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). | Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық. | Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | **ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Отбасы" (Қоршаған ортамен таныстырудың ойын-жаттығулары)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда отбасы және отбасы мүшелері | **«Ұяшықтарға ұсақ заттарды орналастыру» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың ұсақ | **"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, | **"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түстерді қабылдау және | **"Саусақтар" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Отбасындағы жағымды қарым-қатынасты, өзара көмекке, барлық отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Саусақ ойыны «Отбасы».<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармағым – Атам!<br>Балаң үйрек – Әжем!<br>Ортаң терек – Әкем!<br>Шылдыр шүмек – Шешем!<br>Титтей бөбек – Мен!<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз!<br>Балалар сергіту сәтін педагогпен бірге орындайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | моторикасын дамыту, әртүрлі ойыншықтар мен заттарды басқаруды үйрету. Ойынға мұзды қалып немесе палитра алуға қолдануға болады. Балалар өздерінің ұяшықтарына ұсақ малтатастарды, түймелерді немесе кез келген басқа заттарды қояды (ойынға біркелкі затты алу керек, яғни тек түймелер немесе тек малтатастар).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Әжеге арналған бауырсақ"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ермексазбен таныстыру.<br>Ермексазбен жұмыс істеуді үйрету.<br>Алақанның айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін | орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). **(дене шынықтыру, көркем сөз)** | ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>Көктем мерекесі – Аналар мерекесі.<br>Әже, әпке, қыздарға Сыйлыққа не дайын?<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br><br>**"Шарлар дөңгелекте"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алақанның ортасымен ермексазды домалақтау. Түрлі түсті шарлар жасау.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Қайда біздің қолдар?» жаттығуы** Мақсат-міндеттері. Қолдың шеберлігі мен қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету. Балалар қолдарын дәнді дақылдар салынған ыдысқа түсіреді, жұдырықтарын қысып, босатады, дәндерді алақандарына ысқылайды. Тышқан шықты інінен, (саусақтарын үстелдің үстіне жүгіртеді) Сағат неше болды деп. 1, 2, 3, 4, 5. (шапалақтайды) Даңғырлады барлық жер, (саусақтарымен сілкейді) Қорыққаны соншалық, (қолдарын кеудесіне қойып, қорыққан кейіп көрсетеді) Тышқан зытты ініне. (қолдарын артына | жасау, дөңгелек пішінді елестетуді қалыптастыру. Ұсақ қол маторикасын, ынтасын дамыту. Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту. Саусақ гимнастикасы "Бауырсақ". Бауырсақ, бауырсақ. Кеттің қайда домалап? (Сол қолымыздың алақаны үстелдің үстінде ашық тұрады, оң қолымыз сол қолдың үстінде дөңгелек пішінін айналма қозғалысымен жасаймыз). Бауырсақ, бауырсақ. Қайда кеттің домалап? (енді оң жақ қолымыздың алақаны үстелде ашық тұрады, сол жақ қолмен дөңгелек пішінін айналма қозғалысымен жасаймыз). **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз,** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тығады) **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **мүсіндеу)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Қуыршақ ойыншығымен дұрыс ойнау алу керектігін үйрету.<br>Ойыншығым қуыршақ,<br>Не берсем де жемейді.<br>Еркелігі соншама,<br>Көтермесем жүрмейді.<br>**(көркем сөз)** | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»**<br>Мақсат-міндеттері. Саусақ жаттығу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика)** | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау.<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз)** | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл жаттығуын орындау арқылы дыбыстарды дұрыс дыбыстауға және есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там". **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | **«Балбөбек» ш\о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Хумарбек Р.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09 - 16.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика,** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| | **«Қайсы үлкен және кіші?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды үлкенді-кішілі өлшемдері бойынша ажыратуға және топтастыруға үйрету; үлкенді-кішілі заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топқа бөлу арқылы жинау.<br>Құрал-жабдықтар: үлкенді-кішілі өлшемді ойыншықтар.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Мысық ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>"Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма).<br>Біздің мияу,<br>Тоны қандай тамаша!<br>таң қаласың,<br>Талдап мұртын тараса.<br>Көзі шақпақ,<br>Тісі аппақ.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».**<br>Мақсат-міндеттері. Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау.<br>Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру)<br>Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау)<br>Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы)<br>Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **«Біз мұнараларды текшелерден жасаймыз» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір жерге жиналып ойнауға, текшені текшеге қоюға, «істе», «мұнара» сөздерін түсінуге үйрету.<br>Ойыншығым құрастырғыш,<br>Көрсетеді көмегін.<br>Кімге көлік, кімге үй,<br>Құрастырам керегін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту.<br>Жабдық: жұқа қағаз парақтар.<br>Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды кесіп алып, баланы «жапырақтың түсуін ұйымдастыру», алақаннан жапырақтарды үрлеуді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш».<br>- Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар оянып, қанаттарын қағады. Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Сәлем, көздер, ояныңдар,<br>Сәлем, құлақтар, ояныңдар.<br>Сәлем, қолдар, ояныңдар,<br>Сәлем, аяқтар, ояныңдар.<br>Қайырлы таң, достар! **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күшік"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауды, белгілі бір сигналға бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>"Дана мен Ая қуыршақтарға жаттығуды үйрету"<br>Мақсат-міндететері. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануға үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әртүрлі | **Музыка**<br>"Қанекей, билейік!"<br>Мақсат- міндететрі. Музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, | **Дене шынықтыру**<br>"Бізде қонақта орман бағбаны"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге | **"Ғажайып қап" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғаттағы тіршілік иелерімен таныстырып, оларды атауды үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтардың жерге түсуін бақылау; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог:<br>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар?<br>- Жапырақтарды көріп тұрмыз.<br>- Жапырақтар жасыл ма?<br>- Жапырақтар сары.<br>Педагог жапырақтардың түсіп жатқанына көңіл аударады.<br>- Қараңдаршы, балалар, жапырақтарға не болды?<br>- Жапырақтар түсіп жатыр.<br>М. Мақатаев "Сап- | жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін бақылату.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Саябаққа шығайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды | байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br><br>Түріп жатыр,<br>Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br><br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде құрап,<br>Желге көніп, | бұлттардың ақ мамықтай әртүрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге | ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Аспанды сұр бұлт қаптады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>**"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.**<br>Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, өлеңнің мәтініне сай қимылдарды көрсетеді.<br>- Қанекей, балалар, | эмоцияларды дамыту.<br>Саябаққа шығайық, жиналайық,<br>Сап-сары жапырақты, теріп алайық,<br>Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық,<br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br>- Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жүр, жерге қонып жатыр!<br>Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** | амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br><br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. | жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика, көркем сөз)** | Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға тербелуді, орнында айналуды, жерге шоқайып отыруды, тұруды, қимылдарды қайталауды көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | Мұқият болыңдар! Педагог үш жалаудың бір түсін кезекпен атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескертеді, балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **«Қоңырау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалар орындықтарға жартылай шеңбер құрып отырады. | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды | **Саусақ жаттығуы «Құлып».** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, педагог | **«Киінуді үйрену» мультфильмін қарау.** Мақсат-міндеттері. Басты кейіпкерлердің қимылына еліктеу, | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | Тәрбиеші ортада қолына қоңырау ұстап тұрып: «Мен кімді шақырсам, сол қоңырау соғады». Бала тәрбиешінің орнын алады, қоңырау соғып, басқа баланы шақырады, оны атымен атайды (немесе қолымен көрсетеді). **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, дене шынықтыру)** | көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастыру. Ілген есік сыртына, Ұқсайды ма құлпыға? (екі қолыңнын саусақтарын құлпыға ұқсатып айқастыру.) Ашқың келсе аямай, Қатты тартып жұлқыла (екі қолды екі жаққа күшпен тартып, құлыпты ашуға тырысу) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | әннің сөздерін қайталату; киіну тәртібін есте сақтау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Балық аулау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Топта және сапта | **«Жапырақтар».** Мақсат-міндеттері. Ермексаздың бір бөлігін тұтастай | **«Ұшты талдан жапырақ» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу кезіндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластик (ойыншық) балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты (ойыншық) беру (егер балықтарда темір құлақшалар болса) және оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | Балаларды педагогтің қимылдарын бірге қайталап, саусақтармен қимылдарды жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса, біз тұрмайық жай ғана, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолшатырдық алайық қуана (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Қолшатырдың астына отырайық (алақандарымен бастың төбесін жабу). Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту,** | жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. (Д. Ахметова) | қысып алуды жаттықтыру. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | дұрыс тыныс алуын дамыту, негізгі түстер туралы ұғымдарын бекіту. Құрал-жабдықтар: Қызыл, сары және жасыл түсті үш қағаз. (ұзындығы 13-15 см таяқшалар үшін 6-7 жолақты жұқа түсті қағаздарды жабыстыру немесе байлау. Жолақтың ұзындығы 4-5 см, ені 0,5 см). Педагог желпуіш жапырақтарды үрлейді, үрлеу арқылы олардың қалай қозғалатынын көрсетеді, балаларға жапырақтарды үрлеуді ұсынады. («Жапырақтардан» баланың ерніне дейінгі арақашықтық шамамен 8-10 см болуы керек). Бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | | желпуіш жапырақтарға үрлейді, демалады және қайта үрлейді. Содан кейін педагог қызыл, сары және жасыл жапырақтардың «ағаштарда» сыбдыр қаққанын тыңдауды ұсынады. Баланың ауаны тек аузынан шығаратындығына, ұзақ уақыт (бір секундтан артық) үрлегеніне, ауа алмайтындығына, иығын көтермей тыныс шығаратындығына көз жеткізеді. Егер бала шығарған демінің күші әлсіз болса, ойын тағы бір рет қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы бүлдіршінге арналған ойыншықтар», «Балаға қоршаған ортадағы заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | ( **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10 - 07.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтетін тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекет (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Ойын бұрышы"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Ойын бұрышы"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын ылғалды жүберекпен сүртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Ойын бұрышы"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды шүберекпен сүрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| | **«Үйде кім тұрады?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланы әрекетке шақыру, оған оң нәтижелерге қол | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақ пішіндерін сипаттау | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жемістердің атауын айтуға ынталандыру, нақпішіндерін сипаттау | **«Пойыз» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөйлеу барысында тыныс алуын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық пойыз немесе оның суреті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеткізуге және көптеген жағымды эмоциялар алуға көмектесу.<br>Жабдықтар мен материалдар: қағаздан немесе картоннан жасалған үйлер (сары, қызыл, көк, жасыл), әр түске сәйкес келетін 16 карточка (әрқайсына 4 зат: мысалы, сары тауық, қызыл қызанақ, көк қоңырау, жасыл жапырақ).<br>Баланың алдына екі үй қою, мысалы, қызыл және сары түстерге сәйкес келетін барлық карталар. Педагог: «Әр затты және оның түсін атайық, ол тұратын үйді көрсетейік».<br>Үйлердің санын және сәйкесінше карталарды көбейтуге болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем әдебиет)** | ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Көктеп ерте шырмалып,<br>Өсемін мен бүр жарып.<br>Атым – қияр, теріп ал,<br>Жиі - жиі суғарып. | арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақ пішіндері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, сенсорика)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>Педагог:<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем сөз)**<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. | Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br>Мен жүремін,<br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br>Ал вагондар зулайды.<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып алып, жаттығуды бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аюға қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шектеулі зат үстімен жүруді, педагогпен бірге ойын түрінде допты алға қарай итеруді (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, | **Дене шынықтыру**<br>"Шуақты шалғында".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен педагогке қарай домалатуды үйрету, балаларды төрттағандап (4 м қашықтықта) еңбектеуге жаттықтыру, | **Музыка**<br>"Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық".<br>Мақсат-міндеттері. Бір ғана ойыншықпен ойнай білуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, "ки", "шеш", "сақина" сөздерін түсіну, басқа заттармен | **Дене шынықтыру**<br>"Қақпаға дәл көзде"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануға дағдыландыру, бірге | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Күзгі бояулар"<br>Мақсат-міндеттері. Күз туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; бақыт, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; тілдерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алға қарай еңбектеуді), жүргенде тепе-теңдікті сақтауды, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға ұмтылысты тудырады.<br>**Ойын жаттығуы. «Допты домалату». (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жерде жатып домалатуды үйрету, ептілікке дағдыландыру.<br>Балалар кілемге бір-бірінің қасына отырады. Педагог өз қолындағы добын жерде итеріп көрсетеді. Әр бала допты 2-3 рет домалатады. | балалардың бір-біріне соқтығыспай педагогтің соңынан үйір болып жүру және жүгіру дағдыларын бекіту, жаттығуға қызығушылықтарын арттыру және барлығымен біріге жаттығулар жасауға ынталандыру, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке баулуға талпындыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қимылды ойын. «Аюмен ойнайық».<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру.<br>Ойын барысы:<br>Педагог:<br>- Қазір аюмен ойнаймыз. Бұл Аюдың | әрекет етуге тәрбиелеу. **(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | тату ойнауға үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын "Мені қуып жет!"**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сәбирә, Миша мені қуып жет!»- деп айтады. Аттары аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық балалар педагогті қуып жетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | шығармашылық талғамын, қимыл-қозғалыстарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Дидактикалық ойын "Жапырақтарды жинайық"**<br>Мақсат-міндеттері: үш түрлі ағаштың жапырақтарын сыртқы пішіндеріне қарай бөліп жинау. Балалар жапырақтарды үш түрге бөліп, үш себетке жинайды.<br>Педагог:<br>- Балалар, күз ханшайымының орманын жинастырып берейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйі болады. Ол ұйықтап қалды. Біз құстар сияқты ұшайық. (көңілді аудиожазба)<br>- Ой, аю оянып кетті! Құстар ұяларыңа қарай ұшыңдар! Аю тағы ұйықтап қалды, ұшуға болады, абай болыңдар! Ол ешкімді ұстай алмады.<br>Педагогтің қалауы бойынша «Мен сені қазір қуып жетемін» музыкалық ойынын ойнауға болады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қарға, көгершіндер, торғайлар).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың атауларын, дене | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; | **Аула сыпырушыны бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру. Оның | **Гүлдерді бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. Гүлзарлардағы гүлдерді бақылау. Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету.<br>Педагог:<br>- Құстар не істейді: ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастар. Құстарда не бар: тұмсық, қауырсын, қанат, көз, аяқ. Қарға үлкен, маңызды. Торғай кішкентай, жылдам. Көгершін үлкен, сабырлы. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған | байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Саябаққа күз келсе,**<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br><br>**"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру.<br>Педагог тақпақты бастайды, балаларды өзімен бірге | іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br>Педагог:<br>- Не істейді: жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды.<br>Сыпырушының қолында не бар (сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту.<br>- Күн жарқырап тұр, балалар серуендеп бара жатыр.<br>- Күн жасырынды, жаңбыр жауа бастады, | үлкенді-кішілі. Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Аз қимылды ойын. «Көгөністер мен жемістер».**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br>Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br>Бақта (еңкею, еденге қолды тигізу (жинау)<br>Бақшада (тұру, қолдарын созу (жинау)<br>Мен оларды табамын. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен** | жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындықтарды немесе алаңда отырады. Тәрбиеші: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де алаңның қарсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы да: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де қарсы жаққа қарай жүгіреді, балалар оны қайтадан қуалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып демалады. Одан кейін ойын қайта басталады. Ойынды шағын топпен өткізген дұрыс. Балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы қарап тұрады, одан кейін балалар рөлдерімен ауысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене** | бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отыру, қайта тұру). Д. Ахметова | балалар үйлеріне кіріп жатыр (қолдарын төбеге қояды). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыруғ көркем әдебиет)** | **танысу, көркем әдебиет)** | **ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоцияналды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі. - Қанекей, піскен алмаларды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)** | | | | шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>Д. Ахметова |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Ашу - жабу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау.<br>Жабдықтар мен материалдар: әртүрлі типтегі бекіткіштері бар тұрмыстық заттар жиынтығы (әмиян, қол сөмкелер, қораптар).<br>Кішкентай ойыншықтарды қораптарға салу, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Қоянға арналған дәм".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексазды алақанның ортасына салып, түзу қозғалыспен таяқшалар есуді, қызыл түсті ажырата білуді үйрету, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**Саусақ гимнастикасы "Сұр қоян".** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Бақшаға кім барады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда көгөністер мен жемістер туралы түсінік қалыптастыру; кейбір жемістер мен көгөністерді табиғи түрінде және суреттерде тануды үйрету; зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікке | **«Пойыз» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық пойызы немесе суреті.<br>Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап бара жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды бекіту (жабу), содан кейін балаға қорапты ашып, ойыншықтарды алуғды үйрету**.**<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)** | **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Ұзын құлақ, сұр қоян (қолымызды басымызға құлақ сияқты қоямыз).<br>Қызыл танау (сұқ саусақпен танауды көрсету).<br>Күлкілі мұрты да бар (сұқ саусақты көлденеңінен еріннің үстінен қою).<br>Қатты қолдарымен (өз денесін құшақтау),<br>Сәбізін алып жейді (қолымызды айқастырамыз).<br><br>**"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністердің атауларын атауға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. | тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br><br>**«Себеміз, құямыз» дамытушы жаттығуын жасау.**<br>Мақсат-міндеттері. Сусымалы материалдарды әртүрлі құрылғылардың көмегімен құюды, қазуды, араластыруды үйрету. Баланы шелектегі құмды қасықпен жинауға, оны шелектен қалыптарға құюға, жарманы ыдыстан саптаяққа қасықпен немесе шөмішпен салуды жаттықтыру. Балаға қолындағы қасықты ұстауға көмектесу, құм баланың көзіне де, аузына да кіріп кетпеуін қадағалау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br>Мен жүремін,<br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br>Ал вагондар зулайды.<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! | Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдар: көгөністердің нақпішіндері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>- Тамаша! Жарайсыңдар! | **танысу, сенсорика)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика,** | **«Бақшада сәбіз өсті» аз қимылды ойын**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес қимылдар жасауды үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Өсіретін бойыңды,<br>Дамытатын ойыңды,<br>Қоянға да азықпыз –<br>Сәбіздерміз жазықсыз. | **Тақпақты мәнерлеп оқу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу)**<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **мүсіндеу, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | | | жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. | **сенсорика, мүсіндеу)**<br>Көктеп ерте шырмалып,<br>Өсемін мен бүр жарып.<br>Атым – қияр, теріп ал,<br>Жиі - жиі суғарып. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | Аралас топ |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.10 - 14.10.2022 ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 10.10.2023 | 11.10.2023 | 12.10.2023 | 13.10.2023 | 14.10.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында сөренің шаңын, пластиктен жасалған Бауырсақ ойыншығын сүрткеннен кейін, бетінің таза, жылтыр болғанына көңіл аудару. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру; қауыршақтарды орындықтарға отырғызуға шақыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау, суару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| | **Саусақ жаттығуы. "Көңілді саусақтар".** | **«Құстардың ұшуы» ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** | **Тышқан ойыншығымен ойнату.** | **"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем әдебиет, музыка)**<br>Мына саусақ орманға барды,<br>Мына саусақ саңырауқұлақ тапты,<br>Мына саусақ оны қуырды,<br>Мына саусақ қуырды,<br>Мына саусақ барлығын жеп қойды. | Ауызбен ұзаққа бағытталған, біркелкі ауа шығаруды дамыту.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами).<br>Бала үстел басында отырады. Педагог балаға құсты үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады.<br>**-** Сенде қандай әдемі құс бар! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың.<br>Мұрынмен дем алып, ауаны шығар.<br>Мінекей, құс ұшып кетті! **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилеткізу арқылы алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, музыка)**<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін, | Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауға үйрету, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз )**<br>Ойыншық болмаса, суретін көрсету мүмкін.<br>Тықыр-тықыр тықырлап,<br>Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден тесіп.<br>Көрейік оны, барлап.<br>(Д. Ахметова) | Мақсат-міндеттері. Балаларға дөңгелек пішінді түрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табақшаларға қағаздан немесе пластиктен қиылған мөлшердері бірыңғай геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қояды. **(сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Барып келші есікке<br>(С. Әлімқұлов) | | **дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық».*<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз».*<br>Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау).<br>*«Шалғынға қояндар келді».*<br>Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күзгі орманда".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың алға қарай екі параллель түзудің (ұзындығы - 2,5 м, ені - 25 см) арасында бірінен соң бірін жүру қабілетін бекіту; негізгі қимыл түрлерін дамыту; икемділік; жәй жүру; бұлшық еттің негізгі топтары; бір-біріне деген сенімділікті қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты және құрметпен | **Дене шынықтыру**<br>"Біз теп-тегіс жолмен жүреміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды түзу жолмен жүруге (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м), таяқтан аттап өтуді, шектеулі беткеймен жүруді және еңбектеуді, доптарды домалатуды, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинап, оларды өз беттерімен себетке салуды (қорап), бөренеден | **Музыка**<br>"Күз бізге не әкелді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнер түріне қызығушылықтарын ояту, бала өнерінің дамуына ықпал ету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Нан болса - ән де болады"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып, шектеулі жерде жүру қабілетін жақсарту; тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; жаттығу кезінде физикалық белсенділікті арттыру;ептілік пен жылдамдықты дамыту; ағзаның дұрыс дамуы мен | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Орман алқабында"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Саусақ қимылдарын үлесімін дамыту, тесікке төлкені алып-салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтауға үйрете білуін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарауды ынталандыру; жаттығуларды қайталау арқылы балалардың оқу әрекеттерін нығайту. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын "Кім жылдам?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кедергілерден өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіруді үйрету. Белгі бойынша әрекет ету қабілетін, қимыл жылдамдығын дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Ойын алаңының бір жағында 4-5 бала тұрады. Қарама-қарсы жақта (арақашықтық 12-15 | аттауға үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Ойын «Себетке алма жинайық»<br>Педагог:<br>- Балалар, бізге үлкен жүк көлігімен күздің сыйлықтары келді. Алмалар жерге шашылып, жан-жаққа домалап кетті.<br>- Оларды қайтадан жүк машинасына жинап салайық.<br>Балалар алмаларды (кішкентай доптар) көңілді әуенмен жүк көлігіне қайта жинайды. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Дәмді бауырсақ "<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күнделікті жеп жүрген нан және азық атауларымен таныстырып оларды дұрыс атауды үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; есту, қайталау, еске сақтау, зейіндерін дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу.<br>Сергіту сәті "Доп". | жақсаруы үшін күнделікті тұтынатын тағамның маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу мүшелерінің жұмысына тиімді әсер ету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Ойын «Жинау».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қапшықтан доптарды шығарып тастауды және қайта жинап алуды үйрету.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала дайындалған кішкентай доптар мен қапшықтарды таратады. Бірінші топ заттармен жүріп бара | тәрбиелеу.<br>(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)<br>**Ойын жаттығуы "Саңырауқұлақтарды жина". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Саңырауқұлақтарды тауып, себетке жинау.<br>Педагог саңырауқұлақтың бас киімін киіп, өлең жолдарын оқиды:<br>Өз қалпағын жасынан<br>Тастамайды басынан.<br>Бір аяғымен тұрады,<br>Саңырауқұлақ деп аталады.<br>- Балалар, бізге саңырауқұлақтарды мына әдемі себеттерге жинау керек.<br>Балалар саңырауқұлақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | м) орындықтардың үстінде күзгі жапырақтар жатыр. «Бір, екі, үш! Жүгір!» белгісі берілгенде балалар жүгіріп барып жапырақтарды жинайды. Бірінші болған баланы атап өту керек. Содан кейін балалар орындарына барады, келесі 4-5 бала шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | *(көңілді аудиожазба қосу)* Доп, доп, Топ, топ. Доп жоғалды, Доп жоқ. Қап, қап. Тап, тап. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем сөз, )** | жатқанда қапшықтардан кішкене доптарды алуы керек. Екінші топ осы түскен кішкентай доптарды жинауы керегін түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтауын қатаң қадағалайды, әр баланы сақтандырады. Шашылып жатқан кішкене доптардың саны аз болуы керек. Кішкентай доптарды жылдам және көп жинаған топ жеңімпаз болып саналады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жинайды. Педагог: - Көңілді ойын ойнады, саңырауқұлақтарды да жинадық. - Балалар, біз себетке қанша саңырауқұлақ жинадық? - Көп. - Ал енді, балалар, саңырауқұлақтарды орнына қояйық. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бақылау.** Мақсат-міндеттері. | **Сары жапырақтарды бақылау.** | **Бұлттарды бақылау.** Мақсат-міндеттері. | **Күзгі ауа райын бақылау.** Мақсат-міндеттері. | **Ағаштарды бақылау.** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күндер бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>- Аспанда сұр бұлттар ұшып барады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. ЫДырысов) | Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жергі түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>(М. Әлімбаев)<br>Балаларға көркемсөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды | Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>(Қ. Мырзалиев.)<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір | Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп | Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті. | ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз. | бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Педагог:<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқи алады. | Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>"**Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>**Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),** | **қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! | Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>(Д. Ахметова) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-** | | | | |

| | |
|---|---|
| | гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды пішіндерді ажыратуды үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті геомтриялық пішіндер.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек). | **"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмдегі бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | **«Құстардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауыздан біркелкі, ұзақ дем шығаруды дамыту.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами).<br>Бала үстел басында отырады. Педагог баланы мүмкіндігінше ұшып кетуі үшін құсты үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады.<br>- Сенде қандай әдемі құс бар! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. Мұрынмен дем алып, ауаны шығар. Мінекей, құс ұшып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | кетті! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ермексаздан шарды илеу "Бауырсақ"**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жұбын тап" үстел ойыны.**<br>Балаларға әрбір заттың жұбын табуға үйрету, ойын екі бірдей заттың көп болуын қамтамасыз етеді, мысалы, екі қызыл алма, екі сары алмұрт, екі сәбіз, екі қияр, картоп және т.б. шамамен 20 түрлі көгөніс пен жеміс (10 жұп) болған жөн. Біз заттардың жартысын сөмкеге саламыз, екінші жартысын үстелге қоямыз. Баланың міндеті-затты сөмкеден алу және оған үстелде қойылған заттардың ішінен жұбын табу**.** | **«Құстардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзақ бағытталған тегіс ауызша дем шығарудың дамуы.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами).<br>Бала үстел басында отырады. Педагог балаға құсты ұшыру үшін үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады.<br>- Сенің құсың әдемі екен! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. Мұрынмен дем алып, ауаны шығар. Мінекей, құс ұшып | Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов) | "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Ей, Бауырсақ!<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі!<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кетті! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | Аралас топ |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10 - 21.10.2022 ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 17.10.2023 | 18.10.2023 | 19.10.2023 | 20.10.2023 | 21.10.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды тізімдеп қоюға шақыру; еңбектің нәтижесі ретінде балапанның балаларға келуіне көңіл аудару. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл түсіне, құстардың жасыл өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Үстел үсті бұрышы" Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығарытын сұрау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)** | | | | |
| | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Қораз! Қораз!<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(Д. Ахметова) | **"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап, (қатар отырған екі бала бірігіп) ойыншықты үстел үстімен жүргізіп,"құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру. Педагог балаға балапан ойыншын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді | **Балапан ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық"**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>- Тауықтың ішіне не жасырынған?<br>- Қандай пішіндерді жинап алған? | **"Торғай не істейді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп (отыр, ұшты, шоқыды) немесе қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды. Балаларға сурет көрсетіліп, сұрақтар қойылғанда жауаптарды қайтарады. **(сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапан ойыннан шаршады,<br>Балапанның қарны ашады.<br>Не айтамыз балапанға?<br>- Анаң күтіп қапты,<br>Бас аяқты! | шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ. | | **дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Торғай бізбен ойнайды,<br>Торғай бізден сұрайды:<br>- Мен не істедім?<br>Жауап беріңдер,<br>Орындарыңнан тұрып көрсетіңдер. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық».*<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз».*<br>Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«Шалғынға қояндар келді».*<br>Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Күн суық,<br>Жаңбыр жауады.<br>Жылы жаққа құс ұшады,<br>Қанаттарын кең жаяды,<br>"Қош!" - деп айтады.<br>"Қош!" - деп айтады. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Тышқанға дән жинаймыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қалай домалатамыз?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні | **Музыка**<br>"Бізге ән салып берші, Қораз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету.<br>Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі | **Дене шынықтыру**<br>"Секіріп үйренеміз!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды таспа (лента) мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, белгіге жауап беру қабілетін жетілдіру. **(дене шынықтыру,** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Үйрекке арналған қиыршықтар."<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан бөліктерін үзіп алуға, алақанның ортасына салып айналма қозғалыстармен есуді үйрету; оларды кесекке айналдыруды білуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күте білуге үйрету.<br>Қимылды ойын "Тышқанға арналған дәндер".<br>Мақсат-міндеттері: доптарды жинап алып, шеңбердің ортасына тастауды үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, тышқан қысқыға көп дән жинайды. Қазір тышқандар сияқты дән жинап ойнайық.<br>- Тышқандар қандай дыбыс шығарады? Кім біледі? (пи-пи)<br>Педагог залға ұсақ дәндерді (доптарды) шашып тастайды. Балалар сол дәндерді гимнастикалық шеңбердің ортасына тастайды (тышқанның іні). Тышқандар iніне дән жинайды. **(дене** | күте білуге үйрету.<br>Ойын "Біз бидай егеміз".<br>Мақсат-міндеттері: доптарды себетке жинауды үйрету.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала пісірілген бидай мен дорбашаларды таратады. Бірінші топ бидай егіп жатқанын, ал екінші топ шашылған заттарды жинап жатқанын түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауын қатаң қадағалайды. Ойын кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Шашылып жатқан бидай мөлшері балаларға егін | сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.<br>"Ас атасы - нан" мақалының мағынасына қатысты түсініктерін кеңейту.<br>Ойын "Тығылмақ".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалар әуен ырғағына қарай қоңырауларда ойнайды, музыка тоқтаған кезде қоңырауларын артқа тығады. Әтеш іздейді. Музыканы еркін түрде таңдауға болды. **(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын "Мені қуып жет!"<br>Мақсат-міндеттері: балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету.<br>Ойынның барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сабина, Миша мені қуып жетіңдер!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып, педагогті қуалай бастайды. Біраз жүгіргеннен кейін, педагог балаларға өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық бала педагогті қуып | жетілдіру; дайын жұмыстарды ұқыпты орналастыруға, мүсіндеуге ынтасын ояту, құстарды жақсы көруге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Саусақ гимнастикасы.<br>Қолымда добым бар (оң қолға допты қояды),<br>Жұдырығымды жұмамын (қатты қысамыз),<br>Жіберемін, қысамын (алақанды ашамыз),<br>Алақанмен есемін (допты алақанмен есеміз). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жинауға ыңғайлы болуы үшін аз болуы керек. Бидайды жылдам жинап алған топ жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Фольклорға деген қызығушылықты ояту, зейінін шоғырландыруға үйрету, ертегілер мен тақпақ-жаттамақтардың мазмұнына эмоционалды жауап беруге ықпал ету. Дидактикалық ойын. "Күзгі күн шуақтары". Мақсат-міндеттері: күзгі табиғатты | | жетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Кішкентай құстар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоныс аударатын құстар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, құстарды бақылау. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту және құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Таспалардан жасалған күннің шуақтарының ұшына күз мезгілінің балаларға түсінікті белгілері бейнеленген суреттер бекітілген. Шуақтарын ашып, күздің белгісін айтып береді. Мысалы: жаңбырдың суретін көріп, жаңбыр жауады. Жапырақтардың суретін көріп, жапырақтар түседі немесе сарғаяды деп айтуы керек. Педагог балаларға бағыттау сұрақтарын қою, сөздерді қайталату арқылы көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | | «Қай құстың қауырсыны екенін анықта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: зейінді дамыту, түстерді бекіту. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, құстар жылы жаққа ұшқан кезде қауырсындарын жоғалтып алыпты. - Мына қауырсындар қай құстың қанатынан түсіп қалғанын анықтайық. - Қарақұс қандай? Қарақұс қара түсті, ал аққу ақ түсті. Сендер мұқият қарап, ақ қауырсындарды аққуға, ал қара қауырсындарды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу)** | | қарақұсқа бекітулерің керек.<br>- Жарайсыңдар, балалар! Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Құстарымыз өте әдемі шықты.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету. | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Ұшқан құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Ұшқан құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Шиқылдап жатқан нелердің дыбыстары? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! **(сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және | **танысу, дене шынықтыру)**<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет, музыка)**<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар топқа жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп, жарайсыңдар.<br>Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады. | **қоршаған ортамен танысу)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>- Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту,** | қалыптастыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар топқа жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп, жарайсыңдар.<br>Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру;<br>сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен? | Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді.<br>"Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдармен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан кейін балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші, | "Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br><br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; | **көркем сөз)**<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. | дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br><br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Шоқып терші.<br>(Д. Ахметова)<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып кетіңдер!<br>Ойын екі рет қайталанады.<br>Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. | | жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | біріне соғылмауын ескеру керек. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Ойын-имитация.** | **Әтеш (қораз)** | **«Қораз» саусақ** | **«Қауырсынды** | **«Үй құстары» саусақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Балапандар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар бетпердесін (маска) кигізу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапандар!<br>Балапандар!<br>(орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар!<br>Қайталаңдар! | **ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(Д. Ахметова) | **жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қораз, қораз қоқылдақ<br>Ерте-тұрар-қоқылдап<br>Алтын айдар басында<br>Ән салар үй қасында<br>(алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашу, жоғары қарату) | **аулау» жаттығуы**<br>Құрал-жабдықтар: қауырсындар.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог қауырсынды алып, оны ұшып кететіндей етіп үрлейді және баланы оны ұстап алуға шақырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **жаттығуы.**<br>Мақсат-мсіндеттері.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>«Қаз».<br>Қаз тоқтамай қаңқылдайды<br>Жақындасаң шаңқылдайды (білек тік, алақан түзу, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (орнында адымдау)<br><br>Қатарларға тұрайық,<br>(аяқтар иық енінде,<br>қол белде)<br>Қанаттарды соғайық.<br>(тізе сәл бүгулі,<br>алақанмен жаңбасын<br>қағу)<br><br>Оңға созып<br>мойынды, (қолдар<br>белде, оңға еңкейіп,<br>мойын созу, қарама-<br>қарсы аяқтың ұшына<br>тұру)<br>Солға созып<br>мойынды, (қолдар<br>белде, солға еңкейіп,<br>мойын созу, қарама-<br>қарсы аяқтың ұшына<br>тұру)<br><br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық<br>мойынды, (аяқтың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшына тұру,<br>мойынды жоғары<br>созу**)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мақсат-міндеттері.<br>Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып келіңдер!"**<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері.<br>Балапан ойыншығымен ойнату.<br>Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы.<br>"Балапан".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балапан туралы саусақ жаттығуын жасату арқылы оның сыртқы бейнесі мен қылықтары жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; педагогтің соңынан қайталап қимылдарды саусақтармен жасау кезінде жағымды эмоцияларға бөленуге қызықтыру.<br>Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: "Шиық-шиық". | Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан көлемі бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемді илеу әдісін игерту.<br>"Құстарға жем".<br>Жидектерді жұламыз,<br>Себеттерге жинаймыз<br>Себетіміз толғанда,<br>Құстарға таратамыз.<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Бала өз ойыншықтарын жинағысы келмейді», «Жас балаларға саусақ ойындарының әсері», «Балаға серуендеудің пайдасы». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | Аралас топ |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды** | **22, 26.10 - 28.10.2022 ж.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **көрсету)** | | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.10.2023 | | | 26.10.2023 | 27.10.2023 | 28.10.2023 |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене қимылына, қоректену тәсілдеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу,** | **(24 қазан 22 қазан сенбіге ауыстырылады)** | **25 қазан - Республика күні.** | "Ойыншық бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту,** | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту)** | | | **қоршаған ортамен танысу)** | | |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкелу. Бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу**) Бұл ненің дыбысы? | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым, | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балалардға қуыршақ ойыншығын әлдилету арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка, көркем әдебиет)** С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп!<br>Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді? | | | Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | арасына тартады). Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?»<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

| | |
|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею,<br>"Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім,<br>Алтын жапырақ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>(Д. Ахметова) | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Торғай сияқты секіреміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспадан (лента), арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; | | | **Дене шынықтыру**<br>"Біз мергенбіз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспа (лента) арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, | **Музыка**<br>"Құстар қалай шиқылдайды?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Әлди-әлди" әуеніне баланың эмоциалды, жағымды әсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауға тәрбиелеу. Құстар | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Себетке жинаймыз" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл-әрекеттерін көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ептілікті дамыту;<br>тәуелсіздікке,<br>достық қарым-<br>қатынасқа<br>тәрбиелеу. **(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту)**<br>«Ұядағы<br>балапандар»<br>қимылды ойыны.<br>Мақсаты: бір<br>орында тұрып<br>секіруді және<br>арқанның ішіне<br>қарай секіруді<br>үйрету.<br>Ойын барысын<br>түсіндіру.<br>Педагог арқанмен<br>кеңдеу шеңбер<br>жасайды.<br>Педагог:<br>- Балалар, шеңбер<br>құрып тұрайық.<br>Мен жерге<br>арқаннан шеңбер<br>жасап саламын.<br>Сендер арқанның | | | достық қарым-<br>қатынасқа<br>тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Торғайлар».<br>**(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған<br>ортамен танысу)**<br>Мақсат-<br>міндеттері. Бір<br>орында және<br>әртүрлі бағытта<br>қозғалып секіруді<br>үйрету.<br>Балалар торғай<br>болып ойнайды.<br>Торғайлар<br>ұяларында<br>отырады. Олар<br>ұйықтап жатыр.<br>Педагог:<br>- Торғайлар ұяда<br>тіршілік етеді.<br>Олар таңмен ерте<br>тұрады. Балаларға<br>ұйқы бермейді. | туралы түсінік<br>беру. **(музыка,<br>дене<br>шынықтыру)**<br>"Әлди-әлди"<br>әуеніне<br>балаланың<br>эмоцианалды,<br>жағымды әсер<br>алуын<br>қалыптастыру.<br>Дауысты біркелкі,<br>әндетіп шығаруға<br>үйрету, сөздің<br>екпінді<br>буындарын созып<br>айтуға үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, мен<br>бүгін сендерге<br>музыкалық<br>жұмбақтарды<br>жасырамын.<br>Музыканы<br>ойнаймын, ал<br>сендер өздерін<br>қандай музыка,<br>қандай ән екенін | әлемге<br>қызығушылықты<br>тәрбиелеу.<br>Бос себетке<br>жемістер мен<br>көгөністерді<br>саламыз.<br>Педагог:<br>- Балалар, қоян<br>сендерден көмек<br>сұрап келді. Біз<br>оның себетіне осы<br>жемістер мен<br>көгөністерді<br>жинап беруіміз<br>керек.<br>- Қане, балалар,<br>мен сендерге<br>заттарды<br>көрсетемін.<br>Сендер дұрыс<br>оларды дұрыс<br>атасаңдар, бәрін<br>себетке саламыз.<br>- Мынау не?<br>- Алма.<br>- Дұрыс, балалар,<br>алманы себетке |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бойымен тізіліп, шеңбердің сыртында тұрасыңдар.<br>- Арқанның іші біздің ұямыз болады.<br>- Мен сендерге: «Торғайлар көңілді!» деп, белгі берген кезде сендер бір орында секіресіңдер. «Ұяға!» белгісін бергенде сендер шеңбер ішіне секіріп кіресіңдер. Жаттығу екі рет қайталанады.<br>- Тамаша! Арқанға демалыс берейік. Содан кейін тағы ойнаймыз. Жарайсыңдар! | | | Балалар (торғайлар) көздерін ашып, дауыстайды: «Шиқ-шиқ, шиқ-шиқ!». «Барлық торғайлар көңілді секіреді» деген сөздерден кейін балалар (торғайлар) орындарынан тұрып, алаңда әртүрлі бағытта қозғалып, екі аяғымен секіреді. Педагогтің:<br>- Торғайлар секіргісі келмейді. Олар ұяға жылдам ұшып кетті. Торғайлар орындықтарына отырады. Педагог жақсы секірген және өз орнына бірінші оралған балаларды | тауып айтасыңдар. (Педагог өтілген музыкалық шығармаларды аспапта немесе грамжазбада ұсынады, балалар жауап беру керек)<br>- Тыңдаймыз! 1- ("Әлди-әлди" орындайды) Балалар жауаптарын айтады.<br>- 2- "Бала-бала, балапан" әнді орындайды.<br>- 3- "Қамажай" әуені.<br>- 4- "Жапырақтар" әнін орындайды. (әрбір аталған шығармадан кейін оны бірге орындайды.) Педагог:<br>- Жарайсыңдар, | саламыз.<br>- Мынау не?<br>- Сәбіз.<br>- Қоян сәбізді жақсы көреді.<br>- Мынау не?<br>- Картоп.<br>- Мынау не?<br>- Шие.<br>- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Біз қоянның себетін толтырдық.<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян ұйықтап қалыпты. Қоянды оятайық. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Дидактикалық ойын "Ғажайып қап".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қаптан шығарылған |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | атайды. Ойын жалғасады. | балалар! Барлық әуендерді тауып дұрыс жауап бердіңдер! Тамаша!<br>Ойын "Торғайлар мен мәшине". Мақсатміндеттері. Белгі берілгенде алаңда еркін қозғалуды үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, бізге әдемі құс ұшып келіпті. Бұл торғай ғой!<br>- Балалар, "Торғай мен мәшине" ойынын ойнайық.<br>Ойынның шарты: "Мәшине" боп бір бала шығарылады. Қалған балалар торғайлар болады.<br>Педагог:<br>- Мен сендерге:"Торғайл | ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру.<br>Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды. Балалар затқа қарағанда қызығушылықтар ы оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады.<br>- Қараңдаршы, балалар, бізде әдемі қап бар.<br>- Мынау қап. Бұл қапта не бар? Қапта аю, доп, гүл, құс, ағаш болады.<br>Педагог қаптан ойыншықтарды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ар ұшады!" дегенде, "торғайлар" ұшып жүреді." Сигнал естілгенде "Мәшине" - бала шығып торғайларды қуады. Торғайлар ұшып өз орындарына барып отырады. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | бір-бірден алып таныстырады. Педагог қаптан шығаратын заттардың атауын дауыстап айтады. Балалар заттардың атауын педагогтің соңынан қайталайды.<br>- Мынау не?<br>- Аю.<br>(Балаларға сөзді қайталап айтқызу.)<br>- Аю қалай жүреді?<br>(Балалар аюдың жүрісін көрсетеді.)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>- Мынау не?<br>- Гүл.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Гүл әдемі.<br>(Сөз тіркесін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қайталау.)<br>- Мынау не?<br>- Ағаш.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Ағаш қалай қозғалады?<br>(Балалар орындарынан тұрып, екі қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа сермейді.)<br>- Мынау не?<br>- Доп. Доп секіреді.<br>- Қане, балалар, бәріміз секіреміз!<br>- Мынау не?<br>- Құс. Құс ұшады.<br>(Балалар, екі қолды құстың қанаттарындай жайып, құс болып ұшады.)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **қоршаған ортамен танысу** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. "Көше тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. | | | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. | **Күнді бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. **(қоршаған ортамен танысы, дене** | **Топырақты бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Қ. Мырзалиев. **"Жүрейік" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру | | | Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова **"Қаздар" қимылды ойыны.** Мақсаты. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. **"Бұршақтар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын | жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік**,**<br>Шапалақтап, күлейік. | | | Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы | жетілдіру. **(дене шынықтыру)**<br>Табақшада жатты бұршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. | ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық.<br>Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқ ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жаққа барып,<br>ойынды тағы бір<br>рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-<br>біріне<br>соғылмауын<br>ескеру керек.<br>- Қазым, қазым,<br>қалқылда,<br>Көлде жүзіп<br>салқында.<br>Жем шашайын -<br>жейсің бе,<br>Кәмпит берші<br>дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті<br>болмайды ас,<br>Арпа менен бидай<br>шаш.<br>С. Бегалин<br>**(дене<br>шынықтыру,<br>көркем сөз,<br>қоршаған<br>ортамен<br>таныстыру)** | | рет өткізіледі,<br>жүру бағыттары<br>ауысады. **(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған<br>ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дербес әрекет) | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Тиінге арналған үй". Мақсат-міндеттері. Көлемі бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика, логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиелеу, бірге ойнау. «Текшені жасыр» дидактикалық ойыны. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Педагог балаларды жанына шақырады. Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ». (сөйлеуді дамыту)** Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу) Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды) | **Музыкалық-ритмикалық жаттығу "Сиқырлы саусақтар". (сөйлеуді дамыту)** Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбәт Былай, былай ойнат. «Тық-тық» дыбыс шықты Басбармақ тақылдады. Артынан саусақтарының Барлығы мақұлдады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады). Бала орындыққа отырады, ал | | | жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі. Қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат- | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. | **"Шар".** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан | С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" **(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттері.<br>Құстарға еліктеуге шақыру; жедел жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту.<br>Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді.<br>Педагог:<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Неге жерге қонбайсың?<br>Жем шашайын жейсің бе?<br>Сонда торғай тонбайсың.<br>Торғай ұшып кетті!<br>Соңғы сөздерден балалар қанаттарын мен қолдарын сермеп ұшады. **(сөйлеуді** | | | Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына | шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова) | Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | | |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **31.10 - 04.11.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022 | 02.11.2022 | 03.11.2022 | 04.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Оқу іс-әрекетіне қажетті жабдықтар мен материалдарды дайындау. Тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруды үйрету, балаларды оқу іс-әрекеті үшін материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. | Табиғат бұрышын бақылау: табиғат бұрышындағы өсімдіктер күн сәулесінде тұрғанына назар аударту, күн тек адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынын көрсету. Еңбек тапсырмасы: жапырақтарды шүберекпен сүртіп көрсету. | Балалардың назарын конструктордың қорапқа жиналып тұрғанына аудару. Олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру. Еңбек тапсырмасы: конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау. | Еңбек тапсырмасы: "Ойыннан кейін топтың ішін жинау". Балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. | Бөлме өсімдіктері ыдыстарының топырағы құрғақ екеніне назар аудару, оларды суару керектігін айту, суару үшін су сепкішті пайдаланып, бөлме өсімдіктеріне су құю керек. Еңбек тапсырмасы: гүлдерді су сепкіш арқылы суару. |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау"** Мақсат-міндеттері: | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру.<br>Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады.<br>- Бұл ненің дыбысы?<br>- Бұл ненің жүрісі?<br>Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді?<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | балаларда жағымды көңіл күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ойыншықтарым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**"Балықты аулаймыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішініні қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың | сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: Екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қарандаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі! Қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қарандаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?»<br>**(сенсорика, дене** | Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке"<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады.<br>Балалардың қолында түрлі геомтериялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**(сенсорика)** | | **шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Қанат қағайық оң жаққа "сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>- Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бізде жүк машинасы бар"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру біліктерін | **Дене шынықтыру**<br>"Кел, допты лақтырайық"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастан асыра лақтыруды үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; | **Музыка**<br>"Күз бізге сыйларын тарту етеді"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баяу сипаттағы әуенге жай екпінмен жүру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Балалардың үйлесімді дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерінің дамуына ықпал ету.<br>**Ойын "Күн мен** | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануды үйрету, біріге ойнауды үйрету.<br>**«Допты домалату» ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. | **сөйлеуді дамыту**<br>**"Себетке жинаймыз" ойыны" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимылдарын көрсете білуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**Қозғалмалы ойын "Кім тыныш".**<br>Ойынның мақсат-міндеттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалар бірінен кейін бірі қатармен жүреді.<br>Педагог:<br>- Түн болды, балалар ұйықтайды.<br>Педагогтің сөздерінен кейін балалар тоқтайды, отырады, бастарын еңкейтеді, көздерін жұмады.<br>Қимылдап қойған бала қатардың аяғына тұрғызылады. | дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**«Қапқа картоп жинайық» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалар картопты (кішкентай доптарды) шелектерге лақтырады. | **жауын"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Металлофонда жауын жауғанын білдіретін дыбыстарды тыңдату. | Балалар кілем үстіне бір-біріне қарама-қарсы жұптасып отырады. Араларында 80 см қашықтық бар. Аяқтарының арасын ашып, допты алдыға қарай домалатуға дайындалады. | зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналаға әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын "Ғажайып қап".**<br>Мақсат-міндеттері. Бос себетке жемістер мен көгөністерді жинайды. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау.** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырзалиев "Көше тазалаушы".<br>Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын | **таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қоршаған ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**"Орманмен жүрейік"** | **таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; | **таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | **таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орға мен.<br><br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік**,**<br>Шапалақтап, күлейік. | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтарды күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде орман ағаштарында жаңғақтар да піседі.<br>- Қанекей, піскен жаңғақтарды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинағанды көрсетеді, балалар еліктейді, жүреді, тоқтайды, қолдарын | жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, сендер маған қарай қолдарыңды былай жайып жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Табақшада жатты бұршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. | үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары созып, аяқ ұштарына тұрып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>Орманмен жүрейік,<br>Жаңғақтар терейік.<br>Бір жаңғақты биіктен,<br>Екіншісін төменнен,<br>Қалғандарын жан-жақтан<br>Шапалақтап алақан.<br>(Д. Ахметова) | Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ».**<br>Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>(саңырауқұлақ терген қимылды жасайды) | **Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". Мақсат-міндеттері.**<br>Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда | **"Тиінге арналған үй" (сенсорикадан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шамасы бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), | **"Үлкен - кішкентай" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету.<br>Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған. | **"Топ-топ басайық" ойын.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету; аяқ бұлшық еттерін нығайту.<br>Қолдарынан ұстап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (сөйлеуді дамыту)<br><br>"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау)<br>Мақсат-міндеттері: тәрбиешінің сөзін тыңдауды, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауды үйрету.<br>Балалар қолдарын артына жасырады.<br>Тәрбиеші: "Қолдарың қайда? Қолдар жоқ!".<br>Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!" Балалар ойынды бастайды, ойын жалғаса береді."<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді.<br>Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br>Мәшинеге міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>(Д. Ахметова)<br>**(дене шынықтыру,** | мұнара құру; ұсақ моторика,логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиеу, бірге ойнау.<br>**«Текшені жасыр» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар тиіннің бағыты бойынша үлкенді-кішілі текшелерді арттарына жасырады, оның өлшемін атайды.<br><br>**"Түстерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу; қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар орналастырылған. Текшелер қызыл, шарлар жасыл түсті болады.<br>Тапсырма: шарлар мен | Тапсырма: ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу.<br>**(сенсорика)** | шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу.<br>Топ, топ, топ басайық.<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **сөйлеуді дамыту)** | текшелерді түсі бойынша ажырату. Баулармен ойын. **(сенсорика)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Музыкалық-ритмикалық жаттығу.**<br>"Сиқырлы саусақтар"<br>Бала, бала балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай, былай ойнат.<br>«Тық-тық» дыбыс шықты<br>Басбармақ тақылдады.<br>Артынан саусақтарының<br>Барлығы мақұлдады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Жемістер".**<br>Ал баубақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"жемістер ".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан жемістерді илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| кеңес) | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат а. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11 - 11.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022. | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілінетін орнын немесе суретін көрсету. | Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |
| | **"Пойыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүрзігіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп, ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; | **Арба ойыншығымен ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері: арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстауды үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң - | **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, | **"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткен кезде, қолға ұстаған ойыншықты | **Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".**<br>Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>***"Бағдаршамдар ұйықтамайды".***<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтың бойында. Отырып, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бір-бірімізге "Сәлем!" - айтамыз,<br>Бірге жүріп, тату ойнаймыз.<br>Ендеше, көлікке отырайық,<br>Рульді ұстайық та, оңға бұрайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аспанда ұшақ ұшып барады".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың допты домалату дағдыларын қалыптастыру, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, біріге ойнауға үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Мені ұстап ал!»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойыншыларды ұстап алу. | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз жүйткіп келеді".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың допты айналдыру дағдыларын бекіту, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, бірге ойнауға үйрету.<br>**«Допты домалату» ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты екі қолмен педагогке қарай домалату.<br>Балалар кілем үстінде бір-біріне қарама- | **Музыка**<br>"Біз көлікпен жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері."Жапырақтар" әуеніне баланың эмоциналды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру.<br>Дауысты біркелкі әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету.<br>Қимылдарды нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауды үйрету.<br>**Ойын "Күн мен жауын".**<br>Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру**<br>"Қояндар көгалда ойнап жүр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Әртүрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпқа қоюды үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен аттап өтуге және еңбектеп өтуге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға | **"Көңілді ұшақ" (мүсіндеуден ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; ермексазбен жұмыс істеу ережесін сақтау.<br>**"Ұшақ" саусақ гимнастикасы. (сөйлеуді дамыту)**<br>Ұшақты құрастырамын, |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>қарсы жұптасып отырады. Араларында 80 см қашықтық бар. Аяқтарының арасын ашып, допты алдыға қарай домалатуға дайындалады.</td><td>Педагог металлофонда жауын жауғанын орындайды. Балаларға есте сақтауға ұсынады.</td><td>қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын.<br>«Қояндар мен қасқырлар»<br>Мақсат-міндеттері. Қасқырлар қояндарды еңбектеп жүріп қуу керек.</td><td>(екі қолымызды екі жаққа созамыз)<br>Шет елдерге ұшамын, (Саусақтарымызды қозғалтамыз)<br>Теңіз, орман, алқап, таудың үстінен. (Саусақтарымызбен "шашырату" жаттығуын жасаймыз)<br>Әлемді шарлаймын, (Шарды елестетіп, құшақтаймыз)<br>Үйіме сосын қайтамын. (Алақандарымызды жаямыз)</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Мақсат-міндеттері: серуенге қызығушылықты ояту.<br>Серуенге қажетті құралдарды әзірлеу, балалармен жеке сұхбат жүргізу, киімдерді ретімен кию: жейде, шалбар, бас киім және аяқ киім. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күні бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы</td><td>Итті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ит, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілігін тәрбиелеу.</td><td>Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің</td><td>Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Мысық мейірімді, сүйкімді, сабырлы, «Мияу-мияу» дейді. Мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы, жүні бар. Педагогпен</td><td>Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды?<br>- Жапырақтар қайда түсті?<br>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.<br>- Аспанға қарандаршы. Сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы. Ауа салқын, жылы киінеміз.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.** | Иелері серуендейтін иттерді бақылау. Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу- | дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді<br>ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. | бірге олар мысықта бардың бәрін көрсетеді және атайды. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді.<br>Мынау тұрған мысық,<br>Екі көзін қысып,<br>Ұйықтап отыр маужырап,<br>Сүт көжесін ішіп.<br>**Қимылды ойын « Құстар мен мысық» (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала болып тұрады. Қалған балалардың бәрі шеңберді айнала тұрады, бұлар құстар. Құстар шеңберді айнала жүріп дәндерді шоқиды. Мысық оянып кетіп, құстарды көреді, мысық оларды ұстай бастайды. Құстар шеңберден ұшып | - Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. | шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»),деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да дыбыстық белгі беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жемді шоқуды, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап | кетуге асығады. Мысық шеңбердегі қай құсқа тиіп кетсе, ол ұстаған болып есептеледі де ортаға келеді. Мысық 2-3 құсты ұстаған кезде тәрбиеші жаңа мысықты таңдап алады. Ұстап алған құстар барлық ойыншыларға келіп қосылады. Ойын 2-3 рет қайталанады. | қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың дыбысы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүреді.<br>Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойын. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың | **"Дұрыс орналастыр" ойыны. (сенсорика, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, | **"Би-би-би! Жүрейік!" (қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері. Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ | **"Пойыз" (көркем әдебиеттен ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Өлең тыңдауды үйрету, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу аппаратын, есту арқылы қабылдауын дамыту, дыбыстардың артикуляциясын | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>Көлікке өз дөңгелегін салайық,<br>Көшені айналып шығайық.<br><br>**Саусақ жаттығуы «Кеме» (сөйлеуді дамыту)**<br>Су үстінде кемемен,<br>Кесіп өттік толқынды.<br>Қос күрекпен есіп ап,<br>Су көлігі зырлайды. | ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br><br>**Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді.<br>Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл | моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру.<br>"Құлып" саусақ гимнастикасы.<br><br>**Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң -<br>жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. | нақтылау және бекіту. Балалардың тыңдау қабілетін қалыптастыру, сұрақтарға жауап беруге, көлік түрлерінің атауларын есте сақтауға ынталандыру. Өзгелермен және құралпастарымен достық қарым-қатынасты дамыту.<br>Дидактикалық-сөздік ойыны. "Пойызда нелер бар?"<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар | эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға машина, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады.<br>Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", машинаны "бип-бип" деп дыбыстайды.<br><br>**"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br>Мәшинеге міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>(Д. Ахметова") | | ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы.<br>(сұқ саусақпен бұлғау) | таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың"(жүргіншіле р жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>"қызыл үшбұрыш" + | **"Жүрейік" қимыл жаттығуы.**<br>Жүрейік, жүрейік, | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** | **"Алмалар".**<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, | Қ .Мырза Әли.<br>"Паровоз".<br>Пыс-пыс! - деді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "көк үшбұрыш" +<br>"сары үшбұрыш" +<br>"жасыл үшбұрыш" | Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>**(дене шынықтыру)** | Жаңбыр жауса –<br>тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – жауса<br>тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | шарларды илеу<br>амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | - Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>- Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-түкі,<br>Тақы-түкі, Тез өт! -<br>деп,<br>Тоқтамайды<br>дөңгелектер безектеп.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақмарал» тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды** | **14.11 - 18.11.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орнынның суретін көрсету. | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын қадағалау;қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, азықтану әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | **«Ненің дауысы?» дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды есту зейінін | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Құстарға еліктеуге шақыру; жедел жүруді жақсарту; үлкендермен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақты, "Көжек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу.<br>Ұзын аяқ, ұзын құлақ,<br>Күртешесі сұр, жұмсақ,<br>Қорқақ, қыли көздері,<br>Ұстай алмаймыз, қуаласақ.<br>(Д. Ахметова) | шоғырландыруға тәрбиелеу. Балаларға ойыншықты дауысынан анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: балаларға таныс үй жануарларын бейнелейтін дыбыстық ойыншықтар дайындау (сиыр, ит, ешкі, мысық жәнетағы басқа).<br>Педагог дайындалған ойыншықтарды шығарады (бір-бірден), сәйкес жануарлардың дауысына еліктей отырып, олармен ойнайды, содан кейін балаларды тыңдауға және дауысы бойынша не оларға қонаққа келетінін болжауға тапсырма береді. | Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағазынан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br>С. Сәрсенов "Кірпі".<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстай болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды. | жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау.<br>Құрал-жабдықтар: бала санына қарай көлемі шағындау, жұмсақ ойыншықтар.<br>Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жаймен ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті, мінеки! | сөйлесу қуанышын ояту.<br>Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді. Педагог:<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Неге жерге қонбайсың?<br>Жем шашайын жейсің бе?<br>Сонда торғай тонбайсың.<br>Торғай ұшып кетті!<br>Соңғы сөздерден балалар қанаттары мен қолдарын сермеп ұшады. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкейіп, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар орман мен даланы мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық,<br>Тіршілігіне қарайық.<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Орман тұрғындарына қонаққа барайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кішкентай допты (қапшықты) оң және сол қолмен лақтырған кезде бастапқы позицияны дұрыс ұстауды үйрету, орнында секіру (секіру) кезінде қозғалыс қабілеттерін дамыту, гимнастикалық жолдың бойымен алақан мен тізеге тірек етіп, еңбектеу дағдысын машықтандыру, | **Дене шынықтыру**<br>**"Аңдар балаларға қуанады".**<br>**Мақсат-міндеттері.**<br>Балаларды тепе-теңдікті сақтап, гимнастикалық жолмен жүру жаттығуларын жалғастыра отырып, батылдық сезімін арттыра түсу.<br>Балалардың көлденең нысанаға екі қолмен өздеріне ыңғайлы түрде лақтыру дағдыларын жетілдіру. Олардың жүгіру дағдыларын күрделендіре отырып, | **Музыка**<br>"Біз билейміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Бір, екі, үш! Жүгір!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог нұсқауларына назар аудару, жаттығу жасау ептілігіне жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Бір, екі, үш! Жүгір! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Бір, екі, үш! Қоянға қарай жүгір! (балалар | **"Жабайы аңдар" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл-әрекеттерін көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Тақпақ тыңдау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кедергілерді жеңуге деген сенімділік сезімін қалыптастырады, ойын әрекетіне қатысуға эмоционалды жауап тудырады.<br>«Кемпірқосақ» қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br>Кемпірқосақ біздің үстімізде, (бастың үстіне екі қолмен жарты шеңбер салу)<br>Ағаштардың үстінде, (қолды жоғары көтеру, саусақтың арасы ашық)<br>Үйлердің үстінде, (қолды бастың үстіне бүгу)<br>Өзен үстінде, су үстінде, (қолмен толқын жасау)<br>Менен сәл жоғары (басты қолмен түрту)<br>Сәлем, орман, ну орман! (оңға, солға бұрылады)<br>Ертегілер мен | дамытуды жалғастыру (баяу жүгіру, аяқтың ұшымен жүру, шеңберден шеңберге адымдау).<br>Қимылды ойын. «Бір, екі, үш - жүгір! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br>Бір, екі, үш! Қоянға қарай жүгір! (балалар ойыншық қоянға жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Тиінге қарай жүгір! (балалар ойыншық тиінге жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Қонжыққа қарай жүгір! (балалар ойыншық қонжыққа жүгіреді) | | ойыншық қоянға жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Тиінге қарай жүгір! (балалар ойыншық тиінге жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Қонжыққа қарай жүгір! (балалар ойыншық қонжыққа жүгіреді) | Қадыр Мырза Әли «Табиғат — жаратылыс пернесі».<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да,<br>Құлын боп ойнап қайтамын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғажайыптарға толы! | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты дұрыс киюге үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді** | **Бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Бұтаның негізгі бөліктері туралы түсінік қалыптастыру; өсімдіктер әлеміне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Дауылға да, аязға да,<br>Шыдап бағар міз бақпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап-жасыл боп тұрады.<br>**Қимылды ойын «Ұшақтар». (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету; | **Күшікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ит, күшік, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Иелері серуендететін иттерді бақылау.<br>Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейінін, ой-қиял қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы. Бұл не?<br>- Ағаштарда жапырақтар бар ма?<br>- Жапырақтар қайда?<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>М. Әлімбаев "Күз"ү<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап, | **Маусымдық құбылысты бақылау. Қырау, аяз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Су күйлерінің бірі ретінде аяз туралы түсінік қалыптастыру.<br>Аязға назар аудару.<br>Қырау - су буының тамшылары, олар қар ұлпасы сияқты қатып қалған. Балаларға ағаштар мен бұталардағы қырауды мұқият тексеріп, қыраумен жабылған бұтақты алақанмен ұстау. Бұтақ пен алақанға не болды? Аяз қайда кетті?<br>Аяз келді қаһарлы,<br>Айналаны қар жапты.<br>Ақ тон киіп орман тұр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру;<br>айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерге менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. | оларды тәрбиешінің белгісі бойынша тез әрекет етуге дағдыландыру.<br>Балалар өлең оқып, қимылдың бағытын көрсетіп тұрған тәрбиешіні айнала қоршай тұрады.<br>Балалар оның артынан қайталайды.<br>О, алтын күн, алтын күн,<br>Әйнектен қара, жарқын күн!<br>Балаларың жылауда,<br>Сүрініп тасқа құлауда.<br>Балалар әннің ырғағына қарай қолдарын соғады, тізе бүгіп жүресінен отырады (екпінмен айтылған сөздерде).<br>Қол соғуды тоқтатпай, бір орында секіреді. | **«Пойыз» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де пойыз қайтадан жолға | Тамшы жерде секірді.<br>Педагог:<br>- Иә, жапырақтар жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады?<br>- Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді.<br>- Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты.<br><br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не? | Дәл атамдай салмақты.<br>**«Торғайлар» қимылды ойыны (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды төмен заттардан секіруге, шашыраңқы жүгіруге, тәрбиешінің берген белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>«Құстар ұшып жүр!» белгісі бойынша.<br>Балалар ойын алаңын айнала жүгіреді, құстарды бейнелейді.<br>«Мысық!» белгісін естіген «Құстар» үйлеріне «ұшып кетеді». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | аттанады. | - Бұл кірпі.<br>Жарайсыңдар!<br>Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай коректі іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>(Д. Ахметова)<br>- Қанекей, балалар, мына жатқан жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық". (сөйлеуді дамыту)**<br>Қонжық жүрсе | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы қораптар".<br>Мақсат-міндеттері. | **"Аю орманда" қимыл-қозғалыс ойын. (сөйлеуді дамыту, дене** | **"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға екі бөліктен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау)<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау)<br>Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек-кезек соққылау)<br>(Д. Ахметова) | Балаларды қораптарды ашуға және жабуға үйрету, әр қорап үшін дұрыс қақпақты таңдау, қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру, кеңістіктік үлгілерді көрсету, кішкене заттарды үлкен қорапқа салу, заттың түсі туралы білімдерін бекіту; қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>«Орман алқабында» ойын жаттығуы.<br>**Ойын-имитация. "Кірпіжан". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ортақ ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Қорбаңдаған аюдың (аю сияқты жүреді)<br>Құлпынайы көп екен. (құлпынайды іздеу қимылын жасайды)<br>Теріп-теріп алайық, (құлпынайды тереді)<br>Қалтамызға салайық, (себеттеріне салады)<br>Тәрбиеші: мұнда қанша жидек бар және себетті "байқаусызда" құлатады. Жидектер (кішкене доптар) жерге шашылады, балалар оларды жинайды. | Мақсат-міндеттері. Баланың көз дәлдігін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. | тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Қасқыр, аю, қоян және тағы басқалар бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балалар ұсынылады. Балалар ұсақ бөлшектердің тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек.<br><br>**«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау.<br>Құрал-жабдықтар: бала санына сәйкес шағын көлемді жұмсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>Құралдар: кірпінің суреті немесе ойыншығы.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>- Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректі іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп<br>Тауып алып, жеймін.<br>(Д. Ахметова) | **"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру. (көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). | | ойыншықтар.<br>Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жай ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті, мінеки! |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова) | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>(Д. Ахметова) | С. Бегалин "Қазым"<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай | Ермексаздан кесектерді үзіп, бағандарды есу амалдарын игерту. "Сәбіздер". | Ойын-имитация. "Кірпіжан".<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>(Д. Ахметова) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шаш. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Кішкентай бүлдіршіндерді мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу», «Баламен бірге шағын тақпақтарды оқудың маңыздылығы». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш\о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **ЖұрағатА.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **21.11 - 25.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. | "Үстел үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, іс-әрекеттерін мақтау. | Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау керектігі туралы түсіндіру. | Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау іс-әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. |
| | **"Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік | **«Сыбызғыны үрле!» ойыны (музыка)**<br>Мақсат-міндеттері. Күшті, біркелкі дем шығаруды дамыту; бұлшықеттерін белсендіру.<br>Жабдық: әртүрлі үрмелі музыкалық аспаптар: түтіктер, флейта, мүйіз, гармоника.<br>Балаларға аспаптарды таратып, алдымен бір-бірлеп, содан кейін бәрі бірге ойнауды ұсыну.<br>- Енді біраз ойнайық! Сыбызғыны алып ойнай бастайық! | **Саусақ жаттығуы "Сәлем" (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Тауыққа көрші үйдегі | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. (көркем сөз, сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі әртүрлі 5 затты ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әр түсі үштен кем емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру. | береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды қосылып айтуға шақырады.<br>Сылдырмақты соқтық,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>(Д. Ахметова) | Егер балалардың біреуі сыбызғыдан дыбыс шығара алмаса, оның дұрыс үрлегенін қадағалау. | (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) | бірінің ішіне салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, үлкен, орташа.<br>Кішкентайды үлкендеуіне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)**<br>**«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай.<br>1-2 сылдырмақты алға созу.<br>3-4 артқа тығу;<br>Бастапқы қалып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу.<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз!<br>Өсеміз, алып боламыз! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үлкен саяхат жолына<br>Доспен бірге барамыз. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бауырсаққа қонаққа барайық"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог нұсқауларына назар аудару, жаттығуды ептілікпен жасауды жаттықтыру.<br>Қимылды ойын. "Қасқыр мен қояндар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. | . **Дене шынықтыру**<br>"Гүлдерді терейік"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс ертегілер арқылы қозғалыс дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру. Доппен жаттығу жасауды үйретуді жалғастыру; екі аяқпен алға қарай секіру дағдыларын дамыту; жаттығу жасау кезінде балаларда жағымды эмоцияларды тудыру.<br>Қимылды ойын. «Гүліңді тап».<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды түсіне қарай сәйкестендіруді үйрету | **Музыка**<br>"Орамалды бұлғайық"<br>Мақсат-міндеттері. "Күшігім" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.<br>**Музыкалық сағат "Бала, бала, балапан"**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірігіп ән айтуды үйрету<br>. | **Дене шынықтыру**<br>"Біз қарларды домалатамыз"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту, белгі бойынша әрекет етуге дағдыландыру; қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты ояту, тапсырмаларды ықыласпен орындауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. "Боран"<br>Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа кезекпен бұрылуды, бір орында екі аяқпен секіруді үйрету | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"В.Г. Сутеевтің "Алма" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. В. Г. Сутеевтың "Алма" ертегісімен таныстыру; сөздік қорларын толықтыру; көркем әдебиетке танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру; балаларға ертегіні мұқият тыңдауды, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; тілін, қиялын, ойлау қабілетін дамыту.<br>Дидактикалық ойын. "Бұл не?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалар үш қана сөзден тұратын сипаттама бойынша қандай зат туралы айтылып тұрғанын тауып, дұрыс айтуы тиіс. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлі бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>Қ. Мырза Әли "Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене** | **Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар нелер?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп. Жарайсыңдар!<br>Ескен Елубай "Құстар, | **Өсімдіктер әлемін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шыршаның ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, оны о басқа ағаштардан ажыратуды үйрету, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балаларға тақпақ тыңдау арқылы учаскеден ағашты табуды ұсынады.<br>Тікен, тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>Балаларды шыршаға қасына әкеліп, назарын сипаттамалық ерекшеліктерге аударады.<br>**Қимылды ойын «Мергендер» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br><br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br><br>Ескі-құсқы шүберекті, | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br><br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- "Қатты жел соқты!" деген сөзімді естігенде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". | қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Балалар, құстар келесі көктемде қайта ұшып келеді.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен | Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен төменнен (бастың артқы жағынан, кеудеден) алға лақтыруды үйрету; нысанаға тигізудің қарапайым дағдыларын, көзді, ептілікті, қимылдарды дамыту.<br>Бала қолына кішкентай допты немесе құм салынған дорбаны ұстайды. Қорапты немесе үлкен себетті қойыңыз (нысанадан балаларға дейінгі арақашықтық 1,5-2 м аспайды). Балаларды қолындағы допты қорапқа (себетке, торға) лақтыруға жаттықтыру. | сүйекті,<br>Қораптарды,<br>түймелерді, тиекті.<br><br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br><br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар, бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем, сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем, менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе? Бастайық!<br>Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, сендер маған қарай қолдарыңды былай жайып, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, | | | жаққа жаямыз, "у-у-у"! Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Не, қалай** дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Дана қайда барды?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жанды және жансыз табиғат туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Сөйлеуді, ойлауды, қиялын, үй жануарлары мен құстарға қызығушылығын дамыту, оларға қамқорлықты, халық ертегілеріне сүйіспеншілікті | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қонжыққа арналған үстел"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру.<br>**"Құлып" саусақ гимнастикасы.** | **Саусақ жаттығуы**<br>"Сәлем"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) | **"Ғажайып дорба"** дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатынын түсіндіру, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br><br>"Ойыншықты тап" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Содан соң аудиожазбаны тыңдағанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", мәшинені "бип-бип" деп дыбыстайды. | тәрбиелеу.<br>**«Сиқырлы кітап» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: суреттердің арасында екіге бөлініп, жыртылып қалған суреттерді бірктіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Есікте құлып тұр (саусақтарымызды бір-бірден біріктіріп, қолымызды құлыпқа қоямыз)<br>Кім оны аша алады екен?<br>Ашып көреміз, (құлыпты айналдырамыз, қолымыздағы құлыпты шешеміз)<br>Созамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақандарымызды ашып-жабамыз)<br>Тоқылдатамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақанымызбен шапалақ соғамыз)<br>Ашылды! (саусақтарымызды ашамыз) | Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) | дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Көрнекілік: топтағы ойыншық.<br>Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиешінің нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға, оңға бұрылу, 2 адым алға жүруді айту. Ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығылған ойыншықты табады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе | **«Қуаласпақ» ойыны.**<br>Жабдық: орташа қуыршақ.<br>Педагог қуыршақ қуаласпақ ойнағысы | **"Кәмпиттер".**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексазбен көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын | **Саусақ жаттығуы «Моншақ тізу»**<br>Қызыл сары, көк моншақ.<br>Мен жасаймын көп | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Сылдырмақты соқтық,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке. | келетінін айтады.<br>Балаларды қуыршақтан қашуға шақырады.<br>Қуыршақ «қуып жетеді», оларды «құшақтап» тапқанына қуанады және «міне, менің достарым» дейді.<br>Бұл ойын екі-үш баламен ойналады. | игерту. | моншақ<br>Ойын шарты: балаға әртүрлі диаметрлі моншақтар беріледі.<br>Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ептілігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. | Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>(Д. Ахметова) |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | **«Балбөбек» ш\о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жұрағат А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11 - 02.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 28.11.2023 | 29.11.2023 | 30.11.2023 | 01.12.2023 | 02.12.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға | "Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер)** | деген қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | жапырақтарын үзіп алып тастау және суару үлгісін көрсету. | көмектесу, су ағымы астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды немесе суретін көрсету. | заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. | **"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жауғанына қарап, педагогтің соңынан ілесіп, қыс туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру. | **"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. | **"Отырған мынау ақ қоян..." ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Алаңның бір жағында қояндардың орны белгilенді. Әр бала өз орнына тұрады. Тәрбиешінің "Қоршауға жүгіріңдер"деген сигналы бойынша барлық балалар дөңгеленіп тұрады, ал қоянның біреуі ортаға шығады. Балалар тәрбиешімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алақай! Алақай!<br>(шапалақтау)<br>Келді суық қыс, міне<br>(алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз<br>(саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз<br>(шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>(жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі<br>(алақан қағу), | Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге қарай, төмен,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>(Д. Ахметова) | - Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап көрейік.<br>Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау) | Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли "Қар"<br><br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды жылдам орындау керек. | бірге тақпақ оқиды да текстің мазмұнына қарай қимыл жасайды.<br>Отыр аппақ, бір қоян.<br>Саққұлақ қой бұл қоян.<br>Құлақтары деленідеп,<br>Әр дыбысқа елеңдеп.<br>Балалар дөңгеленіп тұрады. "Құлақтары делеңдеп" деген сөз тіркесінен бастап ойын аяғына дейін балалар қолдарын жоғары көтеріп, қол білезіктерінен бастап қимылдатады. Қоян сияқты секіреді. |

| | |
|---|---|
| **"Үлпілдек ақ қар" (сенсорикадан ойын-жаттығу) Мақсат-міндеттері. Сезім мен қабылдауды жетілдіру арқылы сенсорлық тәжірибені қалыптастыру; қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту және байыту (қар туралы); балалардың қардың түсі мен формасы туралы білімдерін бекіту; ұсақ моториканы дамыту; басқаларға деген жақсы сезімдерді тәрбиелеу. «Аққала» саусақ ойыны. (сөйлеуді дамыту) Біз аулаға барамыз.** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)**<br>**«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай.<br>1-2 сылдырмақты алға созу.<br>3-4 артқа тығу;<br>Бастапқы қалып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу.<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(ортаңғы және сұқ саусақпен үстел үстінде "жүреді") Бірге аққала жасаймыз. (мүсіндеу қимылдарын көрсетеді) Қолдарымыз тоңғанда (мұздатылған қолдарды бейнелейді) Ысқылап, жылытамыз. (Қолдарын ысқылайды)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру** | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | **Үлпілдек ақ қар"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | "Қысқы орманға саяхат"<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық орындықта тұрақты тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру; доғаның астына өтіп және түзу тұру қабілетін бекіту; балалардың қозғалу тәжірибесін байыту және күшейту. Қолдары мен аяқтарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үйлестіру және ырғақтылық, психофизикалық қасиеттер: шапшаңдық, ептілік дағдылары.<br>**Қимылды ойын. "Ұзын құлақ сұр қоян" (дене** | "Қысқы жолдармен жүруді үйренейік"<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық орындықта жүруге үйретуді жалғастыру; төрттағандап еңбектеу, доғаның астымен өтіп жаттығу; олардың қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жаттығуларды орындау қабілетін бекіту; дене шынықтыру жаттығулары мен қимылды ойындарға тұрақты қызығушылықты ояту, сол арқылы балалардың денсаулығын жақсартуға ықпал ету.<br>**Қимылды ойын.** | "Аппақ қысқа сәлем берейік"<br>Мақсат-міндеттері. Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.<br>**"Көлеңке" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Көлбең, көлбең көлеңке,<br>Көлбеңдеген көлеңке.<br>Қане, қатар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық! | "Қазақстаным, алға!"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықта жүруге үйрету; дұрыс үйлестіру қабілеттерін, ептілігі мен жылдамдығын; зейінді, естуді, көруді, кеңістікті бағдарлауды, қимылдарды үйлестіруді, жүру және жүгіру арқылы тепе-теңдікті сақтау және дамыту; отанға сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге, | **(сенсорикадан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Сезім мен қабылдауды жетілдіру арқылы сенсорлық тәжірибені қалыптастыру; қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту және байыту (қар туралы); балалардың қардың түсі мен формасы туралы білімдерін бекіту; ұсақ моториканы дамыту; басқаларға деген жақсы сезімдерді тәрбиелеу.<br>**«Аққала» саусақ ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Біз аулаға барамыз. (ортаңғы және сұқ саусақпен үстел үстінде "жүреді") |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагог көрсеткен қимылдар үлгісі бойынша қимылдауға талпындыру; бір бағытта алға секіру қабілетін жетілдіру. | **"Сәбіз" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Сәбіз жинау. Ептілікке баулу. Жерге диаметрі 8-10 метр шеңбер сызылады немесе еденге гимнастикалық шеңбер қойылады. Шеңберге 10 сәбізді немесе басқа заттарды қоямыз. Шеңбер «көгөніс бақшасы» болып табылады. Қояндарды аулайтын бақша "қарақшысы" (пугало) таңдалады. Көшбасшының белгісі бойынша қояндар шеңберге түсіп, сәбізді жинай алады. "Қарақшы" қоянды ұстап алады. Ұсталған қоян ойыннан | | педагогтің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету. | Бірге аққала жасаймыз. (мүсіндеу қимылдарын көрсетеді) Қолдарымыз тоңғанда (мұздатылған қолдарды бейнелейді) ысқылап, жылытамыз. (қолдарын ысқылайды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығарылады. "Қарақшыға" шеңбердің ішіне кірген "қояндарды" ғана ұстауға рұқсат етіледі. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге жиналу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері: өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру: шкафтан сыртқы аяқ киімді алу, шұлықтарды дұрыс кию және бас киім туралы ұмытпау.<br>Серуен кезіндегі ережелері туралы еске саламыз: серуенде қалпақты немесе орамалды шешпейміз;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнаймыз (верандада, ағаштың астында). | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгіліндегі табиғи құбылыс - қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді! | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақшақарлардан болатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұр болса, қар жаууы ықтималдығын байқату.<br>- Балалар, аспанға | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақшақарлардан болатынын, жеңіл, мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын | **Қысқы күн райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қысқы күн райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>Т. Шопаев "Қар".<br>Жауды, міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай жүруге машықтандыру; | дамыту.<br>Ш. Әлдибекұлы."Қар".<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Педагог:<br>- Балалар, байқадыңдар ма?<br>Дала қандай тыныш!<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын | қараңдаршы.<br>- Аспанның түсі көгілдір ме?<br>- Аспанның түсі сұр.<br>- Аспан сұр болса, қар жауады.<br>Көк аспанды жаулайды<br>Қалың-қалың сұр бұлттар.<br>Бір жауса тоқтамайды<br>Аппақ жауын, аппақ қар.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың | дамыту.<br>Ш. Әлдибекұлы "Қар".<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>- Балалар, байқадыңдар ма?<br>- Дала қандай тыныш!<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын | дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, олар жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай.<br>Балалар сапқа жиналып, ашық жолмен жүреді.<br>Жаттығу екі рет қайталанады. | қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет | қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қыс мезгілі келді.<br>- Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу). | қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет | Аулада тұр аққала.<br>(Д. Ахметова.)<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | | өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды | **«Сиқырлы алақандар» музыкалық-ырғақты жаттығуы**<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай-былай ойнат.<br>Орнымыздан | **«Ұлпа қар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпа қарлар шашылды. | **"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау | **"Күн райы" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күн райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды, атауды ынталандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл | тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпа қар.<br>1, 2, 3 ,4, 5<br>Ұлпа қарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпа қарлаға **үрлейді)**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз (картон).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді.<br>Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>Ш. Әлдибекұлы "Қар"<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыр қарлар.<br>Қалың-қалың тоң киіп, | **музыка)**<br><br>**"Қар жауды" (мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаршы"<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | Маужырайды шыршалар.<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге** | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың зейінін дамытудың ерекшеліктері», «Баланы қандай түстермен таныстыру керек?», | | | | |

| | |
|---|---|
| **қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Айналасындағы заттардың түстері және баланың денсаулығы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | ЖұрағатА. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01 - 20.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | **"Үстел-үсті ойындары".** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ | **"Қырауды бақылау"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің бұралған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суаруды үйрету. | гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | **«Жануардың дыбысын сал» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Дем шығару кезінде буындарды айту арқылы сөйлеу тынысын дамыту.<br>Тәрбиеші рифманы айтады, ал бала жануарларды дыбыстармен және қимылдармен бейнелейді:<br>Кі – кі – кі,<br>Сақалды ешкі.<br>Ақ – ақ – ақ,<br>Секеңдеген лақ.<br>Ік – ік – ік,<br>Шәукілдейді күшік.<br>Ық – ық – ық,<br>Тышқан жейді мысық.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.<br>Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды әжесінің ауласындағы жануарларды | **«Біздің шырша» өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шырша туралы өлеңді мәнерлеп оқуға баулу; жағымды эмоциялар тудырады.<br>Тауда туып, тауда өскен,<br>Шырша келді ортаға<br>Бәріміз бір дауыспен,<br>Дейік енді шыршаға<br>Әдемілеп біз ілген,<br>Ойыншықтар тізілген.<br>Қандай жақсы шыршамыз<br>Ән шырқайық баршамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дене шынықтыру)** | Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты үшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою, Н.Қ. оралу, сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">еңкейту. 6 рет.<br>3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею, 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оіға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Кім шапшаң, кім өжет?<br>Кім болады аппақ көжек?<br>Орнымызда секірейік,<br>Көжектей жүріп билейік.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру<br>"Біз шеңбер құра аламыз"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қол ұстасып шеңбер бойымен жүруге, кедергілерден өтіп,төрт аяқтап еңбектеуге, допты домалатуға, белгілі бір бағытты ұстана отырып, жаттығулар</td><td>Дене шынықтыру<br>"Түзу шеңбер"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қол ұстасып шеңбер бойымен жүру қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларының дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы ақпарат беру; еңбетеп</td><td>Музыка<br>"Қонжық пен көжек"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. Балаларды қарапайым әндерді тыңдауға қалыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде</td><td>Дене шынықтыру<br>"Құстар ұшып самғайды"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қол ұстасып шеңбер бойымен жүру қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларының дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы</td><td>Сенсорикадан ойын-жаттығу<br>"Қысқы орманға саяхат"<br>Мақсат-міндеттер. Көрсету арқылы,балаларға қимылдарды үйрету, шамалар жайлы білімдерін бекіту (үлкен, кішкентай); балалардың шамалар жайлы қасиеттерін</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жасауға үйрету.** | өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту. | орындап, қимылдарды музыка жетекшімен бірге қайталау үйрету. | ақпарат беру; еңбетеп өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту. | топтауды үйрету;сөйлеу қабілеттерін;ұсақ моториканы арттыру. Балалардың бойына жауаптылық сезімін және жабайы жануарларға көмектесу қасиетін сіндіру. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай | **Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, қызығушылыққа тәрбиелеу | **Ойыншық қоянды бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын ойыншық қоянға аудару;**<br>**Тәрбиеші ойыншық ақ қоянды көрсетеді.**<br>**- Балалар, сендер біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? (Бұл қоян.)**<br>**- Қоянның жүні қандай түсті? (Ақ )** | **Ағашты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларға аязды күндері бұталар мен ағаштардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын,** | **Қардың қасиеттерін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттерімен танысуды жалғастыру (суық, ақ, қытырлақ). Балаларды қарды өз қолдарымен алуға шақыру, суық деп қорытынды жасату, сондықтан қолғап кию керек екенін айту. Суық мезгілде** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз,<br>құламайды екенбіз. | Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді . Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | **- Қоянда тағы не бар? (ұзын құлақ, қысқа құйрық, аяқтары.)**<br>**- Қоян қайда тұрады? (Қоян орманда тұрады)**<br>**Ақ қоян-ау,ақ қоян,**<br>**Ұзын құлақ сақ қоян,**<br>**Қаша берсең орманға,**<br>**«Қорқағым» деп ат қоям.**<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>Ойын мазмұны:<br>Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>Ақ қоян - ау, ақ<br>Орныңнан тұрсаңшы<br>Шашыңды тарасаңшы<br>Бетіңді жусаңшы | **сондықтан оларды қорғауға, сындырмауға, шпатламен діңге ұрмауға, шанамен басып қалмауға болатындығын түсіндіріңіз.**<br>**Жасыл желен жамылған,**<br>**Асыл моншақ тағылған.**<br>**Міне сұлу шыршамыз**<br>**Көптен күтіп сағынған.**<br>**«Қарғалар» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балалар қарғаны бейнелейді, тәрбиешіге еліктейді, белгі бойынша әрекет тетеді.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар-қар-қар!<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Қар-қар-қар!<br>Боран соқса қар болар,<br>Қар-қар-қар!<br>Бұтаға қонар қарғалар. | **қардан мүсіндеу мүмкін емес, өйткені ол құлап қалады.**<br>**Балаларды қармен жүруге және не естігендерін сұрау.**<br>**Қардың аяқ астына жиналатынын ескеріңіз.**<br>**Ақша қар, ақша қар,**<br>**Аппақ болып қонасың.**<br>**Тоса қалсам қолымды**<br>**Алақаныма толасың.**<br>**Қимылды ойын «Екі аяз» (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер: жүгіруге жаттықтыру.**<br>**Екі доспыз ағайынды**<br>**Көрген біз ғой талайынды**<br>**Мен Аязбын - Қызыл мұрын,**<br>**Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.**<br>**Мен аңдарды іздеймін**<br>**Қане, шығыңдар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әй - әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші - Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | Қар-қар-қар! | **қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді) Қатырамын! (Қашады) Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады.** |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Орманға барайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстырып, жаңа | **Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; | **"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | ұғымдар беріп, оларды дұрыс, анық, буындап айта білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге, жануарларға деген қызығушылықты, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>- Аппақ қарды паналап,<br>Аппақ қоян, тығылма!<br>Көлеңкеңнен үркімей,<br>Қорқақ қоян, қорықпа!<br>Қоян, қашып кетпе!<br>Міне, құрақ көрпе!<br>Суықта қалмайсың,<br>Жамылсаң – тоңбайсың.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | саусақпен көрсетіп, "әне", "міне" сияқты сөздерді қолдануға ынталандыру; кеңістікті бағдарлау негіздерін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны "қарқ-қарқ" деп дыбыстайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Жел көбік» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар. | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>- Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі,<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Алақанда дөңгелету"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексазды 2 бөлікке бөлу, түзу қозғалыстармен айналдыру жаттығуларын жасау.<br>**(мүсіндеу)** | **"Қоян қайда?" қимыл жаттығуы.**<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.<br>Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді.<br>Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Баланың қажеттіліктерін ескерудің маңыздылығы», «Гигиеналық дағдылар денсаулық кепілі». | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде". | Кеңес: "Ойын ойнаймыз, есте сақтауды дамытамыз". | Әңгімелесу: "Баланы қысқы мезгілде киіндіру тәртібі". | Әңгімелесу: "Табиғат біздің анамыз!" |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01 - 27.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын | **"Қырау бақылау"** Мақсат-міндеттер. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау; су құйғышты ұстап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | табуға ынталандыру, мақтау. | аудару. | суаруды үйрету. |
| | «**Тоқылдақ» саусақ жаттығуы**<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Мәнерлеп оқу**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың сөйлеу қабілетін дамыту, балалардың ақыл-ой белсенділігін, қол моторикасын белсендіру<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортақ тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентай бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Сиқырлы алақандар музыкалық ритмикалық жаттығу**<br>Бала, бала балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарын әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **«Құстарды тамақтандыр» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Күшті, тегіс, бағытталған дем шығаруды дамыту; ерін бұлшықеттерін белсендіру.<br>Қақпаға - мақта немесе басқа жеңіл заттарды үрлеу. Жарыстар ұйымдастыру - кім көп салады (құстарды тамақтандырады).<br>Тәрбиеші жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді: мұрнымен дем алып, ернін түтікшемен бүктеп, ұзақ уақыт мақтаға самал сияқты үрлеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Әр түрлі пішіндегі заттарды сәйкес тесіктерге салу» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды нысандарды пішініне қарай салыстыруға үйрету.<br>Жабдық: әр түрлі пішіндегі саңылаулары бар қорап, қораптағы тесіктердің мөлшері текше мен доптың көлеміне сәйкес келеді. Доп текшеге және кубқа арналған тесіктен дөңгелек тесікке өте алмауы маңызды.<br>Педагог балаларға тесіктердің пішініне назар аудара отырып, тесіктері бар қорапты көрсетеді. Дөңгелек саңылауды қолымен сызып, балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | осындай терезе бар екенін түсіндіреді, төртбұрышты саңылауды сызып, осындай да терезе де бар дейді. Содан кейін тәрбиеші балаларды кезекпен шарды сәйкес терезеге түсіруге шақырады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты ұшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою, Н.Қ. оралу, сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға еңкейту. 6 рет.<br>3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею, 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оіға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Құстардай ұшайық,<br>Бұтаға отырайық.<br>Дәндерді шоқып, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аяққа тұрып,<br>Шеңберді құрып,<br>Күнге созылайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем берейік"<br>Мақсат--міндеттер.<br>Допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін нығайту; допты бастың артынан лақтыру техникасын жетілдіру; лақтыру дағдысын оң және сол қолмен жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Орманнан шыққан дыбыстар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың доптармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезінде ептілік пен зейіндерін дамыту; бірінен соң бірі жүру және жүгіре білу; жұпта, тізбекте және қатарда 2-3 баладан жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын орындау; допты жоғарыдан лақтыру қабілеттерін жүзеге асыру; допты алысқа лақтыру қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау. | **Музыка**<br>"Кел, балақан"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға әуен басталған кезде қимыл - қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Балаларды ән тыңдауға, олардың мазмұнын түсінуге үйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту. Музыкалық әуен ырғағына қарай қимыл жасауға тәрбилеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Қар жауса - балалар қуанады"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықта жүруге,еңбектеп жүруге және арқанның (рейку) астынан өтуге жаттықтыру, қол ұстасып шеңберде тұруға, тепе-теңдік пен қимылдарды үйлестіру сезімін дамытуға ықпал ету, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, тәуелсіз, сенімді әрекет ету. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қолғап" орыс халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көркем әдебиетке деген танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; есінде қалған кейіпкерлердің жеке бүркемелі аттарын қайталауға, кейбір жануарлардың қимыл - қозғалыстарын салуға үйрету; байланыстырып сөйлеуін, ойлауын, қиялын дамыту; Сөздік қорын кеңейтіп, байыту; ертегі бейнесін жеткізе білу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері мен ерекшеліктерін зерттеу. Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру, оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру. Құстарға арналған «мереке» ұйымдастыру. Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді салып, ағаштың айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады.. Қандай құстар қандай жемді жейтінін балалармен бақылау. | **Суық торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер: қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету.**<br>**Торғай,торғай,тоқыл дақ**<br>**Жерден дәнді шұқып - ап**<br>**Бөтекесі бұлтиып,**<br>**Шиқ-шиқ етіп отырмақ.**<br>**Қимылды ойын «Көліктер мен торғайлар» (дене шынықтыру)** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса-бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.<br>**Қимылды ойын «Екі** | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қарандаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қарандаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете | **Қысқы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Қыс мезгілінде ағаштар туралы ойларын кеңейту, адамдарды туған табиғатының сұлулығына тамсануға үйрету, бақылау дағдыларын дамыту.<br>-Ағаштар не үшін керек?<br>-Ол адамға не береді?<br>-Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>**Қимылды ойын «Қар кесектерін кім** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. 5-10 см биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады.<br>Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» | **Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.**<br>**Ойын шарты:Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.** | **аяз» (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі доспыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайынды<br>Мен Аязбын - Қызыл мұрын,<br>Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.<br>Мен аңдарды іздеймін<br>Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді)<br>Қатырамын! (Қашады)<br>Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. | де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. | **алысқа лақтырады?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Қар лақтыруға жаттықтыру, қолдың күшін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады. | | | Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Құстарға арналған жидектер"<br>Мақсат-міндеттер. Сары, қызыл, көк түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту, ермексазбен жкмыс жасау ынтасын ояту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жемшашарға құстар қонды"<br>Мақсат-міндеттер. Тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; балаларды қоректендіргішке тамақтануыға ұшып келген қыстайтын | **"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.**<br>- Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік.<br>Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды.<br>- Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.**<br>**Педагог балаларды** | **Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Саусақ жаттығуы.**<br>**"Дым да жоқ" (орыс халқының әні).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>- Ала қанат сауысқан<br>Пісірді де көжені,<br>Тағаттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сапта көжеге,<br>Дым жоқ сендей | құстарды байқауға үйрету; құстарды суреттерден танып, оларды атау білу.<br>Зейінділікті, байқампаздықты, қызығушылықты, сөйлеуді дамыту.<br>Құстарға деген қамқорлықты тәрбиелеу, оларға қиын қысқы жағдайларда көмек көрсету. | қолды екі жамбасқа қағып тұру)<br>Қыстап жүрген батыл құс.<br>Қанаттарын жаяды,<br>(Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу)<br>Жылдам-жылдам қағады.<br>Ұшып-ұшып, бұтаға,<br>Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру)<br>Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау)<br>Аспандарға ұшады.<br>(Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**"Матрешка қуыршағымен ойнау".**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері | **жанына шақырады.**<br>**- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),**<br>**Қол ұстасып, жүрейік.**<br>**Ортадан артқа, артқа**<br>**Шегіндік. Енді тоқта!**<br>**Үлкен қылып үрледік (тоқтау),**<br>**Пах! Шарымыз жарылды!**<br>**(шапалақтап, сосын отыру)**<br>**Пшшшшшшш...**<br>**(отырып жатқанда дыбыстар шығару)**<br>**Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.**<br>**"Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.**<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ұсыну.<br>"Тауық қалай ішеді?"<br>Тұмсығын тек малады,<br>Бір тамшылап алады.<br>Әзер жұтар шалқайып,<br>Бүлк-бүлк етіп тамағы.<br>- Бұл қалай су ішкені?<br>- Тірі азапқа түскені.<br>С. Боранбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шөжеге!<br>Х. Ерғалиев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | бойынша ажырата білу қабілетін бекіту.<br>Үлкен-кіші ұғымдарын қалыптастыру. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мақсат-міндеттер.<br>Өздерінің сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **«Әр түрлі пішіндегі заттарды сәйкес тесіктерге салу» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды нысандарды пішініне қарай салыстыруға үйрету.<br>Жабдық: әр түрлі пішіндегі саңылаулары бар қорап, қораптағы тесіктердің мөлшері текше мен доптың көлеміне сәйкес келеді. Доп текшеге және кубқа арналған тесіктен дөңгелек тесікке өте алмауы маңызды.<br>Педагог балаларға тесіктердің пішініне назар аудара отырып, тесіктері бар қорапты көрсетеді. Дөңгелек саңылауды қолымен сызып, балаларға | **Сиқырлы алақандар музыкалық ритмикалық жаттығу**<br>Бала, бала балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарын әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы**<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді,<br>зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Құстарға арналған тамақ».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, дөңгелек қимылмен айналдыра білуге жаттығу жасату.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | осындай терезе бар екенін түсіндіреді, төртбұрышты саңылауды сызып, осындай да терезе де бар дейді. Содан кейін тәрбиеші балаларды кезекпен шарды сәйкес терезеге түсіруге шақырады. **(сенсорика)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық сезімін дамыту», «Адамгершілік тәрбиесінің құндылығы». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01 - 03.02.2023 ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "1-2-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "1-2 жасар баланың қызығушылықтары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту; ұсақ ойыншықтар мен заттарды өз қораптарына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қою жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау. |
| | **«Қоршау салу» ойын-жағдайы** Мақсат-міндеттер. Тәрбиеші құрылыс материалдарымен ойнап жүрген балаларға: «Бұл сенің құрылыс алаңың ба? Сен не салып | **«Батады, батпайды» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балалардың сенсорлық сезімдерін байыту, қуанышты көңіл-күй қалыптастыру, ұсақ моториканы дамыту, қол қимылдарын | **«Әткеншек» ойыны.** Мақсат-міндеттер. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару | **Ойын «Тышқандар қалай шиқылдайды?»** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппараттарды жаттықтыру; ырғақты тыныс алуды қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: | **"Сиқырлы алақандар" музыкалық ритмикалық жаттығу** Мақсат-міндеттер. Музыкалық ритмикалық жаттығу арқылы саусақ, алақан жаттығуын жасау; ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатырсың? Алима, сенде не бар? Үй. Ал сенде, Мансур? Үй? Құрылыс алаңында жақсы құрылыс материалдары бар екен. Сендер үйлеріңе қоршау тұрғыза аласыңдар ма? Үйдің қоршауы болғанын қалайсың ба? Онда жаңа құрылысты бастайық, қоршаулар қандай болатынын көрейік.<br>Мен кішкентай баламын<br>Үйде сала аламын.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>Қолыма балға аламын,<br>Қоршауда сала аламын.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | үйлестіру. Жабдықтар: сумен, шыныдан, пластиктен, ағаштан, металл шарлар салынған ыдыстар. Тәрбиеші баламен бірге әртүрлі материалдардан жасалған шарларды немесе басқа ойыншықтарды суға тастайды. «Батады», «суға батпайды», «жүзеді» деген сөздерді түсіну жаттығуларын жасайды.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | және дем шығару жаттығуларын жасау<br>Құрал-жабдықтар: балалар санына сәйкес шағын көлемді жұмсақ ойыншықтар.<br>Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жаймен ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті мінеки!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ойыншық тышқан.<br>Үй ішін аралап,<br>Түнде көп жортады.<br>Қаптарды жарып,<br>Мысықтан қорқады.<br>Пи-пи-пи-пи!<br>Тәрбиеші жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді: мұрынмен дем алу, дем шығарған кезде: «Пи-пи-пи-пи!»-деп айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | моторикасын дамыту.<br>Бала, бала балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарын әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қарлармен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>Жарайсыңдар, қаншама қарлар жасадық! Енді олармен ойнайық.<br>1.Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Б.қ. - негізгі қалып. 1 - қарды бір қолыңыздан екінші қолыңызға беріңіз (5-6 рет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. «Қарға қара, бірақ оны түсіріп алма»<br>Б.қ. - аяқ иық енінде, қарды ұстаған қолымызды алға созу;<br>1- қолмен денені оңға бұру, 2- қарды сол қолға салу, 3- қолмен денені солға бұру, 4- б.қ. (6 рет)<br>3. «Біз қармен ойнаймыз, оны жерге қойып, көтереміз».<br>Б.қ. - аяқ иық енінде, екі қолда қар. 1- қарды еденге қою үшін еңкейіп, 2- түзеліп тұру, 3- еңкейіп, қарды алу, 4- б.қ. (6 рет)<br>4. «Ал енді еңкейіп отырайық, , көңілді жүр балақай!»<br>Б.қ. - негізгі тұрыс, қолында қар, 1- отыру, қолымызды алға созамыз, 2- б.қ .(6 рет)<br>5. «Біз сәл секіріп, аяғымызды жылытамыз»<br>Б.қ. - н.қ. қар еденде, орнында секіру, қол белде, жүрумен кезектесіп. (3 рет 15 секіру)<br>6. «Біздің аяғымыз тоңды, біз оларды аздап жылытамыз»<br>Қарды айналып өту (3 рет)<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.<br>Балық ұқсап - жүземіз,<br>Марғау ұқсап жүреміз,<br>Құлыншақтай секіреміз,<br>Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Аюмен дос болайық"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларға шектеулі зат үстімен жүруге, педагогпен бірге ойын түрде допты алға қарай итеру (қол мен аяқтың қимылын алмастыра | **Дене шынықтыру**<br>**"Аю сырқаттап қалды"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балалардың денсаулығын нығайтуды жалғастыру, бұрын үйренген негізгі қимыл түрлерін пысықтау; | **Музыка**<br>"Қолғап киіп алдық, суықтан қорықпаймыз"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға әуен басталған кезде қимыл-қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету.<br>Жоғары, орташа және | **Дене шынықтыру**<br>"Аралар сияқты тыңбай еңбектенеміз"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық қабырғаға шығуға, тепе-теңдік сезімін дамытуға, белгілі бір бағытта жүгіруді | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Айналағы заттар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қоршаған ортамен таныстырып, жаңа сөздермен таныстыру, оралды дұрыс атауға үйрету; балалардың сөздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып,алға қарай еңбектеу; допты алға қарай итеру) , жүру кезінде, тепе-теңдікті сақтау, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға деген ұмтылысты тудырады. | балаларды сигнал бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға бағытта жүгіруге жаттықтыру;қимылды ойындарға қатысуды ынталандыру; көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу. | төмен орындалатын дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту. Жаңа әнмен таныстыру. Сөздерді қайталай отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық аспаптарды ұстай білуге тәрбиелеу. Сигнал бойынша музыка аспаптармен орындау үйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту қабілетін дамыту. | жақсартуға және сигналға жауап беру қабілетін қабілеттерін бекіту. | қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; оқу қызметіне, бір - бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат | **Қар ұшқындарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қар | **Бақылау «Қардағы құс іздері» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсаты. Қардағы құс | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Ойыншық қоянды бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру.<br>Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық.<br>Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды.<br>Күн жарқырамаса-бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.<br>**Қимылды ойын «Екі аяз» (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі доспыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайынды<br>Мен Аязбын - Қызыл мұрын, | ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..<br>«Суретші қыс» К. Нүсіпов<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>Жауған қар қандай?<br>Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз.<br>Байқадыңдар ма?<br>**Дидактикалық ойын** | іздерін тани білуге үйрету .<br>Із дегеніміз не?<br>(қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.<br>Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>Қар бетінде неліктен құс іздері қалады?<br>(құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>**Қимылды ойын «Ізбе із».**<br>Мақсаты. Тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы | Балалардың аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын | Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын ойыншық қоянға аудару.<br>Тәрбиеші ойыншық ақ қоянды көрсетеді.<br>- Балалар, сендер біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? (Бұл қоян.)<br>- Қоянның жүні қандай түсті? (Ақ )<br>- Қоянда тағы не бар? (ұзын құлақ, қысқа құйрық, аяқтары.)<br>- Қоян қайда тұрады? (Қоян орманда тұрады)<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым» деп ат қоям.<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.<br>Мен аңдарды іздеймін<br>Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді)<br>Қатырамын! (Қашады)<br>Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. | **«Ұқсас өрнекті тап». (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу. | түскен із үстіне дәл түсуге тырысу.<br>Ептілікке баулу. | таратады.<br>- Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем - менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі. | Ойын мазмұны:<br>Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>Ақ қоян - ау, ақ<br>Орныңнан тұрсаңшы<br>Шашыңды тарасаңшы<br>Бетіңді жусаңшы<br>Әй - әй көйлек кисеңші.<br>Біреудің қолын үзсеңші -<br>Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Аквариумға күтім"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | | | **"Гүл сабағын" таяқшалардан құрастыру.** Мақсат-міндеттер: ойлау, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Гүл сабақтарын | **Үстел үсті ойыны: "Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін | **"Көбелек қандай гүлге отырды?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдерді түстері, сыртқы келбеттері бойынша ажыратуға баулу; жағымды эмоцияларды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | таяқшалардан құрастыру.<br>**(математика негіздері)** | орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты. Көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.<br>Үш үлкен карточка - бақша, бау, гүлзар бейнеленген көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(сенсорика)** | зейінді, гүлдерге деген қызығушылықты дамыту.<br>Педагог қызғалдақ, бақбақ, түймедақ гүлдерінің суретін көрсетеді.<br>Балалар гүлдер туралы айтады.<br>- Түймедақ қандай гүл? Түсі қандай?<br>- Қызғалдақтар ше?<br>- Бақбақты кім суреттеп айтып береді?<br>- Тағы қандай гүлдерді білесіңдер?<br>Балалармен балабақша ауласындағы гүлдерді бақылау.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гүлдермен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ табандар ені бойынша, гүлдер қолда төменде. Гүлдерді жоғары көтеріп, бұлғаймыз, қолдарымызды төмен түсіреміз;бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ иық бойында, екі қолда гүлдер иық бойында. Отырып,таяқшалармен еденді соғу. Тұру, бастапқы күйге оралу (4 рет). 3. Бастапқы қалып - аяқ иық енінде , гүлдер иық бойында. Оңға (солға), оң қолға (солға) бұрылу. Тұру, бастапқы күйіне оралу (әр бағытта 3 рет). 4. Бастапқы қалып - аяқтар табан ені бойынша, гүлдер төменде . Гүлдерді жан-жағына сермеу, төменде,бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Неткен әдемі біздің әлем!<br>Ғажайыптарға "Сәлем!"<br>Ғажайыптардан көз алмайсың,<br>Қуанып, бәрін қызықтайсың! | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>«Гүлді барып терейік»<br>**Оқу қызметінің мақсаты**<br>Баяу және жылдам сипаттағы әуен екпінде | **Дене шынықтыру**<br>"Майман аяқ аю жүр"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сигнал бойынша әрекет етуге, алға қарай | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>""Қуырмаш" (ойын - өлең)"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Саусақтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамыуна ықпал ету.<br>**Картотека №21**<br>**«Не артық»** | жүгіруге, қолдарын екі жаққа жайуға, қолдарындағы гүлдермен оң және сол қолдарын сермеуге жаттықтыру; допты жоғары және алға лақтыру қабілетін дамыту; допты баланың кеуде деңгейінде созылған лента арқылы лақтыру; тепе-теңдік, ептілік және батылдық сезімдерін дамытуға ықпал ету; балалардың «Көктемгі табиғат » тақырыбында білімдерін байыту.<br>**Картотека  № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | қозғалғыштығы мен күшін, олардың қимылдарының дәлдігін дамыту. Қол қимылын мәтінмен үйлестіру қабілетін нығайту (саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары арқылы).<br>**Картотека № 17**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер: серуенде ережелерді ұстануға машықтандыру.<br>Алаңда ашық ойындар өткізу кезінде:<br>- ойын ережелерін мұқият тыңдау;<br>- ойынды тәрбиешінің белгісінен кейін бастау ;<br>- тек белгілі бір жерде ойнау;<br>- лақтыру кезінде адамдарды көздемеу;<br>- лақтыру кезінде белгіден кейін допты лақтыру және жүгіру;<br>- ойын кезінде бір-бірімізді итермеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Шөпті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер**.** Көктемгі шөпті бақылауды жалғастыру. Бақылау дағдыларын дамыту. Балалардың сөздігін белсендіру. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **«Көктемде аула сыпырушы не істейді?» бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыруды жалғастыру. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Ауа-райының белгілі бір белгілері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің маусымдық өзгерістері, күннің тірі және жансыз табиғатқа әсері арасындағы байланысты анықтауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қар еріп, жерде жас шөптер өсіп жатыр. Қарандаршы, айнала қаншалықты әдемі болды.<br>**"Қоңыздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. "Қоңыздар ұшты!" деген белгі бойынша немесе музыка ойнағанда балалар зал ішінде шашырай жөнеледі. Ал "Қоңыздар құлап қалды" деген белгіде немесе басқа бір музыка ойнаса не дабылдың ырғағы өзгерсе, балалар шалқалап жатып алады да, аяқтары мен қолдарын көтереді, яғни, бұл "қоңыздар тырбаңдап жатыр" дегенді білдіреді. "Қоңыздар ұшты!" деген белгі берілгенде немесе музыка ойнағанда балалар орындарынан тұрады, ойын бірнеше рет қайталанады. | Серуенге шығу кезінде тәрбиеші бұл жердің қаншалықты таза екендігіне назар аударады. Неліктен айналасы соншалықты таза? Көктемгі маусымда аула сыпырушының жұмысы туралы, бұл жұмыстың адамдарға қажеттілігі туралы балалармен әңгімелесу.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар бөлменің қабырғасын жағалай үлкен текшелердің үстіне шығып тұрады (биіктігі 15-20 см). Бұлар шатрдың үстіндегі немесе ұялардағы "торғайлар". Сырт жағындағы мысық рөліндегібала отыр. "Торғайлар ұшты!",-дейді педагог. Балалар орындықтардан секіріп түседі, қолдарын екі жаққа созады, "торғайлар" қанаттарын қағады және бөлменің ішінде жан-жаққа шашырап жүгіреді. "Мысық" оянды, "мяу-мяу" деген ұшып кетулері керек.Ұсталған "торғайларды" "мысық" өзінің үйіне ертіп апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады. | көмектесу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз.<br>Жарқырайды нұрымыз.<br>Қайырлы таң күніміз!<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Бір команда "күн" болса, екіншісі "түн" болады. Педагог "түн" дегенде, "Түн" тобы "үйге" қарай жүгіреді, ал күн командасы олардың артынан қуады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Содан соң орындарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Көктемнің бояулары қандай?"<br>Мақсат-міндеттер. Табиғаттағы көктем құбылыстарымен танысу барысында балалардың танымдық белсенділігін дамыту.Балалардың көктем туралы түсініктерін қалыптастыру: құстар келеді, күн жарқырайды, жеміс ағаштары гүлдейді, алғашқы көктемгі гүлдер.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Ағаштың жасыл жапырақтары"<br>Мақсат-міндеттер. Өз орнында отырып, жұмыс істеуге үйрету, түстерді ажырата білуді бекіту; үлкен кесектен кішкене бөлшегін үзіп алуды үйретуді беккіту, алақанның айналма қозғалысымен дөңгелек мүсіндеуді үйренуді арттыру, алдын ала дайындалған бұйымға жапсыруды үйрету (жапырақтар); көзмөлшер, қабылдауды, ұқыптылықты дамыту; Қоршаған ортаның әдемілігі мен түрлі-түстілігін сақтауға тәрбиелеу. | **Тыныс алу жаттығулары. "Гүлдерді иіскейік".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіруге ықпал ету; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Тамаша!<br>Жаттығу 2-3 рет қайталанады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **«Жер планетасы».**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, айналмалы қозғалыста айналдыра білуге жаттығу.<br>**(мүсіндеу)** | **"Бірдей гүл немесе жапырақты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда өсімдіктер туралы түсініктерді қалыптастыру; зеректікке, бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен** | **"Әдемі гүлдер" ермексазбдан жасау.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы ұғымдарды қалыптастыру; гүлдерге деген қызығушылықты, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ермексаздың көмегімен балалар әртүрлі гүлдерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **таныстыру)** | жасайды. Әртүрлі тәсілдерді пайдаланып, гүл үлгілерін жасау. **(мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың ересектердің күнделікті жұмысы туралы хабардар болуының мәні», «Біз қандай жағдайда балаға жоқ деп айтамыз?». | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сыны** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05 - 19.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | **"Қырауларды бақылау".** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды.<br>- Түрлі түсті сақиналар,<br>Көлемі түрлі сақиналар.<br>Пирамиданы жинайық,<br>Жинайық та қуанайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>*"Көктемгі бау-бақша".*<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>*"Доп".*<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы қорап"<br>Мақсат-міндеттер. Пішіндер - доп пен кубты, шеңбер мен квадратты ажырата білуге үйрету; пішіні мен мөлшері туралы жалпы түсінік беру; түстер туралы білімдерін бекіту, манипуляциялық әрекеттер арқылы қол моторикасын дамыту;тәуелсіздікке және қызығушылыққа тәрбиелеу. | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>«Аю оянды».<br>Б.қ. тегін - қолыңызды жоғары көтеріңіз, созыңыз.<br>«Аю бетін жуады»<br>Б.қ. аяқтар бөлек, қолдар белде.<br>- «Суды алу» үшін еңкейіп, қолымызды төмен түсіру.<br>«Аю жидектер жинауға велосипедпен кетті»<br>Б.қ. арқаңызда жатып, білекке сүйеніңіз.<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>Б.қ. еденде отырып, қол белде.<br>- Екі жаққа бұрылыс жасау.<br>«Аралар ұшады»<br>- Жүгіру<br>«Аю аралардан қашады»<br>Б.қ. Еркін.<br>- Қолды алға, жоғары және төмен сілтейміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Әдемі орман алаңы"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балаларға допты екі қолмен және бір қолмен ұстауға, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинауға жаттығу, | **Дене шынықтыру**<br>**"Қоянға сәбіз берейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Әр түрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпқа тұруды | **Музыка**<br>**"Гүлді барып терейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Баяу және жылдам сипаттағы әуен екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. | **Дене шынықтыру**<br>**"Түзу жолмен жүрейік, бірге қадам басайық"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балаларға допты екі қолмен және бір қолмен ұстауға, әр түрлі көлемдегі доптар мен | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>**"Ертегіні әңгімелейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балаларға қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және көктем мезгілі туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды өз беттерінше себетке (қорапқа) сала білуге; допты жоғары және алға лақтыру қабілетін дамыту; допты баланың кеуде деңгейінде созылған лента үстінен лақтыру; қолды екі жаққа жайып, қолдарындағы гүлдермен оңға және солға сермеу; тепе-теңдік, ептілік және батылдық сезімдерін дамытуға ықпал ету; балалардың «Көктемгі табиғат» тақырыбында білімдерін байыту. **Картотека №1 Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.** | үйрету, балаларды құрсаумен өтуді, заттардың арасында еңбектеп шығуға үйрету; ептілікті дамыту,икемділік, төзімділік және үйлестіру; дене шынықтыруға деген қызығушылықты тәрбиелеу; балалардың көктемгі дала жұмыстары туралы білімдерін кеңейту**.** **Картотека №13 «Ақсерек- көксерек»** | Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамыуна ықпал ету. **Картотека № 40 «Түрлі түсті шеңберлер»** | шарларды жинауға жаттығу, оларды өз беттерінше себетке (қорапқа) сала білуге; алға қарай екі параллель түзудің арасында топ болып, жыланша жүру және жүгіру дағдыларын бекіту; таяқтың үстінен аттау; балалардың жаттығулар жасауды және барлығымен бірлесе отырып жасауға ынталандыру; балалардың көктемгі дала жұмыстары туралы білімдерін кеңейту. **Картотека № 10 «Доптар мектебі»** | түсінік беріп, ондағы жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету; белсенді сөздікті байыту, тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау, ертегі тыңдау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **№ 8 Дидактикалық ойын: «Жайлауда»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Жылдың осы мезгіліндегі көктем мен құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту; білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту Құстар, құстар келеді, Жерді шуға бөледі. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жансыз табиғат құбылыстарымен, күнмен бірге болып жатқан өзгерістермен таныстыруды жалғастыру. Серуен кезінде жақсы көңіл-күйді сақтау. Балалардың назарын күнге аудару. Күн қандай? Күн | **Бақбақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Гүлденген бақбақты бақылауды жалғастыру. Экологиялық міндет: Көктемгі алғашқы гүлдерді байқай білуге үйрету. Табиғат әсемдігіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Тәрбиеші жұмбақтар | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктем келді деп бізге,<br>Жақсы хабар береді.<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойын (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Құстардың қимылдарына еліктеуге, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Балалар - «құстар» орындықта отырады.<br>Тәрбиешінің сөзіне: «Құстар ұшты!» бөлмеде құстар ұшады. «Құстар ұяларына қонды!» балалар асығып, отырады. Тәрбиеші ұясына бірінші болып ұшқан ең епті және жылдам құсты атайды.<br>Ойын қайталанады. | қалай жарқырайды?<br>Армысыз, шұғылалы-Алтын күн!<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын келді күн.<br><br>**Қимылды ойын "Кептерді қуып жет"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты. Ойынды 15-20 бала ойнайды. жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды.<br>Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала | Аппақ, аппақ бақбақтар,<br>Тура киіз ақ үйлер.<br>Төнеді кеп жан-жақтан,<br>Тамашалап сәбилер.<br>(М.Әлімбаев)<br><br>**«Бақбақ» жаттығуы**<br>Көктем, жазда басына,<br>Сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы,<br>Қалқып **ұшып жүреді.** | жасырады:<br>Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды | күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.<br><br>**Қимылды ойын «Екі аяз»**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі доспыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайыңды<br>Мен Аязбын - Қызыл мұрын,<br>Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.<br>Мен аңдарды іздеймін<br>Қане, шығыңдар қояндар!<br>(балалар секіреді, жүгіреді)<br>Қатырамын! (Қашады)<br>Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айыппұл ретінде өлең – тақпақ **айтады.** | | жәндік деп атайды? (олар **әртүрлі ауруларды тасиды)** | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Көктемде киілетін киімдер» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жыл мезгіліне сай киімдерді таңдай білуді үйрету.<br>Ойын барысы: балалардың алдындағы үстелдің үстінде жазғы және көктемгі киімдердің суреттері берілген. Балалар қысқы және көктемгі киімдерді екі топқа бөлек жинайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>**(музыка)** | **"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймаңдап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br><br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта!<br>"Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жауын" қимыл жаттығуы.**<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **"Түстер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Көбелек".**<br>Ермексазды илеу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | - Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Ересектердің күнделікті еңбегі жайында баланың хабардар болуының маңызы", "Балаға "жоқ" сөзін қандай жағдайларда қолданамыз?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А.. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05 - 26.05.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтарды жинау".**<br>Мақсат-міндеттер:балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға үйрету. Еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Топтың ішін ретке келтір"**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту.<br>Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>*"Жауын"*<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев. | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>*"Доп".*<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап. | **Саусақ жаттығуы. "Лағым".**<br>Балаларды тақпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға ынталандыру; ешкінің төлі лақтың қимылдарына еліктеуге дағдыландыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Балаларға лақтың суретін немесе ойыншығын көрсетіп, ұстатуға болады.<br>*"Лағым".*<br>- Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым! | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қиянның.<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>«Аю оянды».<br>Б.қ. тегін - қолыңызды жоғары көтеріңіз, созыңыз.<br>«Аю бетін жуады»<br>Б.қ. аяқтар бөлек, қолдар белде.<br>- «Суды алу» үшін еңкейіп, қолымызды төмен түсіру.<br>«Аю жидектер жинауға велосипедпен кетті»<br>Б.қ. арқаңызда жатып, білекке сүйеніңіз.<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>Б.қ. еденде отырып, қол белде.<br>- Екі жаққа бұрылыс жасау.<br>«Аралар ұшады»<br>- Жүгіру<br>«Аю аралардан қашады»<br>Б.қ. Еркін.<br>- Қолды алға, жоғары және төмен сілтейміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Шалқан өсті"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Балалардың эмоционалды реакциясы мен ойын әрекетіне қатысуға деген құштарлығын ояту; балаларды негізгі қимылдарды орындауға жаттықтыру (кедергі бойынша төрт аяғымен жүру және допты алға және төмен лақтыру және оны ұстап алу); педагог соңында топ болып жүрудегі балалардың дағдыларын бекіту (күрделендіру - «Ағын арқылы» қимылды ойынындағы заттар арасында жүру; алға секіруді қиындата отырып, балаларды екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру.<br>**Картотека №1**<br>**«Өз үйінді тап»** | **Дене шынықтыру**<br>**"Қоянмен бірге жазғы саябақта серуендейік"**<br>**Мақсат-міндеттер.** Әр түрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпта алуға үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен және астынан өтіп жүруге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықты тәрбиелеу; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту.<br>**Картотека №7**<br>**«Қояндар мен қасқыр»** | **Музыка**<br>"Қош келдің, жаз!"<br>Мақсат-міндеттер. Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту. Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | **Дене шынықтыру**<br>"Жазда спортпен шұғылданамыз"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың денешынықтыруларын нығайту; балаларды екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру; жұмсақ серіппені, би қимылдарын көрсетуге үйретуді жалғастыру; педагогтан кейін топ болып жүру және жүгіру жаттығулары; кедергілерден өту, аяқ ұшімен жүру, төрт аяғымен жорғалау жаттығулары; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын:**<br>**:«Күн мен түн»** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қанқызы ұшып келді"<br>Мақсат-міндеттер. Есу, үзіп алу, басу тәсілдерін үйренуді жалғастыру, көзге елестету мен ұсақ қол маторикасын дамыту, баланың сөздік қорын дамыту; ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Картотека №10**<br>**«Түстерін дұрыс тап»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаштар мен бұталардың тірі екендігі туралы білімдерін кеңейту | **Бақылау «Көктемгі жаңбыр». (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған табиғат туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру, көктемде балалардың | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері | **Бақылау «Көктемде адамдар қалай киінген?». (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға маусымдық киім туралы түсінік қалыптастыру, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін көктемде ыстықтан бүршіктер оянады, жапырақтар гүлдейді.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>**«Допты қағып ал» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Допты екі қолмен төменнен белгілі бір бағытта лақтыруды үйрету; зейінді дамыту; тәуелсіз іс-әрекетті ынталандыру; бірлескен әрекеттен қуаныш сезімін сақтау.<br>Балалар шеңберге тұрады, шеңбердің ортасында үлкен доп ұстаганг педагог: «Меруерт, допты ұста!», «Азия, допты ұста!» деген сөздерді айтады. т.б. Допты ұстап алған бала оны қайтадан педагогқа лақтырады. | табиғат құбылыстары туралы ойлары мен білімдерін кеңейту. Педагог жаңбырдың әр түрлі болатынын айтады: нөсерлі, сирек, жазғы, күзгі, көктемгі. Балаларға айырмашылықты түсіндіреді.<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>**Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Шарты: педагог "күн" дегенде барлығы қыдыруға кетеді. Ал "жаңбыр" дегенде педагог ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. Бұл ойын 2-3 рет қайталанады. | мен ерекшеліктерін зерттеу. Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру, оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру. Құстарға арналған «мереке» ұйымдастыру. Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді салып, ағаштың айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады..<br>Қандай құстар қандай жемді жейтінін балалармен бақылау.<br>Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. 5-10 см биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады. Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар | бақылау дағдыларын дамыту.<br>Өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың киіміне назар аудару. Жыл мезгіліне арналған киімдерді нақтылау.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерге менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың | әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады.<br>Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді.<br>**Қимылды ойын «Мысық пен тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар-тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін педагог атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді де, індерінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұяларына оралады. | қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин | тығылып (орындықтарға өз орындарына отырады)қалады. Барлық тышқандар інге қайтып келген соң мысық қайфта ұйқыға кіріседі. Ойын 3-4 рет қайталанады. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Шеңберде ойын. "Күн ойнап тұр күлімдеп".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Әтеш кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Әтеш ерте оянады, "Тұрыңдар!" – деп шақырады. | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету. | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен | **"Қозы қалай қимылдайды?"**<br>- Қозы қалай қимылдайды?<br>Денесін түзу ұстайды.<br>Басын оңға-солға шайқап,<br>Аяқтарын жинайды.<br>Орнында тыныш тұрмайды,<br>Секіреді, ойнайды.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көк аспанға күн шығады,<br>Достар ойынға шығады.<br><br>Күн ойнап тұр күлімдеп,<br>Аспан төрінде билеп,<br>Алтын сақадай қызып,<br>Шеңберлерде жүргізіп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар<br>Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсорика)** | шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>***"Доп".***<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **«Гүл жинау» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, әр түрлі түсті шеңберлер арасынан дұрысын тауып, оны гүлдің ортасына енгізу дағдыларын жетілдіру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстердің ортасы қиылған және | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Ара" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Оның жалғыз білгені,<br>Ағаш, тақтай тілгені.<br>Асықтырып өз-өзін:<br>"Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені.<br><br>Жәнібек Кәрбозин.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шеңберлері бар гүлдер. Педагог осы үстелге әдемі гүлдер жинауды ұсынады. Оның жанында әр түрлі түсті шеңберлер бар. Қажетті түсті шеңберді тауып, оны гүлге енгізу керек. Әркім өз гүлін жинағанда, гүл шоғын жасап, оны қуыршаққа көрсету. (Педагог балалардан олардың гүлдерінің түсі қандай екенін сұрайды). | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "1 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | ЖұрағатА. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05 - 31.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | 01.06.2023 | 02.06.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойын бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Аквариумға күтім"**<br>Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | | |
| | **"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, | **Музыкалық-ырғақты жаттығуы.**<br>Бойды бүкпей тік ұста,<br>Еркін тұрып тыныста.<br>Жай оң қолды оң жаққа,<br>Жай сол қолды сол жаққа.<br>Екі қолды белге ұста.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Қос аяқтап топ – топ,<br>Алақанды соқ – соқ.<br>**(музыка, дене шынықтыру)** | **«Түймедақ» саусақ жаттығуы**<br>Шаршағанда ырғалып, (балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады)<br>Гүлге ұқсап дем алам (отырады)<br>Қанатымды бір қағып (қолдарын жоғары көтереді)<br>Түймедақтай болып жайқалам **(қолдарын жоғары көтереді) (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды жасайды.<br>- Түрлі түсті сақиналар,<br>Көлемі түрлі сақиналар.<br>Пирамиданы жинайық,<br>Жинайық та қуанайық.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **«Секірейік, секірейік!» жаттығуы**<br>Балалардың сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту, жағымды эмоцияларды ояту.<br>1 дегенде -тұрайық,<br>2– алақанды соғайық,<br>3 дегенде- секірейік,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз секіріп алайық алайық.<br>4- дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жадырап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық. | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Біз құлпырамыз жаздың гүліндей,<br>Күлімдейміз жарық күніндей.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қош келдің, жаз!"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың допты домалату қабілетін бекіту, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу жаттығулары, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, бірге ойнауға үйрету; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту.<br>**Картотека № 13**<br>**Қимылды ойын: «Қоңыздар»** | (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, жаз қызығына байланысты суреттер бояу) | (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, жаз қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаштар мен бұталардың тірі екендігі туралы білімдерін кеңейту үшін көктемде ыстықтан бүршіктер оянады, жапырақтар гүлдейді.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>**«Допты қағып ал» қимылды ойыны (дене** | **Бақылау «Көктемгі жаңбыр». (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған табиғат туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру, көктемде балалардың табиғат құбылыстары туралы ойлары мен білімдерін кеңейту. Педагог жаңбырдың әр түрлі болатынын айтады: нөсерлі, сирек, жазғы, күзгі, көктемгі. Балаларға айырмашылықты түсіндіреді. | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері мен ерекшеліктерін зерттеу. Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру, оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру. Құстарға арналған «мереке» ұйымдастыру. Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді салып, ағаштың | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Допты екі қолмен төменнен белгілі бір бағытта лақтыруды үйрету; зейінді дамыту; тәуелсіз іс-әрекетті ынталандыру; бірлескен әрекеттен қуаныш сезімін сақтау.<br>Балалар шеңберге тұрады, шеңбердің ортасында үлкен доп ұстағанг педагог: «Меруерт, допты ұста!», «Азия, допты ұста!» деген сөздерді айтады. т.б. Допты ұстап алған бала оны қайтадан педагогқа лақтырады. | Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>**Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Шарты: педагог "күн" дегенде барлығы қыдыруға кетеді. Ал "жаңбыр" дегенде педагог ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. Бұл ойын 2-3 рет қайталанады. | айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады..<br>Қандай құстар қандай жемді жейтінін балалармен бақылау.<br>Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. 5-10 см биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады. Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады. | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Ауладағы құстарды** | **Құмды бақылау.** | **Көбелекті (қоңызды)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова | **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер қиықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар! | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Гүлдер" өлеңін оқу.**<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>Жайнар кезім келді-деп,<br>Қанаттарың желбіреп,<br>Таңмен бірге оянып,<br>күн нұрына боянып.<br>Көрік бердің балаға.<br><br>Тұманбай Молдағалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Санамақ**<br>Бір дегенің - бас бармақ,<br>Барлық істі басқармақ.<br>Екі дегенің - балалы үйрек,<br>Ақ қағазға салады ирек.<br>Үш дегенің - ортаң терек,<br>Еңбек етіп, болған зерек.<br>Төрт дегенің - шылдыр шүмек,<br>Тілі тәтті былдыр түлек.<br>Бес дегенің - кішкене бөбек,<br>Үлкендерден үйрене бермек.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Доп" өлеңін оқу.**<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те..<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br><br>Әбіш Кекілбаев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?". | | | | |

Келісемін
«Балбөбек» шағын
орталығының меңгерушісі
______ Касенова А.Ж.

Бекітемін
Аламекен ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
______ Зикирин Ж. Е.

# 2022-2023 оқу жылына арналған «Балбөбек» шағын орталығының «Ақбота» тобының перспективалық жоспары

Орындаған: Хумарбек Р.


Келісемін
«Балбөбек» шағын
орталығының меңгерушісі
Касенова А.Ж.

Бекітемін
Ақжекен ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
Закирин Ж.Е.

2022-2023 оқу жылына арналған
«Балбөбек» шағын орталығының
«Ақбота» тобының
циклограммасы

Орындаған: Хумарбек Р.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о   «Ақбота»  тобы
Топ: аралас
Балалардың жас: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | - жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>- негізгі қимыл түрлерін дамыту;<br>- саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.<br>- педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту;<br>- бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>- Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>-Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету.<br>- Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.<br>- Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>- Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.<br>- Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сауықтыру-шынықтыру шаралары:<br>1) балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;<br>2) сумен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна қолданылады. Су температурасы +<br>30°C градустан +18°C, +16°C -қа дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br>Спорттық жаттығулар:<br>*велосипед тебу.* Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару; |
| | Сөйлеуді дамыту | - дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>- халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорын байыту;<br>- балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>- айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді; |
| | Көркем әдебиет | - ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;<br>- тақпақтардың интонациясын қабылдауды; |
| | Сенсорика | - заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көгөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | - құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды үйрету;<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары;<br>- материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр); |
| | Сурет салу | 1) балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; |
| | Мүсіндеу | 1) балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; |
| | Жапсыру | - фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;<br>Ән айту:<br>1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;<br>2) пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу); |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы

Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 2 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | - жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>- негізгі қимыл түрлерін дамыту;<br>- саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.<br>- секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру;<br>- еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>- Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>- Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету.<br>- Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.<br>- Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>- Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:<br>1) балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;<br>2) сумен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна қолданылады. Су температурасы + 30°С градустан +18°С, +16°С -қа дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br>Спорттық жаттығулар:<br>велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару; |
| | Сөйлеуді дамыту | - дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>- халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорын байыту;<br>- балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>- дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды; |
| | Көркем әдебиет | - тақпақтардың интонациясын қабылдауды;<br>- кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға; |
| | Сенсорика | - заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көгөністер мен |

| | | |
|---|---|---|
| | | жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; |
| | Құрастыру | - құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары;<br>- материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр); |
| | Сурет салу | 2) сурет салу техникасын жетілдіру; |
| | Мүсіндеу | 2) сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; |
| | Жапсыру | - фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>2) әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;<br>Ән айту:<br>2) әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру;<br>4) қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)__«Балбөбек» ш/о __«Ақбота» тобы _
Топ: аралас тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға |

| | | |
|---|---|---|
| | | баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді<br>және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Балалардың сөздік қорын: көлік құралдары заттарын білдіретін зат есімдермен;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен,<br>етістіктің өткен шағымен байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге өз ойын айтуға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ<br>- моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.<br>**Көлік.**<br>Көліктер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған |

| | | |
|---|---|---|
| | | ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.<br>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. |
| | Сурет салу | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру.<br>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |
| | Жапсыру | - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;<br>- желімсіз жапсыру техникасын игеру;<br>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.<br>Фланелеграфта көліктерді орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын |

| | | |
|---|---|---|
| | | орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білу.<br>**Ән айту.**<br>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_»Балбөбек» ш/о, «Ақбота» тобы______________
Топ: Аралас
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Шанамен сырғанау:*** шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қамтамасыз ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді<br>және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Балалардың сөздік қорын: киім, аяқкиім заттарын білдіретін зат есімдермен;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Көше туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта үйлерді орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тани білу.<br>**Ән айту.**<br>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)__»Балбөбек» ш/о, «Ақбота» тобы ________
Топ: аралас
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Мұзды жолдармен сырғанау:*** балаларды қолынан жетелеп сырғанату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Балалардың сөздік қорын: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын заттарын білдіретін зат есімдермен;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініктерді қалыптастыру.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта доптарды орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс |

| | | |
|---|---|---|
| | | әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.<br>**Ән айту.**<br>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.<br>**Қимылды ойындар.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Шанамен сырғанау:*** шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын |

| | | |
|---|---|---|
| | | есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету;<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта шарларды орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.<br>**Ән айту.**<br>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_»Балбөбек» ш/о, «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап |

| | | |
|---|---|---|
| | | (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық |

| | | |
|---|---|---|
| | | гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру,<br>олармен ойнау және эксперимент жасау. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.<br>**Ән айту.**<br>Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балбөбек» ш/о, «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Домалату, лақтыру.** Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу- жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта гүлдерді орналастыру.<br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>**Ән айту.**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. |

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Секіру.** Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды |

| | | |
|---|---|---|
| | | жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен карауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты карауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.<br>**Ән айту.**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.08.2022 | 30.08.2022 | 31.08.2022 | 01.09.2022 | 02.09.2022 |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: «Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері», «Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы», «Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Еңбекке баулу» Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | | «Еңбекке баулу» Мақсаты: Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту. | «Еңбекке баулу» Мақсаты: Қолдағы ойыншықтың атауын сұрап, ойын бұрышына апартқызып қойғызу. | «Еңбекке баулу» Мақсаты: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ,үлкен және жапырағының беті тегіс болуын байқату, сипату. |
| | **Саусақ жаттығуы: «Бес саусақ».** | | **«Балабақшаға келе жатқанда мен не** | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.** | **Пирамиданы жинау ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуын ынталандыру.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әркайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | | **көрдім?» тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.). | Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту.<br><br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық. | Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту.<br><br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан? |
| **Таңертенгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1.»Қанаттарымызды қағамыз» жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.»Шапалақтаймыз»<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою.<br>Ойыншықтарды өздерінің ұстап, сипап көруі.<br>«Сәлем!» мультфильмін көру. Мақсаты – балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жазғы ойын-сауықтар** | | **Жазғы ойын-сауықтар** | **Дене шынықтыру.**<br>«Тақтай бойымен жүреміз»<br>Мақсаты. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер: Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіре отырып: дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығуларды дұрыс жасай білу қабілетін жетілдіру.<br>«Түлкі мен балапандар» қимыл | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар «Қуыршақтарға кәмпиттер».**<br>Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру.<br>Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойыны. | жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. *Саусақ жаттығуы* |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Топырақты бақылау.** Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан | | **Күнді бақылау.** Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз – шуақтар, | **Аспанды бақылау.** Мақсаты. Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан – күннің мекені, Жұлдыздар мекені. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды | **Желді бақылау.** Мақсаты. Балаларды жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. - Жел бізбен ойнамақ, Оңға, солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылпыңдайды. Д. Ахметова - Балалар, қанекей, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр? - Жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**«Кім тыныш?» қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз. | | Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**«Сары күнге ұқсап» қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз «сап-сап» (шапалақтау). | ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**«Саппен жүру жаттығуы».**<br>Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**«Допты қағып ал»** | жүр.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**«Қоңырауым қайда?» қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруде жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқ ұшымызбен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**Еркін ойындар**: аулаға шығарылатын ойыншықтармен ойындар. | | Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар «там-там» (алақанды саусақпен соғу).<br>**«Масаны ұстап ал!» қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | **қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**«Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық» қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | | **Күшік ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларды ойыншықтың бейнесіне, оны өзімен бірге жіп арқылы тартуға қозғалу сипатына деген | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар:"Қуыршақ Дана".**<br>Мақсаты. Балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің | **"Сәлем!" мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер.<br>- Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз.<br>Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. | | қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады.<br>- Күшігім-ай, күшік-ай! Неге жалғыз қалдың ай?<br>- Мен ешқайда кетпедім,<br>Үлкен үйді күзеттім!<br>- Қайтіп екен?<br>- Ап-ап-ап! Абайлаңдар! Ап-ап-ап!<br>Д. Ахметова | негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; ортақ ойындарға қуыршақпен қосылуға машықтау.<br>"Қайда екен, көрсет" қимыл жаттығуы.<br>**Үйрек арба ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларда ойыншықтың бейнесіне, онымен манипуляция жасаған жағдайда қозғалу сипатына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Құралдар: үйрек арба ойыншығы. | мүмкіндік жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: әр түрлі | | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты. Қарым-қатынас дағдыларын, | **"Сергіту сәті"**<br>Мақсаты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін | **"Арба"**<br>Мақсаты. Арба ойыншықты ойнату.<br>- Арба ойыншық: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. | | топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету.<br>- Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там". | жатттықтыру.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тарсаң - жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балаланың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09 - 09.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстап, қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады"). | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистра жапырақтардың жалпақ, үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. |
| | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсаты: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту. | **Саусақ ойыны "Бас бармақ".**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Бас бармақ – байтақ, | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық, | **Байлау ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауға үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: байлау ойыншықтары.<br>- Бауларды ұштарынан | **"Кімдікі? дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; отбасындағы белгілі заттардың кімге қажет екенін анықтату; есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Педагог көзілдірік, қамыс таяқ, ожау, тістеуіктер, қуыршақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аудару; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова | Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова<br>**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.**<br>Мақсаты: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. | Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру.<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жусаң таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың. | алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық.<br>**"Ойыншық мысықпен ойындар".**<br>Мақсаты: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br>Мысық, мысық, мысығым,<br>Жолға отырма, пысығым.<br>"Тәй-тәй" басқан бөпешім,<br>Жолдан өтем демесін.<br>Сенен аттай алмайды,<br>Құлап қалып жүрмесін!<br>Тусипжанова-Шагирова А." | қонжық ойыншығы сияқты ойыншық-заттарды балалардың алдарына қояды. Бұнда ата-ананы атамауы да мүмкін, жанындағы немесе кейіпкер ойыншықтарға да үлестіруді ұсынуға болады.<br>**"Торғай" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Балалар бас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар!<br>Күніміз де бізге күлімдейді:<br>Сәлем, сәлем! - дейді.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығулар:** | **Дене шынықтыру.** "Еңбектейміз ерінбей!". | **Музыка "Қуыршақ Әйгерімнің** | **Дене шынықтыру.** "Аюмен шеңберге | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | "Дана қуыршақпен сапқа тұру".<br>Мақсаты. Балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.<br>"Пойыз" қимыл ойыны.<br>(Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) | Мақсаты. Балаларға ересектің көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер: Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын дамыту; дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру.<br>"Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. | **барабаны".**<br>Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру.<br>"Барабан" ойыны. | тұру".<br>Мақсаты. Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.<br>"Жұбымызбен жарасайық" ойыны. | **«Қуыршақтарға кәмпиттер».**<br>Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру.<br>Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; адамгершілік ережеріне тәрбиелеу.<br>*Саусақ жаттығуы* |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Сұхбатхананы** | **Күнді бақылау.** | **Желді бақылау.** | **Желді бақылау.** | **Бұлттарды бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.<br>- Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада біз күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді.<br>Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды | Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, | Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. | Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. | Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>***"Аспанда".***<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлігген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**«Тегіс жолмен жүреміз» ойын** | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты.Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ... | **"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк).<br>- Жарайсыңдар.<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.<br>Мұқият болыңдар!<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! | жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Құм ойындары.<br>Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге үйрету.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | Педагог көркем сөзді қайта оқиды.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығулар:**<br>"Доп кетті домалап".<br>Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар:**<br>""Маша мен Аю" ертегісі"<br>Мақсаты. Балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыра отырып, зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият | **Құрастырудан ойын-жаттығулар.**<br>"Жолмен жүрейік".<br>Мақсаты. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру; құрылыс | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар.**<br>"Аю мен қонжық".<br>Мақсаты. "Аю мен қонжық" суретімен таныстыруда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін, | **"Саусақтар" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтар қалдыруға үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға дағдыландыру. Оқу қызметінде балалардың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін қалыптастыру.<br>"Допты сипайық" ойын рефлексиясы.<br>**"Дананы тамақтандырамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды тамақтану рәсіміне | тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін есте сақтап, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.<br>*"Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы.*<br><br>**"Кімге нені береді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың белгілі отбасы мүшесіне берілетін заттар ретін есте сақтауға, қайта айтып беруге жаттықтыру.<br>- Данада ойыншық көп,<br>- Бөлісемін, - дейді ол.<br>- Көлікті - атаға,<br>Қуыршақты - әжеге, | материалдарымен әрекет жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>"Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы.<br>**"Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні.<br>- Күн ойынына ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру),<br>Жаңбыр жаусын "там- | эмоциялық қабылдауын дамыту.<br>"Аю қайда тығылды?" ойын рефлексиясы.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез. | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>Көктем мерекесі – Аналар мерекесі.<br>Әже, әпке, қыздарға Сыйлыққа не дайын? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баулу; педагог арқылы ойыншықпен қатынасу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: қуыршақтың алдына келіп "Дана, тәттіні жеші" сөздерін айту, қасықпен тамақтандыру қимылдарын жасау.<br>Құралдар: ойыншық үстелі, орындық, ыдыстар, қуыршақ. | Допты - әкеге,<br>Текшені - анаға.<br>- Дана, ал сен нені қалайсың?<br>Қандай ойыншықпен ойнайсың?<br>- Жарайды, - дейді Дана, - ойнайын.<br>- Қандай ойыншықты алайын?<br>**"Айна" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. | там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Қуыршақтар"<br>Мақсаты. Қуыршақ ойыншығымен ойнату.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>- Кел, ойнайық! - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>- Ұйықташы,- дейік.<br>Д. Ахметова | Саусақ ойыны. "Бас бармақ".<br>Мақсаты. Саусақ санамағы арқылы ұсақ моториканы дамыту.<br>- Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек - көмек,<br>Ортан терек - бөлек,<br>Шылдыр шүмек - керек,<br>Кішкентай бөбек - көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова | "Пішін салғыш ойыншықпен ойын".<br>Мақсаты. Пішін салғыш ойыншықтарымен,<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова | "Сергіту сәті"<br>Мақсаты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | "Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.<br>- Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там". |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Хумарбек Р..** |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **12.09 - 16.09.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауға, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. | **Әтеш ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. **"Әтеш" (орыс** | **Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су".** Мақсаты. Балаларды көркем сөз арқылы жуыну тәртібіне баулу; педагогтің қимылдарының соңынан жасаған қимылдар мен айтылған сөздерден жағымды эмоцияларды алуға ынталандыру. **"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).** | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларда көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. **"Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма).** Біздің мияу, | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсаты. Балаларды педагогтің қимылдары соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жолға отырма".**<br>Мияу, мияу,<br>Кет, пырыш!<br>Жолға отырма<br>Тым-тырыс.<br>Біздің бөпеш<br>Жүгірер<br>Жолда саған сүрінер.<br>М. Әлімбаев | **халқының тақпағы).**<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегің созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың?<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | Тоны қандай тамаша!<br>таң қаласың,<br>Талдап мұртын тараса.<br>Көзі шақпақ,<br>Тісі аппақ.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)<br>Жамылып, отырайық (алақандарымен бастарының төбесін жабу).<br>Д. Ахметова |
| **Таңертенгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Аспанымызға "сәлем" айтамыз,<br>Алтын күнге "сәлем" айтамыз.<br>Балалар, біз де гүлдей болайық,<br>Күнге қолдарымызды созайық.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Шеңберге тұрайық".<br>Мақсаты. Балаларды шеңберге дұрыс тұруға үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс | **Дене шынықтыру.**<br>"Аюмен бірге шеңберге тұрайық".<br>Мақсаты. Балаларды шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс | **Музыка.**<br>"Әжемнің әні".<br>Мақсаты. Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.<br>"Әжемнің тоқыма жібі" музыклық - дидактикалық ойыны. | **Дене шынықтыру.**<br>"Бір, екі, үш .., жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым- | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Доппен ойнаған мысық".<br>Мақсаты. Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды оқу қызметінде шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталай білуге үйрету. "Жапалақ" ойыны. | қайталай білуге үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны. | | қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. *"Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы.* | ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. *"Допты түсіріп алма" ойыны.* |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.** Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Күн жарықты сыйлайды, Сәулелері көп, Бір аулаға сыймайды, Барлық жерге тиеді, Барлығына жетеді. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Сары күнге ұқсап"** | **Аспанды бақылау.** Балалардың аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге | **Сұхбатхананы бақылау.** Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. - Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, бұл қай жер? - Иә, сұхбатхана. - Бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек | **Қоян ойыншығын бақылау.** Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдайды. - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қарандаршы, қоян қуанып қалды. Сендерді | **Бұлтты аспанды бақылау.** Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. ***"Жауын"*** Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. *Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев* **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды жаттығуы.**<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | әрекет етуге баулу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы".**<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоныраулы тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Құм ойындары.<br>Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге жаттықтыру. | бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна! | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.** Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.** "Әжемнің жіптері". Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар** "Ойыншықтар". Мақсаты. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету. Балалардың ойыншық арқылы ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы.<br><br>**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. Балаларды түрлі ойыншықтар мен | **Сенсорикадан ойын-жаттығулар.** "Түрлі ойыншықтар" Мақсаты. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін | **Қоршаған ортамен танысудан ойын жаттығу** "Саңырауқұлақ". Мақсаты. Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру. "Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы.<br><br>**Ойын-имитация. "Қонжық".** Мақсаты. Балаларды қонжықтың ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу | **"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру.** Мақсаты. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру.<br>"Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы.<br><br>**"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кішткентай ойыншықтар. | заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар. | арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту.<br>"Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды | қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>- Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық.<br>Маң-маңдап басып, Келесің жылжып. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кеудеге қойып, оң-солға еңкею). | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары. | Әтеш ойыншығымен ойнату.<br>*"Әтеш" (орыс халқының тақпағы).*<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегің созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың?<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | Саусақ жаттығуы.<br>"Мөлдір су".<br>*"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).*<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | Ойын-имитация.<br>"Қонжық".<br>- Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып. | "Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна! |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09 - 23.09.2022 г.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауына, түсіне, құрылымына көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **Құлыншақ ойыншығымен ойнату.** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Күн мен жаңбыр". | **Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп** | **Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым".** | **Саусақ ойыны. "Бас бармақ".** Мақсаты. Баланың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу.<br>**"Құлыншақ тентек екен".**<br>Құлыншақ тентек екен,<br>Желкесіндегі жалысы желкен,<br>Желмен жарысып шауып,<br>Анасына ұстатпай кеткен.<br>- Құлыншағым, алысқа шаппа,<br>Далаға қашпа!<br>Д. Ахметова | Мақсаты. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту.Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту.Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және есте сақтауын дамыту.<br>"Күн мен жаңбыр" | **оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, "Отан" сөзін қайталауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады.<br>Отан - сенің ата-анаң,<br>Отан - досың, бауырың.<br>Отан - өлкең, астанаң,<br>Отан - аудан, ауылың.<br>Б. Ысқақов. | Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым,<br>Соққылайды томпағым.<br>Түймешені, түймешені,<br>Басып, басып таппадым.<br>Д. Ахметова | тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қимылды ойыны. | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1."Қасқыр мен лақ" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға,солға созамыз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанға созып түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау)<br>2."Көңілді аяқтар"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.<br>Бір..(балалар орындарында тұрып секіреді)<br>Екі..(балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Күніміз қандай тамаша!<br>Көңіліміз де тамаша.<br>Қанекей, шеңберге жиналайық,<br>Шапалақтайық та айтайық:<br>- Тамаша!<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>"Қоян секілді жүгірейік".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді қайталау; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау | **Дене шынықтыру.**<br>"Бір, екі, үш .., жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған | **Музыка.**<br>"Сылдырмақтар сылдырлап".<br>Мақсаты. Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты ойната білуге үйрету; | **Дене шынықтыру.**<br>"Қазақстан туы".<br>Мақсаты. Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен таныстыру; | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жаңбыр".<br>Мақсаты. Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаш ұшымен ырғақты қимылдармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету іскерліктерін жетілдіру; шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру.<br>"Қоян секілді секіреміз" ойыны. | түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру.<br>*"Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы.* | музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді тыңдауда зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету; сылдырмақты ойната отырып, қимылмен үйлестіре білуге баулу.<br>"Сылдырмақтар" музыкалық-дидактикалық ойыны. | балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру.<br>"Туды тура жолмен алайық" ойыны. | төменге қарай қысқа сызықтарды қоюға үйрету;қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр құбылысы жөнінде түсініктер беру.<br>"Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға көгілдір ақшыл | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларды оларды қоршаған ағаштармен таныстыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | ұғымдар беру, күздің ауы райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды.<br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>- Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек | бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Педагог балаларға "Бәйтерек" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады.<br>- Қараңдаршы, балалар!<br>Көшемізде мұнара бар.<br>Бойы биік, зор болып тұр,<br>Ақшыл бұлтты тіреп тұр.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** | көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.** | ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тербелем.<br>Әткеншек-ау,<br>әткеншек,<br>Айнала бер<br>бізбенен. | | | қимылдарын<br>балаларға біраз<br>қайталатады.<br>Балалар бір жаққа<br>ауысып кеткенде,<br>педагог алшақ<br>қарама-қарсы жерге<br>барып, ойынды<br>тағы бір рет<br>жүргізеді.<br>Балалардың бір-<br>біріне соғылмауын<br>ескеру керек.<br>- Қазым, қазым,<br>қалқылда,<br>Көлде жүзіп<br>салқында.<br>Жем шашайын -<br>жейсің бе,<br>Кәмпит берші<br>дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті<br>болмайды ас,<br>Арпа менен бидай<br>шаш.<br>**С. Бегалин**<br>**"Көлшіктен өт"**<br>**қимылды**<br>**жаттығуы.** | | құсы.<br>Жарайсыңдар.<br>- Қанекей, менің<br>соңымнан<br>қайталайықшы,<br>қораз ұқсап<br>қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің<br>айдарың,<br>Көрініп тұр<br>айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың<br>дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балалар, ал қораз<br>қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-<br>ре-ку" дейді.<br>**"Шеңберден**<br>**шықпа"**<br>**жаттығуы.**<br>Мақсаты:<br>балаларды<br>шеңберге тұрып,<br>шеңбердің бойымен<br>қимылдауға баулу; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | | кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қайырлы таң!" мультфильмін көру.** Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**"Қораз" қимылды жаттығуы.** Мақсаты. Балаларға | | | **Құрастырудан ойын-жаттығу.** "Балапанға саты". Мақсаты. Балаларды кірпіштен балапанға саты құрастыруға үйрету; кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай балапанға саты | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна, торғай | **"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.** Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар.<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз! | | | жасауға жаттықтыру; жыл құстары туралы түсінік беру.<br>Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту.<br>"Балапанға саты" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**Ойын-имитация. "Балапандар".**<br>Мақсаты. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; | дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады.<br>Кейін аудиожазбаны тыңдатқан кезде, балалар тырналарды "у-у-у", торғайларды "шиық-шиық" деп дыбыстайды.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу.**<br>"Құстар әні".<br>Мақсаты. Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру. | ұқсағанына көңіл аудару.<br>*"Аспанда".*<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. | | | түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.<br>- Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау)<br><br>Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде)<br>Қанаттарды соғайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жаңбасан қағу)<br><br>Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында)<br>Солға созып мойынды, (қолдар | "Құстар ұясы" ойыны. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | белде, солға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында)<br><br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтар ұштарына тұру, мойынды жоғары созу) | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова | | | Саусақ жаттығуы. "Балапан".<br>Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: Шиық-шиық.<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек. | Балапан ойыншығымен ойнату.<br>- Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ. | Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемді илеу амалын игерту. "Құстарға жем". |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **31.10 - 04.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2023 | 01.11.2023 | 02.11.2023 | 03.11.2023 | 04.11.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруді көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оның атауын | **"Көгөністер дүкені" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер, көгөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. **Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен** | **Пазлды жинау. "Қарбыз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері.Балаларды ң қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атайды, түсі мен пішінін айту үшін қолына алады.<br>- Бұл ненің дыбысы?<br>- Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп!<br>Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді?<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | балалар, не үшін келдіңдер?<br>Балалар:<br>- Көгөністер сатып алуға келдік.<br>Сатушы:<br>- Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін.<br>Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?<br>**Жұмбақтар.**<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.)<br>Ашулы қонақ бұл анық,<br>Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз.)<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, сурет** | **қайда бардың?**<br>(орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады.<br>**(сенсорика)** | қайтаруға ынталандыру.<br>**С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **салу)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. "Керілу жаттығулары".<br>Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.<br>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды.<br>Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу.<br>2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.<br>Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.<br>Түзу тұрған қолды айналдыру.<br>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.<br>3. "Аяққа арналған жаттығулар".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ.<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күнге ұқсаймыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Домалатайық қане біз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталату; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып жорындауға қызығушылықтарын арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне сенімділік сезіміне | **Музыка**<br>"Жайсаң күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айту қабілетін дамыту; дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақты қимылды | **Дене шынықтыру**<br>"Көліктегі жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты екі қолмен кезек лақтыруды үйрету; лақтыру тәсілінің допты бастан жоғары лақтыру түрімен таныстыру; лақтыру тәсіліне машықтандыру. Балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшықеттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілетін дамыту. | **Мүсіндеуден ойын жаттығу**<br>"Тиінге жаңғақ".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауды үйрету; жаңғақты "тиіннің қорегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.<br>**"Көп допты кім жинайды?" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшықеттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; жылдам қимылдауға тәрбиелеу. | қайталай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**"Түсінен таны" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық мінезін тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Топырақты бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br><br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды.<br>- Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық, Қолды алға созайық.<br>Қолдарымыз - | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға балшықтың табанға жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br><br>Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Жүрейік" қимылды** | түсті.<br>- Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Орманмен жүрейік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; | жинату.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіругді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету. | шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Табақшада жатты | бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін қалыптастыру.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>**"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған | дене бұлшықеттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтардың күзде пісетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде орман ағаштарының жаңғақтары да піседі.<br>- Қанекей, балалар, піскен жаңғақтарды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинауды көрсетеді, балалар оған еліктейді.<br>Балалар біресе жүріп, біресе тоқтайды, қолдарын жоғары созады, аяқтың ұшына тұрады, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>Орманмен жүрейік, | Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым". | бұршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | Жаңғақтарды терейік.<br>Бір жаңғақты биіктен,<br>Екіншісін төменнен,<br>Қалғандарын жан-жақтан<br>Шапалақтап алақан.<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | - Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. Бірге, тату ойнауға, ойыншықтарға | | **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) белгі бойынша тізілуге, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | таласпай ойнауды үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақпішіндері. Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. "Көгөністер" атты мультфильмін көру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Балапан". Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Күн". Мақсат-міндеттері. Балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жеміс және көгөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру. **"Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, танымдық дағдылар)** | **"Балапандар" қозғалыс ойыны.** Педагог: - Балалар, сендер балапан боласыңдар. - Балапандар тауық қорада отырады. Орындықтарға отырғызу. - Балапандарым, аулаға шығыңдар. Педагог балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады. - Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. | нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту. **"Үйшік салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету. **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. | бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру. **"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендендіру. Ұқсастықтарды және айырмашылықтарды табуды үйрету. **"Біз шалқандай өстік"** Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін бойларын сергіту. | дағдыландыру. **"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды, оларды ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру. Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз? - Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші. Балалар кезегімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарайсыңдар!<br>Қимылдарды көрсетіп жүру.<br>- Балапандар! Әне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріңдер!<br>Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды.<br>Ойынды екі рет өткізуге болады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсінуді дамыту, еске сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | "Біз шалқандай өстік".<br>Жаттығуды балаларды шоқайтып отырғызып бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді.<br>Киім үлгілерінің барлығы аталуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер".**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен,<br>Картоп, пияз, | **"Жемістер".**<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма, | **Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"**<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады. | **"Алма".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Алмұрт, апельсин, құрма.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке"<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жұрағат А.** |

| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | **07.11- 11.11.2022 ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; сукұйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қолды қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын (суретін) көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, коректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. |
| | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық** | **Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".** Мақсат-міндеттері. | **"Пойыз" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".** | **"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>- Көлікке сай дөңгелекті салайық,<br>- Көшеге көлікті шығарайық. | Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>***"Бағдаршамдар ұйықтамайды".***<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, басы біреу.<br>Д. Ахметова<br>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі. | Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>"Ту-ту" жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан? | Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" сөздерін айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Алға!<br>Д. Ахметова | жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2-1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2-3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3-1 еңкею, допты жерге қою.<br>3-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3-3 еңкею, допты жерге қою.<br>3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз,<br>Бірге жүріп, тату ойнаймыз.<br>Ендеше көлікке отырайық,<br>Рульді ұстайық та бұрайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Доптарды лақтырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.<br>**"Лақтырайық көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты басынан жоғары | **Дене шынықтыру**<br>"Допты жоғарыға лақтырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін қайталау; лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыра отырып, балалардың дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын және лақтыру қабілеттерін қорытындылау; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.<br>**"Жемістерді себетке жинайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты басынан асырып лақтыруды үйрету. | **Музыка**<br>"Пойыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; көлік мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білу дағдыларын үйрету; музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды қайталай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**"Көліктерді топта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көліктердің | **Дене шынықтыру**<br>"Аюмен жарысайық!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимыл ойыны.** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Пойыз келе жатыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сурет салуға арналған кескіннің пішінін алдына ала зерттей отырып салынатын орындарын бақылауды үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, түгінің бетін "пойыз вагоны" аясына "пойыз терезелері" тәрізді етіп, бір қатармен біркелкі қимылдармен, жеке жақпалар қойып отыруға дағдыландыру; қылқаламды бояуға қайта малу амалын пысықтау; қылқаламмен салып жатқан жақпаларды байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріп, алысқа лақтыруды үйрету. | | шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету. | Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. | тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; көлік түрі пойыз туралы түсінік беру. **"Пойыз" қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің белдерінен қолмен ұстап, асықпай жүруді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қараңдаршы.<br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма?<br>- Жапырақтар қайда түсті?<br>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.<br>- Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар көшіп барады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, балалар, далада ауа салқын, біз жылы киінеміз.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>Қ. Ыдырысов "Күзім".<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ | бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның нақпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл бағдаршам. Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Бағдаршам не үшін керек?<br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң қып-қызыл,<br>Екі десең сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ | Мәшинелер жүреді<br>ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа<br>бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа | туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ | Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұтақтарды жинату.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. | қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді дамыту, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, | шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жем | көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "У-у-у!" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, | тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Балаларға смартфонға жазылған пойыз дыбысының аудиосын тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету. | сары, жасыл.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар.<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын ескертеді.<br>**"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркемсөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жем шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Кіш! Кіш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын** | ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "У-у-у!"<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгіру кезіндегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттерІ. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | Д. Ахметова<br>Педагог саптың басына өзі тұрады, балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюғды, қолдарын жууды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Көліктер әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоционалды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Жүк машинасы жолы". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіштен жүк машинасына кең жол салудың тәсілдеріне үйрету; кірпішті бір-біріне тізбектеп қосуға дағдыландыру; өзі жасаған еңбек | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жүргізуші әрекетін бақылау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы жалпы түсінік беріп, жүк көлігі машинасымен таныстыру, жүк машинасының негізгі бөліктерін атай білуге | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Паровоз". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Мырза Әлидің"Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыра отырып, ойын барысында паровоз көлігінің дыбысы, негізгі қимыл қасиеттері жөнінде түсінік беру; шығарма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Содан кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды, паровозды "ту-ту-ту", мәшинені "бип-бип" деп дыбыстайды. | соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)<br>Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу).<br>Д. Ахметова | нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру; педагогтің көрсеткен тәсілдерін дұрыс ұғынып, жүк машинасын жасау икемділіктерін арттыру. Балалардың кірпіштен жүк машинасын жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, ептілігі мен қабілетін дамыту.<br>**"Жүк машинасына кең жол" іс-тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Кірпіштерден жүк машинасын құрастыруды үйрету.<br><br>**"Жүк көлігі не әкелді? ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын | үйрету, жүк машинасының пайдасы туралы түсінік беру.<br>**"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды үйрету.<br>**Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуге үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл | мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.<br>**"Торғайлар мен автомобиль" қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойнауды үйрету.<br>**"Пойыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кеңейту, заттарды атауға ынталандыру.<br>Педагог ойыншық жүк көлігімен әртүрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсі мен пішінін атап, онымен ойнау үшін өзінің қолына алады.<br>Бұл ненің дыбысы?<br>Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп!<br>Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін бар сыйлықтар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді? | күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br><br>Машинаға міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>Д. Ахметова | дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" | **"Жүрейік" қимыл жаттығуы.**<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там соқса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>Д. Ахметова | **"Алмалар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту. | **Қ. Мырза Әли "Паровоз".**<br>Пыс-пыс! - деді,<br>Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-түкі,<br>Тақы-түкі, Тез өт! - деп,<br>Тоқтамайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дөңгелектер безектеп. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **14.11- 18.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; суқұйғышпен суаруды көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орнынның суретін көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. **Әбен Дүйсенов** | **"Аю" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Ақ аю" тақпағын мәнерлеп оқу. Ақ аю ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: ақ аю ойыншығы немесе | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу).** Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағаздан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі | **"Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: көжек ойыншығы немесе | **Сурет бойынша әңгімелеу.** Мақсат-міндеттері. Қоянның суретіне қарау, дене бітімін зерттеу жаттығуы. Балаларды суретті сүйемелдеу сөздер және көзбен қарап қабылдау арқылы қоян туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Көжек".**<br>Қоянның көжегі<br>Сыбдырды сезеді.<br>Өскен соң ол дағы<br>Көп жерді кезеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | оның суреті.<br>**Жүсіп Қыдыров "Ақ аю".**<br>Жонынан күн өтсе де,<br>Терлеп ағып кетсе де,<br>Тонын әсте шешпейді.<br>Бүйте берсе ақ аю,<br>Күнге күйіп қарайып<br>Кетсе егер не істейді?!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)**<br>***С. Сәрсенов "Кірпі".***<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстауға болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | оның суреті.<br>**Әбен Дүйсенов "Көжек".**<br>Қоянның көжегі<br>Сыбдырды сезеді.<br>Өскен соң ол дағы<br>Көп жерді кезеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қоянның арманы мықты,<br>Орманнан ытқып шықты.<br>Үйіне қайтайын десе,<br>Адасып, жолды ұмытты.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2-1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2-3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-1 еңкею, допты жерге қою.<br>3-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3-3 еңкею, допты жерге қою.<br>3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар тау мен тасты мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық,<br>Тіршілігіне қарайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Көпірден құлап кетпейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық | **Дене шынықтыру**<br>"Тура бағытта жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен кейін тізбекте жүру дағдыларын қайталау; жүру икемділіктерін, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, | **Музыка.**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білуді үйрету; музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; | **Дене шынықтыру**<br>"Қасқырдан ептіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қатармен жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуді үйрету; жүгіру және еңбектеу техникасын меңгерте отырып, жаңа қимылды тез қабылдай білуге машықтандыру.<br>Балалардың жүгіру шапшаңдығын | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кірпі кескінін бақылай отырып, қысқа тура сызықтарды "инелерді" кірпінің үстіне белгілі қимылдармен салуды үйрету; сызықтың ұзындығын анықтауға жаттықтыру; педагогпен бірге ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. **"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | жолды баспай жүру икемділіктерін арттыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге ынталандыру; балаларға жаттығуларды қайталату арқылы бекіту. **"Кім жылдам?" қимыл ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | жабайы табиғат әлемімен таныстыру. **"Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Аңдарды дыбыстарынан тануды үйрету. | жетілдіру; еңбектеу кезінде балалардың ептілік, төзімділік, шапшаңдық қабілетін дамыту. Балаларды жаттығу кезінде батылдыққа, дәлдікке, достық қарым-қатынасқа, мәдениет және адамгершілік әдебіне, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. **"Қасқыр мен қоян" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту. Бірлесіп ойнауды, кейіпкерлердің рөліне енуді үйрету. | арқылы сурет салу тәсілдерін қабылдай білу икемділігін арттыру; кірпінің орманда мекендейтіні туралы түсінік беру. **"Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейінге арналған жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Жердегі заттарды еңкейіп жинауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ауладағы ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.<br>**Д. Ахметова "Құстар, құстар, келіңдер".**<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке | Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, табанына балшықтың жабысқанын балаларға көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табанымы кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары:<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар!Бізге қоян келді.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдатады.<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар! | Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту.<br>- Қараңдаршы, балалар, бұл не?<br>- Ағаштарда жапырақтар бар ма?<br>- Жапырақтар қайда?<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>М. Әлімбаев "Жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>- Иә, жапырақтар жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады? | Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды.<br>- Тышқандар жүгіріп ойнай ма? Көрсетейікші. Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар | - Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Ол сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып тұрады. "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу | - Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді.<br>- Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу.<br>Педагог кірпі | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сигналмен қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інінің" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарыңды жайып жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** | мысықтан қорқады.<br>Мысық келсе, тышқандар індеріне тығылып қалады.<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысыққа!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы жолды йтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығады.<br>Балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескеру керек.<br>Ойын екі рет | қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлағыңмен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлағыңмен ойна!<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі.<br>Жарайсыңдар!<br>Д. Ахметова "Кірпі".<br>Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай қоректі іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>- Қанекей, балалар, мына жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның әртүрлі бағыттарына асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін | шығып ойнайды.<br>- Тышқандай қалай ойнайды?<br>Көрсетейікші. Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады.<br>Мысық келгенде тышқандар інге жүгіріп, барлығы тығылып қалады<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтарда педагог ойыншық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруді жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Бірге ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | ойнатылуы мүмкін. **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп атуларын, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. | | қалыптастыру. | мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. **"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын ғана жүрейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүру қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Көліктегі аңдар". Мақсат-міндеттері. Балаларды сенсорикалық нысандардың түсі мен пішінінде | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру; көжек туралы тақпақты жатқа айтуға | **"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тиін". Мақсат-міндеттері. Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік етуінің | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Қонжықтың сылдырмақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылықтар бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратып, салыстыруды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін бақылап, біртұтас бейнені көріп, жетіспейтін бөлшектермен толтыруға дағдыландыру; салыстыру және құрастыру барысында тапсырмаларды сөздік нұсқама не үлгі нысанына сүйеніп, орындауға жаттықтыру.<br>**"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірігіп ойын ойнауды үйрету.<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Қонжық".** | дағдыландыру; жабайы табиғат туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың көжек туралы тақпақ арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және еске сақтауын дамыту.<br>**"Көжекке не береміз?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Диалог құрып сөйлеуді дамыту.<br><br>**Ойын-имитация. "Кірпіжан".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдар: кірпінің суреті немесе | жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Үйшікке қандай кейіпкерлер келді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Үйшік" ертегісінің желісі жөнінде білімдерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылықты ояту.<br>Құралдар: "Үйшік" кейіпкерлерінің жеке суреттері (кескіндері), үйшіктің суреті.<br>Педагог "Үйшік" ертегісінің және басқа ертегілердің кейіпкерлерін қатарға салып береді, балалар | ерекшелігі туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға талпындыру; балаларға тиінді сыртынан бақылату. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)**<br>**"Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету.<br><br>**"Балық аулаймыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көз мөлшерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, | қонжықтың сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісі туралы түсінік беру; түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Қонжық әні" рефлексиясы. (музыка)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыстарды бірігіп айтуды үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Тиін".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тиінмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге және тізеге ақырын соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезекпен соққылау) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)** | ойыншығы. Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? - Жолым көп, жолым көп, Қорек іздеймін. Қорек көп, қорек көп Тауып алып, жеймін. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)** | ертегінің кейіпкерлерін танып, кезек-кезек атап жатады. **(көркем әдебиет)** | баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әр балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | таныстыру, оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға талпындыру; тиінді (бақта болса) балаларға сыртынан бақылату. **"Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы.** Мақсат-міндеттері. Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қ. Баянбаев "Тырналар".** Аспанда самғайды Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда Бірлікті кім мұндай?! Бұзылмас қатары Кәдімгі шынжырдай. | **Д. Ахметова "Топ-топ".** Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. | **С. Бегалин "Қазым".** - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе?.. - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті | **"Сәбіздер" ойыны.** Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп алу, бағандарды есу амалдарын игерту. | **С. Сәрсенов "Кірпі".** Үсті ине тізілген, Қолмен ұстауға болмайды. Сабағынан үзілген Ошағаннан аумайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жұрағат А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **21.11- 25.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, ойыншықты көрсетуді, атауды үйрету; ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене бөлшектеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындау, су ағымы астына қолды ұстауларын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау әрекетін және суару үлгісін көрсету. |
| | **"Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айтқызу кезінде ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға | **"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, мозаика өрнегін | **"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** (орыс тілінен аударма) Мақсат-міндеттері. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу. *Х. Ерғалиев, М.* | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсі үштен кем емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | сылдырмақтарды таратып, еркін ойнауға мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>Д. Ахметова "Тоқ-тоқ".<br>Сылдырмақ соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баланың өрнекті құрастыру кезінде қандай пішіндерді салып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | *Әлімбаев "Мөлдір су".*<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезекпен салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкеніне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру.<br>1-1 қолды екі жаққа созу, "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру. "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).<br>2. Бастапқы қалып: қолды алға созып, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>2-1 қолды жібермей ұстап, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу. (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірдей.<br>3-1 бірінші жұп қол ұстасып тұрып секіреді "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>3-2 қол ұстасқан екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ойналатын әуенжазбасын қосу.<br>Біз ақылды бала, дарамыз,<br>Өсеміз, алыптай боламыз.<br>Үлкен саяхат жолында<br>Досты қолдан ұстап барамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қасқыр мен қоян".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; жүгіру шапшаңдығын жетілдіре отырып, педагогтің нұсқауларына көңіл аударуды, жаттығулардыептілікпен орындауға баулу. | **Дене шынықтыру**<br>"Біз ептіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту дағдыларын қайталату; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; жүгіру шапшаңдығын бекіту.<br>**"Допты досыңа бер" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылдарды ырғақты түрде орындау | **Музыка**<br>"Ормандағы бауырсақ".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсінуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру.**<br>"Секірейік, тоңбайық!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір орында тұрып екі аяқпен бірге секіруді үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; бір орында тұрып секірудің техникасын жылдам меңгеруді үйрету. Балаларды бір орында екі аяқпен бірге секіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ қашты қояннан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері қоянның жанына қылқаламның ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, дөңгелек бауырсақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогті мұқият тыңдауға, кеңістікті бағдарлауға, жүгіру кезінде ептілікті дамыту іскерліктерін жетілдіру. | қабілетін дамыту, допты белгі бойынша беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға лақтыру, лақтыру және жүгіру, шеңберге салу дағдыларын бекіту. | **"Бауырсақ" музыкалық мюзикл.**<br>Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету. | дамыту; орнында түзу тұруды икемін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Кенгуру" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып секіруді, екі аяқпен секіріп жүгіруді үйрету. | салуды үйрету; қылқаламмен салынған "сызықты" бақылап отыруға дағдыландыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; мазмұнды сурет жөніндегі негізгі ұғымдар қалыптастыру; баланың өзі салған кейіпкерін тұтас суреттің маңызды бөлігі ретінде қабылдай білуге баулу.<br>**"Бауырсақ кімнен қашты?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс ертегі кейіпкерлерінің суреттеріне қарап отырып, ертегі мазмұнын есте жаңғыртуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлә бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>*Қ. Мырза Әли "Аспанда".*<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанына балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ағаштардың құрылымына көңіл аударту, ағаштың діңгегі біреу, ал бұтақтарының көп болғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп жайқалады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, оның түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры - аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге бұлттар ұқсап "ұшасыңдар".<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, | Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шынықтыру.<br>Педагог балаларды көркемсөзбен арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдына айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды | әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан кейін өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру дағдысын қалыптастыру. | шығып ойнайды.<br>- Тышқандар жүгіріп ойнай ма?<br>Көрсетейікші. Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады.<br>Мысық келгенде тышқандар індеріне қарай тұра қашады.<br>Олар інге тығылып қалады.<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) | **"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | саусақпен соғу).<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | жүргізіп, аспанда ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе? Бастайық!<br>Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у!"<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындап қалды мысық та,<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Педагог соңғы жолдарды айтқанда ойыншық мысықты қолға ұстап тұрады. Балалардың бір-біріне соғылмауын қадағалау керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ" ертегісін сомдайық.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыка | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ" ертегісі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды «Бауырсақ» ертегісі желісін мұқият | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақтөс күшіктің үйшігі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кірпіш пен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ит пен күшік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ит пен | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сөздерді саусақ қимылдарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсінуге ынталандыру; музыканың сын-сипатына қарай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін жетілідіру.<br>**"Бауырсақ" музыкалық мюзикл.**<br>Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.<br><br>**Көркемсөзді мәнерлеп оқу. "Әлди, әлди!"**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Құралдар: қуыршақтар, кейіпкер ойыншықтар.<br>*С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"* | тыңдауға және ертегі мазмұны бойынша кейіпкерлер сөздерін қайталап айтуды үйрету; кейіпкерлердің (аңдардың) қимыл-қозғалыстарын қайталатып жаттықтыру. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдауын, есте сақтауын дамыту.<br>**"Кейіпкер сөздерін жалғастыр" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін есте жаңғырту арқылы қайталату.<br><br>**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатыны жөнінде | призманың қасиеттерімен таныстыру; оқу қызметінде құрастыру тәсілдерімен: саусақпен сипау, үлгі бойынша қалыптарға орналастырумен таныстыру; кірпішті көлденең қойып, призманы кірпіштердің үстіне қою икемділіктерін қалыптастыру; педагогтің үлгісіне сай құрылыс нысанын жасауға жаттықтыру. Балалардың кірпіш пен призманың қасиеттерін қабылдау қабілеттерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығын дамыту.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Ойыншықтар үйшіктерге тығылып қалды".** | күшіктің тіршілігімен таныстыру; олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы мағлұмат беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді атап көрсетуге машықтандыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер арқылы бір тұтас оқиға ретінде қабылдауды үйрету.<br>**"Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың суреттерін дауыстарымен сәйкестендіруді үйрету.<br>**"Алма" ертегісін әңгімелеп беру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен қайта таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауап | қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақтау)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақтау)<br>Отырып ұстайсың ба? (шоқайып отыру, шапалақтау)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұру, айналу)<br>Ұстатпайды (саусақты шошайту)<br>Домалайды. (жұдырықтарын айналдыру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(көркем әдебиет)** | қолмен ұстап, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері.<br>Күшікті үйге жасыруды үйрету.<br>**"Пішіндер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | беруге ынталандыру.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелер, шымылдық.<br>**(көркем әдебиет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.**<br>Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там".<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).**<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>**(көркем әдебиет)** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың | | | | |

| | |
|---|---|
| **қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11- 02.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 28.11.2022 | 29.11.2022 | 30.11.2022 | 01.12.2022 | 02.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, оны атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастауды және суару үлгісін көрсету. | Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету. | Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігі туралы түсіндіру. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді педеготен кейін қайталап айтып, жаттығу жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағы мен мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, қазір | **"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру; қардың жауғанына қарап, қыс туралы тақпақты педагогтің соңынан мәнерлеп айтуға ынталандыру.<br>Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді, | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін | **"Балықты аулаймыз" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінің қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты түю және ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі (қолды қағу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, бәріміз бірге ойнап көрейік.<br>Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарды ары-бері қозғау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге қарай төменге,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, оған үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашамын, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли "Қар".<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады.<br>Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, барлығы қол ұстасып тұру.<br>1-1 қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).<br>2. Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей.<br>2-1 қолды жібермей ұстау, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықтан бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>3-1 қолды жібермей ұстап тұрып, бірінші жұп секіреді. "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>3-2 қолды жібермей екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Кенгуру ұқсап секірейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір орында тұрып, екі аяқпен бірге секіру дағдысын дамыту; бір орында тұрып секірудің | **Дене шынықтыру**<br>"Қоян секіруге шақырады".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдыларын пысықтау; бір орында тұрып секірудің техникасын | **Музыка**<br>"Аппақ қар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыканы тыңдаудан шат-шадыман көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын | **Дене шынықтыру.**<br>"Тәуелсіз Қазақстан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету; бір ізбен жүре отырып, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | техникасын жетілдіру; балаларды бір орында екі аяқпен секіру жаттығуын ынталанып жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту. **"Кенгуру" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқты қосып секіріп баруды үйрету. | пысықтау; өткен оқу қызметтерін қайталау; балаларды бір орында тұрып екі аяқты осып секіру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; доптарды көлемі бойынша ажырата білу іскерліктерін дамыту. **"Үлкен және кішкентай доптар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру; қолдың моторикасын, балалардың заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту. | ажырата білуді үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғаққа сай қимылдар жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің кереметтерімен таныстыру. Балаларда музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімін дамыту; әнді тыңдап, оның сын-сипатын ажырата білу дағдыларына үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасауды дағдыларын жетілдіру. | кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс орындау икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; кеңістікте өз дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру. **"Тальго пойызы" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің артынан асықпай, итерміспей жүруді үйрету. | алақанда мүсіндеу тәсілдерін жаттықтыру; ойын барысында қардың қасиеттері туралы түсінік беру. Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексаздан мүсіндерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту; құрдастармен ойын ойнау кезінде өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. **Ауада мүсіндеу жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қар кесегін шартты түрде ауада илеуді көрсету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, айналамызда қар жатыр.<br>- Қар қайда жатыр? Қар жерде жатыр.<br>Жарайсыңдар!<br>*Т. Шопаев "Қар".*<br>Жауды, міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды,<br>Тегістепті орларды.<br>**Еңбекке баулу** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, ақ қар жатыр.<br>- Ақ қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұрланса қар жаууы ықтималдығын байқату.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Аспанның түсі көгілдір ме?<br>- Аспанның түсі сұр.<br>- Аспан сұр болса, қар жауады.<br>Көк аспанды жаулайды<br>Қалың сұр бұлттар.<br>Бір жауса тоқтамайды<br>Аппақ жауын, аппақ қар.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың назарын қардың жоғарыдан төмен ақырын түсетініне аудару, қардың ақшақарлардан тұратынын, олардың жеңіл мамықтай ұшатынын байқату; зейін, түйсік, ой-қиялын дамыту.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>- Балалар, байқадыңдар ма? Дала қандай тыныш!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар?<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Қыста күн суық болады.<br>- Адамдарға жылы киінеді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай адымдап жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді. | орындықтарды қылшақтармен қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға | бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу. **"Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қыс мезгілі келді.<br>- Қысты көтеріңкі | тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты | де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп келіп асықпай.<br>Балалар сапқа жиналып тұрады, барлығы ашық жолмен жүреді.<br>Жаттығу екі рет қайталанады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Барлығы бірге тату ойнауды, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай үлгерейік.<br>- Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен жүріп | көңіл күймен қарсы алайықшы.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты түю және ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақанды қағу).<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қасиеттерін дамыту. | тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | Ақ құлақтармен ойна! **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық немесе жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау, | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру қабілетіне үйрету; әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама | **"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне," "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аппақ қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның түгін бояуға малып, алдын ала боялып қойған көк түс алаңын қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдармен, нүктелі дақтармен толық | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Алақай, қыс келді!" Мақсат-міндеттері. Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстармен таныстырып, қыс айларының адам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өздері қол жеткізген нәтижені көруді, оған қуануды үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың тапсырманы орындау тәртібін бақылайды. | қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру.<br>Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Қоян қайда тығылды?" дамытушы ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді ажыратуды бекіту.<br>**"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға киім түрлерін атауды, | мүмкіндік жасау.<br>Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын сілтеу есімдіктерін қолданып айту.<br>- Балалар, бізге қонаққа қоян келді.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керекпіз. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз.<br>Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана үндемей.<br>Д. Ахметова<br>Көркемсөзден кейін педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып, балаларға қоянның | бояуды үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін бақылап, бояуға қайта малу амалын қолдануға дағдыландыру; қылқалам қалдырып жатқан "нүктелерді" балалардың бос жерлерге қайта салып отыруын қадағалау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; қыс мезгілі туралы түсінік беру.<br><br>**"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау | өміріне пайдалы ықпалы туралы түсініктер негізін қалыптастыру.<br>**"Биіктен төмен тізбек" дамытушы ойын рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттардың биіктігін салыстыруды үйрету.<br><br>**"Күн райы" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ауа райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды үйрету; атауларын атауға ынталандыру; ойлау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер.<br>- Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз?<br>- Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші.<br>Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді.<br>Киім үлгілерінің барлығы айтылып шығуы керек. | отырған орнын айтқызады. | қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>*Ш. Әлдибекұлы "Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыр қарлар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>**(көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр | Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ. | Ш. Әлдибекұлы "Қар".<br>Ақ мақтадай ұлпа қар | **"Қар жауды".**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту**) | Жамылыпты қыр қарлар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алу, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12 - 09.12.2022 ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтарды қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, дбөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді | **«Аққала» саусақ жаттығуы** Мақсат-міндеттер. Қане, қане балақай, (шапалақ) Тұрғызамыз аққала! | **«Қоян»** Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу. Ұзын құлақ, сұр қоян, | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың | жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар.<br>Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана! (шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Алға, Қазақстан!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Тальго пойызы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін, ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау. | **Музыка**<br>"Елімнің елтаңбасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Қалайық қардан аққала".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бәйтерек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп, салуға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | домалата білудің дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру. | еліміздің астанасы туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр? | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Күрекшені аламыз, Жолды қардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз, Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.) | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Айналаның бәрі аппақ.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық, | қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға үйрету, секіруді, қол шапалақтауға, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау.<br>Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала | Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер құруға, оны кеңірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Балалар бір-біріне | (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға | жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным,қояным ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киш**і**,<br>Көлегіңді киші. | жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады.<br>Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!-дейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады.<br>Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру;<br>жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл | көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын балық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аквариуммен және аквариумдағы балықтардың дене құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Менің Отаным".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргінші жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру.<br>Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Елімнің рәміздері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тыныштaлуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.** | **Қысқыштармен ойналатын ойын.** | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық** | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл** | **«Суық - жылы» ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты. Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **жаттығу).**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну. Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу:<br>- - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді | **көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Балалар кілемге малдас құрып отырады.<br>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»-дейді. Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» -дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті.<br>Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **« Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12 - 23.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2023 | 20.12.2023 | 21.12.2023 | 22.12.2023 | 23.12.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін анықтау; құрғақ топырақты | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтаудың | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. | қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | мақтау. | қамқорлыққа тәбиелеу. | ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. |
| | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".** Мақсат-міндеттер. Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс. Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу) | **"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан қимылдарды қайталап, шырша туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br><br>- Шыршада өседі ойыншықтар, Қояндар өседі, қонжықтар. | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді саусақтардың қимылдарымен қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>- Домалайды, домалайды, (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бірін-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук". | Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді,<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.(шапалақтау) | Шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның инесін ұстама,<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша сыйлықты бермейді,<br>- Тақпақты оқып бер! – дейді.<br>Д. Ахметова | қағу)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Отырып - ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу)<br>Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау)<br>Домалайды. (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру)<br>Д. Ахметова | Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. (**музыка**) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа жылдық сыйлығым".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды педагог лақтырған затты қағып алып, қайтадан лақтыру іскерліктерін дамыту; шарды қағып алып, қайтадан лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; жаңа жыл | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қағып алу".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыру іскерліктерін пысықтау; өткен оқу қызметтерін пысықтай отырып, балалардың допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын жетілдіруге ықпал | **Музыка**<br>"Аяз ата сыйлығы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту. | **Дене шынықтыру**<br>"Дөңге өрмелейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығуға үйрету; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысына машықтандыру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу техникасымен таныстыру.<br>Балалардың | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Шыршадағы ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне толықтырып, бояуға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізден тез |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мерекесі жайлы балалардың ойларын дамыту; өз ойларымен бөлісуге ынтадандыру; ептіліктерін дамыту. | ету; балалардың Жаңа жыл мерекесі жайлы түсініктерін дамытып, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын дамыту. | | гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; гимнастикалық қабырғаға өрмелей білудің дағдыларын қалыптастыру;оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру. | алып, өзге бос жерге ауыстырып отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге қоя білу қабілетін пысықтау; педагогтың үлгісіне қарап, ойын арқылы ілесіп отыруға дағдыландыру; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз** | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | **"Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | **ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен** | Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығармамен таныстыруда зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар** "Жасыл шырша". Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; басқа ағаштармен салыстырмалы түрде алғанда шыршаның мәңгілік жасыл ағаш екені туралы және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтын ағаштардың бірі ретінде түсінік қалыптастыру. | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Ғажайып сыйлықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту. | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Мұнара". Мақсат-міндеттер. Балаларды текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту. | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. **(сенсорика, сөйлеуді дамы**ту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өлең оқу.**<br>Жарқырайды жұлдыздарым,<br>Ілінген моншақтарым,<br>Жымияды көк шарларым,<br>Күлімдейді ойыншықтарым.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру).**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>**(мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)** | **"Қыс" жыл мезгілі жайында әңгімелесу.**<br>(сюжеттік суреттерді қарастыру).<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды? | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А.. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта** | **26.12 - 30.12.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **күндерін, айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.2023 | 27.12.2023 | 28.12.2023 | 29.12.2023 | 30.12.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға шырша қыста неге жасыл болғанын түсіндіру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы және шарттары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | **"Топтың ішін ретке келтір"** Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Шырша ойыншықтарын ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі түсті пластик шырша ойыншықтары; ойыншықтардың әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: шар денелі ойыншықтарды бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. | **"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу қабілетін дамыту. Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *"Шырша".*<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру.<br>- Шырша. Ә. Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-доңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Доңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның доңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(көркем әдебиет,** | бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Біз қалай өрмелейміз?" Мақсат-міндеттер. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; кеглилармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; тыныс алу жаттығуы арқылы төрттағандап еңбектеп өтуге ынталандыру; жабайы жануар аюдың қорегі жайлы білімдерін толықтыра отырып, қимылды ойынға қызығушылықтарын ояту. | **Дене шынықтыру** "Біз қалай өрмелейміз?" Мақсат-міндеттер. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; кеглилармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; тыныс алу жаттығуы арқылы төрттағандап еңбектеп өтуге ынталандыру; жабайы жануар аюдың қорегі жайлы білімдерін толықтыра отырып, қимылды ойынға қызығушылықтарын ояту. | **Музыка** "Көңілді қыс". Мақсат-міндеттер. Балаларда көңілді музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің қызықтарымен таныстыру. | **Дене шынықтыру** "Дені саудың - жаны сау". Мақсат-міндеттер. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; жалпы дамыту жаттығуларын жасауда қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау, қорытындылау. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Шырша моншақтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; құрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын ояту; сабақта мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды | **Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық,<br>Жіпке жалаулар ілдік.<br>Желге желбіреп олар<br>Бізге көзайым болар.<br>- Балалар, бұлар не?<br>- Жалаулардың түстері қандай? | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | танидыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар!<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр, | - Жалаулар не істейді?<br>- Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Жалаушалармен ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем | назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім | бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға | сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ұқсап қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыға бұлғауға ынталандыру.<br>*"Жалауша"*.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге | тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене** шынықтыру) | жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** | жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы ойынға шығайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, көрсетуге дағдыландыру; сурет | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қолғап".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін дамыту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қуыршақ Данамен серуендеу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; адамның қысқы киімдерінің атауына үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі тіршілік ерекшелігі жөнінде ұғымдарын | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы алашадағы қар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарындашпен көлденең сызық бетіне, "алашаға", кезекпен тұйықталған, көлемі әртүрлі дөңгелектерді алашаның сол жағынан оңға қарай бір-бірінен кейін қойып, тізіп салуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | | қалыптастыру. Балалардың қысқы киім атаулары арқылы есте сақтауы мен тілін, бақылағыштығы мен зейінін, қабылдау қабілетін дамыту. | үйрету; салынған сурет объектілерін, "қар ұшқындарының" бір тізбекте болуын бақылауға дағдыландыру; қар туралы ұғымдарын қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).** Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. | **"Сипау арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу. Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, | **"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: баланы алға қарай қозғалып, секіруге машықтандыру**.** **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Ақбота» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жұрағат А.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **04.01-06.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | 04.01.2023 | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезеннің әйнегінде қырау оюлары бар болса, балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | | | сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | | | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бір-бірінің ішіне | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауға үйрету; тілін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу)!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Ақылды боламыз.<br>Қыс мезгілі тамаша қандай, балақай!<br>Қанекей, қызықтаймыз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыстар**<br><br>**"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны "Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.<br>Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Қысқы би» жаттығуы**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Пирамида жинау" ойыны (шағын топпен ойын)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды пирамида жинауға үйрету, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға ынталандыру.<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұратын алынады.<br>**(сенсорика)** | **"Түрлі-түсті жіптер" дидактикалық ойыны (шағын топпен ойын)**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білуге үйрету, түстерді атауға ынталандыру.<br>Себетке түрлі-түсті жіптер салынған, балаларға бір жіпті алу ұсынылады.<br>Балалармен бірге тәрбиеші жіптерді тексереді: жіптер дөңгелек, жіптер домаланады, содан кейін тәрбиеші жіптердің түстерін **атайды.**<br>**(сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Аққаланы бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысы қардан қаланған аққаламен таныстыру, оның пішіні мен келбетінің ерекшелігін байқату; жағымды көңіл-күйге бөлене білуге ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Ал бұл не?<br>- Жарайсыңдар, аққала.<br><br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Аққала ақ денелі,<br>Аппақ етегі, жеңі, | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақша қарлардан құралатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>*"Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана | **Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>Ақша қарлар оюлы,<br>Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Аппақ беті, дақ көзі,<br>Ақ басында шелегі.<br>Ал мынау – қызыл мұрын.<br>Кім көрген бұны бұрын?<br>Бет ортасында қадалған.<br>Өзі неден жасалған?<br>Д. Ахметова<br>Балалар аққаланы қолмен ұстап, оның қардан болғанын, басын, денесін, көздерін көрсетеді, атайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды аққаланың бетін қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды | орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Көпірден өт"** | ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақшақарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндетттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік. | **қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр.(алақандарымен ары-бері бұраңдау)<br><br>Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | | | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** | **«Қайда болу керек?» мультфильмін қарау.** "Табиғат бұрышы" | **«Күн сәулесі» ойыны.** Жабдық: кішкентай айна. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта | Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту; заттардың орналасқан жерін байқауға, бір сөзбен қоңырау шалуға немесе саусақпен көрсетуге, «бар», «мұнда» сияқты сөздерді қолдануға шақыру; кеңістікті бағдарлаудың негізін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таны**су) | Тәрбиеші күн сәулесін айнамен қабырғаға түсіреді де, оны саусақтарымен ұстауды ұсынады.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша, балалар оны ұстап алуға тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. **(дене шынықтыру)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | | | **Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".** - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".** - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. "Шаңғының жолы". **(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек»ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды** | **09.01-13.01.2023 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 09.01.2023 | 10.01.2023 | 11.01.2023 | 12.01.2023 | 13.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". | | | | |
| | **Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай".** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Сауысқан" (ел аузынан).** Мақсат-міндеттер. Балаларды, сауысқан ойыншығына (суретіне) қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан)** Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, | **Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтарымен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты | **Саусақ жаттығуы (қимыл жаттығуы). "Құстар ұшып барады".** Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке қарап, тақпақты мәнерлеп айтып, қимылдарды сөздердің ырғағына сай жасауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>– Торғай, торғай (саусақтарды бүгіп-ашу),<br>Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)!<br>Толған дорба,<br>Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу).<br>Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю),<br>Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау).<br>Торғай, торғай,<br>Ұшып келші (алақандарды жұмып-ашу).<br>Торғай, торғай,<br>Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). | тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Сауысқан (ел ауызынан)<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>**(көркем әдебиет)** | есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтанған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(көркем әдебиет)** | қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>- Ала қанат сауысқан<br>Пісірді де көжен,<br>Тағаттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сатпа көжеге,<br>Дым жоқ сендей шөжеге!<br>Х. Ерғалиев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Құстар ұшып барады, (алақандарды ашып-жинау)<br>Қанаттарын кең жайып. (алақандарды ашып-жинау)<br>Торғай ғана қалады, (алақандарды бір-біріне қосып, қысу)<br>Көкке қарап мұңайып. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу)<br>– Кел, торғайым, мұңайма, (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру")<br>Жылытайық бойыңды. (алақандарды өзара уқалау)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>- Құстардай ұшайық,<br>Бұтаға отырайық.<br>Дәндерді шоқып,<br>Аяққа тұрып,<br>Шеңберді құрып,<br>Күнге созылайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Көгершінмен ойын ойнайық".<br>Мақсат-міндеттер. | **Дене шынықтыру**<br>"Құстармен бірге ойнайық".<br>Мақсат-міндеттер. | **Музыка**<br>"Суық торғай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдай | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбектеген марғау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доғадан | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Шұбар тауық" ертегісі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру іскерліктерін дамыту; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; кубикпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; қыстап қалатын құстар туралы білімдерін толықтыру. | Балаларды доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау кезінде ептіліктерін дамыту; бірінің артынан бірін жүргізу және жүгірту; тізбекпен жұп болып және 2-3 баладан сап түзеп, алға жүру, бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын жасау; еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау. | отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру. | еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өтуге үйрету; доғадан төрт тағандап еңбектеп өтудің техникасын меңгерту; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларына машықтандыру. Балалардың доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту икемділіктерін жетілдіру; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларын қалыптастыру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, жаңа жаттығуды тез қабылдау және оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетін дамыту. | Мақсат-міндеттер. Балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпынысты дамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Баланың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды** | **Ауладағы құстарды** | **Сары шымшықты** | **Қарды бақылау** | **Жемшашарға қонған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>*"Құстар, құстар, келіңдер".*<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға | **бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.<br>*"Сары шымшық."*<br>Сары шымшық шиқылдайды:<br>- Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Жылы жаққа ұшпайды,<br>Суықтан тығылмайды.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін | **(қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br>Далаға суық қыс жетті,<br>Аппақ қарды жерге төкті.<br>Қараңдар, ағаш пен шатыр,<br>Барлық жерде қар жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу** | **құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл шемшашар.<br>- Жемшашарда не бар?<br>- Иә, жемшашарға құстар қонды.<br>- Құстар не істейді?<br>- Дұрыс, құстар жемді шоқиды.<br>Педагог көркем сөзді оқып береді.<br>- Батыл екен біздің құстар,<br>Аулада қалады олар қыстап.<br>Жемшашарға жем шашайық,<br>Құстарды аялайық.<br>Дыбыстайды құстар "шиық-шиық",<br>Жем берейік - "жиіп- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, | тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл қораз құсы. | жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: | **тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы | жиіп". Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене** | Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа | - Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.** | домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | тәрбиелеу. | | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жем берейік уыстап".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Жемшашар".<br>Мақсат-міндеттер. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы; көрсеткіш, қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны туралы мазмұнды сурет; кірпіштерден | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауладағы құстар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; құстардың дене құрылымы мен | **"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.**<br>- Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік.<br>Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды.<br>- Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар жем шоқиды".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға үйрету; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұры малуға көңіл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) | құрылған жемшашар үлгісі (суреті); құрылыс материалдары жинағы; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы.<br><br>**Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру.<br>Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну.<br>"Тауық қалай ішеді?"<br>Тұмсығын тек малады,<br>Бір тамшылап алады.<br>Әзер жұтар шалқайып,<br>Бүлк-бүлк етіп тамағы.<br>- Бұл қалай су ішкені?<br>- Тірі азапқа түскені.<br>С. Боранбаев | тіршілік ерекшеліктері туралы түсінік беру; ауладағы құстарды бақылата отырып, құстар туралы жағымды түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>- Ала қанат сауысқан<br>Пісірді де көжені,<br>Тағаттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді, | бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа қағып тұру)<br>Қыстап жүрген батыл құс.<br>Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу)<br>Жылдам-жылдам қағады.<br>Ұшып-ұшып, бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру)<br>Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау)<br>Аспандарға ұшады. (Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру.<br><br>**"Шұбар тауық" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге Шұбар тауық ертігісінің желісін пысықтау, бас кейіпкерлердің әрекеттеріне қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>– Ай-ай-ай! Шұбар тауық!<br>Қайдан аламыз тауып,<br>Алтын тастай жұмыртқаңды?<br>Ұстай алмаймыз сұр тышқанды.<br>Шұбар тауық: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Пшшшшшшш...<br>(отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сапта көжеге,<br>Дым жоқ сендей шөжеге!<br>Х. Ерғалиев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | – Шұбар болсам, қайтейін,<br>Бір жұмыртқа берейін.<br>Алтын емес, жай емес,<br>Аппақтарға сай емес,<br>Шұбар екен жұмыртқам<br>Қабығы да жұп-жұқа.<br>Пісіріңдер, алыңдар,<br>Тасқа жарып алыңдар.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қыстайтын құстарының суреттерін қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.**<br>Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Трафареттармен жұмыс: "Қыстайтын құстар"** (бастыру, бояу).<br>Мақсат-міндеттер: құстар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту. | **Саусақ жаттығуы. "Балапан".**<br>- Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: Шиық-шиық.<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Құстарға жем".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жем түйіршіктерін илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **көркем әдебиет)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01- 03.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қабылдау** | алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "2-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "2 жасар баланың қызығушылықтары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту; ұсақ ойыншықтар мен заттарды өз қораптарына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қою жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын".** Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, | **"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді | **"Дастарқанды жаямыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен құралдардан тек түсі | **"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.** Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне," | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді және саусақтармен қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күшік, тауық сияқты жануарлар мен құсты шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарлары адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>- Шай ішуге шақырамын<br>Қош келдіңдер, қонақтарым!<br><br>Кел, кел, мысық,<br>Кел, кел, күшік,<br>Кел, кел, тауық,<br>Орын дайын.<br><br>Мысық, кіс-кіс,<br>Күшік, кә-кә,<br>Тауық, шиип-шиип,<br>Шайым дайын.<br><br>Мысыққа каймақ, | қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>**(сенсорика)** | бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздан қиылған бокал (кесе), қасық және табақша түрлі-түсті кескіндерідің бір-бірімен араласқан жинақтамалары.<br>Шарты: әрбір бала қолына алған ыдыс-құралының түсіне сай жинақтамасын құрастырып, алдына табақшаны, ал табақшадан әрі қарай | "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау.<br>Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерін айтып атау.<br>- Балалар, бізде қонақта қоян.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне," "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей, | қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>- Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын алдына ұстап айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Отырып ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу)<br>Ұстатпайды - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күшікке жілік,<br>Тауыққа бидай.<br>Ал, шайды кім ішеді?<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет)** | | бокалды (кесені), қасықты табақшаның оң жағына орналастыру.<br>Нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-аяқ құралдарының жинағы болады.<br>Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза,<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.<br>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.<br>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр | Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>Көркем сөзінен кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | (саусақпен бұлғау)<br>Домалайды.<br>(жұдырықтарын алдына қойып айналдыру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жайқала,<br>Әркімге тәтті тамақ:<br>жаңғақ, қуырдақ,<br>жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме:<br>тиын, күшіктер,<br>көжек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау;<br>1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| \ | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп **қою.**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.<br>Балыққа ұқсап - жүземіз,<br>Марғауға ұқсап жүреміз,<br>Құлыншақтай секіреміз,<br>Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Доғадан еңбектеп өту".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және | **Дене шынықтыру**<br>"Марғау ұқсап еңбектейміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; қимылды ойын арқылы балалардың | **Музыка**<br>"Қошақан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда музыканы тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезіміне үйрету; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына машықтандыру; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру; қоршаған орта туралы түсінік | **Дене шынықтыру**<br>"Мен спортшы боламын!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өту қимылына жаттықтыру; биіктен қос аяқпен секіре білу жаттығуына үйрету; балаларды шапшаңдық пен ептілік, жинақылық дағдыларына баулу.<br>Балаларды | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері Бауырсақ туралы баяндап, олардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау. Балаларға ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің тәсіліне үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастапқы қалыпқа келу, жалауларды түсіріп, еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; жалаумен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту. | шеңберге еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; өткен ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау, қорытындылау. | беру. Балаларда музыканы сай тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезімін дамыту; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру. | гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтай, жүріп өту қимылына жаттықтыра отырып, машықтандыру; биіктен қос аяқпен секіре білу дағдысын және дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу қызығушылығын арттыру. | мүсіндеу барысында саусақтарды тіке созып отыруды жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және елестету қабілетін дамыту. Балалардың ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру, төзімділікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке | іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>- Із қалады, қарды басса -<br>Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа айналды.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>- Ш-ш-ш - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек** | қимылдарына назар аудару; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.<br>- Қоян құлақтарын қалай қимылдатады?<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдықк тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай | **дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік, | киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып | Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | жүгіріп ойнады? Көрсетейікші.<br>Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова | Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін | балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Ала Марғау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіндегі мысық сұлбасын бақылата отырып, ұзындығы мысық денесінің жуандығына сай келетін сызықтардың салыну тәсілін үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, мысық денесінің бойын жоғарыдан төмен қарай қысқа сызықтармен толтыруға | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ыдыстар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, көлемі мен пішіні бойынша сәйкестендіруге үйрету; көлемі әртүрлі табақшаларды өзара салыстыруға дағдыландыру; пішіндері мен көлемдері біркелкі заттарды жинау қабілеттерін арттыру. Балалардың | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз.<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жіппен ойнаған марғау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мысықтың баласы марғаумен таныстыра отырып, оның дене құрылымы мен қимылын атауға үйрету; мысық пен марғаудың жануарлар әлемі мен адам өмірінде алатын орны туралы қысқаша түсінік беру. | **"Шұбар тауық" ертегісін үстел театры арқылы сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шұбар тауық туралы ертегінің желісін пысықтау, басты кейіпкерлердің сөздерін айтқызып, ертегінің аяғында пайда болған оқиғаға жағымды көңіл-күймен жауап беруге ынталандыру.<br>Құралдар: "Шұбар тауық" ертегісі желісінде кездесетін кейіпкерлердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; сызықтарды біркелкі қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға жаттықтыру; қылқалам ұшы мен сызықтар бағытына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі жаңа жерге ауыса білу қабілетін қалыптастыру; педагогтіы үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; мысық туралы қысқаша түсінік беру.<br><br>**"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы | сенсорлық эталондарды қабылдау және ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын және эмоциялық сезімін дамыту.<br><br>**Ойын-имитация. "Қайсысы, қалай ішеді?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жылқының су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Құралдар: балаларға құлыншақ маскаларын кигізу, ойыншық шелек | <br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**Текшелерден мұнараны құрастыру.**<br>Жинайық, жинайық,<br>Мұнараны құрайық.<br>Үлкенінің үстіне<br>орташасын,<br>Оның үстіне<br>кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы<br>қуантамыз.<br>**(құрастыру)** | **Ойын-имитация. "Күшіктердің жүрісі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күшіктердің қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Күшіктерім жүреді,<br>(тізені жоғары көтеріп, марш басу)<br>Буындарын бүгеді,<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Буындарын бүгеді.<br><br>Күшіктер ытқып шығады, (бір аяқтан екіншіге, оң-солға кезекпен секіру)<br>Ары-бері қозғалады.<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ары-бері қозғалады. | тіреушелерде тұрған кескіндері, үстел театры ширмасы. Педагог балаларға басында көркем сөз оқып береді.<br>- Бар менің тауығым,<br>Күнде жем<br>шашамын.<br>Жұмыртқа табуын<br>Асыға тосамын.<br>Б. Қозыкеев<br><br>**"Менің үй жануарым" мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" | немесе өзге ыдыс ойыншықтарын ұсыну.<br>"Жылқы қалай ішеді?"<br>- Жан-жағына елеңдеп,<br>Үзіп-үзіп ішеді.<br>Тұнық суға тереңдеп,<br>Жүзіп-жүзіп ішеді.<br>- Себебі не сондағы<br>- Тым талғампаз болғаны.<br>С. Боранбаев | | Күшіктер табан тірейді, (орнында тұрып, денені төмен түсіріп бұраңдау, көтеріліп бұраңдау)<br>Құйрықпен ойнап, билейді,<br>Сілкіп-сілкіп,<br>Сілкіп-сілкіп,<br>Құйрықпен ойнап, билейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br><br>**"Менің үй жануарым" мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. **(музыка, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол | **"Акула балақай" атты мультфильмінің үзіндісін көру.** Мақсат-міндеттер. | Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта шарларды орналастыру. **(жапсыру)** | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам | **"Балық".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, есу, шымшу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Бас кейіпкерлердің атауларын есте сақтауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу.<br>Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика)** | амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "2-жас бала қандай талаптарды түсінеді?", "2 жас баланың қызығушылықтары". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «»Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.02- 10.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.02.2023 | 07.02.2023 | 08.02.2023 | 09.02.2023 | 10.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2-3 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен карауға тәрбиелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндетттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтардың (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | балаларды сү құйғышты ұстап, суару амалына үйрету. | тауып, қолын сүртіп, қайта ілуге жаттықтыру. | жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | суару, бақылау. |
| | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(математика негіздері,** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>*"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Доп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Мысығым" (ел аузынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мысық ойыншығына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Мысығым".<br>- Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Нағима Арынова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуын тақпақтың ырғағына, мазмұнына сай жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар.<br>Педагог балалардан балабақшаға қандай көлікпен келгендері туралы сұрайды.<br>Балаларға көмек ретінде түрлі машинаның (көліктің) суреттері көрсетіледі.<br>Жаттығу үстел үстінде жұдырықтарды түйіп отырып, екі бағытқа жүргізу арқылы орындалады.<br>Машиналар жүреді ары- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту)** | | | | бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау;<br>1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>Аспаз болсақ - тағам әзірлейміз,<br>Биші болсақ - би билейміз,<br>Шаштараз болсақ - тараймыз,<br>Ақылды бала болсақ - жараймыз.<br>"Сәлем" дейміз барлық елге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсын денеміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша | **Дене шынықтыру**<br>"Біз мықты боламыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту іскерліктерін | **Музыка**<br>"Ұшқыш".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді | **Дене шынықтыру**<br>"Велосипед".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра білу | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қошақанға шарбақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кірпіштерден шарбақ құрастыруға үйрету; кірпіштің жаңа қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалауларын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату; таспалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасаудаептіліктерін дамыту; балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. | қорытындылау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтіп және сол жүріп өткен гимнастикалық орындықтың шетіне келгенде қос аяқпен секіру; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметін пысықтау | жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу. | қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру. Балалардың допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білу икемділіктерін дамыту; допты домалату кезінде дәл көздеп, нысанаға лақтыру қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру және қол, саусақ бұлшық еттерін дамыту; оқу қызметінде бір-біріне көмектесе білу қасиеттерін қалыптастыру. | педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру; өз нәтижесімен ойнай білу қабілетін арттыру; хайуанаттар бағы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, эмоциялық сезімін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық | **Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың | созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын | болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым | қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл - қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша | Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады.<br>Тақпақты оқи жүреді.<br>*"Тик-так".*<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу | толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, | еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар!<br>Бағдаршамда қызыл шам<br>-<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Сурет салудан ойын-** | **Музыкадан ойын-** | **Қоршаған ортамен** | Мақсат-міндеттер. | **"Дәрігерде" сюжетті-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **жаттығу** "Сөредегі табақтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды қарындашпен көлденең жолға салынған шаршылардың ішін бірыңғай көлемдегі дөңгелектермен толтыруға үйрету; әрбір салынып жатқан дөңгелек, "табақ", шаршы ішіне сыйатындай көлемде болуын бақылап отыруға дағдыландыру; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру. Балалардың қарындашпен сурет салуда қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен табақтардың пішіні мен түстерін қабылдай білуін, байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. | **жаттығу** "Ұшқыш боламын". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдап, музыкалық сипатын ажырып, ырғаққа сай қимылдауға ынталандыру; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу. | **танысудан ойын-жаттығу** "Көше тазалаушы". Мақсат-міндеттер. Балаларды көше тазалаушы еңбегімен таныстыра отырып, оны сыртқы киіміне және құралдарына қарап, ажырата білуге үйрету; көше тазалаушының жаз бен қыс мезгіліндегі құралдарының бөлек екеніне көңіл аудару. | Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі қарым-қатынас орнатуға машықтандыру. Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара | **рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру.<br>Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>*"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Капитандар" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тыныс алу мүмкіндіктерін ұлғайту.<br>Ұзақ тыныс шығаруға жаттықтыру.<br>Су құйылған ыдыста қағаз қайықтар жүзіп жүреді. Балалар еріндерін түтік сияқты шығарып, қайық алға қарай жылжу үшін "ф" деп дыбыстайды.<br>Одан кейін тәрбиеші қатты жел тұрғанын айтады, балалар оның күшін көрсету үшін "п" дыбысын айтады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.<br>- Тағам әзірлейтін кім? Аспаз.<br>Би билейтін кім? Биші.<br>Шеге қағар ... Шебер.<br>Үй салатын... Құрылысшы.<br>Адамды емдейтін... Дәрігер.<br>Зат сататын... Саудагер.<br>Шаш қиятын... Шаштараз.<br>Іске сәт тап, жанталас.<br>Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш<br>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ<br>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.<br>**(сенсорика)** | | | | отыруға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат а. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.02 - 17.02.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.02.2023 | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланы үйдегі қаупсіздік ережелерімен таныстыру", "Баланы өздігінен киіну тәртібіне үйретудің маңызы", "Баланың далаға киіну тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. | қадағалау; өз орамалын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".** Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтармен жыбырлату) Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау) | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Қуыршақ Данамыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды Дана қуыршағына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: қуыршақ. Педагог қуыршақтың суретін | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Тобымызда күн сайын, Жаттығу орындайық. Тәртіп бойынша ғана, Жаттығу орындалады: Барлығымыз отырып, Барлығымыз тұрамыз. Оңға - солға бас бұрып, | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатарда айқастырып, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу)<br>Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | немесе ойыншықты балаларға көрсетіп, оның шашының жиналмағанына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, Дана балабақшаға шашын тарамай, жинамай келді. Олай бола ма екен?<br>- Ай-ай,-ай!<br>- Данаға ақыл айтайықшы.<br>- Қуыршақ Данамыз ерке,<br>Оянып алыпты ерте.<br>Ұйқысы оның қанбапты,<br>Шаштары таралмапты.<br>– Дана, сен босқа тұрма,<br>Шашыңды жинап, тара!<br>Тарап, тарап, буып ал, | көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>- Көлікке сай дөңгелекті салайық.<br>Көлікті көшеге шығарайық.<br>**(сурет салу)** | Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br><br>Текшелермен ойын.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текшені ұстап-сипау арқылы сыртқы сипатын тануға ынталандыру, қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, ойлау қабілетін дамыту.<br>"Текше".<br>Текше – төртбұрышты өкше.<br>Қырлары мен бұрыштары көп ше.<br>Текшені қалай қойсаң да, | сандықшаларды бірінің ішіне бірін кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бантиктерді тағып ал.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | | Тұрады, құламайды,<br>Қатарларға тізіліп,<br>Қақпаны қалайды.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру.<br>қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3–3 еңкею, допты жерге қою.<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін, бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Сәлемдесу ойыны: ""Менің көмекшілерім"".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған,<br>Мынау – басым ақылды.<br>Бәрін осы басқарған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі атқарған.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвинмен жаттығу жасайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвин ұқсап жүрейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және қалыпқа түсу, | **Музыка**<br>"Электроника әлемі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әуенді есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; техника туралы мағлұмат беру. Балаларда әуенді есту, сезіну | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсақ – шымыр боламыз!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру; секіру кезінде жеңіл секіре білуге дағдыландыру; қос аяқпен секіргенде аяқтарын бірдей қозғауға машықтандыру.<br>Балалардың екі аяқпен қашыққа секіру қимылын жете меңгеру қабілетін дамыту; секіру | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Теледидарда қар жауып тұр".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға теледидар туралы жалпы түсінік беру; қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстары, қардың жауатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; қардың дөңгелек пішініне ұқсастығын көрсету; балаларды қағаздың бүкіл бетіне ұсақ дөңгелек пішіндерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыпқа түсу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату, допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалату, допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра білу іскерліктерін дамыту, орамалдармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; балалардың пингвин туралы білімдерін толықтыру. | жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату іскерліктерін қайталау; допты қарама-қарсы отырып, бір-біріне домалату іскерліктерін жетілдіре отырып, оқу қызметін пысықтау. | қабілеттерін дамыту; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру. | кезінде денесін жеңіл игере білу дағдыларын меңгерту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; оқу қызметі кезінде достық қарым-қатынас ережелерін сақтай білуге баулу. | орналастырып, жапсыру амалына үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, пішінді сүлгімен басып, жұмысты таза жасау дағдыларын қалыптастыру; балаларды оқу қызметінде мәдениет және ізгілік ережелеріне, шыдамдылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларда көліктер жайлы жалпы ұғымдарды | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанынын | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің | бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл - бағдаршам.<br>Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Бағдаршам не үшін керек?<br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, | қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек | байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды | байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылуды бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғары бұлғауға ынталандыру. Педагог балаларға жалаушаларды үлестіреді. - Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп | Жымыңдайды, жымыңдайды. Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары. Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. Көзі көп, біреу басы. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Машиналар жүреді" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер. | әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? | дамыту. **"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы (қызыл, сары, жасыл). - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар. | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрейікші.<br>- Тамаша!<br>- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады.<br>- Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Ал енді жалаушалармен ойнайық.<br>*"Жалауша".*<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>Жаттығу бірнеше рет орындатылады.<br>Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.** | Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, | Көрсетіңдерші?<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, | Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соғылмауын ескереді.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | жүруге үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | - жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға қонып отырыңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық | | Д. Ахметова<br>Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Шәйнек". Мақсат-міндеттер. Балаларға шәйнектің ерекшелігі туралы түсінік беру; қонақ кәдесі бойынша үй жануарларын шайға шақыру арқылы бала тілін жаттықтыру; жан-жануарлар тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың үй | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тоңазытқыш". Мақсат-міндеттер. Балаларды тоңазытқышпен таныстыра отырып, сүт өнімдері мен басқа тағам түрлерінің дәмді болып, сақталуына тоңазытқыштың қызметі мен маңызының зор екені туралы түсінік беру; тоңазытқыштың | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Пирамида". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың ортақ сенсорикалық сипаттарын ортақ қасиеттері бойынша сәйкестеп, топтастыруға үйрету; көлемі бірдей және әртүрлі заттарды салыстырып, белгілі қасиет бойынша бөлу қабілеттерін қалыптастыру; заттарды, түстер | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қорапшаға кәмпит жинадық". Мақсат-міндеттер. Балаларды бірыңғай көлемдегі ұсақ шақпақтарға бөлінген шаршы пішінін, "кәмпит қорапшасын", саусақпен салынатын жақпаларға, "кәмпиттерге", толтыру амалдарына үйрету; саусақты қою бояуға малып, әрбір | **"Биік және аласа үйлерді құрастырайық" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар, шаршы, тіктөртбұрыш арқылы биік және аласа үйлерді құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларын шайға шақыру арқылы есте сақтауы мен тілін, дүниетанымы мен зеректігін дамыту.<br><br>**"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп, дыбыстауға ынталандыру; көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға машина, паровоз, ұшақтың дыбыстарын тыңдатады, болмаса суреттерін көрсетіп, көліктер шығаратын дыбыстарды | әрбір үйде болуы қажет екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен | және кез келген өзге қасиеттерге қарамай, көлемі бойынша бір тізбекке жинақтауға дағдыландыру.<br><br>**"Түрлі түстер (екінші бөлім)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал жасау, түстерді атауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | шақпақ ішіне тура ортасына басып, тез алуға дағдыландыру; бояудың саусақ бетінде біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға жаттықтыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; кейбір азық түрлерін тоңазытқышта, соның ішінде ыстық күндері қорапшадағы кәмпитті де еріп кетпес үшін салып қою туралы түсініктер беру.<br><br>**"Шомылу" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мультфильмнің бас кейіпкерлерінің | қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз).<br>Педагог балаларға қала көшелерінде тұрған биіктігі әртүрлі үйлерді (немесе геометриялық пішіндерден құрылған сызбаларды) көрсетеді. Балалар биік және аласа үйлерді құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br><br>Үйді салғым келеді, (шапалақтау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білдіретін сөздерді айтықызады.<br>Содан соң, аудиожазбаны тыңдатқан кезде, балалар таныған әртүрлі көліктердің дыбыстарын білдіреді: паровоз - "ту-ту-ту", машина - "бип-бип", ұшақ - "у-у-у".<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** | | қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Қабырғасы керегі, (шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру)<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Сағаттар" қимыл жаттығуы.**<br>*"Тик-так".*<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **"Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. | "Күн"<br>Кір қысқыштарымен жаттығулар.<br>**(сенсорика)** | **"Шегелер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | Қимыл жаттығуы.<br>- Үйді салғым келеді, (шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, (шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Қатар-қатар кезегі.<br>(жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланы үйдегі қаупсіздік ережелерімен таныстыру", "Баланы өздігінен киіну тәртібіне үйретудің маңызы", "Баланың далаға киінуінің тәртібі". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу** | **20.02 - 24.02.2023 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.02.2023 | 21.02.2023 | 22.02.2023 | 23.02.2023 | 24.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2-3 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сукұйғышты ұстап, суару амалына үйрету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мақтау. | | |
| | **"Дәрумендер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі.<br>Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау)<br>Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кең ашу)<br>Бірінші қиярды жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлған сыңай таныту) | **"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру.<br>Педагог суреттерді қолдана алады.<br>Әли жеңіске жетпек,<br>Тәртіпті емес, тентек.<br>Жуылмаған қолында,<br>Ай-ай-ай, майлы шелпек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>*"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)*<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(көркем әдебиет,** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай, сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>Сылдырмақты | **Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаттығу сөздерін және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Бүгін біз қаншамыз? (алақандарды ашып, көрсету)<br>Санайық баршамыз. (саусақтарды жыбырлату)<br>Санап-санап, саусақ басып, (саусақтарды кезегімен ішке қарай бүгу)<br>Жинайық жұдырыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дөп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау)<br>Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу)<br>Сәбізім ұзын,<br>Қызыл-сары түсін.<br>(Қолды жоғары көтеріп, отыру)<br>Барлығын жинаймыз,<br>Себетке саламыз.<br>(Қол шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | **дене шынықтыру)** | соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қысып. (жұдырыққа қысу)<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру.<br>қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3–3 еңкею, допты жерге қою.<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Балыққа ұқсап жүземіз,<br>Марғауға ұқсап жүреміз,<br>Құлыншақтай секіреміз,<br>Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қос аяқпен секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; қос аяқтап секіргенде аяқтарын бірдей қозғап, жеңіл секіре білу қабілеттерін, сылдырмақтармен жалпы дамыту | **Дене шынықтыру**<br>"Қоян қалай секіреді?"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін бекіту; жануарлардың жүрісін көрсету қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысытау. | **Музыка**<br>"Домалайды доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Көңілді құстар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық орындықтан секіре білуге үйрету; өз дене мүшелерін | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағаз бетін бақылап, қылқаламды бояуға малып, қағаздың бір жақ шетінен қарама-қарсы жаққа қарай шеңбер бойымен қылқаламды қағаз бетінен үзбей жүргізіп, бастапқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; қоян секілді секіріп, кедергілерден өтуге ынталандыру. | | | игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен жүру қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; гимнастикалық орындықтан секіруге үйретуде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. | нүктеге жеткізіп, домалақ доп салуға үйрету; допты қағаз ортасына үлкен дөңгелек етіп салуға дағдыландыру; доптың ортасына бірнеше түзу сызық салуға жаттықтыру; сызықтардың доп шеңберінен шығармау керек екенін ескерту; қылқалам ізін бақылап отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға баулу; доптың қозғалу қасиеттері туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** | **Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді?** | **Жолдың жүру бөлігін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуід** | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін дамыту. Шыршаға таңдану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Шырша, шырша, шыршамыз,<br>Ұнатамыз баршамыз.<br>Мереке қарсаңында,<br>Төрімізде тұрсаңыз.<br>Мәңгі жасыл көркемім,<br>Өсе берші көркейіп.<br>Неткен әсем, асылсың,<br>Жыл бойына жасылсың! | Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.<br>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы?<br>Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ағайлар мен апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. (ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпау).<br>Мөлшерлі жүріс - қимыл белсенділігін меңгеру – баяу – жылдам. Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер).<br>Балалардың қалаулары бойынша ойындар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ауладағы қарды тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Д. Қ. Бұланбаева)<br>Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің болған себебін түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау.<br>Шырша маңында ойыншықтармен жасырынбақ ойнауды ұсыну.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге жиналып, бойымен мәтіндегі сөздерге сай қимылдауға бейімдеу; ұйымшылдық негіздерін салу.<br>Бір жоғары, бір төмен, | - Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Жаттығу екі рет өткізіледі.<br>Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене** | үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз,<br>құламайды екенбіз.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалардың белгілі бағытта белгі бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі | ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді | Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік.<br>Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау,<br>әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен.<br>**"Шыршадан да биік болып өсейік" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бір орнында тұрып, биіктікке созылып секіру дағдыларын дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін ұлғайту. Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секіруді ұсыну. | **шынықтыру)**<br>Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға | реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау,<br>әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | көрсету.<br>Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан үйректерміз,<br>Балпаң, балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрісе -<br>Жан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. | жағымды эмоцияларды дамыту. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды)** | | | Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жеті лақ" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Жеті лақ" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қонаққа орындықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды текше және кірпіштерден орындықтар | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Доп, доп, домалақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға ынталандыру; есту | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қуыршақ Дана және дәрігер". Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметімен және | **"Ешкінің әні" дамытушы ойыны.** Балалардың "Жеті лақ" ертегісінің желісі жөніндегі түсініктерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықты байқай білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.<br><br>**"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге | құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде түсініктер бере отырып, оның қасиетін іс-тәжиребеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс жұмысының нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін бақылау мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен эмоциялық қабылдауын дамыту. | қабілетін дамыту; әннің мағынасы мен сипатын қабылдап, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br><br>**Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"**<br>Балаларға сиырдың су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға сиырдың маскаларын кигізу, ойыншық ыдыстарды ұсыну.<br>"Сиыр қалай ішеді?"<br>- Қара мұның айласын,<br>Байқап-байқап ішеді.<br>Шаңырақ мүйіз дәу басын,<br>Шайқап-шайқап | дәрігер құралдарының адамды емдеудегі ерекшеліктерімен ойын арқылы таныстыру; дәрігер мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру; дәрігер маманын сыртқы бейне ерекшелігінен танып, ажырата білуге үйрету.<br><br>**"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ширма артына жасырылған заттарды, олардың көлеңкелеріне қарап, танып, атауға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін, тілін дамыту. | қатынастарға деген қызығушылықтарды ояту.<br>Құралдар: "Жеті лақ" кейіпкерлерінің жеке кескіндері, ширма, үстел театрына қатысатын кейіпкерлерге тіреушелер.<br>Педагог балаларға "Жеті лақ" ертегісі кейіпкерлерін көрсетеді.<br>- Балалар, мына кейіпкерлерді таныдыңдар ма? Атайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Қазір барлығымыз Ешкінің әнін лақтарға қайта айтып берейікші.<br>- Лақтарым менің,<br>Шырақтарым менің,<br>Сағындым лақтарымды,<br>Тұяғымен қағам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | ішеді.<br>- Себебі не сондағы?<br>- Сәл маңғаздау болғаны.<br>С. Боранбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Құралдар: балалар күнделікті ойнап жүретін және көлеңкесінен танылатын заттар мен ойыншықтар, көлеңке театрының ширмасы.<br>Педагог заттарды ширманың артынан оған мейлінше жақындатып көрсетеді.<br>**(көркем әдебиет)** | есікті.<br>Ұзақ екен үйге жол,<br>Жиналды сүт мол.<br>Есікті аша қойыңдар,<br>Тәтті сүтке тойыңдар.<br><br>Орыс тілінен аударма.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>"Мысығым" (ел аузынан).<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады. | **Қимыл жаттығуы. "Мен өсемін".**<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Ермексаздан "қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.<br>**(мүсіндеу)** | **Қимылды жаттығу. "Пингвиндер ұқсап жүрейік".**<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта! | **"Дәрумендер".**<br>Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Нағима Арынова.<br>**(көркем әдебиет)** | | | Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.02 - 03.03.2023 ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 27.02.2023 | 28.02.2023 | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтардың жалпақ, үлкен, жапырақ беттерінің тегіс, қалың немесе жұқа болуын бақылау. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай".** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу | **"Әсем оюлар"** Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. **(жапсыру)** | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталатады.<br>Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | қабілетін дамыту.<br>– Торғай, торғай (саусақтарды бүгу, ашу),<br>Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)!<br>Толған дорба,<br>Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу).<br>Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю),<br>Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау).<br>Торғай, торғай,<br>Ұшып келші (алақандарды ашып-жұму).<br>Торғай, торғай,<br>Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аулаға құстар ұшып келді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру қабілеттерін дамыту; төрт тағандап жүру кезінде жемістерді жинауға ынталандыру; кірпі секілді дыбыстар шығару арқылы тыныс алу | **Дене шынықтыру**<br>"Құстар әлемінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру; көктем мезгілі, құстар туралы білімдерін кеңейту; оқу қызметін қайталау. | **Музыка**<br>"Көңілді торғай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты қимылдарды есте сақтай | **Дене шынықтыру**<br>"Бұлақ көрсең, көзін аш".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; еңбектеу техникасының тәсілдерін меңгерту. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қуыршақ Дананың киімі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы білімдерін әртүрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларын орындау; балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін толықтыру. | | отырып, орындай білуге үйрету; хорда айнала жүріп, өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылық тудыру; көктем және құстар туралы түсінік беру. | Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу тәсілдерін жете меңгере білу қасиеттерін қалыптастыру. | іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру; қоршаған заттардың сенсорлық сипаты туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, | **Жылғалардан аққан суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жылғарлардан аққан суларға аудару; еріген қардың суларға (шалшықтарға, өзендей ағымдарға) айланатынын байқату; көктемгі құбылыстың, күн | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда". | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>- Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. | жылынып, қардың ерігені туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; білімділікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Тулай бер, өзен!<br>Шулай бер, өзен!<br>Күшіңді жазға<br>Сыйлай бер өзен!<br>Сыйлай бер, өзен!<br>Ж. Кәрбозин<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге | Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді | нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау | Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар!<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балапандар, балпандандар!<br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. | үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар".<br>**"Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>- Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі ұйықтап жатыр екен.<br>- Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы.<br>- Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмаңдар, қашуға тура келеді.<br>- Аю, тұр, ояншы!<br>Қандай ұйқыжансың!<br>Аспанға қарайық,<br>Құстарды тыңдайық.<br>Педагог аюдың | дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен | "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br>**"Шеңберден шықпа"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Содан соң соңғы сөздерде бір жерге жиналады.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады. Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді үзу, жұлу дағдыларын | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар**<br>"Аю, тұр! Ояншы!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем шақырады".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әжеге алқа".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылап, қарындашты үш | **"Нысанаға допты домалату" қимылды ойын.**<br>Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан арасында айналдыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуға үйрету; құстарға еліктеп, дыбыстарын сөзбен айтуды жаттықтыру; құстарға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Менің көңілді добым…"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br>**(дене шынықтыру)** | барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуға дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту.<br><br>**Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту.<br>- Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. | тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру. | саусақпен ұстап, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; бір "моншақтан" кейін келесіні, кескіндері бірі-біріне тиетіндей, тығыз салып шығу тәсілдеріне жаттықтыру; сызықты көбірек "моншаққа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру. | өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Құстарға жем".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (induction) беретінін айтуға ынталандыру, дағдыландарыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері.<br>- Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер?<br>Балалар қоянға - сәбіз, | **"Күндер".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою.<br>2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.<br>3. Қол шапалақтау.<br>4. Екі аяқпен секіру.<br>5. Айналу.<br>6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату.<br>7. Сылдырмақпен билеу.<br>Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру.<br>**(музыка)** | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түлкіге - кәмпит,<br>қасқырға - бауырсақ, -<br>тиінге - саңырауқұлақ<br>беретіні туралы айтып<br>жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді қоректі тереміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын<br>бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған ортамен<br>танысу)** | | | шығарады? (Торғай<br>шырылдайды. "Шиық-<br>шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай<br>дыбыстайды? (Көкек:<br>"Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-жасар баламен қалай сөйлесу керек?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Арлас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі** | **06.03- 10.03.2023 ж.** |

| (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау. | | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: әженің суреті.<br>Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған | | **«Қамқорлық гүлі»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу .<br>Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін<br>жасап, анасына «Қамқорлық | **"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсынады.<br>***"Әже".***<br>Әжем менің әлі де,<br>Ұқсамайды кәріге.<br>Шай қайнатып береді,<br>Біздің үйдің бәріне.<br>Н. Исахметов<br>**(сөйлеуді дамыту)** | кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | гүлін» сыйлауды ұсынады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>- Туды көктем!<br>Шулы көктем<br>Кең даланы оятты.<br>Күн қызуын құйды көктен,<br>Сең бұзылды, су ақты.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | . **Дене шынықтыру** "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | | **Дене шынықтыру** "Бал бұлақ ". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қонжыққа төсек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | ***Желді бақылау.*** **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың | | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө. Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қарандаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық,<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды шайқайды,<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғаққа сай жалаушалармен қимылдауға | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел созайық.<br>Қолдарымыз шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру.<br>– Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады.<br>– Балапандарым, шығыңдар аулаға!<br>Өзіне қарай ойын алаңына шақыру.<br>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қанаттарын қалай қағады? Көрсетіңдерші? Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, алдыға жүгіреді. Жарайсыңдар!<br>Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру.<br>– Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға!<br>Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, | балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домаландап қашты.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға жалаушаларды үлестіреді.<br>- Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші.<br>- Тамаша!<br>- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады.<br>- Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір жалаушалармен ойнайық.<br>"Жалауша".<br>Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк жібектей мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>Жаттығу бірнеше рет орындатылады.<br>Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін | еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру.<br>- Балалар, біздің доп-дөңгелек күнге не ұқсайды?<br>- Бауырсақ ұқсайды.<br>- Әжеміз пісірген Бауырсаққа ән айтып берейікші.<br>- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" белгісі бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады.<br>Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өз орындарын тауып отырады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | | қалыптастыру. | ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Диван".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі кірпіштен диван жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау және кеңістікте бағдарлау | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Асатаяқ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың маңызы туралы түсінік бере отырып, оның аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Өнерлі баламыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. | **"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** **"Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Бір" және "көп" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту. Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз. **(сенсорика, сөйлеуді** | **"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.** Жарты шеңберде отырған балаларға ширма артына әртүрлі ойыншықтар немесе заттар жасырылады. Бұлардың пішіндері үшбұрышқа, дөңгелекке, тіктөртбұрышқа, шаршыға, сопақшаға келеді. Жеке тақтаға бірыңғай түске боялған (мысалы, көк түс) геометриялық пішіндер жапсырылады. Немесе слайд ретінде көрсетіледі. - Балалар, мен сендерге көлеңке көрсетемін, ал сендер оларға ұқсайтын пішіндерді атайсыңдар. - Жарайсыңдар! Балаларға доп, текше, призма, матрешка, пирамида | **Ойын-имитация.** "Домбыра" Домбыра – ғажап аспап, Ойнап кетсе – Қане! Шап! Күмбір-күмбір, күмбірлейді. Іліп қойсаң – үндемейді. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Тағам алдыру" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын барысындағы қимылдарды орындауға үйрету. Балалардың белгілі бір рөл үшін атрибуттарды өз бетінше таңдауға талпыныстарын ынталандыру; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)** | жасырылып, дұрыс жауап берген балаға беріледі. Егер жауап болмай жатса, бірінші көрсетіп, содан соң ғана жауап алуға болады. **(қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота»тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.04- 07.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **Мақсаты.** Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға зымыранның құрылыс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі құрылысты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады.<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Қараннан да озады<br>Ғарыштағы зымыран. | **«Зымыран» жаттығуы (құрылыс материалдарына**н)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға зымыранды текшелерден, призмалардан және цилиндрлік құрылыс материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға зымыран құрастырудың үлгісін көрсетеді, көркем сөз оқиды; балалардың бірі құрылыс жасағаннан кейін өлең оқи алады.<br>«Зымыранды ұшыру» ойыны<br>Зымыранды ұшырамыз «У-у-у»<br>Моторын қос «Р-р-р»<br>Мотор от алды «У-у-у»<br>Ғарышқа ұштық «Ж-ж-ж» | **Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>Аспан, аспан, арайлым!<br>Саған жиі қараймын,<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Суретті жина» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас суретті құрастыруды үйрету.<br>Шарты. Қиылған бөліктерден тұтас суретті құрастырады және атауын атайды.<br>1. ғарыш<br>2. жұлдыз<br>3. зымыран<br>4. ай<br>5. планета<br>6. күн<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорик)** | **Ритмикалық жаттығу**<br>Біз зу-зу ұшақ боламыз (саусақтарды жоғары-төмен қозғау),<br>Моторды қыздырып аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру).<br>Қанатты түзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю),<br>Аспанға биік ұшамыз (екі қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу")<br>-Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зуылдайды тыныштықта,<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Күміс түсті денесі<br>Жылтырайды қылыштай.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Ғарышкер боламыз,<br>Дос тауып, жұптасамыз.<br>Ғарышқа ұшамыз,<br>Алыс жұлдыздардан асамыз.<br>Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарышқа алыс самғайық!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш әлемінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті | **Музыка**<br>"Ғарыштағы ғажайып".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш шегіне жетейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ғарыштағы бояулар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. **Картотека №5 «Допты қуып жет» (дене шынықтыру)** | жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру; ғарыш әлемі және ұшқыш туралы білімдерін толықтыру. **Картотека №5 «Балапандар мен мысық» (дене шынықтыру)** | музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру. **Картотека №13 «Ол қалай жүреді?»(музыка)** | жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. **Картотека №2 «Ұйқыдағы аю» (дене шынықтыру)** | пішіндер мен кескіндердің қасиетттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру. **Картотека №1 «Үлкен заттарды тап»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау.** | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған** | **Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту,** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аударту; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын көрсетейікші.<br>- Қоян қалай секіретінін көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, қоян, бізді ойынға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан | **қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру; құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қараңдаршы.<br>- Бұтақтары шайқала ма?<br>- Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар.<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкіндігін туралы байқату.<br>- Аспанды тез бұлт алды,<br>Ақ жаңбыр бір тыңбайды.<br>Енді талдың бұтағы<br>Бұрасаң да сынбайды.<br>М. Достанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қарандаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br><br>"Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ, | тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады, тақпақты оқи жүреді.<br>"Тик-так".<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Ал, күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br>Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады.<br>Балалар жан-жаққа қашады.<br>Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. | жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Саяхатшылар әні".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру. | **Аз қозғалмалы ойын «Таяқшадан өт»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды серуендеуге, адымдауға жаттығу.<br>Бөлменің ортасындағы еденге екі таяқ параллель қойылады (1 м қашықтықта). Бөлменің бір жағында орындықта жалаушасы бар орындық орналастырылған. Балалар бөлменің екінші жағында. Бала таяқшалардан оларға қарай 2-3 қадам | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жұлдыздар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде пайда | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Сақина".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру.<br>Балаларды түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту. | тұрады. Педагогтың нұсқауы бойынша ол бірінші таяққа барады, алдымен оның үстінен, содан кейін екінші таяқтың үстінен адымдайды. Орындыққа барып, жалаушаны көтеріп, жоғары көтеріп, толқынды оларды. Содан кейін ол жалаушаны орындыққа қойып, шегініп, орнына оралады.<br>**(дене шынықтыру)** | болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сақтауға баулу; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру. | зейінін дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақты мәнерлеп оқу.**<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Зымыран".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Ыш - ыш, ғарыш.<br>- Ыз - ыз, жұлдыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Доппен ұшу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Тілін, сөйлеу ырғағын және мәнерлілігін айту процесінде сөйлеу тынысын дамыту; сөйлеуді қимылдармен үйлестіру қабілеті.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті шарлар.<br>Балалар қолдарында шарлармен шеңбер бойымен қозғалады және мәтінді айтады:<br>Аспан, аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойыншық итпен ойнау**<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық ит.<br>Тәрбиеші қолына итті ұстап:<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>Содан кейін ол итімен бірге әр балаға келеді, итті сипап, тамақтандыруды ұсынады. Бір кесе «қиялдағы» тағамды алып келеді. Бала итті тамақтандырады. Ит «жейді», «үреді» және «рахмет» айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ұшақтар» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қанат жазайық,<br>Ұшақ боп ұшайық.<br>Ұшып - ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.04-14.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.04.2023 | 11.04.2023 | 12.04.2023 | 13.04.2023 | 14.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). |
| | **"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды туған жер туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>**Көркем сөз. "Туған жер".**<br>Туған жер, алтын бесігім,<br>Тербеттің мені төсінде.<br>Жүреді сенің есімің<br>Ержеткен кезде есімде. | **Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>- Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) | **"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кең дала туралы тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоциялық қабілеттерді дамыту.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br><br>***"Кең дала".***<br>Алақай-ау, алақай,<br>Дала қандай кең еді!<br>Бәрі өзімдей балақай,<br>Қырдың гүлін тереді.<br>Н. Әлімқұлов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру.<br>Құралдар: лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану.<br>***"Лағым".***<br>Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қиянның.<br><br>Ақ лағым, ақ лақ,<br>Мазалама маңырап. | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Түйелер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: түйенің суреті немесе ойыншығы.<br><br>**"Түйелер".**<br>Өркештерін май басқан,<br>Аяқтарын паң басқан.<br>Ащы қуып, жайылып,<br>Бетегелі белді асқан.<br>Әнес Нарымбетов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүреді мәңгі есімде<br>Көкорай далаң, тауларың,<br>Албыртқан аспан төсінде<br>Жұлдызды тұнық таңдарың.<br>*Жарасқан Әбдірашев.*<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | "Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | | Бөпеме де сүт керек,<br>Кете көрме жамырап!<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлем саған, туған жер!<br>Сәлем саған, туған ел!<br>Сәлем тобым!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, көркем!<br>Сәлем, көктем!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбектейміз ерінбей!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек түбі - береке".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай | **Музыка**<br>"Жер-Ана, кең дала!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек етсең емерсің".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құлыншаққа шарбақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйлесімділігін сақтау икемділігіне машықтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын меңгерту.Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>**№2 Картотека**<br>**Тышқан мен мысық**<br>**Ойын мақсаты:**балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдықкқа үйрету. | жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру іскерліктерін дамыту; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын жетілдіру; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, епті болуға тәрбиелеу.<br><br>**№5 Картотека**<br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу.** | қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау.<br>**«Төлін тап» №33 Картотека** | шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.<br><br>**№4 Картотека**<br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. | объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбақтарға", бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен оңға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру.<br>**№2**<br>**Картотека**<br>**Құйыршығын тап»**<br>**Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді**<br>**Шарты: жануарлардың құйыршығын табады.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды | **Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру. **(дене шынықтыру)** | балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмды жолға себу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Тар жолда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Сарбаздар" жаттығуы. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру). | ауаның температурасын байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ересектермен бірге ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Ұшақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем - менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жүргізіледі. Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қадағалау керек.<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Құлыншақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс ұясы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыс нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жылқы мен құлын".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жер-Ана".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру. | **Ритмикалық жаттығулар.**<br>Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңселту)<br>Гүлдерде, (гүлді көрсету: екі жұдырықты біріктіру, саусақтарды жоғары созу, алақанды ашып-жабу)<br>Жасыл бұталарда, (отыру, алақанды ашу)<br>Қарлығаштар да («қанаттарын» сермеп)<br>Қояндар да (секірді)<br>Қыздар мен ұлдар да - (бір орында жүру)<br>Барлығымыз тұрамыз осында (қолды алға созу, алақанды көтеру)<br>Үлкен ғаламшарда (үлкен шарды көрсетеді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация. "Құлыншақ".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу.<br>***"Құлыншақ".***<br>Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Н. Жанаев «Табиғат анамыз» тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Табиғат ол анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Құшағында ойнаймыз,<br>Шаттық әнге саламыз.<br>Жазда аралап тауында,<br>Барамыз біз бауында.<br>Өзеніне шомылып,<br>Жүгіреміз жауында.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Бақ-бақ суретін жинайық" дамытушы жаттығуы.**<br>Балалар үшін бірнеше ұяшыққа бөлініп, бірыңғай түспен жабылған панно көрсетіледі. Педагог ұяшықтарды кезекпен ашып тұрады, балалар бақбақтың қай бөлігі ашылғанын атайды (басы, сабағы, жапырағы). Балалар атап бере алмай жатса, бақбақтың толық ашылған суретін ұсынып, балаларға айтқызу керек.<br>Сурет ашылғаннан кейін балаларға бақбақтың бөліктерін қайталату керек..<br>- Балалар, бақбақ ағаш па? Бақбақ – гүл. Қайталайық. Жарайсыңдар.<br>- Балалар, гүлдерді жұлуға болмайды. Гүлдерді күту керек.<br>- Бақбақ қандай тамаша! Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Далада қызғалдақтар өсті" шығармашылық рефлексиясы.**<br>Табақшаға салынған үшбұрыш, дөңгелектер мен санау таяқшаларын үлестіріледі. Балалар үстелде геометриялық пішіндерден далада өскен гүлдерді құрастырады. | **"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.04-21.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.04.2023 | 18.04.2023 | 19.04.2023 | 20.04.2023 | 21.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қадағалау, мақтау. |
| | **Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қарағайдың суреті.<br><br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **«Ғажайып хатқалта» дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: хатқалтадан шығарылған суреттердегі заттардың атауын дұрыс атау.<br>Шарты: педагог суреттерді кезекпен шығарып, заттардың атауын дауыстап атайды; балалар суретке қарап қызығады, педагогтің соңынан атауға тырысады.<br>Хатқалта.<br><br>- Балалар, біреу бізге хатқалта салып жіберіпті!<br>- Мынау - хатқалта. Бұл хатқалтада не бар?<br>Хатқалтада ағаш, бүршік, жапырақ, гүл мен жемістің суреті болады.<br>Педагог хатқалтағы суреттерді бір-бірден шығарады. Хатқалтадағы суреттердің атауын дауыстап атайды.<br>Балалармен бірге қайталайды. Балаларға сөздерді дұрыс айтқызады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.<br>Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға-шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Құстар» ойын-имитациясы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Қарға болып секірейік.<br>Торғай болып қонайық,<br>Тоқылдап боп шоқиық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Егейік көктем ағашын".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құм салынған қаппарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; құм салынған қаппарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту.Балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; құм салынған қаптарды екі | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбегіне қарай өнбегі."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жүргізу; психогимнастика жасау іскерліктерін дамыту; құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын жетілдіру; ептілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет»** | **Музыка**<br>"Жасыл желек"<br>Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды<br><br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек ептілікті сүйеді."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға тұрғызып, құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау, ептлікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Картотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл желек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; қылқаламның түгінде бояудың бітіп қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру; қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>**Картотека №15**<br>**«Ұшты -ұшты»** | | | | **№ 9 Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**"Желектер".**<br>Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)<br>Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау)<br>Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)<br>Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты:<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты** | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпі туралы тақпақты тыңдап, жағымды эмоцияларға бөленіп, кірпіге еліктей білуге баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі, жарайсыңдар!<br>- Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай қоректі іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>Д. Ахметова<br>- Қанекей, кірпі ұқсап, мына жатқан жолдармен асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне | **қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу;ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | **дамыту:** "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты,ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Пойызбен саяхат."<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы бірыңғай пішіндердің сәйкестігін байқауға дағдыландыру. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аққайың".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Алқаны жинайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; домалақтардың (моншақтар) түстерінің сәйкес келуін байқауға дағдыландыру; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу; жапсыру іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. | **"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай".**<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, қурап қалады.(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан)**<br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту.**<br>Балалар алдына панноға бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі:<br>* 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ;<br>* 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш.<br>- Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Аш - аш, ағаш.<br>- Шік - шік, бүршік.<br>- Рақ - рақ, жапырақ.<br>- Міс - міс, жеміс.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Отбасындағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |

| Педагогтің аты-жөні | Жұрағат А. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукүйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br><br>Қолдарымыз дос болсын, | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>***"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)***<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың? | **Ұлттық ойын. Теңге ілу**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден терендігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Мұнара".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және кірпіш құрылыс материалдарынан мұнара және өзге қарапайым құрылыстарды жасауға дағдыландыру; жасалған | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br><br>Қолдарымыз дос болсын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | - Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Доп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. | жұмысынан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог балаларға құрылыс үлгісін көрсетеді. Балалар құрылысты құрастыруының алдында педагог көркем сөзді оқып, балаларды өзіне ілестіреді.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | (алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Балалар, қане, күлейік,<br>Ән-күйлермен бөлісейік.<br>Шеңберге шығып жүріп, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әдемі биді билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Дөп-дөңгелек шаңырақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту. Балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; допты екі қолмен лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты лақтыру техникасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын дамыту; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Әлди, әлди, бөпешім!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.<br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты лақтыру техникасын пысықтау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бір қатарға тұрғызып, допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауаның қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту.<br>**Картотека №1**<br>**«Жыл мезгілдері»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аспанды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аспанның таза | **Көлеңкені бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, | **Желді бақылау (жалаушаларды қолдану).**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Көлеңкені бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, | **Бұлттарды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көк аспанда ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге | олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қараңдаршы.<br>- Бұтақтары тербеліп тұр ма?<br>- Бұтақтарының тербелгені нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар!<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>- Балалар, ал қазір бір де жалаушаларды қолға ұстап, желдің болғанын бақылаймыз.<br>- Қалай? Жалаушаларың желбіреп тұр ма?<br>- Мінеки, жел соғып тұр. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; | олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі | бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып қимылдар жасауға, жан-жаққа шашылып, қайта шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру;<br>- Кел, балалар, тоқтамай,<br>Жиналайық ортаға. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br>**"Құлыншақ".**<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>"Жалауша".<br>Педагог көркем сөзді оқи жүріп, балаларға жалаушалармен қимылдарды көрсетеді. Жаттығуды ұйымдастырғанда балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын бақылау керек.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен, | жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | Шеңбер болып, кеңейіп,<br>Қолды қолға жалғайық.<br>Жаттығулар жасаймыз,<br>Бірге жүріп, ойнаймыз.<br>- Ал, балалар, біраз барып ойнап келейік.<br>- "Балалар, жиналайық!" деген кезде қайта шеңберді құра қаламыз.<br>ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, алаңда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкі болып ойнайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әуедегі шарлар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: қағаз бетіне қойылған нүктеден қарындашты алмай, шеңбер жасап, қайта бастапқы нүктеге қосуға дағдыландыру; "шар" бейнелерін "жіп" сызықтарымен толықтыруды көрсету; мерекелерді безендіру рәсіміне көңіл аударту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен қоян" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықтар туралы түсінік беру. | **"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары.<br>Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары қарай бокалды, қасықты табақшаның оң | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Гараж".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен байқағыштығын, зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Балалардың құрылыс материалдарына деген қызығушылықтарын арттыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады.<br>Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>- Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза,<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.<br>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.<br>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала.<br>Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын! | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Бесік жыры".<br>Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың | **Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету.**<br>1. Досы көпті жау алмайды.<br>2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты.<br>3. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.**<br>Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!)<br>3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, | **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артынана жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) | дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды. | | кезек береді. (Иә!)<br>5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05- 05.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | | **Ритмикалық жаттығу** Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды | **"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | табуға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар<br>Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсор**ика) | салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>"Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар! | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Дене шынықтыру**<br>"Солдаттармыз саптағы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру; еңіс тақтай үстінде жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | **Музыка**<br>"Отшашулар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге | **Дене шынықтыру**<br>"Біз жас ұланбыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл, салтанатты адыммен жүргізу; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауда епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қорапшадағы мерекелік кәмпиттер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру; бейбітшілік туралы қысқаша түсінік беру.<br>**Картотека №17**<br>**«Түрлі түсті шар»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; бейбітшілік туралы түсінік беру<br>**Картотека №39**<br>**«Үкілі тақия»** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жапырақтардың желде шайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>- Жел бізбен ойнамақ,<br>Оңға, солға жасырынбақ.<br>Жапырақтар да ойнайды,<br>Күннің көзіне жылтыңдайды.<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, қанекей, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?<br>- Иә, жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.<br>*"Туған елдің көктемі".*<br>Маржан жаңбыр<br>Жауды да бір<br>Кемпірқосақ керілді.<br>Жарқ етті де, аунады қыр,<br>Ырзық дәні себілді.<br>Ш. Мәмбетов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне | **"Дөңгелек салынған суреттерді бақылау". (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген дөңгелектер".*<br>Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскеде ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймаңдап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br><br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта!<br>"Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне | еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден белгі бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру.<br>– Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады.<br>– Балапандарым, шығыңдар аулаға!<br>Өзіне қарай ойын алаңына шақыру.<br>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп, жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қалай қағады? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, жүгіреді. Жарайсыңдар.<br>Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру.<br>– Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға!<br>Шақырулар айтылып жатқанда дауысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | | ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып, отыратын болады. **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Отшашулар (Салют)". Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелік отшашуларды педагогтың көрсетуімен және өз елестетуі бойынша салуға жаттықтыру; мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Аспаптар қалай дыбыстайды?" Мақсат-міндеттер. Балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру; кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сыртқы бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қызғалдақ". Мақсат-міндеттер. Балалардың алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемнің табиғи құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Мерекелік шелпектер". Мақсат-міндеттер. Балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып, илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; балаларға өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, тілі мен есте сақтауын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түсінік беру. | дағдыландыру. | | дамыту; балаларды өздерінің еңбек нәтижелерін бағалауға және нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшш ... (отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру.<br>Шарты. Дорбада жатқан затқа (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылып айтуға ынталандырады.<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05-12.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, ұқалауын қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртуін, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қадағалау, мақтау. | | қадағалау, мақтау. |
| | | | **Ойын-имитация. "Дала гүлдері".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бақбақ гүл".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау. | **Саусақ жаттығуы. "Гүлдер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сөздерді айтқанда, саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br><br>***"Гүлдер".***<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>Жайнар кезім келді деп,<br>Қанаттарың желбіреп,<br>Таңмен бірге оянып,<br>Күн нұрына боянып,<br>Көрік бердің балаға.<br>Тұманбай Молдағалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>"Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Неткен әдемі біздің әлем! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғажайыптарға "Сәлем!"<br>Ғажайыптардан көз алмайсың,<br>Қуанып, бәрін қызықтайсың!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>**«Нәзік гүлдер»**<br>Оқу қызметінің мақсаты Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.<br>**Картотека №21**<br>**«Не артық»** | **Дене шынықтыру**<br>**"Бақ-бақ гүлі әлемінде".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасына дағдыландыру; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру жаттығуына машықтандыру. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білу қабілетін дамыту; допты алысқа лақтыру дағдыларын меңгерту; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру кезінде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Картотека № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағаз бетімен алдына ала танысып алуға үйрету; қағаз бетіндегі "көктемгі далаға" қою бояуға малынған қылқаламмен алдында бормен салынып қойған гүлдерге жақпа басып, тез алып отыруға жаттықтыру; "гүл шоғы" басылып шыққан сайын тағы да гүл сабағы бар бос жерлерді тауып, дәл қойып отыру қабілетін пысықтау; қағаз бетін гүлдерге толтыруға дағдыландыру; көктемгі табиғат көріністері туралы түсініктер беру.<br>**Картотека №3**<br>**«Не артық»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Бақбақ гүлін бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бақбақтың негізгі | **Көлеңкені бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Көктемде гүлдейді бұталар,<br>Көктемде гүлдейді ағаштар,<br>Көзге тартымды бұл гүлдер,<br>Қонады гүлге жәндіктер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау | бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>Ұп-ұзын көп жапырақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ,<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бақбақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, | олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қоюы мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар,<br>ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>- Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>"Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | - Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді гүл алып".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Е. Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Билейміз гүлдермен".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Аула қақпасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоциялық ахуал тудыру. | ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту. | бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдардың қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлану мүмкіндіктерін арттыру; тілі мен байқағыштығын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Ойын-имитация. "Дала гүлдері".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен. | **"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>"Кең дала".<br>Алақай-ау, алақай,<br>Дала қандай кең еді!<br>Бәрі өзімдей балақай,<br>Қырдың гүлін тереді.<br>Н. Әлімқұлов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жер шары".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан шарды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05-19.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | қажет екенін айтқызу; балалардың сукүйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | **"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды.<br>- Түрлі түсті сақиналар,<br>Көлемі түрлі сақиналар.<br>Пирамиданы жинайық,<br>Жинайық та қуанайық. | **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>***"Доп"***.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын. | **"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймаңдап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br><br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта!<br>"Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бақ-бақ гүлін бірге үрлейік".<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, | **Дене шынықтыру**<br>**"Көк машина".**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білуге үйрету; допты қақпаға дәл домалату техникасына дағдыландыру; | **Музыка**<br>**"Нәзік гүлдер".**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдейміз".<br>**Мақсаты**. Балалардың допты домалату техникаларын жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің дыбыстарын | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>**"Кемпірқосақ".**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.** | допты домалату жаттығуы арқылы қол, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Картотека №13**<br>**«Ақсерек- көксерек»** | қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.<br>**Картотека № 40**<br>**«Түрлі түсті шеңберлер»** | ажыратуға үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту.<br>**Картотека № 10**<br>**«Доптар мектебі»** | үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.<br>**Картотека№8**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қазір күн шығып | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқату.<br>*"Туған елдің көктемі".*<br>Маржан жаңбыр<br>Жауды да бір<br>Кемпірқосақ керілді.<br>Жарқ етті де, аунады қыр,<br>Ырзық дәні себілді.<br>Ш. Мәмбетов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз"** | нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген дөңгелектер".*<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл | ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова | тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн.<br>"Түн қалдырмай қуып өтті".<br>Түн қалдырмай қуып өтті,<br>Нөсер көкті жуып өтті.<br>Жалғыз ғана көгенге ұқсап<br>Қала берді кемпірқосақ.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос | құмырсқалар.<br>Қайталайықшы. Тамаша.<br>Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.<br>"Құмырсқалар".<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздерінде,<br>Қызып алған<br>Кездерінде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | аяқпен секіруге жаттықтыру. | дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Саусақ жаттығуы. "Біз** | **"Жауын" қимыл** | **Қоршаған ортамен** | **Ойын-имитация.** | **Жапсырудан ойын-** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **текшені жинаймыз".**<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **жаттығуы.**<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Ешкі мен лақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру. | **"Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **жаттығу**<br>"Бұлттар ұшып келеді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | - Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Түстер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Көбелек".**<br>Ермексазды илеу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | Кір қысқыштармен жаттығулар. "Гүл".<br>**(сенсорика)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | | |

| | |
|---|---|
| (ата-аналарға кеңес) | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақботат» обы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05-26.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сүртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға, қораптарға салуға шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | ойнау туралы түсіндіру. | | |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту.<br>Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>***"Жауын"***<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>***"Доп".***<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Тауық пен балапан".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға әңгіме мазмұнын мұқият оқып беру; әңгімедегі дыбыс иелерінің дыбыстарына еліктей білуге және қайталауға дағдыландыру; әңгіме тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру. | **Саусақ жаттығуы. "Лағым".**<br>Балаларды тақпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға ынталандыру; ешкінің төлі лақтың қимылдарына еліктеуге дағдыландыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Балаларға лақтың суретін немесе ойыншығын көрсетіп, ұстатуға болады.<br>***"Лағым".***<br>- Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br>С. Желдірбаева | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдейміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың допты домалату техникаларын жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің дыбыстарын ажыратуға үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту.<br>**Картотека №1**<br>**«Өз үйіңді тап»** | **Дене шынықтыру**<br>"Мергендікті шыңдаймыз".<br>Мақсаты. Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сапқа тұрып, бір қолмен алдында тұрған баланың белінен ұстап, пойыз сияқты жүру іскерліктерін дамыту; епті, шапшаң болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека №7**<br>**«Қояндар мен қасқыр»** | **Музыка**<br>"Еңбек түбі – зейнет".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты | **Дене шынықтыру**<br>"Шынығамыз жазда".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын меңгеруге жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі егістік туралы түсінік беру.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын меңгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>**«Күн мен түн»** | салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.<br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>«Табиғат құбылыстарын ата» |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе | Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>*"Жауын"*<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене** | құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса -<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту. | Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген дөңгелектер".*<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне | Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар.<br>Қайталайықшы. Тамаша.<br>Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.<br>**"Құмырсқалар".**<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздерінде,<br>Қызып алған<br>Кездерінде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | - Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық, Алысқа лақтырайық.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. | соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | дамыту.<br>**"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Гүлдерді бақшаға отырғызайық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу).**<br>Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; "отырғызылған" гүлге қарап, қуанышқа бөленуге баулу.<br>Құралдар: қатпа қағаз беті (бау-бақша алаңы), гүлдер (түрлі гүлдердің бастары), кір қысқаштары.<br>Балаларға қысқышты ұстап, гүлдің басын қатпа қағазға қысып, жапсыруға үйрету.<br>Балалар жұмыстарын жасап болғаннан кейін педагог Т. Молдағалиевтің "Гүлдер" тақпағын мәнерлеп оқиды. балалар тақпақты оқу барысына қосылуы мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұлттар ұшып келеді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ешкі мен лақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қозы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қозы кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдеріне көктемде қамқорлық жасау керек екені туралы түсінік беру. | **Шеңберде ойын. "Күн ойнап тұр күлімдеп".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Өтеш кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Өтеш ерте оянады, "Тұрыңдар!" – деп шақырады.<br>Көк аспанға күн шығады, Достар ойынға шығады.<br><br>Күн ойнап тұр күлімдеп,<br>Аспан төрінде билеп,<br>Алтын сақадай қызып,<br>Шеңберлерде жүргізіп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және** | **"Ара" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Оның жалғыз білгені,<br>Ағаш, тақтай тілгені.<br>Асықтырып өз-өзін:<br>"Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені. | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға | "Қозы қалай қимылдайды?"<br>- Қозы қалай қимылдайды?<br>Денесін түзу ұстайды.<br>Басын оңға-солға шайқап,<br>Аяқтарын жинайды.<br>Орнында тыныш тұрмайды,<br>Секіреді, ойнайды.<br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **көркем әдебиет)** | Жәнібек Кәрбозин. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05-02.06.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстырудын ойын-жаттығу**<br>"Құмның қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің көше".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алуан түсті алақан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әрқайсысының әртүрлі түстегі қою бояуға малынған алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оқу қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; көзбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Көпіршіктер жасаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын жетілдіру; епті, жылдам, ұқыпты болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека № 13**<br>**Қимылды ойын: «Қоңыздар»** | **Дене шынықтыру**<br>"Жазда жылдам өсеміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын бекіту, оқу қызметін пысықтау, доптарды қолдарын басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Картотека № 9**<br>**Қимылды ойын: “Допты қуып жет ”** | **Музыка**<br>"Жаз кереметтері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.<br>**Картотека№37**<br>**«БАСПАЛДАҚ»** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау.**<br>Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, | **Көбелекті (қоңызды) бақылау.**<br>Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға | **Құмды бақылау.**<br>Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.**<br>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе | көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы.**<br>Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар,<br>ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Үш аю" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы аңдардың | **Санамақ**<br>Бір дегенің - бас бармақ,<br>Барлық істі басқармақ.<br>Екі дегенің - балалы үйрек,<br>Ақ қағазға салады ирек.<br>Үш дегенің - ортаң терек,<br>Еңбек етіп, болған зерек.<br>Төрт дегенің - шылдыр шүмек,<br>Тілі тәтті былдыр түлек.<br>Бес дегенің - кішкене бөбек,<br>Үлкендерден үйрене бермек.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жайма шуақ жазымыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.** Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Жаз еді" өлеңін оқу.** Өзен жай ағады,<br>Жағасы балауса.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша.<br>Ә.Ахметов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Хоки-поки биі" атты мультфильмін көру.** Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, жаттығуларды қайталауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?". | | | | |

Келісемін
«Балбөбек» шағын
орталығының меңгерушісі
_______ Касенова А.Ж.

Бекітемін
Атамекен ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
_______ Зикирин Ж. Е.

# 2022-2023 оқу жылына арналған «Балбөбек» шағын орталығының «Ақбота» тобының перспективалық жоспары

Орындаған: Хумарбек Р.



2022-2023 оқу жылына арналған
«Балбөбек» шағын орталығының
«Ақбота» тобының
циклограммасы

Орындаған: Хумарбек Р.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_»Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;<br>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;<br>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;<br>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;<br>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.<br>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>Спорттық жаттығулар:<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;<br>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дағдыларды қалыптастыру:<br>- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>Сөздік қор:<br>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауды үйрету.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау. |
| | Көркем әдебиет | 1) ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға. |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) туыстық атауларды білдіретін сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және тағы басқа) дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер);<br>2) қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену;<br>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| | Математика негіздері | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін<br>қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасуын білуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Күн райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | 1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта<br>және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; |
| | Сурет салу | Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); |
| | Мүсіндеу | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.<br>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | Жапсыру | 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету;<br>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;<br>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;<br>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;<br>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;<br>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне |

| | | |
|---|---|---|
| | | баулу.<br>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру және тағы басқа;<br>3) секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Спорттық жаттығулар:<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;<br>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дағдыларды қалыптастыру:<br>2) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;<br>Сөздік қор:<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;<br>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану; |
| | Көркем әдебиет | 2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауды; |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздік қор:<br>1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>Тілдің грамматикалық құрылысы:<br>1) сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;<br>2) жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.<br>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| | Математика негіздері | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау.<br>Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануды және атауды үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.<br>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Өсімдіктер әлемі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көгөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Құрастыру | 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;<br>3) ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; |
| | Сурет салу | 2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру. |
| | Мүсіндеу | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | Жапсыру | 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;<br>3) желімдеудің техникасы; |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады;<br>4) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады.<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен**

**оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: жүгіру дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>- қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>- заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>- қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (күз мезгілі, ауа райы, күз өнімдері, көлік түрлері, аңдар, ертегі кейіпкерлері) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды карауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ә" дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.<br>**Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп, санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам түрде шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Үлкен және саны аз заттарды ажыратуды үйрету. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оның оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты алу керектігі айтылған тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(сөйлеуді дамыту)** | әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. **(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жазғы ойын-сауықтар** | | **Жазғы ойын-сауықтар** | **Дене шынықтыру** "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету. **"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **Сурет салудан ойын-жаттығу. "Түрлі түсті доптар"** Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуды үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. (сурет салу) Түрлі түсті доптардың түстерін қазақ тілінде атау. (қазақ тілі) **Саусақ жаттығуы.** "Түймеше". Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. **(сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балаларды екі топқа бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керегін үйрету. **(дене шынықтыру)** | **дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп түсіндіреді.<br>Абай Құнанбайұлы «Көлеңке басын ұзартып» | | **Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап<br>Бөтегесі томпиып<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>- Балалар, біз бақылаған құс қалай | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға аспанның әсемдігіне назар аударуды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспанның бұлтты немесе бұлтсыз болуын бақылау; бұлттың қозғалысын бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көлеңке басын ұзартып,<br>Алысты көзден жасырса;<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса...<br>Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің сол қимылдарды тура қайталайтынын, көлеңкенің қара, сұр түсті ғана болатынын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** құрап түскен жапырақтарды жинау. **(қоршаған ортамен танысу, еңбекке баулу дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>**"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** | | аталады?<br>- Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға пайдасы бар ма?<br>**"Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Түлкіні" санамақ арқылы таңдап алуға болады.**<br>Ойын барысында | соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. | мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе ыдырап кететінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ. **(көркем әдебиет)**<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын табуға машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жылдам жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки, жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырты пішіні жуас салғырт.<br>Оятaлық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та. | | балалардың алаңда секіру, жүгіру мүмкіндіктері қадағаланады.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке,ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек әрекеті:** қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | ұшады, найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>**"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүре білу қабілетін дамыту.<br><br>**Балалардың еркін ойнайтын ойындары.** | | | | ойын тақырыбын таңдауға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. (сөйлеуді** | | **"Қуыршақты серуенге** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** | **Математика негіздерінен ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа (сол дыбысты шығаратын жануарлар немесе азаттардың суреттері).<br>Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және оның не екенін ажырату қажет.<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа | | **шығарайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың киімдерін киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. | "Ойыншықтармен танысу".<br>Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуді үйрету.<br>"Сандықтарды жинайық" зерттеу жаттығуы.<br>Сюжеттік ойыншықтармен ойнау.<br>Ертегі оқу. **(көркем әдебиет)**<br>Үстел-үсті театры.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттері. Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары арқылы дидактикалық ойындар ойнату. Төлдерді қазақ тілінде атау. | **жаттығу.**<br>"Ойыншықтарды жинайық"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина".**<br>Мақсат-міндеттері. Текшелерді түстеріне қарай жинау.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша - біздің үйіміз".<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушін" рөліне өзі қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты | | Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттейді, сынығын жөндейді. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Табиғат ғажайыптары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қоршаған табиғат туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; күн райын бақылау кезінде маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуді үйрету; балабақша туралы түсінік беру.<br>Балалардың табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.<br>**"Жанды және жансыз табиғатты ата" дидактикалық ойыны.** | Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру.<br>**"Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс материалдарының жинағынан балабақша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізеді. Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Жолаушылар кіріп-шығып жатады. Үлкендерге орын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. | | | Мақсат-міндеттері. Жанды және жансыз табиғатты бір-бірінен ажырата білу іскерліктерін дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. | құрау.<br><br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Доппен жаттығу".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыру; ұйымдастырылған іс-әрекетте шығармашылыққа баули отырып, ермексаздан доп жасаудың тәсілдерін үйрету; шығармашылық жұмысты топпен орындауға дағдыландыру; ермексаздан допты жасауда икемділікке баулу; доптың қасиеттері жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тіл ұстарту. "Кім не істейді?"** | | **Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар** | **"Тап та, атын ата" дидактикалық** | **"Ғажайып дорба" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | **оқу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Халық ауыз әдебиетіне сүйіспеншіліктерін арттыру. **(көркем әдбиет)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді қабылдауларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. |

| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 05.09-09.09.2022ж. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге, бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қою, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге (тазалау, кептіру және тағы басқа) іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа естеріне салып отыру. |
| | **Саусаққа арналған** | **"Шатаспай есте** | **"Сәлем!" саусақ** | **Санамақтар айтқызу.** | **"Өрмекші" саусақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығу. "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды)<br>"Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **сақта" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш тағы басқа)<br>Педагог:<br>- Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде | **жаттығуы.**<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды).<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды).<br>"Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады).<br>Қасымдағы көршіме (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды).<br>- Сәлемет пе, (екі қолды жоғары созып, аспанды көрсетеді)<br>Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді).<br>- Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып | **М. Қуанышбеков "Санамақ".**<br>Екі көз бен қос құлақ<br>Бір бас пенен бір мұрын<br>Нешеу болды қос шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің ...<br>Нешеу болды қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды<br>Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ-балапанын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **жаттығуы.**<br>Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),<br>Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады),<br>Нөсер кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақанның үстінен тез «сырғанап түседі),<br>Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды),<br>Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сақтауы қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | алдына ұстайды).<br>Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)<br>- Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды).<br>Самал жел желпіген (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстап оңға және солға кезектестіре қозғайды).<br>- Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)<br>Кішкентай түбіртек!<br>Сәлем, таң жаңа атқан!<br>Сәлем, күн арайлы!<br>Сәлемге еріну!<br>Бізде әсте болмайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | оңға, біресе солға иіледі),<br>Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады),<br>Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелер)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерді көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Отбасындағы сыйластық" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңілкүй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Әдемі сап түзейміз!"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің | **Дене шынықтыру**<br>"Сапқа тұрайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп | **Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға | **Дене шынықтыру**<br>"Бауырсақпен шеңберге тұру".<br>Мақсат-міндеттері. | **Қазақ тілі**<br>"Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!"<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту.<br>**"Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту.<br>**"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруға үйрету. **(дене шынықтыру)** | қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір | Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету.<br>**"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп нысанаға лақтыруды үйрету. **(дене шынықтыру)** | Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**"Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Киімдерді шкафқа дұрыс орналастыруды үйрету. Ұқыптылыққа баулу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суреттегі жануарларды қазақ тілінде атап, қимыл-қозғалыстарын сипаттап көрсету. **(қазақ тілі, дене шынықтыру)** | | мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. **"Ұшты-ұшты" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұшатын және ұшпайтын заттардың ерекшелігін үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.** | **Ауладағы** | **Желді бақылау.** | **Теректі бақылау.** | **Иттерді бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Ар жағында орманның,<br>Ар жағында таулардың,<br>Алтын кеспек домалар. (Күн.)<br>- Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)<br>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)<br>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)<br>- Балалар, сендер күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? | **адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап беруге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше, балалар, бүгін ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды сыпырып жинаған. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің әлсіз және күшті жақтарын ажырата білуді үйрету; желдің күшін қандай белгілері бойынша анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса желдің күші қатты болғаны, шөп тербелсе желдің күші әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра алуды үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат, | **(қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктер салынған карточка-суреттері.<br>**"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бүршіктер мен жапырақтарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: “Қоймадағы тышқандар”. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың саламатты өмір салтына, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өйткені біз күзгі киімдерді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Ал таңертең және кешке күн салқын болады.<br>**"Жұбыңды тап" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір таңбалауыш (фишка) суреттен таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша бірдей түсті таңбалауыштары (фишкалары) бар балалар жұп болады. | Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кету керек. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала | Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауды үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын | дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу.<br>Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Осы кезде мысық оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыш (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы бар.<br>Түрлі түсті таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>**"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік | өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе істей жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: өздерінің еріктері | Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу.<br>«Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сияқты сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су арқылы желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегльдердің арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | үйіне апарады.<br>**Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | Ойында балалардың өз бетінше бір-бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуді үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды әбден көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айтуды үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Дуал".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әженің көмекшілері".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда "көп", "біреу", "бір-бірден", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; отбасы жөніндегі түсінікті тиянақтау.<br>Балаларды бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Әжем пісірген тәттілер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, әртүрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есіп мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Мұрагер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар беру, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру. Балаларды ойыншықтармен таныстыру кезінде зейін, есте сақтау және қабылдау қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br>**"Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету.<br><br>**"Менің отбасым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру.<br>Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне | "Қошақаным".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажыратуды үйрету; отбасы туралы түсінік беру.<br>**"Үй жануарын дауысына қарай ажырат" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының дыбыстарын ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойыны. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттері. | анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыру біліктерін жетілдіру; зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>**"Жіптерді орнына сал" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Себетке тоқыма жіптерді түстеріне және көлеміне қарай жинау.<br><br>**"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы. Қорапта | түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру.<br><br>**"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру; ересектердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ойынға ұлдар да, | туралы түсінік беру.<br>"Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Отбасы" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Отбасы" ойыны арқылы шығармашылықтарын шыңдау; отбасы туралы түсініктерін кеңейту; әр отбасы мүшесінің атқаратын ісі мен рөлі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; отбасылық ынтымақтастық туралы білімдерін толықтыру.<br>"Отбасы" ойыны.<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі:<br>- Сенің отбасың қандай?<br>- Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды, саяхаттайды, спортты жақсы көреді), өйткені ... **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып | Ойынға қызығушылықты дамыту, балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру. Балалардың таңдауы бойынша ертегіні оқып беру. **(сөйлеуді дамыту)** | әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады. Жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қыздар да қатысады. Балалар отбасындағы ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстарының рөлін ойнайды. Балалардың рөлін қуыршақтар ойнайды.<br>Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек. Жиһазды орналастыру, заттар қою, балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек. Педагог осы процесті бақылап, жанжалды жағдайларды шешуге көмектесе алады. Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру: "Балаларды балабақшаға жинау"; "Демалыс күні"; "Үйдегі тазалық"; "Жөндейміз"; "Дастарқан басында" | шыққанын анықтау.<br>Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортада көзін жұмып тұрады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай, дыбыстың қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің қасына қою керек, қуыршақ орындыққа отырады. Жиһаздың қызметін балалар осылай айтып береді. **(сөйлеуді дамыту)** | | | және тағы басқа. Ойын барысы балалар арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар еңбек элементтерін де қамтуы керек. Ойын алдында балаларға отбасылық күнделікті тақырыптағы ертегіні оқуға болады, содан кейін оны талқылап, ойын арқылы сипатталған жағдайда дұрыс мінез-құлық моделін көрсетуге болады. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Менің отбасым"** Мақсат-міндеттері. Отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. **(көркем әдебиет)** | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, | **"Өз әжең" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.<br>Барысы: балаға әртүрлі жапырақтар таратылады. Балаға жапырақтарды салыстырып, қай ағаштың жапырағы екенін табу керек.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде-бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде-бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қиын бала қайдан шығады?" | Кеңес.<br>"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз". | Кеңес.<br>"Ойыншықтардың бала өміріндегі маңызы". | "Менің сүйікті ойыншығым" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Баланың жетістіктері туралы ата-анасымен әңгімелесу. |

| | |
|---|---|
| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік** | **«Ақбота»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Хумарбек Р.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09-16.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 | 16.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өз бетінше тазалауын, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулаңдар, сығыңдар, құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Керекті киімді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Менің үйім" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден үй жасауды үйрету, оның неден тұратынын айту.<br>**(құрастыру)** | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістіктік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамыз, күлеміз,<br>Бар әлемді сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достармен бір жүреміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, зейінін дамыту.<br>Барысы: педагог сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды, олар тек қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айтады.<br>Мысалы: қант тәтті, ал бұрыш ... (ащы).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ол қандай?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>Барысы: заттың атын атап, баланы осы заттың қалай көрінетінін, қандай формада болатынын, содан кейін ол ұсынған барлық нәрселерді сипаттауды сұрайды.<br>Мысалы: жұмыртқа сопақша пішінді, түсі ақ немесе қоңыр, шикі немесе қайнатылған, іші ақ және сары. Тек заттың белгілерін айтып қана қоймай, оның суретін де салдыруға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдікті жапырағынан тануды үйрету, зейінін дамыту.<br>Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жәндіктер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, жәндіктерді сын-сипатына қарай сипаттауға үйрету, барлық тіршілік иелеріне қамқорлыққа тәрбиелеу және зейінді дамыту.<br>Барысы: балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ жәндіктерді сипаттайды, ал екіншісі оның қандай жәндік екенін табуы керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Содан кейін топтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ауысады. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Шеңберге өз еркімізмен тұрамыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүруге, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен жүру және баяу жүдруден кейін, жылдам ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу, тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; екі аяғымен ұзындыққа секіру және екі топ бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін | **Дене шынықтыру**<br>"Әдемі шеңбер жасайық"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, қимылды ойын арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру.<br>**"Допты шеңберге кіргіз" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты гимнастикалық шеңберге кіргізу. | **Музыка**<br>"Әлди-әлди"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**"Фестиваль" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға өз өнерлерін достарының алдында қысылмай көрсетуге үйрету. Өнерге қызығушылықтарын | **Дене шынықтыру**<br>"Епсіз қонжық"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп, аяқтың ұшымен жүруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Паровоздың дыбысын шығарып, ақырын жүруді және жүрістерін біртіндеп жиілетіп жүруді үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру; қимыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту.<br>**"Шеңбердегі доп" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. | | дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу | **Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру.<br>Күн райының қандай екенін ажыратуды үйрету (ашық, бұлтты | **Құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Аспаннан жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау ерекшеліктерін салыстыру.<br>**"Қаршыға мен** | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>Ағаштар қыста қалай қыстап шыққанын тексеру.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. | **Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар".<br>"Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. | бұлттар, жаңбыр).<br>**"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны.**<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтінді айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қол ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бәріміз достасып,<br>Бір орында тұрысып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым қашықтықта тұрады. Ойын | **қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар | - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады?<br>- Тағы қандай өзгерістер болады?<br>- Ағаштар ауаның ластанудан тазалайды. Адамдар ағаштарды көп отырғызады.<br>**«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу.<br>**"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; | қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар".<br>"Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірлейді барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кеттіініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>"Ұстап алу" - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында | бастаушы қандай да бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушысын ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.<br>**"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан қашуды үйрену.<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. | бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар (қаршығалар мен қарлығаштар).<br>**Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доп ойындарына тарту; | шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірлейді барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кеттіініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>"Ұстап ал"у - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. Еңбек әрекеті: өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары. | Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. | дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда, оны секіртіп, себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: себеттер мен доптар. **"Құстар" туралы ертегі айту.** Мақсат-міндеттері. Бақылау кезінде құстарды бақылай отырып, елесту арқылы қиялдарын дамыту. **(көркем әдебиет)** | | балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. **Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Күн тәртібі". Мақсат-міндеттері. | **Құрастырудан ойын-жаттығу.** "Достарға саты". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс | **Сурет салудан ойын-жаттығу.** "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Күзгі бақ" Мақсат-міндеттері. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру; күн тәртібін пысықтау; "үлкен - кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын** "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырғыштармен ойындар ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қалпақты өсімдіктер" Мақсат-міндеттер. Балалардың жеуге | материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойын барысында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруды үйрету.<br><br>**"Қимылдарды ұқсат" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттері. Театрландырылған ойын арқылы балалардың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Педагог:<br>- Балалар, кіп-кішкентай балалар қалай жүреді? | Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуды үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір жылдам өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". (сөйлеуді дамыту)**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>(саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақты бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық.<br>(шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>(саусақтармен үстелдің бетін соққылау)<br>Жамылып отырайық.<br>(алақандармен бас төбесін жабу) | Балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін бақылауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта".** Мақсат-міндеттері. Екі топқа әуен біткенше жапырақтарды түстеріне қарай топтауды үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері - күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне пайдасы туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуді үйрету.<br>**Сөздік жаттығу. "Есімде не қалды?"** Мақсат-міндеттері. Паннода немесе үстел үстінде тұрған ойыншықтардың атауын қазақ тілінде атайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық** "Бақа". Мақсат-міндеттері. Балаларға бақа туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуінің әсері жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру. | (Балалар аяқтың арасын сәл ғана ашып, адымдап жүреді. Кейін аяқтарының арасын үлкенірек ашып, адымдап жүреді.)<br>- Қарт аталар қалай жүреді?<br>- Ханшайым қалай жүреді?<br>- Тоқаш қалай домалайды?<br>- Сұр қасқыр орманда қалай серуендейді?<br>- Қоян құлақтарын тегістеп қалай қашады? **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | ұғым беру; бақа денесінің құрылымы туралы білімдерін кеңейту; табиғат әлеміндегі бақаның тіршілік ортасы туралы мағлұмат беру; бақаны қағаз бетіне жапсырудың тәсілдеріне дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыру және топтастыруды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Апта күндерін жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар | **"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Күзде" тақпақ айтқызу.**<br>Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, | **"Күз" туралы сюжетті суреттерге әңгіме құрау.**<br>Мақсат-міндеттері. "Күз" тақырыбында | **Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде болатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттау. **(сөйлеуді дамыту)** | "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту)** | табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: "Бала жиі ашуланатын болса"; "Баланың белсенділігі - денсаулығының кепілі"; Психолог кеңесі."Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?" | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09-23.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал түрде орындауға; қолды мұқият жууға, кезекшінің киімін киіп, дастарқанды дұрыс жаюға, тамақ ішкеннен кейін ыдыстарды жинау, үстелдерді тазалау, еденді сыпыруға үйрету, үлгі көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында керекті құрал-жабдықтарды ретімен қою, аяғында құрал-жабдықтарды орнына жинауды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмысқа кірісер алдында жұмыс алжапқыштарын киюді, ойыншықтарды ретімен ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қоюды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке шкафта тәртіпті сақтауды үйрету: киім мен аяқ киімнің шкафын босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту, киімді орнына жинап қою іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақтың киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету. |
| | **"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны.** ("Үйшік" ертегісі желісімен") | **"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **"Аюға ойыншықтарымызды көрсетеміз" ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".** Мақсат-міндеттері. Жануарлардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: жануар ойыншықтар.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген балаға көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды, қапшыққа балаларға таныс жануар ойыншықтарды салады. Басқа ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған жануар ойыншықты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ | Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. (**көркем әдебиет)**<br><br>**"Мұқият бол" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: жануар, тастар және құстар. Тәрбиешінің | Балаларға жануарлардың немесе жансыз табиғаттың суреттерін көрсетіп, айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>**(қоршаған орта, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы, | Ойыншықтардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету, ойыншыққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, ұқыпты ойнауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді. Педагог оған ойыншықтарды көрсету керектігін айтады. Балалар сүйікті ойыншығын алып, қонаққа көрсетіп, ол туралы айтып береді.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға | бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті тап" ойыны. (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көздерін жұмып, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алып, қазақ тілінде атау керектігін айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кірпіжан" жаттығуы.**<br>Масқат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді.<br>1. Жануарлар карточкасын көрсеткенде балалар қолдарын сермеп, шеңбер бойымен баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Құстарды көрсеткенде балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қателескен бала ойыннан шығып қалады. **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға өрмелейді, (екі қол кеуде алдында бүгулі; қолды көтеріп-түсіру, аяқтарды бүгу, кезекпен көтеріп-түсіру)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды. (екі алақанды қосып үйкелеу)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды.<br>Жерге түсіп | Балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; сөйлеу қабілеттірен дамыту.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br><br>Жолым көп, жолым көп,<br>Коректерді іздеймін.<br>Кездейсоқ, кездейсоқ<br>Иіскеп жүріп, табамын.<br>Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | маймаңдайды.<br>(маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қаланың көрнекті жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.<br>Барысы: Астана - | **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың туған жер туралы білімдерін бекіту, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекетіміздің астанасы. Біздің Астанмыз әдемі, үлкен қала. **(сөйлеуді дамыту)** | байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне қызығушылығын арттыру.<br>Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. **(сөйлеуді дамыту)** | әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы: лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымға қатысты суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруду ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. Ойын ережелерін түсіндіре отырып, педагог бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені еске түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады. Педагог балаларға "Бастаймыз!" белгісін береді. Балаларды ойынға дайындайды. Балалар бөліктерден сурет құрастырады. Кім суретті бірінші құрайды, сол балаларға таңбалауыштар таратылады. **(сөйлеуді дамыту)** | балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн шуағын жинаймын.<br>Достарыма сыйлаймын.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Аяқтың ұшымен жүрейік".<br>Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру**<br>"Тақтайдың үстімен бірге жүрейік".<br>Мақсат-міндеттері. | **Музыка**<br>"Жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жәй және | **Дене шынықтыру**<br>"Күн дидарлы Қазақстан".<br>Мақсат-міндеттері. | **Қазақ тілі**<br>"Үй жануарлары және оның төлдері".<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту. **"Үш аю" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Аюлардың көлемдеріне қарай суреттерді сәйкестендіру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын бекіту. **"Пойыз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Пойыз ұқсап сапты бұзбай жүруді үйрету. **(дене шынықтыру)** | көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнауды үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. **"Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ не қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу. | Балаларды сап түзеп, бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. **"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты дәлдеп лақтыруға, нысанаға қарай көздеуді үйрету. **(дене шынықтыру)** | Қазақ тілін тыңдауды, түсінді, қабылдауды үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақтар мен жалғауларды дұрыс қолдануды үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен - кіші) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. **"Біз қадам басамыз, біз үлкен боп өсеміз".** Біз қадам жасап келеміз:<br>Топ - топ - топ,<br>Топ - топ - топ (бір орында адымдау, аяқты топылдату)<br>Біз үлкенбіз, өсіп келеміз:<br>Алақанды соғайық,<br>Алақанды соғайық<br>(бастан жоғары шапалақ ұру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Аяқтың ұшына тұрайық,<br>Былай, былай,<br>Былай, былай. (аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары созу)<br>Саңырауқұлақтардай отырайық.<br>Былай, былай,<br>Былай, былай. (тізе бүгіп, жүресінен отыру) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен** | **Күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).** | **Күн райының жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>**Ересек адамдармен** | **Жыл құстарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Көркем сөз.<br>Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қайыңға қарай жүгір". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Өзенді кесіп өт".**<br>Мақсат-міндеттері. Бөрененің үстінен тіке және қасынан жүру жаттығулары. | Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет!".**<br>Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалардың тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдар: спорттық құралдарды жинауға | Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай".**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне | Ұя бұзған оңбайды!<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Алғашында "мысық" рөлін педагог ойнайды, кейін балалар арасынан таңдалады.<br>"Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады, бұл жер "торғайлардың ұясы".<br>Педагогтің "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | арналған себет, балаларға доптар. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып жемді шоқығанын" көрсетіп ойнайды. Педагогтің "Абайлаңдар, мысық ұстап алмасың!" деген белгісіне балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіріп бара жатқанда оларды қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Құралдар: "мысыққа" - маска, "торғайларға" таңбалауыштар. **Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, дербес әрекет)**<br>Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: сабын.<br>Сабындаған кезінде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Қазақстан туралы әңгімелесу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жалауша".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуды үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданылатыны жайында баяндау, Қазақстан | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ көгершін"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Жасасын Қазақстан!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау | **Вариативтік компонент/Әлеумет**<br>"Наубайхана" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. **(математикалық негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Республикасының Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын рефлексиясы. "Жалаушалармен ойнайық".**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды үйрету.<br><br>**"Шамдар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершінмен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және құштарлығын дамыту.<br><br>**"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды қолмен ұстап санауды үйрету.<br>1-нұсқа. Затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа - қандай зат екенін қолға ұстап анықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қайсы қайда барады?" сұрамақ.**<br>- Қасқыр, қайда барасың?<br>- Қой қырқуға барамын. | арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br><br>**"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке , үлкен - кіші, оң - сол жайлы білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту. **(танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру.<br>**"Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Тұздалған қамыр кесектерінен тоқашты илеу. **(мүсіндеу)**<br><br>**"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қарсақ, қайда барасың?<br>- Қаңғыруға барамын.<br>- Түлкі, қайда барасың?<br>- Тауық іздеп барамын.<br>- Маймыл, қайда барасың?<br>- Сауық іздеп барамын.<br>- Аю, қайда барасың?<br>- Бал тапқалы барамын.<br>- Майдан, қайда барасың?<br>- Мал баққалы барамын. **(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Туған елдің ұлымын" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсеков "Туған елдің ұлымын".<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін. | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте | **"Күз" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз".<br>Алма, өрікті қамбаларға<br>Толтырды әкеп алтын күз.<br>Шәкірт болып парталарға<br>Отырды кеп алтын күз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | | сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы: лото түріндегі ойында бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Бұлт болып та Алатауға<br>Байланыпты алтын күз.<br>Дастарқанда таба нанға<br>Айналыпты алтын күз.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"; "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек"; "Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09-30.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.09.2022 | 27.09.2022 | 28.09.2022 | 29.09.2022 | 30.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың балабақшадағы тәртібі туралы ата-аналармен сөйлесу; балалардың денсаулығына назар аудару; балабақшадағы жаңалықтармен бөлісу; ата-аналарды белсенділікке шақыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет ету іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстелдер, орындықтар, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. | | | | |
| | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Менің туған қалам" тақырыбында сюжетті суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұраққа толық жауап беруді балалардан талап ету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңырады дайындайды. **(музыка)** | **"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.** Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап беруді балалардан талап ету. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Құрылысшы" тақпағын жаттау. (Шекербек Садыханов)** Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Менің қалам - Алматым"** Мақсат-міндеттер. Қиялындағы қаланы құрастыру. **(құрастыру)**<br><br>**"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу | **"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. **(танымдық дағдылар, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тілін қалыптастыру. **(танымдық дағдылар)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге, | **"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажырату және салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. **(танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Күндей сары дөңгелек". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бөренемен жүру, допты лақтыру іскерліктерін қайталау. **"Орамалды әкел" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден | **Дене шынықтыру** "Бөренемен жүреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөренемен жүру және допты лақтыру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты қолға жеңіл ұстап, нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету. | **Музыка** "Ата Заңым ардақты". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жәй және көңілді әндерді тыңдай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту. **"Топ-хоп" ойыны** Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, | **Дене шынықтыру** "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету. **"Қоян" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп кеп, сәбізді жегендей қимыл көрсету керектігін | **Қазақ тілі** "Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуді үйрету, ойыншықтарды атауға, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіруге сұрақтарға жауап беруді; сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. "Қораптың ішінде не бар?" дидактикалық ойыны. "Бізбен бірге ойнаңдаршы" сергіту сәті. "Не алып келдің?" жаттығуы. "Мә, ... ала ғой" жаттығуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өтіп, орамалды алып келу керек. | | байқампаздыққа, төзімділікке үйрету. Барысы. "Топ" дегенде балалар орындарында тұрып, аяқтарын топылдатады, педагог "хоп" дегенде балалар екеу-екеуден жылдам бірігеді. | және жүруді үйрету. | **"Ойыншықтар шаршады" рефлексия.** Ойыншықтарым көп ойнап,<br>Бүгін қатты шаршады.<br>Жетер, шеңберде ойнап,<br>Тынығыңдар ұйықтап!<br>Тыныш! Тыныш! Шуламаңдар!<br>Әлди, әлди ...<br>Ұйықтаңдар.<br>(Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.) |
| **Серуенге дайындық** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету. **Ересек адамдармен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Сауысқанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға қызығушылықтарын арттыру.<br>Көркем сөз.<br>- Ақсың, сұрсың, | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек** | **Жүргізушілердің еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құраған жапырақтарды бір ортаға жинау).** Мақсат-міндеттері. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: “Құстар мен мысық” (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды | тәрбиелеу. Көркем сөз. Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).** Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау | қарасың Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең нөсерлет! - Бұлт дегеніміз не? - Бұлттардың түсі қандай болады? - Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен) - Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) - Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) - Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң | **тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).** Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр".** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту. | қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).** Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізушілерміз", "Жапырақтар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге ұмтылысты ынталандыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | іскерліктерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяққа тұрып қолды белге қоюды үйрету. | олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>- Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>- Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу).**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға қамқорлық жасауға ықыласты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шашыраңқы жүгіруге, | | Мақсат-міндеттері. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тепе-теңдікті сақтауды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар". Содан кейін бір-біріне арқаларын қаратып, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар**<br>"Туған өлкем".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият | **"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: балалар шашыраңқы тұрады, ойында балалар маймылдар болады. Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Менің үйім осындай".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды дайын шаршы, үшбұрыш пішінді қағаздар арқылы үй бейнесін құрастырып, жапсыруды үйрету; геометриялық пішіндер қасиеттері және желімдеу техникасы | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын күз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түзу екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, екінші топ орындарында қалады. **(сөйлеуді дамыту)** | тыңдап, есте сақтай білуге үйрету. **"Қазақстанның Туын тап" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының Туын тануды, сын-сипатын айтуды үйрету. | келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. **(көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық** "Жапырақтар түсіп жатыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы ұғымдарын кеңейту; түрлі түсті жапырақтар жөнінде түсінік беру; ермексаздан түрлі түсті жапырақтарды жасау икемділіктерін жетілдіру. **"Жапырақтар ұшты" саусақ жаттығуы.** Қолдар жапырақ екен, (алақандарды жайып, | жөнінде ұғымдарды қалыптастыру. **Саусақ жаттығуы.** Үйді салғым келеді (шапалақтау), Қабырғасы керегі (шапалақтау), Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру), Қатар-қатар кезегі (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру).<br><br>Шатыр болса төбесі (қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою), Ұшбұрыштай жебесі (қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою), Терезелер - көзайна (көздерді ашып-жұму). | туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру. **"Күзгі өзгерістерді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Күз мезгілінде болатын өзгерістерді табу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Құмырсқалар" ритмопластика.** Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру. Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың ішінде ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай және бос кеңістікті толтыруға тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)<br>Бұтада отыр екен.<br>(саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)<br>Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)<br>Ұшады жеке-жеке.<br>(саусақтарды еркін қимылдау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | Мен ғой - үйдің иесі (алақандарды өз кеудесіне салу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Күз" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін жаттықтыру.<br>Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Тұрдыбек Досанов "Күз".<br>Ұшырды жапырақты жел екпіні,<br>Ол, сірә, көрді дейсің елеп кімді.<br>Жоғалтқан ойыншығын жас баладай,<br>Мұңайып үй артында терек тұрды. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Жау, жау, жаңбыр!" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін жаттықтыру.<br>Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Шәміл Мұхаметжанов "Жау, жау, жаңбыр!"<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сен едің.<br>Жас егін де ержетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер. | **"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Жыл мезгілі жайлы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Менің еккен бағымда Өссін жүзім, өріктер. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | қабілеті; балалардың туған жеріне қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. **(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | "Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті. | "Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10-07.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.10.2022 | 04.10.2022 | 05.10.2022 | 06.10.2022 | 07.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және одан алып қайтуға кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған ортадағы заттардың атауын атап айтқызу және сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмысқа кірісу алдында жұмыс алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуді үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. | | | | |
| | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға | **"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. **(музыка)**<br><br>**Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш".** Мақсат-міндеттері: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.** Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қадыр Мырза Әлидің "Сары" атты тақпағын жаттау.**<br>Сәлем беріп,<br>Сән көріп,<br>Сүйгеніңді ал,<br>Бәрін ал!<br>Сары шабдал,<br>Сары өрік,<br>Сары ірімшік,<br>Сары бал. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі | **"Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылу, қолдарын созу, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен | **"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды | **"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көп және біреу | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. **(коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауды дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | пішінін, атын атауды жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. **(коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты домалатайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, | **Дене шынықтыру**<br>"Домалайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.<br>**"Себетке допты лақтыр" қимылды** | **Музыка**<br>"Ару күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би | **Дене шынықтыру**<br>"Ғажап күздің сыйлығы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тақтайдың | **Қазақ тілі**<br>"Алтын күз. Сап-сары жапырақтар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілін тыңдауды үйрету, күзгі табиғат, күзгі еңбек түрлерімен, күз мезгілінің белгілерімен таныстыру, жапырақтар, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру.<br>**"Сәйкестендір"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.<br>**"Добым, добым домалақ" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кішкентай доптарды домалатуды үйрену. | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты жерге лақтыру арқылы, допты секіртіп себетке түсіруді үйрету. | ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Сарала қаздар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірнеше құстардың атын атағанда орындарында тұрып, қолдарын қанат сияқты сермеп тұруды, "Сарала қаздар" | үстімен жүру дағдысын жетілдіру.<br>**"Чемпион" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірінің артынан бірі тұрып, еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ағаш жапырақтарының үлкен және кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дегенде қолдарымен қанат қағып, қаздар сияқты жүруді үйрету. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау.<br>- Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда | **Күнді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас | **Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады.<br>Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді.<br>Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету.<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады.<br>Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.<br>Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау.<br>Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**"Толқиды теңіз"** | бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады.<br>Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын** | суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа | жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді.<br>Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады.<br>Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>**"Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар).<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері .Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. | Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы көгөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | **Еңбек әрекеті:** гүлді күту.<br>Мақсат-міндеттері. Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауды үйрету; гүлге ұқыпты қарауды және сүюді тәрбиелеу.<br>**"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету.<br>- Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма?<br>Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>Қызыл сары, сап-сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі құбылыстың бірі, жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауды үйрету.<br><br>**"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Сан алуан жапырақтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді"** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Аула сыпырушы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дидактикалық ойын. "Аула сыпырушының құралдарын тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының құралдарын тауып, құралдың атауын атауды үйрету. | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Сары жапырақтар жерге түсті".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуды үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Саябаққа күз келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".**<br>Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)<br>Бұтада отыр екен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. **(көркем әдебиет)** | **театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілетін дамыту. Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. **(көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет** "Жеміс-көгөніс дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгөністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін | **"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. **(көркем әдебиет)** | Күзгі жапырақтарды ағаш бұталарына жапсыру, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. **(жапсыру)**<br><br>**"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту. Барысы: балаларға әлемді саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек (шөл даламен, тау соқпағымен, батпақпен, орман, джунгли, кемемен мұхиттың арғы жағына. Мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек. **(көркем әдебиет)** | (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу) Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу) Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Түстер туралы ертегі" оқып беру.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу. Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді пайдаланар алдында тазалық ережелерін сақтауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшеліктерін, теңге туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**"Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттеір. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау. | | | соқтығысып жүргенде тағы бір түс пайда болады. Ол Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Түрлі түсті моншақтарды алақанмен домалақтау, ермексаздан үзіп алу, есуді үйрету. **(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Теректі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың суды | **Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері | **Жаңбырлы ауа райы туралы сөйлесуді (немесе бақылауды) жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау.<br>- Терек - тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры | ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады. Адамдар суға шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың жылдам кебетінін көрсету.<br>Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсы | жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, | туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды табиғат құбылыстарын сезінуді үйрету; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр!<br>Серуенге шығуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңі болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. **Еңбек әрекеті:** терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы таңбалауыштар: гүлдер мен аралар. **"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция | батпайтынын анықтау. Оның себептерін анықтау. **Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеру керек. **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, | қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Олар туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. **Еңбек әрекеті:** | Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. **"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала | болады," – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер," – дейді, ойын қайта басталады. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. **Еңбек әрекеті:** бақшадағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | Толқиды теңіз төрт». Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер | алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту.<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты карауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | көгөністерді суару. Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Балалардың еркін ойыны.** Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | | Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма? Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет. **Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | "Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш\о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.10-14.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2022 | 11.10.2022 | 12.10.2022 | 13.10.2022 | 14.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өткен тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске немесе көгөніске аллергиясы бар?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қоюға тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген тәртіп бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгерту. |
| | **"Сиқырлы қапшық"** | **"Лото"" үстел үсті** | **Шаттық шеңбері** | **"Көркем сөзді** | **"Күз" мезгілі туралы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшыққа жемістер мен көгөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол заттың сын-сипатын айтады. Түрін, түсін, дәмін барлығын сипаттап айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Түрлі-түсті жолақтар"** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтулары.<br>Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.<br>Үш үлкен карточкада: бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Аманбысың, алтын күн!<br>Аманбысың, жарқын күн!<br>Маған жылу, жарық бер,<br>Қуаныш пен шаттық бер. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған | **мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне қызығушылықты арттыру.<br>М. Әлімқұлов "Аспаз".<br>Біздің гүл бақшада,<br>Бар әсем асхана.<br>Бар онда аспазшы,<br>Аққөңіл жақсы аға.<br>Әлде, май құймақ па?<br>Көже ме, сорпа ма?<br>Әлде, бал каймақ па,<br>Тұрады ортада.<br>Тәп-тәтті тамағы,<br>Ағай – ас маманы.<br>Пісіре білгенге,<br>Астың жоқ маманы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Бір сөзбен ата" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер | **әңгімелесу.**<br>"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауды, ажыратуды жаттықтыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | мен жемістерді жалпылауды және оларды бір сөзбен атауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруды үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Барысы: балалар себеттен суреттерді кезекпен алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діндері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін, байқағыштығын, есте сақтауын, қиялын дамыту.<br>Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Күз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту.<br>Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және тағы басқа) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды. Мысалы: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және тағы басқа.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдануды үйрету.<br>Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйеңкі жапырағы", ... , ... Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Қай көгөністі байқамай қалдық?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту.<br>Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, бүгінг оның туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қоянның алдына көгөніс сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Күз қандай?" | **Дене шынықтыру**<br>"Айнала алтын күз". | **Музыка**<br>"Себеттегі жемістер". | **Дене шынықтыру**<br>"Наннның құдіреті". | **Қазақ тілі**<br>"Не, қайда өседі?" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсат-міндеттері. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету. | Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. "Орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету. | Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. | **«Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. | **Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Мысыққа тән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>Пошташы<br>Күні бойы жол жүріп,<br>Көрген емес болдырып.<br>Қайтады үйге алғысты,<br>Қапшығына толтырып.<br>- Балалар, пошташы деген кім?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар, пошташы хат таситын адам.<br>- Ол дорбасындағы хаттарды әрбір үйдің есігіне немесе хат жәшігіне қалдырып кетеді.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек** | Сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылықты және құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту;<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** | Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аудару. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** Тақпақ жаттау.<br>Арасында гүлдің,<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, жасыл, сары,<br>Әп-әдемі бәрі.<br>**Қимылды ойындар. «Абай бол!», «Қайда шылдырлайды?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке, еңбек етуге құштарлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жоғары қарай секіру", "Шеңбер бойымен". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту.<br>Қадыр Мырза Әли "Мысық".<br>Мысық отыр,<br>Ұйқысы әбден қысып отыр,<br>Май берейін,<br>Шайнап отыр,<br>Тышқан берейін,<br>Ойнап отыр!<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сүрлеу жолды сыпыру).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).** Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруді үйрету; ағаштардың атауын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Серуен кезінде эмоционалды көңіл күй қалыптастыру. | **қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттерІ. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту. | **дағдыларын бекіту.** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Күз келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру.<br>**"Күз кереметтерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне қатысты суреттер табу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Ойыншықты тап" дидактикалық** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі қоректер".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Себеттегі жемістер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу.<br>**"Дәмінен таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білім аясын кеңейту.<br>**Дидактикалық ойын. "Жеміс-көгөніс".**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Сәбіз".<br>Мақсат-міндеттері. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Пеште тандыр нан пісіреміз". Ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың нанның қасиеті туралы білімдерін кеңейту; тандыр нан жөнінде ұғым беру; тандыр нанның дөңгелек пішінінің ерекшеліктеріне мән беріп, оның дайындалу жолдарын үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".**<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, | ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру.<br>**Сергіту сәті. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса - тұрмайық (орында адымдау),<br>Қолға шатыр алайық (аяқтар ұшына тұру, екі қолды жоғары созу, саусақтарды ашып-жұму),<br>Там-там соқса тамшылар (бір қолдың саусақ ұштарымен),<br>Жамылып, отырайық (шоқайып отыру, алақанмен бастың төбесін жабу). **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Нені, қайдан алуға болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Ненің төлі жоқ?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажыратуды, жануарларға күтім жасауға, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.<br>Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.<br>Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Жүрейік, жүрейік, (саусақтармен үстел бетінде аяқтармен адымдар жасап жүргенді көрсету)<br>Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру)<br>Күнге сәлем берейік, (алақандармен жоғарыда бұлғау)<br>Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кім тез жинайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу)<br>Жалпақтап. **(сөйлеуді дамыту)** | Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | **дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".<br>Бұлттар,<br>Тұрмай ауа бер, | **"Күзде" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толдық астыққа,<br>Алғыс саған, алтын | **"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттықтыру, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөздік қорларын жеміс пен көгөніс атауларына толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбыр бол да,<br>Жауа бер.<br><br>Жазыққа бар,<br>Тауға бар.<br>Бақшаға бар,<br>Бауға бар.<br>Белес-белес белге бар,<br>Сусап жатқан шөлге бар.<br><br>Әр тамшыңды үлессін,<br>Шалғын қаулап<br>Гүл өссін! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету. | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Отбасындағы сауықтыру шаралары". | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Қарлығаш» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Хумарбек Р. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10-21.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Демалыс күнін балаңызбен бірге қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға топ бөлмесінде тәртіп сақтауды үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын орындарына жинау, оларды сындырмау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға өз қолдарынан келетін еңбек түрлері туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тағы басқа туралы естеріне салып отыру. | кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін дамыту. | іскерліктерін дамыту. | |
| | **"Апта күндері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Апта күндерін атап, еске сақтауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Нан дастарқанға қалай келеді?"**<br>Мақсат-міндеттері. Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу.** | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тұрмыстық техниканы қолдану | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қаншалықты білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны | **Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын мақсат-міндеттері.<br>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. **(зияткерлік дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балабақшада өзін дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, | туралы сұрайды.<br>Құралдары: бір-біріне бірнеше ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**"Қарама-қайшылық" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануды үйрету.<br>Ойын құралы: доп.<br>Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр"деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек және тағы басқа | жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтын жәй ғана! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ | "Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Адымдар" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.<br>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады.<br>Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.<br>Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады.<br>Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. | **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (екі қолдың әр саусағын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Өте пысық үтігім (алақанның сыртқы жағын бір-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) (Аударған А. Кокенова) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. **(сөйлеуді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптер туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>Барысы: педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды | **"Құймақты жай" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту.<br>Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды рет- | **"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>Барысы: балалар | **"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың қазақ тілінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және тағы басқа.) **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. **(сөйлеуді дамыту)** | көпшілігін атаған жеңімпаз болады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ас - адамның арқауы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру, шеңбер құрау қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын дамыту.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттардың түсін анықтауды, жалау | **Дене шынықтыру**<br>"Нан бар жерде ән бар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру; допты лақтыру және қағып алу дағдыларын бекіту.<br>**"Балапандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бөренеге шығып-түсуді, алаңда жүгіруді үйрету. | **Музыка**<br>"Ас - адамның арқауы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен | **Дене шынықтыру**<br>"Торғай секіреді".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>**"Торғай" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жерден жем шоқып жеген торғайдың қимылдарын | **Қазақ тілі**<br>"Нан дастарханға қалай келеді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**"Үшіншісі артық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Артық затты анықтауды үйрету.<br>Нақыл сөздер.<br>Ас атасы - нан.<br>Нан бар жерде ән бар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап жүгіруді үйрету. | | бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетте белсенділіктерін арттыру. **"Кішкене тоқаштар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ортақ белгілеріне қарай топ құрауды үйрету. | орындауды үйрету. | Дәнді шашпа, нанды баспа. Артикуляциялық жаттығу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың | **"Ауа райын бақылау (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек** | нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын | қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық).<br>Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді.<br>Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр"** | балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау. | Олардың түстерін атау.<br>**Еңбек:** құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ.)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен.<br>(Жеміс.)<br>**"Қойлар мен қойшы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуді үйрету.<br>Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады.<br>Қойшының құралдарын береді.<br>Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің | алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп, | **қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға | **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.<br>"Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады.<br>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай | бақылап тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>"Қойшы шықты ертемен,<br>Қойларын бағып далаға.<br>Қойлар маңырайды,<br>Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>**Бақылау:** «Солып қалған гүлдерді бақылау»<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақсүйек.<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қабырғаға өрмелеу | Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып | қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті.<br>Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады.<br>Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.<br>Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Кім мәреге жетеді?"** | жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.**<br>"Шеңберге дәлде".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. | жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | **қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттерІ.<br>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету.<br>**"Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әженің бауырсақтары".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту.<br><br>**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тандыр нан".<br>Мақсат-міндеттері. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. **(құрылыс, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күз кереметі".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір".**<br>Мақсат-міндеттері. Жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру. **(жапсыру)**<br><br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жиһаз және оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығу**<br>"Ақ бидай".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту.<br>**"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Тоқаштар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тоқаштардың бояу.<br>**(сурет салу)** | **Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай".**<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айқастыру)<br>Жалпақтап.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін | ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді.<br>Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рақмет айтуды | мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен, педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар | ұмытпауы керек. Сатушы да өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. | **Вариативті компонент/Әлеумет** "Құстар" фермасы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру; құс фермасындағы фермерлердің еңбегімен таныстыру; "фермер" ұғымы туралы білімдерін кеңейту; үй құстарының атауларын жатқа білуге үйрету; ойынның шарты мен ережелерін сақтауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айту керек. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсенді болуын қадағалайды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет" ,"өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану, адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.<br><br>**"Тәтті қамыр"** Мақсат-міндеттері. Тәтті қамырдан тоқаштарды жасау. **(мүсіндеу)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Жауын" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".<br>Қызыл отты қамшысы<br>Көкке жарқыл шашады,<br>Еркебұлан тамшысы<br>Домаланып қашады.<br><br>Жаңбыр жауып өтеді:<br>Қуанады сарғалдақ.<br>Дала жайнап кетеді,<br>Бір шомылып алғанда-ақ! | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Таңертең" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Қастек Баянбаев "Таңертең".<br>Ерте тұрғым келмейді,<br>Бірақ тағы тұрамын.<br>Көзім түк те көрмейді,<br>Естімейді құлағым.<br>Суды ағызып ақырын,<br>Жуған болам бетімді.<br>Кешегі көп ақылым<br>Кеміп қалған секілді.<br>Бала баққа бүгін де<br>Барғым келе қоймайды.<br>Жақсы көрем үйімде<br>Кейде жеке болғанды.<br>Бірақ үйден шығамын<br>Қол ұстасып көкеммен.<br>Ашылып көз-құлағым,<br>Бала баққа жетем мен. | **Жұмбақ жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Қыңырлықты түзеу жолдары". | Ата-аналарға арналған сауалнама.<br>"Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары". | Ата-аналармен жеке әңгімелесу.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | ХумарбекР. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **24.10-28.10.2022ж.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.10.2022 | 24.10.2022 | 25.10.2022 | 26.10.2022 | 27.10.2022 | 28.10.2022 |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Балалар неге әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін | | | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдерінді түріңдер, матаны сулап құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. | | | | салуды үйрету. | еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуді үйрету және оларды ажырата білу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Сақина" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа | | | **"Құс қайда?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, тез атау, | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізушіні" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Жүргізуші балаларға: "Сақина, ортаға шық!"- деп айтады. Сол сәтте алақанында сақинасы бар бала: "Сақина менде!" - деп дауыстап, | | | басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүлшоқтарын жасауды үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады. **(сөйлеуді** | бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып | Бір пішінге құрылды. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".** Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруға дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | орнынан атып тұрады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | **дамыту)** | қонбайды. (саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттері. Құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша. **(сөйлеуді** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **дамыту, қазақ тілі)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Бастапқы қалып тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда.<br>1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау.<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Бастарқы қалып 1-2- отырып қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Артығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Әр мезгілдің ерекше белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, | **"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда біздің жерде қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, | **"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді "Күз" деп атайды. Педагог жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғаяды; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді. **(сөйлеуді дамыту)** | | | балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. **(сөйлеуді дамыту)** | тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден табуды үйрету; туған жердің табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру** "Екі аяқпен | | | **Музыка** "Торғай". Мақсат- | **Дене шынықтыру** "Торғай секілді | **Қазақ тілі** "Алтын күз". Жыл құстары". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жылдам және баяу қарқынмен жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді үйрету. **"Құстар мен мысық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бөрененің үстінен жүруге дағдыландыру. | | | міндеттері. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру. **"Тоқылдақ" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әуеннің ырғағын тыңдауды, байқампаздыққа дағдыландыру. | секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қысып ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту. **"Допты қуып жетіңдер!" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, допты нысанаға дәлдеп лақтыруды | Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгертуді, қарапайым сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атау дағдыларын жаттықтыру. **Саусақ жаттығуы «Жаңбыр».** Жаңбыр, жаңбыр, тырс-тырс-тырс, (бір қолдың саусақтарын екінші қолдың алақанына жаңбыр жауғандай тырсылдату, саусақтарымен ақырын соғу) Шаршамайсың, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету. | жауасың! (сұқ саусағын оңға және солға қозғау) Тамшылармен тырс-тырс-тырс, (саусақтарды бүгу және қайта жазу, жоғарыдан төмен жаңбыр жауғандай қимылдар көрсету) Үстімізге тамасың (екі алақандарын екі жаққа ашу) **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат- | | | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат- | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат- | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттері.<br>Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>- Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады?<br>- Тағы қандай өзгерістер болады?<br>- Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады.<br>**«Өз ағашыңды тап» қимылды** | | | міндеттері.<br>Көгершіннің сыртынан танып, оны өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, оны торғаймен салыстыруына болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың аң-құстардың, үй | міндеттері.<br>Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы.<br>Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайта қайтып келеді.<br>Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше | Мақсат-міндеттері.<br>Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы мағлұматтарын пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмайсың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. **"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың доппен ойналатын ойындарға қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; | | | жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе жұмыс істей | құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ сияқты жоғарыға жылдам көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үйдің шатырына сазбалшықтан салады. Қарлығаш адамға жақын болады. **Еңбек әрекеті:** жапырақтар | **ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты жылдам қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. **Еңбек әрекеті:** өскіндері суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. | | | білуге баулу. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар | жинау. Мақсат-міндеттері. Табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартының белгілеріне сай қимылдауды жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. | "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалып қойса соны "жапалақ ұясына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Балалардың еркін ойындары.** | | | "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.<br>Алдымен, "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу.<br>Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. | Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!"<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соқтықпай | алып кетеді".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қаарй жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіретін жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар: қаршығалар мен қарлығаштар. **"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. **Балалардың еркін ойыны.** | жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. | сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету**.** **Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанаға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: құм салынған қаптар. **Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Ақ үйрек, сары үйрек". Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Құстар неге сөйлемейді?" Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарлығаштың сыртқы бейнесімен таныстыра отырып, | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Көлде жүзген үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын пысықтау; есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту.<br><br>**"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша | | | туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету.<br>**"Жыл құстарын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл құстарына жататын құстардың суреттерін тауып атау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстардың | қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау дағдысын қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту.<br>**"Қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын атап, | көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру.<br>**Саусақ жаттығуы. «Балапан».**<br>Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Суға бірге барайық, (шапалақтау)<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып, тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау)<br>Қанатыңды қақ-қақ-қақ. **(сөйлеуді** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | құстарды тануды үйрету.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшты-ұшты" жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы."<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды [ш] | | | қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына коректерді бөлу. | сипаттау. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе | **дамыту)**<br><br>**Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру.<br><br>**Вариативті компонент/Шығармашылық** "Қарбыздың бөлігі". Мақсат-міндеттер. Балаларға күз мезгіліндегі адам еңбегінің түрлері туралы ұғым беру; жеміс пен көгөністер жөніндегі | | | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жұмбақтардың шешімін табу".** Мақсат-міндеттері. Құстарға байланысты жұмбақ жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.** Мақсат-міндеттері. Ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.** Балалардға геометриялық пішіндерді ауызша | "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауды үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы.** Құстар ұшып барады (алақандарды ашып-жинау), Қанаттарын кең жайып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дүниетанымын кеңейту; қарбыздың жидектер тобына кіретінін тәжірибе арқылы дәлелдеу.<br>**Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".**<br>Дөңгелек пішіндер өте көп:<br>Алма, апельсин, картоп,<br>Адамның басы дөңгелек,<br>Дөңгелек екен ойыншық доп. | | | | нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыруды үйрету.<br>**(математика негіздері)** | (алақандарды ашып-жинау).<br>Торғай бізбен қалады (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу),<br>Бақылап ауа райын (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу).<br>(Соңғы екі жол екі рет қайталанады)<br><br>- Кел, торғайым, мұңайма (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру"),<br>Жылытайық бойыңды (алақандарды өзара уқалау).<br>Бізден босқа сұрама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | (алақандарды өзара уқалау), Жазда қалған ойынды (шапалақтау). (Соңғы екі жол екі рет қайталанады) **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Атам бақ аралады,<br>Ағам тал аралады.<br>Асан көл жағалады,<br>Асыл ат тағалады.<br><br>Шырағым шұбат іш,<br>Шұбатты сұрап іш.<br>Шұбатты ішпесең,<br>Бітпейді бұла күш.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Қулық таудан,<br>Қулық бие көрдім.<br>Қуанғаным,<br>құлындапты,<br>Қулық таудың<br>Қойнауындағы<br>Қорқауларға<br>ұрынбапты.<br><br>Сырттағы ит үрді,<br>Сырттан кісі кірді.<br>Сырттағы біреу,<br>Сыпырып кетті кірді. **(сөйлеуді** | **Бала тілін дамыту.**<br>"Сауысқан" (ел аузынан)<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>**(сөйлеуді** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **дамыту)** | **дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | | | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **31.10-04.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022 | 02.11.2022 | 03.11.2022 | 04.11.2022 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Кітап бұрышын тазалау.** Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. |
| | **Суретпен әңгіме: "Табиғат әлемі".** Мақсат-міндеттері. Балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да | **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діні, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы | **"Жылдың қай мезгілі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог өлең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін тереңдету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | таңбалауышты береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | оқиды, балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын табу керек. Қазақ тілінде жыл мезгілдерін атауды талап ету. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Аяқ арасы алшақ, қуыршақ алда.<br>1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау.<br>1-4 алға еңкею. "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Бастапқы қалып: 1-2 отыру, қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.** | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды | **"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету.<br>Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру.<br>Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді.<br>Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жомарт қораз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын үйрету.<br>**"Қоян" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қоянның қимылдарын келтіруді үйрету (жүгіру, секіру, сәбізді жеу). | **Дене шынықтыру**<br>"Қораз секілді қанат қағайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату.<br>**"Еңбектейік, қане біз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жалауға дейін еңбектеп баруды үйрету. | **Музыка**<br>"Жомарт түлкі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Өрмелейік, қане біз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.<br>**"Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеглиге дейін өрмелеп баруды үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Күзгі жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.<br>**«Жалғастырып айт» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөздігінде етістіктерді белсендіруді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **"Жомарт түлкі" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, әңгімелеу. **Еңбек:** саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету. **Балалармен жеке жұмыс:** тақпақ жаттату. **(көркем** | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды. | **Аққайыңды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қайың өте әдемі ағаш. Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын! | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды. **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әдебиет)**<br>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар».<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты | **Еңбек әрекеті:** кураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндетттері.<br>Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың | тісті. Қайың көктемде гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. **(сурет салу)**<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аланды ағаштардан қурап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, | ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; | Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынын арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар екен?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, | сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз. | шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктілігін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндетттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, аланды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап | Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін** | Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру. | **жетілдіру.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қораз ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттері. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. **"Құстарды аулаға жинайық?"** Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. **"Төртіншісі артық" танымдық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Дөңгелек жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Мозаика" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету. **"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Саусақ ойыны.** "Бақшадағы қызанақ пен қияр". | **Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі** Мақсат-міндеттері. Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қорап". Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аспаз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. **(математика негіздері)** | тапқырлықа баулу. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Музыкадан ойын жаттығу**<br>"Күз желі".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.<br>**«До – ре – ми» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру. | Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қияр көгөніс екенін ажыратуды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Автобус" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды автобус жүргізушісі және кондуктор қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; жол жүру ережесі мен автобустағы жолаушы тәртібі туралы мағлұмат беру; ойын және қоғам көлігі ережелерін түсіндіру.<br>**"Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын | құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату. (сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | пысықтау. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Санамақтар айтқызу.**<br>Бір дегенім - білеу,<br>Екі дегенім - егеу,<br>Үш дегенім - үскі,<br>Төрт дегенім - төсек,<br>Бес дегенім - бесік,<br>Алты дегенім - асық,<br>Жеті дегенім - желке,<br>Сегіз дегенім - серке,<br>Тоғыз дегенім - торқа,<br>Он дегенім - торқа,<br>Он дегенім - оймақ,<br>Он бір қара жұмбақ. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>"Жомарт Күз" (суретті қарастыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. | **Әңгіме құрастыру "Табиғат".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру". | Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес.<br>"Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы". | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11-11.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауды үйрету. | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту. | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіп сақтауға ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюды үйрету. | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту).<br>Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Саусақ жаттығуы", "Пойыз келе жатыр".**<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ<br>(саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату).<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ<br>(саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату).<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан<br>(алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады.<br>- Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады. **(математика негіздері, құрастыру)** | **"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар оны сипаттамадан анықтайды. Сипаттамасы бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын жалғасады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Гараж" құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады.<br>**(математика негіздері, құрастыру)** | **"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады.<br>**(математика негіздері, құрастыру, танымдық дағдылар)** | **"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады. | **"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуды үйрету.<br>Барысы: торғайлардың маскаларын киген немесе қалташаларын таққан балалар, белгі | **"Көлік" ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы?<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді.<br>**(қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(танымдық дағдылар, құрастыру)** | бойынша қолдарын жан-жаққа жайып "ұшып", "жерге қонып" жүреді. "Көліктің" рөлін педагог немесе белсенді бала, қолына руль ұстап, белгі бойынша "торғайларға" қарай жүреді, "торғайлар" орындарынан қозғалып, белгілі бағытқа "ұшып" кетеді. Балаларға торғайларға маскаларды немесе қалташалары үлестіріледі. **(дене шынықтыру)** | **танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен | **Дене шынықтыру** "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын | **Музыка** "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық | **Дене шынықтыру** "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см | **Қазақ тілі** "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету.<br>**"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту.<br>**"Бағдаршам" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды үйрету. Түстерді ажыратуды бекіту, тәртіп бойынша қимылдауды үйрету. | аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту.<br>**"Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды, таңбалауыштарды жылдам жинауды үйрету. | қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Аланда бір-біріне соқтықпай жүгіруді үйрету. | көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға жаттықтыру.<br>"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы.<br>Көліктер туралы әңгіме.<br>"Сенде не бар?" жаттығуы.<br>"Қонақтар немен жетті?" сергіту сәті.<br>"Не артық?" дамытушылық ойыны.<br>"Әртүрлі көліктер" рефлексия. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына | **Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы ақпарат беру; жылы жаққа ұшып | **Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің | **Өрт сөндіру машинасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Бақылау барысы.<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды ұсынады.<br>- Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>- Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару үшін.)<br>- Балалар, көліктер әртүрлі болады.<br>Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жолдың бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі түсті көліктер" ойыны. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** | ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың? | кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты-ұшты" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету. | атауын жатқа білуге ынталандыру.<br>Көліктердің алуан түріне назар аударту.<br>Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; | қызығушылықты дамыту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы қоқыстарды жинау)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да, ұстап ал". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доппен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті машинар), рөлдер. **"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар.** Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. **Балалардың еркін ойыны.** | - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Не жөнінде айтылады?" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). **"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. **Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).** | Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлігі атауларын немесе кез келген заттың атауларын атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қаққандай қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: "Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!" (қолдарын қимылдатады). "Ұшты-ұшты, кітап ұшты!" (қолдарын қимылдатпайды). **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. | дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.** | ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету. | Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала болуы мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар. | | қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары." Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің буындарының құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда машықтау. **Пантомима ойыны.** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Көліктердің дөңгелектерін жөндейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пен шаршыны зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте, бағдаршам түстерін қалайтын үш түсті дөңгелектерді салуды үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".** Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. **Дидактикалық ойын. "Трактордың бөлшектерін тап".** Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қарбыз тиелген жүк машина"** Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жүк |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Көліктер".**<br>Қимылдарды балаларға қайталату:<br>- кеменің суреті - екі алақанды біріктіріп, алға сермеп, толқынды қимылдар жасау;<br>- ұшақтың суреті - жұдырықтарды өз алдында айналдыру, қолдарды екі жаққа созу;<br>- жүк мәшинесінің суреті - рульді ұстаған тәрізді бұрау қимылдары;<br>- пойыздың суреті - қолдарды жұдырыққа жинап, екі жақта, дөңгелектерге ұқсатып айналдырып қимылдау. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастырамыз".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың | ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту.<br><br>**"Дөңгелектер"**<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру. **(жапсыру)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Пойызбен саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларда көліктер мен пойыз туралы түсініктерін қалыптастыру, пойыздың бірнеше вагоннан тұратыны, вагонда бірнеше терезе болытыны туралы түсініктерді тиянақтау.<br>**Саусақ жаттығуы. "Пойыз келе жатыр".**<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ, тоқ! | саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтарын "ашу және жабу")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашу және жабу")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашу және жабу")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Гараж" құрастыру.**<br>Педагог балаларға | Трактор бөлшектерін жинау. **(құрастыру)**<br><br>**Трактор суретін бояу.**<br>Мақсат-міндеттері. Тракторды сипаттау, түстерін атау, суретін бояу. **(сурет)**<br><br>**"Не жоқ?" жаттығуы.**<br>Балалардың алдына жүк көлігінің бір суретінен беріледі. Әр баланың суретінде көлік бөлшектерінің бірі жеткіліксіз болады. (кабина не шанақ, не дөңгелек)<br>Бөлшектері табақшада жатады. Өз машиналарында не жоқ екенін атайды және қажетті бөлшекті қосады. Жеке жұмыс барысында баладан бөлшек атауын және түсін сұрауға болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | машинасының негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру.<br><br>**"Қарбыз тиелген жүк машина"**<br>Мақсат-міндеттері. Жүк машинасына қарбыздарды мүсіндеп жабыстыру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу)**<br><br>**"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.**<br>Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. **(математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын кеңейту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | Тоқ-тақ, тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ұқсап, соққылау). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау). Қуынышпен қарсы алады. - Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.** Педагог балаларды екі үлкен құрсауға тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды | математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. **(математика негіздері, құрастыру)** | **Вариативті компонент/Әлеумет** "Кітапхана" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды кітапханамен және кітапханашының қызмет ерекшелігімен таныстыру; кітапхананың адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту; кітапхананың ережелері мен тәртібі туралы мағлұмат беру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аңдып, ұстап алса, бәрін жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі құрсаудағы балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қап "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық!" дегенде торғайлар құрсауларға қашып кірулері керек.<br>**(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы". "Пойыз келе жатыр".**<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ!<br>Тоқ-тақ-тоқ!<br>(саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау).<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ!<br>(саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау). | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Нешеуміз?"<br>Бір үйде нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br><br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек - анам,<br>Ортан терек - ағам,<br>Шылдыр шүмек - мен,<br>Кішкене бөбек - сен.<br><br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Машина" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. "Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту.<br>Оразақын Асқар "Машина".<br>Машина істе - серігің,<br>Жолға шықсаң - көлігің.<br>Айта қойшы, сен, інім,<br>Шығаратын оны кім? | **"Светофор" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту.<br>Зайда Елғондинова "Бағдаршам".<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!" - дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады.<br>-Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)** | | | Тас қорытып домнада<br>Металл құйса құрышшы,<br>Машинаны заводта<br>Жасар іскер жұмысшы.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса сары шырағы:<br>"Ал, дайындал!"- дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса жасыл шырағы:<br>"Ал, өте бер!"- дегені.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Бақыт дегеніміз - отбасындағы татулық" | Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. | "Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз" тақырыбында кеңес. | Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балалардың танымын және сөйлеуін дамытуға бірыңғай тәсілді қалыптастыру" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **14.11-18.11.2022ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін іс-тәжірибеде орындауға дағдыландыру. | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге дағдыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды ретттеп, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен карауға бейімдеу (курап қалған жапырақтарды алып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолғабыс етуге тәрбиелеу. | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілудіүйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп айтуға, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**<br><br>**"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй | **Үстел үсті ойыны, мозаика.**<br>**"Жабайы аңдар".**<br>Мақсат-міндеттері. Олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Бір сөзбен ата" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үй және жабайы жануарларды жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Санамақтар айтқызу.**<br>Қасқыр қақты қақпаны.<br>- Ашыңдар, тез! - айтқаны.<br>Сол-ақ екен лақтар-<br>Титтей-титтей шұнақтар<br>Жан-жағына жүгірді,<br>Жасырынып үлгерді.<br>Бірі - төсек астына,<br>Бірі - пештің қасына,<br>Бірі - сәкі астына,<br>Бір - астына кереует,<br>Бірі - тапқыр керемет,<br>Отыр бөшке түбінде,<br>Қанша лақ бар бұл үйде?<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу | **"Сипаттама бойынша аңды таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>**Тақпақ жаттау**<br>Қоян<br>Есек құлақтас<br>Ит сирақтас,<br>Түйе еріндес,<br>Жапалақ көздес,<br>Бұта түбі кеуегі,<br>Кеуегінде көжегі.<br>**(сөйлеуді дмаыту)**<br><br>**"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | еліктеу)<br>Маймаңдайды,<br>теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді.<br>(Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды.<br>Жерге түсіп, маймаңдайды.<br>(Маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова **(дене шынықтыру, көркем сөз)** | **қазақ тілі)** | қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті.<br>Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру.<br>Барысы. Педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, таңқурай, бал, балық, жаңғақ, шырша бүршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық, қоян, қозы және тағы басқа. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады. | **"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.<br>Барысы.<br>Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.)<br>Қоңыр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.)<br>Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.)<br>Қу, айлакер. (Түлкі.)<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. | **"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, музыка)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар.<br>Ең жақын адамдар,<br>Әкем мен анам бар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **қазақ тілі)** | Жануарлардың көңіл күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа. **(қоршаған ортамен танысу, танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін! **(әлеуметтік-эмоциялық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Сұр көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету. **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бір | **Дене шынықтыру** "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе | **Музыка** "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс | **Дене шынықтыру** "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру | **Қазақ тілі** "Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?" Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жанурлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатарда еркін жүгіруді үйрету. | отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Межелі орын" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Кедергілерді айналып, еңбектеп жүруді үйрету. | тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.<br>**"Қорқақ қоян" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің іс-әрекетін мұқият қайталау, әуенді және ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.<br>**"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету. | таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрету.<br>**"Қай аң жасырынған?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жасырынған аңды мұқият табуға дағдыландыру, сипаттау. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын** | **Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.<br>Жапырақтар жерге неге | **Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың | **Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қарапайым еңбек тапсырмалары** (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау).<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады. | түседі? Бұл туралы балаларға мағлұмат беру.<br>Тапсырма: «Күзгі кілем» атты тақырыпқа апликация жасау.<br>Сұрақтар:<br>- Ағаштар мен бұталардың жапырақтары қандай?<br>- Жапырақтары ең көп түскен ағаштардың атын атаңдар?<br>- Ал қандай ағаштар мен бұталардың жапырақтары әлі жасыл?<br>- Ағаштардың жапырақтары неге күзде түседі?<br>- Бұл құбылысты не деп атаймыз?<br>Көркем сөз:<br>Жапырақтар саулайды<br>Ағаштың басынан.<br>Ұшып жатыр жан – жаққа<br>Шегетіндей тау қайғы<br>Бұлақтарда тасыған.<br>**Қимылды ойын:** | жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді.<br>Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай | қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық,<br>келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды,<br>жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер | Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту.<br>Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту.<br>Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау.<br>- Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды.<br>- Шыршаның бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **(дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені ұстап ал". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дене, қимыл қозғалыстарын дамыту. | **«Ормандағы аю» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау.<br>**Еңбек:** Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау.<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру.<br>**Қимылды жаттығулар:**<br>Баскетбол ойынындағы жаттығуларды жасап үйрену. | жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады.<br>Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>**"Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы көгөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. | көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсат-міндеттері. | - Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып,денеміздің сау болуына көмектеседі.<br>Жасыл желек жамылған<br>Міне, сұлу шыршамыз<br>Инелері тағылған<br>Қандай сұлу шыршамыз!<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы қурап түскен жапырақтардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу<br>**"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру.<br>**"Қу түлкі" қимыл-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұйқыдағы аю".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту.<br>**"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.** | **Дене шынықтыру**<br>"Қорбаңдаған аю".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру | **Музыка**<br>"Қыс қызығы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау | **Дене шынықтыру**<br>"Бағытты өзгертіп жүгіреміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-қол қимылдарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау.<br>**"Белгіні тыңда" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүрудің әртүрлі | **Қазақ тілі "Қыс қызығы".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.<br>**"Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Белгіленген межеге дейін бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету. | қабілеттерін бекіту. **"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. | кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету. **"Аю" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қыс қызығына жататын суреттерді табуды үйрету. | түрлерін жаттықтыру. | Мақсат-міндеттері. Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. - Бүгін біз ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне | **Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту. Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік немесе жүк | **Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Тақпақ.<br>Ермек Өтетілеуұлы "Іні".<br>"Бір ісіме қапа ма?" -<br>Деп қарайды апама<br>Сипаттырып басынан<br>Еркелейді атама.<br>**"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** ойыншықтарды жөндеу.<br>Мақсат-міндеттері. | байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді.<br>Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады.<br>Біз көмекші баламыз,<br>Төзімді, ұқыпты боламыз.<br>Шеберлікке жету үшін<br>Көп еңбек саламыз.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың бірінің артына орамалды тастап кетуге тиісті. Бала артына | тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын кию, оларды тазалау.<br>Мақсат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, сынған бұтақтарды ғана жою керектігі туралы түсініктерін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу | тапсырмалары (ауланы қардан тазарту).<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық".**<br>Мақсат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қимыл-қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға қарай екі аяқпен | балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.<br>Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауды, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, | бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру.<br>**Еңбек әрекеті:**<br>ауладағы ағаштан | қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар!<br>"Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!"<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | секіруге жаттықтыру. | Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға доптар. | түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** секіру жаттығулары.<br>Мақсат-міндеттері. Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту. | | тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуын орындау.**<br>"Жыл мезгілдері"<br>Мұз да, қар да ерісе,<br>Өлең айтар өзендер.<br>(маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ұйқы қашса қонжықтан,<br>Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Қызса қатты күн көзі,<br>Қарлығаштар самғаса,<br>(маңдайдың ортасынан | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Данаға бөкебайды дайындап берейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұстастырып, салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не | **"Үйсіз қоян" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету.<br>Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қаладағы қыс".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қыс келді атты суретпен танысу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету.<br>**Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шеңберге тұрғызып ойнату, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ыстық аптап, құрғақшылық,<br>Жаз келгенін білдірер, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Шатырда жаңбыр ойнаса,<br>Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Жер жапырақты жамылып,<br>Күз келгенін білдірер. (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Боран борап, жел тұрса,<br>Айналаны қар басса,<br>Үйлер ақ көрпеге оранса,<br>Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді | қысқа екенін айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, майманДап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру | жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Шыршалар қар жамылды".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету.<br>Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтап". | **«Ол не?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін, сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру.<br><br>**"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы. Бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі | мнемосызбаларды қолдану.<br><br>**Драматизация.**<br>"Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Үй құрылысы" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін орындайды)<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қысты сағындық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен | керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. | | бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зеректігін қалыптастыру.<br>Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; ұйымдастырылған іс-әрекеті барасындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кедергілерге соқтықпай, саңырауқұлақтарды теріп алуды үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар жаттау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>**"Түлкі".**<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай | **"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.<br>Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақты қайталау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: | **"Қыста" тақпағын жаттатқызу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>Оразбай Байбақов "Қыста".<br>Ойшыл орман сілкінді,<br>Жібергенде жел ырғап.<br>Мұз астында бұлқынды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүреді, қуын-ай!<br><br>**"Маймыл**".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жүреді, қуын-ай!<br><br>"Маймыл".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Күміс өзен сылдырлап.<br><br>Ғайып болды түнгі ызғар,<br>Ай да батты ақ маңдай.<br>Күн көзінен жұлдыздар<br>Балқып бара жатқандай.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары". | Жаднама.<br>"Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру". | "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12-09.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітап бұрышын тазалау.** Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза карауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Саусақ жаттығуы.** | **"Топ-топ басайық"** | **Саусақ жаттығуы.** | **"Үйшікте кім** | **"Матрешкаға** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым.<br>Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар.<br>**Көркем сөз.**<br>Достарды жинайық,<br>Мұнараны құрайық.<br>Үлкені үстіне орташасын,<br>Оның үстіне кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы қуантамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Орманшы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діні, | Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұрандау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".** | **тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. | **қонаққа бару" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)**<br><br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемін, түсін ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан!<br>(Алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады:<br>- Алақай! Алақай!<br>(Алақандармен шапалақтау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.<br>Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек, | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда"** топтық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз. | **"Қар үйіндісінің артында не жасырылған?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көрнекі зейінді дамыту; тақырып бойынша сөздікті белсендіру.<br>Барысы: қатырма қағаздан (картон) қар үйіндісі кесіліп алынады. Педагог артына заттың сұлбасының бейнесін жасырады (шаналар, | **"Сөздер тізбегі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен аландамай,<br>Қазан түбін жалап,<br>үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Балалар, қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(музыка)** | Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ұлпа қарлар, күн, ағаш, бас кием, қолғап, шаңғы, коньки), балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін болжайды.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Тәуелсіз елім"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Жайна елім менің!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта | **Музыка**<br>"Тәуелсіз елім"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем | **Дене шынықтыру**<br>"Мен - чемпион".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, | **Қазақ тілі**<br>«Үйдің көркі не?».<br>Жиһаздар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру. | алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту. | еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту. | сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күректермен әрекет | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>ұжыммен қар тазалау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары)<br>**Қимыл-қозғалыс** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қардың терендігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ету қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | **ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. | шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | **Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Тәуелсіздік алған күн" Мақсат-міндеттер. Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін ұғындыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Домбыра" Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала қиылған домбыра сұлбасын мақтаға оралған, бояуға малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтермен безендіріп толтыруға | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Құлыншақтың астанаға барар жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы бойынша тұстастырып, салыстыруға үйрету; белгілі бір мерзім өлшеміне сәйкестеп, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Аквариумдағы алтын балық". Мақсат-міндеттер. Балықтар туралы көркем сөздер арқылы балалардың тілін жетілдіру; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Тостаған". Мақсат-міндеттер. Балаларда ыдыс-аяқтың бір түрі тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны, айналасы, шеттері сияқты бөліктерден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Біздің астанамыз — Астана қаласы. Дауыссыз [С] дыбысы". Мақсат-міндеттер. Балаларда, еліміздің бас қаласы туралы баяндау барысында, дауыссыз [с] дыбысын буын, сөздер құрамында айту тәртібімен таныстыру, астананың көрікті жерлері жөнінде мәліметтер беру. | үйрету.<br><br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова. | заттардың ұзындығын салыстыруға жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Шыршаны безендірейік" ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың Жаңа жыл алдында шыршаны безендіру ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; жапсыру әрекетінде балалардың шығармашылықтары мен икемділіктерін қалыптастыру; қағаздан шарлар мен тамшыларды | ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Таныс пішіндер доминосы".**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | тұратыны жайында түсінік беру.<br><br>**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Тәрбиеші балалардың кез келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту)** | жапсырып, шыршаны безендіре білуге үйрету; қысқы дәстүрлі мереке туралы түсінік беру. | **(математика негіздері)** | сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Не өзгерді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы. Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **"Лото-жануарлар" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.12-16.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.12.2022 | 13.12.2022 | 14.12.2022 | 15.12.2022 | 16.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізу және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсетуге, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына деген құрметпен карауды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. **(еңбек дағдылары)** | |
| | **"Біздің Елбасымыз" тақырыбында** | **"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.** | **Санамақтар айтқызу.** "Кел, санайық санамақ" | **"Желбірейік туымыздай!"** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **суреттерді көру.**<br>"Мемлекеттік рәміздер".<br>Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | - Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, сергіп алайық.<br>Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді),<br>Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді).<br>Татулығы желбіреген (қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді),<br>Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп | **"Біздің ел" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту.<br>Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырмды Аспан ата!<br>Армысыз, мейрімді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтасыңдар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **дамыту)** | көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы<br>Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа жыл, жаңа нұр!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын | **Дене шынықтыру**<br>"Қош келдің, Жаңа жыл!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, | **Музыка**<br>"Жаңа жыл - жаңа нұр".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа жыл құтты болсын!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек.<br>Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. | орнына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар!<br>"Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!"<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен** | | Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ойындар:** секіру жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту. | | қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Балалардың еркін ойыны.** Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуын орындау.**<br>"Жыл мезгілдері"<br>Мұз да, қар да ерісе,<br>Өлең айтар өзендер.<br>(маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ұйқы қашса қонжықтан,<br>Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Қызса қатты күн көзі,<br>Қарлығаштар самғаса,<br>(маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ыстық аптап, құрғақшылық,<br>Жаз келгенін білдірер,<br>(бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Шатырда жаңбыр | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Данаға бөкебайды дайындап берейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұстастырып, салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір | **"Үйсіз қоян" қимылды ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету.<br>Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қаладағы қыс".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>**«Ол не?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін, сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қыс келді атты суретпен танысу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету.<br>**Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шеңберге тұрғызып ойнату, мнемосызбаларды қолдану.<br><br>**Драматизация.**<br>"Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау.<br><br>**Вариативті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнаса,<br>Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Жер жапырақты жамылып,<br>Күз келгенін білдірер. (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Боран борап, жел тұрса,<br>Айналаны қар басса,<br>Үйлер ақ көрпеге оранса,<br>Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін орындайды)<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қысты сағындық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың орыс халқының әуеніндегі | сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймандап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. | "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Шыршалар қар жамылды".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету.<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Ақшақарлар қалықтап". | **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы. Бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу** | **компонент/Әлеумет**<br>"Үй құрылысы" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; ұйымдастырылған іс-әрекеті барысындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын | | | "Шана". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру.<br>**"Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кедергілерге соқтықпай, саңырауқұлақтарды теріп алуды үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар жаттау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>**"Түлкі".**<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>**"Маймыл"**.<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың | **"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.<br>Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақты қайталау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>"Маймыл".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Қыста" тақпағын жаттатқызу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>Оразбай Байбақов "Қыста".<br>Ойшыл орман сілкінді,<br>Жібергенде жел ырғап.<br>Мұз астында бұлқынды,<br>Күміс өзен сылдырлап.<br><br>Ғайып болды түнгі ызғар,<br>Ай да батты ақ маңдай.<br>Күн көзінен жұлдыздар<br>Балқып бара жатқандай.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | | дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары". | Жаднама.<br>"Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру". | "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12-09.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітап бұрышын тазалау.** Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: | **"Топ-топ басайық" ойыны.** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел** | **"Матрешкаға қонаққа бару"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым.<br>Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар.<br>**Көркем сөз.**<br>Достарды жинайық,<br>Мұнараны құрайық.<br>Үлкені үстіне орташасын,<br>Оның үстіне | Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!».<br>Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Орманшы" дидактикалық** | көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық. | **ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы<br>қуантамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемін, түсін ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. | сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан!<br>(Алақандарды | Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.** | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй | **"Қар үйіндісінің артында не жасырылған?" дидактикалық ойыны.** | **"Сөздер тізбегі" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен аландамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат! | Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда"** топтық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Балалар, қанша дыбыс естідіңдер? | мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: көрнекі зейінді дамыту; тақырып бойынша сөздікті белсендіру. Барысы: қатырма қағаздан (картон) қар үйіндісі кесіліп алынады. Педагог артына заттың сұлбасының бейнесін жасырады (шаналар, ұлпа қарлар, күн, ағаш, бас киім, қолғап, шаңғы, коньки), балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін болжайды.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(музыка)** | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Жайна елім менің!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру. | **Музыка** "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда | **Дене шынықтыру** "Мен - чемпион". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту. | **Қазақ тілі** «Үйдің көркі не?». Жиһаздар. Мақсат-міндеттер. Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сезімталдығы пен зейінін дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ұжыммен қар тазалау.<br>Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | **"Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. | біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Тәуелсіздік алған күн"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еліміздің | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Домбыра"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды алдын-ала қиылған домбыра | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Құлыншақтың астанаға барар жолы". | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аквариумдағы алтын балық".<br>Мақсат-міндеттер. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Тостаған".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда ыдыс-аяқтың бір түрі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін ұғындыру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің астанамыз — Астана қаласы. Дауыссыз [С] дыбысы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда, еліміздің бас қаласы туралы баяндау барысында, дауыссыз [с] дыбысын буын, сөздер құрамында айту тәртібімен таныстыру, астананың көрікті жерлері жөнінде мәліметтер беру. | сұлбасын мақтаға оралған, бояуға малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтермен безендіріп толтыруға үйрету.<br><br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу) | Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы бойынша тұстастырып, салыстыруға үйрету; белгілі бір мерзім өлшеміне сәйкестеп, заттардың ұзындығын салыстыруға жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Шыршаны безендірейік" ұжымдық жұмыс. | Балықтар туралы көркем сөздер арқылы балалардың тілін жетілдіру; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Таныс пішіндер доминосы".**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. | тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны, айналасы, шеттері сияқты бөліктерден тұратыны жайында түсінік беру.<br><br>**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Тәрбиеші балалардың кез келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Балалардың Жаңа жыл алдында шыршаны безендіру ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; жапсыру әрекетінде балалардың шығармашылықтары мен икемділіктерін қалыптастыру; қағаздан шарлар мен тамшыларды жапсырып, шыршаны безендіре білуге үйрету; қысқы дәстүрлі мереке туралы түсінік беру. | Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(математика негіздері)** | ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Не өзгерді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық | **"Лото-жануарлар" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және | **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | , есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы. Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(қоршаған ортамен** | дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)** | пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.12-16.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.12.2022 | 13.12.2022 | 14.12.2022 | 15.12.2022 | 16.12.2022 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізу және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсетуге, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына деген құрметпен қарауды үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту.<br>**(еңбек дағдылары)** | |
| | **"Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру.**<br>"Мемлекеттік рәміздер".<br>Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Кел, санайық санамақ"<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон. | **"Желбірейік туымыздай!"**<br>- Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, сергіп алайық.<br>Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен аландамай,<br>Қазан түбін жалап,<br>үйде жат.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | желбіретеді),<br>Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді).<br>Татулығы желбіреген (қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді),<br>Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар.<br>Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы | **"Біздің ел" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту.<br>Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырымды<br>Аспан ата!<br>Армысыз, мейрімді<br>Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы<br>Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Жаңа жыл, жаңа нұр!" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Қош келдің, Жаңа жыл!" Мақсат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту. | **Музыка** "Жаңа жыл - жаңа нұр". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындаудаептілікке, | **Дене шынықтыру** "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі** "Шыршаның бастан кешкендері" | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру.<br>"Қанша Аяз ата?" дидактикалық ойыны. | Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттауды, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі туралы, қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту. Көркемсөз үлгілері арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Есту зейінін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және музыкаға эмоционалды қарым-қатынасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге деген қайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан құрылыстар жасау). | **Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан төбешік | **Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**: сызықтар арасында жүру (10-15 см). **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру. | Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету. | жасау). Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай".** Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір кесек қармен нысанаға тигіз. Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Орман шыршасы". Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Биік шыршаны табайық".<br><br>**Пантомима ойыны."Қонжықтар"** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Аяз өрнектері". Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".** Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Аяз ата туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлгігімен таныстыру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** "Жасыл шырша жанында". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Бұл не?".<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Шырша бұтасында ілінген шар". Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | .<br>Мақсат-міндеттер: пантомима дағдыларын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Ойыншықтар" дүкені.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру.<br>"Ойыншықтар" қимылды жаттығуы. | карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.<br>- Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер.<br>Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету.<br>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.<br>"Тәтті бал" тілге арналған жаттығу. | сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтағының және дөңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен толықтыруға үйрету.<br>Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Құрылыс нәтижесімен ойнату. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаттамақ жаттығуы.**<br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық, біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік – ұлық той!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шалқан" ертегісін драматизациялау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Балаларға кеңес Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру. | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту. | "Тәуелсіздік - тұғырым" тақырыбында сынып сағаты | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12-23.12.2022ж.** |

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 19.12.2022 | 20.12.2022 | 21.12.2022 | 22.12.2022 | 23.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекшіге жүктелген міндеттерді өз бетімен және адал орындауға тәрбиелеу (кезекшінің киімін дұрыс киіндіру, қолын жуу, ыдыстарды қою, үстелден және үстелдің астынан жинау). **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою). **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды киім сақтауға арналған жеке шкафтарда тазалық пен тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы | **Суреттерге қарау.** Мақсат-міндеттер. "Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және | **"Үздіксіз ізде" (іздеу).** Мақсат-міндеттер. Зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Топ-топ басайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Түстерін тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, | материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.<br>Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді.<br>(Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды.<br>Жерге түсіп, маймаңдайды.<br>(Маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1-2 бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау;<br>2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Аяз ата туралы тақпақ жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Шырша туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жасыл шыршаны бақылау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Допты дәлдеп лақтыр".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, | **Музыка**<br>"Шырша түбіндегі сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Тез адымдап жүреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру | **Қазақ тілі**<br>«Дана көшеге шығу үшін не киеді?».<br>Киімдер.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету. | | іскерліктерін жетілдіру. | жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту. Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың терендігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)** Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға | **Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Бақылау:** қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған | **Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. | **Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: қар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды | кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша | Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу | Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>**Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-** | жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Аю апанында». (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br>**Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | **әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | **шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз атаның қабы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Шырша түбіндегі сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұстастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Жылы бөкебай". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Хан мен құмырсқалар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру.<br>"Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша ойыншықтарымен танысу".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл шырша".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын | **Жапсырудан ойын-жаттығулар.**<br>"Аққала үлкен болғысы келеді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту.<br><br>**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Аяз" ойыны. | Мақсат-міндеттер. Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін кеңейту; бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтері жөнінде түсініктерін пысықтау; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. | жаттығуы.<br><br>**"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(шығармашылық дағдылар)** | молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту.<br>"Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны. | қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саусақтарым, ойыншықтарым<br>(Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету)<br>Ойнап-ойнап қалады,<br>(Саусақтармен кезектеп жыбырлау)<br>Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу)<br>Жасырынып қалады.<br>(Жұдырықтарға жұму)<br>- Қане, шық жұдырықтан!<br>(Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету)<br>Қане, тұр түзу сапқа!<br>(Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау)<br>Ойнап болдық, тамаша!<br>(Шапалақтау)<br>Іс жасайық жаңаша!<br>(Сұқ саусақты бұлғау) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Кірпі".** | **Жұмбақтар, жаңылтпаштар** | **"Қыста не болады?" дидактикалық** | **"Қыс белгілерін ажыратамыз"** | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **ойыны.** Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?" | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар". | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | «Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.12-30.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.222 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдырса" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). **(еңбек дағдылары)** | жұмыс алжапқыштарын киюге, жууға және кептіруге қажетті барлық керек-жарақтарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. **(еңбек дағдылары)** | Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілудіүйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Зейінділік пен байқампаздық".** Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жаңа жылдық сыйлықтар, ойыншықтар, шырша. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке | **"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.** Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Айна".** Балаға қарама-қарсы тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар көрсетіңіз. Ол "айна", сол қимылдарды қайталауы тиіс. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. **(танымдық дағдылар)** | көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. **(магетматика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау;<br>2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Сырғанаймыз шанамен".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін | **Музыка**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және | **Дене шынықтыру**<br>"Қыста дөңнен сырғанаймыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру. | **Қазақ тілі**<br>"Қыстағы ойын - сауық түрлері"<br>Мақсат-міндеттер. Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қысқы ойындар» сөзін қолданып қарапайым сөз тіркестерін құруды, сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдіру. | музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. | | есту арқылы қысқы ойындар туралы ақпаратты қабылдауын дамыту. Жалпы «Қыс қызығы» тақырыбы бойынша сөйлесуді, есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркемсөзге құштарлығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. | **Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Бақылау:** желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер | **Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. «Қарағай». | **Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақал-мәтел<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды | соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.<br>**Өз бетімен ойындар:** | тұрғызады.<br>**Бақылау:** қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. | Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** | Қорғамасаң болмайды,<br>Кіп-кішкентай торғайлар,<br>Бақшамызды қорғайды.<br>Жұмбақ.<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы,<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(Бозторғай)<br>**Бақылау:** құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек:**<br>Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәйкестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. | **Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | **«Шаңғы жарысы». (дене шынықтыру)**<br>Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>**Еңбек:** ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау. | ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойын «Қарғалар». (дене шынықтыру)**<br>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру<br>**Еңбек:** қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу.<br>Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | теңдік қарым-қатынас ережелерін білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қолғап".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Менің сүйікті қалам".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сүйікті қаламыз Алматымен таныстыра отырып, қала туралы көркем сөздерді мәнерлеп оқу; Алматы қаласы туралы | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Қардан мұнараларды салайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен ені бойынша тұстастырып, салыстыруға, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; заттардың ұзын немесе қысқа, кең немесе тар екенін тұстастыру және бірліктердің (кірпіштердің) сандарына қарап салыстыруда жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеуді, зейінді, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру.<br>**Саусақ жаттығуы. "Қарды қолмен жинайық".**<br>Қарды қолмен жинайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу),<br>Алақанда қысайық (екі алақанды айқастыра қосып, бір-бірін құшақтап, қысу; | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қуыршақ Дананы серуенге шығару" тақырыбына әңгімелесу.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалармен қысқы киімдер жөнінде әңгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста киіну тәртібінің ерекшеліктерін көрсету.<br><br>**Драматизация.**<br>"Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br><br>**"Қыста не болады?"** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындаш арқылы аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дөңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруда жаттықтыру; үлкен және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі мен басы деп тануға үйрету.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қыс әні". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**"Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.<br>Барысы: ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады.Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог үй жануарларын бір төлін тығып тастайды.<br>Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар | ой өрісін дамыту.<br><br>**Драматизация.**<br>Мақсат-міндеттер: "Айна" ертегі желісін алжапқыш театрын қолдану арқылы сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Төбешіктен сырғанайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, текшелерді бірінің үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшені және призманы жаққа салып, тіреу амалдарын машықтандыру, төбешікті жасауға үйрету. | орындарын алмастыру),<br>Қысып-қысып (алақандарды жеке жұдырықтарға қайта-қайта қысып, ашу),<br>Дөңгелектеп, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Түзу жолмен айдайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу).<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Аурухана" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; дәрігер қызметінің адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту; дәрігердің құралдарын жатқа айтуға үйрету; ойын | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.<br>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Тиін".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі | Мақсат-міндеттер. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | | барысында шығармашылыққа баулу. "Аурухана" ойыны. **"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Педагог үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы1,5 -2м) Педагог "Бір! Лақтырамын. Екі! Лақтырамын. Үш! Лақтырамын. Кім жүйрік қағып алсын!"- деп допты лақтырады да өзі қағып алып: "Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер" дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған | мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балалар соңынан еріп жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Шырша" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Шырша" (Әдібай Табылдиев)<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі,<br>Үйге кірді төрледі.<br><br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы.<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Арайланды шыршамыз,<br>Айналамыз баршамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Күміс қар" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қыс" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Қыс" (Ізтай Мәмбетов)<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп таралады,<br>Жаңғыртады ауаны.<br><br>Ұйқыдағы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек.<br>Ұйып қапты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев)<br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Не әкелдің сен бізге?<br>Бау-бақшаң толған гүл,<br>Төлдерің семіз бе?<br><br>Бауырсақ, балмұздақ,<br>Концертке ... молсың ба?<br>Бізді алға барғызбақ,<br>Сен жаңа жылсың ба?<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>"Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру.<br>Жаңадан көп түрлі<br>Машина бергейсің,<br>Жаңадан көк сырлы<br>Үйлерге кіргейсің.<br><br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Жаңалықізде сен!<br>Жаңа ән, жаңа жыр<br>Жазып бер бізге сен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға | "Жаңа жылдық костюмдер" жеке | Ата-аналарға балалардың жетістігі | Кеңес.<br>"Балаларға ойнауға көп | Ата-аналарға кеңес.<br>"Егер бала жиі | Кеңес.<br>"Қиын бала қайдан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кеңес) | әңгімелесу (костюмдер туралы кеңестер). | жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | мүмкіндік беріңіз". | ашуланса". | шығады?". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **02.01-06.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 02.01.2023 | 03.01.2023 | 04.01.2023 | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу. | |
| | | | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Қимылдарды қайталаймыз".** Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Суреттерді салыстырамыз".** Мақсат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын | **Саусақ жаттығуын айтқызу.** Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды.<br>Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады.<br>**(дене шынықтыру)** | табуды ұсынады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)**<br><br>**Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ".**<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(қазақ тілі, математика негіздері)** | Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұрандау),<br>Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұрандау).<br>Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру),<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| **Білім беру** | | | **Қысқы демалыс.** | **Қысқы демалыс.** | **Қысқы демалыс.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Болжау.<br>Аязды күні қар жауса – күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар | **Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Гүлзарды | жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға | түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. **Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | үйрету.<br>**Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Тәжірибе.<br>Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды.<br>Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Аңдарға қысқы үйшік".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде білімдерін кеңейту; аңдарға арналған қысқы үйшік бөлшектері туралы түсінік беру; ормандағы аңдардың тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру.<br>"Қоян түріп құлағын "саусақ жаттығуы.<br><br>**"Көрнекі үйшік" құрылыс ойыны.**<br>Текшелерден көрнекі ғимарат құрастыру. | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр.Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(құрастыру)** | | Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер. "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Қар" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Қар" (Тілеген Шопаев)<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жантайыпты жамбастап.<br>Жантайыпты жамбастап.<br>**(көркем әдебиет)** | **Суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер. "Қыс қысығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата- | | | Психолог кеңесі. "Баланың тілін қалай | Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| аналарға кеңес) | | | дамытамыз?" | моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | өнімді өткізуге болады?" |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.01-13.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 09.01.2023 | 10.01.2023 | 11.01.2023 | 12.01.2023 | 13.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалар белгіленген рет бойынша бірізді киіну, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыпты бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру т.б., іскерліктерін дамыту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою). |
| | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім | **Суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер: "Қыс қызығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | **"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім | **"Не артық?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолданудағы қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. | **Санамақтар айтқызу.** "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. **(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау.<br>Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**(танымдық дағдылар)** | Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағды)** | **математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн нұрындай көңілім,<br>Даламдай кең пейілім.<br>Жүрегім толы мейірім,<br>Бәріне ортақ шуағым,<br>Қайырымды боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ақшақарлар билейді". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың | **Дене шынықтыру**<br>"Әдемі билейміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде епті болуға тәрбиелеу; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау | **Музыка**<br>"Ақшақарлар билейді". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; | **Дене шынықтыру**<br>"Ақшақарлар секілді билейміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; | **Қазақ тілі**<br>«Қыс бізбен қар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі<br>Мақсат-міндеттер. Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оқу, сөздерді анықтап айтуды үйрету; жақсы көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету. | дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. | төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қардың пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту. | қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін дамыту. | тілін түсінуді, «қыс» сөзімен қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сәйкесінше, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қысқы табиғатқа туралы ақпаратты қабылдауын дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сөйлесуді есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркем сөзге құштарлығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қолғапқа түскен** | **Қарды бақылау** | **Қысқы шыршаны** | **Қысқы ауа райын** | **Қарды бақылау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>- Ақша қарлар оюлы<br>Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай | **(қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта | **(қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br><br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен | жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды шыршаның айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды** | Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** | **Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұрандау)<br>Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен? | **жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды)** | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл | туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға, солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға, солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | **жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қардың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қардың қасиеттерін атау арқылы балалардың есте сақтауы мен | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қолғап".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Аққалалармен ойнайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен жуандығы | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ақшақарлар жауып тұр. Дауыссыз [ш] және [ж] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды [ш] және [ж] дыбыстарының жеке, буын және сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдауын, зейіні мен тілін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Терезеде ақшақарлары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мақта таяқшалары арқылы шаршы пішініне, "терезе" кескініне ақша қарларды салуға үйрету; терезе сұлбасын бояумен жүргізіп, төрт шақпақ орталарына дөңгелектерді салып, бойларын түрлі нүктелер және сызықтармен толтыруға машықтау.<br><br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Бір дегенің - білеу,<br>Екі дегенің - егеу,<br>Үш дегенің - үскі,<br>Төрт дегенің - төсек, | барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету.<br><br>**"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу, қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Барысы: балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Педагог кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді.<br>Балалар қуыршақтарға жыл мезгілдеріне сәйкес киім кигізу керек. | жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру.<br><br>**"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту.<br>Ойын ережесі.<br>"Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады).<br>Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әр түрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету. | бойынша тұстастырып, беттестіріп, іс-тәжірибеде сәйкестігін тауып, салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; көзбен мөлшерлеу, қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту.<br><br>**"Дәріхана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту: фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир-сатушы оларды сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасау үшін қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, | құрамында айтылу тәртібімен, сөздің жекеше және көпше түрлерімен таныстыру; қардың қасиеттері жөнінде білімдерді жетілдіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық".**<br>Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бес дегенің - бесік,<br>Алты дегенің - асық,<br>Жеті дегенің - желке,<br>Сегіз дегенің - серке,<br>Тоғыз дегенің - торқа,<br>Он дегенің - оймақ,<br>Он бір - қара жұмбақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | | балалардың сөздік қорын кеңейтеді. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. | **Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ".**<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ақ қоян" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада "қоян" болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп, тақпақ айтады:<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Орныңнан тұршы,<br>Бетіңді жушы,<br>Шашыңды тарашы, | **"Қар" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Қар" (Тілеген Шопаев)<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жантайыпты жамбастап.<br>Жантайыпты жамбастап. | **Суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: "Қыс қызығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әй-әй көйлек киші, Біреудің қолын үзші, - дегенде, қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен, жүгіріп барып, шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердегі, оң жақтағы бала "қоян" болады. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)** | **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы. | Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары". | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01-20.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне іс-әрекетіне керекті құралдарды, түрлі түсті қарындашты және педагогтің дайындаған материалдарын тарату; іс-әрекетінен соң оларды жинап алу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Серуеннен кейін етікті кір мен қардан қалай тазарту керектігін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне төсек жабдықтарын орналастыруға көмектесуге кезекшілер тағайындау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сүлгілерді жинастыруға көмектесуге ынталандыру. |
| | **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.** | **"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын** | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.** | **"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **ойын.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. ( | Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету. | Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Маубас аю".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп | **Дене шынықтыру**<br>"Аю ұйықтағанды жақсы көреді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, | **Музыка**<br>"Аю мен түлкі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажырата білу | **Дене шынықтыру**<br>"Жануарлар қалай қыстайды?"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда допты алысқа лақтыруда бастапқы тұрған қалыпты қабылдау | **Қазақ тілі**<br>"Орман тұрғындарының бастан кешкендері"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақ тілін түсінуді, аңдардың дұрыс атау және қысқы тіршілігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету. | бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеуге үйрету; өрмелеу кезінде епті, жылдам болуға тәрбиелеу. | қабілетін дамыту; әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әнді айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдары мен аңдар қимылдарын дербес орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілетін дамыту. | және бөрененің үстімен тез адымдап жүру техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. | білуді, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестерін дұрыс құрауды, дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабылдауын, қазақ тілін түсінуді, қыстап қалатын құстарды ажырату және атауды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөздерді сөз тіркестеріне дұрыс құрауды, көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін дамыту. Есту, сақтау және көру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Аңдарға және қыстап қалатын құстарға жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр? | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынтылындыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарды жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық, | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл шығып жатқан қандай дыбыстар? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстардың | **Апандағы аюдың суретін қарау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға аюдың қысқы тіршілігі жөнінде жалпы ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда ұйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Аю апанына жатты,<br>Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю).<br>- Аю, аю, қайдасың? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Айналаның бәрі аппақ.<br>- Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге таман, төмен,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек | байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар.<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қарандаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды.<br>- Қоян қайда мекендейді?<br>- Иә, қоян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ, | Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу | шиқылдаған дыбыстары.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үйрету, жылдамдыққа, | - Неге ақырмайсың?<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, аю неге ақырмайды?<br>- Иә, аю апанда ұйықтап жатыр.<br>- Аю қалай ұйықтайтынын көрсетейікші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Аюдың ұйқысы қатты, біз ойынды ойнап көрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып | Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы бірге топтасып "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген | қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр<br>жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай,<br>үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық,<br>жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық<br>...<br>Д. Ахметова | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап,, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Ән салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта | **"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)<br>Екінші жұп қолғапты, (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұрандау)<br><br>Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады. | қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | **"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ қоянды жасырайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрған тіке сызықты жасыл борша арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жанына қылқалам арқылы ақ қоян бейнесін салуға үйрету. | **Саусақ жаттығуы. "Қоян".**<br>Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады).<br>Ұзын құлақ (құлақтар - жұдырықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортан терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті бас бармақпен басып тұрады).<br>Қоян тонып қалды (алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Мұрны тонып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).<br>Құйрығы тонып қалды (құйымшақты сипайды).<br>Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қонжық неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қонжық неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде мағлұмат беру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі".<br>Мақсат-міндеттер. Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табиғат өкілдеріне қызығушылық бастамаларын арттыру; | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Орман тұрғындарының іздері".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша тұстастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; оң жақ пен сол жақты ажырату қабілетін дамыту, саны айрықша геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыруда жаттықтыру; есте сақтау, ақыл-ой мен қабылдау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұйқыдағы аю". | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қоян мен Түлкі көрші".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылыс материалдары арқылы екі көлемде қақпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын аркамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыстың тұрақтылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қасқыр туралы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | босатады).<br>Сол жақта жылы (алақандарын соғады).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту. | Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы жануар аюдың тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; жабайы жануардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) кеңейту. | аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек: | **Сергіту сәтін айтқызу.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Апам үшін күнде мен (әндете),<br>Отынға ағаш жарамын (ағаш жарғандай).<br>Су құямын гүлге де (гүлге су құйғандай),<br>Дүкенге де барамын (қолдарына сөмке ұстап жүру),<br>Сыпырамын үй үшін (сыпырғандай),<br>Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жуғандай).<br>Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстағандай),<br>Жұбатамын ойнатып | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сиыр - мөңірейді,<br>Жолбарыс - ақырады,<br>Жылан - ысылдайды,<br>Маса - ызындайды,<br>Ит - үреді,<br>Қасқыр - ұлиды,<br>Мысық - мияулайды,<br>Шошқа - қорсылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | (қолдарын шапалақтайды). | **Балалар сұрақтарға толық жауап береді.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Жаднама:<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері". | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01-27.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. | **"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. | **"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны.** | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі …" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін, … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз …", "Қолшатыр алған себебіміз …" және т.б..<br>Келесі жолы | Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br>**(танымдық дағды)** | Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).***<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай | **"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу. | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке | **"Жұбын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(математика негіздері)** | заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. **(математика негіздері)** | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел достарым, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа<br>Дөңгеленген шеңберді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Суықторғай".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған | **Дене шынықтыру**<br>"Біз құстарды аялаймыз!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық | **Музыка**<br>"Қысқы әнші құстар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын | **Қазақ тілі**<br>«Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру. | қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. | ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру. | қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабыл кезінді көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары).** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).** | **Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған** | **Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>*"Құстар, құстар, келіңдер".*<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.<br>*"Сары шымшық."*<br>Сары шымшық шиқылдайды:<br>- Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Жылы жаққа ұшпайды,<br>Суықтан тығылмайды.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br>Далаға суық қыс жетті,<br>Аппақ қарды жерге төкті.<br>Қарандар, ағаш пен шатыр,<br>Барлық жерде қар жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды | **танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға құстарды суықта қоректе тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл шемшашар.<br>- Жемшашарда не бар?<br>- Иә, жемшашарға құстар қонды.<br>- Құстар не істейді?<br>- Дұрыс, құстар жемді шоқиды.<br>Педагог көркем сөзді оқып береді.<br>- Батыл екен біздің құстар,<br>Аулада қалады олар қыстап.<br>Жемшашарға жем шашайық,<br>Құстарды аялайық.<br>Дыбыстайды құстар "шиық-шиық",<br>Жем берейік - "жиіп-жиіп".<br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды | балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер, | күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға | соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | | балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз".** Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы | **"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту. Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. **(дене шынықтыру)** | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. **(қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттер: зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деп атайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға... - лар..». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады.<br>Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Драматизация.**<br>"Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғай" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған. | **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тоғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.<br>Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.<br>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)** | Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер | Ата-аналарға кеңес. "Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | беру. | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01-03.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Күн тәртібі** | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоюды үйрету;<br>ересектерге көмектесуге ынталандыру. | жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту;<br>қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | қарауға тәрбиелеу. |
| | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері)** | **"Артығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Қыс" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Құралдары: қыс мезгіліне байланысты бейнеленген суреттер. | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау.<br>Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>( | **"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту.<br>Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады).<br>Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әртүрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу) | **Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған көк аспан!<br>(Қолды жоғары көтеру)<br>Сәлем саған күн нұры! | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да, Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым! | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | (Екі қолды қосып, шеңбер жасау)<br>Сәлем саған жер ана!<br>(Қолды баяу түсіру)<br>Сәлем саған, достарым!<br>(Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Домаланған кірпі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Кірпі қалай жүреді?"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. | **Музыка**<br>"Тұлпарым".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпа арқылы домалатамыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру. | **Қазақ тілі**<br>"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі."<br>Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | | монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды, | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>- Із қалады, қарды басса - Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>- Ш-ш-ш - деп | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аудару; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог ақ қоян |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған | **тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады. | дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" | қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.<br>- Қоян құлақтарын қалай қимылдатады?<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қарандаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған | - Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар.<br>Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады?<br>Көрсетейікші. Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады.<br>Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап | Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үй жануарларының дыбыстау | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Марғаулар жіппен ойнайды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Тауықтар" биі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргіншілер жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау.<br><br>**Драматизация.**<br>"Қызыл телпек" ертегісін ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Ұлттық ойын "Қазан"**<br>Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады | бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Кішкентай марғау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.<br><br>**"Қай жерде** | алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету.<br><br>**"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу. | музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br><br>**"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жануарлар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды | ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: балалар шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. | **шырылдады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. **(музыка)** | **(қоршаған ортамен танысу)** | суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау орындық – Дем алуға отырдық. Мынау үстел, (сол қолды | **Жұмбақтар шешу** Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) | **Сюжетті-рөлдік ойын** Мақсат-міндеттер. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. **(құрастыру)** | **Санамақ** Мақсат-міндеттер. Саусақтарға арналған жаттығу. Бас бармақ -әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан түйрек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. | **"Сөйлем құрастыру".** Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұдырыққа түю, үстіңе оң қолдың жұдырығын қою)<br>Асты іше біл.<br>Анау тұрған төсек,<br>(Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу)<br>Ұйықтар орын білсек.<br>Міне диван – жұп-жұмсақ,<br>Отырамыз шаршасақ,<br>(Қолдарды ішік жақтарымен бір-біріне қосу)<br>Мынау шкаф – қарасақ,<br>(Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа ""ашылады"")<br>Киім-кешек жинасақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Бейнесі суда дірілдейді,<br>Қармаққа бірақ ілінбейді<br>(Ай)<br>Күндіз білінбейді,<br>Түнде күлімдейді.<br>(Жұлдыз)<br>Тек өзі көрінбейді,<br>Адамды тоңдырады<br>Ызғары дірілдетіп,<br>Есіңнен тандырады. (Аяз)<br>Суда қалқиды,<br>Жылыда балқиды. (Мұз)<br>**(көркем әдебиет)** | | Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз /бесеуміз/<br>**(қазақ тілі, көркем әдебиет)** | ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы қоршаған орта және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес.<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.02-10.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.02.2023 | 07.02.2023. | 08.02.2023 | 09.02.2023 | 10.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша көңілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға | **"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын | **"Еңбек құралдарын ата" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және | **"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **"Дүкенші" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөлініп ойнауға үйрету және оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш<br>қызыл домалақ + көк домалақ + сары | таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.<br>- Тағам әзірлейтін кім? Аспаз.<br>Би билейтін кім? | бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Еңбек құралдарының суретін бояу.<br>**(сурет салу)**<br><br>Балтаның мүсінің жасау.<br>**(мүсіндеу)** | Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**"Дәрігерге не** | айыра білуге баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Дүкенші суретін бояу.<br>**(сурет салу)**<br><br>**"Не артық?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту.<br>Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | домалақ + жасыл домалақ<br>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, музыка)** | Биші.<br>Шеге қағар ... Шебер.<br>Үй салатын... Құрылысшы.<br>Адамды емдейтін... Дәрігер.<br>Зат сататын... Саудагер.<br>Шаш қиятын... Шаштараз.<br>Іске сәт тап, жанталас.<br>Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | **керек?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер.<br>Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Зейінді бол" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>**(математика** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **негіздері)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар;<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн нұрындай көңілім,<br>Даламдай кең пейілім.<br>Жүрегім толы мейірім,<br>Бәріне ортақ шуағым,<br>Қайырымды боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұшқыш болам самғайтын".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке | **Дене шынықтыру**<br>"Солдат болам кезінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен | **Музыка**<br>"Жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; | **Дене шынықтыру**<br>"Аэродром".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын | **Қазақ тілі**<br>«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>«Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету. | құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру. | ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық сауаттылығын дамыту. | жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту. | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы | **Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап, | ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл - қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің | зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек | жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты | Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. | әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз | балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, | Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру; | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады. Тақпақты оқи жүреді.<br>*"Тик-так".*<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар!<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, | **"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | | балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қуыршаққа тарақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды көк қарындаш арқылы көлденең жатқан қағаздың екі жағында тіке сызықты жүргізіп, төменгі шеттерін түзу және доғалы сызықпен қосып, арасын қысқа, түзу, тіке сызықтар қатарымен толтырып, тарақ бейнесін салуға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Шаштараз".** Мақсат-міндеттер: балаларды шаштараз | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Етікші". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; ертегі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру.<br><br>**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Аспазға көмектесейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар** "Түймелер". Мақсат-міндеттер. Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Емхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың рөлдерді қабылдау қабілетін дамыту бойынша медицина қызметінің | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Орманшының аңдары". Мақсат-міндеттер. Орман жануарлары туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Орман жануарлары туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Жедел** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кәсібімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды | тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Жүргізуші".** Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысы туралы білімдер мен дағдыларды бекіту, ойынға деген қызығушылықты дамыту, жүргізушінің жұмысына деген құрметін арттыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | мәнін ашу, ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасында жағымды қатынастарды қалыптастыру, дәрігердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | **жәрдем".** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер, медбике мамандықтарына қызығушылығын ояту; науқасқа деген сезімталдықты, зейінділікті, мейірімділікке, жауап беру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Танкист" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Танкист" (Тұрсын Жұртбаев) Танкі мініп, өскенде, Қорғаймын мен елімді. Таптамаймын еш жерде Гүлдер менен егінді. **(көркем әдебиет)** | **Санамақ айтқызу. (Ермек Өтетілеуов)** Жиналған соң достары, Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - | **"Пошташы" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Пошташы" (Ескермес Ескендіров) Күні бойы жол жүріп, Көрген емес болдырып Қайтады үйге, алғысты Қапшығына толтырып. **(көркем әдебиет)** | **"Сөйлем құрастыру".** Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды | **"Құрылысшы" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Құрылысшы" (Шекербек Садыханов) Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Көрнекті ғимарат" құрылыс ойыны.** Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орманшы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | жалпы мамандық түрлері, мамандықтардың құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Текшелерден көрнекті ғимарат құрастыру.<br>**(құрастыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. Мысалы: "Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы". | Ата-аналарға кеңес. "Балалардың қол саусақ моторикаларын дамытамыз". | Ата-аналарға кеңес. "Қазіргі заманғы отбасындағы қатынастар". | Ата-аналарға кеңес. "Балалардың озбыр мінез-құлқының бастаулары". | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» /о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.02-17.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.02.2023 | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттігі туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. | дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу іскерліктерін дамыту. | біреуге көмектесуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. | өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты карауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |
| | **"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(математика** | **"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.<br>Ойын ережесі: екі затты алып, оның | **"Ақылды көліктер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: адамдардың жұмыстарын жеңілтуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту. | **"Біздің көмекшілеріміз не?" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Би билеген баламыз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту..<br>Жаттығу жасап көреміз, (Адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (Қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (Қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (Оң-сол жаққа еңкею)<br>Өкше қойып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **негіздері)** | ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді.<br>Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**(қазақ тілі)** | | | басамыз, (Оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (Сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (Қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (Шапалақтау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>"**Суретті құрастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету.<br>**(математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады).<br>3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Кім бәрінен де мұқиятты".** Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау. | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. | **"Жіпті шардың түсіне қарай іріктe" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуына және көз қарашығының демалу жаттығуларын жасатуға арналған ортаңғы топтағы түстерді бекітуге пайдаланылады. | **"Құстар" сөздік ойыны.** Дидактикалық міндеті: балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың тілін белсендіруді жалғастыру. Ойын ережесі: құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек. Құстар өз қалауымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге.<br>Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.<br>Бәріңе сәттілік тілеймін!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | басқа құстарды таңдай алады. Ойын әрекеті: құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Үш аяқты тұлпарым (велосипед)".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып, қуып жетуге үйрету; қойылған заттардың арасынан "жылан" | **Дене шынықтыру**<br>"Велосипедтер зырылдайды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету; балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. | **Музыка**<br>"Кір жуу машинасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; | **Дене шынықтыру**<br>"Велоипед теуіп көрдіңдер ме?"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету жаттығуын және қойылған заттар арасынан "кірпі" секілді төрт тағандап жүру техникаларын бекіту; гимнастикалық шеңбердің арасынан өту іскерліктерін дамыту. | **Қазақ тілі**<br>"Тұрмыстық техника" . Қауіпсіздік сақтау.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: үтікпен киім үтіктейді, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуу машинасымен кір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүріспен жүруге жаттықтыру. | | музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту. | | жуылады және тағы басқа. Электр құрылғылары және қауіпсіздік ережелерін бекіту. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Тұрмыстық техниканы қолдану кезінде ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамның жүру және секіру қимылдарын** | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған** | **Ауладағы құстарды бақылау** | **Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған** | **"Қырауды бақылау."** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл - бағдаршам. Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар! | **(шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар! | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.<br>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы?<br>Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ағайлар мен | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>Көркем сөз.<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | - Бағдаршам не үшін керек?<br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен | апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек.<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Жаттығу екі рет өткізіледі.<br>Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке | **Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>Жорамал.<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>Жұмбақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап"** | тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш | екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар, мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл құс - қораз. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана. | тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, | Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>**Қимылды ойын "Ақсерек - көксерек" (дене шынықтыру)**<br>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ.<br>Ойынды бастайды<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ.<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға | Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- | кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | | теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. **"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Дастарқан жаю дәстүрі". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түрлі | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Диван". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштерді, білеулерді өзара | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Таза болайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Сағат". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы шеңбер сұлбасының бойын, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қар тазалаушы трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың қардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зат топтарын салыстыруда тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету, салыстыру нәтижесін айтқызып үйрету; жазықтықтағы сол жақты, оң жақты, ортасын, жоғары, төмен жақтарын анықтап, жаттығулар орындауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Ұлттық ойын "Арқан тарту"**<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. | түрлі орналастырып, диванды жасауға үйрету; кірпіштің қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Үтіктің қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту; үлкендердің үтікпен жұмыс істеу әрекетін бақылау дағдыларын жетілдіру; техника және адам туралы ұғым беру. | ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойыны: "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: ойынға деген | арасына бірдей қашықтықты сақтап жақпалармен безендіруге үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын "Киіз үй"**<br>Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. | және трактордың ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.<br><br>**Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".**<br>Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.<br>Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. | | қызығушылықты дамыту, балалардың арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айту**<br>1) Ала-ала алашалар,<br>Тамаша олар,<br>Оған кім таласа алар.<br>2) Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатқа тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ.<br>3) Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді,<br>Ауырға Арман бала да, | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық".**<br>Қонжық жүрсе орманда,<br>(жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау).<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап,<br>(алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, | **"Сөйлем құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы | **Жұмбақтар**<br>Жай да үнсіз тұрады,<br>Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады,<br>Дабыл қағып безектеп. (Телефон)<br>Іші салқын,мұзы бар,<br>Күнкей қашқан қой сынды,<br>Жылыда тез бұзылар,<br>Барша тағам тығылар.<br>(Тоңазытқыш)<br>Тоққа тисе мұрты | **Санамақ**<br>Төртеу санның көркі екен.<br>Төрт аяқпен жануар,<br>Стол, төсек... тағы бар..<br>Төрт аяқпен нық тұрар,<br>Төрт бірлікті ұқтырар.<br>Бес дегеннің цифры,<br>Қарап тұрсаң оп-оңай.<br>Үштің басын қайырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арбамен тасып береді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе - қашады. (саусақтарды алға қарату, кезекпен соққылау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы жиһаздар мен техника және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | ұзын, Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып.(Үтік) Кір-қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйрейді.(Сыпырғыш) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қоя салған жай бұрап. Ә. Табылдиев **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы". | Психолог кеңесі: "Бала тілін дамыту". | Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары". | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.02-24.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.02.2023 | 21.02.2023 | 22.02.2023 | 23.02.2023 | 24.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Гигиеналық дағдыларды сақтай отырып, балалардың сумен жұмыс істеу | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер)** | іскерліктерін жетілдіру (жеңдерін түріп, сулау және матаны сығу, қажет болса шаю және жуу). | шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. | ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау. | орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сүрту. | мүмкін болатын көмектерді көрсету, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына құрметпен қарау. |
| | **"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары.** | **Құрылыс ойындары:** "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы". **(құрастыру)**<br><br>**"Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **Суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу. | **"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу.**<br><br>**"Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).***<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады).<br>3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көгөністер мен жеміс - жидектер туралы | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа | **"Спортшыл отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** | **"Денсаулық" тақырыбында мақал-мәтелдер жаттау.** | **"Отбасында кім қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту. **(сөйлеуді дамыту)** | күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А. **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Салауатты өмір". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және | **Музыка** "Күлкі - шаттық шуағы". Мақсат-міндеттер. Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; ырғақтық | **Дене шынықтыру** "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | **Қазақ тілі** «Данаға арналған дастархан». Азық-түліктер. «Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құруды, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру. | қимылдарды тез қабылдауын және әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуін әрі қарай жаттықтыру; музыкалық шығармашылығы пен сауаттылығын қалыптастыру. | | жаңа сөздердің септік жалғауларын анық қайталап айтқызу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуен** | **Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға | **Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін | **Ұлпақарларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** | **Қыстап жатқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. | **Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс | жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан төбешік жасау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)** **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** | (жолдарды қардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: | **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ағаштардың айналасына қар күреу). Мақсат-міндеттер: еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** | **қарапайым еңбек тапсырмалары** (барлығы бірге ұйымдасып жолды қардан тазартуға үйрету). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян".** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | Мақсат-міндеттер: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. | бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету. | Мақсат-міндеттер: жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Доп" тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсат-міндеттер. Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Текшелер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшені салуда бір-бірінен | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Жиналған ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенінен бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Спортшылар бәріміз" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Кім күшті?" Мақсат-міндеттер. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту.<br><br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | сәл алшақ орналасқан тік сызықтардың үстіңгі және төменгі ұштарын көлденең түзу сызықпен қосуға үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын "Соқыр теке"**<br>Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,<br>Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,<br>Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке | үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту.<br><br>**Тақпақ жаттау**<br>Қымыз<br>Жеңгем бие сауады,<br>Ағам саба піседі.<br>«Денсаулыққа дауалы»,<br>Деп үлкендер ішеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық".**<br>Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты | тыңдауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Емдік өсімдіктер". Мақсат-міндеттер. Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | | қарауды тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер".** Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды). Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды). Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді). Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып | **"Сөйлем құрастыру".** Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы денсаулық | **"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы. | **Тақпақ айту**<br>**Біз осылай өсеміз**<br>Суда жүзіп өсеміз,<br>Қырда жүріп өсеміз.<br>Күнде қызып өсеміз,<br>Құмда шыжып өсеміз.<br><br>Таулар көріп өсеміз,<br>Баулар егіп өсеміз.<br>Жеміс теріп өсеміз,<br>Жеңіскер боп өсеміз.<br>Талаптанып өсеміз,<br>Қанаттанып өсеміз,<br>Талаптанып, қанаттанып өсеміз!<br>М.Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Суреттер қарастыру.** "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Спортпен шұғылданудың маңызы". | Тәрбиеленушілердің ата-аналарын мектепке дейінгі жастағы балалардың үйде және балабақша жағдайында денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін негізгі факторлармен таныстыру. | "Жеке бас гигиенасының басты ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | Кеңес.<br>"Тез тамақтанудың зияны". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.02-03.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.02.2023 | 28.02.2023 | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау; ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға дағдыландыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. |
| | **Ойын жаттығулар** Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту және** | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, | **«Ата-аналарға қамқорлық жасау»** Ойын мақсат-міндеттер: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)**<br><br>**"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(математика негіздері, құрастыру)** | ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады:<br>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы,<br>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.<br>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,<br>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.<br>Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан | қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды;<br>- анаң жұмыстан шаршап келді;<br>- анаңның көңіл-күйі жоқ;<br>- анаңның шаруасы көп;<br>- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.<br>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір<br>қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір-бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. | Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **«Сыпайы өтініш»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейірімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Қарлығаштай қайратты". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеуге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Қайратты боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудағы дағдыларын дамыту. | **Музыка** "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік | **Дене шынықтыру** "Биік секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірден, шеңберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту. | **Қазақ тілі** «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Сүңгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдардағы мұз бен қарды тазарту). Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар".** | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін кеңейту, қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қысқы түсімен салыстыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскеде қоқыс жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай** | **Жинағыш көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті қажет ететін жұмыстарды орындаудағы рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы құрғақ | **Жүргізушінің жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысымен,көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс** | **Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету; бақылау, есте сақтау қабілетін дамыту; құстарға деген достық қатынасты тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмсалғыштағы құмды қазып алу.) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету. **Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | **жүгіріңдер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)** **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** допты лақтыру және ұстау, ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген құштарлықты ояту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?","Ұстап ал". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды ұйымдастырудағы дербестікті, ұқыптылықты, ептілікті, ережелерді сақтай білуді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жағалыққа жорғалап, жорғалай білу қабілетін бекіту. | **ойындары: "Біз жүргізушілерміз","Торғ айлар және көлік". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін жақсарту. | **ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, орыннан жоғары секіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дене бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем сыйлаған көйлек".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?"**<br>Мақсат-міндеттер: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.<br>Барысы: педагог суретшінің "Көктем" тақырыбына сурет салғанын айтады. Бала оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Бала көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту және** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қарлығаш туралы тақпақ жаттау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктеммен бірге құс келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Торғай".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Ұлттық ойын. Білектесу.**<br>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Бантик таққан балапан".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Анашым, анажаным".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>**"Көктемгі сыйлықтар".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.<br><br>**"Жапалақ" қимылды ойыны.**<br>Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тоғайға (гимнастикалық қабырғаның бірнеше сатысына ) шығады, ал қалған балалар «қанаттарын қағып», «ұша» бастайды. Педагог «Түн» деп айтқан кезде, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)** | | команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі. **(дене шынықтыру)** | шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. | құстар мен жәндіктер өз орындарында қозғалмай тұрып қалады. Қозғалып қойған ойыншыны жапалақ үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалақ қайтадан тоғайға шығады. Ойын бірнеше рет қайталанғаннан кейін басқа жапалақ таңдалады және ойын әрі қарай жалғасады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көктем" тақырыбында әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру).** Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Көктем" тақпағын жаттау.** Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы **(көркем әдебиет)** | **Жыл мезгілі жайлы сұрақтар.** Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Сиқырлы қылқалам".** Мақсат-міндеттер. Дайын суреттерді бояу. **(сурет салу)** | **Жаңылтпаштар айтқызу.** Бір ақ шымшық, Екі ақ шымшық. Үш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?" |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.03-10.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. | | | жетілдіру. | |
| | **Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>"Көктем" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Санамақтар айтқызу.**<br>Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,<br>Сейсенбіде серуен құрдық далада.<br>Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,<br>Бейсенбіде би биледік әндетіп.<br>Жұма күні жидек тердік қыратта,<br>Сенбі күні кино көрдік.<br>Жексенбіде үйде болып демалдық,<br>Осылайша өте шықты бір апта.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қонжық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қонжықтың дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Судың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене шынықтыру) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетінемотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайрымды<br>Аспан ата!<br>Армысыз, мейрімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы<br>Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Таза бұлақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Көктемгі жылғалар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен жүруге үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына еліктеп, қимыл ойындарын ойнауға | | **Дене шынықтыру**<br>"Таза бұлақтай таза болайық!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу дағдыларын | **Қазақ тілі**<br>«Көрікті көктем». Көктем жыл мезгілі.<br>Тамшы сияқты құбылыстар жайында шағын өлең жолдарын қайталату, сөздерді анықтап айтуды, жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «Көктем» сөзін қолдана отырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қызығушылықтарын ояту. | | пысықтау. | қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Көктем туралы әндерді қайталап айту қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; жалпы «Көктем» тақырыбы бойынша сөйлеуді, есту арқылы қабылдауын дамыту, есту, еске сақтау қабілетін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін дамытып, жағымды көңіл күйін білдіре алу қабілетін қалыптастыру. Байқағыштықтық қасиеттерін, әсемдікті сезіну қабілетін, көркемсөзге қызығушылығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктем келді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге | **Табиғат өзгерістерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, | | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: пошташының жұмысын | **Көгершіндерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | назар аудару.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға жем беру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту. | бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қарды белгілі бір жерде жинау) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; топтың орындау дағдыларын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | | бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қоқыстарды жинау.) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн қояндары", "Қаздар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** | тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тамшылар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету.<br><br>**"Гүлдер" имитациялық ойыны.**<br>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар. Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын | **Драматизация.**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналау.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Судың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. | | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді суретімен танысу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көктем тамшылары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ақшақар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру.<br><br>**"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады. | | | сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығулары**<br>Бас бармақ бастық екен,<br>Сұқ саусақ сақтық екен,<br>Ортан қол ойшыл екен,<br>Аты жоқ саусақ тойшыл екен,<br>Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен.<br>Бастық басқар, сақтық сақтар, | **"Көктем" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Көктем" (Көмек Ыбыраев)<br>Бұлбұл сайрап шат үнді,<br>Ну тоғайға шақырды.<br>Таудан аққан өзен де<br>Бар даусымен "ақырды". | | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Бәрін байқау" (елеу, көру).**<br>Мақсат-міндеттер. Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 секунд ашып | **"Қызғалдақ" өлеңін жаттау**<br>Қырқалардың төрінен<br>Қаулап көзге ұрады.<br>Қызғалдақтар өңірді<br>Қып-қызыл ғып тұрады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойшыл ойла, тойшыл тойла.<br>Саусақтарды бүгеміз,<br>Саусақтарды бүреміз.<br>Бүгіп , бүріп саусақты,<br>Сергіп қалдық, міне, біз.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Жайраңдасып жас-кәрі,<br>Құстар келе бастады.<br>Қыс киген ақ шапанды,<br>Көктем жыртып тастады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | тұрып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетіңіз. Балалардан қандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу." | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | | Жаднама.<br>"Отбасына жағымды атмосфера сыйлау". | "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.03-17.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру. |
| | **"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиеленушілердің қазақ | **"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; | **"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, | **Ұлттық ойын. Хан алшы** «Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық | **Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері)** | қағаз қиындыларынан киіз үйді құрастыру. Педагог: - Балалар, қазір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарында киіз үйді құрастыратын қиындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасыңдар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(жапсыру)** | ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады. **(дене шынықтыру)** | қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. - Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау) Қонақтарға жайылса. (шапалақтау) Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру) Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.** 1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетені мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй болып көрінер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ойынға қатысатын балалар бөлмеден шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы орындай алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді.<br>**(танымдық дағдылар)** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.<br>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, | **Шаттық шеңбері**<br>Балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, ұл балалар құшақтасып, қыз балалар қол алысып Наурызға арнап өз тілектерін білдіреді.<br>Наурыз мерекесі құтты болсын!<br>Ақ көп болсын!<br>Жақсылық мол болсын!<br>Береке - бірлік болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз келді, алақай!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз құтты болсын!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру | **Музыка**<br>"Көктем келді, алақай!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз мерекесі келді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. | **Қазақ тілі**<br>Наурызым, армысың!<br>«Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене** | **Теректің бүршігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: учаскедегі ағаштармен танысуды жалғастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бұтақтар мен ескі жапырақтарды жинау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты насихаттау, бір-бірімен сөйлесу қуанышын сезіну.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп секір", "Кім жол бойымен жылдам жүгіреді?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұшу кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбекке баулу)**<br>Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Айна", "Күн мен түн". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі | **Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Біз көңілді балалармыз". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** | **Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу** (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | **әрекеттері:** бөренемен жүру техникасын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-теңдік дағдыларын бекіту. | мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | **қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бөренемен жүру.<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Дастарханды жаямыз"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Үй салайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу. | **"Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ күту дәстүрімен таныстыру.<br>Барысы: балалардың алдында дастарқанды жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала шақырылып педагогтің тапсырмасын орындайды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, қажеті анықталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Қонақ күтеміз" сөздік жаттығуы.**<br>- Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. Кәмпиттен шашу жасау. Балалар кәмпиттерді теріп алғаннан кейін, орындарына отырады.<br>- Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіңдер! (шай құюды көрсету)<br>- Балалар, мен Данаға: "Дана, бауырсақ же" - деп ұсынамын.<br>- Салтанат, сен қонжыққа не дейсің? "Қонжық, шелпек же! Ас болсын!"<br>- Іңкәр (Батыр, Жомарт), | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Наурыз гүлдері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Данаға (қонаққа) сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту.<br>– Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінесіңдер. Орындықтарға жайғасып алыңдар. Енді, мен музыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайсыңдар. Қай топ тағамдар санын көп айтады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген таңбалауыштар | **"Әдептілік" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Әдептілік" (Өмірбай Өмірзақов).<br>Рұқсатсыз бақшаға,<br>Бақыт тіпті бармайды.<br>Көрнеу қойған ақшаға,<br>Суық қолын салмайды.<br><br>Айтқан ақыл өзінің<br>Есінен бір кетпейді.<br>Жолда үлкен кісінің<br>Алдын орап өтпейді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Биші" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Биші" (Тоқбай Исабеков).<br>Биле, Алмашжан, билеші,<br>Әжең көріп, жасарсын.<br>Билей берсең күнде осы,<br>Шара апаңнан асарсың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.<br>- Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойынды өзі басқарып отырады. Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(қоршаған ортамен** | **"Наурыз" тақпағын жаттау**<br>Қарды ерітіп жылғасы,<br>Наурыз келді – жыл басы.<br>Шуақ төкті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың.<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп апамыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жақыпов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлестіріледі. Педагог:<br>– Балалар, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | **танысу)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.03-24.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.03.2023 | | | | 24.03.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. | | | | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |
| | **Иллюстрациялық суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер. "Салт-дәстүрлер" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Бет орамалға лайық жамауларды табу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері)** | | | | **"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілер бойынша жылдам жүгіруді, зейінді дамыту; дене мүшелерін нығайту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дамыту ойыны: "Айна".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу және қозғалыс белсенділігін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге шығады. Санамақ көмегімен таңдалған бала шеңбердің ортасына орналасады.<br>Қалғандары айтады:<br>- Бірігеміз бәріміз,<br>Бірімізден біріміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қайталаймыз, қалмаймыз,<br>Ұйықтамаймыз, талмаймыз.<br>- Асан (Аида, Мансұр) бізге көрсеттер.<br>Тағайындалған балалар шеңбердің ортасындағы бала әртүрлі қимылдарды көрсетеді, қалған балалар қайталайды. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнмен бірге тұрамыз ,<br>Құспен бірге ән саламыз<br>Қайырлы таң! Ашық күн!<br>Көңілді біз тұрамыз.<br>Күлім қағып қолымды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1,2,3 деп соғайын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | | | | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу** | | | | **"Көшелер". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал", "Үшінші артық".**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған | | | | жүгіру жылдамдығын дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**, допты лақтыру және қағып алу.<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, лақтыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | **Ұлттық ойын. Киіз үй**<br>Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық | | | | Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.<br>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>***"Бесік жыры".***<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем. | | | | **BilimKids. Бата. (мультфильмін көру)**<br>Ұзын күміс сақалы<br>Ауылдың ақсақалы<br>Бата берген мейірімді<br>Жақсы көрем атаны<br><br>Шапқан жүйрік тайдай бол!<br>Жүк көтерер нардай бол!<br>Айналайын, таудай бол!<br>Жарқыраған айдай бол!<br><br>Терең түскен әжімі<br>Кимешегі әдемі<br>Бата берген мейірімді<br>Жақсы көрем әжені<br><br>Желбіреп тұлымшағың,<br>Тілің балдай болсын!<br>Тұлпар болып құлыншағың<br>Бәйгелерден озсын!<br><br>Бата деген ақ тілек<br>Жолың ашық болсын деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | Қарттар бата береді<br>Қол жайып тілек тілеп<br><br>Қолымызды жаяйық<br>Бата бер деп сұрайық<br>Азамат боп есейіп<br>Таудай болып өсейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу. | | | | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.03-31.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.03.2023 | 28.03.2023 | 29.03.2023 | 30.03.2023 | 31.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен «Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу» тақырыбына әңгімелесу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын (подоконник) дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжейдің әдемі орамалы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту.<br>- Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта.<br>3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстармен ажырата білу, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балаларды өз таңдауын түсіндіруге шақырады. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>"Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!" | **Дене шынықтыру**<br>"Өнерлі балалармыз".<br>Мақсат-міндеттер. | **Музыка**<br>"Киелі домбыра".<br>Мақсат-міндеттер. | **Дене шынықтыру**<br>"Аттап секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер. | **Қазақ тілі**<br>«Бұл менің отбасым».<br>Отбасы мүшелері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеуді үйрету. | Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. | Балалардың қазақтың киелі аспабы домбыра туралы түсініктерін кеңейту; музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттерін дамыту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру. | Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. | Мақсат-міндеттер. «Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, шежіреде отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ, еркелетіп атау формаларын айтуды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. Суреттер мен жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, қазақ тілін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Монологтық сөйлеуді, диалогқа түсе білу дағдыларын, ойлау қабілеттерін, еске сақтауын дамытып, жайдары көңіл күйлерін танытуды үйрету. Отбасына, жақындарына деген жылулық сезіміне баулып, ересек адамдарға құрмет білдіруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың | **Көктем мезгілінің белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру. | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін,ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өз жолыңды тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды өздерінің еңбек дағдыларын қолдана білуге үйрету, құрдастарына көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | құрметпен қарауды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өз жұмысыңды тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту. Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік әрекеттері. | ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдарды қоқыстардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, жұмысты аяқтауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: серуендеу кезінде балалардың дене белсенділігін арттыру; ұқыптылықты,ептілікті, төзімділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** ұзын арқаннан секіруді жақсарту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Асықтарды санайық". Мақсат-міндеттер. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қаз-қаз, бөпем!" Мақсат-міндеттер. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Бас орамал оюлары". Мақсат-міндеттер. Баланы | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Тәй-тәй басып келеміз" ойыны. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Төрт түлік". Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. | Балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру. | шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету. | Мақсат-міндеттер. Балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. | Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>- Күнім, айым,<br>Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет)** | **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".**<br>Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Балаларға үйде ертегі оқимыз. | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.04-07.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы.** (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).<br>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(жұдырықтарды түйіп | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Зымыран".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшақ ойыншығымен танысу".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін | **«Ұшақтар» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қанат жазайық,<br>Ұшақ боп ұшайық.<br>Ұшып - ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Үстел үсті ойыны.**<br>**«Есіңе сақта».**<br>Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынтақты бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)<br><br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру. | жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. | | қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).***<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта.<br>3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Дос болайық бәріміз»**<br>Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру.<br>Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды.<br>Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:<br>- орындыққа көтерілу және түсу; - үстелдің астынан өту;<br>- «көлді» айналып өту»;<br>- «ну орман» арқылы өту»;<br>- «жабайы жануарлардан» жасырыну.<br>Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **«Сиқырлы дүрбі»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.<br>Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді.<br>Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді.<br>Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>"Ғажайып ғарыш".<br>Мақсат-міндеттер. | **Дене шынықтыру**<br>"Айтшы, ғарыш алыс па?"<br>Мақсат-міндеттер. | **Музыка**<br>"Аспан әлемі".<br>Мақсат-міндеттер. | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш деген ғажайып".<br>Мақсат-міндеттер. | **Қазақ тілі**<br>«Ғарышкер деген кім?»<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет» (дене шынықтыру)** | Балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға ынталандыру.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Балапандар мен мысық» (дене шынықтыру)** | Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; ғарыш туралы ұғым беру.<br>**Картотека №13**<br>**«Ол қалай жүреді?»(музыка)** | Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Картотека №2**<br>**«Ұйқыдағы аю» (дене шынықтыру)** | тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Табиғат құбылыстарын ата» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты дамыту; құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың осы уақытында құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту, білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту. | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым** | **Талды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету.<br>**Ересек адамдармен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желдің бағытын анықтауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ары қарай секір". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіріп барып ұзындыққа секіруді үйрету. | құстардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге жаттығу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қоқыстарды жолдардан тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: күрекпен жұмыс жасауға үйрету; еңбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; педагогтің бұйрығын тыңдау; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жалаушаға дейін жүгір". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту. | **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қоқыстарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттығу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің әр түрлі бағыттағы белгісі бойынша жылдам жүгіру қабілетін бекіту. | **еңбек тапсырмалары** (бақшадағы жолдарды тегістеу).<br>Мақсат-міндеттер: ұлдарға қыздарды құрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету (құм шелектерін көтеру).<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстардан тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену,тапсырманы күш-жігермен орындау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түзу жолмен жүреміз тура", "Маған қарай жүгіріңдер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** допты жоғары лақтыру (қолды емін-еркін қимылдату). **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілік пен төзімділікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойыны. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Зымыран".<br>Мақсат-міндеттер. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Ғарышкерлердің жаттығулары". | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ғарыш әлемі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жаңа әнді | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшақ".<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру, жиһаздардың қасиеттері мен қолдану аясы туралы мәліметтер беру.<br><br>**"Ғарышкер" қимылды ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, бүгін жаңа ойын ойнаймыз. Ойынымыз "Ғарышкер" деп аталады. Мен сендерді ойынның ережесімен таныстырамын, мұқият тыңдап алыңдар. "Ғарышкер" ойынында педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша тапсырмаларды орындаулары тиіс. Педагог ғарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтады (ғарышкер ауада қалқиды, ғарышкер аспанға ұшады, ғарышкер скафандр киеді, ғарышкер қолын бұлғайды) балалар сол қимылды қайталап отырады. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындайды, сол топ жеңген болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | Балаларды тіке жатқан қағаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау.<br><br>**Ұлттық ойын. Үш табан**<br>Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады. | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; ғарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру.<br><br>**"Ұшты-ұшты" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>(қол көтереді)<br>**(дене шынықтыру)** | тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету.<br><br>**Қимылды ойындар "Ұшақтар".**<br>Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады. Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады. | Балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру.<br><br>**"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгірістен ұзындыққа секіруге, қолдың өткір толқынымен, теңгерімді сақтай отырып, серпілген аяғымен серпілдіріп жаттығу. Ептілікке, батылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Алаңның ортасында бір-бірінен 70-100 см қашықтықта екі сызық жасалады, бұл арық. Алаңның бір жағында ешкілер үйі орналасқан. Ойыншылардың барлығы ешкі - біреуі қасқыр. Ешкі үйде, қасқыр шұңқырда. Тәрбиешінің «ешкі, шалғынға» деген белгісі бойынша ешкілер сайдың қарама-қарсы жағына, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(дене шынықтыру)** | арықтан секіріп жүгіреді (қасқыр ешкілерге тимейді), «ешкілер, үйге қайт» деген белгі бойынша олар арықтан секіріп үйге жүгіреді. Қасқыр арықтан шықпай ешкілерді қолымен ұстап ұстап алады. Ұсталғандар арықтың соңына қарай шегінді. 2-3 жүгіруден кейін барлық ұсталғандар үйге қайтарылады. Ұсталмағандардың арасынан тағы бір қасқыр тағайындалады. Ереже: шұңқырдан секіру. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жұмбақтар жасыру.** Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Ғарышқа самғап ұшайық."** - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу"). | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **Жұмбақтар жасыру.** Төрінде тұр нұр көзі, Жердің биік күмбезі.(Аспан) Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан.(Күн) Алып кілем - Гүлге толы Үсті кілең. (Жер) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі.<br>Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | Балаңыз туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу. | Кеңес: "Неліктен бала тыңдамайды?". | "Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу. | "Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.04-14.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.04.2023 | 11.04.2023 | 12.04.2023 | 13.04.2023 | 14.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,** | Медбикеден кеңес. "Тазалық – денсаулық кепілі". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. |
| | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>**"Шарбақ жанында жатқан доп".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. | **"Біздің айналамызда не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: екі және үш буынды сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін айтуға үйрету.<br>Ойын барысы. Серуенде балалар айналасында бір бөлігі бар затты (шар, гүл, доп, үй, бақ), екі бөлігін (қоршау, бұталар, гүлдер, құм, шөп), үш бөлігін (әткеншек, веранда, қайың) іздейді. Әр жауап үшін бала жетон алады, ал жеңімпаз олардың санымен анықталады. | **"Табиғатта не болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: етістіктің сөйлеу барысында қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі.<br>Барысы. Тәрбиеші допты балаға лақтырып, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала сұраққа жауап беруі керек. Ойынды тақырып бойынша ойнаған жөн.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту).<br>Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ таңның,<br>Куанышым,шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күннің көзі ашылып,<br>Көкте шуақ шашылып<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті.<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой,<br>Ал, кәнекей, бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Досыңды тауып ал»**<br>Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жер-ана құшағында".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық | **Дене шынықтыру**<br>"Жер-Ананы қадірлейік!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі аяқпен секіруге (аяқтар алшақ) үйрету; тізені биікке көтере | **Музыка**<br>"Туған ел".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және | **Дене шынықтыру**<br>"Туған жер-тұғырың".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп | **Қазақ тілі**<br>«Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары.<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету.<br>**Тышқан мен мысық**<br>**Ойын мақсаты:**балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдықққа үйрету. Картотека **№2** | отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту.<br><br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. Картотека №5** | музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.<br><br>**«Төлін тап» Картотека№33** | лақтыру; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын арттыру; оқу қызметін пысықтау.<br><br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. **№4** | аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу.<br>**«Құйыршығын тап»**<br>**Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді**<br>**Шарты: жануарлардың құйыршығын табады. Касртотека№ 2** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Жол қиылысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: бағдаршам туралы білімдерін бекіту; жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қос қатар құруды, кең шеңбер құруды үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Үшінші артық". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру. **(дене шынықтыру)** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмды жолға себу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Тар жолда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Сарбаздар" жаттығуы. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық | **Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ересектермен бірге ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. | | | жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру). | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына, жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар, суреттерді тезірек қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Ұлттық ойын. Көтермек**<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.<br>Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құрақ көрпе".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ұжым ортасында түрлі үшбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу амалдарына үйрету; үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыш ішін қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру.<br><br>**"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы:<br>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Төлдерді күтейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың екі тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыру және теңдестіру дағдыларын жетілдіру; саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұстастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, көз мөлшерін, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**"Мысық пен тышқан" қимылды ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, бұл ойын сендерге жақсы таныс, көп болды "Мысық пен тышқан" ойынын ойнаған жоқпыз. Ойынның ережесін естеріңе салайын. "Мысық пен тышқан" ойынында педагог | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Мысық тақпағын жаттау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуға үйрету, үй жануарының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері жөнінде білімдерін жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бір үзім нан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Ұлттық ойын. Қасқыр мен лақтар**<br>Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды:<br>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке-ақ.<br>Кетесің кейде секеңдеп,<br>Байламаса көкем кеп».<br>Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады. «Қасқыр» залдың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалармен біргекүш сынасады. | дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. | балаларды шеңберге тұрғызады. Бір бала мысықтың, екінші бала тышқанның рөлінде ойнаулары қажет. Қалған балалар тышқанның інін жасап, шеңбер бойымен тұрады.Тышқан іннің ішінде, мысық шеңбер сыртында жүреді. Балалар қолдарынан ұстап шеңбер жасап, мысық кіріп кетпес үшін отырады, балалар орындарынан тұрған кезде мысық ебін тауып ішке кіріп, тышқанды ұстап алуы қажет. Тышқан шеңберден серуенге шыққанда мысық оны аңдып ұстап алуға әрекет жасайды, тышқан мысықтан қашып, қайтадан өніне кіріп кетуіне болады. Мысық пен тышқанның рөліне педагог алғашқыда пысық балаларды тағайындауы тиіс. Егер тышқан мысыққа ұстатпай ойын ұзаққа созылатын болса, педагог балаларды ауыстырады.<br>**(дене шынықтыру)** | | ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығуы.**<br>Қолға, алып шарды,<br>Үрлеймін мен былай.<br>Уф-ф-ф,<br>Үрлеймін деп қатты,<br>Жарып алдым шарды. Пах. | **"Нәркес" өлеңін жаттау.**<br>Наурыз біте құлпырады қырларда<br>Нәзіктіктің жаршысындай нәркесгүл.<br>Нақ сұлулық сипатына сын | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>"Сағат" - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау | **"Мысық" саусақ жаттығуы.**<br>Пеш түбінде мысық отыр,<br>(Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады. Ортаң терек) | **Туған өлкем**<br>Кеңсің дала,<br>Туған ана.<br>Көйлегің кең, көк ала, Жан беретін<br>Тән беретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | бар ма?<br>Нәркесгүлден нәр аласың көрсең бір.<br>А. Исабек<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | керек.<br>"Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Екі көзін қысып отыр.<br>(Ортаң терек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады).<br>Тышқан етін жегісі кеп, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қашай қозғалтады )<br>Тісі оның қышып отыр.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мейірімді ана сен ғана.<br>С.Сейфуллин<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Медбикеден кеңес.<br>"Тазалық – денсаулық кепілі". | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуды ескерту. | "Бала қауіпсіздігі басты назарда" ата-аналармен кеңестер жүргізу. | "Отбасылық үлгі өнеге" ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аларас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.04-21.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.04.2023 | 18.04.2023 | 19.04.2023 | 20.04.2023 | 21.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Үйдегі ойын бұрышы" тақырыбында кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша да, формасы бойынша да сәйкес келетін гүл табады.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ағаштар мен бұталар".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштар мен бұталар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен байқампаздығын дамыту. | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».**<br>Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады.<br>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қарағайдың суреті.<br><br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене** шынықтыру) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ таңның,<br>Куанышын, шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күннің көзі ашылып,<br>Көкте шуақ шашылып,<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті.<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой,<br>Ал, кәнекей бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Алтын таңның шуағы,<br>Бақыт үшін туады.<br>Қайырлы таң, қонақтарым,<br>Жарық күннің тұрағы!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Талшыбық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру.<br><br>**Картотека №15**<br>**«Ұшты -ұшты»** | **Дене шынықтыру**<br>"Талшыбықтай майысып".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шеңбердегі өз орнын табу (бағдары бойынша) дағдыларын қалыптастыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; ептілікті дамыту; оқу қызметін пысықтау.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет»** | **Музыка**<br>"Тал ағаш".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету.<br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Талшықтай талшыбық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту.<br>**Картотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | **Қазақ тілі**<br>«Ақ қайың». Ағаштың құрылымы.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.<br><br>**Катотека №9**<br>**«Табиғат құбылыстарын ата?»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды | **Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты:<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту. | "Өзіңе жұмыс тап". **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекке деген құрметті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жер мен су" әңгімесін оқып беру".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға судың көктем мезгіліндегі | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар**<br>"Әртүрлі арықтар".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Гүлденген баубақша".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу | **«Мейірімділік ағашы»**<br>Ойынның мақсаты: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың | **Қимылды ойын. Мысық пен тышқан**<br>«Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. | "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау.<br><br>**"Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару.<br>Ойын үйде де, далада да ойнала береді.. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді.<br>Ол:<br>Қараңғыда көзім жоқ,<br>Тиіп кетсе сөзім жоқ. | сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру. | назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. | тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды қуып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қайда кеттің қалқа жан,<br>Жетектейтін өзің жоқ.<br>Қолға түскен құтылмас,<br>Қала бермек көзім боп,<br>— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала трған ойнаушылар қашып жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығулары** "Түлкіні тап" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады.<br>**(дене шынықтыру)** | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Шеберхана" үстел үсті ойыны.**<br>Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын.** «Қасқырдан құтқар».<br>Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Түрлі-түсті гүл шоғы».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.<br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?<br>Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..<br>Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасылық салт-дәстүр" атты тақырыпта әңгімелесу. | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі | Балалардың қабілеті жайлы ата-аналармен әңгімелесу. | "Бала бөлмесіне арналған гүлдер" атты ата - аналарға | "Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жайында сөйлесу. | | арналған кеңес. | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.202 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. | | |
| | **Иллюстрациялық суреттерді құрастыру**<br>Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.<br>Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы.<br>Барысы: әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. | **"Үй құрылысының ретін көрсет".**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>Барысы: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.<br>**(құрастыру)** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімге киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығуы.**<br>"Зырылдауық" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br><br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br><br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.<br>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.** | **«Мақтау сөздер айту»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды. | **«Достық көмек»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | берілгенін және қабылдағанын талқылайды. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Достық шеңберінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету.<br><br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұлттар достығы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.<br><br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Достық шеңбері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | **Дене шынықтыру**<br>"Достық күндей жарқырайды"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру.<br><br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қазақ тілі**<br>Бұл менің Отаным. Қазақстан.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.<br>**Картотека № 10**<br>**«Көңіл күйді көрсету»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. | Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, | Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, | Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді | Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>Бақылау. Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек.<br>Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)<br>Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. | сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру.<br>Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру.<br>Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Өсімдіктерді қопсыту.<br>Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті | сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау.<br>Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту.<br>Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау.<br>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Асфальтқа бормен сурет салу.<br>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін | дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.<br>Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі).<br>Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. | сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды.<br>(Балық)<br>Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)<br>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.<br>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.<br>Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары)<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | арттыру.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Велосипед тебу. (дене шынықтыру)<br>Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау.<br>Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>Өз бетімен ойындар.<br>Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау.<br>Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | (еңбек дағдылары)<br>Балықтарды тамақтандыру.<br>Аквариумға су құю.<br>Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып табиғат әлемі".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Достық шеңбері ойындар тізбегі".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Зәулім үй".<br>Мақсат-міндеттер. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қазақтың туыстық атаулары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре | **«Сыпайы өтініш»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын дамыту. | | | отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.**<br>"Достық"<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1. Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>2. Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3. Қырда қырау<br>Қызыл ала бұзау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Адал достар»**<br>Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады. | **"Достық" өлеңін жаттау.**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттық баласы<br>Достығымыз жарасқан.<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы<br>Еңбек ортақ, жыр ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы.<br>Е.Елубаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі.<br>"Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | "Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Ақбота» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05-05.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 01.05.2023 | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. |
| | | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп- | **"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы.**<br>- Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шерудегі көліктер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құрылыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,…" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,…", "Қолшатыр алған, себебіміз…" және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді.<br>- Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді.<br><br>- Дауылпаз дабылдап,<br>- Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу)<br><br>- Дауылпаз дабылдап,<br>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)<br><br>Дабыл-дап, дабыл-дап,<br>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)<br><br>Жаттығуы бірнеше рет қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру. | материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығуы.**<br>"Зырылдауық" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br><br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br><br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br><br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.<br>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>"Күлімдейміз күндей."<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). | **«Түрлі - түсті гүлдер»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.<br>Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.<br>Ойынның бірінші нұсқасы: Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.<br>Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.<br>Ойынның екінші нұсқасы: Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.<br>Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды.<br>Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>"Барабан дабылы".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау | **Музыка**<br>"Дауылпаз дабылы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен | **Дене шынықтыру**<br>"Соқ, барабан!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br>**Картотека № 11** | **Қазақ тілі**<br>«Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.<br><br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.<br>**Картотека №39**<br>**«Үкілі тақия»** | **Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.<br>**Картотека №19**<br>**«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Шыршаны қарағаймен салыстыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен | **Бақтағы еңбек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша | **Гүл бақшасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны дайындау тілегін тәрбиелеу | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту; мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері. | тұқымын себуді көрсету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бақшадағы жұмыс). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру. | гүл көшеттерін отырғызу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Құстардың ұшуы". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу. | қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз орнын табу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** бір қатарға қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басыңа құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру.<br>Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты, ептілікті, тепе-теңдікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | | **Сурет салудан ойын-** | **Қоршаған ортамен** | **Математика негіздерінен** | **Қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **жаттығу**<br>"Әскери көлік"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету. | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күн шуағы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. | **ойын-жаттығу**<br>"Жауынгерлер сапқа тұрды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Әскер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Ритмикалық жаттығу**<br>Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру),<br>Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу).<br>Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу),<br>Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).<br>Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру.**<br>Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жеңіс күнін тойлаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету. | **"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз.<br>- Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тауып үлгересіңдер. Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. "Өрт қауіпсіздігі". | Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы озбыр мінез-құлықтың бастаулары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды дөңгелек пішінді қағазды тең, екі жарты бөлікке бүктемелеу амалына бейімдеу; құлыншақ бейнесін қарындашпен жалын, көздерін, аузын салу арқылы толықтыруға дағдыландыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Бұлттар" Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетін боршалар мен гуашь бояуы арқылы салынған сопақ және дөңгелек пішінді бұлттар бейнелерімен толтыруға үйрету. | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Бидай". Мақсат-міндеттер. Балаларды көңілді әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. | **Ұлттық ойын. Түйілген орамал** Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. **(дене шынықтыру)** | | | | жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз келді" өлеңін жаттау.** Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br>Ж.Молдағалиев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Түстер" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Жұмбақтардың шешімін табу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Бала тілін дамыту.**<br>"Жаз" (Іляс Жансүгіров)<br>Жерің анау,<br>Жасыл жолақ кілемдей.<br>Желің мынау,<br>Жігіт айтқан өлеңдей.<br>Көлің анау,<br>Той ғып жатқан ауылдай.<br>Күнің мынау,<br>Елжіреген енеңдей.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарды спорттық шараларға қатысуға белсендіру. | "Менің әкем ең жақсы адам" фотогазеті. | Ата-аналарға кеңес. "Баланы ара шағып алса?". | Ұйымдастырылған іс-әрекетінің бір апталық жасалған жұмыс туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны,** | «Ақбота» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жұрағат А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05-31.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | | |
| | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ суретімен танысу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысы кемпірқосақ бейнесімен таныстыру, кемпірқосақ жөніндегі ұғымдар аясын кеңейту, қоршаған объектілердің түстері туралы білімдерді пысықтау. | **Санамақтар айтқызу.**<br>Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,<br>Сейсенбіде серуен құрдық далада.<br>Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,<br>Бейсенбіде би биледік әндетіп.<br>Жұма күні жидек тердік қыратта,<br>Сенбі күні кино көрдік.<br>Жексенбіде үйде болып демалдық, | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Үздіксіз ізде"** (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с..) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. **(математика негіздері)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Осылайша өте шықты бір апта.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)**<br>Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру қимылдарын орындайды. Қолдарын кезек-кезек айналдырады.<br>Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген.<br>Отырып, қолдарынмен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с.<br>Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдары артқа жіберілген.<br>Еңкейіп аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу.<br>Оң аяқты көтеру, түсіру. Сол аяқты көтеру, түсіру.<br>Бастапқы қалып - аяқтарды қосу, қолдарын беліне қою. Өзінің айналасында екі аяқпен секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз бейбіт күн.<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Күнге шаттана қараймыз.<br>Қуана қолымызды соғамыз,<br>Осылай күнге жылу шашамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз бейбіт күн.<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Күнге шаттана қараймыз.<br>Қуана қолымызды соғамыз,<br>Осылай күнге жылу шашамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,** | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, оқу қызметі және т.б.. Балалар кез-келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін басқа тәулік бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | (мате | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Шынығамыз жазда". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; орнынан ұзындыққа секіруге үйрету. **Картотека № 13** **Қимылды ойын: «Қоңыздар»** | **Дене шынықтыру** "Жадырайды жанымыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; қимылды ойындар арқылы үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау. **Картотека № 9** **Қимылды ойын: "Допты қуып жет "** | **Музыка** "Алақай, жаз келді!" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. **Картотека№37** **«БАСПАЛДАҚ»** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киімдегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер қиықтарын | ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар,<br>ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күлімдеген балалар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды асфальтта түсті боршалармен адам бетінің сұлбасын салуға үйрету; дөңгелек көздер мен доғалы ауызды нақтылы салып, адамның жақсы көңіл-күйде болғанын жеткізуге жаттықтыру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Балабақшаның қызықтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың белгілі бір кеңістікте орналасқан заттарды көріп, орнын тауып, атау қабілетін қалыптастыру; ұзындығы, ені әртүрлі және бірдей заттарды тұстастырып, беттестіріп, өздігінен салыстыру дағдыларын жетілдіру; ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жаз кереметтері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жазғы табиғат құбылыстарын көзбен қабылдауда танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдылары мен қиялын, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Шомыламыз мәз болып".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда тақтай бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамыту; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қимылды ойындар арқылы екі аяқпен секіру (аяқтар алшақ); доғаның астымен өрмелеу (еңбектеу) дағдыларын дамыту. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **Бала тілін дамыту.**<br>"Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)<br>Шулы өзенге барайық,<br>Орын таңдап алайық.<br>Ақ сазанға ау құрып,<br>Болат қармақ салайық.<br><br>Жүр, балалар, тұрмалық,<br>Гүл терелік, қыр барып.<br>Өкінбейік, даланың<br>Қызығынан құр қалып.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Отбасындағы балалардың музыкалық тәрбиесі. | "Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес. | Суреттер көрмесін ұйымдастыру. | | |

Келісемін
«Балбөбек» шағын
орталығының меңгерушісі
______ Касенова А.Ж.

Бекітемін
Атамекен ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
______ Зикирин Ж. Е.

# 2022-2023 оқу жылына арналған «Балбөбек» шағын орталығының «Қарлығаш» тобының перспективалық жоспары

Орындаған: Касенова А.Ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 4 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қыргүйек | Дене шынықтыру | - балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;<br>- дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік;<br>- түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>- жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу,<br>- түрлі қимылды ұлттық ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.<br>1) жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, қысқа және алшақ адымдап жүру. Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, "жыланша" ирелеңдеп жүру, бытырап, қосымша қадаммен алға, шет жағына жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіріп, бағытты, қарқынды өзгертіп жүру. Жүруді басқа қимылдармен кезектестіріп, белгі бойынша тоқтап жүру.<br>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында әртүрлі таныс дене жаттығуларын орындау.<br>Спорттық жаттығулар: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) шанамен сырғанау, төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату;<br>2) сырғанау, мұзды жолдармен өздігінен сырғанау;<br>3) велосипед, самокат тебу, үш дөңгелекті велосипед және самокат тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау;<br>4) Жүзуге дайындық. Суға түсу, суда ойнау. Суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп, қимылдар орындау. Судан шығу.<br>Спорттық ойын элементтері:<br>1) кегли. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру;<br>2) футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты қақпаға домалату;<br>3) хоккей. Берілген бағытта шайбаны таяқпен домалату, оны қақпаға домалатып кіргізу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, құрсауылармен, ойыншықтармен ойындарын жетілдіру, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін жалғастыру. Жалпы және жергілікті су шараларын жүргізуді жалғастыру: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, сауықтыруға арналған жүгіру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату.<br>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану. |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. |
| | Көркем әдебиет | 1) оқу, әңгімелеу.<br>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі |

| | | |
|---|---|---|
| | | тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:<br>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын сөздер туралы білімді кеңейту;<br>2) таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдануды үйрету.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:<br>1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету;<br>2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру;<br>Байланыстыра сөйлеу.<br>Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету. Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету. |
| | Математика негіздері | Жиын:<br>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>2) заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру; салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:<br>өлі табиғат нысандары - су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту; табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;<br>2) сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру; 3) үлгі бойынша құрастыру;<br>4) умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру. |
| | Сурет салу | Заттық сурет салу.<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулар, қарындаштар, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>Келесі біліктерді қалыптастыру.<br>Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелеу;<br>2) дөңгелек пішінді заттарды салу;<br>3) техникалық дағдылар мен біліктерді игеру. |
| | Мүсіндеу | Заттық мүсіндеу.<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>1) түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін жасау; |
| | Жапсыру | Заттық жапсыру:<br>1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету. |
| | Музыка | Музыка тыңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту.<br>Ән айту.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.<br>Ойындар, хороводтар.<br>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о_ «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | - балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;<br>- дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік;<br>- түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>- жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу,<br>- түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.<br>2) жүгіру. Қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп; ұсақ және алшақ адыммен, сапта бір-бірден және жұппен, түрлі бағытта, бытырап жүгіру. Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Жай қарқында үздіксіз жүгіру; 50–60 метрге жүгіру. 5 метрден 3 рет жүгіру. Түрлі бағытта жүгіру, қағып алып жүгіру;<br>3) секіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру, алға ұмтыла секіру, бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру, аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін – алға, екіншісін – артқа қойып, бір орында тұрып секіру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; биіктігі 5–10 см 2–3 заттың үстінен кезектесе секіру; 20–25 см биіктіктен секіру; бір орында тұрып, ұзындыққа 4–6 сызықтың үстінен секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см); |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөздік қор.<br>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, |

| | | |
|---|---|---|
| | | заттардың<br>бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>2) сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту;<br>3) заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру;<br>4) ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Келесі дағдыларды жетілдіру:<br>1) байланыстырып сөйлеу;<br>2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;<br>3) әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру;<br>4) сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану;<br>5) тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолдану. Байланыстырып сөйлеу.<br>Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауды үйрету. |
| | Көркем әдебиет | 2) мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>3) мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. |
| | Қазақ тілі | Сөйлеуді дыбыстық мәдениеті: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту.<br>Сөздік қоры:<br>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, құстар, табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту;<br>2) заттардың сын-сипатын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуды үйрету;<br>3) таныс сөздерді өмірде күнделікті қолдануды үйрету.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:<br>1) 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құрауды үйрету;<br>2) сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрін жасау білігін қалыптастыру.<br>Байланыстыра сөйлеу.<br>Шағын шығармаларды, өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды үйрету. |
| | Математика негіздері | Сан, санау:<br>1) 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау<br>дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету;<br>2) теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес;<br>3) теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып |

| | | |
|---|---|---|
| | | тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету;<br>4) 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;<br>5) сандық топты белгілей отырып, 5-ке дейінгі сандармен таныстыру.<br>Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>2) биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру; 3) шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:<br>күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту;<br>адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру. |
| | Құрастыру | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруды үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп,<br>бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.<br>Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. |
| | Сурет салу | Сюжеттік сурет салу: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>2) қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. |
| | Мүсіндеу | 3) пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі<br>бөліктен тұратын заттарды;<br>4) адамның пішінін;<br>5) заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектері иілгенге дейін сығымдау. |
| | Жапсыру | Сюжеттік жапсыру:<br>1) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде<br>орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;<br>2) дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.<br>Ән айту.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту<br>арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол |

| | | |
|---|---|---|
| | | қозғалысымен көрсету.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,<br>содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.<br>Ойындар, хороводтар.<br>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және<br>емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен**
**оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)______«Балбөбек» ш/о___ «Балапан» тобы ________
Топ: аралас топ

Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Жүгіру:** аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.***<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп |

| | | |
|---|---|---|
| | | қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс- әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат |

| | | |
|---|---|---|
| | | есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | Көркем әдебиет | - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | Қазақ тілі | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға<br>баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;<br>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сан, санау.**<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |
| | Сурет салу | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | Жапсыру | - қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. |
| | Мүсіндеу | - өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка | - балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сылдырмақтармен әуендерді ойнау.<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу. |
| | Құрастыру | - балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | Қоршаған ортамен танысу | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен**
**оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)___»Балбөбек» ш/о___ «Балапан» тобы __________
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де, кеш те де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар мезгілде, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Су мен сабын - бір жолдас,<br>Жоймас олар кір қоймас! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу. "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап,<br>(екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса.<br>(қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ,<br>("Түймедақ" рөліндегі балалар ортаға шығып, қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша!<br>Көбелек пен аралар | | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар айтылған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Күлімдеп күн шықты,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекет туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ақ тілек» шаттық шеңбері.**<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады.<br>Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" ортаға жүгіріп шығып, беттерін алақандарымен ұстап, бастарын шайқайды)<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>(Аударған А. Көкенова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жазғы ойын-сауықтар** | | **Жазғы ойын-сауықтар** | **Дене шынықтыру**<br>"Қатар түзеп сапқа тұру"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қатар түзеп, | **Дене шынықтыру**<br>"Ұйымшыл балалар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету.<br>**"Кенгуру" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секірудің негізгі тұрысын көрсету және кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секіруді үйрету. | арасымен доптарды домалатуды үйрету.<br>**"Заттардың арасымен" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеглилер, текшелер және басқа да заттардың арасынан допты домалатуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мысықтың бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын арттыру.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көркем сөзді мәнерлеп | | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өсімдіктердің тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** | ***Желдің соғуын бақылау.* (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>**Бақылау:** балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, | **Күздің ерте немесе кеш келуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақтар<br>Н. Әлімқұлов «Күз».<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді.<br><br>Қ.Ыдырысов «Күз». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру.<br>Н. Арынова "Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшада піскен көгөністерді жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс істеуге ұмтылысын тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын | | көгөністер жинау кезіндегі ұжымдық еңбек.<br>Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа үйрету.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобының арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды | бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру.<br>**Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру.<br>Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)**<br>Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.<br>**Еңбек:** тәрбиешіге көмек.<br>Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойындар** | Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау,<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>**Бақылау:** табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білу.<br>**Қимылды ойын. «Астықты тасымалдау» (дене шынықтыру)**<br>Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші шетіне тасу.<br>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>**Еңбек:** гүлзарда жұмыс істеу.<br>Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге сүйіспеншілікті арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап жүріп, келесі сөздерді айтады:<br>"Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай. | | бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды "қояндарды" іздеген болып жүреді, содан кейін жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты олардың | **ойнау: «Желбезекпен ойын». (дене шынықтыру)**<br>Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | **Өз бетімен ойындар. «Құмда сурет салу» (сурет салу)**<br>Балаларға құмда сурет салуды үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?"<br>Балалар осы сөздерді айтып болған соң тоқтайды, "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, оның орнына басқа кейіпкерді | | аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, доптан жылдам қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; қимыл координациясын пысықтау, допты лақтыру, күштерін бағыттауға машықтандыру.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгілі орындарға аттап секіру қабілетін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауыстыруға болады.<br>**"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттарды топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, ол оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** жүгіру техникасын жетілдіру.<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. | | дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Тергеушілер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту.<br>Келісім.<br>Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезек-кезек көрсетеді.<br>Балалар қай заттың кімге және не үшін керектігін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір | | **"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Тәрбиеші".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдап, жаттап алуды үйрету.<br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дайын суретті бояу.<br>**(сурет салу)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Асқар ата келді".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шүберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, оның сын-сипатын айтып береді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге құрмет сезімдерін, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа.<br>Барысы. | | жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді.<br>Балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. | **Музыкадан ойын-жаттығу.**<br>"Көңілді балалар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар".**<br>Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруды үйрету.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Ойыншықтармен танысайық та, санайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету.<br>**Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты** | тегістеуді үйрету.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды екі параллель сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруді үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Күз келді бақшама".<br>Мақсат-міндеттері. Балабақша маңайында ауа райын бақылау, күзгі құбылыстарды байқау, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Балалар қойылымда қандай оқиғаны көрсететіндерін педагогпен бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | | Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы алдын ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға | **көрсет."** Мақсат-міндеттері. Доптардың көлемі мен түсін анықтау. **(танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттері. Күз құбылыстарын атау іскерліктерін дамыту; балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. **Вариативті компонент. Математика негіздері** "Зообаққа барамыз" Мақсат-міндеттер: балаларды 1 саны және цифрымен таныстыру; 1 цифрын дұрыс жазуға үйрету, математика оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп, балаларды күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне бірнеше заттарды қояды. Балалар оларды мұқият қарастырып алғаннан кейін, бәрі артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. | **«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. | **Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды үстіне киген киімдеріне қарап, шкафта қалдыратын заттардың орнын тексеріп, тәртіп орнатуға шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Мысықты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Мысықты бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру. Н. Арынова "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. | | **Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа үйрету. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, | **Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) **Бақылау:** бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу, қатты, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру. **Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. | **Күздің ерте немесе кеш келуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Тақпақтар Н. Әлімқұлов «Күз». Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді.<br><br>Қ.Ыдырысов «Күз». Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. **Бақылау:** табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі. **Қимылды ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы піскен көгөністерді жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс істеуге ұмтылысын тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" | | шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестеіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндардың" рөлін ойнайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан кейін бір жасырын жерге барып, аланды алыстан бақылайды. "Қояндар" | **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)**<br>Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол бала жеңімпаз болады.<br>**Еңбек:** тәрбиешіге көмектесу.<br>Үлкендерге қызмет көрсету. Балаларды ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын».**<br>Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | **«Астықты тасымалдау» (дене шынықтыру)**<br>Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші шетіне тасу.<br>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>**Еңбек:** гүлзарда жұмыс істеу.<br>Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар. «Құмда сурет салу»**<br>Балаларға құмда сурет салуды үйрету.<br>Атқарған жұмыстарын атап өту, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап жүріп, келесі сөздерді айтады:<br>"Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?"<br>Балалар осы сөздерді айтып болған соң тоқтайды, "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға | | өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты олардың аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына жылдам қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санайды, соған қарай ұпай беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, оның орнына басқа кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттарды топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, ол оны | | қауіпсіздік сақталуын қадағалайды.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, допты лақтыруды, күштерін бағыттауды дамыту.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгілі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңда ойын өткізу.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. | | құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін дамыту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)**<br>Өнер бұрышында балабақша, ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)**<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09-09.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Өсімдіктерді тамақтандыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере отырып, топырақтың құнары таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау:тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру»**. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Ойын: «Көліктер».** Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | **Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. **(құрастыру)** | **«Жұбын тап».** Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойын барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңеді. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны. Пазл. «Қайсы отбасы мүшесі?»** Мақсат-міндеттер. Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аспанда күн ыстық.<br>Жерде бізге кім ыстық?<br>Әке мен шешеміз | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар: | Сәлем! Сәлем! Сәлем!<br>Қалын қалай?<br>Сәлем! Арайлап таң | «Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>(Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды).<br>Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды.<br>Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Достар жұптары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету.<br>**"Баскетбол" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты кеуде тұсынан жоғары ұстап, баскетбол торына дәлдеп лақтыруды | **Дене шынықтыру**<br>"Қатардан қалма".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету.<br>**"Кедергілерден өт" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кедергілердің арасынан еңбектеп жүруді үйрету. | **Музыка**<br>"Біздің балабақшада ойыншықтар көп".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка | **Дене шынықтыру**<br>"Бір-бірден қатарға тұру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету.<br>**"Күнді ұтып алайық!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Балабақша әніміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету. | | әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | | таныстыру.<br>Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.<br>Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз.<br>Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді:<br>Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндетері. | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндетері**.** | **Бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндетері. | **Өрмекші мен өрмекті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Өзенді бақылау.( қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (мәселен, гүл суару). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру. **"Сызықты баспа"** | Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр.) **Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, | Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) **Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. | Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай кереқ құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.) **Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі | Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жұмбақтар. Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен.) Бет көрсететін айнам, тауып алдым сайдан. (Ағын су.) **Тәжірибе.** Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру. **Қорытынды.** Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады. **Қимылды ойын. «Жылға арқылы». (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>**Еңбек:** гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің | Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. | ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету.<br>Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам | Мақсат-міндеттері. Екі түзу сызықтан екі аяқпен секіруді қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үйрету.<br>**"Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | еңбек құралдарын жинауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы. | Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**Еңбек:** гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Мақсат-міндетері. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».**<br>Мақсат-міндетері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы. | шығып тұру тиіс.<br>**Еңбек:** «Өрмектеп жинау».<br>Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау қабілетін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау.**<br>Мақсат-міндеттер. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | ұстануға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру».<br>Мақсат-міндеттері. Тапсырманың маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері.Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | "Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Шкафқа не жиналғанын санайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Ата-әжемнің әндері.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары.<br>Мақсат-міндеттері. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Атай".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауды үйрету.<br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Отбасы тақырыбында суретті бояу. **(сурет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>«Қуыршақты тамақтандыр».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ірі құрылыс материалдарымен, | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Әжем пісірген піспенанды безендірейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту.<br>**Логикалық ойын.**<br>**"Саны тең гүлдерді табайық".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кейіпкерлердің санын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Отбасы шежіресі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Туыстық атауларды ажырат".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Отбасындағы туыстық атауларды танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді** | **Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Менің әжем".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы қиылған шеңберден әженің денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп, әженің шашын жапсыруды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент.**<br>**Құрастыру**<br>"Мен және менің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Артикуляциялық жаттығулар. [А], [Ә] дауысты дыбыстары.<br><br>**Үстел үсті театры.** Мақсат-міндеттер. «Менің балабақшам» және тағы басқа тақырыптарда сюжеттік суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | құрастырмақтармен ойындар. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. **(дене шынықтыру)** | гүлдердің санымен сәйкестендіруді үйрету. **(математика негіздері)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Тазы". Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Иттің тамағын тап".** Мақсат-міндеттері. Иттің қорегін тауып атау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**«Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары**. Мақсат-міндеттері. Альбомдар мен сюжетті суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. **(құрастыру,** | **дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**«Кімнің заттары?» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып айту. Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және тағы басқалар. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, | отбасым". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру. **Дидактикалық ойын. "Отбасы ағашы".** Мақсат-міндеттері. отбасы мүшелері жайлы толық сөйлем құрау іскерліктерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Ойыншықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **сөйлеуді дамыту)** | тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу | жөндеу шеберханасы".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату біліктіліктерін дамыту, заттардың қасиетін анықтауға деген қызығушылықтарын арттыру .<br>Керекті құрал-жабдықтар: дамытушылық ойыншықтар (машинкалар, пластикалық қуыршақтар, Лего ойыншықтары, Киндер тосынсый-ойыншықтары).<br>Барысы.<br>Балалар өз еркімен немесе топтың қалауы бойынша (ойыншылар) шеберлер рөліне тағайындалады.<br>Педагог олар үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | арнайы бұрыш ұйымдастырып, оны безендіреді. Ойыншы балаларға бұзылған ойыншықты әкеледі, шеберге көрсетеді, шебер зерттеп, бұзылған ойыншықты жөндейді. **(сөйлеуді дамыту, шығармашылық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. **(сөйлеуді** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Астанаға саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету.<br><br>**Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты».** Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар | **Жапсырудан ойын-жаттығу.** "Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттері. Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаүлгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын. «Жануарлардың** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Менің көшемде не бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ормандағы оқиға". Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br><br>**Дидактикалық ойын. «Киім дүкені»** Мақсат-міндеттері. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br><br>**Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".**<br>Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отырулары керек.<br>Ұшатын құс немесе зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты!<br>(қол көтереді) **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер".**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші балалардан ненің төлі жоқтығын сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет ойналады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | "Көрнекті ғимарат".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу. | барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі киім түрлері туралы әңгімелейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Сиқырлы қапшық»**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, | **Дидактикалық ойын. «Не артық?»**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен | **Артикуляциялық жаттығу**<br>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. | **«Дәл осындай пішінді тап».**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, | **«Кел, жазайық.»**<br>Мақсат-міндеттері. Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтастыруды үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | ажыратуды үйрету. Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып атауды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық, өйткені ол көгөніске жатады, қалғаны жемістер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр,<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара,<br>Мір-мір-мір- қап-қара көмір. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала санына қарай бірнеше құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алады, құлыпты ашады. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | салу білігін бекіту. **(сөйлеуді дамыту)** Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу. | «Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу. | «Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш\о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09-30.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.09.2022 | 27.09.2022 | 28.09.2022 | 29.09.2022 | 30.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ұйымдастрылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сыртқа киімдерін қоятын шкафта тәртіп сақтауды үйрету. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | **"Асханада кезекшілік атқару".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. **(еңбек дағдылары, сөйлеуді дамыту)** | үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыпты түрде бүктеп жинау. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге тәрбиелеу. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **Құрылыс ойындары** "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. **(құрастыру)** | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».** Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың ойыншығына) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. | **«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар: ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **Суреттерді бояу** Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | ойыншықтарды бөлек жинайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын мен суды аямай,<br>Тазалықты сақтайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Қылқалам ханшасы».** | **«Тілек тілеу».** Барлығымыз табиғатты | Сәлем, саған, ыстық жерім! | Қайырлы таң, Алтын күн! | Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка)** | сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. | Сәлем, саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, Жер-Ана!<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам!<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)**<br>Алтын күз жайлы әңгімелесу. | Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Жапырақтар туралы әңгімелесу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден өту ойындары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>**"Доп кімде?"** | **Дене шынықтыру**<br>"Сарщұнақтай жылдам болайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді** | **Музыка**<br>"Жапырақтар сарғайды".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың әнді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу | **Дене шынықтыру**<br>"Күздің қызықтары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету.<br>"Басына қап қою" | **Қазақ тілі**<br>"Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты төменнен жоғары лақтыруды үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Музыка** "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Күннің көзі және бұлт". **(музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, математика негіздері)** | **дамыту)** "Саршұнақ" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. **(музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** "Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу. **(музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Денесін тік ұстап жүруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...". Мәтінді мәнерлеп оқу. "Көрікті Қазақстан". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "Есте сақта". "Өз елің - алтын бесігің". **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті. Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене** | **Бұтақтарды бақылау (итмұрын, мамыргүл (сирень), қара жемісті шетен, мойыл). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.)<br>Одан көз ашиды, жапырақтары өткір, түсі шұбар. (Шетен ағашы.)<br>Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».**<br>Мақсат-міндеттері. | **Жеміс ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Жеміс біткен бау-бақша,<br>Жемін жайды жан-жаққа.<br>Бақта құстар сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>Бақылау: балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойындар.** | **Торғайды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, математика негіздері, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру.<br>Бақылау барысы:<br>- Торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді?<br>- Қалайән айтады?<br>Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара, қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басының түсі сұр. Торғай - епті құс, ол | Балаларды серуенге ынталандыру: серуенге керекті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.<br>**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Табиғат бұрышының мекендеушілерін қоректендіру. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** өз бетінше ойнауға тәрбиелеу. | Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету. **(дене шынықтыру)** Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар. «Қайық ойыны».** 2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, құрастыру, жапсыру)** | **«Қоян мен қасқыр». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. **Еңбек:** «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру». Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруды үйрету; тазалық сақтау және заттарды жинастыруды әдетке айналдыру. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** тақырып бойынша берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көгөністер туралы | бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дәндер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады. **Еңбек:** балабақша бақшасындағы арамшөпті жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** қозғалыс бағытын өзгерте отырып, белгі бойынша жылдам қозғалуды үйрету. **"Допты ұста" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен лақтыру және ұстау дағдыларын бекітуді жалғастырыңыз. **(дене шынықтыру, сөйлеуді** | Табиғатты сүюге баулу. **Қимылды ойын. «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. **(дене** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | білімдерін бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **дамыту)** | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, музыка, математика негіздері)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудартту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудартту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».** Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. **(қоршаған** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Менің өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** Тақырыбы: Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Қыран". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту. | **Вариативті компонент. Математика негіздері** "Үш марғау" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. **(дене шынықтыру)** | қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"** Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".** Мақсат-міндеттері. Жалпылама ұғымдарды бекіту (педагог балаға допты лақтырып, жалпылауыш сөзді атайды, бала допты кері лақтырады және жалпылама ұғымға жататын сөздің нақты атауын атайды: ойыншық - қуыршақ (аю, доп, қоян, | **Дидактикалық ойын: "Қыранды тап".** Мақсат-міндеттері. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық қабілеттерін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Театрды сахналау.** "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндететрі. Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.<br><br>**«Балықшы».** Мақсат-міндеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | трактор), жиһаз - үстел (орындық, шкаф, сөре), киім - көйлек (жейде, шалбар, күртеше), аспап - домбыра (сырнай, сыбызғы, қобыз). **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер».** Мақсат-міндеттері. Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, әдемі құрақ құрайды. **(сөйлеуді** | **Жаңылтпаш жаттайық.**<br>1) Доп деп,<br>Дөп теп.<br>2) Қапыда ит қапты,<br>Қатты қапты,<br>Қапты қатты.<br>3) Қырқада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br>Алты арқарда марқа арқар бар.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | **"Жомарт күз"**<br>Мақсат-міндеттері. Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>1) Ара болсаң, ызында З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>(з- з-з) - қатты\жай<br>2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Кел, санайық**<br>1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(математика негіздер)**<br><br>BilimKids мультфильмін көрсетіп пысықтау.<br>**Бес балапан**<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, қазақ тілі, жапсыру)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Театрлық қойылымдар. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, құрастыру)**<br>Өнер бұрышында қалаларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (**шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жеке бас тазалығының негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10. - 07.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.10.2022 | 04.10.2022 | 05.10.2022 | 06.10.2022 | 07.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері: балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері: еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **Үстел үсті ойыны. "Лото. "Ұл мен қыздың киімдері".** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>- Кімге не қажет? Қыз бен ұлға киім таңдау.<br>**"Қатарға тұрып** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>**"Қайда барсаң, соны** | **"Сақина" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай балалардың | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу, **Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"** | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан әртүрлі үйлерді құрастырады. Құралдары: құрылыс материалдары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **билейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зеректік қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуенжазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Басты оңға және солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік, | **табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының әртүрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **(сөйлеуді** | біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады.<br>**Көркемсөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; | Мақсат-міндеттері.<br>Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезекпен түреміз. (жеңді түруді көрсету)<br>Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе екі қос алақандай, (саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып айналдыру) | жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине және тағы басқа.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік. Жерде жүрсе, аяқтарымызды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова. "Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **дамыту, қоршаған ортамен танысу, құрастыру)** | көркемсөзге қызығушылықты арттыру.<br>*Б. Кірісбаев "Бақшада".*<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Айналдырып жуып береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | топылдатамыз. Суда жүзсе, қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз. Аспанда ұшс, қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды екі топқа бөлініп, ойнауға болады. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, сурет салу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Қылқалам ханшасы».<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Тілек тілеу».<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып, қайталайды).<br><br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем саған, ыстық жерім!<br>Сәлем саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br><br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер-Ана.<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам.<br><br>Алтын күз туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br><br>Жапырақтар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Күзгі жолдар үстіндегі ойындар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету.<br>"Көңілді еңбекте" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Тақтайда еңбектеуді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Музыка**<br>"Күз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би | **Дене шынықтыру**<br>"Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету.<br>**"Кім шақырғанын анықта!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Досын дауысынан тануды үйрету. Еске сақтауды, есту зейінін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыка**<br>"Күзге ән арнайық".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>**"Төмен және жоғары дыбыстар" музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Шығарманы тыңдап отырып, оның динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажыратуды үйрету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету.<br>**"Чемпион" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Еңкіс тақтайдың үстімен қатарласып жүруді үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Қазақ тілі**<br>Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру.<br>Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс.<br>"Күз" тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрау.<br>Фонемо-ырғақты жаттығу "Бұлтқа".<br>Өлеңді мәнерлеп оқу "Алтын күз". **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.<br>Дидактикалық ойын: "Балақан".<br>Мақсат-міндеттері. Музыка ырғағына сай қол соға отырып, әннің әуеніне қосылу.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | **танысу)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу;<br>- шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ қиім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері: күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарау.<br>Сұрақтарға жауап беру.<br>- Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыт өткенде балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылынғанына көз жеткізеді.<br>Күн көзінде тұрған заттың қызатыны туралы қорытынды жасау.<br>**Еңбек** | арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, таспаны (лента) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен таспаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, таспаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын | түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы.<br>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.<br>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштағы мұз текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).<br>Су күннің көзінде ысып кетеді Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, жазда адамдар күн көзіне қызған өзендегі суына шомылуға барады.<br>Қыста су қар немесе мұз күйінде болуы мүмкін, қолмен ұстағанда суық екенін білеміз. | мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Көркемсөз.**<br>**Б. Соқпақбаев "Мысық".**<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару. | ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту.<br>**Көркемсөз.**<br>**Қ. Мырза Әли "Аспанда".**<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып.<br><br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.я<br>**Еңбек әрекеті:** ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Құралдарды қолдануды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, оны алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің | алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды сұйықтыққа жатқызамыз.<br>Шайнектен шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Педагог балаларға шайнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас | Мақсат-міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір- | үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен түлкімін!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үйлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал педагог шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші балаларға: "Ал, балалар, ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?"- деп айтады<br>Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге оны тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі.<br>Ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз атанады.<br>Жабдығы: ақсүйек (ойыншық).<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)** | қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырады, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. | суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады.<br>Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда | бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады:<br>**Көркемсөз.**<br>**Нағима Арынова**<br>**"Мысығым".**<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан бір қалдмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажет болса, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, | Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері.<br>Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңға шығарылған материалмен ойындар.**<br>"Шеңберді дәлде".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Нысанаға дәлдеп тигізуді жаттықтыру. | **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, барлығы тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>"Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?"<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын | қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, олар қолдарын біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Кім қапшықты алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** | Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде балалардың бірнеше тобына ұйымдастыруға болады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойын ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Күз туралы тақпақты құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау.<br>Жаттамақ жаттығуы.<br>"Күз суық, сары | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру.<br>**Дамытушы жаттығу.** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі жапырақтар шоқтары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дамытушы жаттығу.**<br>**"Күзгі бояу".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Алтын күз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету.<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Саңырауқұлақтар". | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Күзгі ағаштар". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көйлекті".<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.<br><br>**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. Допты екі қолмен қағып алу дағдысын бекіту. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - | **қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".**<br>Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді бекіту (педагог балаға допты лақтырып, заттардың жалпы атауын атайды. Бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел).<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын жапырақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру.<br>Дидактикалық ойын. "Жапырақтарды түсіне қарай топта".<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды түстеріне | Мақсат-міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету. | Мақсат-міндеттері. Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш қимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?"**<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың допты қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. **(дене шынықтыру)** | қарай топтастыруды үйрету. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер».** Ойынның мақсат-міндеттері: бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық | **Жаңылтпаш жаттайық.** 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қыркада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Кел, жазайық.** Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. **(сурет салу)** | **Артикуляциялық жаттығу.** 1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – | **10-ға дейін тура және кері санауды бекіту.** Геометриялық денелерді дұрыс атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндерді кілемшелердің үстіне қояды да, әдемі құрақ құрайды. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | | ызыңдайды маса. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Алма" ертегісі<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, еске сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар кейіпкерлерді өз қалауы бойынша таңдайды, кейін кейіпкерлердің костюмдерін киіп, әрқайсы өз орындарына барады.<br>Басында автор рөлін педагог алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауға бөленеді.<br>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әңгімелер үйрету. **(музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **10.10-14.10.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2022 | 11.10.2022 | 12.10.2022 | 13.10.2022 | 14.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, барлық адамның жұмысын | **"Табиғат бұрышы"** Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуді үйрету. **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық".** Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, кейін орнына жинау (қажетіне қарай). **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады.<br>**(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | тануға болатынын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі және қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяғына дейін | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін | **"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, оларға ауызша сипаттама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздар мен ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, | жеткізуге тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаған бала жеңімпаз болады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға | пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.)<br>- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? (Жемістер, көгөністер.)<br>- Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**(математика** | қиялдарын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Сипаттамасы берілген ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп қояды, біреуіне ауызша сипаттама береді, балалар сипаттамасы берілген үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала сол суретке өзі тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Көркемсөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.** | беруді үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Саусақ ойындары.**<br>Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап)<br>Қайда болдың?<br>Мынау үлкенініммен (сұқ саусағын ашады)<br>Орманда болдым бүгін мен.<br>Ал мына бірініммен (ортаңғы саусағын ашады)<br>Ас пісірдім бүгін мен.<br>Одан кейінгіініммен (аты жоқ саусағын ашады)<br>Ботқа жедім мен енді.<br>Ал мына ініммен (шынашағын ашады)<br>Айттым ән мен өлеңді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Еркін ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ересек адамның көмегімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шапқылайды, жүреді, жортады, желиді, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығын қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. | құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды төменнен жоғары көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды жоғары көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру)<br>Д. Ахметова. | **негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Пазл жинау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикалық ойлауды дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін | Мақсат-міндеттері.<br>Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге дағдыландыру; еске сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1- таяқшаны алға созу.<br>2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тік ұстау, жоғары көтеру.<br>3- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, қолды еденге тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1- оң аяқпен таяқшадан аттау, алға бір адым жасау.<br>2 -сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3- оң аяқпен таяқшадан аттау, артқа бір адым жасау.<br>4- сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру.<br>2- оңға иілу.<br>3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып. Барлығын сол жағымен орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолдарын жуғу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр».**<br>Жаңбыр кеп жауады,<br>Тамшылар тамады.<br>Тырс-тырс!<br>Шаң-тозаң шайылды,<br>Шатырлар шайынды.<br>Тырс-тырс!<br>Көшелер тазарды,<br>Кір үйлер ағарды.<br>Тырс-тырс!<br>Қалалар түледі,<br>Балалар күледі.<br>Тырс-тырс!<br>Жаңартып ауаны,<br>Жаңбыр кеп жауады.<br>Тырс-тырс!<br><br>Жаңбыр туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | О, керемет, қандай тамаша!<br>Таң атты ғой бүгін басқаша!<br>Жаңаша көңіл күймен қарайық!<br>Достарымызға жылулық сыйлайық!<br><br>Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қайырлы күн, шуақты күн!<br>Қайырлы күн, көк аспан!<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Қайырлы күн, балабақшам!<br><br>Жемістер туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br><br>Көгөністер туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты!<br>Күлімдеп күн шықты ,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br><br>Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету.<br>"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың гимнастикалық қабырғаға көтерілу және қайтадан төмен түсу дағдыларын жетілдіру.<br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұтақтағы алмалар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Епті баламыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету.<br>"Кешігіп қалма" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбектеу, жүгіру дағдыларын бекіту.<br>Қимыл жылдамдығы мен ширақтығын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыка**<br>"Күз жомарт" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы тыңдай білу қабілеттерін арттыру; әнді тыңдау арқылы сыр-сипатын ажыратуды үйрету.<br>Дидактикалық ойын. "Біздің саяхат".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдеп домалату".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру.<br>**"Доптан сақтан" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл жылдамдығын, нысананы көзбен көздеуді дамыту.<br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері | **Қазақ тілі**<br>"Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау.<br>Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта "Жемістер мен көгөністер".<br>Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер".<br>**Сөздік жаттығу. "Не жасырылған? Бұл** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын: "Жеміс-жидектерді ажырат". Мақсат-міндеттері. Жеміс-жидектер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру)** **Музыка** "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. **Дидактикалық ойын: "Біздің саяхат".** Мақсат-міндеттері. Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | | | туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Ғажайып қап". Мақсат-міндеттері. Қаптан шығарылатын заттардың атауын, түсін, пішінін, көлемін атау; олардың не үшін қажет екенін айту. Сөйлеу тілін, еске сақтау, логикалық ойлауын дамыту. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **не?"** Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негіздегі сөздік жаттығу. "Айналамыздағы геометриялық пішіндер". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауды үйрету;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін ретпен киюін қадағалау.<br>**Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аудару. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру.<br>Бақылау барысы.<br>Күзгі жаңбыр жазғы жаңбырға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Күзгі жаңбыр жиі және тоқтаусыз жауады. Аяқтың асты балшық, аспан | **"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі, қылқан жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>**Шалшық суды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркемсөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару. Жаздың ыстық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстардың ұшып кетуі.<br>Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту.<br>Көңілді ойнауға шақыру.<br>**Еңбек:** құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауды үйрету.<br>Оларға көмектесу.<br>Бастаған істі аяқтауға талпындыру.<br>**Өз бетімен ойындар. «Ұшақтар».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз | тұнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады.<br>Күздегі жаңбырдан соң қыс келіп, ақ қар жауады. Адамдар жаңбырда күртеше, пәлте мен етік киіп жүреді. Құстар да жауын-шашыннан жасырынып, қауырсындарын сулағысы келмейді.<br>Жаңбыр ұзаққа созыла ма? Ол қандай көңіл күйді тудырады?<br>Табиғат жаңбырға қалай әсер етеді?<br>Бұлттар мен аспан қандай көрінеді?<br>**Еңбек қызметі**<br>Ойыншықтарды жинау.<br>Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**<br>**Ұжымдық ойындар**<br>"Бұғының үлкен үйі | Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.<br>**Еңбек:** құстарды тамақтандыру **(еңбек дағдылары)**<br>Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз бетінше ойнай білуге тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегін құрметтеуді үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.<br>Жылдамдық пен күш-жігерді дамыту.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету.<br>Еңбектенуге деген құштарлықтарын | күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде салқын түскенде жерег сіңбей, батпақ болып жататынына мән бергізу.<br>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)**<br>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>**Еңбек.**<br>«Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | бар". Қимылдарды мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. **"Мысық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту. **Өз бетімен ойындар. "Батыл балалар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдысын жаттықтыру. | | дамытып, тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | маңыздылығын сезінуді және үлкендерге көмектесуді үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойналатын ойындар:** Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауларын қадағалау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>**Көркемсөз**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Қолды сабындап жуамыз,<br>Мұнтаздай тап-таза боламыз,<br>Асқа қолды созамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | «Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру.<br>«Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу.<br>«Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау.<br>«Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Көгөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары".<br>Мақсат-міндттері.<br>Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Алма".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету.<br>Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Кірпілерге жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру.<br>"Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету.<br>**Қимылды ойын "Ақ** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жемістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту.<br>**Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата".**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Жапырақтар әлемі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келтіру<br>Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары.<br><br>**"Өз үйінді тап" қимылды ойын.**<br>Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, | <br>**Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы».**<br>Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. **(көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **қоян".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>"Ақ қоян-ау, ақ қоян!<br>Орныңнан тұрсаңшы,<br>Шашыңды тарасаңшы,<br>Бетіңді жусаңшы,<br>Әдемі көйлек кисеңші.<br>Шеңбердің шетін үзсеңші." Осы кезде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады, ал үзілген жердегі оң жақтағы | Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Көңілді саяхат"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды 4 саны және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін бекіту. **(сурет салу, сөйлеуід дамыту, математика негіздері)** | <br>**Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".**<br>Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айыбына тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.<br>Бастаушы:<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты, сұңқар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | бала қоян болады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, қарға ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, арба ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, дауыл ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, торғай ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, жылан ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ойында жаңылмаған ойыншы жеңіске жетеді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Сиқырлы суреттер». Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау | Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». Мақсат-міндеттері. Жемістер мен | Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу. | «Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін | Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. | көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек. | | бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді | ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Еркін ойындар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі. | Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану». | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **17.10-21.10.2022ж.** |

| айды, жылды көрсету) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышында кезекшілік атқаруды үйрету. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбектенуге тәрбиелеу. **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топ бөлмесіндегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдысын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге | Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты әңгімелер мен ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. **"Бөлме өсімдіктерін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды өз қолдарынан келетін еңбекке тарту, бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс істегенде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты карауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларының жаңа түрлерін үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша | **Үстел үсті ойыны.** «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. | **Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап".** Мақсат-міндеттері. Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. | **Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»** Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт заттың немесе суреттің ішіндегі біреуі артық болады.<br>Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"**<br>Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп | Тапқырлыққты дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Саусақ жаттығуы.**<br>М.Әлімбаев «Он саусақ».<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды ...<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ....<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ойын шарты: педагог допты әр балаға кезекпен лақтырады, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала жауап береді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың айналадағы заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері. | айта білуді үйрету.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын желітдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды кім бәрінен бұрын қойса, сол бала жеңіп | Құстардың атауын дұрыс атауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру.<br>Құралдар: түрлі ойыншықтар топтамасы. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарын көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (жеңді түруді көрсету)<br>Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (саусақтарды қосу, бүгу, екі қолды қырымен қосу, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (жұдырықтарымен қолдарын алмастыру, алақан ортасына басу, айналдыру)<br>Айналдыра жуып | | - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды.)<br>- Оларды қандай бір сөзбен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.)<br>- Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(математика негіздері)**<br><br>**"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндердің екі қасиеті | шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1- таяқшаны алға созу.<br>2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстау, жоғары көтеру.<br>3- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6- бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1- оң аяқпен таяқшадан аттап, алға бір адым жасау.<br>2- сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3- оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау.<br>4- сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1- таяқшаны жоғары көтеру.<br>2- оңға иілу.<br>3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып. Жаттығуды сол жағымен қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу.<br>*Ойын- жаттығу.*<br>Ас атасы - нан.<br><br>Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен.<br><br>Бір түйір нанның қадірін<br>Тарыққанда білерсің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Бидай туралы әңгімелесу.<br>Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | "Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Нанның қайдан келетіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу.<br>Балалар үстеріне киген киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>"Мергендер жарысы".<br>Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру**<br>"Арақашықты сақтау амалдары". | **Музыка**<br>"Адам еңбегіне жыр".<br>Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру**<br>"Алға жүрелеп жылжу". | **Қазақ тілі**<br>Қазақ тілі "Сиқырлы бауырсақтар". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.<br>"Алыптар мен құртақандар" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл үйлесімділігін дамыту, аяқтың ұшымен және жартылай отырып жүруді кезектестіруді үйрету. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Тәтті нан".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын. "Көңілді – мұңды". | Мақсат-міндеттері. Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету.<br>"Екі аяқпен секір" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқпен бірге секіріп жетуді үйрету. **(дене шынықтыру)** | Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>"Әуенді сағат" музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Үйренген әндер мен әуендерді есте сақтап, бекітіп алу үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен тануға машықтандырады. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>"Торғай мен мысық" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Ыдыстар.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Әуеннің көңілді не мұңды болуын түсінуді үйрету. **(қазақ тілі, музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Күзгі желге көңіл аудару. Іс-тәжірибелік әрекет: желбағардың көмегімен желдің күшін анықтау. Балаларға жалаулар мен жапырақтарға қарап, далада желдің бар не жоғын және қай жақтан есіп тұрғанын байқату. **"Түтікшемен үрлеп, таспаны (лентаны) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанда болып жатқан құбылыстарды бақылауды, бір-бірінен ажыратуды, атауды үйрету; күн райының құбылмалы болатынын түсінуді үйрету. Балаларды әртүрлі табиғи құбылыстармен таныстыру: ашық, бұлтты, бұлыңғыр, желді. **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (сөйлеуді** | **Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына, басынан аяғына дейін зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, аумағында не өсіп тұрғанын анықтауды | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Танымдық әрекеттерін белсендіру; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету. **Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли "Көше тазалаушы".** Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым | **Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажыратуды бекіту. **Жұмбақ шешу.** Дауылға да, аязға да, Шыдап бағар міз бақпай. Тау етегі тұрағы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) қояды.<br>- Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер таспаны қатты үйрлеп желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға серіеннен кейін заттарды ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды жинау, себетке салу. | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзардағы гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға тиісті еңбек әрекеттерін орындауды | ұсынады.<br>**Көркемсөз.**<br>**С. Сейтхазин "Ағаш".**<br>Қала да орман, қыр да орман.<br>Сонау алыс жылдардан<br>Өзен бойы, жол бойы<br>Орман, орман ырғалған.<br>Қаптай өскен өңірді<br>Орман қандай өмірлі!<br>Нақтылау: қайсы ағаштар, бұталар, гүлдер.<br>**Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалып тұрған нысанға тигізуге | сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру.<br>**Еңбек әрекеті:** сәбилер тобының ойын алаңындағы гүлдерді суғару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сукұйғышқа, шелекке су толтыру дағдысын дамыту, суғару кезінде суды ұқыпты пайдалану, ұжымдық жұмысты мақтау.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | Жап–жасыл боп тұрады. (Қарағай.)<br>Қысы-жазы шешпейтін,<br>Көйлегі бар жасылдан.<br>Өзгертпейді еш кейпін,<br>Жаралғандай асылдан. (Шырша.)<br>Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілеріне қарап ажырататындарын сұрау.<br>Екі ағаш қылқандарының ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсыну.<br>Қылқан жапырақтылардың неге осылай аталатыны туралы сұрау.<br>Ағаштардың адам денсаулығына, табиғаттың жандануына жағымды ықпалы туралы баяндау.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңындағы табиғи |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл шапшаңдығын дамыту, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біреуінің артына орамалды тастап кетуге тиіс. Бала артына бұрылып қарап, орамалды қолына алып, орамал тастаған баланы қуып жетеді де, оған орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың | үйрету. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер ішінде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. | жаттықтыру, көру қабілетін дамыту. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне керекті бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруге жаттықтыру, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғылар" болады, "бұғы аулаушылар" рөліне бір-екі бала санамақ арқылы тағайындалады. "Бұғылар белгі бойынша алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, бәрін ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. **"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)** | материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау. **(еңбек дағдылары)** **Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қадыр Мырза Әли "Санамақ". Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! **"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету, бір-біріне соқтығыспауды үйрету, тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдау; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дербес әрекет:** еркін ойындар, далаға шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырады, қолдарын босатады, барлығы демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып кетіп, қайта қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол жылдамдыққа бейімдеуге болады.<br>Дербес ойындар: | Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еркін ойындар:** далаға шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қажет құрылыс нысандарын тұрғызуды үйрету (үй, қора және тағы басқа); ойында табиғи материалдарды қолдану (құм, су және тағы басқа). Ойын мазмұны мен тақырыбын кеңейтуді дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағына қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдап алады; қалғандары – "қойлар" болады. "Қойшының" көзін байлайды. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, дене шынықтыру)** | Тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін сақтауға жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** далаға шығарылған материалмен ойындар, топтық ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, допты алға, қолды бүкпей беру біліктіліктерін бекіту; бір-бірімен достық қарым-қатынасты дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, музыка, дене шынықтыру)** | далаға шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау дағдысын жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?"- деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..," - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды.<br>Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, олардан: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" - деп сұрайды. Ал "қой" оған: "Мә-мә-мә!" - деп дауысын шығарады.<br>"Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала тани алмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін арттыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойынға саналы түрде қосылуға ынтасын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Қол жуу ережелерін бекіту; жарыс ойындар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>**Көркемсөз**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аппақ бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Домала, доп, домала! (екі қолды айналдыру)<br>Балшыққа тек жолама. (сұқ саусақпен ескерту)<br>Жек көремін оныңды, (сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту)<br>Бүлдіресің қолыңды. (екі колының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру)<br>Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)<br>Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)<br>Қуса күшік жетпесін, (баяу жүгіру)<br>Мәшине басып кетпесін. (мәшиненің рулін айналдыру)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Таба нан".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Сарқытты тең бөлейік".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған | **«Үйдің есігін жабайық».**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын қалыптастыру.<br>"Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойын.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Бидай масағы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға "Масақ" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету.<br><br>**"Шарды ұста" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту.<br>Тәрбиеші ортаға көп шарды жайып тастайды. Ойын басталғанда (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды тәрбиешіге ұстап береді. Кім көп | "Бауырсақ қалай дайындалады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды кеңейту.<br><br>**«Зообаққа орналастыр».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттың көлеміне қарай салыстыруды, талдау жасауды үйрету.<br>Жабайы аңдар мен жануарлар, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар.<br>Ойын шарты: зообаққа | қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Нан қалай пайда болады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету.<br><br>***«Жеміс жинау».***<br>Дидактикалық мақсаты. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі мен пішініне және түстеріне қарай ажыратуды үйрету.<br>Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері.<br>Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері.<br>Тақтаға шақырылған бала жемістерді теріп, | байланысты болатынын түсіндіру.<br>Дамытушы жаттығу.<br>"Сарқытқа үш табақ."<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттарды түріне қарай топтастыруды үйрету.<br>**Дамытушылық жаттығу.**<br>**"Не өзгерді?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қабылдауын, зейіндерін, еске сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Алдымен, заттардың саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жетуі мүмкін. | Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын бидай алқабы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау жаттығуы.**<br>**"Дақылдарды таны және ата".**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шар жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын 10-15 секунд жалғасады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет, құрастыру)** | әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар піл мен түйені үлкен торға, қоян, тиін және тағы басқа кішкентай торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін айтады. Пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | үш себетке жинайды. Бірінші себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер жиналады. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы қосылып айтып салыстырады. Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады.<br>Мысалы: «Себетте қанша алма бар?<br>Себетте қанша алмұрт бар?<br>- Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен бір алмұрт алып қой. Осылайша, ойынды әрі қарай жалғастыр.<br>Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан қаншасы кем?<br>Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың | Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара | Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Бейбітшілік құсы - қарлығаш".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып алып, дұрыстап бүгу арқылы қарлығашты құрастыруды үйрету; қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту; "көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру; қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірінен ажыратуды; қолдың саусақ моторикаларын, эстетикалық талғамдары мен шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Анама бәліш пісіремін".<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бәліш жасауды үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырту. **(көркем әдебиет, құрастыру, математика негіздері, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** | қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа).<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажетті киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын | қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету. **(математика негіздері, сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке** | **«Мынау қай пішін?»** | **«Мақал мәтелдер».** | **Артикуляциялық** | **Кел, жазайық.** | **«Кім зейінді?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішінді қолмен сипап анықтау арқылы айту. Көрнекілік: картоннан жасалған геометриялық пішіндердің 5 түрі. Барысы: бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап көреді, заттың атын дауыстап атайды. **(математикаа негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **жаттығу.** «Кім, қалай дыбыстайды?» (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)<br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ... ... (қуанышты дауыспен).<br>- Ааа, аа, а, а, ааа ... ... (аянышты дауыспен).<br>- А, аа, аааа, а, ааа ... ... (таң қалған дауыспен).<br>1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. **(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында үлестірмелі геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші төмендегі геометриялық пішіндерден бейнелер құрайды. Жылдам орындаған балаларға мақтау айтылады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Ас атасы-нан" тақырыбында жеке әңгімелесулер. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Театрды сахналау**<br>"Үш торай" ертегісін алжапқыштармен сахналау. (көркем әдебиет)<br>**Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында "ас атасы - нан" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру. | «Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері». Сұрақ-жауап. | Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.10.2022.<br>24.10. -28.10.2022ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.10.2022 | 24.10.2022 | 25.10.2022 | 26.10.2022 | 27.10.2022 | 28.10.2022 |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру". | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Асханада кезекшілік атқару».** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін | | | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде | **"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстел жабдығындағы ретсіздікті көре білу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | | келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | орындау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Балаларға мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары | | | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі немесе қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бар суреттер. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бәрі сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>*(Халық ауыз әдебиетінен)*<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту және пысықтау; сәйкес заттың бейнесін табуды, дұрыс атауды, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын | | | суретін жылдам құрастырып, дұрыс атайса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты | карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырады, заттардың жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыз бен ұлдың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, | бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "Демалыс кезінде доп ойнай аласың, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)**<br><br>**Санамақты жатқа** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды бәрінен бұрын қойған бала жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: қос суреттер (бірдей), әртүрлі объектілер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | | | арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта.<br>(құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары көтеру)<br>Оңға ұшады ұмтылып. (екінші қолды оң жақтан төменнен жоғары көтеру)<br>Біресе төмен түседі, бұтаққа қонады, | сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шапқылайды, жүреді, жатады, желиді, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады, жыбырлайды.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығын қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, жортады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады.<br>Бүркіт - ұшады, қалықтайды, қонады, отырады, жүгіреді. | **айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Қадыр Мырза Әли "Санамақ".**<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық ...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде.<br>1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру.<br>3-4 бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде.<br>1- оң жаққа бір қадам жасау, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>2 - оңға иілу.<br>3- тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстау, төмен түсіріп тұру.<br>1-2- отыру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын кең ашып тұру, секірмежіп иықта.<br>1- денені оңға бұру.<br>2- бастапқы қалып қа оралу.<br>Бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдыра отырып, кішкене үзіліс жасау, екі аяқты ауыстыру, екі аяқпен бір орында секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығу.<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар, | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, көркем әдебиет)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Арайлы таң, армысың!<br>Шуақты күн, армысың!<br>Жан досым, саған сәлем берейін,<br>Аман-есен бармысың!<br><br>Жыл құстары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түссін даламыз.<br>Қайырлы таң, достарым!<br><br>Құстар түрлерімен таныстыру, әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем бердім досыма!<br>Аман болсын әрқашан!<br>Асығамын қашанда!<br>Жайдарлы мінезді апайыма.<br><br>Құстар туралы қызықты деректер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Үлкенге сіз дейміз!<br>Кішіге де сіз дейміз!<br>Бәрін, бәрін құрметтеп,<br>Бас иеміз біз.<br><br>Жыл құстарының түрлерін пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Саптарда кім бар?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету.<br>"Ұйқыдағы түлкі!" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. | | | . **Музыка**<br>"Көгершіндер әні".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: "Көңілді паровоз".** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден секіру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысын үйрету.<br>"Қоян" қимылды ойыны. | **Қазақ тілі**<br>"Үй құстары. Жыл құстары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру.<br>Драматизация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | Мақсат-міндеттері. Балаларға пьесаларды сын-сипатына қарай ажырата білуді үйрету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Қимылдарын қайталап көрсетуді үйрету. Еске сақтау, зейін, қимыл ептілігін дамыту | негізінде логоырғақ "Не қалай дыбыстайды?" Мақсат-міндеттері. Құстарды дыбыстарына қарай ажыратуды үйрету. Есту зейініне арналған жаттығу "Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Есту зейінін, еске сақтауды дамыту. Көру зейініне арналған жаттығу "Не бірінші? Не соңғы?" Мақсат-міндеттері. Көру зейінін, еске сақтауды дамыту. **(дене шынықтыру, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. | | | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайлы түсініктері мен білімдерін тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қысқы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару. Торғайдың сыртқы көрінісіне қарап, оның қоңыр, сұр, қара түстерді | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға ойын аланыңа немесе бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдатады да, оларды ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған құстардың | **Құстың ұшуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Құстардың әртүрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау. Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды. Қанаттарының көмегімен құстар бір орыннан екінші орынға, жерді баспай ұшып барады, аспанда қалықтайды. Құстардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Балалардың қолынан қорек іздеген тиіннің суреті бойынша әңгіме құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттауда, сол суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>«Мысық пен тышқан».<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы.<br>Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан мысық пен тышқанды белгілеп, | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Үлкен және кішкентай қарбыздар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету.<br><br>**«Дауысына қарай ажырат» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Күзгі орманның ғажайыптары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға түсініктер беру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өз ойын жоспарын құрдастарының жоспарларымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді өзгерту. Балаларды қоршаған ортадағы өмір туралы білімдерін ойындарда кеңінен қолдануға шақыру; диалог сөйлеуді дамыту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Кішкентай бағбан".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Күзгі ағаш".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Жемістер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?"**<br>Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, сын-сипатын байқауды және атауды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Бақшадағы мол өнім".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады. **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан кейін жаңбырдың қалай пайда болатынын | және жетілдіру.<br>- Балалар, мен сендерге әртүрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардың даусы екенін табасыңдар.<br>**(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**<br><br>**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. | **компонент. Құрастыру**<br>"Жолдағы серігің".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту.<br><br>**"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. | **"Көгөністі танып, атауын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: әртүрлі заттар мен | өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту.<br>**"Жемістер-жидектерді және көгөністерді топтастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні, түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету.<br><br>**"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау.<br>Педагог балаларға көгөністер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бейнеленген суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары. Суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар ұшқындары, бүршік ату, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. | - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.)<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.)<br>- Оларды қандай жалпылауыш сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.)<br>- Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін айтыс жариялайық.<br>- Қамшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек.<br>- Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады. Бастаймыз!<br>- Жақын - алыс.<br>- Үлкен - кішкентай.<br>- Ұзын - қысқа.<br>- Қорқақ - батыл.<br>- Зұлым - мейірімді (пантомима арқылы көмектесуге болады).<br>- Баяу - жылдам.<br>- Астында - үстінде. | ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады, дауыстап айтады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады.<br>Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Артында - алдында.<br>- Биік - аласа.<br>- қатты - жұмсақ<br>- Ауыр - жеңіл.<br>- Сол жақ - оң жақ.<br>Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ойнауды ұйымдастыруға болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Тәулік бөліктері».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атау, бір-бірінен ажырату дағдыларын жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балалар суретті кезек-кезек алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын (коммуникация).**<br>«Тіл туралы ертегі» - артикуляциялық гимнастика<br>Мақсат-міндеттері.<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын (таным, сенсорика).**<br>«Қуыршақтарға моншақтар алыңдар».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үлгі бойынша түс таңдау.<br>Материал: негізгі түстердегі қуыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Сиқырлы "- ң"әрпі"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "ң" дыбысын дұрыс айтуын қадағалау.<br>Балалар "ң" әрпі бар сөздерді айту қажет.<br>Мысалы: аң, таң, мұң, шаң, маң, маңай, маңдай, таңдай, сең, жең, мең, көң және тағы басқа.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Фотоаппарат».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе кез келген басқа суреттер.<br>Сипаттамасы: 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету.<br>Содан кейін оны алып тастаңыз және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыныңыз.<br>Егер балаға жауап беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қиын болса, оған сұрақ қойыңыз: қанша, қандай түс және тағы басқа. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Топырақты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың касиетінің әртүрлі болатынын көруді үйрету.<br>**Тақпақ.**<br>**Ескен Елубаев «Күзде».**<br>Қайтқан құсты көрдің | **Бірінші қатқақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру.<br>**Тақпақ.** | **Шалшық судағы мұз қабыршағын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Ауа температурасы төмендеген кезде су мұзға айналатынын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. | **Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға желдің соғып тұрғанын жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; | **Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойыны), киімін бақылауға; киім түрлерін, олардың атауларын атауға (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Қайтқан күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**Бақылау:** ауа райына байланысты топырақтың касиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды, тобарысып жатады; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады. | **Х. Тағаров «Алтын күз».**<br>Дәнге толып қызыл қырман,<br>Қырман басы қызыл думан.<br>Мөлдіретіп жүзімдерін,<br>Келді алтын күзім менің.<br>Молшылық күз – береке күз,<br>Береке күз – мереке күз.<br>**Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны).**<br>Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуыншыға жеткізбеуге | Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (Мұз.)<br>**Тәжірибе:**<br>«Шалшықты айналып өту».<br>**Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Зейінді, қимыл жылдамдығын жетілдіру.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа | зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, желдің бар не жоғын байқауға шақырады. Балалар желдің қатты соғып немесе баяу есіп тұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу | және тағы басқа); киім мен ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету.<br>Ересек балаларды мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын: «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.<br>**Еңбек:** ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту. | тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, бәрі ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай шапалақтайды да, | тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады.<br>Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер құрып жүріп, мына сөздерді айтады:<br>Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын | сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге мұқият қарап, далада желдің барын не жоғын анықтау. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам | **ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** ересек балалармен бірлесіп ойнау.<br>Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балаларды бастамашылдыққа ынталандыру.<br>Ойынға жауапкершілікпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "бояуды қуалап" кетеді.<br>Егер "бояу" қашып қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталп қалса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**Еңбек:** қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау.<br>Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру үшін дербестігін дамыту, белсенді болуға тәрбиелеу. | жоғары көтеріп, "тышқанға" ұяға жол ашып беріп жатады.<br>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**Еңбек:** ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау.<br>Тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Зырылдауықтармен ойын».<br>Балаларды ойынға | жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарсы бетіне тұрады. Алаңның ортасындағы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін ойыншы балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшып") | қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - балаға бір қолын тигізуді білдіреді.<br>Педагог алаңның шетінен балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды алдын ала сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталғанда "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саны саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттері бағаланады.<br>**"Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. **Еркін ойындар:** далаға шығарылған материалмен алаңда ойын ойнау, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсат-міндеттері. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Театрлық қойылымдар. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз әуенін тыңдау және жаттау. **(музыка)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Шағын дүкен".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Өнер бұрышында жемістер мен көгөністерді мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу. | Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **07.11-11.11.2022ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | **"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. | **"Күтушіге төсек салуға көмектесу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан клген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. |
| | **Үстел үсті ойындары.** | **Дидактикалық ойын.** | **Дидактикалық ойын.** | **Дидактикалық ойын.** | **Үстел үсті ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Көліктерді топтастыр".**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету;<br>Керекті құралдар: көліктер.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **«Домино».**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Көңілді қыстырғыштар".**<br>Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету.<br>**(шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **«Көліктер».**<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Мозаика».<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>**(танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты төкпей-шашпай жеу **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денеңе көп күш жина. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Көлік түрлерімен таныстыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс- | Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетін ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Пингвин сияқты секіру".<br>Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Музыка әуенінің ырғағына еріп, барлығы қатармен жүру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы | **Дене шынықтыру**<br>"Ойын шартын ұстанайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.<br>**"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуге дағдыландыру. **(дене шынықтыру)** | **Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>"Сан түрлі секіре аламыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету. **(дене шынықтыру)**<br>**"Ирелеңдеген соқпақ жол" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көздерін жұмып немесе орамал байлаған қалыпта кегли арасымен жүруге дағдыландыру. | **Қазақ тілі**<br>"Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>**Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу "Қане, көрсет".**<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету.<br>**"Көлеңке" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. «Көлеңке» әніне әндете жүріп, әртүрлі құстар мен аңдардың қимыл-қозғалысын келтіру.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Мәшине жүріп келеді, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл көрсету)<br>Пароход жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, қолды толқын тәрізді екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді. Қане, көрсетші. (екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту)<br>Катер жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, толқын тәрізді қолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | екі жаққа ирелеңдету)<br>Автобус жүріп келеді,<br>Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу)<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді** | **Автобустарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). | **Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету.<br>Жұмбақтар.<br>Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) | **Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету.<br>(сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине)<br>Жұмбақ. | **Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине және тағы басқа.<br>Балаларға суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен білдірейік. Жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі топқа | Жұмбақ.<br>Жүргіздім бұл үйімді,<br>Жүйткісе, жұрт сүйінді.<br>Бар жолмен жұртты тасып жүр<br>Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)<br>**Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып | Табанында жолы бар,<br>төбесінде қолы бар.<br>(Трамвай)<br>**Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындауды үйрету, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші: | Резеңке аяқты жануармын,<br>Барлық жолдарды кезіп өтемін,<br>Құрылыста іске жараймын,<br>Жұмыстан мен қорықпаймын.<br>(Мәшине)<br>**Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. | тәрбиелеу.<br>Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)**<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ересек балалармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлініп ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** аланды тастардан тазалау.<br>**(құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>тастарды арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Кейін тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам | қою. Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді.<br>**Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».**<br>Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | - Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасқан күйде жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна».**<br>Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен | **Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру.<br>**Өз бетімен ойындар:** әткеншек тебу.<br>Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету. | бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін ойнайтын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. | | бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларға ауызды жауып, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Бойыңа көп жина күш. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Дастарқандағы асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Асқабақ тиелген трактор".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**"Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жүк мәшинесі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету.<br><br>**Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.<br><br>**"Автобус" қимылды ойын.** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көлік жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлік түрлерін топтастыруды және | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көліктер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.<br><br>**"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүк көлігі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүк көлігінің үлгілерін қағаз бетіне орналастырып жапсыруды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Көлік жүк тасымалдауда".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Геометриялық пішіндерді түсі мен көлеміне қарай ажырату біліктерін дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Пішіндерді қайталау, | Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Керекті құрал-жабдықтар.**<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар | Балалар қатарға бір-бірден тұрады.<br>Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі, баяу қозғалады. Содан кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады.<br>Ойын тағы жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дамытушылық ойын.**<br>"Тыныс алуды реттеу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сан ырғағына сәйкес тыныс алуға жаттықтыру; балардың жүргенде дұрыс тыныстауын бекіту.<br>Барысы.<br>Педагог санау | атауын атауды дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру.<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары:<br>геометриялық пішіндер жинақтамалары, | балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент.**<br>**Математика негіздері**<br>"Аю циркте қандай өнер көрсетеді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа).<br>келісім.<br>Педагог құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының | бойынша үйретіп өткізеді. Кейін жиі немесе сирек тыныс алу жаттығуларын (терең тыныстау) ұйымдастыруға болады.<br>Тапсырманы орындау барысында белгілі сөздер мен өлеңдерді, әндерді айтқызып жаттықтыруға болады.<br>**(дербес әрекет, дене шынықтыру)** | шаршы пішінді парақтар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыстарын орындайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасуы; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.**<br>Мақсат-міндеттері. Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. "Затты сипаттамасынан таны".**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, ойлау қабілетін, | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесінен таны».**<br>Мақсат-міндеттері. Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосуды ұсынады. | **Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық".**<br>Мақсат-міндеттері. Қиял, талдау дағдыларын дамыту. Ойын материалы және | **Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылдамдығын дамытады. **(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | көрнекі құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған жеуге болатын кез келген (жеуге болмайтын) зат. Сипаттама: ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табу. **(сөйлеуді дамыту)** | қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген | **Автобустарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – | **Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы | **Жүк автокөлігін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы | **Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) айтқызу; түсін, бір-бірінен айырмашылықтарын табуға машықтандыру. **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, суретке | автобус туралы білімдерін кеңейту және терендету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікте өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус.) **Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша (жүргізуші ойыншыға қолын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып | біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус.) Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай.) **Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. **"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.** | туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратудыүйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) **Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе | (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. **Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)** Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарайық. Балалар, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды екі топтарға бөлініп ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>Тастар арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Сол тастарды бояп, қызықты құрылымдар жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай"** | жүгіреді) босатылған орынға тез отыруды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді.<br>**Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».**<br>Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауды үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындай білуге, мықтылыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші:<br>Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, орындарынан жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын | әрекет етуге (белгі бойынша арқанды және қарама-қарсы топтың балаларын өзіне тарту) үйрету.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту.<br>**Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** әткеншек тебу.<br>Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс ітеу үшін балалардың шағын топтар құруын қолдау; біріккен | өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру.<br>Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі-үш бала ұсталып | | келтіреді.<br>**Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауды үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастары тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна».** Ұялшақ және өзіне сенімсіз балалардың өзгелермен бірлесіп ойнауларына қолайлы жағдай жасау. | қызметтегі тәртіп ережелерін орындауды үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалғаннан кейін, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар шеңбер құрып тұра қалады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою керек.<br>Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін ожинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ойыншықтар туралы әндерді тыңдау. Аспаптармен таныстыру. **(музыка)**<br>**Театраландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Танымал ертегі мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишарамен түсінісу қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жадықтар.<br>Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері.<br>Барысы.<br>Педагог балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді.<br>Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес өз костюмдерін киіп, тиісті орындарына барады.<br>Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге қай бала, қай кейіпкердің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауларға ие болады.<br>Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Өнер бұрышында көлік түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Көлікке жол салу, гараж құрастыру. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу. | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу». | "Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Блбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **14.11-18.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау. | "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. | "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | "Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | "Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. |
| | **Заттармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Заттармен өз бетінше ойнауды, құрдастарын | **Дидактикалық ойын.** «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге | **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. | **"Қажетті киімді алыңыз".** Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді | **"Зымыранды жинайық".** Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойынға тартуды, әр баланың бастамасы мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | ұқсайтынын ажыратып айтуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Ойынның барысы: балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі. Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал: бала саны бойынша қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің кескіндері. Қысқы және жазғы пейзаж суреттері.<br>Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы мезгілдердің суретін кезекпен көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кию керек.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: зымыран бөлшектерін дұрыс таңдаңдар, бүктеңдер.<br>Ойын әрекеті: зымыранның жеке бөліктерінің қажетті орнын табу. Дизайнды тек сызба немесе үлгі бойынша орындау.<br>Дидактикалық материал: үлгілер, зымыранның сызбалары. Әр балаға дизайнер.<br>Ойын барысы. Балалар дизайнерден зымыранды үлгі бойынша жинайды.<br>Педагог балаларға бұл үлгі, зымыранның сызбасы екенін айтады.<br>- Біз сізбен бірге конструктор боламыз. Дизайнерлер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сызбаларын қарап, содан кейін зымыран жасайды. **(танымдық және шығармашылық, зияткерлік дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жабайы табиғат туралы пысықтау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді үйрету.<br>**"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бір | **Дене шынықтыру**<br>"Аңдардың жүрістеріне еліктейік".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету.<br>**"Ұстап ал" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіруге дағдыландыру. **(дене шынықтыру)** | **Музыка**<br>"Аңдардан нені үйренеміз?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуді үйрету.<br>**"Әнді орналастыру" музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдау арқылы | **Дене шынықтыру**<br>"Ойын жүргізуші".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында оңға және солға бұрылып секіруді; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3–4 рет) үйрету.<br>**"Ұстап ал" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіруге | **Қазақ тілі**<br>"Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының атауларымен таныстыру; "жылдам - баяу" қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді дағдыландыру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Музыкалық сағат".**<br>Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдау арқылы әннің атауын табу. | | әннің атауын табу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | дағдыландыру. | аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту.<br>**Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жабайы аңдар".**<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдардың көлеңкелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге.<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар.)<br>**Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру | **Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>**Экологиялық міндет:** өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту.<br>**Көркемсөз.**<br>М. Әлімбаев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен. | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>**Экологиялық міндет:** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп | **Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрену.<br>**Экологиялық міндет:** таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, | **Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру.<br>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын дамыту.<br>**"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.<br>Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.<br>**Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін күту».<br>Мақсат-міндеттері. | Бір кесегін үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.<br>**Табиғат құбылыстарын болжау.**<br>Ыстық жел соқса, жаңбыр жауады.<br>Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады.<br>Тәжірибе: топырақ салынған бар-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Қорытынды: топырақты қопсыту керек.<br>**Экологиялық ойын. "Өсіру".**<br>Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.<br>**"Кемпірқосақ"** | бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру.<br>Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл-гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды.<br>(Бұлт.)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** | теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейтінімізді айтыңыз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады.<br>**Көркемсөз (сөйлеуді дамыту)**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** | сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>**Экологиялық міндет:** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту.<br>**Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру. | **қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Еңбек:** гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.<br>**"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп қалады. Педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ойыншы балалар жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып | машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады:<br>Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасында тұрады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Балалар өз туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. | Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еңбек:** балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын. "Күн мен** | тұрған қу түлкі:"Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылуы керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**Еңбек:** аланды тазарту ұжымдық еңбегі.<br>Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту.<br>Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. | "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **жаңбыр". (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуалайжы, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі | | Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, арқамен теріс қарап жүгіру және тағы басқа)<br>Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | | шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).<br>Күрделенуі: 1) сызықтардан жылдам секіруге шақыру.<br>Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Балаларды ақырын сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркемсөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денене көп жина күш. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алманы тапқан қоян".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету;<br>"Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау;<br>қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбізді, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Түлкі деген қу болар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қағазды бүру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Хайуанаттар бағы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Қояндар отбасы қысқа дайындалады".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Мыршай".<br>Мақсат-міндеттері. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Батпан құйрық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жануарлардың дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру.<br><br>**Сюжеттік ойыншықтармен ойындар:**<br>Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа.<br>Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын. "Аңшылар мен қояндар".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету.<br>Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде | **Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнасшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру; цирк әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, | аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға | Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>**"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын.** "Табиғи қорық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы | мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аю бауырсақпен кездесті".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Ненің басы , ненің құйрығы?".**<br>Мақсат-міндеттері. Суреттен жабайы жануарларды тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс істейтін әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).<br>Барысы.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс істейтін әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары | арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім | түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. | "Зәулім сарай".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br><br>**Дидактикалық ойын. «Берілген дыбысқа келетін сөзді ата».**<br>Шарты: ойынды педагог бастап, балаларға бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс істейтін әртістерге: сайқымазақтар, гимнасшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға болып бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас итіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мақтайтынын айтып | үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін қызметкерлердің қандай қызмет атқаратынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық | айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: шырша - алма - апорт - трактор - .... **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қою қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **танысу)** | аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын. «Артығын тап».** Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, | **«Суреттерді орналастыр».** Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, | **«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».** Мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу | **«Жоғарыда, төменде».** Мақсат-міндеттері. Жоғары – төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейінді, қиялды дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары. Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап | **«Оң және сол».** Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мұнда қар артық, қар қыста ғана болады. | әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанға, әр жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады. | арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. | үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді. | қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез | **Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын | **Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру. | **Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>"Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. | **Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауыы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге.<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар.)<br>**Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат | дамытуды жалғастыру.<br>**Экологиялық міндет:** өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту.<br>**Көркемсөз**<br>М. Әлімбаев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегңн үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.<br>**Табиғат құбылыстарын болжау.**<br>Ыстық жел соқса, аспаннан жаңбыр жауады.<br>Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады. | **Экологиялық міндет:** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз.<br>Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз.<br>**Көркем сөз** | Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, | Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>**Экологиялық міндет:** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін күту». Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс | Тәжірибе: топырақ салынған бір-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. Қорытынды: топырақты қопсыту керек. **Экологиялық ойын. "Өсіру".** Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. **"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру. **Еңбек:** гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау). Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу | Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды.<br>(Бұлт)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге | оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау.<br>**Көркем сөз (сөйлеуді дамыту)**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу. | Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүрту.<br>**Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру. | жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.<br>**"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады.<br>Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады.<br>Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ | дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды | Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. | бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады:<br>Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Балалар туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. | меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. **Еңбек:** балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Еркін ойын: "Күн мен жаңбыр". (танымдық дағдылар)** Мақсат-міндеттер: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін | **Еңбек:** алаңды тазарту. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. **Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, тек артпен жүгіру, т.б.) Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | | **Еңбек:** гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Хайуанаттар бағы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Арт-терапия өткізу. **(сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру. | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | "Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **21.11-25.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі іс-әрекеті балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында ретсіздікті көре білу. | **"Төсектерді салуға күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмек көрсетуге ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа ниеттенуді, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті сақтауды, ұжымда бірігіп еңбек етуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тәрбиелеу. | |
| | **"Суретті жина".**<br>Дидактикалық тапсырма. "Дана және оның достары!»<br>Ойын ережелері: конвертті таңдап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды.<br>Ойын әрекеті: бөлшектерді іздеу, болжау.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын. «Не артық?»**<br>Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Арасынан артығын тауып, оларды атау ұсынылады.<br>Балалар жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөністерге жатады, қалғаны жемістерге жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Бір дегенің - білеу,<br>Екі дегенің - егеу,<br>Үш дегенің - үскі,<br>Төрт дегенің - төсек,<br>Бес дегенің - бесік,<br>Алты дегенің - асық,<br>Жеті дегенің - желке,<br>Сегіз дегенің - серке,<br>Тоғыз дегенің - торқа,<br>Он дегенің - оймақ,<br>Он бір - қара жұмбақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Еркін ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.2. Қолды алға көтеру.<br>1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау.<br>1.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде.<br>2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.2. Оңға, солға иілу.<br>2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.<br>2.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Аяқтың ұшына көтерілу.<br>3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату.<br>3.2. Содан кейін ұшымен топылдату.<br>3.3. Бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. **(сөйлеуді дамыту)** | Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Ертегілерді сахналайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Сахналаудың түрін таңдап, ертегіні сахналайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Арқан астынан еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен | **Дене шынықтыру**<br>"Қимылдарды қалай танимыз?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы | **Музыка**<br>"Қоңыраулар сыңғыры".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын | **Дене шынықтыру**<br>"Иілгіш боламыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету.<br>**Тыныс алу жаттығуы.** | **Қазақ тілі**<br>"Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай".<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету. **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіруді үйрету. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка** "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те | өрмелеуді үйрету. | арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету. **«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. **(музыка)** | "Балапандар" жаттығулары: аяқты сәл алшақ қойып алға қарай еңкею, "қанаттарын" артқа апару. Кішкене адыммен жүгіріп, "шип-шип-шип" деу. (20-30 секунд). **(дене шынықтыру)** | "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)** **Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу. «Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау. **«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. **(музыка)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, | **Жапырақтың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету. | **Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>**Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру.<br>**Қорытынды.** Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. Балаларға түрлі | Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.<br>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?<br>- Жапырақтар жел соққанда жерге ағаштан үзіліп, ауада қалықтап барып, жерге баяу түседі.<br>- Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі.<br>Қоңыр күз, қоңыр күз.<br>Жапырақтары желге | шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.<br>**Көркемсөз.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>**Тәжірибе.** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)**<br>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді | (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**"Ұядағы құстар"** | төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.<br>**"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әділ ойнауға баулу; бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ неән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін, таңбалауыштарды қайта тарату керек.<br>**Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)**<br>Желбезекті қолға алып жарысу. Кім мәрегебірінші болып жетеді, сол бала жеңімпаз болады.<br>**Еңбек:** тәрбиешіге көмек.<br>Үлкендерге қызмет | ұшады және баяу ұшады, өйткені олар жеңіл.<br>- Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?<br>- Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды?<br>- Күз келгенде олар қалай өзгерді? Қайың жапырақтарының түсі қандай? (Алтын сары.)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші | үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Айна» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу керек. Жүргізушінің | **қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Санамақ арқылы жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты. Балалардың ішінен біреуін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны | немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, кімнің көп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Желбезекпен ойын». Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | белгі бойынша балалар жаңбырдан кейінгі шалшықты баспау үшін, биік жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұрулары тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктерін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға** | рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады.<br>**Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.** Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).<br>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау. | "аққу-қаздар" болады. "Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың біреуі ойынды жүргізулері мүмкін.<br>Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:<br>- Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға!)<br>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)<br>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)<br>Құсшы:<br>- Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап жетіңдер!<br>Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді!<br>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі.<br>Сөйтіп, аққу-қаздар | балық ұстағанын анықтайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>**Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Өз бетімен ойындар.** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | азайып біткенше ойын жалғасады.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу.<br>Балалардға ересектерге көмектесуді үйрету. Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Доппен ойын.<br>Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | "Алтын балық" ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу,** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру)<br>Балшыққа тек жолама (сұқ саусақпен ескерту жасау)<br>Жек көремін оныңды (сұқ саусақты оң және сол жаққа қозғау)<br>Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру)<br>Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)<br>Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)<br>Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру)<br>Мәшине басып кетпесін (мәшиненің рулін айналдыру) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту.<br>**Көркемсөз**<br>Қолды жусақ әрқашан,<br>Ауырмайды ішіміз.<br>Тазалықты сақтасақ,<br>Ауырмаймыз ешқашан.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып әлемінің шамдары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Ағаштарды қар басты".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер күтімі".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру.<br>Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".<br><br>**Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет.<br>Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті** | шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласыңдар. Сәулелеріңді шашып, Жарқырап жайнайсыңдар. Жанып-сөніп, Жанып-сөніп Жарқырап жанасыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Вагондарға дөңгелек таңдау».**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: | басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Алтын құс".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, | пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау.<br>**Дамытушы ойын. "Ғажайыптар көлігін жөндейік."**<br>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпірқосақ** | тануды үйрету.<br>**"Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға допты кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **компонент.**<br>**Математика негіздері**<br>"Еркежан әже қонаққа келді".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда -төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әртүрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру. | балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Кім (не) алғашында не немесе кім болды?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойлауды дамыту, сөздікті кеңейту, істің соңын бекіту.<br>Қозғалыс: педагог балалардың кез келгеніне допты лақтырады, затты немесе жануарды атайды, бала педагогке допты қайтарғанда аталған заттың кім (не) екені туралы сұраққа жауап береді:.<br>Тауық - жұмыртқа.<br>Нан - ұн.<br>Жылқы - құлын.<br>Шкаф - тақтай. | **түстерін тап".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | айту керек.<br>Сиыр мөңірейді. (Мө - мө)<br>Жолбарыс ақырады. (Ырр-ырр)<br>Жылан ысылдайды. (Ысс-ысс)<br>Маса ызыңдайды. (Ызз-ызз)<br>Ит үреді. (Ап-ап)<br>Қасқыр ұлиды. (Уу-уу)<br>Мысық мияулайды. (Мияу-мияу)<br>Шошқа қорсылдайды. (Қорс-қорс)<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сиыр - бұзау.<br>Велосипед - темір.<br>Көйлек - мата.<br>Балық - жұмыртқа.<br>Етік - тері.<br>Алма ағашы - тұқым.<br>Үй - кірпіш.<br>Күшті - әлсіз.<br>Көбелек - құрт.<br>Ересек - бала. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт».**<br>Педагог:<br>- Балалар, «Қыс» деген сөздегі соңғы «-с» дыбысын алып тастап, орнына «-з» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады?<br>Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады. | **Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп».**<br>Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер.<br>Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын | **"Айырмашылықтарды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар.<br>Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші | **Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары.<br>Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның атыауын айтады. | **"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер.<br>Сипаттама: сызықтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Жас- ... (жаз).<br>- Қас- ... (қаз).<br>- Түс- ... (түз).<br>Қыз, қыр<br>Жаз, жақ<br>Қаз, қар<br>Тұз, тас<br>**(сөйлеуді дамыту)** | анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бақылау | **Жапырақтың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күздің ерекшеліктері | **Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық | **Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аула сыпырушының | **Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алдымен, күзгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаш жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>**Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру.<br>**Қорытынды.** Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету білігін дамыту, ойын ережесін | туралы ойын толық жеткізуді, сұраққа толық жауап беруді үйрету.<br>Бақылау барысы: күз мезгілінің келгені, ағаштардан жапырақтары сарғайып жерге түсуінен байқауға болатынын айту. Жапырақтар жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екенін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.<br>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?<br>- Жел соққанда жапырақтар ағаштан үзіліп, ауада қалықтап, баяу жерге түседі. Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі.<br>Қоңыр күз, қоңыр күз. | суларға аудару.<br>Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.<br>Көркемсөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)**<br>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, | еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.<br>Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. | өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Балаларға ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.<br>**Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нақты орындауға дағдыландыру.<br>Балаларға әртүрлі таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына сай жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ немесе ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін таңбалауыштарды қайта тарату керек.<br>**Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)**<br>Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол бала жеңімпаз болады. | Жапырақтар желге баяу ұшады, жапырақтар жеп-жеңіл. Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?<br>- Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды?<br>- Күздің келуімен олар қалай өзгерді? Қайыңның жапырақтары қандай түсті? (Алтын сары.)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. | бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Айна» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл | **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Доппен ойын.<br>Әр балаға доппен ойнауға мүмкіндік беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін ояту. | баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>«Сүйікті ойыншықтармен ойнау».<br>Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** тәрбиешіге көмек.<br>Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойын ойнау.** «Желбезекпен ойын».<br>Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс жасау біліктілігін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. | жеткізуге тырысу керек. Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады.<br>**Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар.**<br>Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).<br>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Көлеңкелі театрды сахналау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тығырықтан шығуға үйретеді.<br>Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балаларды айнала ақырын жүреді, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білген бала орнынан жылдам тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тжылдам тұрып үлгірген балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала жеңімпаз болады.<br>Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Балалар тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек. Итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу. | Баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу. | "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | "Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу. | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11.2022 - 02.12.2022.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | 28.11.2022 | 29.11.2022 | 30.11.2022 | 01.12.2022 | 02.12.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | | | | |
| **Серуен** | **Қардың терендігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)**<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, | **Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау:** қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру.<br>Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну.<br>Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады.<br>Табиғаттың әртүрлі | **Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын:** | **Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал.<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>Ырым.<br>Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.<br>Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>**Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек іс-әрекеті)** Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. **Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру)** Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. **Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. **(еңбек іс-әрекеті)** | **«Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының | шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу. **Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. **Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. **Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Өз бетімен ойындар:** балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Біртe-біртe тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Қайық жаттығуы; (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аяз атаның қабы". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. "Аяз" ойыны. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұстастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық** "Жылы бөкебай". Мақсат-міндеттер. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Хан мен құмырсқалар". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру. "Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Шырша ойыншықтарымен танысу". Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жасыл шырша". Мақсат-міндеттер. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой | **Жапсырудан ойын-жаттығулар.** "Аққала үлкен болғысы келеді". Мақсат-міндеттер. Балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту.<br><br>**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін кеңейту; бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтері жөнінде түсініктерін пысықтау; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(шығармашылық дағдылар)** | белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту.<br>"Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны. | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саусақтарым, ойыншықтарым (Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету)<br>Ойнап-ойнап қалады, (Саусақтармен кезектеп жыбырлау)<br>Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу)<br>Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму)<br>- Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету)<br>Қане, тұр түзу сапқа! (Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау)<br>Ойнап болдық, тамаша! (Шапалақтау)<br>Іс жасайық жаңаша! (Сұқ саусақты бұлғау) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Кірпі".**<br>Момақанмын алайда | **Жұмбақтар, жаңылтпаштар**<br>Мақсат-міндеттер. | **"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.** | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.** | **"Жаңылтпаштар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **(сөйлеуді дамыту)** | Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?" | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар". | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | «Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.12-30.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.2022 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. **(еңбек дағдылары)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, | **Санамақтар.** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, | **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, | **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу. **(сурет салу)** | көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. **(математика негіздері)** | Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. **(сөйлеуді дамыту)** | қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Жасыл шырша туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жаңа жылдық мәнерлеп тақпақтар айтайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұзындыққа секіру".<br>Мақсат-міндеттер: 40 | **Дене шынықтыру**<br>"Қысқы ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: | **Музыка**<br>"Аққаламен достасайық" | **Дене шынықтыру**<br>"Қысқы эстафеталар".<br>Мақсат-міндеттер: | **Қазақ тілі**<br>"Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге (6-8 рет) дағдыландыру; алдындағы допты баспен итеріп, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту және допты жоғары лақтыруға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Дала аппақ".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. | балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету. | Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау. | балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету. | ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке.". Мақсат-міндеттер. Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | арттыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардағы іздерді бақылай білу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>Жұмбақ.<br>Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>**Бақылау:** қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан-жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр | **Өзенді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Туған жердің белбеуі,<br>Шұбатылып қалыпты.<br>Керемет-ау кернеуі,<br>Тасты тесіп, жарыпты. (өзен)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Бұлт өзеннен су алса ғана жауады.<br>**Бақылау:** қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. Бірінші көлдің жиегінде мұз пайда болады, ол жұқа, тез ерігіш; содан толығымен қалың мұз басады; көлдегі мұз үстімен адамдар жүреді, балалар коньки тебеді; мұздың үстін | **Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Күн мұңайып тұр бүгін,<br>Қыс ызғары келеді.<br>Жұмбақтар.<br>Жаңа жыл күні<br>Төрінде тұрар.<br>Басқа күні<br>Өскен жерінде тұрар. (шырша)<br>**Бақылау:** қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір- | **Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.<br>**Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** | **Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту.<br>**Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілін дамыту. **Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек:** орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, | қар басады, мұз астында балықтарға өте қараңғы, олар аз қозғалады. Кейбір жерлерде ойылған ойықтарды көруге болады, ол жерлерде балықшылар отырады. Судың астында ауа аз, балықтар ойықтың үстіне шығып дем аламын деп балықшының қармағына түсіп қалады. Балаларға өздерінің көргендерін ашып, толық көлемде айтуларын талап ету. **Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».** Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын | бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша - үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай - қылқан жапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты жеткізу. **Қимылды ойын. «Қақпа».** Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. **Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты | **тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға | Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достық, ұжымдық түсіністік болуын қадағалау). | ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту.<br>**Еңбек.**<br>«Қар ойыны.<br>Қар туралы білімдерін бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату; табиғи материалдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру<br>**Өз бетімен ойындар:** ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, бір-біріне көмек көрсету, қиындықтан шыға алуға талпындыру. | жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу. | 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығы еститіндей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды, басқалары оны алдап- | **әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу.<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қос қолғап".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қыс қызығы аққала".<br>Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ аю".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы | **Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Қыс қызығы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Сырғанақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету. | екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету.<br><br>**"Мысық пен тышқандар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып | үйрету.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Қыстың жуан және жіңішке жолақтары".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері.<br>Тәрбиеші балаларды | түсініктерін кеңейту.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Жылқы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету.<br><br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа | жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту.<br><br>**«Тақия тастамақ» қимылды ойын.**<br>Ойынның мақсат-міндеттер.<br>Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>- Тыныштлыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Мысықты сомдайтын бала өз рөлін атқарады, "тышқандарды қуалайды".<br>**(дене шынықтыру)** | екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. | тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Үшінші артық**<br>Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1) Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші, бес пысық.<br>2) Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім.<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3) Ұшып кетті үш құс, | **Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру.<br>Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын | **Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін анықтауы керек.<br>- Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Ұшып келді ұшқыш.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | ояту.<br>**(көркем әдебиет)** | қабілетін дамыту.<br>Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | **әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс. | «Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Арлас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **04.01-06.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | 04.01.2023. | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне ұқыпты қарау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбектенуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)**<br><br>**Құрылыс ойыны "Зәулім ғимарат".** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(құрастыру)**<br><br>**«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай | **Үстел үсті ойыны "Лото".** Жалғасын тап. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Дидактикалық ойын.** «Сипаттамасы бойынша тап». Ойынның мақсат-міндеттер: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншық жануарлар мен құстар. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойыншылардың біреуі бөлмеден шығып | **Үстел үсті ойыны.** «Көңілді құрылыс». Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту**.** **(құрастыру)**<br><br>**"Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қайталау керек.<br>**(дене шынықтыру)** | кетеді, басқа ойыншылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**«Үй құрылысының ретін көрсет».**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрастыруды ұсыну.<br>**(құрастыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау.<br>Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Көңілді ойындар ойнап, аққала жасайық. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Дала аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр тынбастан.<br>Қалың орман, қар | **Бұлт пен тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау, | **Қар тазалайтын машинаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ол бензинді сүтше ішеді,<br>Тез арада сыпыра алады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау:** ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>**Қимылды ойын. «Мұзды аулаға кіргіз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>Жұмбақта.<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген. (бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын. (тұман)<br>**Бақылау:** қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бірінші болу». (дене шынықтыру)**<br>Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін | Қарды жолдан тазартып,<br>Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек түбі –береке.<br>Көптің түбі –мереке.<br>**Бақылау:** адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина). **(еңбек дағдылары)** Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету. | көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады.<br>**Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру» (қалмақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін). Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Судың қасиетін бекіту:** ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; берілген тапсырманы өздері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Жаяу борасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Боран гулеп соғады,<br>Қайсар қалай тоңады?<br>Мақта, мейлі.<br>Айналаны орады.<br>Аяғында саптама,<br>Мақтама.<br>Баста тымақ,<br>Өзіңе дәл, шақ қана.<br>Қайсар бейне атамдай,<br>Үсте тон.<br>Қолда қамшы, астында ат.<br>Қой қайырған шопандай. | **Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Болжау.<br>Аязды күні қар жауса – күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар | **"Көшені бақылау". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(жол инспекторы)<br>**Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау:** жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту. **Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата». (дене шынықтыру)** Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту (киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** «Төбешікке су құю». | (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. **Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. **Өз бетімен ойындар.** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын | қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. | үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. **(еңбек дағдылары)** Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол | орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, банк, пошта, колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Қимылды ойын. «Бірінші бол». (дене шынықтыру)** Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оң жаққа, басқасы сол жаққа қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Судың қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау. Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | көтермелеу. | **Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | орындауға үйрету. **Еңбек.** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б..). Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рольдерін біліп, 2-3 рольде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде рольдік ойын ережесін білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Алдар көсе мен Шық бермес Шығайбай» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Аңдардың іздерін зерттейік".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" ұғымдарын жетілдіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Дәріхана".<br>Мақсат-міндеттер: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; жабайы аңдардың бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; "көз қорқақ" фразеологизмінің мағынасын түсіндіру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Аю мен қасқыр".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқырды және аюды құрастыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Апандағы аю".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Апандағы аю" картинасының мазмұнымен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жабайы жануарларға қамқорлық".<br>Мақсат-міндеттер: қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қонжықтың достары".<br>Мақсат-міндеттер: аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Театраландырылған қойылым.** "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттер: танымал ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жадықтар. Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері. Барысы. Педагог алдын-ала балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді. Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес костюмдарын киіп, | білімдерін кеңейту: фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир-сатушы оларды сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасау үшін қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, балалардың сөздік қорын кеңейтеді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Ветеринарлық емхана". Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар. | таныстыру; мәтіні қысқа картинаны бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Театр". Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал- | біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындарына барады. Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар , көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды. **(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған** | | Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен | жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек | Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу)** | | құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . | қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Театрды сахналау.** «Күшік пен мысық» ертегісін сахналау. Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және үй жануарларын қорғай білуге үйрету. **(көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын.** «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы. Педагог балалардың | **"Ненің құйрығы?"** Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда | **Шешуін тап та, ата!** Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Содан соң осы суреттерді кез келген реттілікпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) көрсетемін, сол көңіл-күйлерді (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдер! Педагог еденге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) жайып береді.<br>Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме?<br>"Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** | фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Әндерді қайталау, жаттау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама. | «Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту. | «Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике) | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01-27.01.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және | **Ойыншықтар және тәртіп.** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекке | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп»** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | баулу, тәртіпсіздікті байқауды; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда ынтымақта еңбек етуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Үстел үсті ойыны «Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету. **(танымдық дағды)** | **Санамақ.** Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Театрландырылған қойылым "Аққу-каздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. **(танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. **(қоршаған ортамен танысу)** | монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Құстар туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы әндер жаттау.<br>(музыка) |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Құстардай қайраттымыз".<br>Мақсат-міндеттер: ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала | **Дене шынықтыру**<br>"Жылдам және епті құстар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар | **Музыка**<br>"Тауықтар" биі<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және | **Дене шынықтыру**<br>"Қамқоршылар тобы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға | **Қазақ тілі**<br>"Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең."<br>Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Құстар әні".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру. | арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету | айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды | үйрету. | туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); заттардың санын анықтайтын «артық» ,«кем», «тең» түсініктерін бекіту. Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр, шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. | | ,«кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Қыстайтын құстарға қамқор болуға, мейірімділікке, байқампаздыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Қар басуын бақылау<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>Болжау.<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру.<br>Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы | Ауа райын бақылау.<br>Жаңылтпаш.<br>Қыс қыспаса, қыс па,<br>Құс ұшпаса, құс па?<br>Өлең.<br>«Қыс» О. Иманәлиев.<br>Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді.<br>Шұнақ аяз шымшылап,<br>Ақ бетіңнен сүйеді.<br>Бақылау: балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. | Торғайларды бақылау<br>Мақсаты: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны. | Қар үстіндегі іздерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың<br>ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыштық, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br>Қар үстіндегі іздерге | Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.<br>Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br>Қимылды ойын. «Қармен ойнау». Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>Еңбек: күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>Өз бетімен ойындар. Тыныш,қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | Қимылды ойын: «Кеглiнi құлат». Кеглiнi құлата отырып, клюшканың көмегiмен нысанаға шайбаны лақтыра бiлудi бекiту. Белсендiлiкке тәрбиелеу.<br>Еңбек.<br>Демалыс орнын қардан тазарту.<br>Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | «Нысанаға тигіз». Мақсаты: ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>Еңбек.<br>Топтың ойын ауласын қоқыстардан тазарту. Мақсаты: балаларды еңбекке баулу.<br>Серуеннен оралу. Балаларды киімдерін ретпен киініп-шешінулерін қадағалау, дербес ойын әрекеті .<br>Түскі ас.<br>Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке-жұмыс; әдеп ережесі. Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай орнату.<br>Біртіндеп ұйқыдан ояту. Ұйқыдан оянған соң беті-қолдарын жуу шараларын қадағалау. | назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>Көркем сөз:<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>(Абай)<br>Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.<br>Мақсаты: қыстайтын құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян».<br>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.<br>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен | қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>Көркем сөз.<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>Қимылды ойын. «Ортаға түспек».<br>Мақсаты: тез жүгіруге, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>Ойын-жаттығу:<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Бесін ас.<br>Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс<br>Ойындар, дербес әрекет. | шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>Мақал.<br>Жем берсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. | секіруге, ептілікке үйрету.<br>Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>Мақал.<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>Жұмбақ.<br>Қолы жоқ, сурет салады<br>Тісі жоқ, тістеп алады.<br>(Аяз) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Қорыққанға қос көрінеді» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықты**ру) | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жемшашар" тақпағын жаттау.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркем сөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау.<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Суретшінің қатесін | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сары шымшық".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Дорбадағы құмалақтар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды тура және кері санау туралы ұғымдарын қалыптастыру, көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы, екі заттардың сандарын тең ету амалдары туралы білімдерін тиянақтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бұлбұл мен тоқылдақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Бұлбұл мен тоқылдақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Цирк".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түсінігінде | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аялайық құстарды".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстар тіршілігі жайлы балалардың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жайлы түсініктерін пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарын арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай | "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б). келісім. Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк | **Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы | циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар | балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, ауладағы ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзенге мұз қатпайды, өйткені жазда күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну | жұмыс істейтіні туралы балалармен алдын ала әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді | мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | керек. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жүреді, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, қазақ тілі)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.** | **Жеке жұмыс.** Қыс келгенде, торғайым, Үй алдына қон дәйім. | Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін ретімен | **"Бұл ұяда не тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: | **Дидактикалық ойын. «Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. Шарты. Педагогтің ауызша сипаттамасы бойынша суреттер тізбегінің арасынан сәйкес келетін табиғат құбылысының суретін табу. | Ойна, жүгір, желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсат-міндеттер: тақпақты жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. **(көркем әдебиет)** | атау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жағдаятты шешу:** ""Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсең не істейсің?"". Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту." **(қоршаған ортамен танысу)** | балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Барысы. Тәрбиеші ұядағы құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, құстарға сипаттама береді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ажырата алу қабілеттерін дамыту. Шарты: тақтаға төрт мезгілдің суретін іледі. Әр мезгілге байланысты әңгіме құрастырып айтады, қай жыл мезгілі екендігін жасырады. Қалған балалар қай жыл мезгілі екенін тауып айтады. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. **(музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | «Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?» | «Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?» сауалнама. | Ата-аналар жиналысы. Тақырып: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01-03.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың жеке басының гигиенасы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғады сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғал ды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Тіл ұстарту жаттығулары.** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор | Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, | **"Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қыстайтын | Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ро-ро-ро-рома ру-ру-ру-қару<br>ар-ар-ар-қар ур-ур-ур-ура<br><br>Р- дыбысын буында, сөзде қайталаймыз:<br>Ра-ра-ра- қозыға жақсы қара.<br>Ры-ры-ры- жинап алдым тары.<br>Ар-ар-ар- далада қалың қар.<br>Ыр-ыр-ыр- жаттап алдым жыр.<br>Ра-ра-ра- Айжан шашыңды тара.<br>Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр.<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара.<br>Мір-мір-мір-қап- қара көмір.<br>Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады?<br>Тр-тр-тр.<br>Мысық қалай дыбыстайды?<br>Мр-мр-мр.<br>Қарға қалай қарқылдайды?<br>Қаррр-қаррр-қаррр.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Р. Тышқанбаевтың «Қыс» өлеңін оқу.**<br>Педагог өлең оқи бастайды:<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді етекке қыс, міне.<br>Ақ қарлар ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне.<br>Боран соғып бірде өкпек,<br>Үйге айдады «кір» деп тек.<br>Мұз көрпеге оранды,<br>Сулар тоңып дірдектеп.<br>Аулаға қар үйгізді,<br>Бетті аязға сүйгізді.<br>Тоңбасын деп теректер,<br>Қырау ішік кигізді.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | аңдар арасынан ұйқыға бататындарды ажыратып, аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>Шарты: аңдардың суреттеріне қарап арасынан қысқы ұйқыға бататындардың суреттерін бөліп алу.<br>Таңдауларының себебін түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, | сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**(математика негіздері)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**(жапсыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таякша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Мәдени-гигеналық дағдылар.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досыңдай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Қайырлы таң».<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен, ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!» - тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Амансың ба, алтын күн!»<br>Амансың ба, алтын күн!<br>Амансың ба, атқан таң!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Жарты шеңбер құрып отырып, барлығы бірге айтады және бірігіп жасайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Табиғатпен үндестік»<br>Шөліркемей гүл тұрсын!<br>Жерім жайнап құлпырсын!<br>Нұрын сыйлап біздерге<br>Көкте мәңгі гүл тұрсын!<br>Нұр сыйлаған күн ыстық<br>Ыстық бізге кең өлке<br>Ыстық бізге тыныштық!<br>Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып өлең жолдарын бірге<br>айтады.<br>Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Табиғатпен үндестік»<br>Шөліркемей гүл тұрсын!<br>Жерім жайнап құлпырсын!<br>Нұрын сыйлап біздерге<br>Көкте мәңгі гүл тұрсын!<br>Нұр сыйлаған күн ыстық<br>Ыстық бізге кең өлке<br>Ыстық бізге тыныштық!<br>Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты екі қолымен лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, | **Дене шынықтыру**<br>"Доппен жаттығулар түрлері".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табанның ішкі жағымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүгіруге; | **Музыка**<br>"Мысықтың жасырған құпиялары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын | **Дене шынықтыру**<br>"Доппен ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұруға; допты екі қолымен басынан асыра | **Қазақ тілі**<br>"Жиһаздар. Балықты бақылау."<br>Мақсат-міндеттер. Жиһаз түрлері, қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгі беруі бойынша 1,5 мин қалыпты жағдайда жүгіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Мысығым".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру. | көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету. | түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру. | лақтыруға үйрету. | «жайлылық» сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету. Еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; айналасындағы заттарға қызығушылықтарын арттыру. Көру және тәжірибені қортындылау арқылы заттарды сәйкестендіру, жіктеу барысында (киімдер мен ыдыстар) логикалық шешім табуға үйрету; ұйымшылдыққа, зейінділікке, үлкендер мен жақындарына деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | **Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,** | **Қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Терезедегі өрнектерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: желдің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.<br>*Көркем сөз:*<br>Тазалашы мұз болған,<br>Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>**Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға | Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды, сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнектің шынысына, ағаштың бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашық кезінде пайда болады.<br>*Көркем сөз.*<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** тәжірибе | Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету.<br>Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар:<br>1) Мұз қандай болады?<br>2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты.<br>3) Мұз қалай пайда болады?<br>4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?<br>5) Олар қайдан пайда болады?<br>6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.<br>Мұзафар Әлімбаев.<br>**Қимылды ойын:** | Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған көңілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>*Көркем сөз.*<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр қалып.<br>**Қимылды ойын. «Айлакер түлкі». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.<br>**Жорамал:** қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>Жұмбақ. | бағытын анықтау.<br>Сұрақтар:<br>1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?<br>- үй мұржаларынан шыққан түтінінен<br>- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.<br>**Қимылды ойын. «Өткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>**Еңбек:** аланды көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.<br>Мақсат-міндеттер: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру.<br>**Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**Жеке жұмыс. (көркем әдебиет)**<br>«Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.<br>Жұмбақ.<br>Құм сияқты ұсақ болғанымен,<br>жер бетін жауып үлгереді. (қар)<br>**Еркін ойындар.**<br>Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. | жасау: мұз, бу, су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>Жорамал.<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>Жұмбақ.<br>Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады<br>**Еркін ойындар.**<br>Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. | **«Қоянның үйшігі». (дене шынықтыру)**<br>Үйсіз қалған қоян.<br>Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату.<br>Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**Еркін ойындар.**<br>Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. | Отта жанбайды<br>Суда батпайды.<br>(Мұз)<br>**Еркін ойындар.**<br>Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. | көшіру.<br>**Жеке жұмыс:** екі аяқпен бірдей басып қарлы жолмен секіру.<br>**Жорамал:** қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса,<br>күн желді болады.<br>**Еркін ойындар.**<br>Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Мәдени-гигеналық дағдылар.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досыңдай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Үш дос» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-л] дыбысы."<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Аквариум балықтары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Мысығым менің мысығым".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Террариумдағы тасбақа".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен "қала" ұғымдарын тиянақтау.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бақша ағаштары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Бақша ағаштары" әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру.<br><br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір | қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру.<br><br>**«Үй жануарлары мен төлдері».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып | **жаттығу**<br>"Түрлі пішінді балықтар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әрқалай жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды.<br>Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды.<br>Тәрбиеші келген тазалық | үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Тиін жаңғақ кеміріп отыр".<br>Мақсат-міндеттер: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету.<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Орман дәрігері" ертегісін алжапқыштарды пайдаланып сахналық қойылымын қою. | анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды | отырулары тиіс.<br>Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді.<br>Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады.<br>Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б.<br>Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.<br>Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды.<br>Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.<br>**(дене шынықтыру)** | құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Ұлттық ойын "Бес тас"**<br>«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі.<br>Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.<br>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады.<br>Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.<br>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады.<br>Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді.<br>Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«[р] дыбысын ұстап ал» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Балалардың дыбыстарды есту, ажырату қабілетін | **Санамақтар.**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық! | Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **«Не артық?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың логикалық ойын дамыту.<br>Сиыр, ешкі, жылқы, аю.<br>Жолбарыс, арыстан, сиыр, қасқыр.<br>Бұзау, құлын, қозы, түлкі.<br>Бүркіт, қарға, сауысқан, торғай.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | Баламен еркін таңдаған кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру; шапшаңдыққа, мұқияттылыққа баулу.<br>- Балалар, сендер [р] дыбысы бар буынды немесе сөзді байқасаңдар, қол шапалақтаңдар.<br>Буындарда: та, па, ра, ро, пе ал, ар, со, ре, шу, су, ру, бақ, бар, бел, бір, сым, сыр, тек, тер, тал, тар, тыс, тыр, көл, көр.<br>Сөздерде: кітап, парта, қалам, сызғыш, өшіргіш, дәптер, күнделік, қарындаш, алма, сарымсақ, робот, тақия.<br>Арман, Марал, Құндыз, Арай, Қайрат, Қуат, Ажар.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол<br>заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен тренинг жүргізу.<br>Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?» | Балаға қандай жиһаз қауіпсіз екендігі туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады. | «Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару. | Әңгімелесу. «Туған жерім тамаша». |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.02-10.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.02.2023 | 07.02.2023 | 08.02.2023 | 09.02.2023 | 10.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **«Дүкенші».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.<br>Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды. Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Артикуляциялық жаттығу**<br>Мақсат-міндеттер. | **«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Тақпақ жаттау**<br>Монтер ағай<br>Ағай епті қолымен<br>Жүреді ылғи от беріп.<br>Тарам-тарам жолымен<br>Жүгіреді тоқ келіп.<br>Көшеде, үйде, кеңседе<br>Жүреді ағай шам жағып.<br>Түн ішінде келсе де, | **Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші».**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір-бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>Көрнекіліктер: киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайшы, жіп), іс | **«Біз құрылысшымыз».**<br>Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру.<br>Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру.<br>**(құрастыру)**<br><br>**«Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы: | **«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Санамақ**<br>Санамақтың сан түрін,<br>Кәне, біздер санайық!<br>Онға дейін санды біз<br>Қолымызға алайық!<br>Бір,екі, үш<br>Таңдайықшы түс.<br>Төрт,бес, алты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br><br>өс-өс-өс<br>Жігіт болып өс.<br>Ұстаның құралы төс.<br><br>қа-қа-қа<br>Менде үлкен сақа.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | Ол жүрген жер жап-жарық.<br>Мұзафар Әлімбаев<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі)** | машинасы, киім үлгілері, маталар.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Тақпақ жаттау**<br>**Шахтер**<br>Шахтерді ел біледі,<br>Оған сарай – жер асты.<br>Көмір қазып жүреді,<br>Сорғалатып тер ащы.<br>Бала оқитын зәулім үй<br>Қалмауы үшін суынып,<br>Үйіп көмір тауды ылғи,<br>Береді ол жылылық.<br>С.Мәуленов<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі)** | тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Тату доспыз жалпы.<br>Жеті, сегіз, тоғыз<br>Мынау - қоңыр қоңыз,<br>Мына саным-он,<br>Қыста кием тон.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау.<br>Құрылысшы<br>Қолда темір қалағым,<br>Саздан сарай қаладым.<br>Алматыдан аумайтын<br>Әсем қала саламын.<br>Ш.Садыханов | Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)** | Менің арманымдағы мамандығым.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Доғадан өрмелеу".<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Көңілді арбакеш".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Мықтылар жарысы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету. | **Музыка**<br>"Көңілді арбакеш".<br>(қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Жұптасып шынығайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Мамандықтар. Диалогтар."<br>Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал-жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылырын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі мамандық иелеріне деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Алаңдағы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** | **Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (қоршаған** | **Саябаққа саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Күн көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар.<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас?<br>4. Олардың айырмашылығы қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>**Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр». (дене шынықтыру)** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.<br>Тапсырма.<br>«Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>Сұрақтар.<br>1. Бұл машинаның аты қалай?<br>2. Ол не істейді?<br>3. Ол қарды қалай жинайды?<br>4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер?<br>*Көркем сөз.*<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұратын<br>Пойызды біз құрайық.<br>**Қимылды ойын. «Аңшы мен коян». (дене шынықтыру)** | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану. Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>*Көркем сөз.*<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардан таулар<br>Көлеңкесін көреді.<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады. 22 желтоқсан ең қысқа күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды.<br>*Көркем сөз.*<br>Батар күннің атар таңы бар.<br>**Қимылды ойын. «Жұп болып эстафета ойының жүргізу». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Аққала жасау.<br>Мақсат-міндеттер: қармен жұмыс істеуге үйрету. | балаларға ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>*Көркем сөз.*<br>Қыстың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астын ораған ақ қармысың.<br>Алай-түлей бораның, аязың да,<br>Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?!<br>**Қимылды ойын. «Үшінші артық».**<br>Мақсаты: шапшандыққа баулу.<br>**Еңбек.** Ауланы қардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ағашта биік,<br>Бір құсты көрдік.<br>Сайрайды сол құс,<br>Сайрайды талмай.<br>Кө-кек, кө-кек, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. **(дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары<br>шыға білу.<br>**Еңбек:** гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны<br>әсем етіп көріктендіру.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап<br>отырып жүру.<br>**Жорамал.**<br>Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. | жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.<br>**Жеке жұмыс.** Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. **(дене шынықтыру)**<br>Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз.<br>Жұмбақтар.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>(боран)<br>Мәтел.<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр. | **Жеке жұмыс:** өз қиялдарымен әңгіме құрату.<br>*Жұмбақ.*<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>*Мақал.*<br>Мезгіл жетсе, мұз да ериді. | Аты оның содан,<br>Атанған кө-кек.<br>Ән орындау.<br>**Қимылды ойын:** денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау.<br>*Жаңылпаштар:*<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ...<br>Қыс қыспаса, қыс па?<br>Құс ұшпаса, құс па? |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>Көркем сөз<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Етікшінің жаңа қос етігі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Аспаздың кесу тақталары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Абзал жан - дәрігер".<br>Мақсат-міндеттер: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Мен дәрігер боламын".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Бағдаршам".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру. | техникасын қалыптастыру.<br><br>**Ұлттық ойын. Аударыспақ**<br>«Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Мамандықтың бәрі жақсы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету. | боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру.<br><br>**Қимылды ойын. Допты ұстап алу**<br>Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады.<br>Ойын ережесі: балалар допты бір-біріне берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушінің шеңбер ішіне кіруіне тыйым | **Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұрған балаға ғана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі.<br>**(дене шынықтыру)** | жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дәрігер**<br>Дәрігермін мен деймін,<br>Кәрі әжемді емдеймін.<br>Көп-көп ішіп дәріні<br>Кәрілікті жең деймін.<br>**(көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>«Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>«Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**(мүсіндеу)** | **Театрды сахналау.**<br>"Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау.<br>**(көркем әдебиет)** | **Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **(музыка)**<br>Өнер бұрышында мамандықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол<br>заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар». | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | «Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.02-17.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.02.2023 | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".**<br>Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, | **Текшелермен ойын.**<br>Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру.<br>Қызыл, сары, көк текше,<br>Әрбіреуі ерекше.<br>Көлемдері бірдей,<br>Бір-бірінің үстіне.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Біздің көмекшілеріміз** | **«Қызықты лото».**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың | **"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр)<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.<br>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді.<br>Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).<br>**(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)** | қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. | **кім?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | **математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Техника және біз" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу,** | Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен | Жиһаздар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қазақ тілі)** | әңгімелеулері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Велотренажер".<br>"Велосипед".<br>Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велотренажер "Велосипедпен" жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. | **Музыка**<br>"Ойыншық аспаптар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Жүгірушілердің жарыстары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту.<br>Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру.<br>Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыстың негізгі белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Көркем сөз.<br>Аппақ, аппақ, ақшақар<br>Бірін ұстап алайын ...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>Қимылды ойын.<br>«Аяз».<br>Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.<br>Жорамал.<br>Түтін будақтап шықса, аяз болады. | **Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>Тапсырма: «Сүңгі мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар.<br>1. Өзендегі суға не болды?<br>2. Су неге қатты?<br>3. Өзеннен нені көруге болады?<br>4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Тез қарасын батырды,<br>Қар жаңбырлы сиқыр бұлт.<br>Жел көк мұзды қатырды,<br>Жердің бетін типыл ғып.<br>Балалардың берген жауабын қорытындылау.<br>Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту.<br>**Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар».** | **Қардың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>*Көркем сөз.*<br>Аққала.<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Еңбек:** қарды күреу.<br>**Жеке жұмыс:** қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>*Жұмбақтар.*<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>*Мақал.*<br>Сыртта тау болып жатса,<br>Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | **Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Нысанаға тигіз" **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікті | **Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау.<br>Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу.<br>*Тапсырма.*<br>«Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>*Көркем сөз.*<br>Бүрсең қағып жапырақтар,<br>Көше кезіп көшіп жатыр.<br>Тыныш қалған атыраптар,<br>Аппақ қарға тосып жатыр.<br>**Қимылды ойындар. «Соқыр теке».**<br>Мақсат-міндеттер: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны<br>бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** денені тепе-теңдікте ұстап, мұз үстімен сырғанай білу. **(дене шынықтыру)**<br>*Жұмбақтар.*<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды.<br>(мұз) | | дамыту. | жаттатқызу.<br>**Еңбек**: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау.<br>**Жеке жұмыс.** «Кім алысқа лақтырады?» Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>*Жорамалдар.*<br>1. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>2. Қыста қар мол болса, жазда жаңбыр мол болады.<br>3. Ағашқа қырау тұрса, күн жылы болады. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Шынығу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>Тұрмыстық техника жөнінде "Не күшті?" әңгімесін мазмұндау.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі мен оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру.<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері**<br>"Ғажайып сандық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Үйді жинаудың әдебі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасу бағдары жөнінде жаңа білімдер беру, "үстіңгі сол жақ", "үстіңгі оң жақ", "төменгі сол жақ", "төменгі оң жақ" ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Ұлттық ойын. Түйілген орамал**<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын | **Сурет салудан ойын-жатттығу**<br>"Үтік".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту; тұрмыстық техника құралдарының адамның өмірінде алатын орны туралы мәліметтерді тиянақтау.<br><br>**Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал!**<br>Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауа баптағыш (кондиционер)".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Тазалық - денсаулық кепілі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: йогурттың қалдық ыдысынан және қағаздан қолжуғышты құрастыруға үйрету.<br><br>**Тұрмыстық техника мультфильмін көру. (сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Пойыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Пойыз" туралы өтірік өлеңмен таныстыра отырып, өтірік өлең мазмұны бойынша өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлең мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Кім жылдам?**<br>Ежелгі ойындардың бірі - Кім жылдам? Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. **(дене шынықтыру)** | **(дене шынықтыру)** | | денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын «Артық затты тап».** Мақсат-міндеттер: үй жиһаздарын басқа заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға үй жиһаздарымен қатар басқа да заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған затты атайды. Педагог жиһазға жатпайтын затты алып тастағанын айтады. **(қоршаған ортамен танысу)** | **«Луллий шеңбері» ойыны.** Балалар заттар мен заттардың түстерін сәйкестендіреді. Сол заттарды сипаттайды. Мысалы, теледидар - сұр түсті. Педагог балаларға теледидар жайлы ақпарат береді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.** Бәрін байқау (елеу). Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 сек., ашып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 сек., ашып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 сек., көрсетіңіз. Балалардан қандай заттардың орны | **Театрды сахналау.** "Қаңтар мен Ақпан" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.** Педагог балалардың тапқан суреттерін тақтаға ілуді ұсынады. Барысы: Бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады.<br>- Бұл не? Бұл - үтік.<br>- Үтікпен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен балаларға қолдануға болмайды.<br>- Неге? Үтік қауіпті, онымен қолымызды күйдіріп | **Демалу гимнастикасы.** Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсынады. Әр бала өздеріне ұнаған таяқшаға ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды.<br>Қане, қане, балалар,<br>(балалар тұрады)<br>Шаршағанда ырғалып,<br>(тербеліп тұрады)<br>Гүлге ұқсап демалам.<br>(отырады)<br>Жұпар иісін бір искеп,<br>(мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады)<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>(қолдарын жоғары көтереді)<br>Балалар 2 рет қайталайды.<br>(дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ауысқанын сұраңыз.<br>Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып<br>беруді сұраңыз.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | аламыз.<br>Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады.<br>Педагог ойын кезінде балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады.<br>- Осы заттардың барлығын тұрмыстық техника деп атаймыз. Техникаларды ойлап шығаратын адамдар, сондықтан үлкендердің еңбегіне құрметпен қараңдар.<br>- Бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты?<br>Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда.<br>- Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді. Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек.<br>Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді:<br>- Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды.<br>- Балаларға ересектерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **(музыка)**<br>Өнер бұрышында техника және жиһаздар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол<br>заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру. | Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | «Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер» қабырға газеті. | Жаднама. «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аоалас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.02-24.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.02.2023 | 21.02.2023 | 22.02.2023 | 23.02.2023 | 24.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.<br>Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** | Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **«Спорт-лото».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру.<br>Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер.<br>Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет | **«Адалдық шеңбері»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі.<br>Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері | **Тақпақ жаттау**<br>"Тазалықтың досы"<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы -<br>Су дегенің осы.<br>Бай! Бай!<br>-Бұл бала<br>Қай бала? Қарашы<br>Үстіне, Өзіне<br>- Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз | **Дидактикалық ойын. «Не артық?», «Спорт».**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру.<br>Спорт атауларын бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Тек жақсы қасиеттерді ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Кір айғыз.<br>А.Меңжанова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | | балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**Салт-дәстүр. Қонақасы**<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Спорт" түрлері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(көркем әдебиет)** | Дәрумендер жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу".<br>Мақсат-міндеттер: гимнастикалық | **Дене шынықтыру**<br>"Қол мен аяқтарымыз шымыр".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қозғалыс | **Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз".<br>(қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда | **Дене шынықтыру**<br>"Қанатпен тарту ойыны".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта | **Қазақ тілі**<br>"Кел, жаттығайық! Адамның дене мүшелері. Оң - сол."<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тақтайшалардан ажыратпай, төртінші жіңішке тақтайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; | бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. | оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру. | бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. | Балалардың ұғымындағы адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту; саламатты өмір салты, жаттығудың маңызы жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, «сол», «оң» жақ туралы түсініктерін бекіту. Балаларды сызбадағы дене мүшелерінің бейнеленуін өз денесімен сәйкестендіре білуге үйрету; дене мүшелерін атауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын, оң және сол қолдарын ажырату біліктіліктерін, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, жағымды эмоция білдіре білуді дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау.<br>Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің<br>буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>*Көркем сөз.*<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын. «Ақ** | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Болжау.** Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Суықтан қорықпа, суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел,<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауғаыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Бақылау.** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты | **Қарлы боранды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>**"Ұшақ".**<br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>Тапсырма.<br>«Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.<br>*Көркем сөз.*<br>"Көкше мұз" Сейіл Боранбаев.<br>Көл бетінде көкше мұз,<br>Көкше мұзда қызық көп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>*Жорамал.*<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>*Жұмбақ.*<br>Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады. | түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді).<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ болады.<br>**Қорытынды.**<br>- Балалар, біз бұдан дымқыл қарды жабыстырудың оңайлығын байқадық. | дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. | Сырғанаймыз кеште біз,<br>Айқыш-ұйқыш сызып кеп.<br>Қыза-қыза келгенде,<br>Құйын болып кетеміз.<br>Жүйрік деген желден де ,<br>Басып озып кетеміз.<br>**Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**Жеке жұмыс.**<br>«Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.<br>*Жұмбақ.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Құм сияқты ұсақ<br>болғанымен,<br>жер бетін жауып<br>үлгереді. (қар) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**Салт-дәстүр. Қонақасы**<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Күн астындағы Күнекей қыз» әңгімесін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қанекей, сапқа тұр!"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың топтас | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Қатарға тұрайық, спортшылар". | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жалбыз өсімдігі".<br>Мақсат-міндеттер: | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Денсаулығым - байлығым". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру.<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Қаңбақ шал" ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет)** | достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету.<br><br>**Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Аққу құсы әдемі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, аққу туралы туралы білімдерін кеңейту. | Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Аурудан аяған күштірек".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек"әңгімесімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"**<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.<br>Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике | Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Дәрумендер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаүлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қаралanған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ескен Елубай. Жаңа санамақ**<br>Бір -<br>Таңертен тұр.<br>Екі -<br>Шынығып, бекі.<br>Үш -<br>Тазала тіс.<br>Төрт -<br>Сабындап жу бет.<br>Бес -<br>Сүртін тез.<br>Алты -<br>Үйді жина жалпы.<br>Жеті -<br>Киін енді. | **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.<br>- Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық.<br>Құралдары: әдемі әуен жазбасы.<br>Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды | **«Өс, ұлан!»**<br>Сау болсын десең,<br>Он екі мүшең!<br>Ерте тұр! Құлақ түр!<br>Тыңда сыр, Жапырақтар сыбырлар.<br>Күн нұрын күт!<br>Таза ауа жұт!<br>Бойыңа құт!<br>Жүгір, желмен жарысып,<br>Нұрға сылан,<br>Болып қыран<br>Өс ұлан!<br>Ө. Тұрманжанов<br>**(көркем әдебиет)** | **Мазақтамалар жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>МАУБАС<br>Маубас, маубас, маубассың!<br>Мүлгігеннен танбассың,<br>Қалғығанға қанбассың…<br>Өмірінде осылай<br>Ұйықтап өтсең оңбассың!<br><br>САЛАҚ<br>Салақ, салақ, салақсың:<br>Өз үйіңе қонақсың;<br>Таза емесссің, кір- кірсің;<br>Ақ емесссің, жолақсың;<br>Кейде қара күйесің; | **"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім,<br>(Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды,<br>(Екі алақанды басқа қою, сипау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сегіз -<br>Асыңды жеп, іш.<br>Тоғыз -<br>Ыдысты жу тегіс.<br>Он -<br>Сабақ оқы<br>Осыдан соң.<br>Бұл санамақ жаңа,<br>Күнде өстіп сана.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | ойлағандарын сұрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | | Кейде қызыл далапсың;<br>Әй, салақсың, салақсың!<br><br>ҚОМАҒАЙ<br>Әй, қомағай, қомағай!<br>Екі ұртың тола май,<br>Екі уысың және май,<br>Соғып жатсың қарамай,<br>Болмайсың ғой Толағай!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **(музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өнер бұрышында денсаулық, спорт тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол<br>заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес. | «Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-анларға кеңес. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. |

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.02-03.03.2023ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.02.2023 | 28.02.2023 | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету. Жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(еңбек дағдылары)** | |
| | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен қырғауыл".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Ертегі желісінің сюжетті суреттерін бояу.<br>**(сурет салу)** | **«Ата-аналарға қамқорлық жасау»**<br>Ойын мақсаты: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды;<br>- анаң жұмыстан шаршап келді;<br>- анаңның көңіл-күйі жоқ;<br>- анаңның шаруасы көп;<br>- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.<br>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір<br>қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады.<br>Ойын соңында педагог балалардан өмірлік | **Дидактикалық ойын «Ғажайып кітап».**<br>Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын ертегілердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ән салып, құс келді".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету.<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау.<br>1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау.<br>1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою.<br>1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау.<br>1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1 - оң тізесін бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою.<br>Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын<br>қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы ән айту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Арқан үстімен адымдап жүру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Түрлі жолдармен жүре аламыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету. | **Музыка**<br>"Анаға сәлем".<br>(пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру | **Дене шынықтыру**<br>"Цирк атлеттерінің сайысы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіруге үйрету | **Қазақ тілі**<br>"Көктем мезгілі. Көктемгі табиғат құбылыстары."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы көктем мезгілі және көктемгі табиғат құбылыстары жайлы білімдерін кеңейту; құстардың ерекшеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру; 8 наурыз - аналар мерекесі жайлы түсініктерін дамытуға ықпал етуді жалғастыру. Балаларға қазақ тілін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br>"Анаға сәлем".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. | | | | тақпақтар арқылы түсініп, қабылдауды үйрету; қазақша әңгіме мен тақпақ жанрларын ажырату біліктіліктерін дамыту; көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; жыл мезгілі жайлы кішігірім, тұтас әңгімені модельдеу біліктіліктерін, көктемгі құбылыстар жайлы жай сөйлем құрастыруды дамыту; еске сақтау, көру, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоция таныту біліктіліктерін дамыту. Байқампаздыққа, ізденімпаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Қардың алғашқы еруін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ."Көктем".<br>Көкке бояп өңірді, | **Күннің көзін бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жұрттың бәрі соны | **Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көзіне көрінбейді, | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Орманның, таудың үстінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктем келді көңілді.<br>Бау-бақшада, орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерден қар бірдей еріп кетпейді? (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің қарлары тез еритіндігі туралы балаларға түсіндіру. Байқампаздықты дамыту.<br>**Қимылды ойын. «Жүгір-отыр-жүгір!» (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!» балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!» отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекеттерін қалыптастыру.<br>**Еңбек.**Терезе алдындағы бақша (суару). **(еңбек дағдылары)** | сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру, шешімін жасау.<br>**Қимылды ойын: «Күн мен түн». (дене шынықтыру)**<br>Рөлдерде ойнағанда өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.<br>**Еңбек.** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыттады, жоғарылатып жинайды. **(еңбек дағдылары)** | Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br>**Еңбек.** Ауладағы еңбек. **(еңбек дағдылары)**<br>Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа | Қолына ілінбейді.<br>Бірақ та, құлағына,<br>Ұдайы күбірлейді. (Жел)<br>**Бақылау.** Ауа райы жағдайы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер». (дене шынықтыру)**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Өсімдіктерге су құю. **(еңбек дағдылары)**<br>Балалар тәрбиешінің басқаруымен аулада пайдалы еңбекпен айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерді ұқыпты күтуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Аулада ойын ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс- | Ірі кілем төселген<br>Менің де, сенің де<br>Үстіңнен жайылған<br>Бірде сұр, бірде көк,<br>Бірде көгілдір. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Қоңырау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау. | Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойын ережелерін сақтап, жауапты рөлдерді орындай білуге үйрету. **(дене шынықтыру)** | тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Сүйікті ойыншықтармен ойын.<br>Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау. | деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Тұқымды отырғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Дәлізде ойын ойнауға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын<br>қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Алма» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру;<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Массажды алашалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау.<br>**(дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-у] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу."<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дауыссыз [У] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі жөнінде мағлұматтарды тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Дос болайық, көбелек"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үлгі бойынша есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруға үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құмыраға салынған гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындырту. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Аққуды мүсіндейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан кесек үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>Үміт түбіт түтті,<br>Түбітті түтіп бітті.<br><br>Оюға ою өрнектеп,<br>Үйрет өстіп қолды ептеп.<br><br>Құлық таудан,<br>Құлық бие көрдім.<br>Қуанғаным — құлындапты.<br>Құлық таудың қойнауындағы<br>Қорқауларға ұрынбапты.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу.**<br>Мақсат-міндеттер: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту. Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, көрсету,ойын, саусақ жаттығулары, салыстыру. Қажетті құралдар: үш түрлі-қызыл, көк, ақ түсті моншақтар, үш түрлі түсте боялған үш түрлі макарон өнімдері, жіптер, қапшықтар, сандықша, қуыршақ. Барысы: балалар жартылай шеңберге отырады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Мақал-мәтелдер жаттау.**<br>Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал.<br><br>Әдепті бала – арлы бала,<br>Әдепсіз бала – сорлы бала.<br>Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені.<br><br>Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры.<br>Әкені көріп ұл өсер,<br>Ананы көріп қыз өсер.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Құстар келді" тақпағын жаттау.**<br>Биікке, биікке<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: | | | | | |

| | |
|---|---|
| | - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Отбасылық салт-дәстүр» атты тақырыпта әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Абайла! Төбедегі мұз». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.03-10.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Жоба "Әсем гүлдер". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".**<br>Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетіггі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек дағдылары)** | | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Таза бұлақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Судың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың су туралы | | **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Таза су".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың судың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | түсініктерін қалыптастыра отырып, тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру; суға арналған көркем сөздер арқылы сөздік қорын молайту. | | жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау.<br>1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау.<br>1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою.<br>1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау.<br>1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1 - оң тізесін бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою.<br>Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жылғалардан су ақты" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | | Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қапшаларды нысанаға лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Әніміз сыйлық болсын".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы | **Дене шынықтыру**<br>"Қақпашы бола аламыз ба?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден бытырап жүру; затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; тепе-теңдікті сақтап тақтаймен жүруге үйрету. | | **Музыка**<br>"Нұрлы көктем".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру. | **Қазақ тілі**<br>"Ертегі оқу "Торғай мен тышқан". Алдымен, кейін."<br>Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, маусымдық өзгерістер, табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыту.<br>Балаларды қазақ тіліндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. | | | | «Торғай мен тышқан» ертегісін тыңдауды, мазмұнын еске сақтауды үйрету; мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды түсініп, жауап беруді меңгерту; құбылыстар тізбегін түсініп, «алдымен», «кейін» ұғымына сәйкес орналастыру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауын, есту зейінін, еске сақтауын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге деген сүйспеншілікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді,<br>Жер бетіне жеткен соң, | **Аулада тазартушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Еңбек сүйсең, жасыңнан,<br>Бақыттысың, жас ұлан – | | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек). (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ақ көйлекті, көк желек,<br>Орманда орны бір бөлек. | **Тамшыны бақылау. (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Мұрны жоқ шымшық,<br>Мұз тесер.(Тамшы)<br>Бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақты жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>«Жаз келеді».<br>Үйін тіккен жасылдан,<br>Үсті-басы асыл дән.<br>Жаз келеді жайраңдап,<br>Жарық жүзі-сайран бақ<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>**Қимылды ойын: «Құлыншақтар». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге | Дейді атам ылғи да,<br>Сипап менің басымнан.<br>**Бақылау.** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру.<br>**Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету.<br>**Еңбек:** Аулада үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын | | Әннің аты деседі,<br>Сызды жерде өседі.<br>(Қайың)<br>**Бақылау.** Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діңдерін салыстыру. Ағашты қастерлеуге, күте білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай өзінің орнына қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** «Ағаштың жан-жағын қопсыту». **(еңбек дағдылары)**<br>Берілген жеке тапсырмаларды орындауға үйрету. Тәрбиешіге көмек беруге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында | Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>**Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене шынықтыру)**<br>Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Балықтарды тамақтандыруға үйрету. Еңбекке деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Көпіршік сабын буларды үрлеу». **(дене шынықтыру)**<br>Балалар арасында қалыпты қарым- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** | белсенді қолдана білуге ынталандыру. **(дене шынықтыру)** | | балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асырту. | қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Батпан құйрық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Торғай ұшып келеді".<br>Мақсат-міндеттер: | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем туралы тақпақты жаттау". | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Тамшыларды қалай | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем белгісі - бәйшешек". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығы деталдерімен толықтыру білігін арттыру.<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, | Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды.<br>Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды.<br>Тәрбиеші келген тазалық | | санаймыз?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалытастыру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. | Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларын екіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бәйшешек гүлінің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын"Пиццерия".**<br>Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу.<br>Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығулары** Көтеріліп шаңырақ, (шеңбер құрады) Уықтары шаншылар. (қолдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды) Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып (шеңбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. **(сөйлеуді дамыту)** | | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. **(сурет салу)** | **«Мозаика».** Мақсат-міндеттер. Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы. Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | атайды, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсіне үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға арналған 6 кеңес. | Жоба "Әсем гүлдер". | | Психолог кеңесі. "Бала тілін қалай дамытамыз?" | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., ЮрчукС.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.03-17.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетіггі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **(еңбек дағдылары)** |
| | **«Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру.** Суреттер бойынша әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау. **(танымдық дағдылар)** | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе | **Ұлттық ойын. Бес тас** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, | **"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту.<br><br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. **(танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** | жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. **(математика негіздері)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде<br>1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді;<br>2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде<br>3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді;<br>3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа).<br>4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнынаілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Наурыз тойын бастайық,<br>Жақсы тілек айтайық.<br>Дастархандар жайылсын,<br>Қуанышты той болсын.<br>**(сөйлеуді дамыту және** | «Салт-дәстүрлер» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнмен бірге тұрамыз ,<br>Құспен бірге ән саламыз<br>Қайырлы таң! Ашық күн!<br>Көңілді біз тұрамыз.<br>Күлім қағып қолымды, | Фольклор туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **көркем әдебиет)** | | 1,2,3 деп соғайын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Футбол ойыны".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Бесік жыры".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру | **Дене шынықтыру**<br>"Тауға шыққан альпинисттер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бытырап жүргіру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуге үйрету.<br><br>. | **Дене шынықтыру**<br>"Аю сияқты алақан мен табанды тіреп еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету. | **Музыка**<br>"Әжеміздің әні тамаша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру. | **Қазақ тілі**<br>"Азық-түліктер. Наурыз көже дайындаймыз."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ, жетеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Жел)<br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)**<br>Балаларға жаттығуларды | **Қарды, қар түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады. (қар)<br>Өлең.<br>Көктен тартып күн нұрын,<br>Жерден тартып жылылық.<br>Әнін тыңдап бұлбұлдың,<br>Қызғалдақтар тұр күліп.<br>**Бақылау.** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда | **Қар суын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жатты да жатты,<br>Жылғаға жаратты.<br>(Қардың еруі)<br>**Бақылау.**<br>Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. "Горелки" (орыс** | **Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен.<br>Жырадан өткен. (су)<br>**Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br>**Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру)**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. | **Күннің шұғыласын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен дүрлер шашылды<br>(Күнннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.<br>**Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. **Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)** Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Әткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек. | болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. **Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал». (дене шынықтыру)** Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. **Еңбек.** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Спорт алаңындағы ойындар. **(дене шынықтыру)** Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету. | **халқының ойыны). (дене шынықтыру)** Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар.** Қар бетіне сурет салу. **(сурет салу)** Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын арттыру. Өзіндік талабын мадақтау. | Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. **Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру)** Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау. | **Еңбек.** Жолдарды қардан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>«Пойыз» ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тұмарша".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздың бетіне тұмарша үшбұрышын салып, сұлбасы іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру тәртібіне үйрету; "ирек", | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Үй жиһаздары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, "жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Алдар Көсенің мерекелік сыйлары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жиынын асық | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Баланы қырқынан шығару".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Баланы қырқынан шығару" рәсімімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын ұштау; тұмаршаны қосымша бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу.<br><br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың | **«Арқан тартыс» дидактикалық ойыны.**<br>«Арқан тартыс» ойынының негізгі шарты 2 топтың сынасуы болса, қазақ тілі сабағында 2 топ білім сынасады.<br>Мұны былай жасадым: жуандығы 2 елідей ұзын жіпті тақтаның жоғарғы жағына 2 шегеге іліп, ұштарын теңестіріп қоямын. 2 топтан бір оқушыдан шығып, бір мезгілде мақал-мәтелдерді тоқтамай айтып шығады. Қай топтың оқушысы бұрын шығарса, жіптің ұшын өзіне қарай тартады. Нәтижесінде арқан қай топқа қарай көп жылжыса сол жеңеді деп есептеледі. Бұл ойынды барлық пәндерге қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру)** | түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалыдарын көрсету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Бәйшешек".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету. | эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Ұлттық әшекейлер".<br>Мақсат-міндеттер: қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; тұзды қамырдан мүсіндеуге және бұйымдарды қосымша бөлшектермен безендіруге, өрнекті қырнауыштың көмегімен бедерлер түсіру арқылы толықтыруға үйрету. | **Ұлттық ойыны. Сиқырлы таяқ**<br>Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **(дене шынықтыру)** | | | | жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардыңсаны көп болса, ойын қызықты өтеді. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. **(математика негіздері)** | **Саусақ жаттығуы.** Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) **(сөйлеуді дамыту)** | **Жаңылтпаштар жаттау.** Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар.<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Наурыз" өленің жаттау.** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".** Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға және солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. | Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет. | «Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. | Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.03-24.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 20.03.202 | 21.03.2023 | 22.03.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Кеңес. "Саусақ жаттығулары".<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | | | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы | | | | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. | | | | Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)***<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде<br>1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді;<br>2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде<br>3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді;<br>3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа).<br>4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық | | | | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | | | | ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене** | | | | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"**<br>Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда | | | | **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)** | | | | қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | | | | **"Көңілді сан" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға,ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау. | | | | Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.03-31.03.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.03.2023 | 28.03.2023 | 29.03.2023 | 30.03.2023 | 31.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсат-міндеттер: балаларды | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".** Мақсат-міндеттер: балаларды тыңдау, ән салу | **"Қазақ ою-өрнектерінің орнын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға қазақтың ою- | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Оюлы текемет". Мақсат-міндеттер: балаларды дайын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. | қабілетін дамыту. Өнерге баулу.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету. | өрнектерін ажыратып, кез келген кескіннің (тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше) бетіне дұрыс таңдап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың әрқайсына тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше кескінін және түрлі оюлардың үлестірмелі жинақтарын табақшаларға салып ұсынады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | Зеректікке баулиды.<br>Ойынның мақсаты.<br>Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.<br>**(танымдық дағдылар)** | тіктөртбұрыш, қошқар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және оң жағына оюды жапсыруға үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземенен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | "Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қапшаны көлденең лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрлігген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Кімді мерген деп санаймыз?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыруға ( 3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету. | **Музыка**<br>"Домбыра". (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру | **Дене шынықтыру**<br>"Топқа ұпай жинайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, Қазақстан халықтарының ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; қазақтың ұлттық аспаптары: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br>"Домбыра".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру. | | | | домбыра, қобыз, сырнаймен таныстыруды жалғастыру; балалайка, дутар жайлы түсінік беру; музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сақтауды үйрету; ұлттық музыкалық аспаптарға, қазақтың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықтарын дамыту; аспаптардың шығаратын үндерін дыбыстау арқылы артикуляцияларын дамыту; еске сақтау қабілетін, ой-өрістерін дамыту. Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне деген достық қарым-қатынасқа, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ. | **Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ. | **Ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар. | **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Гүлдерге толы ауламыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көк орманда көп ағаш,<br>Өскен жақсы аралас.<br>Ең әдемі меніңше,<br>Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.** Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру<br>**Тәжірибе.** Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады.<br>**Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету.<br>**Еңбек.** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**(дене шынықтыру)** | Көк орманда көп ағаш.<br>Өскен жақсы аралас.<br>Ең әдемі меніңше<br>Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Еңбек.** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. | Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Бұл не?<br>(Ағаш)<br>Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады,<br>Қыста жатсаң – жаның рахат табады. (Ағаш)<br>**Бақылау.** Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене шынықтыру)**<br>Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу.<br>**Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>«Доппен ойнаймыз». | Жұмбақ.<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кеңелді,<br>Бүршік атып бар ... (Ағаш)<br>Тақпақ.<br>Алма ағаштың құшағы –<br>Қанат жайған бұтағы.<br>Жапырағы жүрегі,<br>Бұтақтары білегі.<br>**Бақылау.**<br>Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру)**<br>Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. | Біз өсеміз, толамыз.<br>Бәріміз де ер жетіп,<br>Үлкен жігіт боламыз.<br>**Бақылау.**<br>Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру)**<br>Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бүрқақпен жапырақтарға су себелеу.<br>Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. | | **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. | әрекеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Ақылды егінші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Дастарханды жаяйық дидактикалық ойыны".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қонақты қарсы алу, дастарханды жаю дәстүрі туралы ұғымдарын жетілдеру, кеңейту; наурыз көженінің азықтық құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам атауларын, олардың жасалу негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау.<br><br>**Ұлттық ойын. Ақсүйек**<br>Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың қалыңдығы туралы білімдерін кеңейту, "ең қалың", "жұқалау", "ең жұқа" ұғымдарын жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Шеберлер елі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, ою-өрнек жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Кебежені безендіру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кебеже сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; тіктөртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру техникасын қалыптастыру.<br><br>**"Қыз қуу" ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету, ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Төлдер".<br>Мақсат-міндеттер: төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атай білуге үйрету.<br><br>**Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".**<br>Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Ұлттық ойын. Бес тас**<br>«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.<br>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.<br>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **«Қолымда не бар?» ойыны.**<br>Мақсаты.<br>Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту.<br>Керекті материалдар.<br>Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар қолын артына ұстайды. Тәрбиеші оның қолына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кіші тасты ұстатады. Балалар | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әртүрлі екі таяқша немесе жуандығы әртүрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір-біріне ұқсас 2-3 жаттығу орындайды. Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып есептеледі. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау. | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу. | Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.04-07.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Пияз отырғызу".** Мақсат-міндеттер: балаларды мақсат қоюға, жұмыс орнын, құралдарды дайындауға және өздерін тазартуға үйрету. Балалардың шамның құрылымы, пияздың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту. Еңбек дағдыларын, жермен, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті дамыту. Экологиялық мәдениетті, нәтижеге жетуді, жалпы іске қатысуды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Көшет отырғызу, оған күтім жасау".** Мақсат-міндеттер: түсініктерін қалыптастыру балалардың негізгі кезеңдеріндегі өсу және даму өсімдіктер (тұқым, тамыр, сабағы, жапырағы); негізгі тәсілдері өсімдіктерді өсіру және күту (отырғызу жерді қопсытып, тұқымды орналастыру, топырақ салу, суару). Көшеттер отырғызған кезде абай болыңыз, өйткені өсімдіктер өте нәзік. Еңбек дағдыларын, топырақ, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты | **"Гүлдер мен көгөністердің тұқымын себу".** Мақсат-міндеттер: балаларға әр өсімдіктің тұқымы болатыны туралы білім беру. Тұқым себу кезінде қажетті әрекеттердің реттілігін біліңіз: топырақта қопсыту жасаңыз (тұқым себу үшін, әр уақытта олардың арасындағы қашықтықты және ойықтарды таяқпен белгілеңіз); жұмыс кезінде мәдени және гигиеналық дағдыларды сақтауға үйреніңіз. Балалардың көшеттерді дайындау үшін топтағы қораптарға қандай тұқымдар себілетіні және қандай тұқымдар ашық жерге | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | себілетіні туралы білімдерін бекіту. Еңбек дағдыларын дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | |
| | **Үстел үсті ойыны «Бір сөзбен ата»**<br>Балаларға суреттер беріледі, бір сөзбен ғана атауын атайды.<br>Мысалы.<br>"Қалам, қағаз, кітап, дәптер" - Мектеп құралдары.<br>"Теледидар, радио, компьютер, ұялы телефон" - Техника құралдары. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ғаламшарға зымыран жібереміз".<br>Мақсат-міндеттері: балаларды тіктөртбұрыштан цилиндр, шеңберден конус жасап, зымыранды құрастыруға үйрету. | **«Суретті жалғастыр» ойыны.**<br>Балаларға суреттің үлгісі және жартылай боялған суреті беріледі.<br><br>**"Ғарышкер" қимылды ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, бүгін жаңа ойын ойнаймыз. Ойынымыз "Ғарышкер" деп аталады. Мен сендерді ойынның ережесімен таныстырамын, мұқият тыңдап алыңдар. "Ғарышкер" ойынында педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша тапсырмаларды орындаулары тиіс. Педагог ғарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтады (ғарышкер ауада қалқиды, ғарышкер аспанға ұшады, ғарышкер скафандр киеді, ғарышкер қолын бұлғайды) | **Үстел үсті ойыны.**<br>**«Есіңе сақта».**<br>Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Байқоңыр" ғарыш айлағы.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды алақанның арасына салып домалатып алғаннан кейін тігінен есу арқылы щұжық тәріздес пішін шығарып, зымыранның денесін жасауға,оның тұрақтылығын тексеру, екінші бөліктен домалатып, шыққан бөліктің басын шымшып конус денесіне айналдыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балалар сол қимылды қайталап отырады. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындайды, сол топ жеңген болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)***<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ғарышқа саяхат жасау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Планета түрлерімен таныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Жер планетасы жайлы әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Жұлдыздар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ғарышкерлермен таныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңкіс тақтайдың үстімен жоғары-төмен жүру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет» (дене шынықтыру)**<br><br>**Музыка**<br>"Ғарыштағы қоңыраулар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Денеміздің тепе-теңдігін сақтайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүруді секірумен кезектестіру; қарқынды жылдамдатып жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша оң аралықтан сол аралыққа ауысуға үйрету.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Балапандар мен мысық» (дене шынықтыру)** | **Музыка**<br>"Ғарышкерлер жыры".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту.<br><br>**Картотека №13**<br>**«Ол қалай жүреді?»(музыка)** | **Дене шынықтыру**<br>"Цирк шатыры астында".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы тақтаймен жоғары-төмен жүруге үйрету.<br>**Картотека №2**<br>**«Ұйқыдағы аю» (дене шынықтыру)** | **Қазақ тілі**<br>"Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау."<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға ғарыш жайлы алғашқы түсініктерін дамытуға жәрдемдесу; «ғарыш» туралы түсінік қалыптастыру; ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру; сандық қатар, тура және кері санау жайлы түсініктерін бекіту; адамның дене мүшелері мен бет әлпет бөліктері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде сөйлеуді мұқият тыңдауды үйрету; зат есімді сөздерге көптік, тәуелдік жалғауларды дұрыс қосып айтуға үйрету; сөз ішінде [ғ] дыбысын дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтауды, қиялды, ой-өрістерін дамыту. Ізденімпаздыққа, әдептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>**Картотека №5**<br>**«Табиғат құбылыстарын ата» (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Ұшып, қонып жүр торғай,<br>Жем іздейді.<br>Серігіне табасын жегізбейді,<br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br>**Бақылау.** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.<br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру)**<br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Еңбек.** "Құстарды тамақтандыр". **(еңбек дағдылары)**<br>Құстарды тамақтандыруға | **Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы,<br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>**Бақылау.**<br>Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене шынықтыру)**<br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге | **Құстардың ұяларын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>"Шым тостаған".<br>Далаға кім тастаған?<br>(Құстың ұясы)<br>**Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ | **Ұяны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ши түбінде шым кесе.<br>(Ұя)<br>Тақпақ.<br>Құстар ұя салады,<br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br>Жабағы жүнді жияды,<br>Жайлы қып жасап ұяны<br>Жұмыртқасын салады.<br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды.<br>Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады.<br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру)**<br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен | **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>"Уф!"-десем бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек дағдылары)**<br>Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жермен еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Картотека №15**<br>**«Ұшты -ұшты»**<br><br>**Музыка**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Катротека № 41**<br>**«Көнілді тамшылар»** | **Дене шынықтыру**<br>"Жүру, еңбектеу және секіру жаттығулары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 50-60 метрге жүгіруге үйрету.<br><br>**Картотека №5**<br>**«Допты қуып жет»** | **Музыка**<br>"Көктем шақырады".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Қимылдар тізбегін үзбе".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету<br><br>**Картотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | **Қазақ тілі**<br>"Достық жайлы ән. Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы."<br>Мақсат-міндеттер. Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып, тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап, айтуға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қатынастық дағдыларын дамыту. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, әдептілікке, достарына деген сыйластыққа, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу. **Катотека №9 «Табиғат құбылыстарын ата?»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді.<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақ)<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты, ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел).<br>**Қимылды ойын. «Допты дәлдеп тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау.<br>**Өз бетімен ойнау.** | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күннің көзі)<br>**Бақылау.** Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса, соғұрлым жылуды көп береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру. Шешім қабылдау.<br>**Қимылды ойын. «Күн мен түн». (дене шынықтыру)**<br>Ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау.<br>**Еңбек.** Аулада жұмыс. Балалар ойнайтын құмның жан-жағын жинап, жоғары көтеру. **(еңбек дағдылары)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Келсе де даусы құлаққа,<br>Өзін ешкім көрмейді. (Жел)<br>**Бақылау.** Жел қай жақтан болып тұрғанын бақылау (салқын жел, жылы жел, самал жел, қатты жел).<br>Тәжірибе: жапырақтарды жел қалай ұшырып әкететінін аңықтау.<br>**Қимылды ойын. «Кім ұшты?» (дене шынықтыру)**<br>Сөздің мағынасына қарай ойынды ойнау, мұқият тыңдау.<br>**Еңбек.** Тоты құстың торын жуамыз, балаларды өз бетінше торды жуып, сүртіп тазалауға үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Аспанды бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Бір түкті кілем,<br>Бір түксіз кілем. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылай отырып бұлт жоқ, аспан ашық ,ақша бұлт, көгілдір екенін бақылаймыз. Аспанның өзгерістерін, күннің ашық болып, жылу шашып тұрғанын, бұлттың жоқтығын бақылау.<br>**Кимылды ойын. «Ұшқыштар». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың біліктілігін бекіте отырып, бір-бірін итермей, орынға таласпай, сөздерді анық, мәнерлеп айтқызу. Мәтінге сай сөздерді қайталату.<br>**Еңбек.** Аланда ойын | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Түрі кірер даланың.<br>(Жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Жауған жері шөп болсын.<br>**Бақылау.** Аспандағы бұлттардың көшіп қозғалып жүргенін бақылай отырып, бұлттанып күннің түнеруіне бақылау жасаймыз (бұлтты, күңгірт, сұр бұлт, бұлыңғыр бұлт, жаңбыр жаууы мүмкін). Жыл мезгілінің өзгеруіне, күннің күркіреуіне назар аудару. Тыңдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сабынды сумен ойнау». Табақшаға көпіршікті жинап, дөңгелек көпіршіктерін жіберу немесе дайын көпіршіктерді қолданып үрлеп, ойнауды жалғастыру. | **Өз бетімен ойындар.** Балаларға ойнауға жағдай жасау. Ертегіден көріністер көрсету, бағыт-бағдар беру. | **Өз бетімен ойындар.** Балалардың ойлау қабілетін кеңейту. Бір жағдайға байланысты ойынды жандандырып, ұжыммен жұмыс жасау. | бұрышындағы құмдарға су құямыз. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Әр түрлі көлемді ыдыстарды қолданып ойыншықтар жасау. | Жаңбырдың дауысын тыңдаймыз. **Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Тротуарды, жол жиегін әктеу, сыпыру, жинау. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Қағаздан қайықтар жасап, жырақтағы шалшық суларға жүзгіземіз. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Кішкентай тас пен құмырсқа» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау.<br>Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-** | **Математика негіздерінен** | **Қоршаған ортамен** | **Көркем әдебиеттен ойын-** | **Құрастырудан ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **жаттығу**<br>"Тиіннің арманы әңгімесін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "Тиіннің арманы" әңгімесімен таныстыру; әңгімеде сипатталған жабайы аңдар кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы әңгіме туралы ұғымдарды қалыптастыру; "арман" сөзінің мағынасын түсіндіру. | **ойын-жаттығу**<br>"Биіктігі әртүрлі ағаштар саябағы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда төрт объектінің төрт түрлі ұзындық шамасы туралы ұғымдар қалыптастыру. | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ағаштар бүршік жарды".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштар мен бұталар туралы түсінік бере отырып, табиғаттың жанды құбылыстарының ерекшеліктермен таныстыру. | **жаттығу**<br>"Өгіз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Өгіз" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | **жаттығу**<br>"Қызғалдақ гүлін жапсырамыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша гүлдің басын құрастыруға, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету.<br><br>**Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту.<br>- Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығулары**<br>"Түлкіні тап" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады.<br>**(дене шынықтыру)** | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Шеберхана" үстел үсті ойыны.**<br>Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».**<br>Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Түрлі-түсті гүл шоғы».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.<br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?<br>Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..<br>Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-** | | | | |

| | |
|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пенептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | Әңгіме жүргізу. | Кеңес: «Саусақ жаттығулары. Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.**<br>Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі ауа райын бақылау".<br>Мақсат-міндеттер: көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстарын бір шаңырақ астында тамашалаудың ерекшеліктерімен таныстыру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Алан мен Данаға сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға Алан мен Дана суретін үзік сызық бойымен дұрыс қиып алуға; қағаз бетіне жіп қиындыларын орналастырып, олардың үстіне шарларды жапсыруға үйрету. | **Бір апта**<br>Дүйсенбіде достарыммен ойнадым,<br>Сейсенбіде серуенге тоймадым<br>Сәрсенбіде суда жүздім салқындап.<br>Бейсенбіде би билеуге тоймадым.<br>Жұма күні бардым үлкен жарысқа,<br>Сенбі күні сапар шектім алысқа<br>Жексенбіде еш жерге мен бармадым<br>Анашыма көмегімді арнадым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Адал достар»**<br>Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» | **Саусақ жаттығуы.**<br>"Достық"<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту және** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады. | **көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)***<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көкісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | "Бір шаңырақ" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Ұлттар достығы" туралы әңгіме, сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Ұлттар" туралы суреттер көрсетіп, ұлттармен таныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Секіртпеден секіру".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»**<br><br>**Музыка**<br>"Дос болайық бәріміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Секіртпені игерейік".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метрден 3 рет жүгіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүгіруге үйрету.<br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Дос болайық бәріміз". (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.<br><br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | **Дене шынықтыру**<br>"Бірігіп шеңбер құрайық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарқынды өзгертіп жүру; 20-25 см биіктіктен секіруге үйрету.<br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қазақ тілі**<br>"Сарбаздар! Адымда!".<br>Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлау: алға, артқа, оңға, солға."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы әскери қызмет туралы жалпы түсініктерін, «Отан» туралы түсініктерін дамыту; сарбаздың кім екенін түсіндіру; алдыға, артқа, оңға, солға ұғымдары жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Балаларды саптық әндерді марш ырғағында айтуды, адымдап қозғалуды, қарапайым бұйрықты есту, түсіну, орындауды үйрету; сарбаздардың негізгі қимыл-қозғалыстарын айқындайтын етістіктерді айтуды меңгерту; есту мен еске сақтау, ойлау қабілеттерін зейінділіктерін, кеңістікті бағдарлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Картотека № 21**<br>**«Не артық»** | | | | дағдысын, қатынастық біліктіліктерін дамыту.<br>Отанға деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Картотека № 10**<br>**«Көңіл күйді көрсету»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>**Бақылау.** Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру.<br>Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)**<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы | **Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау.<br>Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту.<br>Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)**<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. | **Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.<br>**Бақылау.** Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су | **Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды.<br>(Балық)<br>**Бақылау.** Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек.<br>**Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру.<br>**Еңбек.** Бақшадағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Велосипед тебу. **(дене шынықтыру)**<br>Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Асфальтқа бормен сурет салу.<br>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)**<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>**Еңбек.** Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)**<br>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау.<br>Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Сарғыш марғау – қонақжай " тақпағы бойынша әңгіме құру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "Сарғыш Марғау - қонақжай" тақпағымен таныстыру; адамның, "қожайын", "үй иесі", "қонақ" сөздерінің | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы. Геометриялық пішіндер."<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дөңгелек, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Әке мен бала".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Әке мен бала" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, әңгіме желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің көше".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі түсті фломастерлер арқылы бірнеше қабатты түрлі үйлерді салу амалдарына үйрету; суретті тіктөртбұрышты салудан бастап, сұлбасы бойын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұлттар достығы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдері туралы түсінік беру; әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Қимылды ойын. Кетті,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мағынасын түсіндіру.<br><br>**Қимылды ойындар. Марғаулар мен күшіктер**<br>Ойынға қатысатын балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтағы балалар марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды ақырын жүгіруге шақырады. «Күшіктер!» деген кезде – екінші топтағы балалар орындықтан өрмелеп өтеді. Марғаулардың соңынан төрт аяқтап қуады, үреді. Марғаулар мияулап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығады. Күшіктер үйшігіне қайтып оралады. Екі-үш рет ойнағаннан кейін орындарымен алмасады. Ойын қайта жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | **«Сыпайы өтініш»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. | **Ритмикалық жаттығу**<br>Біздер тату баламыз,<br>(қолдарынан ұстайды)<br>Гүлдей жайнап жанамыз.<br>(екі қолын жоғары көтеріп гүлдің бейнесін жасайды)<br>Жаттығулар жасасақ,<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>(орындарынан тұрады)<br>Қолды белге қоямыз,<br>(қолдарын белге қояды)<br>Бұрыламыз оңға бір, (оңға бір рет бұрылады)<br>Бұрыламыз солға бір. (солға бір рет бұрылады)<br>Бір, екі, үш, төрт. (санайды)<br>Жоғары қолды созамыз<br>(қолдарын жоғары созады)<br>Аяқ ұшында тұрамыз. (аяқ ұшында тұрады).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда болған шақпақтар ішін шахмат тәртібінде бояу техникасына үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Теңге ілу**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. | **кетті орамал!**<br>Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.**<br>"Достық" | **"Күнді ата" дидактикалық ойыны.** | **Дос туралы мақал-мәтелдер жаттау.** | **Тыныс алу жаттығуы.**<br>Қолға, алып шарды, | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін)<br>Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге).<br>Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, матетматика негіздері)** | 1. Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>2. Досы көппен сыйлас,<br>Досы азбен сырлас.<br>3. Достық-татулық белгісі.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Үрлеймін мен былай.<br>Уф-ф-ф,<br>Үрлеймін деп қатты,<br>Жарып алдым шарды. Пах.<br>**(дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қим сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Суреттер көрмесін ұйымдастыру. | "Ата-аналарға кеңес. "Бала тілін дамыту» | Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.05-05.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 01.05.2023 | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | | «Ұлттар достығы» тақырыбында фотосуреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: ұлттар достығы тақырыбында бояу бояту.<br>**(сурет салу)** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Отан қорғаушыларға сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: ысқыштан танкті құрастыруға үйрету.<br><br>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын күн аспаны".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жер бетінде тіршілік пен бейбітшілік болуы үшін Күннің қажеттігі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | **Ритмикалық жаттығулар**<br>Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды)<br>Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)<br>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды)<br>Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Ел қорғайтын боламыз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-** | | **«Достық» шеңбері.** | Барлығымыз табиғатты | "Бейбітшілік қорғанында" | **«Қайырлы таң».** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекетке дайындық** | | Дос болам десең,<br>Досыңды сыйла,<br>қымбаттым!<br>Досыма сонда,<br>Досымен ғана қымбатпын.<br>- Ол - қуаныш, махаббат және достық шуағы.<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Жеңіс күнін тойлаймыз тақырыбында сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>Жарты шеңбер жасап отырады. Бәрі бірге айтады.<br>Ел, бейбітшілік, туған жер тақырыптарына байланысты мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен, ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!» - тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Ұлы ардагерлер көрмелерін ұйымдастырып, хикаяларын айтып беру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қабырғаға лақтыру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге және жұппен жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | **Музыка**<br>"Жауынгерлер маршы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету.<br>**Картотека №39**<br>**«Үкілі тақия»** | **Дене шынықтыру**<br>"Доппен жаттығулар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша тоқтап жүру; түрлі бағытта жүгіру; бөрене арқылы еңбектеп өтуге үйрету.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | **Қазақ тілі**<br>"Гүлдер. Алыс-жақын"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы гүлдердің түрлері жайлы білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның орналасуын «жақын», «алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; көктемгі табиғат өзгерістері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді үйрету; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы еске сақтауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, айналасындағы заттарға деген мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>**Картотека №19**<br>**«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң қүтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Шырша, қарағай, жөке ағаштарын бақылау. Жапырақты ағаштармен салыстыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Үстінде жасыл тоны бар.<br>Балаларды қуантар.<br>(Шырша)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды ағаштардың құрылымын салыстыруға, қарастыруға қызықтыру. Шырша мен қарағай, олардың белгілерін ажыратуға үйрету, бұтақтардың қалыңдығы мен орналасуы (қарағайда бұтақтары жоғары, | **Бағбанның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Жеміс біткен бау-бақша<br>Желі жайды жан-жаққа.<br>Бақта құс та сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>**Бақылау.** Үлкендердің жұмысы жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Жұмысқа қажет құрал-саймандармен таныстыру (тырнауыш, күрек, сукүйғыш т.б.).<br>Бағбанның жұмысының | **Бақаны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>«Бақа».<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Басың неге жалпақ,<br>Темір телпек көп киіп,<br>Басым содан жалпақ<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Көзің неге тостақ<br>Қарауылда көп қарап,<br>Көзім содан тостақ,<br>**Бақылау.** Бақаны бақылау, оның ерекшеліктерін айту, түсі жасыл және дақтары бар, шөпте көрінбейді, саусақтарының арасындағы бос тері, жүзуге көмек береді, секіреді, | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Екі басы жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай.<br>(Құмырсқа)<br>Көркем сөз.<br>Ұзын мұрты құмырсқа.<br>Бара жатты жұмысқа<br>Допты алып қолына,<br>Қойдым оның жолына<br>Оң жағына қарады,<br>Сол жағына қарады.<br>«Биік тау,» - деп ойлады.<br>**Бақылау.** Құмырсқалар ұсақ, нәзік, еңбексүйгіш жәндіктер. Олар жердің астында өмір сүреді. Өмір сүретін жерін «илеу» деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шыршада төменіне дейін). Олардың бояулары (қарағай – ақшыл, шырша - жасылдау), жапырақты және жөке ағаштарын салыстыру, ерекшеліктерін көрсету. Жөке ағаштары жіңішке, ұзын және жапырақтары ине тәріздес қатты келеді.<br>**Қимылды ойын. «Бөркінді тап». (дене шынықтыру)**<br>Жоғарыға секіруге үйрету; физикалық сапасын шапшаңдығын,ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру.<br>**Еңбек.** Жөке ағаштарының маңын тазарту.<br>Жөке ағаштарын құрап түскен қылқанын жинастыруға, ағаштарға жақсы қарауға ұмтылдыру. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларға өз орнын сақтауға үйрету. Ойын жүрісінде қажет болған жағдайда 2-3 рөлдерді де орындауға үйрету; қарым-қатынас ережелерін білу, тең дәрежеде болу және басқару. | нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді балалар». (дене шынықтыру)**<br>Құрдастары және ересектермен жағымды эмоционалдық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлдерді күтуде бағбанға көмек. **(еңбек дағдылары)**<br>Тапсырмаларды орындауға үйрету, жұмысты ұжыммен келісіп орындауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Доппен ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Доппен ойнау әдістері: жоғары лақтыру, ұстап алу, тебуді бекіту, жылдамдыққа баулу. | жәндіктермен қоректенеді. Бақаның өмірі жайлы білімді кеңейту.<br>**Қимылды ойын. «Өз үйшігінді тап». (дене шынықтыру)**<br>Әртүрлі қыймыл қозғалыстарды жасау жөніндегі білгілерді бекіту: жүгіру, жүру, секіру, белгі бойынша қимылдау (өз үйшіктерін табу), кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Еңбек.** Балаларды еңбек етуге, үлкенге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Қағаз бақамен ойнау.<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттілігіне тәрбиелеу. | атайды. Илеуді бұзуға болмайды, өйткені құмырсқалар бізге пайдалы.<br>**Қимылды ойын: «Туннель ішімен еңбектеу». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Құмды қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Құмнан шаһар жасау. Балалар ақылдасып не салу керек екенін шешеді. Ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын арттыру. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Алтын санаған аштан өледі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **Сурет салудан ойын-жаттығу "Тікұшақ".**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды қарындашпен тікұшақты салу техникасына үйрету; тікұшақты қағаз бетінің ортасына, түрлі сопақшаларды үйлесімдікте орналастырып, тікұшақ бейнесін салу амалдарын игерту; әскери қызмет, көліктер туралы білімдерді пысықтау.<br><br>**Ұлттық ойын. Түйілген орамал**<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жауынгерлер маршы. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-ң] дыбысы".**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды дауыссыз [Ң] дыбысымен таныстыру; буын мен сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; әскері қызмет ұғымы туралы негізгі мағлұматтар беру.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әскери көліктерге арналған ені әртүрлі жолдар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларда біркелкі | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Көлшіктегі үйректің балапандары".**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды үйректің балапанымен таныстыру, композиция жасауды үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Ақсерек - көксерек**<br>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ.<br>Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көгершін".**<br>**Мақсат-міндеттер: балаларды** Т. Таймасұлының "Көгершін" өлеңімен таныстыра отырып, көгершінді бейбіт елдің тірегі мен белгісі ретінде сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.<br>**(дене шынықтыру)** | заттардың шамасы, төрт түрлі ені туралы ұғымдар қалыптастыру. | 2-ші топ.<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **"Лабиринт" дидактикалық ойыны.**<br>Ойынның мақсат-міндеттері. Балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (қоян мен көгөніс) беріледі, балалар жылдам орындап шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Қайсар рухты баламын" тақпағын жаттау.**<br>Алатау, Алтай арасы –<br>Қазақтың кең даласы.<br>Мен боламын сол елдің<br>Қайсар рухты баласы.<br>Өсіп, өніп, ержетіп,<br>Ақылымды өрлетіп.<br>Елімнің атын шығарам<br>Мықты елдермен тең етіп.<br>Д.Сүлейменов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>"Дәмді тосап".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жалпақ тілдің ұшын жоғары көтеру және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>Қысқаша сипаттамасы.<br>Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>Әдістемелік нұсқау.<br>1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын | Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды)<br>Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)<br>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды)<br>Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қадағалау керек.<br>2.Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3.Тіл оңға және солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін<br>қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | Кеңес: «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Жоба: "Ұлы Отан ардагерлері". Балалардың майданға қатысқан ата-әжелерінің фотосуреттерін әкеліп, көрме | «Майдангер аталар» атты тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұйымдастыруға тапсырма беру. | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05-12.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | | | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жұмбақ жасырмақ жаттығулары". Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөздің жұмбақ формасымен таныстыруды жалғастыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөніндегі түсініктерін пысықтау; заттардың ортақ қасиеттер бойынша топталу принципін қайталау. | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Мақта табақшаларынан гүлді жапсырамыз". Мақсат-міндеттер: мақта табақшаларымен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. | **Саусақ жаттығуы.** Гүлдер . Көктемде жайнар алқаптар - (Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру"). Айналаға гүл қаптар. (Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.) Шашағы аппақ түймедақ, (Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. ) Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"-саусақтарды кесеше жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою.<br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | **«Күлімдеген күн».**<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Дөңгелене кілемде отыр.<br>Бәрі бірге айтады.<br>Әскери көліктер, әскерлер туралы суретке қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн! | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **танысу)** | Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>"Біз өмірдің гүліміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Картотека № 21**<br>**Не артық»** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұзындыққа екпінмен секіру"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып, жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.<br>**Картотека № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | **Қазақ тілі**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**<br>Балалардың ұғымындағы ауыл тіршілігінің ерекшелігі, жыл құсы - қарлығаш туралы білімдерін нақтылау; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; көктемгі егістік жұмыстарының маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қарлығаш туралы қазақ тіліндегі әнді айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Байқампаздыққа, туған жерге сүйіспеншілікке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тәрбиелеу.<br>**Картотека № 17**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қаратаудың басында<br>Киік кетіп барады.<br>Қол аяғы бауырына<br>Тиіп кетіп барады. (Тұман)<br>**Бақылау.** Табиғаттағы тұманды бақылау ол туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліндегі құбылыстар туралы нақты білімдерін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын: «Жасырған затты тауып ал». (дене шынықтыру)**<br>Әр бағытта жүріп, жасырған затты тауып алу, жылдамдыққа тәрбиелеу, ойын шарттарын бұзбай ойнау.<br>**Еңбек.**<br>Бақшада жұмыс істеу. Көгөністерді суару. Өсімдіктерді өз бетімен суаруға үйренуін қалыптастыру (суару ережелерін сақтау). | **Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап,<br>Бөтегесі томпиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>**Бақылау.** Немен көректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене шынықтыру)**<br>«Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту.<br>**Еңбек.** Құстарды тамақтандыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. | **Құстардың шомылғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс. (Аққу)<br>**Бақылау.** Сырттан құстардың шомылғанын бақылау: қауырсындарын тазартады, суды ішеді. Құстарға деген сүйіспеншілігін дамыту, қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Аңшылар және аңдар». (дене шынықтыру)**<br>Дөңгеленіп тұруға және допты лақтырып, қағып алуға үйретуді бекіту. Ойынның шартын орындауға, әділеттілік сезімдерін дамыту.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Арамшөпті жұлу. Үлкендерге көмектесуге талпындыру. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Құмда ойыншықтармен ойнау. Құммен ойнау әдістерімен түрлендіру. Қызығушылықтарын арттыру, шығармашылықтарын дамыту. Әр балаға өз әрекеттерін ұйымдастыруды үйрету. | **Өз бетімен ойындар.** Ойыншық-тербеткіш. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Әртүрлі ойындарға қызығушылығын арттыру және ойнай білу дағдыларын дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таратқы, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Даладағы гүлдерді санайық. Жиын сандар". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді гүл алып".<br>Мақсат-міндеттер: | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Таңғажайып табиғат".<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | Мақсат-міндеттер: балалардың "сан" мен "санау" ұғымдары туралы білімдерін жетілдіру, жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі шәйнек".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қылқалам ұшы мен бояу арқылы шәйнектің сұлбасын татар ою түрімен, гүлмен, безендіру техникасымен таныстыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдар жиынтығын пысықтау. | балаларды Ө.Тұрманжановтың "Көктем келді гүл алып" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Нәркес".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат гүлденуі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; нәркес гүлдері жайлы білімдерін кеңейту. | балаларды көктемгі табиғаттың таңғажайып құбылыстарымен таныстыра отырып, табиғат туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br>**"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".**<br>Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.<br>Шарты.<br>Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.<br>Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді.<br>Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады.<br>**(сурет салу)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Гүлдер .<br>Көктемде жайнар алқаптар - (Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру").<br>Айналаға гүл қаптар.<br>(Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.)<br>Шашағы аппақ түймедақ,<br>(Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. )<br>Көктікен мен қызғалдақ<br>Жердің көркін ашады. | **"Санамақтар".**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық - солпық,<br>Сен кір, сен шық! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"-саусақтарды кесеше жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) **(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | Ата-аналарға кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | «Р» дыбысын айтуда қиналатын балаларға арналған «Тіл туралы ертігі». | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбына әңгіме жүргізу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05-19.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады.<br>Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Көбелек".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер туралы білімдерін тиянақтау; сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, көбелекті мүсіндеуді үйрету. | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы.<br>**(танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** | **Тұқым мен жемістің таралуы жайлы әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Тұқым таралуына байланысты бейнематериал көрсету. (Tigtag junior медиа бөлімінде)<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>Б. Кірісбаев.<br>( |

<table>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою.<br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br><br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Көктемгі егістік туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</td><td>Балабақша ауласындағы ағаштар туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, қоршаған ортамен танысу)</td><td>Егістікке жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</td><td>Көктемгі егістік тақырыбында суреттерге қарап мәтін құрап әңгімелеу.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</td><td>Өсімдіктердің гүлдеуі туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша</td><td>Дене шынықтыру<br>"Бақалар ойыны".<br>Мақсат-міндеттер:</td><td>Дене шынықтыру<br>"Кенгурудың қимылдарын қызықтайық"</td><td>Музыка<br>"Жау, жау, жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттер:</td><td>Дене шынықтыру<br>"Түрлі жазықтықтарда бүйірлеп адымдау".</td><td>Қазақ тілі<br>""Егістікке арбамен барамыз". Еркелетіп ата."</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | балаларды сапта тұрып оңға және солға бұрылыстар жасауға; затты көлденеңінен ( 2–2,5 м арақашықтықта) оң қолмен лақтыруға үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді**<br><br>**Музыка**<br>"Кемпірқосақ жолақтары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру.<br>**Картотека № 6**<br>**«Аспапты үнінен тап»** | Мақсат-міндеттер: балаларды затты көлденеңінен ( 2–2,5 м арақашықтықта) сол қолмен лақтыруға үйрету.<br><br>**Картотека №13**<br>**«Ақсерек- көксерек»** | балалардың көңілді әнді педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге және аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.<br>**Картотека № 40**<br>**«Түрлі түсті шеңберлер»** | Мақсат-міндеттер: балаларды допты қағып алып жүгіру; бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өтуге үйрету.<br>**Картотека № 10**<br>**«Доптар мектебі»** | Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы ауыл тіршілігінің ерекшелігі, жыл құсы - қарлығаш туралы білімдерін нақтылау; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; көктемгі егістік жұмыстарының маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қарлығаш туралы қазақ тіліндегі әнді айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктіліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Байқампаздыққа, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**№ 8 Дидактикалық ойын: «Жайлауда»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>«Көктемгі су» Н.Айытов | **Заттардың көлеңкесін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ. | **Дәрілік өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>(шақпашөп, сасықшөп, | **Шөптесін өсімдіктердің гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмбақ.<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясына ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>(Ағаш)<br>**Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту.<br>**Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады.<br>**Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. **(сурет салу)** | Қаусатып қар боранды,<br>Сарқырады бұлақтар.<br>Көктем қайтып оралды,<br>Құлпырды сай қыраттар.<br>Таулар тастап ақ тонын<br>Сағым ойнап, көзді алып<br>Көк торғынға оранды<br>Жақын тартты жырақтар<br>**Бақылау.** Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Ойларын өздері қорытындылауға үйрету, сөздік қорларын байыту.<br>**Қимылды ойын. «Қояндар». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауға үйретуді жалғастыру (бастаушы айтады, бірақ өзі басқа қимылдарды жасайды). Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда, күш пен жігерлілікті дамыту.<br>**Еңбек.** Өз қалауымен еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. Бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге | Мен жүгірсем, ол да жүгіреді,<br>Мен мүдірсем, ол да мүдіреді.<br>(Көлеңке)<br>**Бақылау.**<br>Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің ұзындығын өлшеу, көлеңкеде заттар суық, күннің көзінде жылы болатынына көңіл аудару. Балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру. Бақыланған затқа қызығушылығын ояту.<br>**Қимылды ойын. «Қақпа». (дене шынықтыру)**<br>Жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту.<br>**Еңбек.** Жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру. Белсенділігін дамыту, жұмыстың үнемді әдістерін үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу, өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек** | үлкен жапырақтар т.б.)<br>Жұмбақтар.<br>Қай өсімдік болады<br>Болмаса да ең көркем<br>Шипалы шөп ...<br>(Жолжелкен)<br>Өзіне шап-шақ<br>Киген қалпағы аппақ<br>Далада тұр қаптап (Бақ-бақ)<br>**Бақылау.** Балабақшаның ауласында өсіп жатқан өсімдіктерді тану, аттарын есте сақтауға үйрету. Дәрілік өсімдіктерді қандай өсімдік, қандай мақсатпен қолданылатыны жайлы балаларға түсіндіріп өту. Мысалы: түймегүлді – антисептикалық емге, шақпашөпті – дәрумендер бар т.с.с..<br>**Қимылды ойын. «Қиын өткел». (дене шынықтыру)**<br>Ұқыпты, тиянақты болу керек екенін айтып өту, ойынның шартын қадағалау. Ойын ойнап жатқанда балалардың достарына көмектесу, бір-біріне деген қарым-қатынастарын ояту.<br>**Еңбек.** Емдік өсімдіктерді топтастыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Балаларды емдік өсімдікті жинауға шақыру, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену. | Тақпақ; «Гүл» А. Меңжанова.<br>Қызыл-жасыл гүл егіп,<br>Баптап, күттік, түрлеттік,<br>Апта сайын суардық.<br>Гүлдендірдік ауланы,<br>Аулада гүл қаулады.<br>**Бақылау.** Бұл өсімдіктердің шалғындарда өсетінін, сол себепті жарықты жақсы көретінін түсіндіру. Балаларды алаңда өсетін шөптесін өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы түсініктерін қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр,сабағы, жапырақ, гүл, тұқымы), олардың әр өсімдікте әртүрлі екендігін түсіндіру, өсімдіктер гүлдейді.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Екі топқа бөліну, ойын ережесін сақтау (ешкіні ұстап, бір аяқпен қозғалу, жүргізуші сенің белгіңді атаған кезде ғана жүгіру). Шыдамдылыққа үйрету.<br>**Еңбек.** Емдік өсімдіктерді кептіру. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді жинауда жинақылыққа үйрету, айналаға пайда тигізу, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр баланы өз қалауы бойынша ойындар таңдап алып ойнауға, ұжым болып ойнай білуге тәрбиелеу. | **дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың өзіндік ұжымының даму негізі ретінде дұрыс нысанды қарым-қатынас топтарын пайдалану. Ұялшақ, жасқаншақ балаларға ойынға кірісуге көмектесу, өте белсенді балалардың басқалардың да ынтасын білдіруіне кедергі келтірмеуін қадағалау. | **Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншылардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру. | қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтау.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Әр балаға өзіне ұнайтын іспен айналысуға мүмкіндік беру. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Түскі ас** | | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Қаңбақ шал» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып орман тұрғындарына үйшік құрастырамыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағаз бетінің оң жағына есептеу таяқшаларынан қоянның үйшігін, ал сол жағына аюдың үйшігін құрастыруға | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жау, жау, жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Апалы-сіңлілі үш қыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Апалы-сіңлілі үш қыз" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісіндегі кейіпкерлердің | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жайлаудағы гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Тышқандарды санаймыз. Жиын сандар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. | | қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету. | салу амалдарына үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны**<br>Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Театрды сахналау.**<br>Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез келген ертегіні сахналайды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Еңбек" тақпағын жаттау.**<br>Гүл өсірсең, терлеп,<br>Мұның ата - Еңбек.<br>Кесте тіксең, зерлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Қырға шықсаң, өрлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп<br>Әзірлесең - Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек. | **Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап".**<br>Мақсат-міндеттер: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың егіншілер туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету.<br>**(қоршаған ортамен** | **Ойын-тапсырма: "Қайшымен контур бойынша сурет қию".**<br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Н. Жанаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(жапсыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін<br>қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес:<br>«Саусақ жаттығулары». Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05 - 26.05.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеттерін өз бетімен, адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)** | Үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпырысу, қоқыстарды жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | | | дамыту. Экологиялық мәдениетке, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Санамақтар".**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру.<br>**(математика негіздері)** | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, байқағыштықты, зейінділікті дамыту.<br>**(матетматика негіздері)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген | **"Фант" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Пазлдарды жинаймыз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, шыдамдылықты дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де, кеш те де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар мезгілде, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Су мен сабын-бір жолдас,<br>Жоймас олар кір қоймас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаз туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз табиғатының суретіне қарап әңгіме құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Кімнің адымы нық?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өтуге үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**«Өз үйінді тап»**<br><br>**Музыка**<br>"Кел, билейік!"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>**Картотека № 13**<br>**«Ол қалай жүреді»** | **Дене шынықтыру**<br>"Орындықта бүйірлік адыммен жүру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге және жұппен жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.<br>**Картотека №7**<br>**«Қояндар мен қасқыр»** | **Музыка**<br>"Кел, билейік!" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | **Дене шынықтыру**<br>"Етпетімен еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттер: гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету.<br><br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>**«Күн мен түн»** | **Қазақ тілі**<br>"Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету. Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдептілікке, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | байқампаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека№8**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады?<br>(Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. | **Шықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Маржандарым тығылды,<br>Таң атқанша ағылды. (Шық)<br>**Бақылау.** «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Менің көңілді добым». (дене шынықтыру)**<br>Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу.<br>**Еңбек.** Ауылдағы жұмыс.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктердің солып | **Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап,<br>Бөтегесі томпиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>**Бақылау.**<br>Немен қоректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене шынықтыру)**<br>«Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту.<br>**Еңбек.** Құстарды | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясына ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>(Ағаш)<br>**Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту.<br>**Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және қауіпті емес жақтарын айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | **Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Айналмамен ойнау. Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | қураған жапырақтарын алып тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. | тамақтандыру.<br>Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық-тербеткіш.<br>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады.<br>**Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де, кеш те де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар мезгілде,<br>Су мен сабын-бір жолдас,<br>Жоймас олар кір қоймас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Ақылды етікші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Арманшыл сарғыш марғау" тақпағы негізінде түстер туралы әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ оқу және әңгімелеу сөйлеу формалары жөнінде білімдерін пысықтау, зат есімдердің құбылысты, затты, аңды, құсты бідіретіні жөніндегі түсініктерін тиянақтау; сөздердің логикалық ой құрылымына тізілетінін көрсету; түстерді пысықтау. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өз қалауы бойынша".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз қалаулары бойынша сурет салу әрекетіне машықтандыру; барлық игерген сурет салу техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br><br>**Ритмикалық жаттығу**<br>Жолдарыңа үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер мен кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын. Теңге ілу**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн жайлы мәлімет беру; күннің пайдасы туралы білімдерін кеңейту; күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретіні жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Ұлттық ойын. Түйілген орамал**<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Судағы ғажап балық".<br>Мақсат-міндеттер: қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**"Эстафета".**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. Балалардың тілін және сөздік қорын дамыту. Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту.<br>Ойынның барысы. Балалар дөңгеленіп тұрады, жүргізуші қолында эстефаталық таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Беті-қолын жуады.<br>Оңға-солға шайқалып,<br>Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады.<br>Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біздер айттық тақпақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.<br>**(дене шынықтыру)** | қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.<br>**(дене шынықтыру)** | қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға бере бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер». (Сарғыш марғауға кілемшелер жасау)**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, | **"Суретші нені шатастырды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен логикалық ойлауын, зеректікті дамыту. Жаз мезгіліне байланысты суреттер. Мысалы: жаз мезгілінде қар жауып тұр.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1) Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>2) Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3) Қырда қырау<br>Қызыл ала бұзау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?".**<br>Мақсат-міндеттер: тапқырлықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Жаз келді" тақпағын жаттау.**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br>Ж.Молдағалиев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.<br>**(математика негіздері, шығармашылық дағдылар)** | **таныстыру)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>"Айнаға қара, біз қалай ұқыпты киінгенбіз" ойын жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: киімдегі ұқыпсыздықты көріп, сол уақытта түзетуді үйрету, таза жүруге тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін<br>қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса ..." | Баланың эмоциялық жағдайы. | Әңгіме: «Жаздағы дамытушылық ойындары». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05-31.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(еңбек дағдылары)** | | |
| | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br><br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.<br>("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті! | **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(математика негіздері)** | **"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабылеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру.<br>Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді.<br>Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек.<br>Педагог гүлдерді атауға да шақырады.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңкейіп кеп, ерінбей,<br>(Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаз мезгілі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | Жаз мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге қарап әңгіме құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Жаз мезгілі туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жәндіктерді бақылаймыз, еңбектейміз, жорғалаймыз".<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) үйрету.<br>**Картотека № 13**<br>**Қимылды ойын: «Қоңыздар»**<br><br>**Музыка**<br>**Оқу қызметінің мақсаты**<br>Балаларға көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде денесін әннің сыр-сипатына сай ырғақпен қозғалтуға, қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбысында бірге | **Дене шынықтыру**<br>"Жайдары жаздың ойындары".<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Картотека № 9**<br>**Қимылды ойын: "Допты қуып жет "** | **Музыка**<br>**Оқу қызметінің мақсаты**<br>Балаларға көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде денесін әннің сыр-сипатына сай ырғақпен қозғалтуға, қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбысында бірге аяқтауды үйрету; дауысқа арналған жаттығуларды дұрыс орындауға жаттықтыру.<br>**Картотека № 37**<br>**«БАСПАЛДАҚ»** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтауды үйрету; дауысқа арналған жаттығуларды дұрыс орындауға жаттықтыру<br><br>**«Соқыртеке» дидактикалық ойыны**<br>Ойынның мақсаты: балаларға әнді айта жүріп, епті, жылдам болуға үйрету.<br>Ойынның барысы: балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер жасайды, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады.<br><br>Балалар айтатын «Соқыртеке» әнінің шумағы:<br>Соқыр теке, бақ, бақ,<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң, қанекей,<br>Бірімізді тап, тап! | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.** Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білугe үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады? (Қоңыз)<br>**Бақылау.** Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. | **Шөптерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>«Айт» десе жүгірмес,<br>Су тисе сілкінбес. (Шөп)<br>**Бақылау.**<br>Аулада өсетін өсімдіктерді танып білу, 3-4 түрін.<br>Жапырақтарын, гүлдерін, тамырларын қарап көру.<br>Гүлді жұлмауға, баспауға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Бірінші** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)** Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. **Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **Өз бетімен ойындар.** Айналмамен ойнау. **(дене шынықтыру)** Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. **Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)** Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. **Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойын түрін таңдауындағы | **болу». (дене шынықтыру)** Бір сызықта тұрған әртүрлі заттарды айнала жүгіру. Ойын ережелерін бұзбай, жарысқа қатыстыру. **Еңбек.** Тәрбиешінің көмегімен жұмысты бөліп алуға келісу, бірлескен тапсырманы өз уақытында аяқтау іскерліктерін қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Өзіндік ойнау, өзін-өзі басқара білуге үйрету. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дербестік әрекетін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Сақина" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек | **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын | **Ритмикалық жаттығу**<br>Шынығу үшін шымыр боп,<br>(оң қолын жоғары көтереді)<br>Шынығамыз шаршамай.<br>(сол қолын жоғары көтереді)<br>Бұлшық еттер шымыр боп,<br>(қолдарын кеуде тұсында кереді)<br>Аламыз сосын тыныс жай.<br>(төменнен жоғары әкеліп, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың алақанын ашып, байқатпай біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады).<br>Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап | дем шығарады)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаз мезгілі туралы тақпақтар жаттау.**<br>Жарқын жаз<br>Көл жағалай көп құстар<br>Ұшып-қонып жатады.<br>Қиқуласып әр тұстан<br>Сызылтып үн қатады.<br><br>Дөңгеленіп төбеден,<br>Сәулесін күн төгеді.<br>Жарқын жаздың не деген,<br>Жасыл түсі көп еді.<br>А.Омарова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Театрды сахналау.**<br>Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез-келген ертегіні сахналайды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>«Тазалық – денсаулық кепілі» | Ата-аналарға кеңес.<br>Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі. | "Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес. | | |

Келісемін
«Балбөбек» шағын
орталығының меңгерушісі
_______ Касенова А.Ж.

Бекітемін
Атамекен ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
_______ Зикирин Ж. Е.

# 2022-2023 оқу жылына арналған «Балбөбек» шағын орталығының «Қарлығаш» тобының перспективалық жоспары

Орындаған: Касенова А.Ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_»Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қыргүйек | Дене шынықтыру | – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;<br>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;<br>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;<br>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;<br>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.<br>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>Спорттық жаттығулар:<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; |

| | | |
| --- | --- | --- |
| | | 2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дағдыларды қалыптастыру:<br>- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>Сөздік қор:<br>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауды үйрету.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау. |
| | Көркем әдебиет | 1) ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға. |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) туыстық атауларды білдіретін сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және тағы басқа) дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер);<br>2) қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену;<br>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| | Математика негіздері | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініктерін<br>қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.<br>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасуын білуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Күн райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | 1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта<br>және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; |
| | Сурет салу | Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); |
| | Мүсіндеу | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | Жапсыру | 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету;<br>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ

Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;<br>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;<br>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;<br>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;<br>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.<br>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру және тағы басқа;<br>3) секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Спорттық жаттығулар:<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;<br>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дағдыларды қалыптастыру:<br>2) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздік қор:<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;<br>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану; |
| | Көркем әдебиет | 2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауды; |
| | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>Тілдің грамматикалық құрылысы:<br>1) сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;<br>2) жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.<br>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| | Математика негіздері | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>2) бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау.<br>Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануды және атауды үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.<br>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Өсімдіктер әлемі.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көгөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Құрастыру | 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;<br>3) ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; |
| | Сурет салу | 2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру. |
| | Мүсіндеу | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.<br>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық- |

| | | |
|---|---|---|
| | | түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | Жапсыру | 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;<br>3) желімдеудің техникасы; |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады;<br>4) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады.<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Балбөбек» ш/о «Балапан» тобы
Топ: аралас топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: жүгіру дағдыларын жетілдіру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>- қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>- заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>- қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>- қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен |

| | | |
|---|---|---|
| | | таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (күз мезгілі, ауа райы, күз өнімдері, көлік түрлері, аңдар, ертегі кейіпкерлері) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ә" дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.<br>**Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге, бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қою, үлкендердің | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа естеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге (тазалау, кептіру және тағы басқа) іскерліктерін дамыту. | | салып отыру. |
| | **Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды)<br>"Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) | **"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш тағы басқа)<br>Педагог:<br>- Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, | **"Сәлем!" саусақ жаттығуы.**<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды).<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды).<br>"Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады).<br>Қасымдағы көршіме (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды).<br>- Сәлемет пе, (екі қолды жоғары созып, аспанды көрсетеді)<br>Шуақты күн көкте! (екі | **Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ".**<br>Екі көз бен қос құлақ<br>Бір бас пенен бір мұрын<br>Нешеу болды қос шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің ...<br>Нешеу болды қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды<br>Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным, | **"Өрмекші" саусақ жаттығуы.**<br>Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),<br>Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады),<br>Нөсер кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақанның үстінен тез «сырғанап түседі),<br>Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қасымдағы көршіме.<br>(бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қолды жоғары көтере екі жанына кезек тенселеді).<br>- Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды).<br>Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)<br>- Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды).<br>Самал жел желпіген (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстап оңға және солға кезектестіре қозғайды).<br>- Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)<br>Кішкентай түбіртек!<br>Сәлем, таң жаңа атқан!<br>Сәлем, күн арайлы!<br>Сәлемге еріну!<br>Бізде әсте болмайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Тек шынашақ-балапанын.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды),<br>Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі),<br>Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады),<br>Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелер)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерді көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар алғыс айтады, тамақтануға кіріседі. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою. | **"Отбасындағы сыйластық" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңілкүй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты | **"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын | **"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту)** | қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | молайту. **(сөйлеуді дамыту)** | жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Әдемі сап түзейміз!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты | **Дене шынықтыру**<br>"Сапқа тұрайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту.<br>**"Допты дәлдеп** | **Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты | **Дене шынықтыру**<br>"Бауырсақпен шеңберге тұру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**"Нені қайда қоямыз?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту. **"Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.** Мақсат-міндеттері. Суреттегі жануарларды қазақ тілінде атап, қимыл-қозғалыстарын сипаттап көрсету. **(қазақ тілі, дене шынықтыру)** | **лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруға үйрету. **(дене шынықтыру)** | ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс- | **"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп нысанаға лақтыруды үйрету. **(дене шынықтыру)** | **дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Киімдерді шкафқа дұрыс орналастыруды үйрету. Ұқыптылыққа баулу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. **"Ұшты-ұшты" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұшатын және ұшпайтын заттардың ерекшелігін үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап беруге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің әлсіз және күшті жақтарын ажырата білуді үйрету; желдің күшін қандай белгілері бойынша | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді** | **Иттерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмбақ жасыру.<br>Ар жағында орманның,<br>Ар жағында таулардың,<br>Алтын кеспек домалар.<br>(Күн.)<br>- Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)<br>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)<br>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)<br>- Балалар, сендер күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Өйткені біз күзгі киімдерді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Ал таңертең және кешке күн салқын болады.<br>**"Жұбыңды тап" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Зейінділікке, | - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше, балалар, бүгін ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды сыпырып жинаған. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған | анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса желдің күші қатты болғаны, шөп тербелсе желдің күші әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра алуды үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады.<br>(Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктер салынған карточка-суреттері.<br>**"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. | **тапсырмалары** (бүршіктер мен жапырақтарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:**<br>**"Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың саламатты өмір салтына, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір таңбалауыш (фишка) суреттен таратып береді.<br>Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша бірдей түсті таңбалауыштары (фишкалары) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыш (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы бар.<br>Түрлі түсті таңбалауыштар | баланың біріне орамалды артына тастап кету керек. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе істей жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)** | қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауды үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сияқты сәйкес келетін сөз табу. | Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Осы кезде мысық оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады.<br>**Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>**"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | Тапсырма. Су арқылы желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегльдердің арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір-бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуді үйрету. | | қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды әбден көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">әрекет)</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар алғыс айтып, тамақтануға кіріседі.</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар алғыс айтып, тамақтануға кіріседі.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау</td><td>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.<br>"Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары.</td><td>Сурет салудан ойын-жаттығу.<br>"Дуал".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қылқалам</td><td>Математика негіздерінен ойын-жаттығу<br>"Әженің көмекшілері".<br>Мақсат-міндеттері.</td><td>Мүсіндеуден ойын-жаттығу<br>"Әжем пісірген тәттілер".<br>Мақсат-міндеттері.</td><td>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.<br>"Мұрагер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "Мұрагер"</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айтуды үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. Балаларды ойыншықтармен таныстыру кезінде зейін, есте сақтау және қабылдау қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br>**"Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету. | арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қошақаным".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажыратуды үйрету; отбасы туралы түсінік беру. | Балаларда "көп", "біреу", "бір-бірден", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; отбасы жөніндегі түсінікті тиянақтау. Балаларды бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыру біліктерін жетілдіру; зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>**"Жіптерді орнына сал" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Себетке тоқыма жіптерді түстеріне және көлеміне қарай | Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, әртүрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есіп мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру.<br><br>**"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасылық | ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар беру, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. "Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Отбасы" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Отбасы" ойыны арқылы шығармашылықтарын шыңдау; отбасы туралы түсініктерін кеңейту; әр отбасы мүшесінің атқаратын ісі мен рөлі жөнінде ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Менің отбасым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру.<br>Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі:<br>- Сенің отбасың қандай?<br>- Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды, саяхаттайды, спортты жақсы көреді), өйткені ... **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық** | **"Үй жануарын дауысына қарай ажырат" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының дыбыстарын ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойыны. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттері. Ойынға қызығушылықты дамыту, балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру.<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегіні оқып беру. **(сөйлеуді дамыту)** | жинау.<br><br>**"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы. Қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады. Жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру; ересектердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ойынға ұлдар да, қыздар да қатысады. Балалар отбасындағы ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстарының рөлін ойнайды. Балалардың рөлін қуыршақтар ойнайды.<br>Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек. Жиһазды орналастыру, заттар қою, балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек. Педагог осы процесті бақылап, жанжалды | қалыптастыру; отбасылық ынтымақтастық туралы білімдерін толықтыру. "Отбасы" ойыны.<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортада көзін жұмып тұрады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай, дыбыстың қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік.<br>Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің қасына қою керек, қуыршақ | | | жағдайларды шешуге көмектесе алады. Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру: "Балаларды балабақшаға жинау"; "Демалыс күні"; "Үйдегі тазалық"; "Жөндейміз"; "Дастарқан басында" және тағы басқа. Ойын барысы балалар арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар еңбек элементтерін де қамтуы керек. Ойын алдында балаларға отбасылық күнделікті тақырыптағы ертегіні оқуға болады, содан кейін оны талқылап, ойын арқылы сипатталған жағдайда дұрыс мінез-құлық моделін көрсетуге болады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындыққа отырады. Жиhаздың қызметін балалар осылай айтып береді. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Менің отбасым"** Мақсат-міндеттері. Отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. **(көркем әдебиет)** | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. Барысы: балаға әртүрлі жапырақтар таратылады. Балаға жапырақтарды салыстырып, қай ағаштың жапырағы екенін табу керек. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде-бесеуміз. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Өз әжең" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде-бесеуміз. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Ар жағында орманның,<br>Ар жағында таулардың,<br>Алтын кеспек домалар. (Күн.)<br>- Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)<br>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)<br>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)<br>- Балалар, күннің | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше, балалар, бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар | **Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің әлсіз немесе күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу. Ағаш қозғалса желдің күшті болғаны, шөп тербелсе желдің әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат, | **Теректі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктердіктер салынған карточка-суреттері. | **Иттерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бүршіктер мен жапырақтарды жинау).<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.Балалардың денсаулыққа, ойынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ыстық екенін қайдан білдіңдер? Иә, балалар, біз күзгі киімдерімізді киіп жүрміз.<br>Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады.<br>Таңертең және кешке күн салқын болады.<br>**"Жұбыңды тап" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір суретті таңбалауыштан (фишка) таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті | күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе | Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған** | **"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарып-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі.<br>Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді.<br>Педагог барлық жұптарды мақтайды.<br>Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндері суару. | деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу.<br>Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады.<br>Ойыншылар мысықты таңдап алады.<br>Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады.<br>Ал мысық осы кезде оларды ұстауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңбалауыштары (фишка) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыштар (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы бар.<br>Түрлі түсті таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>**"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. | **ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық., шуақты, нұрлы, жайдары .... «Аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбырлы, ашық, бұлтты ... сияқты сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр | Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: ойын түрлерін өз қалауларымен таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегли.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.<br>Балалардың тілін, дыбыстарды дұрыс дыбыстауын дамыту. Халық ауыз әдебиетіне сүйіспеншіліктерін арттыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз мезгіліне байланысты әндерді үйрету. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында суреттерді бояу. Балабақшаның ауласы бейнеленген суреттерді бояу. **(сурет салу)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | Театрлық қойылымдар. **(көркем әдебиет)**<br>Есте сақтау қабілетін жақсартуға арналған үстел үсті ойындар. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қиын бала қайдан шығады?" | Кеңес.<br>"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз". | Кеңес.<br>"Ойыншықтардың бала өміріндегі маңызы". | "Менің сүйікті ойыншығым" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Баланың жетістіктері туралы ата-анасымен әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09-23.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал түрде орындауға; қолды мұқият жууға, кезекшінің киімін киіп, дастарқанды дұрыс жаюға, тамақ ішкеннен кейін ыдыстарды жинау, үстелдерді тазалау, еденді сыпыруға үйрету, үлгі көрсету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында керекті құрал-жабдықтарды ретімен қою, аяғында құрал-жабдықтарды орнына жинауды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмысқа кірісер алдында жұмыс алжапқыштарын киюді, ойыншықтарды ретімен ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қоюды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке шкафта тәртіпті сақтауды үйрету: киім мен аяқ киімнің шкафын босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту, киімді орнына жинап қою іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақтың киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету. |
| | **"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: жануар ойыншықтар. Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны.** ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар | **"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарлардың немесе жансыз табиғаттың суреттерін көрсетіп, айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, | **"Аюға ойыншықтарымызды көрсетеміз" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ойыншықтардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету, ойыншыққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, ұқыпты ойнауды үйрету. Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар. | **Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".** Мақсат-міндеттері. Жануарлардың бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаға көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды, қапшыққа балаларға таныс жануар ойыншықтарды салады. Басқа ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған жануар ойыншықты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жануарлардың | суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. (**көркем әдебиет)**<br><br>**"Мұқият бол" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: жануар, тастар және құстар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді.<br>1. Жануарлар | досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>**(қоршаған орта, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді. Педагог оған ойыншықтарды көрсету керектігін айтады. Балалар сүйікті ойыншығын алып, қонаққа көрсетіп, ол туралы айтып береді.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (маймаңдау, | **"Суретті тап" ойыны. (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету.<br>Одан кейін балалардың көздерін жұмып, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алып, қазақ тілінде атау керектігін айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Кірпіжан" жаттығуы.**<br>Масқат-міндеттері.<br>Балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; сөйлеу қабілеттірен дамыту.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | карточкасын көрсеткенде балалар қолдарын сермеп, шеңбер бойымен баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Құстарды көрсеткенде балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қателескен бала ойыннан шығып қалады. **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға өрмелейді, (екі қол кеуде алдында бүгулі; қолды көтеріп-түсіру, аяқтарды бүгу, кезекпен көтеріп-түсіру)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды. (екі алақанды қосып үйкелеу)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды.<br>Жерге түсіп маймаңдайды. (маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | Нені іздеп аларсың?<br><br>Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректерді іздеймін.<br>Кездейсоқ, кездейсоқ<br>Иіскеп жүріп, табамын.<br>Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қаланың көрнекті жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.<br>Барысы: Астана - мемлекетіміздің | **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың туған жер туралы білімдерін бекіту,<br>Отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балалармен бірге | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Күз қандай?" Мақсат-міндеттері. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары | **Дене шынықтыру** "Айнала алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен | **Музыка** "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай | **Дене шынықтыру** "Нанның құдіреті". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және | **Қазақ тілі** "Не, қайда өседі?" Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету. | сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. "Орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету. | өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы | **«Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, | **Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Қадыр Мырза Әли "Мысық". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>Пошташы<br>Күні бойы жол жүріп,<br>Көрген емес болдырып.<br>Қайтады үйге алғысты,<br>Қапшығына толтырып.<br>- Балалар, пошташы деген кім?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар, пошташы хат таситын адам.<br>- Ол дорбасындағы хаттарды әрбір үйдің есігіне немесе хат жәшігіне қалдырып кетеді.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. | сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылықты және құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту;<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттерІ. Кеңістікті және | балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсат-міндеттері. Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** Тақпақ жаттау.<br>Арасында гүлдің,<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, жасыл, сары,<br>Әп-әдемі бәрі.<br>**Қимылды ойындар. «Абай бол!», «Қайда шылдырлайды?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз | **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау)**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, еңбек етуге құштарлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жоғары қарай секіру", "Шеңбер бойымен". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойын**ы.<br>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту. | Мысық отыр,<br>Ұйқысы әбден қысып отыр,<br>Май берейін,<br>Шайнап отыр,<br>Тышқан берейін,<br>Ойнап отыр!<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сүрлеу жолды сыпыру).**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуді үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруді үйрету; ағаштардың атауын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Серуен кезінде эмоционалды көңіл күй қалыптастыру. | уақытты бағдарлауды жақсарту. | еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Күз келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі қоректер".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Себеттегі жемістер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Сәбіз".<br>Мақсат-міндеттері. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру.<br>**"Күз кереметтерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне қатысты суреттер табу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент/Шығарма шылық**<br>"Пеште тандыр нан пісіреміз". Ұжымдық | педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру.<br>**Сергіту сәті. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса - тұрмайық (орында адымдау), | кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу.<br>**"Дәмінен таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Ненің төлі жоқ?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажыратуды, жануарларға күтім | орындары туралы, білім аясын кеңейту.<br>**Дидактикалық ойын. "Жеміс-көгөніс".**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(математика** | айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік".**<br>Жүрейік, жүрейік, (саусақтармен үстел бетінде аяқтармен адымдар жасап жүргенді көрсету)<br>Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың нанның қасиеті туралы білімдерін кеңейту; тандыр нан жөнінде ұғым беру; тандыр нанның дөңгелек пішінінің ерекшеліктеріне мән беріп, оның дайындалу жолдарын үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".**<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне | Қолға шатыр алайық (аяқтар ұшына тұру, екі қолды жоғары созу, саусақтарды ашып-жұму),<br>Там-там соқса тамшылар (бір қолдың саусақ ұштарымен),<br>Жамылып, отырайық (шоқайып отыру, алақанмен бастың төбесін жабу). **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Нені, қайдан алуға болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. **(сөйлеуді дамыту)** | жасауға, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | **негіздері, сөйлеуді дамыту)** | Күнге сәлем берейік, (алақандармен жоғарыда бұлғау)<br>Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Кім тез жинайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айқастырып салу)<br>Жалпақтап. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".<br>Бұлттар,<br>Тұрмай ауа бер,<br>Жаңбыр бол да,<br>Жауа бер.<br><br>Жазыққа бар,<br>Тауға бар.<br>Бақшаға бар,<br>Бауға бар.<br>Белес-белес белге бар,<br>Сусап жатқан шөлге бар. | **"Күзде" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толдық астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттықтыру, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөздік қорларын жеміс пен көгөніс атауларына толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әр тамшыңды үлессін,<br>Шалғын қаулап<br>Гүл өссін! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Сереуенге қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Шарларды домалату", "Допты қақпаға түсіру" (3-4 рет ойнатылады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігінен шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Логикалық ойындар.<br>Рөлдік еркін ойындар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету. | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары". | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Қарлығаш» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10-21.10.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Демалыс күнін балаңызбен бірге қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға топ бөлмесінде тәртіп сақтауды үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын орындарына жинау, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға өз қолдарынан келетін еңбек түрлері туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды сындырмау. | тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа туралы естеріне салып отыру. | ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін дамыту. | жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | |
| | **"Апта күндері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Апта күндерін атап, еске сақтауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Нан дастарқанға қалай келеді?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Балабақша ережесін** | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.** | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қаншалықты білетіндеріңді көрейік. | **Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын мақсат-міндеттері.<br>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. **(зияткерлік дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сақтау" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Балабақшада өзін дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың тұрмыстық техниканы қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға | Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бір-біріне бірнеше ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стакандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге | тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**"Қарама-қайшылық" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануды үйрету.<br>Ойын құралы: доп.<br>Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр"деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. | Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтын жәй ғана! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға | дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Адымдар" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.<br>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.<br>Әртүрлі тақырыптарды | Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек және тағы басқа **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (екі қолдың әр саусағын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды)<br>Өте пысық үтігім (алақанның сыртқы жағын бір-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>(Аударған А. | қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. **(сөйлеуді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Кокенова) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Ұннан не жасалады?"** | **"Мамандықты ата"** дидактикалық | **"Құймақты жай"** дидактикалық | **"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не** | **"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. **(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптер туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>Барысы: педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және тағы басқа.) **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту.<br>Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды рет-ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>Барысы: балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. **(сөйлеуді дамыту)** | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың қазақ тілінде көпшілігін атаған жеңімпаз болады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ас - адамның арқауы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен | **Дене шынықтыру**<br>"Нан бар жерде ән бар".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіру; бөрененің үстімен | **Музыка**<br>"Ас - адамның арқауы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; | **Дене шынықтыру**<br>"Торғай секіреді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; | **Қазақ тілі**<br>"Нан дастарханға қалай келеді?"<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | денелерін тік ұстап жүру, шеңбер құрау қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын дамыту.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттардың түсін анықтауды, жалау ұстап жүгіруді үйрету. | сенімді түрде жүру; допты лақтыру және қағып алу дағдыларын бекіту.<br>**"Балапандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бөренеге шығып-түсуді, аланда жүгіруді үйрету. | дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетте белсенділіктерін арттыру.<br>**"Кішкене тоқаштар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ортақ белгілеріне | алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>**"Торғай" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жерден жем шоқып жеген торғайдың қимылдарын орындауды үйрету. | сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**"Үшіншісі артық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Артық затты анықтауды үйрету.<br>Нақыл сөздер.<br>Ас атасы - нан.<br>Нан бар жерде ән бар<br>Дәнді шашпа, нанды баспа.<br>Артикуляциялық жаттығу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарай топ құрауды үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық).<br>Су мөлдір, айна ұқсап | **"Ауа райын бақылау (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс!<br>(бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.<br>**Еңбек:** құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ.)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен.<br>(Жеміс.)<br>**"Қойлар мен қойшы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; | түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі | заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** | (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсат-міндеттері. Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала | Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуді үйрету.<br>Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>"Қойшы шықты ертемен,<br>Қойларын бағып далаға.<br>Қойлар маңырайды,<br>Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Дене шынықтыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне | бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер | **құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып | "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.<br>"Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады.<br>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю ояныпп",<br>"балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға | арналған ойындар.<br>**Бақылау:** «Солып қалған гүлдерді бақылау»<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақсүйек.<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.**<br>"Шеңберге дәлде".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. | бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс | тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады.<br>Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.<br>Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттерІ.<br>Қимыл-қозғалыс координациясын | қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады.<br>2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады.<br>3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету.<br>**"Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әженің бауырсақтары".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту.<br><br>**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тандыр нан".<br>Мақсат-міндеттері. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету.<br>Құрылыс нәтижесімен ойнату. **(құрылыс, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дүкен" сюжетті-** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күз кереметі".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір".**<br>Мақсат-міндеттері. Жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру. **(жапсыру)**<br><br>**"Қуыршақ бөлмесін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ бидай".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту.<br>**"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Тоқаштар".**<br>Мақсат-міндеттері. Тоқаштардың бояу.<br>**(сурет салу)** | ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай".**<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айқастыру)<br>Жалпақтап.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс жасайтын | **рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді.<br>Ереже бойынша сатушылар да, | **жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен, педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, | тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рақмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушы да өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға | керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет** "Құстар" фермасы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру; құс фермасындағы фермерлердің еңбегімен таныстыру; "фермер" ұғымы туралы білімдерін кеңейту; үй құстарының атауларын жатқа білуге үйрету; ойынның шарты мен ережелерін сақтауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты | жалпы басшылық жасайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсенді болуын қадағалайды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет" ,"өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану, адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **"Тәтті қамыр"**<br>Мақсат-міндеттері. Тәтті қамырдан тоқаштарды жасау.<br>**(мүсіндеу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Жауын" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".<br>Қызыл отты қамшысы<br>Көкке жарқыл шашады,<br>Еркебұлан тамшысы<br>Домаланып қашады.<br><br>Жаңбыр жауып өтеді:<br>Қуанады сарғалдақ.<br>Дала жайнап кетеді,<br>Бір шомылып алғанда-ақ! | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Таңертең" тақпағын жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Қастек Баянбаев "Таңертең".<br>Ерте тұрғым келмейді,<br>Бірақ тағы тұрамын.<br>Көзім түк те көрмейді,<br>Естімейді құлағым.<br>Суды ағызып ақырын,<br>Жуған болам бетімді.<br>Кешегі көп ақылым<br>Кеміп қалған секілді.<br>Бала баққа бүгін де<br>Барғым келе қоймайды.<br>Жақсы көрем үйімде | **Жұмбақ жаттау.**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Кейде жеке болғанды.<br>Бірақ үйден шығамын<br>Қол ұстасып көкеммен.<br>Ашылып көз-құлағым,<br>Бала баққа жетем мен.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге жиналу кезінде балаларға<br>белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру.<br>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда | **Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)**<br>Педагог әрбір баланың | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: | **"Ауа райын бақылауды жалғастыру (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр! | **Жерге түскен жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.<br>**Еңбек:** құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке | алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** | балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға | Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсат-міндеттері. Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, | Күзде жерге қонады. (Жапырақ.)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен. (Жеміс.)<br>**"Қойлар мен қойшы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуді үйрету.<br>Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>"Қойшы шықты ертемен,<br>Қойларын бағып далаға.<br>Қойлар маңырайды,<br>Сонан соң жамырайды," - деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақсүйекті | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, | дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне | қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.<br>"Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады.<br>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", | кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>**Бақылау:** «Солып қалған гүлдерді бақылау»<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек.<br>Сонда ақсүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақсүйек.<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.**<br>"Шеңберге дәлде".<br>Мақсат-міндеттері. | демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, | орамалды артына тастап кетуге тиісті.<br>Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады.<br>Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.<br>Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. | "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. | күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттерІ. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз мезгіліне байланысты әндерді үйрету. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында ұннан жасалған тағамдар түрлерін жасау, сурет салу, бояу. **(мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)**<br>Рөлдік еркін ойындар.<br>**"Бауырсақ" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Театр өнеріне машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Автор: "Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады."<br>Шал (1-бала): "Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші."<br>Кемпір(2-бала): "Неден пісірейін? Ұн жоқ қой."<br>Шал: "Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін ұн табылар." | | | | |

| | |
|---|---|
| | Автор: "Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады."<br>Қоян(3-бала): "Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"<br>Бауырсақ(4-бала): " Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші."<br>"Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!"<br>Автор: "Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішінен домалап келе жатқанда алдынан қасқыр шығады."<br>Қасқыр(5-бала): "Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"<br>Бауырсақ: "Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші."<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: "Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады."<br>Аю(6-бала): "Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"<br>Бауырсақ: "Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші."<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: "Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса,<br>алдынан түлкі шыға келеді."<br>Түлкі(7-бала): "Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісің!"<br>Автор: "Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып,<br>білдірмей бауырсаққа жақындап отырады."<br>Бауырсақ: "Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!"<br>Түлкі: "Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші."<br>Автор: "Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды." | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Қыңырлықты түзеу жолдары". | Ата-аналарға арналған сауалнама.<br>"Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары". | Ата-аналармен жеке әңгімелесу.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | |
| **Топ/сынып** | **Ерте жас тобы** |
| **Тобы, топтың** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **реттік саны, атауы** | | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22, 26.10 - 28.10.2022 ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем | **(24 қазан 22 қазан сенбіге ауыстырылады)** | **25 қазан - Республика күні.** | "Ойыншық бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | беру үлгісін көрсету; балықтардың дене қимылына, қоректену тәсілдеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | | әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Х. Ерғалиев, М. | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилету арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әкелу. Бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу**)<br>Бұл ненің дыбысы?<br>Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп!<br>Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді? | | | Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады). Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге | жауап жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка, көркем әдебиет)**<br>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үрлеу.)<br>Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?»<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею,<br>"Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>***"Дана ботқаны жемейді".***<br>Дана ботқа жемейді,<br>«Тауыса алмаймын,» - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Анаңның мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді ботқаны тауысайық.<br>(Д. Ахметова) | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім,<br>Алтын жапырақ<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>(Д. Ахметова) | | | | | |
| **Білім беру ұйымының** | **Дене шынықтыру** | | | **Дене шынықтыру** | **Музыка**<br>"Құстар қалай | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | "Торғай сияқты секіреміз" Мақсат-міндеттері. Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспадан (лента), арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру,** | | | "Біз мергенбіз". Мақсат-міндеттері. Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспа (лента) арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойын «Торғайлар». **(дене** | шиқылдайды?" Мақсат-міндеттері. "Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауға тәрбиелеу. Құстар туралы түсінік беру. **(музыка, дене шынықтыру)** "Әлди-әлди" әуеніне | "Доптарды лақтыруды үйренейік" Мақсат-міндеттері. Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту)** «Ұядағы балапандар» қимылды ойыны. Мақсаты: бір орында тұрып секіруді және арқанның ішіне қарай секіруді үйрету. Ойын барысын түсіндіру. Педагог арқанмен кеңдеу шеңбер жасайды. Педагог: - Балалар, шеңбер құрып тұрайық. Мен жерге арқаннан шеңбер жасап саламын. Сендер арқанның бойымен тізіліп, шеңбердің сыртында тұрасыңдар. - Арқанның іші біздің ұямыз | | | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттері. Бір орында және әртүрлі бағытта қозғалып секіруді үйрету. Балалар торғай болып ойнайды. Торғайлар ұяларында отырады. Олар ұйықтап жатыр. Педагог: - Торғайлар ұяда тіршілік етеді. Олар таңмен ерте тұрады. Балаларға ұйқы бермейді. Балалар (торғайлар) көздерін ашып, дауыстайды: «Шиқ-шиқ, шиқ-шиқ!». «Барлық | балаланың эмоцианалды, жағымды әсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Педагог: - Балалар, мен бүгін сендерге музыкалық жұмбақтарды жасырамын. Музыканы ойнаймын, ал сендер өздерін қандай музыка, қандай ән екенін тауып айтасыңдар. (Педагог өтілген музыкалық шығармаларды аспапта немесе | дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Қимылды ойын. «Допты ұстап ал». Мақсат-міндеттері. Балаларды педагог лақтырған допты ұстап алып, оны кері лақтыруға жаттықтыру. Ойын барысы. Балаға қарама-қарсы 1,5-2 м қашықтықта ересек адам тұрады. Ол допты балаға лақтырады, бала допты кері қайтарады. Осы уақытта педагог: «Ұста, лақтыр, құлап қалма!» сөздерін айтады. Допты лақтырғанда осы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | болады.<br>- Мен сендерге: «Торғайлар көңілді!» деп, белгі берген кезде сендер бір орында секіресіңдер. «Ұяға!» белгісін бергенде сендер шеңбер ішіне секіріп кіресіңдер. Жаттығу екі рет қайталанады.<br>- Тамаша! Арқанға демалыс берейік. Содан кейін тағы ойнаймыз. Жарайсыңдар! | | | торғайлар көңілді секіреді» деген сөздерден кейін балалар (торғайлар) орындарынан тұрып, алаңда әртүрлі бағытта қозғалып, екі аяғымен секіреді. Педагогтің:<br>- Торғайлар секіргісі келмейді. Олар ұяға жылдам ұшып кетті. Торғайлар орындықтарына отырады. Педагог жақсы секірген және өз орнына бірінші оралған балаларды атайды. Ойын жалғасады. | грамжазбада ұсынады, балалар жауап беру керек)<br>- Тыңдаймыз! 1- ("Әлди-әлди" орындайды) Балалар жауаптарын айтады.<br>- 2- "Бала-бала, балапан" әнді орындайды.<br>- 3- "Қамажай" әуені.<br>- 4- "Жапырақтар" әнін орындайды. (әрбір аталған шығармадан кейін оны бірге орындайды.)<br>Педагог:<br>- Жарайсыңдар, балалар! Барлық әуендерді тауып дұрыс жауап бердіңдер! Тамаша!<br>Ойын "Торғайлар | сөздерді айтады. Бала допты ұстап, оны қайта лақтырып үлгеруі үшін сөздерді баяу айту керек. Ұстау мен лақтыру дағдыларын игерген кезде бала мен педагог арасындағы қашықтықты арттыруға болады. Екі бала допты бір-біріне лақтырғанда, оны ұстап алғанда кеудесіне баспауын педагог қадағалайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мен мәшине". Мақсатміндеттері. Белгі берілгенде алаңда еркін қозғалуды үйрету. Педагог: - Балалар, бізге әдемі құс ұшып келіпті. Бұл торғай ғой! - Балалар, "Торғай мен мәшине" ойынын ойнайық. Ойынның шарты: "Мәшине" боп бір бала шығарылады. Қалған балалар торғайлар болады. Педагог: - Мен сендерге:"Торғайлар ұшады!" дегенде, "торғайлар" ұшып жүреді." Сигнал естілгенде "Мәшине" - бала | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шығып торғайларды қуады. Торғайлар ұшып өз орындарына барып отырады. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Себетке жинаймыз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл-әрекеттерін | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Бос себетке жемістер мен көгөністерді саламыз.<br>Педагог:<br>- Балалар, қоян сендерден көмек сұрап келді. Біз оның себетіне осы жемістер мен көгөністерді жинап беруіміз керек.<br>- Қане, балалар, мен сендерге заттарды көрсетемін. Сендер дұрыс | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | оларды дұрыс атасаңдар, бәрін себетке саламыз.<br>- Мынау не?<br>- Алма.<br>- Дұрыс, балалар, алманы себетке саламыз.<br>- Мынау не?<br>- Сәбіз.<br>- Қоян сәбізді жақсы көреді.<br>- Мынау не?<br>- Картоп.<br>- Мынау не?<br>- Шие.<br>- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Біз қоянның себетін толтырдық.<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян ұйықтап қалыпты. Қоянды оятайық.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Дидактикалық ойын "Ғажайып қап". Мақсат-міндеттері. Қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру. Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды. Балалар затқа қарағанда қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады.<br>- Қараңдаршы, балалар, бізде әдемі қап бар. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - Мынау қап. Бұл қапта не бар? Қапта аю, доп, гүл, құс, ағаш болады. Педагог қаптан ойыншықтарды бір-бірден алып таныстырады. Педагог қаптан шығаратын заттардың атауын дауыстап айтады. Балалар заттардың атауын педагогтің соңынан қайталайды.<br>- Мынау не?<br>- Аю.<br>(Балаларға сөзді қайталап айтқызу.)<br>- Аю қалай жүреді?<br>(Балалар аюдың жүрісін көрсетеді.) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - Жарайсыңдар, балалар!<br>- Мынау не?<br>- Гүл.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Гүл әдемі.<br>(Сөз тіркесін қайталау.)<br>- Мынау не?<br>- Ағаш.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Ағаш қалай қозғалады?<br>(Балалар орындарынан тұрып, екі қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа сермейді.)<br>- Мынау не?<br>- Доп. Доп секіреді.<br>- Қане, балалар, бәріміз секіреміз!<br>- Мынау не?<br>- Құс. Құс ұшады.<br>(Балалар, екі қолды құстың | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қанаттарындай жайып, құс болып ұшады.)<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру;<br>аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату;<br>еңбекқорлыққа | | | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету;<br>байқағыштыққа, зеректікке | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | баулу.<br>"Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Жүрейік"** | | | тәрбиелеу.<br>- Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіргенде | бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысы, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**"Бұршақтар" қимылды ойыны.** | жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік**,**<br>Шапалақтап, күлейік. | | | қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, жүгіресіңдер. | Мақсат-міндеттері. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**<br>Табақшада жатты бұршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. | үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық.<br>Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқ ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай | | екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шаш.<br>С. Бегалин<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Балаларға әр түрлі қимылда жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)**<br>Ойын-жаттығу.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | | |
| **Бесін ас** | Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет,)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** | | | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер** | **Саусақ жаттығуы** | **Музыкалық-ритмикалық** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Тиінге арналған үй".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлемі бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика, логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиелеу, бірге ойнау.<br>«Текшені жасыр» дидактикалық ойыны. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**«Көбелек» ойыны**<br>Мақсат- | | | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа | **«Саңырауқұлақ». (сөйлеуді дамыту)**<br>Орманға кірпі келеді<br>(екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>(саңырауқұлақ терген қимылды жасайды) | **жаттығу "Сиқырлы саусақтар". (сөйлеуді дамыту)**<br>Бала, бала, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбәт<br>Былай, былай ойнат.<br>«Тық-тық» дыбыс шықты<br>Басбармақ тақылдады.<br>Артынан саусақтарының<br>Барлығы мақұлдады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады). Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, | | | Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көбелектер қандай әдемі. Қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қараңдаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Құстарға еліктеуге шақыру; | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте | **"Шар".** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу,** | С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" **(сөйлеуді дамыту, музыка)** Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жедел жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту. Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді. Педагог: Торғай, торғай торғайсың, Неге жерге қонбайсың? Жем шашайын жейсің бе? Сонда торғай тонбайсың. Торғай ұшып кетті! Соңғы сөздерден балалар қанаттарын мен қолдарын сермеп ұшады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу,** | | | сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, | **сөйлеуді дамыту)** Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. (Д. Ахметова) | келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **дене шынықтыру)** | | | Мына<br>бауырыммен<br>Ән салдым кеште. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.<br>**Қимылды ойын «Тауық пен балапандар»**<br>Мақсаты. Балаларға өрмелеу, жүгіру, зейін қойып тыңдау, педагогті тыңдау және сигнал бойынша әрекеттерді орындауды үйрету.<br>Балалар балапандарды бейнелейді. Олар «тауық қорасында» тығылады. Педагог бір балаға тауық маскасын | | | | | |

| | |
|---|---|
| | кигізіп: «Бұл тауық. Ол алдымен тауық қорасынан шығады және барлық балапандарды серуендеуге шақырады». Балалар тауық қорасынан жүгіріп шығып, тауыққа жақын жерде жүреді. Педагог: «Үлкен құс ұшып бара жатыр, ол барлық тауықтарды алып кетеді» дейді. Содан кейін тауық үйіне жүгіреді және барлық балапандар оның соңынан ереді. Осыдан кейін педагог басқа тауықты таңдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **31.10-04.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022 | 02.11.2022 | 03.11.2022 | 04.11.2022 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Кітап бұрышын тазалау.** Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. |
| | **Суретпен әңгіме: "Табиғат әлемі".** Мақсат-міндеттері. Балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да | **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діні, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы | **"Жылдың қай мезгілі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог өлең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін тереңдету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | таңбалауышты береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | оқиды, балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын табу керек. Қазақ тілінде жыл мезгілдерін атауды талап ету. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Аяқ арасы алшақ, қуыршақ алда.<br>1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау.<br>1-4 алға еңкею. "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Бастапқы қалып: 1-2 отыру, қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету.<br>Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру.<br>Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үндемейді.<br>Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | қыстайтын және жыл құстарына коректерді бөлу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жомарт қораз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын үйрету.<br>**"Қоян" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қоянның қимылдарын | **Дене шынықтыру**<br>"Қораз секілді қанат қағайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату.<br>**"Еңбектейік, қане біз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жалауға дейін | **Музыка**<br>"Жомарт түлкі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; | **Дене шынықтыру**<br>"Өрмелейік, қане біз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.<br>**"Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кеглиге дейін өрмелеп баруды үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Күзгі жаңбыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.<br>**«Жалғастырып айт» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөздігінде етістіктерді белсендіруді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | келтіруді үйрету (жүгіру, секіру, сәбізді жеу). | еңбектеп баруды үйрету. | музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. **"Жомарт түлкі" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту. | | жалғастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы | **Аққайыңды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қайың өте әдемі ағаш. | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеу.<br>**Еңбек:** саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** тақпақ жаттату. **(көркем әдебиет)**<br>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар».<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе | түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндетттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндетттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы | Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діні берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. **(сурет салу)**<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аланды ағаштардан қурап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту. | ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, | **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) | Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынын арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады.<br>Педагог ойынды | кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, | соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктілігін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара | бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар екен?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, алаңды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған** | қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар түскі астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап-қунап алайық.<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету)<br>"Ф-ф-ф". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Желдің желпуі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) **(дене шынықтыру, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар бесін астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қораз ойыншығымен танысу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру.<br>**"Құстарды аулаға жинайық?"**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жемістер мен көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Дөңгелек жемістер мен көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Апельсиндер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету.<br>**"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мнемокарта бойынша | **Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**"Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құстардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аспаз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының | оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру.<br>**"Төртіншісі артық" танымдық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. **(математика негіздері)** | зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Мозаика" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Музыкадан ойын жаттығу**<br>"Күз желі".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. | дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Саусақ ойыны.**<br>"Бақшадағы қызанақ пен қияр".<br>Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қияр көгөніс екенін ажыратуды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Автобус" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды автобус жүргізушісі және кондуктор қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; жол жүру ережесі мен | Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қорап".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату. (сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аталуын жатқа айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тағам түрлерін қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | | **«До – ре – ми» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету.<br>Тыңдау қабілеттерін арттыру. | автобустағы жолаушы тәртібі туралы мағлұмат беру; ойын және қоғам көлігі ережелерін түсіндіру.<br>**"Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Санамақтар айтқызу.**<br>Бір дегенім - білеу,<br>Екі дегенім - егеу,<br>Үш дегенім - үскі,<br>Төрт дегенім - төсек,<br>Бес дегенім - бесік,<br>Алты дегенім - асық,<br>Жеті дегенім - желке,<br>Сегіз дегенім - серке,<br>Тоғыз дегенім - торқа,<br>Он дегенім - торқа,<br>Он дегенім - оймақ,<br>Он бір қара жұмбақ. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>"Жомарт Күз" (суретті қарастыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. | **Әңгіме құрастыру "Табиғат".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **«Күзгі саябаққа серуенді бақылауды** | **Қарға мен сауысқанды** | **Аққайыңды бақылауды** | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ** | **Бұлттарды бақылауды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу.<br>**Еңбек:** саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** тақпақ жаттату. **(көркем әдебиет)**<br>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар».<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап. | **бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айтуға машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** кураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндетттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру,** | **жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерін бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Қайың өте әдемі ағаш, ол ақ түсті қабығымен ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді және гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап, жерге баяу түседі.<br>Суретшілер қайынды | **жаттығуын жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр,<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс!<br>(бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс!<br>(екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс** | **жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту, бұлттар неге ұқсайды.<br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттығу.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | **көркем сөз)**<br>Мақсат-міндетттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қол бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта | суретке салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. **(сурет салу)**<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аланды ағаштардан құрап түскен бүршіктерді, ұсақ бұталарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдыландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықты баспау үшін, биіктеу жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын | Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндетттері. Жүгіруді, секіруді, | қимылдарды үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар" қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. | ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>Педагог барлық | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен істеу біліктілігін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндетттері.<br>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-** | балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындау мүмкіндіктерін жетілдіру.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге машықтандыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауға дағдыландыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** **Үстел театры "Шұбар тауық" ертегісі.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ертегіні мұқият тыңдауды және көруді, кейіпкерлердің қылықтарын бақылауды, ертегілерді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | жақсы көруді үйрету.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты суреттер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жемістер мен көгөністердің бояу суреттерін бояту, көгөністер мен жемістерді мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар.<br>**"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.<br>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру". | Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес.<br>"Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы". | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11-11.11.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022 | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауды үйрету. | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту. | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіп сақтауға ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюды үйрету. | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруді үйрету. |
| | **"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. | **"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.** | **Саусақ жаттығуы", "Пойыз келе жатыр".** Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, | **"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз"** | **"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату).<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату).<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады.<br>- Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)** | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады. **(математика негіздері, құрастыру)** | Қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту. Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар оны сипаттамадан анықтайды. Сипаттамасы бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын жалғасады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Гараж" құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" | **"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық | **"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға трактор | **"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте | **"Көлік" ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы?<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастырады. **(математика негіздері, құрастыру)** | пішіндерден жүк көлігін құрастырады. **(математика негіздері, құрастыру, танымдық дағдылар)** | суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады. **(танымдық дағдылар, құрастыру)** | еркін қозғалуды үйрету. Барысы: торғайлардың маскаларын киген немесе қалташаларын таққан балалар, белгі бойынша қолдарын жан-жаққа жайып "ұшып", "жерге қонып" жүреді. "Көліктің" рөлін педагог немесе белсенді бала, қолына руль ұстап, белгі бойынша "торғайларға" қарай жүреді, "торғайлар" орындарынан қозғалып, белгілі бағытқа "ұшып" кетеді. Балаларға торғайларға маскаларды немесе қалташалары үлестіріледі. **(дене шынықтыру)** | машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді. **(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың | **Дене шынықтыру** "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; | **Музыка** "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын | **Дене шынықтыру** "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан | **Қазақ тілі** "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету. **"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту. **"Бағдаршам" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды үйрету. Түстерді ажыратуды бекіту, тәртіп бойынша қимылдауды үйрету. | дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту. **"Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды, таңбалауыштарды жылдам жинауды үйрету. | төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Аланда бір-біріне соқтықпай жүгіруді үйрету. | түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға жаттықтыру. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Көліктер туралы әңгіме. "Сенде не бар?" жаттығуы. "Қонақтар немен жетті?" сергіту сәті. "Не артық?" дамытушылық ойыны. "Әртүрлі көліктер" рефлексия. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | **Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Өрт сөндіру машинасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері.<br>Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Бақылау барысы.<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды ұсынады.<br>- Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>- Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару үшін.)<br>- Балалар, көліктер әртүрлі болады.<br>Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жолдың бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке, | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. | Мақсат-міндеттері.<br>Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы ақпарат беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды құсам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты-ұшты" ойыны. (дене** | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру.<br>Көліктердің алуан түріне назар аударту.<br>Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)** | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы қоқыстарды жинау)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да, ұстап ал". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі түсті көліктер" ойыны. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар.**<br>Мақсат-міндеттері. Екі | (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлігі атауларын немесе кез келген заттың атауларын атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қаққандай қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: "Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!" (қолдарын қимылдатады).<br>"Ұшты-ұшты, кітап ұшты!" (қолдарын | Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге машықтандыру; қуыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" | ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру)<br>Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартындағы белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; | Балаларға құстардың қимылдарына еліктеуді үйрету; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп | бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада аңдамай.<br>Тышқан көрсе - ұстап алады! | **"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады, суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға сызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытта жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге айтпай таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып | шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру. | бұтаққа қонады, (төмен отыру)<br>Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды.<br>(аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>(Д. Ахметова)<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай, жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**"Шұңқырдан секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** | Тышқанды кім құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқанға" ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Қапты алысқа кім лақтырады?" қимылды ойын-** | соқтығып қалмауы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады.<br>Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып жүру әдісі.<br>**Еңбек әрекеті:** қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады.<br>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлауды, тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы | | Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін дамыту. | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етулерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секірмежіптен секіру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлерін бояу, ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға практикалық көмек беру. | Ата-аналарға кеңес. "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әңгімелесу. | "Сіздің балаңыз" тақырыбында әңгімелесу. | Балалар салған суреттерден көрме ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балапан» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.11-02.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | ***28.11.2022*** | ***29.11.2022*** | ***30.11.2022*** | ***01.12.2022*** | ***02.12.2022*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың белгіленген рет бойынша киінуі, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыпты түрде бүктеп қоюға, үлкендердің | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілік атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішкенде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда ыдыстарды жинасуға ынталандыру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орнына жинауға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіру, тазалау, кептіру тағы басқа іскерліктерін жетілдіру. | | | | |
| | **"Туынды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог:<br>– Балалар, қазір біз "Туынды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз.<br>– Ойынның шартын айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар.<br> Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы | **"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Лото "Жануарлар" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруды және жалпы атауларын атауды үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(сөйлеуді дамыту,** | **Саусақ жаттығуын айтқызу.**<br>Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)<br>Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)<br>Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)<br>Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)<br>Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Саусақ жаттығуы.** | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Жеті ұл".<br>Сәл демалып, тынып ал.<br>Тақпақ тыңдап, ұғып ал.<br>Апта деген ағайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі - Дүйсенбі,<br>Екіншісі - Сейсенбі,<br>Үшіншісі - Сәрсенбі,<br>Төртіншісі - Бейсенбі,<br>Жұма деген - Бесінші ұл,<br>Алтыншы ұл - Сенбі,<br>Жетіншісі - Жексенбі.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнаған балаларға жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін | **қазақ тілі, танымдық дағдылар)** | **"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ".<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяңдайды, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** | | | | Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Аққала жасайық" дидактикалық** | **"Керісінше" дидактикалық** | **"Қыста не болады?" дидактикалық** | Балаларға эмоционалды жағымды | **"Бұл қай мезгілде болады?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, кеңістікті бейнелеуді дамыту; сөйлеуді жетілдіру.<br>Барысы: әр баланың алдында әртүрлі көлемдегі 3 шеңбер таратылады. (үлкен, орта және кіші). Балалар олардан үлгі немесе өз ойлары бойынша аққала жасайды. Олар қандай бөлшектердің жетіспейтінін айтады және сипаттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог логикалық жағынан қате сөйлемді айтады, балалар сөйлемнің дұрыс немесе бұрыстығын табады. Мысалы, "Қардың түсі қара ("Жоқ, қардың түсі ақ"), "Аққала ыстық" ("Жоқ, аққала суық"), "Аю орманда жүр" ("Жоқ, аю апанда ұйықтайды").<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.<br>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де, қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым, арайлап<br>атқан күнге.<br>Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.<br>Бәріңе сәттілік тілеймін! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып, тақтаға қатармен іледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұйқыдағы аю".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді | **Дене шынықтыру**<br>"Қорбаңдаған аю".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіру | **Музыка**<br>"Қыс қызығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы | **Дене шынықтыру**<br>"Бағытты өзгертіп жүгіреміз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-қол қимылдарын | **Қазақ тілі "Қыс қызығы".**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту. **"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Белгіленген межеге дейін бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету. | дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. **"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. | эмоционалды қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету. **"Аю" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қыс қызығына жататын суреттерді табуды үйрету. | үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау. **"Белгіні тыңда" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жүрудің әртүрлі түрлерін жаттықтыру. | туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. **"Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты | **Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын | **Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Тақпақ. Ермек Өтетілеуұлы "Іні". "Бір ісіме қапа ма?" - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. **"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге | арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. - Бүгін біз ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. Біз көмекші баламыз, Төзімді, ұқыпты боламыз. Шеберлікке жету үшін Көп еңбек саламыз. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып | молайту. Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік немесе жүк тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын кию, оларды тазалау. Мақсат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, сынған бұтақтарды ғана жою керектігі туралы түсініктерін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-** | көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту). **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық".** Мақсат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе- | Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру. **Еңбек әрекеті:** ойыншықтарды жөндеу. Мақсат-міндеттері. Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауды, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. | отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың бірінің артына орамалды тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)** | **тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, | теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қимыл-қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға қарай екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | жатқанын анықтау. **Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт. Тәрбиеші белгісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. | Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу. **Балалардың еркін ойыны.** | үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **"Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** секіру жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту. | | бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Балалардың еркін ойыны.** Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуын орындау.** "Жыл мезгілдері" Мұз да, қар да ерісе, Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ұйқы қашса | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Данаға бөкебайды дайындап берейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұстастырып, | **"Үйсіз қоян" қимылды ойын.** Мақсат-міндеттері. Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету. Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қаладағы қыс". Мақсат-міндеттері. Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қыс келді атты суретпен танысу". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қонжықтан,<br>Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Қызса қатты күн көзі,<br>Қарлығаштар самғаса, (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ыстық аптап, құрғақшылық,<br>Жаз келгенін білдірер, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Шатырда жаңбыр ойнаса,<br>Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Жер жапырақты жамылып,<br>Күз келгенін білдірер. (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі | салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың | үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Шыршалар қар жамылды".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, | ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>**«Ол не?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін, сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру.<br><br>**"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы. Бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы | құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету.<br>**Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттері. Шеңберге тұрғызып ойнату, мнемосызбаларды қолдану.<br><br>**Драматизация.**<br>"Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау.<br><br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Үй құрылысы" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Боран борап, жел тұрса,<br>Айналаны қар басса,<br>Үйлер ақ көрпеге оранса,<br>Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін орындайды)<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қысты сағындық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда | кейпіне түсіп, маймаңдап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. | қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету.<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Ақшақарлар қалықтап". | бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен | білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; ұйымдастырылған іс-әрекеті бараысындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. **"Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кедергілерге соқтықпай, саңырауқұлақтарды теріп алуды үйрету. | | | ойнату. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.** | **"Қыс" мезгілі тақырыбында** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.** | **"Жаңылтпаштар".** Мақсат-міндеттері. | **"Қыста" тақпағын жаттатқызу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар жаттау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>**"Түлкі".**<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>**"Маймыл**".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **сюжетті-суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.<br>Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақты қайталау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>"Маймыл".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері.<br>Бала тілін дамыту.<br>Тақпақтар айтқызу.<br>Оразбай Байбақов "Қыста".<br>Ойшыл орман сілкінді,<br>Жібергенде жел ырғап.<br>Мұз астында бұлқынды,<br>Күміс өзен сылдырлап.<br><br>Ғайып болды түнгі ызғар,<br>Ай да батты ақ маңдай.<br>Күн көзінен жұлдыздар<br>Балқып бара жатқандай.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары". | Жаднама.<br>"Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру". | "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Юрчук С.Н., Ақбас У. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12-09.12.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2022 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.**<br>Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітап бұрышын тазалау.**<br>Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем, | **"Топ-топ басайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар | **"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру.<br>**(танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым.<br>Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар.<br>**Көркем сөз.**<br>Достарды жинайық,<br>Мұнараны құрайық.<br>Үлкені үстіне орташасын,<br>Оның үстіне кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы қуантамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемін, түсін ажырату қабілеттерін дамыту. | (бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!».<br>Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Орманшы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діні, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету. | суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ.<br>(Саусақтарды үстел | **"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.<br>Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(танымдық дағдылар)** | **дамыту)** | Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан!<br>(Алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады:<br>- Алақай! Алақай!<br>(Алақандармен шапалақтау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | жауабын түсіндіреді. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).***<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.<br>Көркем сөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда"** топтық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге. | **"Қар үйіндісінің артында не жасырылған?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көрнекі зейінді дамыту; тақырып бойынша сөздікті белсендіру.<br>Барысы: қатырма қағаздан (картон) қар үйіндісі кесіліп алынады. Педагог артына заттың сұлбасының бейнесін жасырады (шаналар, ұлпа қарлар, күн, ағаш, бас киім, қолғап, шаңғы, коньки), | **"Сөздер тізбегі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап,<br>үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Балалар, қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(музыка)** | Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін болжайды.<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Тәуелсіз елім"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Жайна елім менің!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу | **Музыка**<br>"Тәуелсіз елім"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка | **Дене шынықтыру**<br>"Мен - чемпион".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын | **Қазақ тілі**<br>«Үйдің көркі не?».<br>Жиһаздар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыларын жетілдіру. | әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту. | дамыту. | қабілеттерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, | **"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.** | **Сергіту сәтін айтқызу.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды | **Саусақ жаттығуы.**<br>Апам үшін күнде мен (әндете),<br>Отынға ағаш жарамын | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты: балаларда** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек:<br>Сиыр - мөңірейді,<br>Жолбарыс - ақырады,<br>Жылан - ысылдайды,<br>Маса - ызындайды,<br>Ит - үреді,<br>Қасқыр - ұлиды,<br>Мысық - мияулайды,<br>Шошқа - қорсылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық. | (ағаш жарғандай).<br>Су құямын гүлге де (гүлге су құйғандай),<br>Дүкенге де барамын (қолдарына сөмке ұстап жүру),<br>Сыпырамын үй үшін (сыпырғандай),<br>Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жуғандай).<br>Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстағандай),<br>Жұбатамын ойнатып (қолдарын шапалақтайды). | **өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Жаднама: "Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері". | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **23.01-27.01.2023ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты | **"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін | **"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі …" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін, … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз …", "Қолшатыр алған себебіміз …" және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға | молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br>**(танымдық дағды)** | заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық** | **"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық** | **"Үйдің есігін жабайық"** | **"Жұбын тап" дидактикалық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу.<br>**(математика негіздері)** | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел достарым, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа<br>Дөңгеленген шеңберді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Суықторғай".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, | **Дене шынықтыру**<br>"Біз құстарды аялаймыз!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары | **Музыка**<br>"Қысқы әнші құстар".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен | **Қазақ тілі**<br>«Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру. | секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. | табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру. | жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабыл кезінді көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>*"Құстар, құстар, келіңдер"*.<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу** | **Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.<br>*"Сары шымшық."*<br>Сары шымшық шиқылдайды:<br>- Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Жылы жаққа ұшпайды,<br>Суықтан тығылмайды.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br>Далаға суық қыс жетті,<br>Аппақ қарды жерге төкті.<br>Қарандар, ағаш пен шатыр,<br>Барлық жерде қар | **Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл шемшашар.<br>- Жемшашарда не бар?<br>- Иә, жемшашарға құстар қонды.<br>- Құстар не істейді?<br>- Дұрыс, құстар жемді шоқиды.<br>Педагог көркем сөзді оқып береді.<br>- Батыл екен біздің құстар,<br>Аулада қалады олар қыстап.<br>Жемшашарға жем шашайық,<br>Құстарды аялайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен | **тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. | қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң | жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын | Дыбыстайды құстар "шиық-шиық",<br>Жем берейік - "жиіп-жиіп".<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек. | - Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған | балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз! | - Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | | Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.<br>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға... - лар..». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Драматизация.** "Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау. **(көркем әдебиет)** | **"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғай" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Тоғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қолда ұстап тұрамын.<br>"Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.<br>Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.<br>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | Ата-аналарға кеңес. "Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде). |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж.,Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.01-03.02.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Күн тәртібі** | 30.01.2023 | 31.01.2023 | 01.02.2023 | 02.02.2023 | 03.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |
| | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(математика негіздері)** | **"Артығын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Қыс" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын | **"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады). Ойын әрекеттері: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Құралдары: қыс мезгіліне байланысты бейнеленген суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>( | дыбыспен еліктеу; әртүрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>*Көркем сөз.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған көк аспан!<br>(Қолды жоғары көтеру)<br>Сәлем саған күн нұры!<br>(Екі қолды қосып, шеңбер жасау)<br>Сәлем саған жер ана!<br>(Қолды баяу түсіру)<br>Сәлем саған, достарым!<br>(Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да, Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен! | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Домаланған кірпі". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. | **Дене шынықтыру** "Кірпі қалай жүреді?" Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. | **Музыка** "Тұлпарым". Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. | **Дене шынықтыру** "Допты қақпа арқылы домалатамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру. | **Қазақ тілі** "Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі." Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау.** | **Қарды бақылау.** | **Желді бақылау.** | **Күнді бақылау.** | **Қоян ойыншығын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>- Із қалады, қарды басса - Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>- Ш-ш-ш - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға | **бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.<br>- Қоян құлақтарын қалай қимылдатады?<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қарандаршы, ақ қоян |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдықк тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік. | еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, | қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, | жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>*Көркем сөз.*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жұмбақтар жасыру.**<br>Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады. (Ай)<br>Әлемнің бар екі күзетшісі;<br>Бірі-күндіз тынығады,<br>Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай)<br>Бейнесі суда дірілдейді,<br>Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ғарышқа самғап ұшайық."**<br>- Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы!<br>Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп қолдарын жоғары-төмен қозғау),<br>Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).<br>Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю),<br>Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу").<br>- Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **Жұмбақтар жасыру.**<br>Төрінде тұр нұр көзі,<br>Жердің биік күмбезі.(Аспан)<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.(Күн)<br>Алып кілем - Гүлге толы<br>Үсті кілең. (Жер)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі.<br>Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | Балаңыз туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу. | Кеңес: "Неліктен бала тыңдамайды?". | "Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу. | "Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | «Балбөбек» ш\о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.04-14.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.04.2023 | 11.04.2023 | 12.04.2023 | 13.04.2023 | 14.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Медбикеден кеңес. "Тазалық – денсаулық кепілі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларды дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. |
| | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Шарбақ жанында жатқан доп".** Мақсат-міндеттер. Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде | **"Біздің айналамызда не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: екі және үш буынды сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін айтуға үйрету. Ойын барысы. Серуенде | **"Табиғатта не болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: етістіктің сөйлеу барысында қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі. Барысы. Тәрбиеші допты | **"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру. | **"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. | балалар айналасында бір бөлігі бар затты (шар, гүл, доп, үй, бақ), екі бөлігін (қоршау, бұталар, гүлдер, құм, шөп), үш бөлігін (әткеншек, веранда, қайың) іздейді. Әр жауап үшін бала жетон алады, ал жеңімпаз олардың санымен анықталады. | балаға лақтырып, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала сұраққа жауап беруі керек. Ойынды тақырып бойынша ойнаған жөн. **(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ таңның,<br>Куанышым,шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күннің көзі ашылып,<br>Көкте шуақ шашылып<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті.<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой,<br>Ал, кәнекей, бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Досыңды тауып ал»**<br>Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Жер-ана құшағында".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Жер-Ананы қадірлейік!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі аяқпен секіруге (аяқтар алшақ) үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту. | **Музыка**<br>"Туған ел".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды | **Дене шынықтыру**<br>"Туған жер-тұғырың".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы | **Қазақ тілі**<br>«Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары.<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тышқан мен мысық**<br>**Ойын мақсаты:**балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдыққка үйрету. Картотека **№2** | **Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. Картотека №5** | ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.<br><br>**«Төлін тап» Картотека№33** | әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын арттыру; оқу қызметін пысықтау.<br><br>**Допты қуып жет**<br>**Ойын мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. **№4** | мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу.<br>**«Құйыршығын тап»**<br>**Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді**<br>**Шарты: жануарлардың құйыршығын табады. Касртотека№ 2** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Жол қиылысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды | **Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағдаршам туралы білімдерін бекіту; жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қос қатар құруды, кең шеңбер құруды үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Үшінші артық". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру. **(дене шынықтыру)** | балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмды жолға себу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Тар жолда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Сарбаздар" жаттығуы. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру). | ауаның температурасын байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ересектермен бірге ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына, жерде жыл мезгілдеріне тән | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құрақ көрпе".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ұжым ортасында түрлі үшбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу амалдарына үйрету; үлкен көрпе құрамындағы | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Төлдерді күтейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың екі тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыру және теңдестіру дағдыларын жетілдіру; саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Мысық тақпағын жаттау".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуға үйрету, үй жануарының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері жөнінде | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бір үзім нан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар, суреттерді тезірек қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Ұлттық ойын. Көтермек**<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.<br>Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады. | үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыш ішін қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру.<br><br>**"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы:<br>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. | заттарды салыстыру нәтижесін тұстастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, көз мөлшерін, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**"Мысық пен тышқан" қимылды ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, бұл ойын сендерге жақсы таныс, көп болды "Мысық пен тышқан" ойынын ойнаған жоқпыз. Ойынның ережесін естеріңе салайын. "Мысық пен тышқан" ойынында педагог балаларды шеңберге тұрғызады. Бір бала мысықтың, екінші бала тышқанның рөлінде ойнаулары қажет. Қалған балалар тышқанның інін жасап, шеңбер бойымен тұрады.Тышқан іннің ішінде, мысық шеңбер сыртында жүреді. Балалар қолдарынан ұстап шеңбер жасап, мысық кіріп кетпес үшін отырады, балалар орындарынан тұрған кезде мысық ебін тауып ішке кіріп, тышқанды ұстап алуы қажет. Тышқан шеңберден | білімдерін жетілдіру. | мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Ұлттық ойын. Қасқыр мен лақтар**<br>Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды:<br>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке-ақ.<br>Кетесің кейде секеңдеп,<br>Байламаса көкем кеп».<br>Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады. «Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | серуенге шыққанда мысық оны аңдып ұстап алуға әрекет жасайды, тышқан мысықтан қашып, қайтадан ініне кіріп кетуіне болады. Мысық пен тышқанның рөліне педагог алғашқыда пысық балаларды тағайындауы тиіс. Егер тышқан мысыққа ұстатпай ойын ұзаққа созылатын болса, педагог балаларды ауыстырады. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығуы.** Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах. **(дене шынықтыру)** | **"Нәркес" өлеңін жаттау.** Наурыз біте құлпырады қырларда Нәзіктіктің жаршысындай нәркесгүл. Нақ сұлулық сипатына сын бар ма? Нәркесгүлден нәр аласың көрсең бір. А. Исабек **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.** "Сағат" - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Мысық" саусақ жаттығуы.** Пеш түбінде мысық отыр, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады. Ортаң терек) Екі көзін қысып отыр. (Ортаң терек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады). Тышқан етін жегісі кеп, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қашай қозғалтады ) Тісі оның қышып отыр. **(сөйлеуді дамыту)** | **Туған өлкем** Кеңсің дала, Туған ана. Көйлегің кең, көк ала, Жан беретін Тән беретін Мейірімді ана сен ғана. С.Сейфуллин **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Медбикеден кеңес. "Тазалық – денсаулық кепілі". | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуды ескерту. | "Бала қауіпсіздігі басты назарда" ата-аналармен кеңестер жүргізу. | "Отбасылық үлгі өнеге" ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аларас тобы** |
| **Тобы, топтың реттік саны,** | **«Қарлығаш» тобы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар**. | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.04-21.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.04.2023 | 18.04.2023 | 19.04.2023 | 20.04.2023 | 21.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Үйдегі ойын бұрышы" тақырыбында кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ағаштар мен бұталар". Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштар мен бұталар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен байқампаздығын дамыту. | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады.<br>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы | **Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қарағайдың суреті.<br><br>Жас қарағай<br>Жас баладай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша да, формасы бойынша да сәйкес келетін гүл табады.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | | тұқымдарды себеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене** шынықтыру) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ таңның,<br>Куанышын, шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күннің көзі ашылып,<br>Көкте шуақ шашылып,<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті.<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой,<br>Ал, кәнекей бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Алтын таңның шуағы,<br>Бақыт үшін туады.<br>Қайырлы таң, қонақтарым,<br>Жарық күннің тұрағы!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Талшыбық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру.<br><br>**Картотека №15** | **Дене шынықтыру**<br>"Талшыбықтай майысып".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңбердегі өз орнын табу (бағдары бойынша) дағдыларын қалыптастыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; ептілікті дамыту; оқу қызметін пысықтау.<br><br>**Картотека №5** | **Музыка**<br>"Тал ағаш".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте | **Дене шынықтыру**<br>"Талшықтай талшыбық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту.<br>**Картотеа №8**<br>**«Кеглиді көзде»** | **Қазақ тілі**<br>«Ақ қайың». Ағаштың құрылымы.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Ұшты -ұшты»** | **«Допты қуып жет»** | отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету.<br>**Картотека №43**<br>**«Жаңбыр мен көжектер»** | | ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.<br><br>**Катотека №9**<br>**«Табиғат құбылыстарын ата?»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты:<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету. | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты | **Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өзіңе жұмыс тап". **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекке деген құрметті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту. | сенімділікті қалыптастыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ашулы мысық; (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-** | **Математика негіздерінен** | **Сурет салудан ойын-** | **«Мейірімділік ағашы»** | **Қимылды ойын. Мысық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **жаттығу**<br>"Жер мен су" әңгімесін оқып беру".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. | **ойын-жаттығулар**<br>"Әртүрлі арықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау.<br><br>**"Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару.<br>Ойын үйде де, далада да ойнала береді.. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген | **жаттығу**<br>"Гүлденген баубақша".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру. | Ойынның мақсаты: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. | **пен тышқан**<br>«Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды қуып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді. Ол:<br>Қараңғыда көзім жоқ,<br>Тиіп кетсе сөзім жоқ.<br>Қайда кеттің қалқа жан,<br>Жетектейтін өзің жоқ.<br>Қолға түскен құтылмас,<br>Қала бермек көзім боп,<br>— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала трған ойнаушылар қашып жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тыныс алу жаттығулары**<br>"Түлкіні тап" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады.<br>**(дене шынықтыру)** | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Шеберхана" үстел үсті ойыны.**<br>Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын.**<br>«Қасқырдан құтқар».<br>Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Түрлі-түсті гүл шоғы».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.<br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?<br>Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..<br>Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасылық салт-дәстүр" атты тақырыпта әңгімелесу. | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу. | Балалардың қабілеті жайлы ата-аналармен әңгімелесу. | "Бала бөлмесіне арналған гүлдер" атты ата - аналарға арналған кеңес. | "Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.202 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю. |
| | **Иллюстрациялық суреттерді құрастыру** | **"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық** | **"Үй құрылысының ретін көрсет".** | **«Әдепті сөздер шеңбері»** Ойынның мақсаты: сыпайы | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **ойыны.**<br>Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.<br>Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы.<br>Барысы: әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. | Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>Барысы: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.<br>**(құрастыру)** | қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | **ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімге киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығуы.**<br>"Зырылдауық" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br><br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br><br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - 4-5 рет еркін тыныс алу.<br><br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.<br>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.** | **«Мақтау сөздер айту»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды. | **«Достық көмек»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. | | | | болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Достық шеңберінде".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету.<br><br>**Картотека №18**<br>**«Менің зымыраған көңілді добым»** | **Дене шынықтыру**<br>"Ұлттар достығы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.<br><br>**Картотека № 15**<br>**«Ұшты-ұшты»** | **Музыка**<br>"Достық шеңбері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Картотека № 38**<br>**«Жұптасу»** | **Дене шынықтыру**<br>"Достық күндей жарқырайды"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру.<br><br>**Картотека №16**<br>**«Ақ қоян»** | **Қазақ тілі**<br>Бұл менің Отаным. Қазақстан.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | арттыру; бақылауды дамыту.<br>**Картотека № 10**<br>**«Көңіл күйді көрсету»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>Бақылау. Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек | Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. | Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау.<br>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) | Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.<br>Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суәлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш | Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды.<br>(Балық)<br>Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру керек.<br>Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)<br>Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.<br>Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары)<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Өсімдіктерді қопсыту.<br>Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Велосипед тебу. (дене шынықтыру)<br>Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау.<br>Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Асфальтқа бормен сурет салу.<br>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі).<br>Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді.<br>Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>Өз бетімен ойындар.<br>Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау.<br>Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | ережелерін сақтау.<br>Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)<br>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.<br>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Балықтарды тамақтандыру.<br>Аквариумға су құю.<br>Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып табиғат әлемі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Достық шеңбері ойындар тізбегі".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Зәулім үй".<br>Мақсат-міндеттер. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қазақтың туыстық атаулары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату. | **«Сыпайы өтініш»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы.**<br>"Достық"<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1. Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала. | **«Адал достар»**<br>Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балалардан | **"Достық" өлеңін жаттау.**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттық баласы<br>Достығымыз жарасқан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | 2. Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3. Қырда қырау<br>Қызыл ала бұзау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды.<br>Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды.<br>«Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады. | Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы<br>Еңбек ортақ, жыр ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы.<br>Е.Елубаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | "Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **01.05-05.05.2023ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жылды көрсету) | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 01.05.2023 | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. |
| | | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,…" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді | **"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы.**<br>- Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді.<br>- Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді.<br><br>- Дауылпаз дабылдап,<br>- Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу)<br><br>- Дауылпаз дабылдап,<br>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)<br><br>Дабыл-дап, дабыл-дап, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шерудегі көліктер".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әзірлеп қоюы керек.<br>Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,…", "Қолшатыр алған, себебіміз…" және т.б..<br>Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)<br><br>Жаттығуы бірнеше рет қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығуы.**<br>"Зырылдауық" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br><br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br><br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br><br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.<br>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағыңа қарама.<br>Асыңды ішіп болған соң,<br>"Рақмет!" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>"Күлімдейміз күндей."<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Түрлі - түсті гүлдер»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.<br>Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.<br>Ойынның бірінші нұсқасы: Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.<br>Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.<br>Ойынның екінші нұсқасы: Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.<br>Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>"Барабан дабылы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу | **Музыка**<br>"Дауылпаз дабылы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді | **Дене шынықтыру**<br>"Соқ, барабан!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br>**Картотека № 11**<br>**Қимылды ойын: :«Күн мен түн»** | **Қазақ тілі**<br>«Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.<br><br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты »** | сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.<br>**Картотека №39**<br>**«Үкілі тақия»** | | құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.<br>**Картотека №19**<br>**«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Шыршаны қарағаймен салыстыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан | **Бақтағы еңбек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету.<br>**Ересек адамдармен** | **Гүл бақшасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны дайындау тілегін тәрбиелеу<br>гүл көшеттерін отырғызу.<br>**Ересек адамдармен бірге** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту; мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында).<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бақшадағы жұмыс). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Құстардың ұшуы". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз орнын табу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** бір қатарға қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басына құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру.<br>Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты, ептілікті, тепе-теңдікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқанды түзу ұста,<br>Жан-жағыңа қарама.<br>Асыңды ішіп болған соң,<br>"Рақмет!" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әскери көлік"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Күн шуағы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Жауынгерлер сапқа тұрды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Әскер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Ритмикалық жаттығу**<br>Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру),<br>Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу).<br>Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу),<br>Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).<br>Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру.**<br>Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жеңіс күнін тойлаймыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету. | **"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз.<br>- Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіңдер.<br>Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. "Өрт қауіпсіздігі". | Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы озбыр мінез-құлықтың бастаулары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05-12.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. |
| | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Күміс жаңбыр". Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Мұхановтың "Күміс жаңбыр төгілді" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; көркем сөздерді мәнерлеп айтуға дағдыландыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.** "Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың мазмұнын сипаттаушы формасы, жұмбақтармен таныстыру, заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде білімдерінің аясын кеңейту. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Аялайықты бақбақты!" Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемде өсетін гүл атаулары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен)***<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>***Көркем сөз***<br>*"Дана ботқаны жемейді".*<br>*Дана ботқаны жемейді,*<br>*«Тауыса алмаймын», - дейді.*<br>*Дана, басқалардан қалма,*<br>*Ананың мазасын алма.*<br>*Қане, қасықты ұстайық,*<br>*Дәмді асты тауысайық.*<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жадырап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>*Армысың асыл күн,*<br>*Армысың асыл жыр.*<br>*Армысың көк аспан,*<br>*Армысың достарым,*<br>*Жылуыңа жылу қос,*<br>*Міне менің қолым!*<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болса күніміз.<br>Жарқын шығар үніміз.<br>Елін сүйіп ержетер<br>Біз болашақ гүліміз!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>"Табиғаттың сәні-гүл".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.<br>**Картотека №21**<br>**«Не артық»** | **Дене шынықтыру**<br>"Соғамын барабанымды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамтыу; оқу қызметін пысықтау.<br>**Картотека № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | **Қазақ тілі**<br>"Адамдардың көктемгі еңбегі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып,тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.<br>**Картотека № 17**<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Көктемде гүлдейді бұталар,<br>Көктемде гүлдейді ағаштар,<br>Көзге тартымды бұл гүлдер,<br>Қонады гүлге жәндіктер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. | **Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>Ұп-ұзын көп жапырақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ,<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.**<br>**Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге карауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.**<br>**- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.**<br>**- Менің соңынман қайталап көріңдер.**<br>**Тұрсақ - тұрады,**<br>**Отырсақ - отырады,**<br>**Қолмен бұлғасақ -** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қоюы мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың | Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бақбақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>- Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>"Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>"Дана ботқаны жемейді".<br>Дана ботқаны жемейді,<br>«Тауыса алмаймын», - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Ананың мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Қоян" тақпақ.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Балалар аяқ киімдерін киіп, жуынатын бөлмеге педагогпен бірге барады.<br><br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетің жу.<br>Жуса таза болады, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Беті-қолың, маңдайың.<br>Педагог тақпақты мәнерлеп оқу керек.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>"Денсаулық жолдарымен" жалаңаяқ жүру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Бау-бақшаны гүлдендірейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге жаттықтыру; заттар топтамасының біреуіне бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара теңестіру, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді атап айтуға үйрету; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Дала гүлдері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуда жаттықтыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Көктем мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу.**<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Бала тілін дамыту.**<br>"Гүл" (Тілеуғазы Бейсембеков)<br>Өзім еккен былтырғы<br>Ауламызда гүл тұрды.<br>Мен күн сайын суардым,<br>Ол күн сайын құлпырды.<br><br>Қайтқанда да ойыннан,<br>Гүл кетпеді ойымнан.<br>Тез өсті де бойы оның, | **"Көбелек" тақпағын айтқызу.**<br>Бала тілін дамыту.<br>"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)<br>Сен де қудың көбелек,<br>Мен де қудым көбелек,<br>Жүйрік екен керемет,<br>Ұстатпады, не керек?!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Асып кетті бойымнан. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | "Бүгін біз не үйрендік?" ата-аналармен сұхбат жүргізу. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту. | "Бала тәрбиесіндегі ата-әжелер рөлі" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05-19.05.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогке еліктеп қимылдарды саусақтарымен жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.** "Бір бидай – бес қап" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: Балаларды "Бір бидай - бес қап" атты ертегі мазмұнымен таныстыру, адамның жақсы қасиеттері | **"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>(саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық<br>(шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>(саусақтармен үстелге соққылау)<br>Жамылып, отырайық<br>(алақандармен бас төбесін жабу).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>(қолымызды алға қарай созамыз)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | жөнінде мағлұматтар беру, адам еңбегінің маңызы туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру. | жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | тәуелділігін көрсету.<br>Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б.. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолды оң жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта.<br>3.1. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Көктемгі гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; топ бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді** | **Дене шынықтыру**<br>"Гүлдей жайнап бәріміз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру.<br>**Картотека №13**<br>**«Ақсерек- көксерек»** | **Музыка**<br>"Дән терейік".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру.<br>**Картотека № 40**<br>**«Түрлі түсті шеңберлер»** | **Дене шынықтыру**<br>"Көркі ғажап көктем".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау.<br>**Картотека № 10**<br>**«Доптар мектебі»** | **Қазақ тілі**<br>**Жайдары жаз келді!**<br>**Мақсат-міндеттер.** Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдануды үйрету. Сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуді, ойлауды, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу.<br>**№ 8 Дидактикалық ойын: «Жайлауда»** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киімдегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.<br>*"Туған елдің көктемі".*<br>Маржан жаңбыр<br>Жауды да бір<br>Кемпірқосақ керілді.<br>Жарқ етті де, аунады қыр,<br>Ырзық дәні себілді.<br>Ш. Мәмбетов<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу | **таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген дөңгелектер".*<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті | **дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>"Боска біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру. | **дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн.<br>"Түн қалдырмай қуып өтті".<br>Түн қалдырмай қуып өтті,<br>Нөсер көкті жуып өтті.<br>Жалғыз ғана көгенге ұқсап<br>Қала берді кемпірқосақ.<br>Қ. Мырзалиев.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар | **дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар.<br>Қайталайықшы. Тамаша.<br>Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.<br>"Құмырсқалар".<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздеріңде,<br>Қызып алған<br>Кездеріңде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке | - Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | баулу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай аппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне, былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.**<br>**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Жаңбырдың пайдасы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жансыз табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын және шығармашылығын дамыту. | **Ойын-имитация.**<br>**"Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Балабақша ауласындағы ағаштар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайдасы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.**<br>"Құлыншақтарға сыйлық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттардың пішіндері мен түстеріне қарап, бастапқы санға сай, саны сонша затты тұстастырып, салыстыру тәсілдерін жетілдіру; заттарды тең екі топқа бөлу үшін, әрқайсысын бір-біреуден екі жаққа, екі бөлек қатарға жинау дағдыларын жетілдіру; сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. | **"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруға үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны". |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>Ін-ін-ін-ін,<br>Егілді егін.<br><br>Ай-ай-ай-ай,<br>Жайқалды бидай. | **"Көбелек" тақпағын айтқызу.**<br>Бала тілін дамыту.<br>"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)<br>Сен де қудың көбелек,<br>Мен де қудым көбелек, | **"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау | **Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату.**<br><br>1. Еңбек - ата, жер- ана.<br><br>2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің дәмі тәтті. | **"Қызғалдақ" өлеңін жаттау.**<br>Жомарт мынау табиғат<br>Өсіргендей бізге арнап.<br>Қып-қызыл боп жалындап,<br>Қырға өседі қызғалдақ.<br>Р.Тышқанбаев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ек-ек-ек-ек,<br>Сіңірдік көп еңбек<br>Қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс дыбысталуын қадағалап, балаларға бірнеше рет айтқызу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жүйрік екен керемет,<br>Ұстатпады, не керек?!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." деген сөздерді айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Барлық ойыншылар ойыннан шыққанша дейін ойнатылады.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | 3. Бейнетің қатты болса,<br>Татқаның тәтті болар.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>**(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Баланың эмоциялық жағдайы. | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | "Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап beresiз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | "Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме. | Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруда ата-аналарға кеңес беру. |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **3 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05 - 26.05.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін іс-тәжірибеде орындауға дағдыландыру. | **"Топтың ішін ретке келтір".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге дағдыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды ретттеп, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **Бөлме өсімдіктерін күту.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен карауға бейімдеу (қурап қалған жапырақтарды алып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолғабыс етуге тәрбиелеу. | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау.<br>Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілудіүйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу. |
| | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! | **"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Лото" үстел үсті ойыны (ауа райы).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Таныс пішіндер доминосы".**<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(математика негіздері)** | **"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолды оң жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта.<br>3.1. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар,** көркемсөз) | | | | |
| | моторикасын дамыту. Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер. - Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз. Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. | | сипатына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады. - Күшігім-ай, күшік-ай! Неге жалғыз қалдың ай? - Мен ешқайда кетпедім, Үлкен үйді күзеттім! - Қайтіп екен? - Ап-ап-ап! Абайлаңдар! Ап-ап-ап! Д. Ахметова | оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; ортақ ойындарға қуыршақпен қосылуға машықтау. "Қайда екен, көрсет" қимыл жаттығуы. **Үйрек арба ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларда ойыншықтың бейнесіне, онымен манипуляция жасаған жағдайда қозғалу сипатына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Құралдар: үйрек арба ойыншығы. | көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Аяланы допты дұрыс домалатуға үйрету | | Владиславпен пішіндер құрастыру | Бахтиярды қарандашты дұрыс ұстауға үйрету | **Шахназармен таныс ертегінің суретін көру** |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.<br>"Құлыншақ ойыншығымен ойнату.<br>Мақсаты. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу.<br>"Құлыншақ тентек екен".<br>Құлыншақ тентек екен,<br>Желкесіндегі жалысы желкен,<br>Желмен жарысып шауып,<br>Анасына ұстатпай кеткен.<br>- Құлыншағым, алысқа шаппа,<br>Далаға қашпа!<br>Д. Ахметова" |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын** | «Балбөбек» ш/о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09 - 09.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстап, қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады"). | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистра жапырақтардың жалпақ, үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсаты: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аударту; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік: | **Саусақ ойыны "Бас бармақ".**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Бас бармақ – байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова<br>**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.**<br>Мақсаты: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру.<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жусаң таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың. | **Байлау ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауға үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: байлау ойыншықтары.<br>- Бауларды ұштарынан алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық.<br>**"Ойыншық мысықпен ойындар".**<br>Мақсаты: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br>Мысық, мысық, мысығым, | **"Кімдікі? дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; отбасындағы белгілі заттардың кімге қажет екенін анықтату; есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Педагог көзілдірік, қамыс таяқ, ожау, тістеуіктер, қуыршақ, қонжық ойыншығы сияқты ойыншық-заттарды балалардың алдарына қояды. Бұнда ата-ананы атамауы да мүмкін, жанындағы немесе кейіпкер ойыншықтарға да үлестіруді ұсынуға болады.<br>**"Торғай" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тақпакты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова | бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. | | Жолға отырма, пысығым.<br>"Тәй-тәй" басқан бөпешім,<br>Жолдан өтем демесін.<br>Сенен аттай алмайды,<br>Құлап қалып жүрмесін!<br>Тусипжанова-Шагирова А." | машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>- Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар!<br>Күніміз де бізге күлімдейді:<br>Сәлем, сәлем! - дейді.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтырудан**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру.**<br>(жоспар бойынша) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Қуыршақтарға кәмпиттер".**<br>Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру. Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Сұхбатхананы бақылау.** Мақсаты. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы участкенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды | **Күнді бақылау.** Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы | ***Желді бақылау.*** Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. | ***Желді бақылау.*** Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. | **Бұлттарды бақылау.** Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. ***"Аспанда".*** Бір бұлт шықты бие болып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>- Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада біз күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді.<br>Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз"** | ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің | Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты.Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға | Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы. | Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлiген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Құм ойындары.<br>Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге үйрету. | көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.** | Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк).<br>- Жарайсыңдар.<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.<br>Мұқият болыңдар!<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу | әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | | Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудартy; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.<br>Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді.<br>Әлди-әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем!<br>Астыңа терлік салайын,<br>Үстіңе тоқым жабайын. | | | | |
| **Біртe-біртe тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудартy; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Сурет салудан ойын-** | **Көркем әдебиеттен** | **Құрастырудан ойын-** | **Қоршаған ортамен** | **"Саусақтар" атты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **жаттығулар:**<br>"Доп кетті домалап".<br>Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға дағдыландыру. Оқу қызметінде балалардың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін | **ойын-жаттығулар:**<br>""Маша мен Аю" ертегісі"<br>Мақсаты. Балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыра отырып, зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін есте сақтап, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.<br>*"Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы.*<br><br>**"Кімге нені береді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың | **жаттығулар.**<br>"Жолмен жүрейік".<br>Мақсаты. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарымен әрекет жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>"Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы.<br>**"Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні.<br>- Күн ойынына ұқ-сап | **танысудан ойын-жаттығулар.**<br>"Аю мен қонжық".<br>Мақсаты. "Аю мен қонжық" суретімен таныстыруда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін, эмоциялық қабылдауын дамыту.<br>"Аю қайда тығылды?" ойын рефлексиясы.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез. | **мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>"Допты сипайық" ойын рефлексиясы.<br>**"Дананы тамақтандырамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды тамақтану рәсіміне баулу; педагог арқылы ойыншықпен қатынасу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: қуыршақтың алдына келіп "Дана, тәттіні жеші" сөздерін айту, қасықпен тамақтандыру қимылдарын жасау.<br>Құралдар: ойыншық үстелі, орындық, ыдыстар, қуыршақ. | белгілі отбасы мүшесіне берілетін заттар ретін есте сақтауға, қайта айтып беруге жаттықтыру.<br>- Данада ойыншық көп,<br>- Бөлісемін, - дейді ол.<br>- Көлікті - атаға,<br>Қуыршақты - әжеге,<br>Допты - әкеге,<br>Текшені - анаға.<br>- Дана, ал сен нені қалайсың?<br>Қандай ойыншықпен ойнайсың?<br>- Жарайды, - дейді Дана, - ойнайын.<br>- Қандай ойыншықты алайын?<br>**"Айна" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында | (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру),<br>Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату). | | Көктем мерекесі –<br>Аналар мерекесі.<br>Әже, әпке, қыздарға<br>Сыйлыққа не дайын? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Аяламен "Қуыршақтар" ойының ойнау | Аминамен Саусақ ойыны. "Бас бармақ". | Бахтиярмен "Пішін салғыш ойыншықпен ойын". | Шахназармен Қимылды жаттығу орындау арқылы тілін жатттықтыру. | Аяламен және Бахтиярмен "Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.<br>- Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там-там". |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.<br>Ағаштарды бақылау.<br>Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін дамыту, ағаштарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бір діні бар, бұтаның діні жоқ. балалар аққайын, қарағаш, теректерді ажыратады.<br>Көркем сөз.<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | | | | |

| | |
|---|---|
| | "Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: “Менің көңілді добым…”<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек.<br>Тыныс алу жаттығуы. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жуасхан М.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09 - 16.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауға, педагогтің қимылдарының соңынан | **Әтеш ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, педагогтің | **Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су".** Мақсаты. Балаларды көркем сөз арқылы жуыну тәртібіне баулу; педагогтің қимылдарының соңынан жасаған қимылдар мен | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларда көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсаты. Балаларды педагогтің қимылдары соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>**"Жолға отырма".**<br>Мияу, мияу,<br>Кет, пырыш!<br>Жолға отырма<br>Тым-тырыс.<br>Біздің бөпеш<br>Жүгірер<br>Жолда саған сүрінер.<br>М. Әлімбаев | қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>**"Әтеш" (орыс халқының тақпағы).**<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегің созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың?<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | айтылған сөздерден жағымды эмоцияларды алуға ынталандыру.<br>**"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).**<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>**"Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма).**<br>Біздің мияу,<br>Тоны қандай тамаша!<br>таң қаласың,<br>Талдап мұртын тараса.<br>Көзі шақпақ,<br>Тісі аппақ.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру.<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>(саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық<br>(шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>(саусақтармен үстелге соққылау)<br>Жамылып, отырайық<br>(алақандарымен бастарының төбесін жабу).<br>Д. Ахметова |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>- Ақтөс пен Марғау өзара жарысты:<br>Жеп алды табақшадағы бір уысты.<br>Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады?<br>Кім қалдырмай тамағын тауысады?<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Аспанымызға "сәлем" айтамыз,<br>Алтын күнге "сәлем" айтамыз.<br>Балалар, біз де гүлдей болайық,<br>Күнге қолдарымызды созайық.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру.**<br>"Бір, екі, үш .., жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Доппен ойнаған мысық".<br>Мақсаты. Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру.<br>*"Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы.* | жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды оқу қызметінде шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>*"Допты түсіріп алма" ойыны.* |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Күн жарықты сыйлайды,<br>Сәулелері көп, | **Аспанды бақылау.**<br>Балалардың аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. | **Сұхбатхананы бақылау.**<br>Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.<br>- Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді. | **Қоян ойыншығын бақылау.**<br>Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу | **Бұлтты аспанды бақылау.**<br>Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір аулаға сыймайды,<br>Барлық жерге тиеді,<br>Барлығына жетеді.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там- | - Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы".**<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен | Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, бұл қай жер?<br>- Иә, сұхбатхана.<br>- Бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады. | қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар.<br>Қоян құлықтарымен былай қимылдайды.<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" | ***"Жауын"***<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>*Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br>**"Аюдың орманында"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | Балалар жасырынған қоныраулы тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Құм ойындары.<br>Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | **қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.**<br>"Әжемнің жіптері".<br>Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру.<br>"Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсаты. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету. Балалардың ойыншық арқылы ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту.<br>"Пирамида жинайық" жаттығуы.<br><br>**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға | **Сенсорикадан ойын-жаттығулар.**<br>"Түрлі ойыншықтар"<br>Мақсаты. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту.<br>"Пішіндер қонаққа | **Қоршаған ортамен танысудан ойын жаттығу**<br>"Саңырауқұлақ".<br>Мақсаты. Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру.<br>"Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы.<br><br>**Ойын-имитация.**<br>**"Қонжық".**<br>Мақсаты. Балаларды қонжықтың ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне | **"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кішткентай ойыншықтар. | жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар. | шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). | еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>- Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Фатиманы Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жеке жұмыс | Аяулыммен ойыншықтармен ойнату және оның | Бахтияр және Аяламен Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су! | Аяламен ойын "Қонжық".<br>- Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық. | Жеке 2-3 баламен жұмыс<br>"Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атауын қайталау | Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып. | - Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна! |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.<br>Күнді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды күннің қалай көңілді, жарық жарқырайтынын байқауға жетелеу; балалардың қуаныш сезімін ояту, өз ойын ым-ишарамен, сөзбен жеткізе білу; жарық, нұрлы, көңілді — сын есімдері арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>Бақылаудан кейін айнаның көмегімен (ойын жабындысының қабырғасында) күн сәулесімен ойнау.<br>Өлең оқу:<br>Шуақтары тарайды,<br>Терезамнен қарайды.<br>Еркелетер аймалап,<br>Сәуле шашар арайлап!<br>Еңбек тапсырмасы: ағаштардан түскен жапырақтарды қорапқа жинау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдары: қолғаптар, ойыншық қопсытқыштар.<br>"Тығылмақ" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>Тәрбиеші 10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. | | | | |

| | |
|---|---|
| кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: “Менің көңілді добым…”<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек.<br>Тыныс алу жаттығуы. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09 - 23.09.2022 г.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауына, түсіне, құрылымына көңіл аудару. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **Құлыншақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу.<br>**"Құлыншақ тентек** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Күн мен жаңбыр".<br>Мақсаты. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту.Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың | **Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, "Отан" сөзін қайталауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға | **Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым".**<br>Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым,<br>Соққылайды | **Саусақ ойыны. "Бас бармақ".**<br>Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>- Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жемістер мен көгөністер".<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру; күзде өсетін жемістер мен көгөністер атауларымен таныстыру; күз ерекшеліктері мен құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың жемістер мен көгөністер атаулары арқылы қабылдау | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жапырақтар түсіп қалды".<br>Мақсаты. Балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруге және ажыратуға үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; пішіндерді, үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, | **Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".**<br>Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Саусақтарды ойнатайық,<br>(Саусақтармен жыбырлату)<br>Бір-біріне уқалайық.<br>(Қос алақанды уқалау)<br>Арасына өткізіп,<br>(Алақан саусақтарын | **"Киюді үйрену" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, дұрыс ынталандыру. | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап<br>(қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап"<br>(шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеті мен тілін, ой-өрісі мен есте сақтауын дамыту. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br><br>**Саппен жүру жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық, | ортақ қасиеттер бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру. "Кімде не бар?" дамытушы ойыны.<br><br>**"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі сепетке салуға үйрету. | бір-бірінің арасынан өткізу)<br>Мықты құлыптар жасайық. (Қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау)<br>Д. Ахметова | | (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бахиярмен<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Ұшты талдан жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді. | Аяламен<br>Сурет бояу | Бахтиярмен<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Жаңбыр жауса - тұрмайық".<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>Жамылып, отырайық. | Шахназармен ермексазбен жұмыс | Аяулымен<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Құлыптар". |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. | | | | |

| | |
|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Өн салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.<br>**Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ".**<br>Мақсаты. Балада жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың** | «Қарлығаш» тобы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **реттік саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.10 - 14.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2022 | 11.10.2022 | 12.10.2022 | 13.10.2022 | 13.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске деген аллергиясы жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды жүберекпен сүрту үлгісін | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаңын сүрту үлгісін көрсету. | шаңын сүрту үлгісін көрсету. | нақпішініндегі шаңын ылғалды жүберекпен сүртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза). | көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру. | маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру. |
| | **Алма нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларда тақпақты айтқызу арқылы алма туралы, пішіні дөңгелек заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Қызыл алма дөңгелек,<br>Алтын күн де дөңгелек,<br>Басым менің | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>*"Қияр" (орыс халқының тақпағы).*<br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қояды бір тышқан | **Сары банан нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсаты. Балаларда тақпақты айтқызу арқылы банан туралы, пішіні сопақша заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Құралдар: тақпақтағы заттардың нақпішіндері немесе | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br><br>- Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ, | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>- Ал баубақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелек,<br>Добым ол да<br>дөңгелек. | Құйрығыңды кеміріп.<br>Х. Ерғалиев, М.<br>Әлімбаев | суреттері.<br>- Сары банан<br>сопақша,<br>Шұжық еті сопақша,<br>Тәтті сәбіз сопақша,<br>Таяқша да сопақша. | Қияр, орамжапырақ.<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).<br>2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.<br>2–1 оң иықты көтеру;<br>2–2 б.қ. келу;<br>2–3– сол иықты көтеру.<br>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).<br>3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.<br>3–1– 3 рет секіру;<br>3–2 – б.қ. келу;<br>3–3– 3 рет секіру;<br>3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау). | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып, жаттығуды бастауға болады.<br>- Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | . **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Алма".<br>Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішініндегі үлкен алманы салып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шығуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. "Дананың сарқытынан ауыз тиейік". |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сары жапырақтарды бақылау.** Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу | **Көк аспанды бақылау.** Мақсаты. Балаларға, педагогке еліктеу арқылы, аспан мен ауаның қасиеттеріне жалпы қызығушылық тудыру. Аспанымыз көгілдір, | **Бұлтты аспанды бақылау.** Мақсаты. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттар сұрланып | **Желді бақылау.** Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз | **Ағаштарды бақылау.** Мақсаты. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев<br>Балаларға көркем сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды | Ауамыз мөп-мөлдір.<br>Аспанды тамашалаймыз,<br>Ауамен демаламыз.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сәбіз бақшада өскен" ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға педагогтің соңынан тақпақтағы сөздерді ілесіп айтып, қимылына еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларды | тұрса, жаңбыр жауатынын байқату.<br>Жаңбыр жауса қалаға,<br>Алыс жатқан ауылға,<br>Су толады шалшыққа.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Там-там-там,<br>Там-там-там,<br>Соққылайды шатырға.<br>Там-там-там,<br>Там-там-там.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды | жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>- Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Допты қағып ал" қимылды** | дамыту.<br>- Сәбіз бақшада өскен, (аяқ ұшына тұру, қолдар жоғары)<br>Жүйекте отыр, терең. (шоқайып отыру)<br>Көрінбейді, тоқсары, (шоқайып отыру, алақандармен төбені жабу)<br>Жер бетінде - сабағы. (қайта аяққа тұру)<br>Еңкейіп, қане, жұлайық, (алға төмен еңкею)<br>Жұлып-жұлып, отырайық. (басылып отыру, аяқтарды тік созу, маңдай терін сүрткен сияқты, қолмен қимыл жасау, демалу)<br>Д. Ахметова<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос | тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір | бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру.<br>Педагог көркем сөздерді бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды.<br>- Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету),<br>Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу).<br>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру),<br>Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру).<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сапқа (түзу сызық, | ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>- Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу; **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Құрастырудан** | **"Пішіндер алқасы"** | **Қоршаған ортамен** | **Көркем әдебиеттен** | **Музыкадан ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **ойын-жаттығу.**<br>"Күздік алмаларға қорапша".<br>Мақсаты. Балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру. Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдарының ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту.<br>"Жеміс пен көгөністерге | **дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануға баулу.<br>- Балалар, ал қазір сендер мына тібекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. | **таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Жапырақтар".<br>Мақсаты. Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту.<br>"Жапырақты жинайық" ойын рефлексиясы.<br><br>**"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, | **ойын-жаттығу.**<br>"Шалқан" ертегісі".<br>Мақсаты. Балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту.<br>"Не жасырдым?" жаттығуы.<br><br>**"Көгөністер" мультфильмін көру.**<br>Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, көгөністерді | **жаттығу.**<br>"Тұлпарым".<br>Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоционалды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорапша" іс-тәжірибе жаттығуы.<br><br>**"Сәлем!" мультфильмін көру.** Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш<br>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ<br>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. | сүлгілер, төсеніштер.<br>- Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз.<br>Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. | ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды!<br>(шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшш...<br>(отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.<br>"Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Аяламен жеке жұмыс | Аяулыммен желіммен жұмыс | Бахтиярмен "Күз". Тақпағын жаттау | Аяламен тақпақ жаттау  Жаңбыр жауса далада,<br>Алыс жатқан ауылға, | Шахназармен суретпен ертегі құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Су толады<br>шалшыққа.<br>Кім шыдайды<br>суыққа?<br>Там-там-там,<br>Там-там-там,<br>Соққылайды<br>шатырға.<br>Там-там-там,<br>Там-там-там.<br>Кім шыдайды<br>суыққа?<br>Д. Ахметова | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. | | | | |

| | |
|---|---|
| | **"Бұл кім?" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу арқылы тани білу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар орындықта отырады. Педагог кезек - кезек ит қалай үреді, мысық қалай мияулайды, сиыр қалай мөңірейді, қарғаның қандай дыбыстар шығаратындығын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) көрсетуді сұрайды. Егер балаларға мұны істеу қиын болса, ересектер көрсетеді.<br>Біз ойынды біраз өзгертейік. Балалардың бірі аңға немесе құсқа тек дауыспен ғана емес, сонымен қатар өзіне тән қимылдармен еліктеп, көрсетеді. Әдетте қоянның қалай секіретінін көрсеткісі келетіндер көп болады. Бірақ барлық аң - құстарды көрсетсін. Кім қоян болып ұзақ тұратынын және оны кім ең қатты ұқсас етіп жасайтынын анықтау ғана қалады."<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көкөніске аллергиясы жөнінде". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш» тобы** |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жуасхан М.** |

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.10 - 21.10.2022 ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022 | 18.10.2022 | 19.10.2022 | 20.10.2022 | 21.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін игертудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында сөренің шаңын, пластиктен жасалған Бауырсақ ойыншығын сүрткеннен кейін, бетінің таза, жылтыр болғанына көңіл аудару. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру; қауыршақтарды орындықтарға отырғызуға шақыру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау, суару. |
| | **"Алтын астық" қимылды жаттығуы.** Мақсаты. Балаларға бидай алқабының суретін көрсету арқылы бидай туралы | **Бауырсақ ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларды ойыншыққа қарап, көркем сөзді айтуға | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилеткізу арқылы | **Тышқан ойыншығымен ойнату.** Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, тышқанның | **"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны.** Мақсаты. Балаларға дөңгелек пішінді түрлі геометриялық пішіндермен безендіруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды орындағанда жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>*"Алтын астық" тақпағын мәнерлеп оқу.*<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала - бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Қ. Мүсірепов | ынталандыру, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету.<br>*"Бауырсақ".*<br>- Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br>Д. Ахметова | балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке<br>С. Әлімқұлов | қылықтарын байқауға үйрету, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>Ойыншық болмаса, суретін көрсету мүмкін.<br>Тықыр-тықыр тықырлап,<br>Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден тесіп.<br>Көрейік оны, барлап.<br>Д. Ахметова | ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табақшаларға қағаздан қиылған немесе пластиктен мөлшердері бірыңғай геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қояды.<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).<br>2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.<br>2–1 оң иықты көтеру;<br>2–2 б.қ. келу;<br>2–3– сол иықты көтеру.<br>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).<br>3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.<br>3–1– 3 рет секіру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3–2 – б.қ. келу;<br>3–3– 3 рет секіру;<br>3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау). | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай!<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша)<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Нанның қасиеті".<br>Мақсаты. Балаларға нанның қасиеті мен маңызы туралы түсінік | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Тоқаштар".<br>Мақсаты. Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, бұру бағытымен тұйықтап, нүктеге жеткізуге үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | беру; нанның қандай еңбекпен әзірленетіні туралы қысқаша мағлұмат беру.<br>Балалардың нан өнімдері атаулары арқылы ой-өрісін кеңейту; есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту.<br>"Ойыншықтарға нан берейік" жаттығуы. | | | қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға машықтау; педагогтың көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру.<br>"Сенде не бар?" сөздік жаттығуы. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды. | **Сары жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ұшты талдан жапырақ | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>*"Аспанда"*.<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып, | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдарды жала киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы: жапырақтар сарғайды. | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүргенді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсету мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Аспанға қарандаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қарандаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі | Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев<br>Балаларға көркем сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық | Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. | - Аспанға қарандаршы: сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қарандаршы: ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>- Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсаты.Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке | - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>- Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру | - Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқи алады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру.<br>- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. Педагог дауыс ырғағына аса назар аударады. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бағыттары ауысады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | | | **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу; **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Жеміс-көгөністерден жасалған тоқаш".<br>Мақсаты. Балаларды әртүрлі заттар мен геометриялық пішіндердің ортақ сенсорлық сипаттарын біріктіруге және ажыратуға үйрету; олардың айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (дөңгелек пен сопақшаны) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; геометриялық пішін қасиеттерін жеміс және көгөніс пішініндерінен байқап, табуға дағдыландыру; нанның қасиеті мен жеміс-көгөністердің дәрумендік маңызы туралы түсінік беру.<br>"Домалақ-сопақша" қимылды жаттығуы. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Наубайшы".<br>Мақсаты. Балалардың наубайшының еңбегі туралы білімдерін кеңейту; піскен нанның дайындалу кезеңдерін бақылату арқылы қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту.<br>"Нанның дәмін көрейік" рефлексиясы.<br><br>**"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуға үйрету.<br>Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Піскен бауырсақтар".<br>Мақсаты. Балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді жағып жапсыруға, сүлгіні қолдануға үйрету; балаларға жапсыру амалдарын игерту; балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; балалардың күз мезгілінің өзгерістері мен нәтижелі іс-әрекетке деген қызығушылықтарын ояту; нанды құрметтеп, қастерлеуге және аяққа баспауға тәрбиелеу.<br>"Дәмін көрейік" | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсаты.Балаларды мультфильмдегі бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. | **"Бауырсақ кімнен қашты" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың білімдерін "Бауырсақ" ертегісінің желісі жөнінде пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту.<br>Құралдар: "бауырсақ" кейіпкерлерінің жеке суреттері.<br>- Балалар, мен "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін көрсетіп отырайын, ал сендер бауырсақтың неден қашқанын айтып отырыңдар.<br>"Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін қатарға салып беру, аталған сайын көрсетіп отыру.<br>Балалар жауап бере алмай жатса да, кезекті бұзбай, көрсетіп отыру, балалар атайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды пішіндерді ажыратуға үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті геомтриялық пішіндер. | түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек). | рефлексиясы.<br><br>**"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.**<br>Мақсаты. Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Шахназармен ермексаздан шарды домалату | Бахтиярмен жаттау<br>Кірпі арқасы инеге толған,<br>Жүгіріп жүр айнала,<br>Көк майса шөпті аралап,<br>Пысылдап, иіскеп, қазып.<br>Д. Ахметова | Аяулыммен жеке жұмыс | Аяламен жаттау<br>- Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау. | Шахназармен тіл жаттығуы |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.<br>**"Айна" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды.<br>Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін игертудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың** | «Қарлығаш» тобы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **реттік саны, атауы** | | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.10; 26.10 - 28.10.2022 ж.** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.10.2022 | 23.10.2022 | 24.10.2022 | 26.10.2022 | 27.10.2022 | 28.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; | | | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл екендігіне, құстардың жасыл | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, | "Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығарытын сұрау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | | | өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару. | тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, дбөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(еңбек дағдылары)** | | түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету.<br>**(еңбек дағдылары)** | түсіндіру.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар. Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қане, қане балақай,<br>(шапалақ)<br>Тұрғызамыз аққала!<br>(қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып,<br>(шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана.<br>(шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана!<br>(шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **«Қоян»**<br>Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бәйтерек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп, салуға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, | Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Күрекшені аламыз,<br>Жолды қардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.)<br>Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың, | жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала. | ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алға жылжу<br>қабілеттерін жетілдіру,<br>тепе-теңдікті сақтау<br>қабілеттерін дамыту,<br>бұлшық еттерін<br>шымыр ету.<br>Педагог балаларды<br>көркем сөзбен<br>қимылдарға<br>ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр<br>жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай,<br>үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық,<br>жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық<br>... | Мақсат-міндеттер:<br>балаларды мәтінді<br>тыңдауға және мәтінге<br>сәйкес қимылдар<br>жасауға үйрету,<br>секіруді, қол<br>шапалақтауға, мәтіннің<br>соңғы сөзін естігеннен<br>кейін қашуға үйрету,<br>балаларға қуаныш<br>сыйлау.<br>Ойын шарты:Балалар<br>дөңгеленіп қол ұстасып<br>тұрады, ортада бір бала<br>қоян болады. Балалар<br>барлығы бірлесе<br>қоянды оятуға<br>тырысады.<br>-Қояным,қояным<br>ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киші,<br>Көлегіңді киші. | Баптайын, күтіп,<br>сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды<br>ойыны. (дене<br>шынықтыру, көркем<br>әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды шеңбер<br>құруға, оны кеңірек,<br>тар етіп жасауға,<br>қимылдарды айтылған<br>сөздермен үйлестіруге<br>үйрету.<br>Балалар бір-біріне<br>жақын тұрып,<br>қолдарын біріктіріп<br>шеңбер құрады.<br>Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!-<br>дейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ<br>жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді<br>кеңейтіп, тәрбиеші<br>«Көпіршік жарылды»<br>дегенше, қол ұстасып<br>тұрады. Балалар<br>еңкейіп: «шапалақ, ш-<br>ш-ш» деп айтады. | Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді"<br>қимылды ойыны.<br>(дене шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қызыл,<br>жасыл не сары түсті<br>таңбалауыштардың<br>біріне сәйкес<br>қимылдарды жасауға<br>үйрету; топтасып, бір-<br>біріне соғылмай жүре<br>білу дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>жағымды әсерлерге<br>бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға<br>кезегімен қызыл, сары<br>және жасыл<br>таңбалауыштарды<br>көрсетіп жатып, белгілі<br>таңбалауышқа сай<br>қимылдарды жасауды<br>ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш -<br>қолға рульді ұстаған | Жасыл шырша<br>түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала<br>билейік" қимылды<br>жаттығу. (дене<br>шынықтыру, сөйлеуді<br>дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шыршаға<br>қарап, қызықты<br>қимылдарды жасап,<br>көтеріңкі көңіл-күйге<br>бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға<br>алдын-ала<br>безендірілген<br>шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы<br>ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова | | Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын балық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аквариуммен және аквариумдағы балықтардың дене құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Менің Отаным".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргінші жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Елімнің рәміздері".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді | жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әндетіп айтып жүруі керек. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты. Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу,** | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну. Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу: | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Суық - жылы» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар кілемге малдас құрып отырады.<br>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»-дейді. Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» -дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **сөйлеуді дамыту)** | - - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті.<br>Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | Балбөбек ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш! тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.12 - 16.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.12.2022 | 13.12.2022 | 14.12.2022 | 15.12.2022 | 16.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін қалай білуді сұрау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер.Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, беттерінің тегіс болуын бақылау. **(еңбек дағдылары)** | |
| | **Ойын "Пирамиданы құраймыз".** Мақсат-міндеттер: | **"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.** | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.** | **"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Мақсат-міндеттер: балаларға туған өлкесі, мекен орны жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.**<br>Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе | Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз.**<br>Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,<br>Ағаштар жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, -<br>Өзенде мың бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова | Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан туралы алғашқы жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау.<br>Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары.<br>Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді.<br>Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады.<br>"Менің Отаным".<br>Отан деген – атамекен,<br>Отан деген – туған жер. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды.<br>**(құрастыру)** | | Отан – ана,<br>Отан үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

<table>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Таңғы сәлемдесу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы ылраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру<br>(жоспар бойынша)</td><td>Дене шынықтыру<br>(жоспар бойынша)</td><td>Музыка<br>(жоспар бойынша)</td><td>Дене шынықтыру<br>(жоспар бойынша)</td><td></td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.</td><td>Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</td><td>Өткен адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</td><td>Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.</td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыста құстар тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесу қабілеті мен тілегін дамыту.<br>Торғай, торғай, тондыңба,<br>Тұра алмайсың орнында?<br>Бір қонасың бір ұшып,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Жем іздейсің айнала.<br>Үйге кірші , торғайым,<br>Мен аяздан қорғайын.<br>Үйшік жасап берейін,<br>Алдыңа жем төгейін.<br>- Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен?<br>- Біз оларды немен тамақтандырамыз?<br>- Жемшашардан қандай қызықтар | Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру.<br>Балаларға оларды жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер де қардың астында қатып қалмайды.<br>Мұны қалай жасау керектігін көрсету.<br>Тоңса біздің қолымыз, | Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді | Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқауға болады?<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.<br>Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтар**ына отыра қалады.** | Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт - сарт - сарт,<br>Шапалақ соғамыз.<br>Етік киіп аламыз,<br>Топ - топ - топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз.<br>Тоңды киіп аламыз,<br>**Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бір-біріне қарсы жүгірмеуін қадағалау.<br>Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру.<br>Педагог «күн» дегенде - балалар қозғалады, жүргіре алады, шапалақтайды.<br>«Түн» - барлығы тоқтап, қозғалм**ауға тырысады.** | үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орынд**а тұрамыз.** | шапшандықк тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жем | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шоқығанын,<br>шоқайып отырып,<br>саусақтарымен<br>тізесіне соққылауды<br>көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың<br>қимылдарын көркем<br>сөзбен сүйемелдейді,<br>жылжу бағытын<br>реттеп, қадағалап<br>жүреді.<br>- Торғайлар,<br>торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып<br>қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап,<br>автобильді<br>сомдайды, алаңда<br>шоқайып отырған<br>балаларға қарай<br>жылжиды.<br>- Автомобиль келе<br>жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Қоян" тақпақ-оятпағы.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты.**<br>Дастарқан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу**. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қар жауды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Шыршаны безендіру".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттеріне үйрету; | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп шеңберді құруға үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа | байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау.<br><br>**"Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларға қолдармен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді. | тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі әртүрлі, бірақ түстері бірдей біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу** | қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірде көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды!<br>(шапалақтау, отыру)<br>Пшшшшшшш...<br>(отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.<br>"Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. | Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып. | "Шырша шары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үлкен домалақ (шырша шары) кескін ішін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір-біріне тигізбей жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; сүлгімен пішіндер үстінен басып, жұмысты таза істеуге үйрету; жапсыру амалдарын игерту; балалардың байқағыштығын, зейіні мен танымын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; оқу | тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметінде мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Баулармен ойнау" ойыны.** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Балалар қарандаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңыз. | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". **(мүсіндеу)** | **"Сипау арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу. Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар өздері баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. **(сенсорика)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12 - 23.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2022 | 20.12.2022 | 21.12.2022 | 22.12.2022 | 23.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін анықтау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. |
| | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".** Мақсат-міндеттер. Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. | **"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан қимылдарды қайталап, шырша | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді саусақтардың қимылдарымен қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук". | Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.<br>Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді, | туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру;<br>жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br><br>- Шыршада өседі ойыншықтар,<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның инесін ұстама,<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша сыйлықты бермейді,<br>- Тақпақты оқып бер! – дейді.<br>Д. Ахметова | түйсіктерін дамыту.<br>- Домалайды, домалайды, (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Отырып - ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу)<br>Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау)<br>Домалайды. (жұдырықтармен өзара алдында | моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту;<br>жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бірін-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.(шапалақтау) | | айналдыру)<br>Д. Ахметова | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдыдар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка**) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Шыршадағы ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне толықтырып, бояуға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізден тез алып, өзге бос жерге ауыстырып отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қылқаламды тіреушеге қоя білу қабілетін пысықтау; педагогтың үлгісіне қарап, ойын арқылы ілесіп отыруға дағдыландыру; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан- | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл- | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді | өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдыдар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Нан мен қасықты ал да, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйқытатпақ.**<br>Жастыққа басыңды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Күннің оянуы".**<br>"Күн осылай оянады" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды төмен түсіреді. (Баяу тұру, қолды әр сөзге алдыға, жоғары).<br>"Жоғары, жоғары, жоғары "— б. қ.: тігінен тұрып қол екі жаққа. (Денені төмен еңкейту, қол тізеде, б.қ. келу)<br>"Түнге қарай күн батады" — б. қ.: дәл солай. (Жүресінен отыру, қолды түсіру).<br>"Төмен, төмен, төмен" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды түсіреді. (Басты төмен - жоғары - төмен еңкейту).<br>"Тамаша, тамаша" — б. қ.: тұрып. (Қол шапалақтау).<br>"Күн күлімдеді" — б.қ.: тұрып, қол белде. (Денені оңға-солға бұру).<br>"Ал күн астында біз тамаша өмір сүреміз" — б. қ.: дәл солай. (Бір орында бір жаққа айналу, ал кейін екінші жаққа).<br>(2 рет қайталау) жолдарымен жүру.<br>"Денсаулық" (Бедерлі тақтай, уқалау жолақшалары, шөптер).<br>Мақсаты: алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру.<br>**"Мөлдір су"**<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуса таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың.<br>**(көркем сөз, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".**<br>Балаларға қасық ұстап үйрету жұмысын жалғастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Қуыршақ Дана топқа қонаққа келеді, ол көжені аузына шашыратпай апара алмайтындығына байланысты көйлегін үнемі былғатып алады екен. Балалар қонаққа "Алақай" деген балабақша өлеңін айтып "тыныштандырады". Содан кейін педагог балаларға сиқырлы қасықтарын алып, Данаға көжені қалай ішуге болатындығын көрсетуді ұсынады. Соңында Дана балаларға сабақ үшін алғыс айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығармамен таныстыруда зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар**<br>"Жасыл шырша".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; басқа ағаштармен салыстырмалы түрде алғанда шыршаның мәңгілік жасыл ағаш | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып сыйлықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Мұнара".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу.<br>Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамы**ту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | екені туралы және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтын ағаштардың бірі ретінде түсінік қалыптастыру. | | Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өлең оқу.** Жарқырайды жұлдыздарым, Ілінген моншақтарым, Жымияды көк шарларым, Күлімдейді ойыншықтарым. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру).** Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. **(мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)** | **"Қыс" жыл мезгілі жайында әңгімелесу.** (сюжеттік суреттерді қарастыру). Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша сәйкес суреттерін тауып салу.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Юрчук С.Н., Ақбас У. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.12 - 30.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.2022 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға шырша қыста неге жасыл болғанын түсіндіру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы және шарттары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | **"Топтың ішін ретке келтір"** Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. |
| | **"Шырша** | **"Шыршаны безендір"** | **"Аққаланы** | **"Қолғап" қимылды** | **"Сыяды-сыймайды"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыншықтарын ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті пластик шырша ойыншықтары; ойыншықтардың әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: шар денелі ойыншықтарды бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br><br>*"Шырша".*<br>Қызық-думан күн келді, | **дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру.<br>- Шырша. Ә. | **құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек,<br>(алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймандап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | **(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Шырша моншақтары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ермексаздың тұтас бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; құрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын ояту; сабақта мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен** | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны | **Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын** | ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар!<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! | безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық,<br>Жіпке жалаулар ілдік.<br>Желге желбіреп олар<br>Бізге көзайым болар.<br>- Балалар, бұлар не?<br>- Жалаулардың түстері қандай?<br>- Жалаулар не істейді?<br>- Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату | (терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеттері:**<br>**"Нысанаға тигіз".**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дәлдікті дамыту,<br>нысанаға затты дәлдеп<br>лақтыруға үйрету. | - Қарандаршы, ақ қоян<br>жылы ақ тонын киіп<br>алды. Қоян қуанып<br>қалды. Сендерді бірге<br>ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу**<br>**тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана<br>орындықтарын қардан<br>тазалауға шақыру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым<br>еңбек әрекеттерін<br>жасауға<br>машықтандыру;<br>тазалыққа,<br>еңбексүйгіштікке<br>тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой,**<br>**қоян!" қимылды**<br>**ойыны. (дене**<br>**шынықтыру)** | топтастырымен бірге<br>әрекет етуге, баулу;<br>жағымды эмоцияларды<br>дамыту.<br>**Жалаушалармен**<br>**ойын.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем<br>сөзді тыңдап, ырғағына<br>сай жалаушаларды<br>ұстап қимылдауға<br>үйрету, соңғы<br>"жалауша" сөздерін<br>сигнал ұқсап қабылдап,<br>қосылып айтып,<br>қолдарды көтеріп,<br>жоғарыға бұлғауға<br>ынталандыру.<br>*"Жалауша"*.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген**<br>**жолдармен" ойын**<br>**жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>асфальт бетіне<br>салынған (жерде | жөніндегі пікірді<br>қалыптастыру (қарды<br>тоқтатады, жел<br>соққанда), қардан<br>кедергілер жасау,<br>тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау,<br>бірлесіп атқарудың<br>кішігірім тәсілдерін<br>қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>өз құрдастарымен 2-3<br>рөлден тұратын ойын<br>ойнағанда бірлесуге<br>талаптандыру, рөлді<br>бөлу, ойын тәртібін<br>орындау, жалпы ойын<br>шартына сәйкес әрекет<br>ету. **(ден**е шынықтыру) | сақтау («қасқұлақ»<br>сөзді атаса сол адам өз<br>орнында қалу керек),<br>«күзетші» тобынан<br>«қасқұлақты» қуу<br>міндетті. Ойынды<br>өзінің және басқа<br>ойыншының<br>әрекетімен келістіре<br>білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын<br>жасау. Тәрбиешімен<br>бірге<br>жауапкершілікпен<br>жолға су құйып мұз<br>айдынын жасауға<br>үйрету. Еңбек етуге<br>тәрбиелеу. (еңбек<br>дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>ойында өз әрекетін<br>жолдастарының<br>әрекетімен келістіре<br>білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос | жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аяқпен секіруге жаттықтыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.<br>"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудартү; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы ойынға шығайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, көрсетуге дағдыландыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қолғап".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін дамыту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қуыршақ Данамен серуендеу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; адамның қысқы киімдерінің атауына үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі тіршілік ерекшелігі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.<br>Балалардың қысқы киім атаулары арқылы есте сақтауы мен тілін, бақылағыштығы мен | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы алашадағы қар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарындашпен көлденең сызық бетіне, "алашаға", кезекпен тұйықталған, көлемі әртүрлі дөңгелектерді алашаның сол жағынан оңға қарай бір-бірінен кейін қойып, тізіп салуға үйрету; салынған сурет объектілерін, "қар ұшқындарының" бір тізбекте болуын бақылауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | зейінін, қабылдау қабілетін дамыту. | дағдыландыру; қар туралы ұғымдарын қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. | **"Сипау арқылы тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу.<br>Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау | **"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: баланы алға қарай қозғалып, секіруге машықтандыру**.**<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **сенсорика)** | Оң аяқпен секіремін<br>(Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін<br>(Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.Ж.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **04.01-06.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | 04.01.2023 | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?" | | | | |
| **Балалардың дербес** | | | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** | **"Еңбекке баулу"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | Мақсат-міндеттер. Терезеннің әйнегінде қырау оюлары бар болса, балаларға байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | | | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауға үйрету; тілін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | - Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу)!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Ақылды боламыз.<br>Қыс мезгілі тамаша қандай, балақай!<br>Қанекей, қызықтаймыз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыстар**<br><br>**"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>Аққала денесі дөп- | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны "Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.<br>Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, | **Қысқы демалыстар.**<br><br>**«Қысқы би» жаттығуы**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Түрлі-түсті жіптер" дидактикалық ойыны (шағын топпен ойын)**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білуге үйрету, түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Пирамида жинау" ойыны (шағын топпен ойын)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды пирамида жинауға үйрету, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға ынталандыру.<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұратын алынады.<br>**(сенсорика)** | атауға ынталандыру. Себетке түрлі-түсті жіптер салынған, балаларға бір жіпті алу ұсынылады.<br>Балалармен бірге тәрбиеші жіптерді тексереді: жіптер дөңгелек, жіптер домаланады, содан кейін тәрбиеші жіптердің түстерін **атайды.**<br>**(сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Аққаланы бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем** | **Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды табиғат құбылысы қардан қаланған аққаламен таныстыру, оның пішіні мен келбетінің ерекшелігін байқату; жағымды көңіл-күйге бөлене білуге ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Ал бұл не?<br>- Жарайсыңдар, аққала.<br><br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Аққала ақ денелі,<br>Аппақ етегі, жеңі,<br>Аппақ беті, дақ көзі,<br>Ақ басында шелегі.<br>Ал мынау – қызыл мұрын.<br>Кім көрген бұны бұрын? | **әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақша қарлардан құралатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>*"Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | **әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>Ақша қарлар оюлы,<br>Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақшақарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бет ортасында қадалған.<br>Өзі неден жасалған?<br>Д. Ахметова<br>Балалар аққаланы қолмен ұстап, оның қардан болғанын, басын, денесін, көздерін көрсетеді, атайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды аққаланың бетін қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу | балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндетттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік. | қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр.(алақандарымен ары-бері бұрандау)<br><br>Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық<br>...<br>Д. Ахметова<br>"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын қане тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз,<br>Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде | **«Қайда болу керек?» мультфильмін қарау.**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейінін дамыту; заттардың орналасқан жерін байқауға, бір сөзбен | **«Күн сәулесі» ойыны.**<br>Жабдық: кішкентай айна.<br>Тәрбиеші күн сәулесін айнамен қабырғаға түсіреді де, оны саусақтарымен ұстауды ұсынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алғашқы ұғымдарды қалыптастыру;<br>жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. | қоңырау шалуға немесе саусақпен көрсетуге, «бар», «мұнда» сияқты сөздерді қолдануға шақыру; кеңістікті бағдарлаудың негізін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таны**су) | Тәрбиешінің белгісі бойынша, балалар оны ұстап алуға тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(дене шынықтыру)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | | | **Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".**<br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>- Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. "Шаңғының жолы".<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?". | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек»ш/о |

| Топ/сынып | Аралас топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| Балалардың жасы | 2 жас балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Касенова А.Ж.,Юрчук С.Н.,Ақбас у. | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 09.01-13.01.2023 ж. | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | 09.01.2023 | 10.01.2023 | 11.01.2023 | 12.01.2023 | 13.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу. | мақтау. | түсіндіру. | |
| | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды | **"Қар" (Қ. Мырзалиев) тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қар туралы тақпақты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуға, қимылдауға ынталандыру; қыс мзгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау.<br>Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді.<br>*"Қар".*<br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар! | **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп- | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді, | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлд*ибекұлы.*<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қ. Мырзалиев.<br>**(көркем әдебиет)** | дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек,<br>(алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймандап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қар жауса, қар жауса,<br>Қуанады балалар.<br>Аппақ тау, аппақ шатыр,<br>Бүкіл жерде қар жатыр.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Ақша қар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бормен қысқа сызықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына | **Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қарандаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді, | көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қарандаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қарандаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова. | оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>- Ақша қарлар оюлы<br>Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br><br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, | көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды шыршаның айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала | **Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; | машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау)<br>Екінші жұп қолғапты | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды | түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа | жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты (қарды** | (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>(алақандарымен ары-бері бұраңдау)<br><br>Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға, солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға, солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, | қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. | **қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | | достыққа тәрбиелеу. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық , | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қардың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; қарды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Шаңғы жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету; кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қоса білу қабілетін арттыру; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына машықтандыру; өз жұмысынан қанағат алу қабілетін арттыру; қыс мезгілі туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың құрылыс | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жатығу**<br>"Ақшақармен би билейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандару.<br><br>**"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | материалдарының қасиеттерін қабылдау мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен бейімін, зейінін, байқағыштығын дамыту.<br><br>**"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог алдымен | **"Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері).<br>Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды.<br>Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>(саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар.<br>(қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>(алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "**Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>- Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Қар жауды"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".**<br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). | Өздері сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),<br>Аяқпенен тэй-тэй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жөні** | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01-20.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; балаларды су | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру. | тәрбиелеу. | | құйғышты ұстап, суаруды үйрету. | |
| | **"Қоянды үйіне дейін өткізіп көр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қоян бейнесін қабылдап, қол саусақтары арқылы, кедергілерден "секіртіп" бір және кері бағытқа жүргізуге үйрету; педагогтің соңынан, өз қимылдарына қарап, қоян туралы тақпақты айтуға ынталандыру; қоянның қысқы тіршілігіне қызығушылық тұғызу.<br>Педагог балалардың қолдарының сыртқы жағына қағазға салынған қоянның | **Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен ырғақты қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу; қоянның тіршілігі жөнінде ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға ақ қоянның ойыншығын немесе суретін көрсете алады.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>Қоян құлағын түріп, | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқарлар. | **"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншық аңдарды атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (қоректі) беретінін айтуға жаттықтыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резеңкеден, пластиктен жасалған), жеміс пен көгөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері. | **Саусақ жаттығуы "Аяз ата".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу; аяз қыс құбылысы жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>Педагог балаларға жылы киінген баланың суретін немесе аяз бейнесін көрсете алады.<br><br>- Аяз ата алыстан, (алақанның қырымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басын жапсырады, текшелердің арасын ашып, бір қатарға тізіп қояды.<br><br>*"Қоян қарда жүгіреді".*<br>Қоян далада жүгіреді,<br>Омбы қардан секіреді,<br>Бұта түбінде ақырын,<br>Сәбіздерді кеміреді. | (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)<br>Аңнан қашып жүреді.<br>(алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)<br>Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)<br>Аяқтармен соғады.<br>(саусақтарды үстелдің басына, бір уысқа жинақтап, соққылау) | (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар.<br>(қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.* | - Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер?<br>Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді қоректі тереміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | үстел басын үйкелеу)<br>Шаңғы теуіп келеді,<br>Қояндармен жарысқан,<br>(саусақтарды қосып, үстелге соққылау)<br>Бізге сыйлық береді.<br>(шапалақтау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Кім шапшаң, кім өжет?<br>Кім болады аппақ көжек?<br>Орнымызда секірейік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көжектей жүріп билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салу**<br>"Түлкі іздері".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың саусақпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. Балалардың саусақты басу арқылы сурет салу әрекетіне деген қызығушылықтарын ояту; ересекпен ортақ ойынға белсенді қатысу қабілеттерін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылық қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге таман, | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынтылындыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарды жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан- | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл шығып жатқан қандай дыбыстар? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстардың шиқылдаған дыбыстары.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! | **Апандағы аюдың суретін қарау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың қысқы тіршілігі жөнінде жалпы ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда ұйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Аю апанына жатты,<br>Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю).<br>- Аю, аю, қайдасың?<br>- Неге ақырмайсың?<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, аю неге ақырмайды?<br>- Иә, аю апанда ұйықтап жатыр.<br>- Аю қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төмен,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды | қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар.<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды.<br>- Қоян қайда мекендейді?<br>- Иә, қоян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр, | жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үйрету, жылдамдыққа, | ұйықтайтынын көрсетейікші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Аюдың ұйқысы қатты, біз ойынды ойнап көрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен | Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы бірге топтасып "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін | қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай! | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап,, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Ән салып беріңдер. | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екіншісін сипау)<br>Екінші жұп қолғапты, (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау)<br><br>Біз татумыз, біз біргеміз,<br>Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады. | айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге | Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | Д. Ахметова<br>Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық , | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Аю мен әтеш".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аю мен әтеш туралы тақпақтың мазмұнымен таныстыру.<br><br>**"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ормандағы қыс".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін сұр түстің қасиетіне аудару және әртүрлі заттардың айырмашылықтарына қарамай, ортақ сенсорикалық сипаты, түсі бойынша сәйкестендіруге үйрету; заттардың ұқсас қасиеттерін табуға және екі түрлі топтамаға аталған | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы ормандағы аңдар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жабайы аңдардың қысқы ормандағы тіршілік ерекшелігімен таныстыру; әр жабайы аң туралы қысқаша түсінік бере отырып, олардан қорғану ережелеріне үйрету.<br><br>**"Мен түлкімін,** | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Қоян".<br>Мақсат-міндеттен. Балаларды дайын аяқталмаған қоян бейнесін (басы мен денесін) сопақша және домалақ пішіндермен жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағуға жаттықтыру; сүлгіні пішіндердің үстінен басып, толық бейнені жасай білу қабілетін қалыптастыру; | **Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнын "әне", "міне", "анда", "бұнда", "бар", "жоқ" сөздерін қолданып айтуға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерді айтып көрсету.<br>- Балалар, бізде қонақта қоян.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оның отырған жерін "әне", "міне", "анда" сияқты сөздерді қолданып жауап қайтарамыз.<br>Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде, | қасиеті бойынша бөліп алуға дағдыландыру.<br><br>**"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны | **түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса аланда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; ""түлкінің"" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында, балаларды асықтырмайды. | балалардың жапсырудағы икемділігі мен дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе саусақпен көрсетіп, | бірнеше рет өткізіледі.<br>- Аппақ қарды паналап,<br>Аппақ қоян, тығылма!<br>Көлеңкеңнен үркімей,<br>Қорқақ қоян, қорықпа!<br>Қоян, қашып кетпе!<br>Міне, құрақ көрпе!<br>Суықта қалмайсың,<br>Жамылсаң – тоңбайсың.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | **дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. **(сенсорика)**<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру,<br>олармен ойнау және эксперимент жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «БАЛӨБЕК» ш\\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «ҚАРЛЫҒАШ» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **27.03 - 31.03.2023 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.03.2023 | 28.03.2023 | 29.03.2023 | 30.03.2023 | 31.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің топырағы құрғақ екендігін іс-тәжірибеде, қопсытқышпен соққылау арқылы көрсету; топырақты қопсытқаннан кейін, тамырларға судың тез жететіні туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, өзара алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сұқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | **"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау".** Мақсат-міндеттер: балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ойыншықтарым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін. | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды | **"Үлкен - кіші" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың үлкендігі және кішілігі туралы мәлімет беру.<br>Үлкен қорапта әртүрлі көлемдегі ойыншықтар салынған. Балалар қораптың ішінен үлкен және кішкентай ойыншықтарды ажыратып, табулары қажет. **(сенсорика)** | **«Теңге алу» қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тапқырлығы мен ептілігін дамыту, ұлттық ойын арқылы татулық пен адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Балалар ат үстінде шауып ойнайды. Балалар қозғалыс барысында тиын жинауы керек. Кім көп тиын жинайды, сол бала жеңімпаз атанады. | **"Түсі бойынша қою" ойыны.** Мақсат-міндеттер: түсті ажырату бойынша жұмысты жалғастыру. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар бар. Үстелдің үстінде тағы екі қорап болады: текшелер қызыл, шарлар жасыл қорапқа салу керек. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша орналастыру. **(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | **(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау;<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 иыққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау;<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау;<br>4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>*Көркем сөз*<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асықпаңдар, асықпаңдар ...<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сыңғырла, домбыра!<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Күйің таралсын кең далаға.<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Күйің таралсын ауыл-қалаға.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | . **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сүлгіні безендірейік".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, бұрыштардың ортасын тауып (бояусыз), саусақпен көрсетуге үйрету; саусақты бояуға малып, төртбұрыштың әрқайсысының ортасына тез басып алып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; саусақтағы бояудың біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға дағдыландыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө. Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;<br>жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару;<br>қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қарандаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық,<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды шайқайды,<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғаққа сай жалаушалармен қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел созайық.<br>Қолдарымыз шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;<br>жағымды эмоцияларды | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;<br>жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру.<br>– Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады.<br>– Балапандарым, шығыңдар аулаға!<br>Өзіне қарай ойын алаңына шақыру.<br>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қанаттарын қалай қағады?<br>Көрсетіңдерші? Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, алдыға жүгіреді.<br>Жарайсыңдар!<br>Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру.<br>– Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді!<br>Жүгіріңдер қораға!<br>Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отырады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домаландап қашты.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | жалаушаларды үлестіреді.<br>- Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші.<br>- Тамаша!<br>- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады.<br>- Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір жалаушалармен ойнайық.<br>"Жалауша".<br>Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк жібектей мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>Жаттығу бірнеше рет орындатылады.<br>Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | дамыту.<br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру.<br>- Балалар, біздің дөп-дөңгелек күнге не ұқсайды?<br>- Бауырсақ ұқсайды.<br>- Әжеміз пісірген Бауырсаққа ән айтып берейікші.<br>- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | белгісі бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады.<br>Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | | Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>*Көркем сөз*<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ...<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. **(мәдени-гигиеналық дағдыоһлар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Өнерлі баламыз". | **"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру. | "Диван".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі кірпіштен диван жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау және кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | "Асатаяқ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың маңызы туралы түсінік бере отырып, оның аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу. | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>**"Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Бір" және "көп" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын | **"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.**<br>Жарты шеңберде отырған балаларға ширма артына әртүрлі ойыншықтар немесе заттар жасырылады. | **Ойын-имитация.**<br>"Домбыра"<br>Домбыра – ғажап аспап,<br>Ойнап кетсе – Қане! Шап!<br>Күмбір-күмбір, күмбірлейді.<br>Іліп қойсаң – үндемейді.<br>Д. Ахметова | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті | **"Тағам алдыру" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын барысындағы қимылдарды орындауға үйрету. Балалардың белгілі бір рөл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту.<br>Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | Бұлардың пішіндері үшбұрышқа, дөңгелекке, тіктөртбұрышқа, шаршыға, сопақшаға келеді.<br>Жеке тақтаға бірыңғай түске боялған (мысалы, көк түс) геометриялық пішіндер жапсырылады. Немесе слайд ретінде көрсетіледі.<br>- Балалар, мен сендерге көлеңке көрсетемін, ал сендер оларға ұқсайтын пішіндерді атайсыңдар.<br>- Жарайсыңдар!<br>Балаларға доп, текше, призма, матрешка, пирамида жасырылып, дұрыс жауап берген балаға беріледі. Егер жауап болмай жатса, бірінші көрсетіп, содан соң ғана жауап алуға болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | үшін атрибуттарды өз бетінше таңдауға талпыныстарын ынталандыру; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. **(сенсорика)**<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру,<br>олармен ойнау және эксперимент жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш»тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.04- 07.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** **Мақсаты.** Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер | **«Зымыран» жаттығуы (құрылыс материалдарына**н) Мақсат-міндеттер. Балаларға зымыранды текшелерден, призмалардан және цилиндрлік құрылыс материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін дамыту. | **Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу.** Аспан, аспан, арайлым!<br>Саған жиі қараймын,<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Суретті жина» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас суретті құрастыруды үйрету. Шарты. Қиылған бөліктерден тұтас суретті құрастырады және атауын атайды.<br>1. ғарыш<br>2. жұлдыз | **Ритмикалық жаттығу** Біз зу-зу ұшақ боламыз (саусақтарды жоғары-төмен қозғау),<br>Моторды қыздырып аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру).<br>Қанатты түзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю),<br>Аспанға биік ұшамыз (екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға зымыранның құрылыс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі құрылысты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады.<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Қараннан да озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br><br>Зуылдайды тыныштықта,<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Күміс түсті денесі<br>Жылтырайды қылыштай.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Педагог балаларға зымыран құрастырудың үлгісін көрсетеді, көркем сөз оқиды; балалардың бірі құрылыс жасағаннан кейін өлең оқи алады.<br>«Зымыранды ұшыру» ойыны<br>Зымыранды ұшырамыз «У-у-у»<br>Моторын қос «Р-р-р»<br>Мотор от алды «У-у-у»<br>Ғарышқа ұштық «Ж-ж-ж»<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | 3. зымыран<br>4. ай<br>5. планета<br>6. күн<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорик)** | қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу")<br>-Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Ғарышкер боламыз,<br>Дос тауып, жұптасамыз.<br>Ғарышқа ұшамыз,<br>Алыс жұлдыздардан асамыз.<br>Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ғарыштағы бояулар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиетттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру.<br>**Картотека №1**<br>**«Үлкен заттарды тап»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аудартуқ; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын көрсетейікші.<br>- Қоян қалай секіретінін көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, қоян, бізді ойынға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды | **Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру; құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар!<br>Құрғақ жермен жүрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдарды жасауға | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қараңдаршы.<br>- Бұтақтары шайқала ма?<br>- Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар.<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкіндігін туралы байқату.<br>- Аспанды тез бұлт алды,<br>Ақ жаңбыр бір тыңбайды.<br>Енді талдың бұтағы<br>Бұрасаң да сынбайды.<br>М. Достанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. | учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады, тақпақты оқи жүреді.<br>"Тик-так".<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.<br>- Ал, күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. | арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |

<table>
<tr>
<td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td>
<td colspan="6">Ұйқыашар жаттығулары.<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>(дене шынықтыру)</td>
</tr>
<tr>
<td>Кешкі ас</td>
<td colspan="6">"Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td>
</tr>
<tr>
<td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td>
<td>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу<br>"Саяхатшылар әні".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту.</td>
<td>Аз қозғалмалы ойын «Таяқшадан өт»<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды серуендеуге, адымдауға жаттығу.<br>Бөлменің ортасындағы еденге екі таяқ параллель қойылады (1 м қашықтықта). Бөлменің бір жағында орындықта жалаушасы бар орындық орналастырылған. Балалар бөлменің екінші жағында. Бала таяқшалардан оларға қарай 2-3 қадам тұрады. Педагогтың нұсқауы бойынша ол бірінші таяққа барады, алдымен оның үстінен, содан кейін екінші таяқтың үстінен адымдайды. Орындыққа барып, жалаушаны көтеріп, жоғары көтеріп, толқынды оларды.</td>
<td>Сурет салудан ойын-жаттығу<br>"Жұлдыздар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде пайда болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сақтауға баулу; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер</td>
<td>Мүсіндеуден ойын-жаттығу<br>"Сақина".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру. Балаларды түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу.</td>
<td>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу<br>"Ұшақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Содан кейін ол жалаушаны орындыққа қойып, шегініп, орнына оралады.<br>**(дене шынықтыру)** | беру. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақты мәнерлеп оқу.**<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Зымыран".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Ыш - ыш, ғарыш.<br>- Ыз - ыз, жұлдыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Доппен ұшу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Тілін, сөйлеу ырғағын және мәнерлілігін айту процесінде сөйлеу тынысын дамыту; сөйлеуді қимылдармен үйлестіру қабілеті.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті шарлар.<br>Балалар қолдарында шарлармен шеңбер бойымен қозғалады және мәтінді айтады:<br>Аспан, аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойыншық итпен ойнау**<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық ит.<br>Тәрбиеші қолына итті ұстап:<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>Содан кейін ол итімен бірге әр балаға келеді, итті сипап, тамақтандыруды ұсынады.<br>Бір кесе «қиялдағы» тағамды алып келеді. Бала итті тамақтандырады. Ит «жейді», «үреді» және «рахмет» айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ұшақтар» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қанат жазайық,<br>Ұшақ боп ұшайық.<br>Ұшып - ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>**(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.,Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| ***Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)*** | **10.04-14.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.04.2023 | 11.04.2023 | 12.04.2023 | 13.04.2023 | 14.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сұқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). |
| | **"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.** | **Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".** Мақсат-міндеттер. | **"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** | **"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Түйелер".** Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды туған жер туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>**Көркем сөз. "Туған жер".**<br>Туған жер, алтын бесігім,<br>Тербеттің мені төсінде.<br>Жүреді сенің есімің<br>Ержеткен кезде есімде.<br><br>Жүреді мәңгі есімде<br>Көкорай далаң, тауларың,<br>Албыртқан аспан төсінде<br>Жұлдызды тұнық таңдарың.<br>*Жарасқан Әбдірашев.*<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>- Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кең дала туралы тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоциялық қабілеттерді дамыту.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br><br>***"Кең дала".***<br>Алақай-ау, алақай,<br>Дала қандай кең еді!<br>Бәрі өзімдей балақай,<br>Қырдың гүлін тереді.<br>Н. Әлімқұлов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру.<br>Құралдар: лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану.<br>***"Лағым".***<br>Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br><br>Ақ лағым, ақ лақ,<br>Мазалама маңырап.<br>Бөпеме де сүт керек,<br>Кете көрме жамырап!<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: түйенің суреті немесе ойыншығы.<br><br>**"Түйелер".**<br>Өркештерін май басқан,<br>Аяқтарын паң басқан.<br>Ащы қуып, жайылып,<br>Бетегелі белді асқан.<br>Әнес Нарымбетов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлем саған, туған жер!<br>Сәлем саған, туған ел!<br>Сәлем тобым!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, көркем!<br>Сәлем, көктем!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құлыншаққа шарбақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбақтарға", |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен оңға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру.<br>**№2**<br>**Картотека**<br>**Құйыршығын тап»**<br>**Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді**<br>**Шарты: жануарлардың құйыршығын табады.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда". | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі).<br>**Ересек адамдармен** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.<br>**Ересек адамдармен** | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін | **Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(ересектермен бірге ауланы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру. **(дене шынықтыру)** | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмды жолға себу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Тар жолда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | білу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Сарбаздар" жаттығуы. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру). | сыпыру). **(еңбек дағдылары)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем - менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық.<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жүргізіледі. Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын қадағалау керек.<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Көркем әдебиеттен ойын-** | **Құрастырудан ойын-** | **Қоршаған ортамен** | **Музыкадан ойын-жаттығу** | **Ритмикалық жаттығулар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **жаттығу**<br>"Құлыншақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. | **жаттығу**<br>"Құс ұясы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыс нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жылқы мен құлын".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | "Жер-Ана".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру. | Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңселту)<br>Гүлдерде, (гүлді көрсету: екі жұдырықты біріктіру, саусақтарды жоғары созу, алақанды ашып-жабу)<br>Жасыл бұталарда, (отыру, алақанды ашу)<br>Қарлығаштар да («қанаттарын» сермеп)<br>Қояндар да (секірді)<br>Қыздар мен ұлдар да - (бір орында жүру)<br>Барлығымыз тұрамыз осында (қолды алға созу, алақанды көтеру)<br>Үлкен ғаламшарда (үлкен шарды көрсетеді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация. "Құлыншақ".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды | **Н. Жанаев «Табиғат анамыз» тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Табиғат ол анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Құшағында ойнаймыз,<br>Шаттық әнге саламыз.<br>Жазда аралап тауында,<br>Барамыз біз бауында.<br>Өзеніне шомылып,<br>Жүгіреміз жауында.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Бақ-бақ суретін жинайық" дамытушы жаттығуы.**<br>Балалар үшін бірнеше ұяшыққа бөлініп, бірыңғай түспен жабылған панно көрсетіледі. Педагог ұяшықтарды кезекпен ашып тұрады, балалар бақбақтың қай бөлігі ашылғанын атайды (басы, сабағы, жапырағы). Балалар атап бере алмай жатса, бақбақтың толық ашылған суретін | **"Далада қызғалдақтар өсті" шығармашылық рефлексиясы.**<br>Табақшаға салынған үшбұрыш, дөңгелектер мен санау таяқшаларын үлестіріледі. Балалар үстелде геометриялық пішіндерден далада өскен гүлдерді құрастырады. | **"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу.<br>***"Құлыншақ".***<br>Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | ұсынып, балаларға айтқызу керек.<br>Сурет ашылғаннан кейін балаларға бақбақтың бөліктерін қайталату керек..<br>- Балалар, бақбақ ағаш па?<br>Бақбақ – гүл. Қайталайық.<br>Жарайсыңдар.<br>- Балалар, гүлдерді жұлуға болмайды. Гүлдерді күту керек.<br>- Бақбақ қандай тамаша!<br>Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.,Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.04-21.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.04.2023 | 18.04.2023 | 19.04.2023 | 20.04.2023 | 21.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. |
| | **Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қарағайдың суреті.<br><br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды. | **«Ғажайып хатқалта» дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: хатқалтадан шығарылған суреттердегі заттардың атауын дұрыс атау.<br>Шарты: педагог суреттерді кезекпен шығарып, заттардың атауын дауыстап атайды; балалар суретке қарап қызығады, педагогтің соңынан атауға тырысады.<br>Хатқалта.<br><br>- Балалар, біреу бізге хатқалта салып жіберіпті!<br>- Мынау - хатқалта. Бұл хатқалтада не бар?<br>Хатқалтада ағаш, бүршік, | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған. | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.<br>Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға- шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді.<br>**(сенсорика, қоршаған** | **«Құстар» ойын-имитациясы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Қарға болып секірейік.<br>Торғай болып қонайық,<br>Тоқылдап боп шоқиық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | жапырақ, гүл мен жемістің суреті болады.<br>Педагог хатқалтағы суреттерді бір-бірден шығарады. Хатқалтадағы суреттердің атауын дауыстап атайды. Балалармен бірге қайталайды. Балаларға сөздерді дұрыс айтқызады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **ортамен таныстыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл желек".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; қылқаламның түгінде бояудың бітіп қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру; қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру.<br><br>**№ 9 Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: әлемді тұтас | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**"Желектер".**<br>Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)<br>Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау)<br>Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)<br>Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпі туралы тақпақты тыңдап, жағымды | Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты:<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | **серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу;ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету,ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты,ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоцияларға бөленіп, кірпіге еліктей білуге баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі, жарайсыңдар!<br>- Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай коректі іздейсің?<br>Пысылдайсың,<br>пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>Д. Ахметова<br>- Қанекей, кірпі ұқсап, мына жатқан жолдармен асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету:  Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Пойызбен саяхат."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аққайың".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Алқаны жинайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; домалақтардың (моншақтар) түстерінің сәйкес келуін байқауға дағдыландыру; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; | **"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бырыңғай пішіндердің сәйкестігін байқауға дағдыландыру. | | балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу; жапсыру іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. | оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. **(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай".**<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, қурап қалады.(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан)**<br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту.**<br>Балалар алдына панноға бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі:<br>* 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ;<br>* 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш.<br>- Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Аш - аш, ағаш.<br>- Шік - шік, бүршік.<br>- Рақ - рақ, жапырақ.<br>- Міс - міс, жеміс.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Отбасындағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **24.04-28.04.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. | **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Мұнара".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және кірпіш құрылыс | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетін дамыту;<br>қуанышқа бөленуге баулу.<br><br>Қолдарымыз дос болсын,<br>(алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып,<br>(саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | ***"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)***<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | 20- 30 метрдей жерден терендігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. | материалдарынан мұнара және өзге қарапайым құрылыстарды жасауға дағдыландыру; жасалған жұмысынан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог балаларға құрылыс үлгісін көрсетеді. Балалар құрылысты құрастыруының алдында педагог көркем сөзді оқып, балаларды өзіне ілестіреді.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | мәдениетін дамыту;<br>қуанышқа бөленуге баулу.<br><br>Қолдарымыз дос болсын,<br>(алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып,<br>(саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Балалар, қане, күлейік,<br>Ән-күйлермен бөлісейік.<br>Шеңберге шығып жүріп,<br>Әдемі биді билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ауаның қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту.<br>**Картотека №1**<br>**«Жыл мезгілдері»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аспанды бақылау.** | **Көлеңкені бақылау.** | **Желді бақылау** | **Көлеңкені бақылау.** | **Бұлттарды бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін | **(жалаушаларды қолдану). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қараңдаршы.<br>- Бұтақтары тербеліп тұр ма?<br>- Бұтақтарының тербелгені нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар!<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>- Балалар, ал қазір бір де жалаушаларды қолға ұстап, желдің болғанын бақылаймыз.<br>- Қалай? Жалаушаларың желбіреп тұр ма?<br>- Мінеки, жел соғып тұр. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып қимылдар жасауға, жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br>**"Құлыншақ".**<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа | дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>"Жалауша".<br>Педагог көркем сөзді оқи жүріп, балаларға жалаушалармен қимылдарды көрсетеді. Жаттығуды ұйымдастырғанда балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын бақылау керек.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.: | **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | жаққа шашылып, қайта шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру;<br>- Кел, балалар, тоқтамай,<br>Жиналайық ортаға.<br>Шеңбер болып, кеңейіп,<br>Қолды қолға жалғайық.<br>Жаттығулар жасаймыз,<br>Бірге жүріп, ойнаймыз.<br>- Ал, балалар, біраз барып ойнап келейік.<br>- "Балалар, жиналайық!" деген кезде қайта шеңберді құра қаламыз.<br>ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. | | балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, алаңда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкі болып ойнайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар.<br>Орындарыңа отырмасаңдар, | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әуедегі шарлар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: қағаз бетіне қойылған нүктеден қарындашты алмай, шеңбер жасап, қайта бастапқы нүктеге қосуға дағдыландыру; "шар" бейнелерін "жіп" сызықтарымен толықтыруды көрсету; мерекелерді безендіру рәсіміне көңіл аудару. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен қоян" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықтар туралы түсінік беру. | **"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары.<br>Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары қарай бокалды, қасықты табақшаның оң (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Гараж".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен байқағыштығын, зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Балалардың құрылыс материалдарына деген қызығушылықтарын арттыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен орынды басып аламын.<br>Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>- Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза,<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.<br>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.<br>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала.<br>Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Бесік жыры".<br>Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды. | **Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету.**<br>1. Досы көпті жау алмайды.<br>2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты.<br>3. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.**<br>Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!)<br>3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!)<br>5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі | **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артынана жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Екі аяқпен секіру) | | | бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С. Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.05-02.06.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.05.2023 | 30.05.2023 | 31.05.2023 | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстырудын ойын-жаттығу**<br>"Құмның қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің көше".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алуан түсті алақан".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әрқайсысының әртүрлі түстегі қою бояуға малынған алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оқу қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; көзбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдың ұсақ моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын дамыту. | сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Д. Ахметова<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** | **Жазғы сауықтыру бағдарламасы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау.**<br>Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз"** | **Көбелекті (қоңызды) бақылау.**<br>Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.**<br>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға | **Құмды бақылау.**<br>Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы.**<br>Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар,<br>ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Д. Ахметова<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Үш аю" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы аңдардың қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу. | **Санамақ**<br>Бір дегенің - бас бармақ,<br>Барлық істі басқармақ.<br>Екі дегенің - балалы үйрек,<br>Ақ қағазға салады ирек.<br>Үш дегенің - ортаң терек,<br>Еңбек етіп, болған зерек.<br>Төрт дегенің - шылдыр шүмек,<br>Тілі тәтті былдыр түлек.<br>Бес дегенің - кішкене бөбек,<br>Үлкендерден үйрене бермек.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жайма шуақ жазымыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, | **"Жаз еді" өлеңін оқу.**<br>Өзен жай ағады,<br>Жағасы балауса.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша. | **"Хоки-поки биі" атты мультфильмін көру.**<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Ә.Ахметов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | жаттығуларды қайталауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.05-12.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.05.2023 | 09.05.2023 | 10.05.2023 | 11.05.2023 | 12.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртуін, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | ынталандыру, мақтау. | әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. |
| | | | **Ойын-имитация. "Дала гүлдері".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бақбақ гүл".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау. | **Саусақ жаттығуы. "Гүлдер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді айтқанда, саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br><br>***"Гүлдер".***<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>Жайнар кезім келді деп,<br>Қанаттарың желбіреп,<br>Таңмен бірге оянып,<br>Күн нұрына боянып,<br>Көрік бердің балаға.<br>Тұманбай Молдағалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>"Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай.<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Неткен әдемі біздің әлем!<br>Ғажайыптарға "Сәлем!"<br>Ғажайыптардан көз алмайсың,<br>Қуанып, бәрін қызықтайсың!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Музыка**<br>**«Нәзік гүлдер»**<br>Оқу қызметінің мақсаты Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.<br>**Картотека №21**<br>**«Не артық»** | **Дене шынықтыру**<br>**"Бақ-бақ гүлі әлемінде".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасына дағдыландыру; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру жаттығуына машықтандыру. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білу қабілетін дамыту; допты алысқа лақтыру дағдыларын меңгерту; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру кезінде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қағаз бетімен алдына ала танысып алуға үйрету; қағаз бетіндегі "көктемгі далаға" қою бояуға малынған қылқаламмен алдында бормен салынып қойған гүлдерге жақпа басып, тез алып отыруға жаттықтыру; "гүл шоғы" басылып шыққан сайын тағы да гүл сабағы бар бос жерлерді тауып, дәл қойып отыру қабілетін пысықтау; қағаз бетін гүлдерге толтыруға дағдыландыру; көктемгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Картотека № 14**<br>**Қимылды ойын: «Торғай мен мысық»** | табиғат көріністері туралы түсініктер беру.<br>**Картотека №3**<br>**«Не артық»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту.<br>Көктемде гүлдейді бұталар,<br>Көктемде гүлдейді ағаштар,<br>Көзге тартымды бұл гүлдер,<br>Қонады гүлге жәндіктер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>Ұп-ұзын көп жапырақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ,<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қоюы мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар,<br>Тоқтамайсыңдар,<br>ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бақбақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>- Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық.<br>Күннің шуағы шөпте,<br>Сары нүктелер төкпе.<br>Түп-түзу тіке сабақ,<br>Сап-сары гүлдер бақбақ.<br>"Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай.<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді гүл алып". | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Билейміз гүлдермен".<br>Мақсат-міндеттер. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Аула қақпасы". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | Мақсат-міндеттер. Балаларға Е. Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоциялық ахуал тудыру. | Балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту. | Мақсат-міндеттер. Балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдардың қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлану мүмкіндіктерін арттыру; тілі мен байқағыштығын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Ойын-имитация. "Дала гүлдері".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлғап тұр бізге | **"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>"Кең дала".<br>Алақай-ау, алақай,<br>Дала қандай кең еді!<br>Бәрі өзімдей балақай,<br>Қырдың гүлін тереді.<br>Н. Әлімқұлов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жер шары".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шарды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **15.05-19.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 15.05.2023 | 16.05.2023 | 17.05.2023 | 18.05.2023 | 19.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | | |
| | **"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды.<br>- Түрлі түсті сақиналар,<br>Көлемі түрлі сақиналар.<br>Пирамиданы жинайық,<br>Жинайық та қуанайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **Ойын-имитация.**<br>**"Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>***"Доп".***<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай | **"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймаңдап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br><br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта!<br>"Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Бақ-бақ гүлін бірге | **Дене шынықтыру**<br>**"Көк машина".** | **Музыка**<br>**"Нәзік гүлдер".** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдейміз". | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | үрлейік".<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека №1**<br>**Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.** | **Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білуге үйрету; допты қақпаға дәл домалату техникасына дағдыландыру; допты домалату жаттығуы арқылы қол, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Картотека №13**<br>**«Ақсерек- көксерек»** | **Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.<br>**Картотека № 40**<br>**«Түрлі түсті шеңберлер»** | **Мақсаты**. Балалардың допты домалату техникаларын жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің дыбыстарын ажыратуға үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту.<br>**Картотека № 10**<br>**«Доптар мектебі»** | **"Кемпірқосақ".**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.<br>**Картотека№8**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.<br>***"Туған елдің көктемі".***<br>Маржан жаңбыр<br>Жауды да бір<br>Кемпірқосақ керілді.<br>Жарқ етті де, аунады қыр,<br>Ырзық дәні себілді.<br>Ш. Мәмбетов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы | Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>***"Күлімдеген дөңгелектер".***<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне | құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ. | Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн.<br>"Түн қалдырмай қуып өтті".<br>Түн қалдырмай қуып өтті,<br>Нөсер көкті жуып өтті.<br>Жалғыз ғана көгенге ұқсап<br>Қала берді кемпірқосақ.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр | Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар.<br>Қайталайықшы. Тамаша.<br>Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.<br>"Құмырсқалар".<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздеріңде,<br>Қызып алған<br>Кездеріңде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | **"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық | **"Жауын" қимыл жаттығуы.**<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Ешкі мен лақ".<br>Мақсат-міндеттер. | **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұлттар ұшып келеді".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көгілдір түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Жауратттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру. | педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | - Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Түстер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Көбелек".**<br>Ермексазды илеу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | Кір қысқыштармен жаттығулар. "Гүл".<br>**(сенсорика)** | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.05-26.05.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 22.05.2023 | 23.05.2023 | 24.05.2023 | 25.05.2023 | 26.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сүртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға, қораптарға салуға шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Тауық пен балапан".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға әңгіме мазмұнын мұқият оқып беру; әңгімедегі дыбыс иелерінің дыбыстарына | **Саусақ жаттығуы. "Лағым".**<br>Балаларды тақпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға ынталандыру; ешкінің төлі лақтың | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту.<br>Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>***"Жауын"***<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>***"Доп".***<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Тыншымайсың домалап.<br>Ас құйып ем күшікке,<br>Үлгермеді ішіп те ...<br>Төңкердің де табағын,<br>Төгіп кеттің тамағын.<br>Доп, доп, доп, доп домалақ,<br>Осы әдетің жаман-ақ!<br>Ә. Кекілбаев<br>Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | еліктей білуге және қайталауға дағдыландыру; әңгіме тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру. | қимылдарына еліктеуге дағдыландыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Балаларға лақтың суретін немесе ойыншығын көрсетіп, ұстатуға болады.<br>***"Лағым".***<br>- Секір, секір, лағым,<br>Тартқанша құмарың!<br>Желпілдесін жел күнгі,<br>Жапырақша құлағың.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br>С. Желдірбаева | пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Жазды қарсы алайық,<br>Аулаға шығайық,<br>Бір-бірімізді қолпаштап,<br>Дос болайық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпаға дәлдейміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың допты домалату техникаларын жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің дыбыстарын ажыратуға үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту. | **Дене шынықтыру**<br>"Мергендікті шыңдаймыз".<br>Мақсаты. Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сапқа тұрып, бір қолмен алдында тұрған баланың белінен ұстап, пойыз сияқты жүру іскерліктерін дамыту; епті, шапшаң болуға тәрбиелеу.<br>**Картотека №7** | **Музыка**<br>"Еңбек түбі – зейнет".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай | **Дене шынықтыру**<br>"Шынығамыз жазда".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын меңгеруге жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Картотека №1**<br>**«Өз үйінді тап»** | **«Қояндар мен қасқыр»** | қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі егістік туралы түсінік беру.<br>**Картотека №24**<br>**«Музыка және театр»** | Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын меңгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>**«Күн мен түн»** | атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.<br>**Картотека № 11 Қимылды ойын:**<br>«Табиғат құбылыстарын ата» |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған** | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен** | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау.** | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Сұхбатхананы бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.<br>Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел | **Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** | **Құмды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйін көрсетіп, құрғақ құмның себелеп қол арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету, тәжірибе жасату.<br>Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса -<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға, алысырақ | **Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып | **Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларға бір бағыттан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен жаңбыр өтпейді.<br>Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). | лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, алысырақ лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық. | және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру | екінші көрсетлігең бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағыттары ауысады. | **ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау, ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күзге байланысты ән жаттату. **(музыка)**<br>**«Көбелек» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: ашық түсті 2-3 қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу) Қараңдаршы, балалар, енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(дене шынықтыру, сенсорика)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш\о** |

| Топ/сынып | Аралас топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жуасхан М.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09 - 16.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу)** | | | |
| | **«Қайсы үлкен және кіші?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды үлкенді-кішілі өлшемдері бойынша ажыратуға және топтастыруға үйрету; үлкенді-кішілі заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топқа бөлу арқылы жинау.<br>Құрал-жабдықтар: үлкенді-кішілі өлшемді ойыншықтар.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Мысық ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>"Біздің Мияу" (орыс тілінен аудармa).<br>Біздің мияу,<br>Тоны қандай тамаша!<br>таң қаласың,<br>Талдап мұртын тараса.<br>Көзі шақпақ,<br>Тісі аппақ.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».**<br>Мақсат-міндеттері. Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау.<br>Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру)<br>Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау)<br>Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы)<br>Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **«Біз мұнараларды текшелерден жасаймыз» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір жерге жиналып ойнауға, текшені текшеге қоюға, «істе», «мұнара» сөздерін түсінуге үйрету.<br>Ойыншығым құрастырғыш,<br>Көрсетеді көмегін.<br>Кімге көлік, кімге үй,<br>Құрастырам керегін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту.<br>Жабдық: жұқа қағаз парақтар.<br>Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды кесіп алып, баланы «жапырақтың түсуін ұйымдастыру», алақаннан жапырақтарды үрлеуді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар!<br>2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш».<br>- Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар оянып, қанаттарын қағады. Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Сәлем, көздер, ояныңдар,<br>Сәлем, құлақтар, ояныңдар.<br>Сәлем, қолдар, ояныңдар,<br>Сәлем, аяқтар, ояныңдар.<br>Қайырлы таң, достар! **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **"Ғажайып қап" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды табиғаттағы тіршілік иелерімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | таныстырып, оларды атауды үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; ұйымдастырылған іс-әрекетке, бір-бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын. "Ғажайып қап".** Мақсат-міндеттері: қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру. Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Балалар затқа қарағанда қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту )** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Күн жарықты сыйлайды,<br>Сәулелері көп,<br>Бір аулаға сыймайды,<br>Барлық жерге тиеді,<br>Барлығына жетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Сары күнге ұқсап"** | **Аспанды бақылау.**<br>Мақсат-міндететтері.<br>Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болып тұрғанын, оның түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br><br>**"Саппен жүру** | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жайдары, шуақты күні түрлі түсті жапырақтарға назар аударту. Түсіп қалған жапырақтарды аралап шығуды ұсыну, олардың аяқ астында сықырлап жатқанын тыңдату.<br>Жапырақтарды жинатып, әр баламен түстерді нақтылау (қызыл, сары), жапырақтар дың көлемін анықтау (үлкен, кішкентай).<br>Жапырақтардан гүлшоғын жинату. | **Қоян ойыншығын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың назарын қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды | **Бұлтты аспанды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкін екенін байқату.<br>"Жауын"<br>Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | **жаттығуы".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркемсөз арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | «Біз күні бойы ойнаймыз» жаттығуы.<br>Балаларды жаттығуларды орындай білуге баулу, оларды жаттығудың оң тәжірибесін алуға талпындыру.<br>Ойыншықпенен денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз.<br>Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар.<br>Қоян құлықтарымен былай қимылдайды.<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды.<br>Сендерді бірге ойнауға шақырады. **(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу | **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды"күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кішткентай ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **«Үйрекке жол» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту, текешелерден қатар тізуді үйрету. Тәрбиеші кез келген ойыншықты баланың алдына қойып (үйрек), оған апаратын жолды текшелердің көмегімен салуды ұсынады (тапсырманы қиындату үшін «жолды» белгілі бір түсті алып салуды ұсынады). Мысалы, сары текшелер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **"Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні.<br>Күн ойынына ұқсап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру),<br>Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату).<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Ойын-имитация. "Қонжық".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қонжықты ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ынжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ермексаз"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары.<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | **"Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойын жаттығу арқылы дыбысты дұрыс дыбыстауды үйрету.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау.<br>Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру)<br>Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау)<br>Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы)<br>Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Ойыншықтар әлемі"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойыншықтар әлемі тақпағын жаттатқызу арқылы заттың сын-сипатын анықтау.<br>Мынау ойыншық әлемі,<br>Ойыншықтары әдемі.<br>Таңдап алып біреуін<br>Бөпеме алғым келеді.<br>Сынып қалса бір жері<br>Жөндеп бергім келеді.<br>Жылатпаймын бөпемді<br>Үлкенмін ғой себебі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту.<br>Жабдық: жұқа қағаз парақтары.<br>Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды қиып алып, баланы «жапырақтың түсуін» алақаннан жапырақтарды үрлеу арқылы үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. | | | | |

| | |
|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.<br>**Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аударту; эмоциялар сферасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, музыка, сенсорика)**<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш»** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жуасхан М.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09 - 23.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын ойын бұрышында тұрған ойыншықтарға аудару, ойыншық атты атап, оны қолмен ұстау және сипау, аттың шығаратын дыбыстарына назар аудару. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Арнаулы бұрыш" Мақсат-міндеттері. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый түріндегі жалауының түсіне, құрылымына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| | **Арба ойыншығымен ойын.** Мақсат-міндеттері. Арбаның жылдамдығын және бағытын өзгерту арқылы оның қозғалысын басқаруға үйрету. Арбаны қалай домалату керектігін | **«Түрлі түсті шарларды домалату» ойыны** Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» | **«Ойыншықтар» саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамытады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарды орындайды, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта | **«Құпия» ойыны** Мақсат-міндеттері. Тактильді қабылдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кішкентай ойыншықтарды дәнді дақылдар салынған ыдысқа немесе балалардың ойыншығы | **«Менің шарым» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Терең дем алуды, күшті, ұзақ дем шығаруды дамыту; еріннің бұлшықеттерін белсендіру. Жабдық: шарлар. Балалар әуе шарларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету. Кішкентай балаға ойыншықты мақсатсыз домалату жеткілікті, ол әрекеттің өзіне қызығады. Ересек балаға ойыншықты «үйге» апаруды ұсынуға болады. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | сөздерін түсінуге үйрету.<br>Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа. Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр**».** **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | білу қабілетін қалыптастырады.<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайын,<br>Келе ғой дос, ойнайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | киндерға жасырып, «құпияны» табуды ұсыну**.** **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | мұрнымен жұтып, оны аузынан баяу шығарып үрлейді.<br>Педагог балалардың іс-әрекеттерін тақпақпен сүйемелдейді:<br>Менің шарым әдемі бір, екі, үш.<br>Маса сияқты жеп-жеңіл,<br>Мен мұрныммен дем аламын, асықпаймын,<br>Мен тыныс алуымды бақылап отырамын.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар!<br>2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш». | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар оянып, қанаттарын қағады. Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Дастарқанға барамыз,<br>Қасықты қолға аламыз.<br>Төкпей-шашпай тамақты,<br>Аузымызға саламыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Күніміз қандай тамаша!<br>Көңіліміз де тамаша!<br>Қанекей, шеңберге жиналайық,<br>Шапалақтайық та айтайық:<br>- Тамаша!<br>Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** (педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру** (педагог жоспар бойынша) | **Музыка** (педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру** (педагог жоспар бойынша) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.** "Бәйтеректің шары" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын қалыптастыру, алақанның айналма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қозғалысымен ермексазды есуді білу, домалақ пішінді заттарды мүсіндеуді бекіту. Мүсіндеуге қызығушылық білдіруге тәрбиелеу. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Саусақ гимнастикасы "Отбасы".<br>Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді.<br>Мына саусағым - атам,<br>Мына саусағым - әжем,<br>Мына саусағым - әкем,<br>Мына саусағым - анам,<br>Мына саусағым - мен.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Жайдары, шуақты күні түрлі түсті жапырақтарға назар | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды оларды қоршаған ағаштармен таныстыру, ағаштардың жасыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)**<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің | аударту. Түсіп қалған жапырақтарды аралап шығуды ұсыну, олардың аяқ астындағы сыбдырларын тыңдату. Жапырақтарды жинатып, әр баламен түстерді нақтылау (қызыл, сары), жапырақтары үлкен, кішкентай. Жапырақтардан шоғыр жинату. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**«Біз күні бойы ойнаймыз» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жаттығуларды орындай білуге баулу, оларды жаттығудың оң тәжірибесін алуға талпындыру.<br>Ойыншықпенен денеміз, | бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұл не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады.<br>Қараңдаршы, балалар!<br>Көшемізде мұнара бар.<br>Бойы биік, зор болып тұр,<br>Ақшыл бұлтты тіреп тұр. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br><br>**"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр | жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)**<br><br>**"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Шынығамыз өсеміз.<br>Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша! | жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, жайқалып. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?"<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту, дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **«Түрлі-түсті шарларды домалату»** | **Текшелермен ойын.** Мақсат-міндеттері. | **Саусақ жаттығуы "Көңілді саусақтар"** | **«Сәлем!» мультфильмін қарау** | **«Ботқа пісіру» дидактикалық ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету.<br>Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр**».**<br>**(дене шынықтыру,** | Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдап отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, мұнара тұрғызуға үйрету.<br>Қызыл, сары, көк текше,<br>Әрбіреуі ерекше.<br>Көлемдері бірдей,<br>Бір-бірінің үстіне.<br>**(қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру.<br>Мына саусақ орманға барды,<br>Мына саусақ саңырауқұлақ тапты,<br>Мына саусақ оны қуырды,<br>Мына саусақ қуырды,<br>Мына саусақ барлығын жеп қойды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | Мақсат-міндеттері. Баланы саусақтарымен заттарды ұстап, қасық ұстап, қолмен айналмалы қозғалыстар жасауға үйрету.<br>Құралдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (кішкентай), балаларға арналған тағамдар, бұршақ.<br>Тәрбиеші: «Айжан мен аю бізге қонаққа келді. Біз оларды ботқамен емдейміз». Тәрбиеші бұршақты қасықпен жинап,қазанға салуды көрсетеді, бірақ бұршақтарды үстелге шашып алады.<br>Балаларға бұршақ жинауды ұсынады (шымшу арқылы).<br>Тәрбиеші бұршақты қалай дұрыс жинау керектігін көрсетеді (шымшу арқылы). Бала бұршақ жинайды.<br>Содан кейін тәрбиеші «ботқаны» қасықпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | | | | араластыру қимылдарын көрсетеді (бала қайталайды). **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құпия» ойыны** Мақсат-міндеттері. Тактильді қабылдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кішкентай ойыншықтарды дәнді дақылдар салынған ыдысқа немесе балалардың ойыншығы киндерге жасырып, «құпияны» табуды ұсыну. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Ермексаз"** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. "Жапырақтар". **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** **Алдымызда ұзынша,** Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова | **«Менің шарым» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Терең тыныс алуды, күшті, ұзақ дем шығаруды дамыту; еріннің бұлшықеттерін белсендіру. Жабдық: шарлар. Балалар әуе шарларын мұрнымен жұтып, оны аузынан баяу шығарып үрлейді. Педагог балалардың іс-әрекеттерін тақпақпен сүйемелдейді: Менің шарым әдемі бір, екі, үш. Маса сияқты жеп-жеңіл, Мен мұрныммен дем аламын, асықпаймын, Мен тыныс алуымды бақылап отырамын. | **«Әтеш» (жаттау)** Мақсат-міндеттері. Үлкендермен бірге ойнауға жағымды эмоционалды қатынас қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Әдемі әтеш, Таңатпай тұрыпты. Ойқастап жүріпті, Жаң –жақа қарапты. Айдарын тарапты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** Алтын күнге ұқсайық, | **Жапырақтарды бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Жайдары, шуақты күні түрлі түсті жапырақтарға назар аударту. Түсіп қалған жапырақтарды аралап шығуды ұсыну, олардың аяқ астындағы сыбдырларын тыңдату. Жапырақтарды жинатып, әр баламен түстерді нақтылау (қызыл, сары), жапырақтары үлкен, кішкентай. Жапырақтардан шоғыр жинату. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**«Біз күні бойы** | **Ақшыл бұлтты бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұл не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға | **Топырақты бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br><br>**"Алдымызда ұзынша" қимылды** | **Ағаштарды бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Балаларды оларды қоршаған ағаштармен таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ойнаймыз» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жаттығуларды орындай білуге баулу, оларды жаттығудың оң тәжірибесін алуға талпындыру.<br>Ойыншықпенен денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз.<br>Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | созылғанын байқатады.<br>Қараңдаршы, балалар!<br>Көшемізде мұнара бар.<br>Бойы биік, зор болып тұр,<br>Ақшыл бұлтты тіреп тұр. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | **"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, жайқалып. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. | | | | |

| | |
|---|---|
| әрекеттер) | Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)**<br>**Доп ойыншығымен ойнау «Добым, добым, домала!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау; ойлауды, зейінді дамыту.<br>Допты алып, балаға: «Біздің доп бүгін зерігіп, көңілсіз күйде жатыр. Онымен ойнайық!». Баланың қарсы алдына отырып, допты оған қарай итеру: «Допты ұста!», бала допты ұстап алғаннан кейін, допты артқа итеруін сұрау. Іс-әрекеттерді әзілмен сүйемелдеу ұсынылады, мысалы: «Қандай көңілді доп, оған домалаған ұнайды». **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09 - 30.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | ортадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күннің көзінде тұрғанына көңіл аудару; күннің нұрына адам ғана емес, өсімдіктердің мұқтаж екенін байқату; өсімдіктердің жапырақтары күннің көзінде жылтырап тұрғанын байқату. **(сөйлеуді дамыты, қоршаған ортамен танысу)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту және суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Конструктор жинау" Мақсат-міндеттері. Конструктордың қорапта жиналғанына назар аудару; бөліктер шашыраңқы болса, қорапқа сыймайтынын ескеру. (**сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Баулар" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындарының сөресінде шашылған bауларға назар аудару; ойыншықтарға баулардың қаншалықты әдемі байланғанын іс жүзінде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| | **«Ұшты талдан жапырақ» ойыны** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу барысында тыныс алуын дамыту, сонымен қатар балада негізгі түстер туралы ұғымды бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Құрал-жабдықтар: | **«Балық аулау» ойыны** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластик балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға | **Байлау ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бау байлауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **«Балға және қазықтар» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау; әртүрлі тығыздықтағы материалдарға (құм, жұмсақ саз, қар) балғаларды соғып, балғамен қолдана білуге жаттығу. | **«Жаңбыр» саусақ гимнастикасы** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, педагог көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін мәнерлеп айту қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызыл, сары және жасыл түсті үш қағаз. (Ұзындығы 13-15 см таяқшалар үшін 6-7 жолақты жұқа түсті қағаздарды жабыстыру немесе байлау. Жолақтың ұзындығы 4-5 см, ені 0,5 см). Педагог балаға желпуіш жапырақтар ұсынып, оларға үрлейді. Үрлеу арқылы олардың қалай қозғалатынын көрсетіп, балаларға үрлеуге ұсынады. («Жапырақтардан» баланың ерніне дейінгі арақашықтық шамамен 8-10 см болуы керек). Бала желпуіш жапырақтарға үрлейді, демалады және қайта үрлейді. Содан кейін педагог қызыл, сары және жасыл жапырақтардың «ағаштарда» қалай сыбдырлағанына қарап, | магниті бар қармақшаны беріп (егер балықтарда темір құлақшалар болса) және оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Құралдар: байлау ойыншықтары. Бауларды ұштарынан алайық, Көздерге өткізіп, байлайық. | Балаға әртүрлі өлшемді қазықтарды қалай таңдау керектігін көрсету, балғамен қазықты қалай соғу керектігін көрсету. **(мүсіндеу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **қоршаған ортамен танысу, музыка)** Жаңбыр, жаңбыр жаумашы, Тереземді соқпашы. Тырс, тырс, тырс, тырс, тырсылдап, Жаңбыр жауа бастады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдауды ұсынады. Сонымен бірге, ол баланың ауаны тек аузынан шығаратындығына, ұзақ уақыт (бір секундтан артық) үрлегеніне, ауа алмайтындығына, иығын көтермей тыныс шығаратындығына көз жеткізеді. Егер бала әлсіз дем шығарса, ойын тағы бір рет қайталанады. **(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қош келдің, Алтын күз!<br>Алтын жапырақты күз!<br>Біздің қолдарымыз жапырақтардай.<br>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** (педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру** (педагог жоспар бойынша)<br><br>**Сенсорикадан ойын-жаттығу.**<br>"Күзгі жолдың бойымен"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Саусақ қимылдарының үйлесімін дамыту, ойыққа төлкені алып-салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтастыруды бекіту; қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, | **Музыка** (педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру** (педагог жоспар бойынша)<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Дана қуыршақ Қазақстан туралы әңгімелейді"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өздері тұратын ел туралы түсініктерін қалыптастыру; қызығушылықты, байқағыштықты, сөйлеуді, есте сақтау қабілетін дамыту; өз отанына деген патриоттық сезімдерін | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жапырақтар"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және күз мезгілі туралы түсінік беріп, ондағы жаңа сөздерді дұрыс айтуды үйрету; белсенді сөздікті байыту, еліктеу сөздер мен дыбыстарды жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру, заттар мен іс-әрекеттерді білдіретін жаңа сөздерді енгізу, пассивтік сөздік қордағы сөздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>Ойын жаттығуы "Саңырауқұлақтарды жина".<br>Мақсат-міндеттері. Аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету.<br>Жаттығу үстел басында ұйымдастырылады.<br>- Балалар, жаңбыр көп жауыпты, көп саңырауқұлақ өсіпті. Әрбір балаға қалташалар (екі себет кескіндерінің үстіңгі жақтары жапсырылмаған, шеттері мен ұстағыштары жапсырылған) және саңырауқұлақтардың кескіндері, гүлдер табақшада беріледі.<br>- Балалар, алдарындағы | | көтеру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қимылды ойын. "Арқан түю"<br>Мақсат-міндеттері: ептілікті, зейінді дамыту.<br>Ойын барысы: балалар шеңбер құрып тұрады. Қолында арқаны бар педагог топтың ортасына шығып, балаларға ойынның басталғанын хабарлайды.<br>Педагог арқанның түйілмеген басын ұстап, шеңбер бойымен айналады. Арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқанның үстінен аттап тұрады. Кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалатын болса, ол бала өз өнерін көрсетуі керек болады. Тақпақ, өлең айтады | айтуды үйрету; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>Сергіту сәті "Жаңбыр".<br>Жаңбыр, жаңбыр там-там-там,<br>Жерге тырс-тырс тамады.<br>Сарғайған жапырақтар,<br>Жерге су боп түседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саңырауқұлақтарды осы себет қалташаларына салып, жинайық. Гүлдерді салмаймыз (сұқ саусақты көрсету). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | | немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету**. (сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсуін бақылау; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог:<br>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар?<br>- Жапырақтарды көріп тұрмыз.<br>- Жапырақтар жасыл | **Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін бақылату.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен** | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай әртүрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар. Ақшыл бұлттар, | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Аспанды сұр бұлт қаптады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ма?<br>- Жапырақтар сары.<br>Педагог жапырақтардың түсіп жатқанына көңіл аударады.<br>- Қараңдаршы, балалар, жапырақтарға не болды?<br>- Жапырақтар түсіп жатыр.<br>М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>**"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.** | **танысу)**<br><br>**"Саябаққа шығайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саябаққа шығайық, жиналайық,<br>Сап-сары жапырақты, теріп алайық,<br>Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық,<br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br>- Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жүр, жерге қонып жатыр!<br>Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** | Барлық сары жапырақты.<br><br>Түріп жатыр,<br>Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br><br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде қурап,<br>Желге көніп, амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br><br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін | Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | - Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, өлеңнің мәтініне сай қимылдарды көрсетеді.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.<br>Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға тербелуді, орнында айналуды, жерге шоқайып отыруды, тұруды, қимылдарды қайталауды көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар!<br>Педагог үш жалаудың бір түсін кезекпен атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескертеді, балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | **танысу, дене шынықтыру, сенсорика, көркем сөз)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Қоңырау» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалар орындықтарға жартылай шеңбер құрып отырады. Тәрбиеші ортада қолына қоңырау ұстап тұрып: «Мен кімді шақырсам, сол қоңырау соғады». Бала тәрбиешінің орнын алады, қоңырау соғып, басқа баланы шақырады, оны атымен атайды (немесе қолымен көрсетеді). **(сөйлеуді дамыту,** | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). **(сөйлеуді** | **Саусақ жаттығуы «Құлып».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, педагог көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастыру.<br>Ілген есік сыртына,<br>Ұқсайды ма құлпыға?<br>(екі қолыңнын саусақтарын құлпыға ұқсатып айқастыру.)<br>Ашқың келсе аямай,<br>Қатты тартып жұлқыла | **«Киінуді үйрену» мультфильмін қарау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Басты кейіпкерлердің қимылына еліктеу, әннің сөздерін қайталату; киіну тәртібін есте сақтау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | **дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, дене шынықтыру)** | (екі қолды екі жаққа күшпен тартып, құлыпты ашуға тырысу) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | | (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Балық аулау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластик (ойыншық) балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты (ойыншық) беру (егер балықтарда темір құлақшалар болса) және оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің қимылдарын бірге қайталап, саусақтармен қимылдарды жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса, біз тұрмайық жай ғана, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолшатырдық алайық қуана (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. (Д. Ахметова) | **«Жапырақтар».** Мақсат-міндеттері. Ермексаздың бір бөлігін тұтастай қысып алуды жаттықтыру. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Ұшты талдан жапырақ» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуын дамыту, негізгі түстер туралы ұғымдарын бекіту. Құрал-жабдықтар: Қызыл, сары және жасыл түсті үш қағаз. (ұзындығы 13-15 см таяқшалар үшін 6-7 жолақты жұқа түсті қағаздарды жабыстыру немесе байлау. Жолақтың ұзындығы 4-5 см, ені 0,5 см). Педагог желпуіш жапырақтарды үрлейді, үрлеу арқылы олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | (саусақтармен үстелге соққылау) Қолшатырдың астына отырайық (алақандарымен бастың төбесін жабу). Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | | қалай қозғалатынын көрсетеді, балаларға жапырақтарды үрлеуді ұсынады. («Жапырақтардан» баланың ерніне дейінгі арақашықтық шамамен 8-10 см болуы керек). Бала желпуіш жапырақтарға үрлейді, демалады және қайта үрлейді. Содан кейін педагог қызыл, сары және жасыл жапырақтардың «ағаштарда» сыбдыр қаканын тыңдауды ұсынады. Баланың ауаны тек аузынан шығаратындығына, ұзақ уақыт (бір секундтан артық) үрлегеніне, ауа алмайтындығына, иығын көтермей тыныс шығаратындығына көз жеткізеді. Егер бала шығарған демінің күші әлсіз болса, ойын тағы бір рет қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Жапырақтарды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсуін бақылау; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог:<br>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар?<br>- Жапырақтарды көріп тұрмыз.<br>- Жапырақтар жасыл ма?<br>- Жапырақтар сары.<br>Педагог жапырақтардың түсіп | **Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін бақылату.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Саябаққа шығайық" ойыны.** | **Желді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br><br>Түріп жатыр, | **Ақшыл бұлтты бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай әртүрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар? | **Күзгі ауа райын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Аспанды сұр бұлт қаптады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатқанына көңіл аударады.<br>- Қараңдаршы, балалар, жапырақтарға не болды?<br>- Жапырақтар түсіп жатыр.<br>М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>**"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.**<br>Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, | Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саябаққа шығайық, жиналайық,<br>Сап-сары жапырақты, теріп алайық,<br>Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық,<br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br>- Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жүр, жерге қонып жатыр!<br>Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу**.**<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** | Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br><br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде құрап,<br>Желге көніп, амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br><br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған | (Д. Ахметова)<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика, көркем сөз)** | Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өлеңнің мәтініне сай қимылдарды көрсетеді.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.<br>Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға тербелуді, орнында айналуды, жерге шоқайып отыруды, тұруды, қимылдарды қайталауды көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | жалауға жүгірейік.<br>Мұқият болыңдар!<br>Педагог үш жалаудың бір түсін кезекпен атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескертеді, балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | **(музыка)**<br>**"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кіштентай ойыншықтар. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы бүлдіршінге арналған ойыншықтар», «Балаға қоршаған ортадағы заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | ( **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | Аралас топ | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | « «Қарлығаш» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Жуасхан М. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.10 - 07.10.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтетін тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекет (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын ылғалды жүберекпен сүртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза). **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды шүберекпен сүрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| | **«Үйде кім тұрады?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланы әрекетке шақыру, оған оң | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақ | **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістердің атауын айтуға ынталандыру, | **«Пойыз» ойыны** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу барысында тыныс алуын дамыту. Құрал-жабдықтар: ойыншық пойыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нәтижелерге қол жеткізуге және көптеген жағымды эмоциялар алуға көмектесу.<br>Жабдықтар мен материалдар: қағаздан немесе картоннан жасалған үйлер (сары, қызыл, көк, жасыл), әр түске сәйкес келетін 16 карточка (әрқайсына 4 зат: мысалы, сары тауық, қызыл қызанақ, көк қоңырау, жасыл жапырақ).<br>Баланың алдына екі үй қою, мысалы, қызыл және сары түстерге сәйкес келетін барлық карталар. Педагог: «Әр затты және оның түсін атайық, ол тұратын үйді көрсетейік».<br>Үйлердің санын және сәйкесінше карталарды көбейтуге болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика,** | туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Көктеп ерте шырмалып,<br>Өсемін мен бүр жарып.<br>Атым – қияр, теріп ал,<br>Жиі - жиі суғарып. | пішіндерін сипаттау арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақ пішіндері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, сенсорика)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>Педагог:<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | нақпішіндерін сипаттау арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем сөз)**<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. | немесе оның суреті. Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br>Мен жүремін,<br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br>Ал вагондар зулайды.<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Ыдыс толы тамағым,<br>Тамағыма қарадым.<br>Тауысып ап асымды,<br>Бүгінгі күн жарадым. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып алып, жаттығуды бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **. Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(педагог жоспар бойынша) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Күзгі бояулар"<br>Мақсат-міндеттері. Күз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | | | | | туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; бақыт, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; тілдерін, шығармашылық талғамын, қимыл-қозғалыстарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** **Дидактикалық ойын "Жапырақтарды жинайық"** Мақсат-міндеттері: үш түрлі ағаштың жапырақтарын сыртқы пішіндеріне қарай бөліп жинау. Балалар жапырақтарды үш түрге бөліп, үш себетке жинайды. Педагог: - Балалар, күз ханшайымының орманын жинастырып берейік. **(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қарға, көгершіндер, торғайлар).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың атауларын, дене көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету.<br>Педагог:<br>- Құстар не істейді: ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастар. Құстарда не бар: тұмсық, қауырсын, қанат, көз, аяқ. Қарға үлкен, маңызды. Торғай кішкентай, жылдам. Көгершін үлкен, сабырлы. | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Саябаққа күз келсе,**<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br><br>**"Бау-бақшаға** | **Аула сыпырушыны бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру. Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br>Педагог:<br>- Не істейді: жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды.<br>Сыпырушының қолында не бар (сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Гүлдерді бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. Гүлзарлардағы гүлдерді бақылау. Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі. Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Аз қимылды ойын. «Көгөністер мен жемістер».**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br>Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе алаңда отырады.<br>Тәрбиеші: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де алаңның қарсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы да: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де қарсы жаққа қарай жүгіреді, балалар оны қайтадан қуалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып демалады. | **барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру.<br>Педагог тақпақты бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету),<br>Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу).<br>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру),<br>Қорапшаға салайық (отыру, қайта тұру).<br>Д. Ахметова | **Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту.<br>- Күн жарқырап тұр, балалар серуендеп бара жатыр.<br>- Күн жасырынды, жаңбыр жауа бастады, балалар үйлеріне кіріп жатыр (қолдарын төбеге қояды).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыруғ көркем әдебиет)** | сипау)<br>Бақта (еңкею, еденге қолды тигізу (жинау)<br>Бақшада (тұру, қолдарын созу (жинау)<br>Мен оларды табамын. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоцияналды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Одан кейін ойын қайта басталады.<br>Ойынды шағын топпен өткізген дұрыс. Балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы қарап тұрады, одан кейін балалар рөлдерімен ауысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | | - Қанекей, піскен алмаларды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>Д. Ахметова |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу,** | Ауа ванналары. **(дене жаттығулары мен дене белсенділігі)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Ашу - жабу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау.<br>Жабдықтар мен материалдар: әртүрлі типтегі бекіткіштері бар тұрмыстық заттар жиынтығы (әмиян, қол сөмкелер, қораптар).<br>Кішкентай ойыншықтарды қораптарға салу, оларды бекіту (жабу), содан кейін балаға қорапты ашып, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Қоянға арналған дәм".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексазды алақанның ортасына салып, түзу қозғалыспен таяқшалар есуді, қызыл түсті ажырата білуді үйрету, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**Саусақ гимнастикасы "Сұр қоян".**<br>**(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Ұзын құлақ, сұр қоян | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Бақшаға кім барады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда көгөністер мен жемістер туралы түсінік қалыптастыру; кейбір жемістер мен көгөністерді табиғи түрінде және суреттерде тануды үйрету; зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **«Пойыз» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық пойызы немесе суреті.<br>Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап бара жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарды алуғды үйрету**.**<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)** | (қолымызды басымызға құлақ сияқты қоямыз).<br>Қызыл танау (сұқ саусақпен танауды көрсету).<br>Күлкілі мұрты да бар (сұқ саусақты көлденеңінен еріннің үстінен қою).<br>Қатты қолдарымен (өз денесін құшақтау),<br>Сәбізін алып жейді (қолымызды айқастырамыз).<br><br>**"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністердің атауларын атауға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері. | **танысу, сенсорика)**<br><br>**«Себеміз, құямыз» дамытушы жаттығуын жасау.**<br>Мақсат-міндеттері. Сусымалы материалдарды әртүрлі құрылғылардың көмегімен құюды, қазуды, араластыруды үйрету. Баланы шелектегі құмды қасықпен жинауға, оны шелектен қалыптарға құюға, жарманы ыдыстан саптаяққа қасықпен немесе шөмішпен салуды жаттықтыру. Балаға қолындағы қасықты ұстауға көмектесу, құм баланың көзіне де, аузына да кіріп кетпеуін қадағалау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br>Мен жүремін,<br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br>Ал вагондар зулайды.<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>- Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп | **«Бақшада сәбіз өсті» аз қимылды ойын**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес қимылдар жасауды үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Өсіретін бойыңды,<br>Дамытатын ойыңды,<br>Қоянға да азықпыз –<br>Сәбіздерміз жазықсыз. | **Тақпақты мәнерлеп оқу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу)**<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен: | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сенсорика, мүсіндеу)**<br>Көктеп ерте шырмалып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | | | Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин,<br>құрма. | Өсемін мен бүр жарып.<br>Атым – қияр, теріп ал,<br>Жиі - жиі суғарып. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылауды жалғастыру (қарға, көгершіндер, торғайлар).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың атауларын, дене көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету.<br>Педагог:<br>- Құстар не істейді: ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастар. Құстарда не бар: тұмсық, қауырсын, қанат, көз, аяқ. Қарға үлкен, маңызды. Торғай кішкентай, | **Желді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Саябаққа күз келсе,**<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова | **Аула сыпырушыны бақылауда жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру. Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br>Педагог:<br>- Не істейді: жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды.<br>Сыпырушының қолында не бар (сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Гүлдерді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Гүлзарлардағы гүлдерді бақылау. Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі. Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Аз қимылды ойын. «Көгөністер мен жемістер».**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br>Дәмді тағам. (іштерін | **Ағаштарды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: бақша маңында жиі кездесетін құстарды атауды үйрету, құстардың дене құрылысымен таныстыру.<br>Құстар не жейді және құстарға қамқорлық жасау үшін не істеу керек (жемсауыттар әзірлеу, нан үгіндісін салу).<br>**"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; | **Күн райының жағдайын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың назарын күн райының құбылмалы екендігіне аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Кешке қарай күн батар шақта салқындайтынын айту.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: судың қасиеттерін ойын арқылы тануға ынталандыру.<br>**"Батады, батпайды" ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: суда әртүрлі заттарды бататынын және батпайтынын анықтауға жағдайлар жасау; зеректікке тәрбиелеу.<br>Әртүрлі заттарды жинау. Бұл пластикалық қақпақтар, көбік резеңкелер, тастар, түймелер, моншақтар болуы мүмкін. | **Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: ересектің еңбегіне деген қызығушылықты ояту.<br>Аулашы жұмысының нәтижесін атап өту: учаскелерде таза, балаларға ойнауға ештеңе кедергі болмайды.<br>**"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. | **Балабақша ауласындағы жолды сыпыруды көрсету. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: балабақша аумағында тазалықты сақтауға тәрбиелеу.<br>**Сурет кітаптарын қарау. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: кітаптардағы суреттерді бірлесіп қарауға бейімдеу; зейінділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Не бейнелегенін сұрау.<br>**"Түсін таңдау" дидактикалық ойыны. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: түстерді ажырата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау. | машықтандыру. **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмды орындықтардан түсіру, сыпыру (щеткалар). | Балаларға осы аталған заттарды суға лақтырады, қайсы суға батты, қайсы судың бетіне қалқып шыққанын бақылайды. **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыннан кейін заттарды жинауға көмектесу. | **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау. **(дене шынықтыру)** | білуге және атауларын дұрыс айтуға үйрету. Қарапайым еңбек әрекеті: құрап қалған жапырақтарды жинау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. **(сенсорика)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері)әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>**"Шалқан" ертегісін сахналау (көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері: ертегі әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.<br>Балаларға ертегіні оқып беру. Кейіпкерлермен таныстыру.<br>Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін қолдана отырып, ертегіні тыңдауды үйрету. Фланелеграфта ертегіні сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кеңес) | істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш/о** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Жуасхан М.** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **07.11 - 11.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | 07.11.2022 | 08.11.2022 | 09.11.2022 | 10.11.2022. | 11.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілінетін орнын немесе суретін көрсету. | Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |
| | **"Пойыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүрзігіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп, ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; | **Арба ойыншығымен ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері: арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстауды үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң - | **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, | **"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткен кезде, қолға ұстаған ойыншықты | **Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".**<br>Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>***"Бағдаршамдар ұйықтамайды".***<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір карасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір карасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтың бойында. Отырып, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бір-бірімізге "Сәлем!" - айтамыз,<br>Бірге жүріп, тату ойнаймыз.<br>Ендеше, көлікке отырайық,<br>Рульді ұстайық та, оңға бұрайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** (жоспар бойынша) | **Денешнықтыру (жоспар бойынша)** | **Музыка (жоспар бойынша)** | Денешынықтыру (жоспар бойынша) | **"Көңілді ұшақ" (мүсіндеуден ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; ермексазбен жұмыс істеу ережесін сақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **"Ұшақ" саусақ гимнастикасы. (сөйлеуді дамыту)**<br>Ұшақты құрастырамын,<br>(екі қолымызды екі жаққа созамыз)<br>Шет елдерге ұшамын,<br>(Саусақтарымызды қозғалтамыз)<br>Теңіз, орман, алқап, таудың үстінен.<br>(Саусақтарымызбен "шашырату" жаттығуын жасаймыз)<br>Әлемді шарлаймын,<br>(Шарды елестетіп, құшақтаймыз)<br>Үйіме сосын қайтамын.<br>(Алақандарымызды жаямыз) |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: серуенге қызығушылықты ояту.<br>Серуенге қажетті құралдарды әзірлеу, балалармен жеке сұхбат жүргізу, киімдерді ретімен кию: жейде, шалбар, бас киім және аяқ киім. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі | **Итті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары туралы | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Мысық мейірімді, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күні бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды?<br>- Жапырақтар қайда түсті?<br>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.<br>- Аспанға қараңдаршы. Сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы. Ауа салқын, жылы киінеміз.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау. | түсінік беру. Ит, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>Иелері серуендейтін иттерді бақылау.<br>Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі | жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа | сүйкімді, сабырлы, «Мияу-мияу» дейді. Мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы, жүні бар. Педагогпен бірге олар мысықта бардың бәрін көрсетеді және атайды. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді.<br>Мынау тұрған мысық,<br>Екі көзін қысып,<br>Ұйықтап отыр маужырап,<br>Сүт көжесін ішіп.<br>**Қимылды ойын « Құстар мен мысық» (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала болып тұрады. Қалған балалардың бәрі шеңберді айнала тұрады, бұлар құстар. Құстар шеңберді айнала жүріп дәндерді | бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. | алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»),деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да дыбыстық белгі беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жемді шоқуды, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар! | шоқиды. Мысық оянып кетіп, құстарды көреді, мысық оларды ұстай бастайды. Құстар шеңберден ұшып кетуге асығады. Мысық шеңбердегі қай құсқа тиіп кетсе, ол ұстаған болып есептеледі де ортаға келеді. Мысық 2-3 құсты ұстаған кезде тәрбиеші жаңа мысықты таңдап алады. Ұстап алған құстар барлық ойыншыларға келіп қосылады. Ойын 2-3 рет қайталанады. | бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың дыбысы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог сапты бастаса да балалардың жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | | бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар".<br>1. "Құстар оянды". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, бұлғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Бастапқы қалып: тұру, қол белде, аяқ арасы сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Бастапқы қалып.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Бастапқы қалып: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойын. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, | **"Дұрыс орналастыр" ойыны. (сенсорика, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен | **"Би-би-би! Жүрейік!" (қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі | **"Пойыз" (көркем әдебиеттен ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өлең тыңдауды үйрету, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу аппаратын, есту арқылы қабылдауын | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>Көлікке өз дөңгелегін салайық,<br>Көшені айналып шығайық.<br><br>**Саусақ жаттығуы «Кеме» (сөйлеуді дамыту)**<br>Су үстінде кемемен,<br>Кесіп өттік толқынды.<br>Қос күрекпен есіп ап,<br>Су көлігі зырлайды. | шарларды салу.<br>Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br><br>**Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді.<br>Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол | алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру.<br>"Құлып" саусақ гимнастикасы.<br><br>**Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң -<br>жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. | дамыту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>Балалардың тыңдау қабілетін қалыптастыру, сұрақтарға жауап беруге, көлік түрлерінің атауларын есте сақтауға ынталандыру.<br>Өзгелермен және құрдастарымен достық қарым-қатынасты дамыту.<br>Дидактикалық-сөздік ойыны. "Пойызда нелер бар?"<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды | көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға машина, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады.<br>Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", машинаны "бип-бип" деп дыбыстайды.<br><br>**"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br>Мәшинеге міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гуілдетіп, гуілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>(Д. Ахметова") | | қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау) | дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың"(жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік. |
| **Балалармен жеке** | **"Пішіндер алқасы"** | **"Жүрейік" қимыл** | **Саусақ жаттығуы.** | **"Алмалар".** | Қ .Мырза Әли. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | **дамытушы ойыны.**<br>"қызыл үшбұрыш" +<br>"көк үшбұрыш" +<br>"сары үшбұрыш" +<br>"жасыл үшбұрыш" | **жаттығуы.**<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса –<br>тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – жауса<br>тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | "Паровоз".<br>Пыс-пыс! - деді,<br>- Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>- Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-түкі,<br>Тақы-түкі, Тез өт! - деп,<br>Тоқтамайды<br>дөңгелектер безектеп.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдегі жапсырғыштарды дұрыс жапсыру дағдысын қалыптастыру, киімдегі түймелердің басқа түрлерін қолдануды үйрету.<br>Аяқ киім кию дағдысын жетілдіру, ересектің, көмегімен түймелерді түймелеу, шкафқа киім ілу. Шешінетін бөлмеде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Асфальтта "Жол бойымен" атты бормен ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды нұсқау бойынша жүруге дағдыландыру.<br>Тәрбиеші асфальтқа бормен ирек сызық | **Апта тақырыбындағы ойындар. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>**"Паровоз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта педагогтің соңынан жүруді, еліктеуіш сөздерді қайталауға | **Апта тақырыбындағы ойындар. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>**"Автобус" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта педагогтің соңынан жүруді, еліктеуіш сөздерді қайталауға | **Асфальтта "Жол бойымен" атты бормен ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда нұсқау бойынша жүруге дағдыландыру.<br>Тәрбиеші асфальтқа бормен ирек сызық | **Балабақшаның жанында өтіп жатқан көліктерді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Бір жерде тұрған және жылжып жатқан көліктерге көңіл аударуға шақырып, түстерін атауға бейімдеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызады. Баланың міндеті: осы ирек жолмен өту. Баланы қызықтыру үшін жолдың соңына ойыншық қоюға болады. Бала ойыншыққа жетуге талпынады. Егер балаға ирек жолмен өту қиын болса, тәрбиеші түзу сызық сызады. Балалар содан өтуге тырысады.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмнын бетін тазалау. Мақсат-міндеттері. Тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру. (көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне | үйрету; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Күн райын бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Белгілі объектіге көңіл аударып, сыртқы келбетінің ерекшеліктерін байқауға машықтандыру (күн аспанда, жел соғып тұр).<br>Асфальттағы жолдар. Бүлдіршіндер асфальтқа бормен сурет салады. Мақсат-міндеттері. Ересек тарапынан айтылған нұсқауларға зейін салып, асфальт жерге бормен сызықтар салуға ынталандыру.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қураған ұсақ бұтақтарды жинау.** | үйрету; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Күн райын бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Белгілі объектіге көңіл аударып, сыртқы келбетінің ерекшеліктерін байқауға машықтандыру (күн аспанда, жел соғып тұр).<br>**Кинестетикалық құммен ойыны "Кімдікі жоғары".** Кинестетикалық құм өте қызықты қасиеттерге ие. Бір жағынан құмнан жасалған пішіндер өте берік, екінші жағынан, жоғарыдан қысым белгілі бір салмаққа жеткен кезде жасаған құрылым құлап қалады. Балалар кинестетикалық құмды пайдаланып, биік | сызады. Баланың міндеті - осы ирек жолмен өту. Баланы қызықтыру үшін жолдың соңына ойыншық қоюға болады. Бала ойыншыққа жетуге талпынады. Егер балаға ирек жолмен өту қиын болса, тәрбиеші түзу сызық сызады. Балалар содан өтуге тырысады.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмнын бетін тазалау. Мақсат-міндеттері: тазалыққа тәрбиелеу. | Сары, қызыл, жасыл,<br>Жол бойында жүреді.<br>Жүргізуші ағалар,<br>Көлікпенен жүреді.<br>Балабақшаның жанында қанша көлік барын көру.<br>**"Көліктер тұрағы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: педагогтің нұсқау сөздеріне көңіл аударып, түсініп, қимылдарды жасауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Балаларға рульдерді тарату, әуен қосылғанда барлық көліктер жүре бастайды, ал әуен тоқтағанда бәрі тоқтайды.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмды орындықтардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). | Мақсат-міндеттері. Тапсырманы түсінуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | мұнара жасауға тырысады. Қай баланікі биік болады, сол бала жеңіске жетеді.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмды орындықтардан түсіру, сыпыру (щеткалар).<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. | | түсіру, сыпыру (щеткалар). |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көліктер түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауға үйрету. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері)әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол | | | | |

| | |
|---|---|
| **қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | ережелері талаптары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А. Ж. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **14.11 - 18.11.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022 | 15.11.2022 | 16.11.2022 | 17.11.2022 | 18.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, құрап, сарғайып қалған | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | су ағымының астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орнынның суретін көрсету. | заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | ағымы астына ұстауын қадағалау;қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | мүшелеріне, қимылына, азықтану әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақты, "Көжек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу. Ұзын аяқ, ұзын құлақ, Күртешесі сұр, жұмсақ, Қорқақ, қыли көздері, Ұстай алмаймыз, қуаласақ. (Д. Ахметова) | **«Ненің дауысы?» дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды есту зейінін шоғырландыруға тәрбиелеу. Балаларға ойыншықты дауысынан анықтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: балаларға таныс үй жануарларын бейнелейтін дыбыстық ойыншықтар дайындау (сиыр, ит, ешкі, мысық жәнетағы басқа). Педагог дайындалған ойыншықтарды | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағазынан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды | **«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау. Құрал-жабдықтар: бала санына қарай көлемі шағындау, жұмсақ ойыншықтар. Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Құстарға еліктеуге шақыру; жедел жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту. Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді. Педагог: Торғай, торғай торғайсың, Неге жерге қонбайсың? Жем шашайын жейсің бе? Сонда торғай тонбайсың. Торғай ұшып кетті! Соңғы сөздерден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығарады (бір-бірден), сәйкес жануарлардың дауысына еліктей отырып, олармен ойнайды, содан кейін балаларды тыңдауға және дауысы бойынша не оларға қонаққа келетінін болжауға тапсырма береді. | эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br>С. Сәрсенов "Кірпі".<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстай болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды. | қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жаймен ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті, мінеки! | балалар қанаттары мен қолдарын сермеп ұшады. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкейіп, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет)<br>4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар орман мен даланы мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық,<br>Тіршілігіне қарайық.<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Музыка (жоспар бойынша)** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **"Жабайы аңдар" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | Мақсат-міндеттері. Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл-әрекеттерін көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Тақпақ тыңдау.**<br>Қадыр Мырза Әли «Табиғат — жаратылыс пернесі».<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да,<br>Құлын боп ойнап қайтамын. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты дұрыс киюге үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз | **Бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Бұтаның негізгі бөліктері туралы түсінік қалыптастыру; өсімдіктер әлеміне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Дауылға да, аязға да,<br>Шыдап бағар міз бақпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап-жасыл боп тұрады.<br>**Қимылды ойын «Ұшақтар». (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету; оларды тәрбиешінің белгісі бойынша тез әрекет етуге | **Күшікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ит, күшік, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Иелері серуендететін иттерді бақылау.<br>Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейінін, ой-қиял қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы. Бұл не?<br>- Ағаштарда жапырақтар бар ма?<br>- Жапырақтар қайда?<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>М. Әлімбаев "Күз"ү<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>Педагог:<br>- Иә, жапырақтар | **Маусымдық құбылысты бақылау. Қырау, аяз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Су күйлерінің бірі ретінде аяз туралы түсінік қалыптастыру.<br>Аязға назар аударту.<br>Қырау - су буының тамшылары, олар қар ұлпасы сияқты қатып қалған. Балаларға ағаштар мен бұталардағы қырауды мұқият тексеріп, қыраумен жабылған бұтақты алақанмен ұстау. Бұтақ пен алақанға не болды? Аяз қайда кетті?<br>Аяз келді қаһарлы,<br>Айналаны қар жапты.<br>Ақ тон киіп орман тұр<br>Дәл атамдай салмақты.<br>**«Торғайлар» қимылды ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету;<br>жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру;<br>айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерге менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. | дағдыландыру.<br>Балалар өлең оқып, қимылдың бағытын көрсетіп тұрған тәрбиешіні айнала қоршай тұрады.<br>Балалар оның артынан қайталайды.<br>О, алтын күн, алтын күн,<br>Әйнектен қара, жарқын күн!<br>Балаларың жылауда,<br>Сүрініп тасқа құлауда.<br>Балалар әннің ырғағына қарай қолдарын соғады, тізе бүгіп жүресінен отырады (екпінмен айтылған сөздерде).<br>Қол соғуды тоқтатпай, бір орында секіреді. | Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады?<br>- Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді.<br>- Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты.<br><br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі.<br>Жарайсыңдар! | **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды төмен заттардан секіруге, шашыраңқы жүгіруге, тәрбиешінің берген белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>«Құстар ұшып жүр!» белгісі бойынша.<br>Балалар ойын алаңын айнала жүгіреді, құстарды бейнелейді.<br>«Мысық!» белгісін естіген «Құстар» үйлеріне «ұшып кетеді». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | | Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай қоректі іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>(Д. Ахметова)<br>- Қанекей, балалар, мына жатқан жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық". (сөйлеуді дамыту)**<br>Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы қораптар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қораптарды ашуға және жабуға үйрету, әр қорап үшін | **"Аю орманда" қимыл-қозғалыс ойын. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ойынның | **"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың көз дәлдігін, қолдың ұсақ | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстелге, тізеге соққылау)<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап,<br>(алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау)<br>Бізді көрсе қашады.<br>(саусақтарды алға қарату, кезек-кезек соққылау)<br>(Д. Ахметова) | дұрыс қақпақты таңдау, қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру, кеңістіктік үлгілерді көрсету, кішкене заттарды үлкен қорапқа салу, заттың түсі туралы білімдерін бекіту; қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>«Орман алқабында» ойын жаттығуы.<br>**Ойын-имитация. "Кірпіжан". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ортақ ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдар: кірпінің суреті немесе | шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Қорбаңдаған аюдың<br>(аю сияқты жүреді)<br>Құлпынайы көп екен.<br>(құлпынайды іздеу қимылын жасайды)<br>Теріп-теріп алайық,<br>(құлпынайды тереді)<br>Қалтамызға салайық,<br>(себеттеріне салады)<br>Тәрбиеші: мұнда қанша жидек бар және себетті "байқаусызда" құлатады. Жидектер (кішкене доптар) жерге шашылады, балалар оларды жинайды.<br><br>**"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру. (көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. | моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. | қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Қасқыр, аю, қоян және тағы басқалар бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балалар ұсынылады.<br>Балалар ұсақ бөлшектердін тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек.<br><br>**«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау.<br>Құрал-жабдықтар: бала санына сәйкес шағын көлемді жұмсақ ойыншықтар.<br>Баланы жайлап жатқызып, ішіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншығы.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>- Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректі іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп<br>Тауып алып, жеймін.<br>(Д. Ахметова) | Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). | | диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жай ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті, мінеки! |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова) | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>(Д. Ахметова) | С. Бегалин "Қазым"<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | Ермексаздан кесектерді үзіп, бағандарды есу амалдарын игерту. "Сәбіздер". | Ойын-имитация. "Кірпіжан".<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>(Д. Ахметова) |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көліктер түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау | | | | |

| | |
|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | қабілеттерін дамыту.<br>Қасқыр, аю, қоян және тағы басқа бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балаға ұсынылады. Балаға ұсақ бөлшектердін тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек. **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>**"Түймені түймелеу және шешу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: қатты матада түрлі түсті түймелер мен түрлі өлшемдегі ілмектер орналасқан. Балалар түймелерді түймелейді, артынан шешеді. Тәрбиеші балаларға өзі көрсетеді, кейін балалардың жасағанын қадағалайды. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Кішкентай бүлдіршіндерді мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу», «Баламен бірге шағын тақпақтарды оқудың маңыздылығы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | **«Балбөбек» ш\о** |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қарлығаш» тобы** |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Касенова А.Ж.** |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,** | **21.11 - 25.11.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **айды, жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 21.11.2022 | 22.11.2022 | 23.11.2022 | 24.11.2022 | 25.11.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, іс-әрекеттерін мақтау. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, коректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | "Үстел үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау керектігі туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау іс-әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. |
| | **"Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. (сенсорика)** Мақсат-міндеттері. | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл | **«Сыбызғыны үрле!» ойыны (музыка)** Мақсат-міндеттері. Күшті, біркелкі дем шығаруды дамыту; бұлшықеттерін белсендіру. Жабдық: әртүрлі үрмелі музыкалық | **Саусақ жаттығуы "Сәлем" (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. (көркем сөз, сенсорика)** Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі әртүрлі 5 затты ажыратып, оларды бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсі үштен кем емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру. | мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды қосылып айтуға шақырады.<br>Сылдырмақты соқтық,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>(Д. Ахметова) | аспаптар: түтіктер, флейта, мүйіз, гармоника.<br>Балаларға аспаптарды таратып, алдымен бір-бірлеп, содан кейін бәрі бірге ойнауды ұсыну.<br>- Енді біраз ойнайық!<br>Сыбызғыны алып ойнай бастайық!<br>Егер балалардың біреуі сыбызғыдан дыбыс шығара алмаса, оның дұрыс үрлегенін қадағалау. | айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) | үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, үлкен, орташа.<br>Кішкентайды үлкендеуіне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)**<br>**«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-2 сылдырмақты алға созу.<br>3-4 артқа тығу;<br>Бастапқы қалып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу.<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек). | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз!<br>Өсеміз, алып боламыз!<br>Үлкен саяхат жолына<br>Доспен бірге барамыз. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | Музыка<br>**(жоспар бойынша)** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"В.Г. Сутеевтің "Алма" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. В. Г. Сутеевтың "Алма" ертегісімен таныстыру; сөздік қорларын толықтыру; көркем әдебиетке танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру; балаларға ертегіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мұқият тыңдауды, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; тілін, қиялын, ойлау қабілетін дамыту. Дидактикалық ойын. "Бұл не?" Мақсат-міндеттері. Балалар үш қана сөзден тұратын сипаттама бойынша қандай зат туралы айтылып тұрғанын тауып, дұрыс айтуы тиіс. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру. Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлі бейнелерге ұқсағанына көңіл | **Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл | **Өсімдіктер әлемін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, оны о басқа ағаштардан ажыратуды үйрету, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару.<br>Қ. Мырза Әли "Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- "Қатты жел соқты!" деген сөзімді естігенде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". | құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар нелер?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп. Жарайсыңдар!<br>Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Балалар, құстар келесі көктемде қайта ұшып келеді.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене** | Тәрбиеші балаларға тақпақ тыңдау арқылы участкеден ағашты табуды ұсынады.<br>Тікен, тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>Балаларды шыршаға қасына әкеліп, назарын сипаттамалық ерекшеліктерге аударады.<br>**Қимылды ойын «Мергендер» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен төменнен (бастың артқы жағынан, кеудеден) алға лақтыруды үйрету; нысанаға тигізудің қарапайым дағдыларын, көзді, ептілікті, қимылдарды дамыту.<br>Бала қолына кішкентай допты немесе құм салынған дорбаны ұстайды. Қорапты | байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br><br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br><br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br><br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br><br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір- | дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br><br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар, бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, сендер маған қарай қолдарыңды былай жайып, | немесе үлкен себетті қойыңыз (нысанадан балаларға дейінгі арақашықтық 1,5-2 м аспайды). Балаларды қолындағы допты қорапқа (себетке, торға) лақтыруға жаттықтыру. | біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем, сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем, менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық!<br>Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ... | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды қолайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Ұйқыашар" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>- Балалар, ояныңдар, керіліп-созылыңдар! Менің сендермен ойнағым келеді.<br>**Төсекте жатып жасайтын жаттығулар: "Мысықтар".**<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқысырап, мияулап жатыр, көздерін жұмып "мияу-мияу-мияу" деп жатыр.<br>Көзін ашып, аяқ-қолын керіп жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз "мияу-мияу-мияу."<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.<br>Майтабанның алдын алу.<br>Мысық шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып, табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | | | | | |
| **Кешкі ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Не, қалай** дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Дана қайда барды?" Мақсат-міндеттері. Жанды және жансыз табиғат туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Сөйлеуді, ойлауды, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Қонжыққа арналған үстел" Мақсат-міндеттері. Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі | **Саусақ жаттығуы** "Сәлем" Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) | **"Ғажайып дорба"** дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатынын түсіндіру, сипап көру арқылы ұғымдарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдағанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", мәшинені "бип-бип" деп дыбыстайды. | қиялын, үй жануарлары мен құстарға қызығушылығын дамыту, оларға қамқорлықты, халық ертегілеріне сүйіспеншілікті тәрбиелеу. **«Сиқырлы кітап» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: суреттердің арасында екіге бөлініп, жыртылып қалған суреттерді бірктіру. **(сөйлеуді дамыту)** | алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру. **"Құлып" саусақ гимнастикасы.** Есікте құлып тұр (саусақтарымызды бір-бірден біріктіріп, қолымызды құлыпқа қоямыз) Кім оны аша алады екен? Ашып көреміз, (құлыпты айналдырамыз, қолымыздағы құлыпты шешеміз) Созамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақандарымызды ашып-жабамыз) Тоқылдатамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақанымызбен шапалақ соғамыз) Ашылды! | Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды) Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) | қалыптастыру. Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар. <br><br>"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Көрнекілік: топтағы ойыншық. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиешінің нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға, оңға бұрылу, 2 адым алға жүруді айту. Ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (саусақтарымызды ашамыз) | | ойыншықты табады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке. | **«Қуаласпақ» ойыны.**<br>Жабдық: орташа қуыршақ.<br>Педагог қуыршақ қуаласпақ ойнағысы келетінін айтады. Балаларды қуыршақтан қашуға шақырады. Қуыршақ «қуып жетеді», оларды «құшақтап» тапқанына қуанады және «міне, менің достарым» дейді. Бұл ойын екі-үш баламен ойналады. | **"Кәмпиттер".**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексазбен көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын игерту. | **Саусақ жаттығуы «Моншақ тізу»**<br>Қызыл сары, көк моншақ.<br>Мен жасаймын көп моншақ<br>Ойын шарты: балаға әртүрлі диаметрлі моншақтар беріледі. Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ептілігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Сылдырмақты соқтық,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>(Д. Ахметова) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюді дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күннің көзін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күн туралы мағлұмат беріп, оны аспанда көруге болатыны туралы түсіндіру, қолмен көрсетуді үйрету.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса, балалар, біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>Тақпақ.<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Күн қояны" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигнал бойынша қимылдауды үйрету; ересек айтқан | **Табиғаттағы өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру (жылу, жасыл шөптер, гүлдер, көбелектер, қоңыздар, балалар жеңіл киінеді, құм және сумен ойнайды).<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ұсақ тастар мен таяқтарды жинау.<br>Мақсаты: кішкентайларынан еңбекке баулу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. | **Аспанды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын көк аспанға аудару, аспанның таза көгілдір түсте (немесе ақ бұлттар болса, бұлтты) болуын байқауға бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балабақша ауласындағы жолды сыпыруды көрсету – балабақша аумағында тазалықты сақтауға тәрбиелеу. Сурет кітаптарын қарау, кітаптардағы суреттерді бірлесіп қарау. Не бейнелегенін сұрау.<br>**Дидактикалық ойын. "Түсін таңдау".**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білуді және атауларын | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Бұталар мен ағаштар туралы білімді бекіту. Ағаштар мен бұталар арасында ұқсас және әртүрлі белгілерді табуды үйрету.<br>Ағаштар мен бұталарға ұқыпты қарайды.<br>Балаларға балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетінін көрсету. Ағаш пен бұтаның айырмашылығы неде екенін көрсету. Ағашта діңі бар екенін, ал бұтада айқын дің жоқ. Ағаш бұтадан биік болып өседі.<br>Көркем сөз.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Гүл егеміз бақтарға, | **Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Бақша маңында жиі кездесетін құстарды атауды үйрету, құстардың дене құрылысымен таныстыру.<br>Құстар не жейді және құстарға қамқорлық жасау үшін не істеу керек? (жемсауыттар әзірлеу, нан үгіндісін салу).<br>**"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерге зейін салып, қимылдарға еліктеуге бейімдеу.<br>Тәрбиеші өзінің қасына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды «кел» деп,<br>Жетеді демде жүгіріп.<br>Сәл үзіліс жасайды да: «Сәулені ұстаңдар» деген белгі береді.<br>Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қоқыстарды жинақтау.<br>Мақсат-міндеттері: | Балалардың алаңнан біраз алшақтау жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да "терезеге" (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," - дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады.<br>Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!" - дейді, ойын қайта басталады.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары**: қураған жапырақтарды | дұрыс айтуды үйрету.<br>**"Жалауға жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түсті ажыратып, сигнал бойынша бір бағытта жүгіруге машықтандыру; дене мүшелерін нығайту, жағымды эмоцияларды дамыту. Көк, қызыл, сары жалаулар алаңның үш бұрышына орнатылады.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. | Айналасын қоршаймыз.<br>**"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу; кейіпкерлердің әрекетіне қарап, жағымды көңіл күйге бөленуге тәрбиелеу.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмаларын бақылау:** ойыншықтарды жууға су әкелу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиешінің тапсырмасын түсінуге үйрету.<br>Балалардың еркін ойындары. | машықтандыру.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан тазалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көліктер түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Түрлі-түсті шарлар" ойыны. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда түс туралы түсінік қалыптастыруға жағдай жасау; заттардың әртекті түстің арақатынастарын белгілеуді үйрету.<br>Жаттығулар балалардың бастапқы төрт түспен танысуларына бағытталған.<br>Қажетті материалдар: 30х12 см өлшеміндегі төрт түсті жіптер салынған картон жолақшасы. Төрт әртүрлі түсті картон дөңгелектер - шарлар, олардың түстері жіпшелердегі түстермен сәйкес келеді. Тәрбиеші балаларға әртүрлі түсті жіпшелер салынған картон жолақшасын көрсетеді. Шарларды көрсете отырып, бүгін шарлармен ойнайтындарын ескертеді: "Қазір әрқайсымыздың алдымызда картон жолақшалар жатыр. Мұқият қарап, одан не көріп отырғандарыңды айтыңдаршы. Иә, түстері әртүрлі жіпшелер. Енді шарларымызға қарайық, олардағы жіпшелер сияқты әртүрлі түсті екен. Әрбір шарға картонда өз жіпшелері бар. Әр жіпшеге өзіне түстес шарды таңдап алып байлап қоямыз. Қызыл жіпшеге қызыл шарды, сары жіпке сары шарды, көк жіпке көк шарды, сөйтіп барлық жіпшелерге өз шарларын байлаймыз. Міне, оны былай жасаймыз," - деп өзі көрсетіп, олардың дұрыс орналасқандығын айтады. Содан кейін дұрыс байланбаған шарларды көрсетеді: жасыл жіпке сары шарды, қызыл жіпке тоқсары шарды, көгілдір жіпке күлгін шарды байлап көрсетіп олардың қате байланғандығын айтады.<br>Содан кейін балалар бұл тапсырманы өз беттерімен орындайды. Тәрбиеші шарларды таңдауда қиналған балалардың қасына келіп, алдымен, екі жұп шарды байлап көрсетеді де, қалған шарларды баланың өзінің байлауын талап етеді.<br>**(сенсорика)**<br>**"Пирамида жинау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға пирамида жинауға, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға үйретуді жалғастыру.<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұруы қажет. **(сенсорика)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың еліктеуге деген ынтасын дамыту; жағымды эмоцияны ояту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым жерде тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері) әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» |

| Топ/сынып | Аралас тобы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | «Қарлығаш» | | | | |
| Балалардың жасы | **1 жасар балалар** | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Касенова А. | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | **28.11 - 02.12.2022 ж.** | | | | |
| Апта күндері | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға деген қалауын айтуды, көрсетуді, | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау және | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен | "Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | суару үлгісін көрсету. | ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды немесе суретін көрсету. | көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. Алақай! Алақай! (шапалақтау) | **"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жауғанына қарап, педагогтің соңынан ілесіп, қыс туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру. Аулаға қыс келді, Қыс келді, | **"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, қазір қолғаптарымызбен | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды | **"Отырған мынау ақ қоян..." ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** Алаңның бір жағында қояндардың орны белгіленді. Әр бала өз орнына тұрады. Тәрбиешінің "Қоршауға жүгіріңдер"деген сигналы бойынша барлық балалар дөңгеленіп тұрады, ал қоянның біреуі ортаға шығады. Балалар тәрбиешімен бірге тақпақ оқиды да текстің мазмұнына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Келді суық қыс, міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі (алақан қағу), | Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге қарай, төмен,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>(Д. Ахметова) | әдемі жаттығулар жасап көрейік.<br>Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау) | жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли "Қар"<br><br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды жылдам орындау керек. | қарай қимыл жасайды.<br>Отыр аппақ, бір қоян.<br>Саққұлақ қой бұл қоян.<br>Құлақтары делеңдеп,<br>Әр дыбысқа елеңдеп.<br>Балалар дөңгеленіп тұрады. "Құлақтары делеңдеп" деген сөз тіркесінен бастап ойын аяғына дейін балалар қолдарын жоғары көтеріп, қол білезіктерінен бастап қимылдатады. Қоян сияқты секіреді. |
| **"Үлпілдек ақ қар" (сенсорикадан** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **ойын-жаттығу) Мақсат-міндеттері. Сезім мен қабылдауды жетілдіру арқылы сенсорлық тәжірибені қалыптастыру; қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту және байыту (қар туралы); балалардың қардың түсі мен формасы туралы білімдерін бекіту; ұсақ моториканы дамыту; басқаларға деген жақсы сезімдерді тәрбиелеу. «Аққала» саусақ ойыны. (сөйлеуді дамыту) Біз аулаға барамыз. (ортаңғы және сұқ саусақпен үстел** | **«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай.<br>1-2 сылдырмақты алға созу.<br>3-4 артқа тығу;<br>Бастапқы қалып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу.<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек). |

| | |
|---|---|
| **үстінде "жүреді")**<br>**Бірге аққала жасаймыз.**<br>**(мүсіндеу қимылдарын көрсетеді)**<br>**Қолдарымыз тоңғанда (мұздатылған қолдарды бейнелейді)**<br>**Ысқылап, жылытамыз. (Қолдарын ысқылайды)** | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ду қол шапалақ!<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **"Үлпілдек ақ қар" (сенсорикадан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Сезім мен қабылдауды жетілдіру арқылы сенсорлық тәжірибені қалыптастыру; қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту және байыту (қар туралы); балалардың қардың түсі мен формасы туралы білімдерін бекіту; ұсақ моториканы дамыту; басқаларға деген жақсы сезімдерді тәрбиелеу.<br>**«Аққала» саусақ ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Біз аулаға барамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | (ортаңғы және сұқ саусақпен үстел үстінде "жүреді") Бірге аққала жасаймыз. (мүсіндеу қимылдарын көрсетеді) Қолдарымыз тоңғанда (мұздатылған қолдарды бейнелейді) ысқылап, жылытамыз. (қолдарын ысқылайды) |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге жиналу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері: өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру: шкафтан сыртқы аяқ киімді алу, шұлықтарды дұрыс кию және бас киім туралы ұмытпау.<br>Серуен кезіндегі ережелері туралы еске саламыз: серуенде қалпақты немесе орамалды шешпейміз;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнаймыз (верандада, ағаштың астында). | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,** | **Қысқы күн райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қыс мезгіліндегі табиғи құбылыс - қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>Т. Шопаев "Қар".<br>Жауды, міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене** | **көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақшақарлардан болатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>Ш. Әлдибекұлы."Қар".<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Педагог:<br>- Балалар, байқадыңдар ма?<br>Дала қандай тыныш!<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру,** | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұр болса, қар жауы ықтималдығын байқату.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Аспанның түсі көгілдір ме?<br>- Аспанның түсі сұр.<br>- Аспан сұр болса, қар жауады.<br>Көк аспанды жаулайды<br>Қалың-қалың сұр бұлттар.<br>Бір жауса тоқтамайды<br>Аппақ жауын, аппақ қар.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Алақай!" қимылды** | **көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақшақарлардан болатынын, жеңіл, мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>Ш. Әлдибекұлы "Қар".<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>- Балалар, байқадыңдар ма?<br>- Дала қандай тыныш!<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру,** | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қысқы күн райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, олар жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру,<br>көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай. | **көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ... | **жаттығуы. (дене шынықтыру,<br>көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, қыс мезгілі келді.<br>- Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды | **көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ... | Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>(Д. Ахметова.)<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру,<br>көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар сапқа жиналып, ашық жолмен жүреді. Жаттығу екі рет қайталанады. | - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу). | - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай, | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Ұйқыашар жаттығулары. (дене шынықтыру)<br>Керует жанындағы жаттығулар.<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Бастапқы қалып: тұру, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Бастапқы қалып: тұру, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Бастапқы қалып: тұру, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.</td></tr>
<tr><td>Кешкі ас</td><td colspan="5">Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті</td><td>«Сиқырлы алақандар» музыкалық-ырғақты жаттығуы<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.</td><td>«Ұлпа қар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды</td><td>"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға</td><td>"Күн райы" атты мультфильмін көру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күн райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды, атауды</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + | Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай-былай ойнат.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпа қарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпа қар.<br>1, 2, 3 ,4, 5<br>Ұлпа қарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпа қарлаға **үрлейді)**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз (картон).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді.<br>Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>Ш. Әлдибекұлы "Қар" | ынталандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, музыка)**<br><br>**"Қар жауды" (мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "сары домалақ" + "жасыл домалақ" "қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыр қарлар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы «Қыс» (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету; мәнерлеп сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді бізге қыс, міне,<br>Ақ қарлар, ақ көбелек, | **Жаттығу (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету.<br>Торғай боп ұшамыз, ұшамыз (екі қолымен қанат жасап ұшады)<br>Түлкі болып қашамыз, қашамыз (бір орындарында тұрып жүгіреді)<br>Торғайдай тапқыр | **Қоян (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Ерінбе қояным,<br>Ертеңмен оянған.<br>Секеңде сен енді<br>Шынықтыр денеңді | **Жаттығу (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Балалар шықты далаға,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен озады,<br>Аққаланы жасайды.<br>Қыста қармен ойнаймыз, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қонды үйлердің үстіне. | боп, тапқыр боп, Орнымызға қонамыз (бәрі орындарына отырады). Орманның біз емшісіміз, Тоқ, тоқ, тоқ (жерді үш рет ұрады) Құрт біткенді жоқ етеміз Жоқ, жоқ, жоқ, (қимыл көрсетеді) Тоқ, тоқ, тоқ, жоқ, жоқ, жоқ. | | Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге жиналу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Серуенге шығу ережелерімен таныстыру, серуен барысын пысықтау. Қауіпсіздік бойынша жеке және топпен әңгіме жүргізу: серуендеуге барамыз, досымызды қолымыздан аламыз, алаңға жұппен бірге барамыз. Бір-бірімізді итермейміз. | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Бақша маңында жиі кездесетін құстарды атауды үйрету, | **Күн райының жағдайын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын күн райының | **Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін ойын арқылы тануға ынталандыру. **"Батады,** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ересектің еңбегіне | **Балабақша ауласындағы жолды сыпыруды көрсету. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балабақша аумағында тазалықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстардың дене құрылысымен таныстыру.<br>Құстар не жейді және құстарға қамқорлық жасау үшін не істеу керек? (жемсауыттар әзірлеу, нан үгіндісін салу).<br>**"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің нұсқауы немесе сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан қағып тазалау. | құбылмалы болуына аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Кешке қарай күн батар кезде салқындайтынын айту.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге машықтандыру.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмды орындықтардан түсіру, сыпырып | **батпайды" ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Суда әртүрлі заттардың бататынын және батпайтынын анықтауға жағдай жасау; зеректікке тәрбиелеу.<br>Әртүрлі заттарды жинау. Бұл пластик қақпақтар, көбік резеңкелер, тастар, түймелер, моншақтар болуы мүмкін.<br>Балаларға осы аталған заттарды суға лақтырады, қайсы суға батты, қайсы судың бетіне қалқып шықты, соны бақылайды.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** | қызығушылықтарын ояту.<br>Аула сыпырушы жұмысының нәтижесін атап өту: учаскелер таза, алаңда ойнауға ешбір кедергі жоқ.<br>**"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің нұсқауы немесе сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау.<br>**(дене шынықтыру)** | сақтауға тәрбиелеу.<br>**Сурет кітаптарын қарау. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кітаптардағы суреттерді бірлесіп қарауға бейімдеу; зейінділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Не бейнеленгенін сұрау.<br>**"Түсін таңдау" дидактикалық ойыны. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді ажырата білуге және атауларын дұрыс айтуға үйрету.<br>Қарапайым еңбек әрекеті: құрап қалған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тастау (щеткалар). | ойыннан кейін заттарды жинауға көмектесу. | | ойындары. **(сенсорика)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері) әуеннің ырғағына сай сылдырлатуды бейімдеу. Қыс мезгіліне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>**"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануды үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың тапсырманы орындау тәртібін бақылайды. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Зиянды әдеттер», «Тұмаудың алдын алу», «Демалыс күндері күн режимін қалай сақтау керек?» | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек»ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.12 - 09.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.20223 | 06.12.2022 | 07.12.2022 | 08.12.2022 | 09.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. | **"Үстел үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. | **"Балаларды тәрбиешінің еңбегін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін қалай білуді сұрау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. | Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, беттерінің тегіс болуын бақылау. | **бақылауға үйрету".** Мақсат-міндеттер: Бөлме өсімдіктерін қарауға,күтуге үйрету, өсімдіктерді күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. |
| | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада | **«Қоян»** Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып | **«Қысқы би» жаттығуы** Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен. | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді | **«Аққала» саусақ жаттығуы Мақсат-міндеттер. Қане, қане балақай, (шапалақ) Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету) Аққаланы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кішкентай аңдар.<br>Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | ажыратуға жаттықтыру;<br>жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, | **айналып, (шеңбер болып айналады)**<br>**Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)**<br>**Аққала, аққала**<br>**Сені жасап бәріміз,**<br>**Айналамыз қуана! (шеңбер болып айналады))**<br>**Г.Жетписова**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гигиеналық дағдылар**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау);<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою; тұрып, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада. (Екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме.(Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды)<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Әжейге арналған табақ"<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кесегінен есу, үзіп алу, түзулеу мүсіндеу тәсілдерін қалыптастыру; алақанның айналма қозғалысымен есу, кесектен бөлшекті үзіп алу арқылы ұсақ қол маторикасын дамыту. Үлкендерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құрмет көрсетуге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге жиналу кезіндегі реттілікті орындауға үйрету: алдымен не киеміз, содан кейін не. Серуенге жағымды көңіл-күймен шығуға бейімдеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ. | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Күрекшені аламыз,<br>Жолды қардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет?<br>(Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.) | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту.<br>(Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.) | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қарандаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір). | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша | -Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға үйрету, секіруді, қол шапалақтауға, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау. | Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер | - Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қарандаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қарандаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным,қояным ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киш**і,**<br>Көлегіңді киші. | құруға, оны кеңірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады. Тәрбиеші: Көпіршікті үрлейміз! Үлкен ғып үрлейміз!- дейді. Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз. Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады. Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан | Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кейін балалар<br>қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Оянайық бәріміз".<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір-біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояныңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуід дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жануарлар бейнеленген бірнеше | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>""Қазақстан жалауы" Ө. Ақыпбекұлының өлеңін оқу"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Ө. Ақыпбекұлының "Қазақстан жалауы" өлеңімен таныстыру.<br>Отан туралы білімдерін нақтылай | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Отанымыз - Қазақстан"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың туған жер туралы түсініктерін қалыптастыру, тірі және жансыз табиғат құбылыстары | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларға «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық** | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>**Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)**<br>**Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)**<br>**Көктен төмен әдемі ұлпақарлар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттер екіге бөлініп, балаға ұсынылады. Суреттен қандай жануар құрастырғанын бала айтуы керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | түсу, өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету; сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Отансүйгіштікке тәрбиелеу. | туралы. Қазақстан Республикасының рәміздерімен (ту, гимн, елтаңба) таныстыру. Туған жердің құндылығы мен әсемдігі туралы түсініктерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін, зейінін, қызығушылығы мен байқауын дамыту. Өз Отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру. | **фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген). Қолғаптарды қалпына келтіру қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу керек. (сенсорика)** | **шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3, 4, 5 Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»** Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде | **«Суық - жылы» ойыны** Мақсат-міндеттер. Балалар кілемге малдас құрып отырады. Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»- дейді. Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, | **Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).** Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» - дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну.<br>Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу:<br>- - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті.<br>Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аппақ қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын, аққала мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | Қарлығаш | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.12 - 16.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.12.2022 | 13.12.2022 | 14.12.2022 | 15.12.2022 | 16.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | **"Біз орындықтарды орнына қоямыз".** | **"Топтың ішін тәртіпке** | **"Ойыннан кейін топтың ішін** | **"Текшелерді жинау"** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, ересектерге көмектесу, орындықтарды тез, дұрыс орналастыру. | **келтіреміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың жұмыс істеуге деген қызығушылығын ояту, топтың ішін жинау. Бізде көп ойыншықтар бар: аюлар, қуыршақтар және біз олармен ойнаймыз. біз олармен ойнап болғаннан кейін, жинап, орнына қоюымыз керек. | **жинау".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. | Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің нұсқауларын тыңдауға, ойыншықтар арасында текшелерді табуға үйрету. | |
| | **"Сиқырлы сандықша" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды дұрыс атауға үйрету. Тәрбиеші балаларға сандықшаны көрсетіп, былай дейді: Мына сандықшаның ішінде әртүрлі суреттер бар. Қазір | **Түрлі-түсті қыстырғыштармен ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; оларды қысқыштармен жұмыс жасауға икемдеу. Балалардың ұсақ моторикасын | **"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан | **"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақтың ырғағына және мазмұнына сай саусақ жаттығуын жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір-бірлеп келіп, сандықшадан суреттер аласыздар. Қандай сурет бейнелегенін маған айтасыңдар. Балалар суретті алады, онда не бейнеленгенін атайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | дамыту. Саусақ күштерін жетілдіру. Әр жыл мезгіліне қатысты заттарды қыстырғышпен қыстыру. **(сенсорика)** | туралы алғашқы жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады. "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар. Педагог алғашында балалардан балабақшаға автомашина немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, машинаның (көліктің) суретін көрсетеді. Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, содан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады. - Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жақын жерге, алысқа бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гигиеналық дағдылар**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау);<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою; тұрып, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балада жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті мен қолын жуу, түскі асқа отырғызу.<br>Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақтанғаннан кейін-бет пен қолды жуу.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | Денешынықтыру (жоспар бойынша) | Денешынықтыру (жоспар бойынша) | Музыка (жоспар бойынша) | Денешынықтыру (жоспар бойынша) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Әдепті түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсетуді қалыптастыру, бауларды байлауды және түймелерді түймелеуді қалыптастыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қыста құстар тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесу қабілеті мен тілегін дамыту.<br>Торғай, торғай, тондыңба,<br>Тұра алмайсың орныңда?<br>Бір қонасың бір ұшып,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Жем іздейсің айнала.<br>Үйге кірші , торғайым,<br>Мен аяздан | **Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру.<br>Балаларға оларды | **Өткен адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ, | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер"** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорғайын.<br>Үйшік жасап берейін,<br>Алдыңа жем төгейін.<br>- Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен?<br>- Біз оларды немен тамақтандырамыз?<br>- Жемшашардан қандай қызықтар байқауға болады?<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.<br>Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде | жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер де қардың астында қатып қалмайды.<br>Мұны қалай жасау керектігін көрсету.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт - сарт - сарт,<br>Шапалақ соғамыз.<br>Етік киіп аламыз,<br>Топ - топ - топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз.<br>Тонды киіп аламыз,<br>**Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бір-біріне қарсы жүгірмеуін қадағалау.<br>Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, | Су өтеді қолғаптан.<br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз. | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. | қозғалыссыз отыру. Педагог «күн» дегенде - балалар қозғалады, жүргіре алады, шапалақтайды. «Түн» - барлығы тоқтап, қозғалмауға тырысады. | | көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | автобильді сомдайды, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайландар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балада жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті мен қолын жуу, түскі асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақтанғаннан кейін-бет пен қолды жуу.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Балалардың ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру. Жағымды эмоционалды көңіл-күй ортасын жасау, ұйқыдан оянғанда сергек болып үнемі қуанып, күліп жүруіне жағдай жасау.<br>Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын қане тұрамыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Орнымызда жүреміз,<br>Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | **"Қолды дұрыс жуу" жаттығуы.**<br>Балаларға сабынды дұрыс ұстауға, сабынды дұрыс пайдалануға дағдыландыру. және түсіндіру. Балаларға қолды не үшін жуу керектігін түсіндіру. Тәрбиеші балаларға қол жуу тәртібін көрсету. Қолды жуып болғаннан кейін, қолды орамалмен сүртуді көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жаңа жыл"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілінде болатын Жаңа жыл мерекесімен таныстыру, ересектердің сөздерін тыңдай білуге, сұрақтарға жауап беруге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік | **"Саусақ жаттығуы «Қыс»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету; келісімді сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді бізге қыс міне,<br>Ақ қарлар, ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Жаңа жылдық ойыншықтар"<br>Мақсат-міндеттер. Біртектес заттарды белгілерінің біріне сәйкес тануға және топтауға үйрету: пішіні бойынша; ,доптың қайсысы үлкен немесе кіші екенін түртіп отырып болжау; заттардың көлемін және кеңістіктегі орналасуын қабылдауды дамыту; ойынға деген | **"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөзін тыңдауға, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауға үйрету. Балалар қолдарын артына жасырады. Тәрбиеші: "Қолдарын қайда? Қолдар жоқ!". Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!". | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорды, тіл мәдениетін, зейіндерін дамыту; оқу қызметіне, мерекеге қызығушылықтарын тәрбиелеу. | | жағымды қатынасты, достықты тәрбиелеу. | Балалар ойынды бастайды, ойын жалғаса береді. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Баулармен ойнау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Балалар карандаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңыз. | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін | **"Түстерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу; қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Бір үлкен қорапта жаңа жылдық шарлар орналастырылған. Жаңа жылдық ойыншықтардың түсін атау.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар өздері баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. **(сенсорика)** | (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жайнай бер, Қазақстаным тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жалауларды мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың денсаулығын нығайту», «Баланың сөйлеуіне қалай көмектесуге болады?», «Жас балалардың сенсорлық дамуына арналған ойындар» | | | | |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Балбөбек» ш\о |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | Қарлығаш тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.12 - 23.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2022 | 20.12.2022 | 21.12.2022 | 22.12.2022 | 23.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. "Үлгілі отбасы" атты тақырыпта ата-аналармен әңгіме жүргізу. "Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-ана кеңесі. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; | **"Конструкторды қорапқа жинау"** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын конструктордың | **"Ойыннан кейін топтың ішін жинау"** Мақсат-міндеттер. Балалардың тазалыққа деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | қорапқа жиналып тұратындығына аударту. Егер олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру. Еңбек тапсырмасы: конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау. | ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. |
| | **“Қарлы кесек» ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға мұрынмен демалуды үйрету, күрделірек демалу жаттығуларын жасату. Құрал-жабдықтар: «қарлы кесек» мақтадан, текшелер. Мақта талшықтарынан допты домалату-ол «қарлы кесек». Текшелерден-қақпа | **Саусақтарға арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан. Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнап. (Саусақтарын ары-бері айналдырады) | **"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу | **Баулармен ойнатылатын ойындар** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; бау тағып үйрету; ойлау қабілетін, ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Құрал-жабдықтар: түрлі түсті баулар<br><br>Бауларды қолға | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Тәрбиеші балаға «қарлы кесекті» үрлетіп, қақпаға кіргізуді ұсынады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | қабілетін дамыту.<br>Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі-түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру.<br>- Шырша. Ә. Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | аламыз,<br>Әдемілеп тағамыз.<br>Бауларды қолға алайық,<br>Жаңа ойынды бастайық!<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **көркем әдебиет, сенсорика)** | | маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет.<br>2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың ойын әрекеті», «Балалардың денсаулығын нығайтудағы дәрумендердің рөлі». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек»( ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш»тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж.,Ақбас У., Юрчук С.Н. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.01 - 13.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі 09.01.2023*** | ***Сейсенбі 10.01.2023*** | ***Сәрсенбі 11.01.2023*** | ***Бейсенбі 12.01.2023*** | ***Жұма 13.01.2023*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Қырауларды бақылау".** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |
| | **"Қар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)** Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) | **"Қар" (Қ. Мырзалиев) тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. | "**Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; | **«Қысқы би» жаттығуы** Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>(саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар.<br>(қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>(алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Күн жарқырай ашылды<br>(қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі<br>ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Балаларды қар туралы тақпақты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуға, қимылдауға ынталандыру; қыс мзгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау.<br>Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді.<br>"Қар".<br>Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу | Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (қапшықтармен).**<br>1.б .қ: Отырып, аяғымызды созамыз, екі қолыда ұапшықты тізеге қойыңдар. Қолымызды алға көтереміз, қапшықты маған көрсетіңдер, қолымызды төмен түсіреміз (4-6 рет).<br>2. б.қ.: тұрып қапшық төменде. Отырыңыз, қапшықты еденге қою, тұрып, қолымызды жоғары көтеру, содан кейін пдагогтың нұсқауы бойынша отыру, қапшықты алып, түзу тұру (4-6 рет).<br>3.б.қ.: Отырып,аяғымызды созыңдар, қапшық аяқтың арасына еденде, қолымызды артта еденге тірейміз. Аяғымызды алшақ қойып , оларды біріктіреміз, тізені бүкпеуге тырысамыз (3-4 рет).<br>4. Педагогтің артынан шашырап жүгіру. Жүру."<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру) | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қар жауса, қар жауса,<br>Қуанады балалар.<br>Аппақ тау, аппақ шатыр,<br>Бүкіл жерде қар жатыр.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** (жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру** (жоспар бойынша) | **Музыка** (жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру** (жоспар бойынша) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Аққала жасаймыз" Мақсат-міндеттер. Ермексазды алақанның ортасына салып, айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасауды үйренуді бекіту, дайын бұйымдарды тақтайшаға қоюды үйрету, дайын бұйыммен тамсану. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, | **Шымшықты бақылау (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Құстардың атауын, сыртқы түріне тән белгілерді бекіту; құстарға қамқорлық жасауға деген құштарлықты қалыптастыру. Балалардың назарын басында қара қалпақ, | **Мұзды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ, тайғанап құлап қалуға болады деген | **Мұзды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді.<br>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қарандаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев | адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы | ақ жағы, кеудесі сары құсқа аудару - бұл шымшық. Оның тұқымдарды қалай шоқитынын бақылау. Балаларға қыста жем алу қиын екенін, оларды тамақтандыру керек екенін ескертіу.<br>Сары бауыр шымшықтар,<br>Қыстан аман шығыңдар.<br>Жазды көріп жайнаңдар,<br>Қуанғаннан сайраңдар.<br>**Қимылды ойын «Қарды кім алысқа лақтырады?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қашықтыққа лақтыруға үйрету. | ойды қалыптастырыру, байқағыштыққа, есте сақтауға, сөйлеуді дамыту мен қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді.<br>Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, қызығушылыққа тәрбиелеу<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді.<br>Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. | киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет, | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Қоршаған ортамен** | **"Қар" саусақ** | **Көркем әдебиеттен** | **Өткен адамдардың** | **«Түрлі-түсті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аппақ қар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыстың негізгі белгілері туралы ойларын кеңейту және бекіту, табиғат құбылыстарын бақылау, оларды атау; байқауға, қорытынды жасауға, логикалық ойлауды, сөйлеуді, зейінді дамытуға үйрету. | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) | **ойын-жаттығу**<br>"Қар туралы жаңылтпаштар жаттау"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың өлең мәтінін құлақпен қабылдау, жеке сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту. Есту жадын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Сөйлеу кезінде етістіктер мен зат есімдерді қолдануын белсендіру. Өлең айтуға деген құлшынысын, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру. | **киімдерін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады.<br>Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге | **таяқшалар» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ойыншықтардың түс қасиеттеріне балалардың назарын аудару, біртектес объектілердің бірегейлігі мен түстерінің айырмашылықтарын орнатудың қарапайым әдістерін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, сары, жасыл, көк түстер.<br>Алдымен тәрбиші таяқшаларды өзі таратады, содан кейін балалардың бірін кез келген таяқшаны алуға, бірдей түсті таяқшалардың қай жерде екенін көруге және оларды біріктіруге шақырады, содан кейін оны басқа түсті таяқшамен жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ш. Әлдибекұлы. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **(сенсорика)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды | Өздері сүйіп көретін ультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>"Қар жауды".<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді.<br>Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың зейінін дамытудың ерекшеліктері», «Баланы қандай түстермен таныстыру керек?», «Айналасындағы заттардың түстері және баланың денсаулығы». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.,Ақбас У, Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.01 - 20.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |

| | 16.01.2023 | 17.01.2023 | 18.01.2023 | 19.01.2023 | 20.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Үстел-үсті ойындары".** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; балаларды су құйғышты ұстап, суаруды үйрету. | **"Қырауды бақылау"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | **«Жануардың дыбысын сал» ойыны** Мақсат-міндеттер. Дем шығару кезінде буындарды айту арқылы сөйлеу тынысын дамыту. Тәрбиеші рифманы айтады, ал бала жануарларды | **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға | **«Үлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)** Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі | **«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй | **«Біздің шырша» өлеңін мәнерлеп оқу.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шырша туралы өлеңді мәнерлеп оқуға баулу; жағымды эмоциялар тудырады.<br>Тауда туып, тауда өскен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстармен және қимылдармен бейнелейді:<br>Кі – кі – кі,<br>Сақалды ешкі.<br>Ақ – ақ – ақ,<br>Секеңдеген лақ.<br>Ік – ік – ік,<br>Шәукілдейді күшік.<br>Ық – ық – ық,<br>Тышқан жейді мысық.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу)<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен | ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.<br>Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Шырша келді ортаға<br>Бәріміз бір дауыспен,<br>Дейік енді шыршаға<br>Әдемілеп біз ілген,<br>Ойыншықтар тізілген.<br>Қандай жақсы шыршамыз<br>Өн шырқайық баршамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты үшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою, Н.Қ. оралу, сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға еңкейту. 6 рет.<br>3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею, 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оіға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Кім шапшаң, кім өжет?<br>Кім болады аппақ көжек?<br>Орнымызда секірейік,<br>Көжектей жүріп билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Музыка (жоспар бойынша)** | **Дене шынықтыру (жоспар бойынша)** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы орманға саяхат"<br>Мақсат-міндеттер. Көрсету арқылы,балаларға қимылдарды үйрету, шамалар жайлы білімдерін бекіту (үлкен, кішкентай); балалардың шамалар жайлы қасиеттерін топтауды үйрету;сөйлеу қабілеттерін;ұсақ моториканы арттыру. Балалардың бойына жауаптылық сезімін және жабайы жануарларға көмектесу қасиетін сіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, қызығушылыққа тәрбиелеу<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді . Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады. | **Ойыншық қоянды бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын ойыншық қоянға аудару;<br>Тәрбиеші ойыншық ақ қоянды көрсетеді.<br>- Балалар, сендер біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? (Бұл қоян.)<br>- Қоянның жүні қандай түсті? (Ақ )<br>- Қоянда тағы не бар? (ұзын құлақ, қысқа құйрық, аяқтары.)<br>- Қоян қайда тұрады? (Қоян орманда тұрады)<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым» деп ат** | **Ағашты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Балаларға аязды күндері бұталар мен ағаштардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмауға, шпатламен діңге ұрмауға, шанамен басып қалмауға болатындығын түсіндіріңіз.<br>Жасыл желен жамылған,** | **Қардың қасиеттерін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттерімен танысуды жалғастыру (суық, ақ, қытырлақ). Балаларды қарды өз қолдарымен алуға шақыру, суық деп қорытынды жасату, сондықтан қолғап кию керек екенін айту. Суық мезгілде қардан мүсіндеу мүмкін емес, өйткені ол құлап қалады. Балаларды қармен жүруге және не естігендерін сұрау. Қардың аяқ астына жиналатынын ескеріңіз.<br>Ақша қар, ақша қар,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз,<br>құламайды екенбіз. | Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | **қоям.**<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.**<br>**Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.**<br>**Ақ қоян - ау, ақ**<br>**Орныңнан тұрсаңшы**<br>**Шашыңды тарасаңшы**<br>**Бетіңді жусаңшы**<br>**Әй - әй көйлек киседңші.**<br>**Біреудің қолын үзсеңші -**<br>**Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең,** | **Асыл моншақ тағылған.**<br>**Міне сұлу шыршамыз**<br>**Көптен күтіп сағынған.**<br>**«Қарғалар» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балалар қарғаны бейнелейді, тәрбиешіге еліктейді, белгі бойынша әрекет тетеді.**<br>**Қарға, карға, қарғалар,**<br>**Қар-қар-қар!**<br>**Қар үстінде жорғалар.**<br>**Қар-қар-қар!**<br>**Боран соқса қар болар,**<br>**Қар-қар-қар!**<br>**Бұтаға қонар қарғалар.**<br>**Қар-қар-қар!** | **Аппақ болып қонасың.**<br>**Тоса қалсам қолымды**<br>**Алақаныма толасың.**<br>**Қимылды ойын «Екі аяз» (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер: жүгіруге жаттықтыру.**<br>**Екі доспыз ағайынды**<br>**Көрген біз ғой талайынды**<br>**Мен Аязбын - Қызыл мұрын,**<br>**Мен Аязбын - Көкшіл мұрын.**<br>**Мен аңдарды іздеймін**<br>**Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді)**<br>**Қатырамын! (Қашады)**<br>**Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.** | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыкамен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгу, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты, сыңғыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табанның алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.<br>"Сылдыр-сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Үлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>**Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)**<br>**Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)**<br>**Көктен төмен әдемі үлпақарлар шашылды.** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Орманға барайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстырып, жаңа ұғымдар беріп, оларды дұрыс, анық, буындап айта білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, | **Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, | **"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе саусақпен көрсетіп, "әне", "міне" сияқты сөздерді қолдануға ынталандыру; кеңістікті бағдарлау | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3,4, 5 Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге, жануарларға деген қызығушылықты, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>- Аппақ қарды паналап,<br>Аппақ қоян, тығылма!<br>Көлеңкеңнен үркімей,<br>Қорқақ қоян, қорықпа!<br>Қоян, қашып кетпе!<br>Міне, құрақ көрпе!<br>Суықта қалмайсың,<br>Жамылсаң – тоңбайсың.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | негіздерін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны "қарқ-қарқ" деп дыбыстайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Жел көбік» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>- Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі,<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Алақанда дөңгелету"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексазды 2 бөлікке бөлу, түзу қозғалыстармен айналдыру жаттығуларын жасау.<br>**(мүсіндеу)** | **"Қоян қайда?" қимыл жаттығуы.**<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейте түседі.<br>Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | бейнежазбаны көрсете алады.<br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аңдар тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында аңдарды мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Баланың қажеттіліктерін ескерудің маңыздылығы», «Гигиеналық дағдылар денсаулық кепілі». | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде". | Кеңес: "Ойын ойнаймыз, есте сақтауды дамытамыз". | Әңгімелесу: "Баланы қысқы мезгілде киіндіру тәртібі". | Әңгімелесу: "Табиғат біздің анамыз!" |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. , Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.01 - 27.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.01.2023 | 24.01.2023 | 25.01.2023 | 26.01.2023 | 27.01.2023 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Ойын бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | **"Жуыну әдебі"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. | **"Қырау бақылау"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету. |
| | «**Тоқылдақ» саусақ жаттығуы**<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Мәнерлеп оқу**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың сөйлеу қабілетін дамыту, балалардың ақыл-ой белсенділігін, қол моторикасын белсендіру<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортақ тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентай бөбек – мен. | **"Сиқырлы алақандар музыкалық ритмикалық жаттығу**<br>Бала, бала балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарын әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн! | **«Құстарды тамақтандыр» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Күшті, тегіс, бағытталған дем шығаруды дамыту; ерін бұлшықеттерін белсендіру.<br>Қақпаға - мақта немесе басқа жеңіл заттарды үрлеу. Жарыстар ұйымдастыру - кім көп салады (құстарды | **«Әр түрлі пішіндегі заттарды сәйкес тесіктерге салу» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды нысандарды пішініне қарай салыстыруға үйрету.<br>Жабдық: әр түрлі пішіндегі саңылаулары бар қорап, қораптағы тесіктердің мөлшері текше мен доптың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | тамақтандырады).<br>Тәрбиеші жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді: мұрнымен дем алып, ернін түтікшемен бүктеп, ұзақ уақыт мақтаға самал сияқты үрлеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | көлеміне сәйкес келеді. Доп текшеге және кубқа арналған тесіктен дөңгелек тесікке өте алмауы маңызды.<br>Педагог балаларға тесіктердің пішініне назар аудара отырып, тесіктері бар қорапты көрсетеді. Дөңгелек саңылауды қолымен сызып, балаларға осындай терезе бар екенін түсіндіреді, төртбұрышты саңылауды сызып, осындай да терезе де бар дейді. Содан кейін тәрбиеші балаларды кезекпен шарды сәйкес терезеге түсіруге шақырады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты ұшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою, Н.Қ. оралу, сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға еңкейту. 6 рет. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею, 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оіға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигигеналық дағдылар<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Құстардай ұшайық,<br>Бұтаға отырайық.<br>Дәндерді шоқып,<br>Аяққа тұрып,<br>Шеңберді құрып,<br>Күнге созылайық.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру (жоспар бойынша)</td><td>Дене шынықтыру (жоспар бойынша)</td><td>Музыка (жоспар бойынша)</td><td>Дене шынықтыру (жоспар бойынша)</td><td>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу<br>"Қолғап" орыс халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көркем әдебиетке</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | деген танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; есінде қалған кейіпкерлердің жеке бүркемелі аттарын қайталауға, кейбір жануарлардың қимыл - қозғалыстарын салуға үйрету; байланыстырып сөйлеуін, ойлауын, қиялын дамыту; Сөздік қорын кеңейтіп, байыту; ертегі бейнесін жеткізе білу қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген | **Суық торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Мақсат-міндеттер: қыс мезгілінде барлық құстардың** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, | **Қысқы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты. Қыс мезгілінде ағаштар туралы ойларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "1-2 жасар баламен қалай сөйлесу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. | **"Жуыну әдебі"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын қадағалау; өз орамалын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Үстел-үсті ойыны"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | **"Ойын бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>– Торғай, торғай (саусақтарды бүгу, ашу),<br>Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)!<br>Толған дорба,<br>Лық-лық (алақандарды | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту**.**<br>**(танымдық дағдылар)** | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту.**<br>**Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.**<br>**Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға-шыңдары және т.б. тағуды үйренеді.** | **«Үйді тап» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты. Заттарды көлеміне қарай ажырата білуге тәрбиелеу.**<br>**Құрал-жабдықтар: картоннан әр түрлі көлемдегі үйлер, картоннан жасалған әр түрлі көлемдегі қояндар.**<br>**Педагог балаларға қояндар адасып, үйін таба алмай жүргендерін айтады. Педагог балаларды қояндарға көмектесуге, әрқайсысына үй табуға шақырады.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **«Құстар» өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>**Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің соңынан еріп, таныс сөздерді қайталауға дағдыландыру; келісімді сөйлеуді, есте сақтауды, жағымды эмоцияларды дамыту.**<br>**Материал: құстың суреті суреті.**<br>**Құстар,құстар келеді,**<br>**Даланы жырға бөледі.**<br>**Көктем келді деп бізге,**<br>**Жылы хабар әкелді.**<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмып-ашу).<br>Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю),<br>Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау).<br>Торғай, торғай,<br>Ұшып келші (алақандарды ашып-жұму).<br>Торғай, торғай,<br>Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | **(сенсорика)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Арқан шеңбер бойымен жабылған жалпы дамыту жаттығулары.**<br>Арқан еденде жатыр, балалар шеңбермен тұрады, аяқтары арқанның жанында.<br>1. «Арқанды көрсет»<br>Бастапқы ұстаным - негізгі ұстаным, арқан қолда .<br>1 - арқанды бірге жоғары көтеру.<br>2 - бастапқы позиция - 3 рет.<br>2. «Бірге еңкей»<br>Бастапқы позиция - кең тұру, арқан кеудеде, арқанды қолымызбен ұстау.<br>1 - төмен еңкею.<br>2 - бастапқы ұстаным - 3 рет.<br>3. «Аяқтарымыз дос»<br>Бастапқы позиция - еденге аяғымызды шеңберге қойып, арқан аяғымыздың астында, қолымызды артқа тіреңіз.<br>1 - тізені бүгеміз.<br>2 - бастапқы позиция -<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>*Көркем сөз*<br>Дастарханның әдемісін-ай, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша)<br><br>" | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Әтешім- алтын айдарым"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шамасына әрі пішініне қарай, заттарды топтауға үйрету; ересек адамның көмегімен құрастыра<br>білу, ұсақ моториканы дамыту, құстарға деген жақсы<br>көзқарасты және бір орында отыру қабілетін тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне | **Жылғалардан аққан суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың назарын жылғарлардан аққан суларға аудару; еріген қардың суларға (шалшықтарға, | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, қараңдаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>- Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын | өзендей ағымдарға) айланатынын байқату; көктемгі құбылыстың, күн жылынып, қардың ерігені туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; білімділікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Тулай бер, өзен!<br>Шулай бер, өзен!<br>Күшіңді жазға<br>Сыйлай бер өзен!<br>Сыйлай бер, өзен!<br>Ж. Кәрбозин<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің | басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". | құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай | түйсігін дамыту.<br>- Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар!<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балапандар, балпандаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Содан соң соңғы сөздерде бір жерге жиналады.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, | **"Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>- Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі ұйықтап жатыр екен.<br>- Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы.<br>- Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмаңдар, қашуға тура келеді.<br>- Аю, тұр, ояншы!<br>Қандай ұйқыжансың!<br>Аспанға қарайық,<br>Құстарды тыңдайық.<br>Педагог аюдың кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады. Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалайды.<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге | қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>*Көркем сөз*<br>Дастарханның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар, келіңдер!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстар туралы мағлұмат беру, құс атауларымен таныстыру, оларды дұрыс | **Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; | **«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы**<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді,<br>зиянкесті тазалар. | **«Қауырсынды аулау» жаттығуы**<br>Құрал-жабдықтар: қауырсындар.<br>Мақсат-міндеттер. Тәрбиеші қауырсынды алып, оны биікке ұшып кететіндей етіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды.<br>Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | атауға үйрету; құстар туралы білімдерін нығайту, балалардың есте сақтау, ойлау, сөздік қорларын, зейіндерін, шатастырып алмау қабілеттерін дамыту; құстарға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. | қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталатады.<br>Көк аспанға күн шықты,<br>(алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп,<br>(саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады,<br>(саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | үрлейді және баланы оны ұстап алуға шақырады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Құстарға жем".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға ынталандыру, | **"Күндер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыландарыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері.<br>- Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер? Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді коректі тереміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | 1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою.<br>2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.<br>3. Қол шапалақтау.<br>4. Екі аяқпен секіру.<br>5. Айналу.<br>6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату.<br>7. Сылдырмақпен билеу.<br>Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру.<br>**(музыка)** | Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. | | | | |

| | |
|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>Өнер бұрышында құстардың мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру.<br>Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік)<br>сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Баланың қыңырлығы. Мұндай жағдайларда не істеу керек?», «Баланы өздігінен киінуге үйретудің маңызы », «Баланы көшеде қалай киіндіру керек». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж, Ақбас У., Юрчук С.Н. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **06.03 -10.03.2022 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03,2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. | Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау. | | Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Ойын жаттығулар**<br>Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(математика негіздері, құрастыру)** | **«Көктемде киілетін киімдер» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жыл мезгіліне сай киімдерді таңдай білуді үйрету.<br>Ойын барысы: балалардың алдындағы үстелдің үстінде жазғы және көктемгі киімдердің суреттері берілген. Балалар қысқы және көктемгі киімдерді екі топқа бөлек жинайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | **Саусақ жаттығуы «Құстар»**<br>**Мақсат-міндеттер. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мұғалім көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін мәнерлеп айту қабілетін қалыптастыру.**<br>**Құстар қанат қағады.**<br>**Құстар ұшып барады,**<br>**Көкте қанат қағады.**<br>**Барлық құстар қосылып,**<br>**Шиқ-шиқ-деп, ән салады.**<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Үй жануарлары» саусақ жаттығуы**<br>**Мақсат-міндеттер. Ұсақ моториканы дамыту, саусақтардың қозғалысын үйлестіру.**<br>**Тышқан қашты мысықтан**<br>**Еденде саусақтармен қашады.**<br>**Қатты –қатты жүгірді.**<br>**Жылдам жүгіреді**<br>**Орын тапты қуыстан,**<br>**Екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды**<br>**Зәресін мысық ұшырды.**<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Арқан шеңбер бойымен жабылған жалпы дамыту жаттығулары.**<br>Арқан еденде жатыр, балалар шеңбермен тұрады, аяқтары арқанның жанында.<br>1. «Арқанды көрсет»<br>Бастапқы ұстаным - негізгі ұстаным, арқан қолда . | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - арқанды бірге жоғары көтеру.<br>2 - бастапқы позиция - 3 рет.<br>2. «Бірге еңкей»<br>Бастапқы позиция - кең тұру, арқан кеудеде, арқанды қолымызбен ұстау.<br>1 - төмен еңкею.<br>2 - бастапқы ұстаным - 3 рет.<br>3. «Аяқтарымыз дос»<br>Бастапқы позиция - еденге аяғымызды шеңберге қойып, арқан аяғымыздың астында, қолымызды артқа тіреңіз.<br>1 - тізені бүгеміз.<br>2 - бастапқы позиция -<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Көктем келді! Көктем келді!<br>Қуанады балақай.<br>Барлығымыз топпен бірге:<br>- Тамаша! - дейміз.<br>- Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br><br>(жоспар бойынша) | . **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ф. Оңғарсынованың "Әдемі гүл" ертегісімен танысу."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Әңгімелесу, сергіту сәті, ертегі айту, жұмбақ жасыру, тақырып бойынша әңгімелесу, ғажайып сәт, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қорытынды жасау, тақпақ жаттату, тыныс алу жаттығуы, дидактикалық ойыны, рефлексия. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың еруін бақылап отыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Мақсат-міндеттер. Балалардың маусымдық өзгерістер - қар туралы түсініктерін кеңейту, тірі емес табиғатта (күн - қар) туындайтын қатынастар туралы білімдерін бекіту. Балалардың назарын көктемде таңертең қардың бетінде мұз қабығы пайда болатындығына аудару. Бұл күн қатты жарқырап, қар жоғарыдан еріп, түнде әлі аязды болғандықтан болады. Еріген қар қатып, мұз қабығына айналады. Төбесінде қар еріп, тамшылармен ағып жатыр, олар құлап, қатып үлгермейді.**<br>**Көктем, көктем, көктемде, Құстар ұшып жеткенде. Біз қуанып қаламыз.**<br>**Қимылды ойын «Көліктер мен торғайлар» (дене шынықтыру)** | **Бұлтты және аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты.Көктем туралы түсініктерін күшейту. Аспанның өзгеруіне назар аударту. Аспан қандай: көк, бұлт пайда болды**<br>**- Бұлттар қандай түсті?**<br>**- Олардың жүзуін бақыла.**<br>**- Олар неге ұқсайды?**<br>**Ақсың, сұрсың қарасың Қалқып қайда барасың?**<br>**Қимылды ойын «Шеңберге лақтыр». (дене шынықтыру)**<br>**Мақсат-міндеттер: әр түрлі заттармен әрекет ету қабілетін жетілдіру, заттарды екі қолмен белгілі бір бағытқа лақтыруға үйрету, көзді дамыту, қимыл-қозғалысты үйлестіру, ептілік, дене жаттығуларына қажеттілікке тәрбиелеу** | | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен мысық» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар отырғышта, яғни ойын алаңынын бір бөлігінде орналасқан үлкен-үлкен кубиктерде тұрады.Бұл төбеде отырған торғайлар. Келесі жағында мысық отыр (тәрбиеші немесе балалардың бірі).<br>Тәрбиеші: Мысық ұйықтады. «Торғайлар | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері мен ерекшеліктерін зерттеу. Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру, оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру. Құстарға арналған «мереке» ұйымдастыру. Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді салып, ағаштың айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады..<br>Қандай құстар қандай жемді жейтінін балалармен бақылау.<br>Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. 5-10 см |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсат-міндеттер. Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.** | | | ұшады»-дейді.Торғайлар төбеден секіріп, қанаттарын жайып жан-жаққа ұша жөнеледі.<br>Мысық оянып «мяу-мяу» деп мяулап төбеде отырған торғайларды ұстауға жүгіре жөнеледі.Ұсталған торғайларды мысық үйіне алып кетеді.Ойын 5-6 рет қайталанады. | биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады. Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады. |
| **Серуеннен оралу** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Балалар-ау, балалар! | **Қоршаған ортамен** | | **Мүсіндеуден ойын-** | **Музыкалық -** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | (шапалақтау)<br>Шақырады далалар (екі аяқты иық деңгейінде қойып, қолдарды жоғары көтеріп, бұлғау).<br><br>Көктем келді гүл алып (сап түзеп жүру),<br>Құстар келді жыр алып (сап түзеп жүріп екі қолды "құстай" бұлғау)<br><br>Қызғалдақты терейік (кілемге, тізе бүгіп отыру),<br>Теріп үйге келейік (кілемді саусақпен соққылау).<br><br>Көбелектей киінген (екі қолды "құстай" бұлғау),<br>Гүлді көріп сүйінген (аяқтың ұшымен жүру, айналу, өзге балалармен араласу)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ару көктем"<br>Мақсат-міндеттер. Тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; табиғат құбылыстарын байқауға, оларды атауға үйрету. Сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, бақылауды дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | | **жаттығу**<br>"Қонақтарға сарқыт"<br>Мақсат-міндеттер. Ермексазбен жұмыс істеу тәсілдерін жүзеге асыру; ермексаздан домалақ мүсіндей білу; белсенді сөздіктерді дамыту, қоршаған ортаға қызығушылыққа танытуға тәрбиелеу. | **дидактикалық ойын "Өз анаңды тап"**<br>Ойынның шарты: Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету.<br>Ойынның шарты: Жануарлардың және олардың төлдерінің суреттері бейнеленген карточкалар беріледі. Музыка жетекшісі шығарманы ойнап, балалар әуенге сәйкес суреттегі жануардың төлін тауып, енесінің жанына қояды. Олардың жүрісін, қимылын көрсетіп, дауысын салады. **(музыка)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Айналайын анашым,<br>Әлпештеген мамашым,<br>Еміп өскен бөбекпіз,<br>Маматайдың мамасын.<br><br>Ай қабақты анашым,<br>Күн сәулесі мамашым,<br>Ақ сүтіңмен суардың<br>Бөбегіңнің санасын.<br>М. Хәкімжанова<br>**(сөйлеуді дамыту және** | **"Көктем" тақпағын оқу.**<br>Көктем, көктем, көктемде<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз.<br>Әнмен қарсы аламыз<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | **Ырғақты жаттығу.**<br>Қарлығашқа ұқсайық<br>Кәне, қанат жазайық! (қанат қағады)<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Ұшып-ұшып алайық<br>(құстың ұшуын көрсету)<br>Бір, екі, үш!<br>Қарлығаш боп ұш! (қолдары екі жаққа жайылып, оңға және солға бұрылады)<br>Төрт, бес, алты!<br>Қарлығаш боп қалқы! | **"Көктем" тақпағын оқу.**<br>Көктем, көктем, көктемде<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз.<br>Әнмен қарсы аламыз<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)** | | | (қолдар екі жаққа жайылып, алға және артқа бүгіледі)<br>Жеті, сегіз, тоғыз, он!<br>Қарлығаш боп қон!<br>(отырады)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық миялайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>Өнер бұрышында құстардың мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру.<br>Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік) | | | | |

| | |
|---|---|
| | сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту», «Ананың махаббаты мен сүйіспеншілігі» |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о | | | | |
| **Топ/сынып** | **Аралас тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж., Ақбас У., Юрчук С.Н. | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.03 -17.03.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Аквариумға күтім" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. | "Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қолдау. | |
| | **Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.<br>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>***"Бесік жыры".***<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көрк**ем әдебиет) | **«Наурыз көжені дайында» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу.<br>Ойын барысы: фланелеграфқа қазанның суреті бекітілген.<br><br>**(жапсыру, қоршаған ортамен танысу)** | **Ойын-имитация. "Лақтар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, лақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға лақтардың маскаларын кигізу.<br><br>"Лағым".<br>Сырт-сырт етіп тұяғың,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қиының.<br><br>Ақ лағым, ақ лақ,<br>Мазалама маңырап.<br>Бөпеме де сүт керек,<br>Кете көрме жамырап!<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **Дидактикалық ойын «Тостағанға тостақ таңдап ал»**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б.**<br>**Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер.**<br>**Педагог балаларға бүгін қуыршақтар қонаққа келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді. - Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді? Педагог табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды. (сенсорика)** | **Музыкалық-ырғақты жаттығуы.**<br>**Бойды бүкпей тік ұста,**<br>**Еркін тұрып тыныста.**<br>**Жай оң қолды оң жаққа,**<br>**Жай сол қолды сол жаққа.**<br>**Екі қолды белге ұста.**<br>**Алға қарай бір адым,**<br>**Артқа қарай бір адым.**<br>**Қос аяқтап топ – топ,**<br>**Алақанды соқ – соқ.** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Текшемен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>"Текшені текшемен"<br>Бастапқы қалып - аяқтар «тар жолда», артында текшелер. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1 текшені алға қарай созу; 2,3 - текшені текшеге соғу; 4 - бастапқы қалыпқа оралу.<br>«Шаршымен тізеге тигізу» Бастапқы қалып - аяқ иық енінде, белде текшелер. 1-алға еңкейіп, текшелер тізеге тигізу; 2 - бастапқы позиция.<br>«Текшелерге қол тигізбе»<br>Бастапқы қалып - отыру, қолдар жанында, текшелер еденде өкшеге жақын. 1-тізені бүгіп, өзімізге қарай тартамыз; 2-бастапқы қалып.<br>«Бұрылыстар»<br>Бастапқы қалып - өкшеңізге отырыңыз, текшелер иықта.<br>1-бұрылу бір жағына, 2-бастапқы қалып, 3-екінші жаққа бұрылу, 4-б.қ.<br>«Отырып-тұру» Бастапқы қалып - аяқтар «тар жолда».<br>1-отырыңыз, қолымызды текшелермен алға созу, 2-б.қ.<br>Секіру. Жүрумен кезек секіруді орындаймыз.Барлық жаттығуларды 3-4 рет қайталаймыз.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Көркем сөз<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі<br>бойынша<br>ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру<br>(жоспар бойынша)</td><td>Дене шынықтыру<br>(жоспар бойынша)</td><td>Музыка<br>(жоспар бойынша)</td><td>Дене шынықтыру<br>(жоспар бойынша)</td><td>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу<br>"Тәй-тәй, басайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды халық өлеңдері оның ішінде тұсау кесер жырымен таныстыру, жырды дұрыс айта білуге үйрету; тілдің</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу. |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. | **"Жуыну әдебі"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын қадағалау; өз орамалын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Үстел-үсті ойыны"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | **"Ойын бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, қурап қалады.(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Ағаштар» саусақ гимнастикасы**<br>**Мақсат-міндеттер.** Ұсақ моториканы, саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту.<br>Жел соғады бетіме,<br>Ағаштарда желпиді.<br>Жел тына қалғанда,<br>Ағаштар биік боп өседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Құстар» ойын-имитациясы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Қарға болып секірейік.<br>Торғай болып қонайық,<br>Тоқылдап боп шоқиық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.<br>Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға-шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан)**<br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. «Тастарға қара».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды жоғары көтеріп, төмен түсіріңдер. (4-5 рет).<br>2. «Біздің тастар тарсылдайды».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды екі жаққа созамыз.Тастарды алға қарай созып, оларды бір-біріне ұрып, жан-жаққа апару, б.қ оралу. (5 рет).<br>3. «Тасты жасыр». Б.қ. табан ені бойынша аяқтар, артқы жағында тас. Отырып, еденге тасты қоямыз, тұрып, қолымызды артқа қоямыз. Отырыңыз, қиыршық тас алыңыз, түзеліңіз, б.қ. оралу.<br>(4 рет).<br>4. «Секіру»<br>Б.қ - аяқтар сәл алшақ, тастар еденде . Тастардың қасында екі аяқпен секіру, секір арасында кішкене кідіріс жасау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі орманда сауысқанмен ойнау"<br>Мақсаты. Көз өлшегішті дамыту, таяқтың ұшын қашықтықтағы объектімен байланыстыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету,таяқшаны қозғалту қабілетін дамыту, таяқтың ұшын дұрыс бағытта ұстау, таяқпен жасалған әрекет пен нәтиже арасындағы байланысты байқауға үйрету; табандылық пен эмоционалды реакцияны тәрбиелеу. **Катотека №8** **«Бұл қай кезде болады?»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. Қимылды ойын «Батылдар» Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын. «Қайық қайда жүзіп** | **Ерте көктемнің белгілерін байқау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; ерте көктемнің белгілерін зерттеу. Наурыздың шуақты күнінде көктемнің белгілеріне назар аударту: жарқыраған күн, биік аспан, ақшыл ақ бұлттар. Оңтүстік жағында қар күн сәулесінде еріп, мұздақтар пайда болады. Қар борпылдақ және дымқыл болды. Торғайлар көңілді шырылдап, қарға секіреді. Көктем болды алақай, Қуанар барлық балақай. Көктемде жаңбыр болады, Бақшаға гүлдер толады. **Дидактикалық ойын** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады. **Қимылды ойын «Ұйқыдағы түлкі»** Мақсат-міндеттер. Балалар | **Өсімдіктер мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Кез келген ағаш пен бұта тіршілік иесі деген ойды бекіту; табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ағаштардың қалай қыстағанын тексеріңіз. Жасыл қыста жазда да, Біз қараймыз мәз бола. Инелері сондай көп, Жаңғақтары аз ғана. **Қимылды ойын «Түлкі мен балапандар»** Мақсат-міндеттер. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әркайсысына бетпердке кигізіп ойын | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **барады?»**<br>Мақсат-міндеттер. Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп, оның қайда жүзетінін бақылау.<br>**(жапсыру)** | **«Бұлт неге ұқсайды?»**<br>Мақсат-міндеттер. Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | арасынан «түлкі» сайланады. Ол алаңның бұрышына тұрады да, ұйқыға кеткендей кейіп танытады. Балалар алаңда жан-жаққа шашырап жүгіріп ойнайды. Жүргізуші: «түлкі оянды» дегенде,барлық бала «түлкіден» сызықтың арғы жағындағы «үйге» қашады. «Түлкі» оларды қуалап ұстауға тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** | ойналады.Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.<br>**(дене шынықтыру)** | Бір сәт ерінбейді.<br>**Қимылды ойын «Мысық пен тышқандар»**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар-тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін педагог атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді де, індерінде тығылып (орындықтарға өз орындарына отырады)қалады. Барлық тышқандар інге қайтып келген соң мысық қайфта ұйқыға кіріседі. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай".**<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ағаштар тербеледі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көктемгі ағаштармен таныстырып, ондағы өзгерістерін көрсету, оларды атап үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; оқу қызметіне, бір - бірімен қатынас жасай білуге, | **Ұлттық ойын. Білектесу.**<br>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. | **Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын).**<br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».**<br>Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады.<br>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | достыққа тәрбиелеу. | Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жақан Смақов «Торғай ағаш қорғайды».**<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкентай торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Аш - аш, ағаш.<br>- Шік - шік, бүршік.<br>- Рақ - рақ, жапырақ.<br>- Міс - міс, жеміс.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады,<br>(Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады.<br>(Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, қурап<br>қалады.(Саусақтарын баяу жабу)<br>**(сөйлеуді** дамыту) | **"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту.**<br>Балалар алдына панноға бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі:<br>* 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ;<br>* 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш.<br>- Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Тыныс алу жаттығулары**<br>"Түлкіні тап" ойыны.<br>Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі- үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. | | | | |

| | |
|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.<br>Табиғат бұрышын және қоршаған ортамен танысуға арналған ойындар. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау). |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Отбасындағы тәрбие және баланың дамуы», «Бала өз ойларын неше жасында бере алады?». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш/о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| **Балалардың жасы** | **1 жас балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А., Ақбас У., Юрчук С.Н. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **24.04 - 28.04.2023 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Аквариумға күтім"**<br>Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"**<br>Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. | **"Үстел-үсті ойыны"**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | **"Табиғат бұрышы"**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету. |
| | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>***"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)***<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>Қолдарымыз дос болсын, (алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу) | **Тыныс алу жаттығулары**<br>«Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар»<br>Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру.<br>Шарты: Балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.<br>**(дене шынықтыру)** | **Иллюстрациялық суреттерді құрастыру**<br>Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **«Дос боламыз бәріміз» өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларды туған жер, достық, бірлік туралы өлең тыңдауға және қайталауға шақыру; жағымды эмоциялар тудыру; туған жер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.**<br>**Достықты үлгі санаған,**<br>**Бір үйде біз тұрамыз.**<br>**Қалған ата-бабадан,**<br>**Бірлік асыл мұрамыз.**<br>**(сөйлеуді дамыту және** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Доп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | **көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. «Тастарға қара».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды жоғары көтеріп, төмен түсіріңдер. (4-5 рет).<br>2. «Біздің тастар тарсылдайды».<br>Б.қ. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, қолдар төменде. Қолымызды екі жаққа созамыз.Тастарды алға қарай созып, оларды бір-біріне ұрып, жан-жаққа апару, б.қ оралу. (5 рет).<br>3. «Тасты жасыр». Б.қ. табан ені бойынша аяқтар, артқы жағында тас. Отырып, еденге тасты қоямыз, тұрып, қолымызды артқа қоямыз. Отырыңыз, қиыршық тас алыңыз, түзеліңіз, б.қ. оралу.<br>(4 рет).<br>4. «Секіру»<br>Б.қ - аяқтар сәл алшақ, тастар еденде . Тастардың қасында екі аяқпен секіру, секір арасында кішкене кідіріс жасау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>*Көркем сөз*<br>Денсаулыққа пайдалы,<br>Ботқа жейік келіңдер.<br>Өзі жұмсақ, тәп-тәтті,<br>Дәмін татып көріңдер.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Балалар, қане, күлейік,<br>Ән-күйлермен бөлісейік.<br>Шеңберге шығып жүріп,<br>Әдемі биді билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br><br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Мысыққа тамақ құятын ыдыс" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | | | | | Мақсат-міндеттер. Ыдыс туралы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру. Ермексазды алып жұмсарту, дөңгелек пішіндеу тәсілдерін қолдану, саусақпен дөңгелектің үстінен басып, шұңғыл жасау, ұсақ қол маторикасын дамыту, көзмөлшер; Жануарларға деген махаббатқа тәрбиелеу<br><br>**Картотека №5**<br>**«Менің үйім»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Автокөлік бөлшектерінің атауларын бекіту (шанақ, кабина, дөңгелектер, руль); машиналардың алуан түрлілігін, олардың мақсаттарын атап өту; еңбекке деген құрметті тәрбиелеу.<br>Төрт аяғым дөңгелек,<br>Адамсыз мен жүрмеймін,<br>Барлық жерге жеткізіп,<br>Қаласаңыз апарам.<br>**Қимылды ойын «Біз жүргізушілер»** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру.<br>Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын | **Табиғат жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемдегі табиғат жағдайы туралы түсінік қалыптастыру (жылу, жасыл шөп, гүлдер көп; көбелектер, қоңыздар ұшады; балалар жеңіл киініп, құммен және сумен ойнайды).<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Жер–Ана біздің панамыз.<br>Таза болса табиғат,<br>Біз де аман боламыз<br>**«Күн мен түн»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жансыз табиғат құбылыстарымен, күнмен бірге болып жатқан өзгерістермен таныстыруды жалғастыру. Серуен кезінде жақсы көңіл-күйді сақтау. Балалардың назарын күнге аудару. Күн қандай? Күн қалай жарқырайды? Армысыз, шұғылалы-Алтын күн!<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын келді күн.<br>**Қимылды ойын “Көптерді қуып жет”**<br>Мақсат-міндеттер: | **Ағаштардың бүршіктерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балабақша маңындағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Тал егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>**Қимылды ойын «Кім алысқа лақтырады?»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды затты алысқа лақтыруға жаттықтыру. Балалар жеребенің бір жағында сапта тұрады. Барлығы құм салынған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Жүргізушінің жұмысы туралы білімдерін бекіту; жер бедерінде жүруді үйрену, жылдамдық пен төзімділікті дамыту, дыбыстық айтылымды қалыптастыру.<br>**(дене шынықтыру)** | мен құлақты шағып алады.<br>**Қимылды ойын «Ұйқыдағы түлкі»**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар арасынан «түлкі» сайланады. Ол алаңның бұрышына тұрады да, ұйқыға кеткендей кейіп танытады. Балалар алаңда жан-жаққа шашырап жүгіріп ойнайды. Жүргізуші: «түлкі оянды» дегенде,барлық бала «түлкіден» сызықтың арғы жағындағы «үйге» қашады. «Түлкі» оларды қуалап ұстауға тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** | баулу.<br>Ойын мазмұны. Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.<br>**(дене шынықтыру)** | балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты. Ойынды 15-20 бала ойнайды. жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды. Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең – тақп**ақ айтады.** | дорбаларды алады және педагогтың белгісі бойынша оларды алысқа лақтырады. Әркім өзінің дорбасы қайда түскенін байқауы керек.Педагогтың белгісі бойынша балалар дорбаларына жүгіріп барып, қолдарына алып, бастарынан жоғары көтереді. Тәрбиеші дорбаны ең алыс лақтырғандарды атап өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>*Көркем сөз*<br>Денсаулыққа пайдалы,<br>Ботқа жейік келіңдер.<br>Өзі жұмсақ, тәп-тәтті,<br>Дәмін татып көріңдер.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыдан кейінгі шынығу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өз денелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Күннің екінші жартысына күш-қуат беру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі  ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, алаңда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Шарты: педагог түлкі болып ойнайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді.<br>Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Достық туралы мақал - мәтелдер."<br>Мақсат-міндеттер. Балалар ұжымында балаларды әлеуметтендіру; балаларда жақсы достық қарым-қатынас орнату, бір-бірімен жеңіл қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; саусақ жаттығуларын орындау, қарапайым өлең жолдарын оқу, артикуляциялық жаттығулар орындату арқылы балалардың тілін ұштап, жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, сөйлеу тілін дамыту. | **"Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын**<br>Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажырату қабілетін дамыту.<br>Ойынның шарты:<br>Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық - дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен керменің артында тұрып, аспапты ұрамын. Ал сендер жіңішке аспаптың дыбысы естілсе, аяқтың ұшымен, жуан аспаптың дыбысы естілсе, отыра қаласыңдар. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Достар күлімсірейді"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қоғамдық өмірдегі кейбір нақты жағдайлар туралы қарапайым түсініктер қалыптастыру. Қазақстан туралы әр түрлі ұлт өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін достас ел ретінде білімдерін бекіту. Әр түрлі ұлттардың мәдениеті мен дәстүріне деген қызығушылықты дамыту. Біріккен сөйлеуді дамыту, сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Бір-бірімен достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | **Ритмикалық жаттығулар**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету.<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Секіреміз,<br>Айналамыз,<br>Жаттығу жасаймыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді.<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді, даңғараның дауысы естілгенде, балалар отыра қалады, бірақ кешіккен балалар жеңілген болып есептеледі.<br>**(музыка)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Қимылды қайтала» ойыны**<br>**Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.** | **Қимылды қозғалыс ойындары**<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. | **Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету.**<br>1. Досы көпті жау алмайды.<br>2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты.<br>3. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.**<br>Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!)<br>3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!) | **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артынана жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | **(дене шынықтыру)** | | 5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | реттен орындайды.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>**(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі- үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. | | | | |

| | |
|---|---|
| қарау және тағы басқа әрекеттер) | Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.<br>Табиғат бұрышын және қоршаған ортамен танысуға арналған ойындар. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау). |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Неліктен бала өзімшіл?», «Баланы қалай жомарт етіп тәрбиелеу керек?», «Мазақ немесе агрессивті мінез?», «Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері». |

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Балбөбек» ш\о |
| **Топ/сынып** | **Аралас топ** |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Қарлығаш» тобы |
| | **1 жасар балалар** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Касенова А.Ж. |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,** | **01.05 - 05.05.2023 ж.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жылды көрсету)** | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | 02.05.2023 | 03.05.2023 | 04.05.2023 | 05.05.2023 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Аквариумға күтім"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |
| | | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.** Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету. Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Күнге арналған сыйлық" Мақсат-міндеттер. Балаларға түсін ажырата білуге және оның атын түсінуге үйрету, дидактикалық материалмен Кюизенердің Таяқшаларымен таныстыру, заттармен жұмыс істеу, оларды түстер бойынша топтастыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру, қалаған түсті кескінге таяқша қоя білу, өз қызметінің нәтижесіне эмоционалды жауап қайтара | **«Үйге гүл отырғызайық» дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер.** Балаларға түрлі заттарды түсіне қарай топтастыруға үйрету: қызыл гүлдер қызыл үйге, сары гүлдер жасыл шалғындағы сары үйге. Балаларды қызыл, сары, жасыл, көк түстерді ажыратуға жаттығу. Материал: үйлер, гүлдер, шалғын. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Ритмикалық жаттығу** Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсорика)** | білуге тәрбиелеу. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гүлдермен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. Бастапқы қалып - аяқ табандар ені бойынша, гүлдер қолда төменде. Гүлдерді жоғары көтеріп, бұлғаймыз, қолдарымызды төмен түсіреміз;бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ иық бойында, екі қолда гүлдер иық бойында. Отырып,таяқшалармен еденді соғу. Тұру, бастапқы күйге оралу (4 рет). 3. Бастапқы қалып - аяқ иық енінде , гүлдер иық бойында. Оңға (солға), оң қолға (солға) бұрылу. Тұру, бастапқы күйіне оралу (әр бағытта 3 рет). 4. Бастапқы қалып - аяқтар табан ені бойынша, гүлдер төменде . Гүлдерді жан-жағына сермеу, төменде,бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигигеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>Ақтөс пен Марғау өзара жарысты:<br>Жеп алды табақшадағы бір уысты.<br>Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады?<br>Кім қалдырмай тамағын тауысады?<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | | **Дене шынықтыру**<br>(жоспар бойынша) | **Музыка**<br>(жоспар бойынша) | **Дене шынықтыру**<br><br>(жоспар бойынша) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Бір-екі, жүрейік!" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | Мақсат-міндеттер. Балаларға Отан, достық, сарбаз туралы ұғым беру, олардың атауларын буындап айтуға үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу.<br>**Картотека №19**<br>**«Сөз қос»** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
